



Шерубай
Құрманбайұлы

КӨРКЕМ
АУДАРМАДАҒЫ
ЖАҢА АТАУЛАР
жасалуы мен қолданысы



FOLIANT
БАСПАСЫ
Астана - 2017

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2 КА3-7
Қ 77

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырмасы
бойынша «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолдаудың 2011-
2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылды*

Пікір жазғандар:

Ө. Айтбайұлы – ҚР ҰҒА-ның академигі,

филология ғылымының докторы, профессор

Ж. Жақып – филология ғылымының докторы, профессор

Қ 77 **Құрманбайұлы Ш.**

Көркем аудармадағы жаңа атаулар: жасалуы мен қолданысы /

Ш. Құрманбайұлы. – Астана: Фолиант, 2017. – 560 бет.

ISBN 978-601-302-800-2

Бұл еңбекте әлем әдебиеті жауһарларын қазақ тіліне аудару кезінде жасалып, қалыптасқан және көркем аудармаға ғылым тілі мен БАҚ тілінен енген жаңа атаулар мен қолданыстар арнайы жиналып, тілдік тұрғыдан зерттеліп отыр. Көркем аударманың жаңа атаулар мен қолданыстардың әдеби тілге енуіне, нормалануына ықпалы, белгілі қаламгерлер мен кәсіби аудармашылардың сөз жасау, балама табу, сөз қолдану тәжірибесі жан-жақты талданады. Сондай-ақ кітаптың үшінші бөлімінде жаңа атаулар мен қолданыстардың орысша-қазақша, қазақша-орысша сөздігі мен лексикалық варианттардың жарыса жұмсалып жүрген нұсқаларының салыстырмалы кестесі берілді.

Бұл еңбекке енген атаулар Ө. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, Ө. Кекілбаев сынды көрнекті ұлт зиялылары мен белгілі аудармашылар тәржімелеген Э. Хемингуэй, А. Камю, Р. Тагор, Г. Маркес, Ф. Мориак, Г. Белль, У. Фолкнер, Дж. Стейнбек, И. Бунин сияқты Нобель сыйлығының лауреаттарының, О. Бальзак, Г. Мопассан, В.Гюго, Дж. Лондон, О. Уайльд, П. Мериме, Л. Фейхтвангер, А. Кристи, Л. Толстой, А.Чехов, И. Тургенев тәрізді әлем және орыс классиктерінің еңбектерінен жинақталғанымен де құнды.

Ғылыми еңбек тіл-әдебиет мамандары мен оқытушыларға, аудармашылар мен журналистерге, филология факультеттерінің студенттері мен магистранттарына, сондай-ақ қазіргі қазақ тілі лексикасы дамуының жай-күйі, ерекшеліктері, бүгінгі сөзжасам, терминжасам үдерісі, аударма мәселелері қызықтыратын көпшілік қауымға арналған.

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2 КА3-7

© Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси
жұмыс комитеті, 2017

© Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың
республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2017

© Құрманбайұлы Ш., 2017

© «Фолиант» баспасы, 2017

ISBN 978-601-302-800-2

КІРІСПЕ

Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам, терминжасам үдерісінің шынайы қалпын, лексикалық қорының бүгінгі жай-күйін, оның толығуы мен өзгеруіне ықпал етуші негізгі факторларды, ішкі-сыртқы себептерді, даму бағытын айқындау – отандық тіл білімінің, лексикологияның негізгі міндеттерінің бірі.

Кейінгі ширек ғасыр көлемінде қазақ тілінің лексикалық қоры жүздеген жаңа атаулармен, жаңа терминдермен толықты. Кеңестік кезеңмен салыстырғанда ұлт тілінің қолданыс аясы едәуір кеңейіп, қоғам өмірінің түрлі салаларында қызмет ете бастауына байланысты сөзжасам, терминжасам үдерісі де жанданды. Соған сәйкес бұл үрдіс осы жасалып жатқан, қолданысқа ұсынылып жүрген сөздерді лингвистикалық сараптан өткізіп, олардың сапасын, жасалу жолдарын, қайнар көздерін, әдеби нормаға сәйкестігін анықтау қажеттілігін де туғызып отыр. Қазіргі жазушы, журналист, аудармашы, ісқағаз жүргізуші, мемлекеттік қызметші, тілді тұтынушы жалпы көпшілік қауым жаңа атаулар мен қолданыстардың бәрін түгендеп, қайсысының қандай мағынада жұмсалып жүргенін, қай сөздің баламасы екенін анықтау – сөз мәдениетін, сөзжасам, терминжасам мәселелерін зерттеп жүрген тіл мамандарының, лексикологтар мен терминтанушылардың кәсіби ісі. Аталған істі атқаруға өз тарапымыздан шама-шарқымызша атсалысу үшін осы зерттеуді қолға алдық.

Бұл еңбекті жазудағы негізгі мақсатымыз – тәуелсіздігіміздің ширек ғасыр мерзіміндегі қазақ тілі лексикасының нормалану кезіндегі көркем аударманың ролін анықтай отырып, көркем аударманың сөзжасам, терминжасам үдерісіндегі алатын орнын көрсету.

Осы мақсатқа сәйкес бірқатар міндеттерді алға қойдық. Ең алдымен, көркем аударма мәтіндерінде қолданылған, әр кезеңде жасалған жаңа атаулар мен жаңа қолданыстарды тауып, жинақтау. Ондай сөздердің қашан жасалғанын, кімнің еңбегінде қолданылатынын, қай мағынада, қандай мәнмәтінде жұмсалғанын көрсету. Бұл жұмыстар кітаптың әр бөлімінде жан-жақты қарастырылады. Әр кезеңде жасалған жаңа атаулар мен қолданыстар аударма әдебиеттерден жиналып, жасаған немесе қолданған авторы, аудармашысы көрсетіле отырып, мысалдарымен қоса берілді. Ондай атаулардың қай сөздің баламасы ретінде қолданылғаны түпнұсқа мәтінімен салыстыру арқылы анықталды.

Көркем аудармалардан жинақталған жаңа атаулар мен қолданыстарды көпшіліктің, түрлі сала мамандарының қажетіне қарай пайдалануына қолайлы болуы үшін олардың қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздігі дайындалып, осы еңбектің үшінші бөлімінде беріліп отыр.

Қазіргі қауырт заманда аудармашылар мен кеңсе қызметкерлерінің, сала мамандарының ақпараттар тасқынының арасынан керегін тауып, том-том романдар мен хикаяттарды, сансыз әңгімелерді оқып, көркем аудармаларда қандай жаңа атаулар мен қолданыстардың жасалып жатқанын індетіп іздеп, олардың қайсысының қай мағынада жұмсалғанын анықтап жатуға уақыты да жете бермейді. Сондықтан бірнеше жыл көлемінде мақсатты түрде жинақталып, әліпбилік жүйеге түскен атаулар сөздігінің мамандарға практикалық көмегі тиеді деген үміттеміз.

Бір ғасырдан астам уақыт аралығында қазақ тіліне аударылған жүздеген шығармаларды түгелдей қамтып, оларды екі тілде салыстыра оқып шығу арқылы ұсынылған баламалардың бәрін анықтап, жинап алу – көп уақытты алатын аса ауқымды жұмыс. Сондықтан біз соңғы 7-8 жыл көлемінде оқып шығуға мүмкіндігіміз жеткен әдебиеттермен ғана шектелдік. Біз оқымаған әдебиеттер де, оларда кездесетін жаңа атаулар мен қолданыстар да аз емес екенін айтуға тиіспіз. Оларды алдағы уақытта да жинақтап, жүйеге түсіріп, жұртшылыққа ұсыну ниетіміз бар.

Аталған екі бөлімдегі жұмыстар атқарылғаннан кейін ғылыми-зерттеудің алға қойған мақсатына сәйкес жинақталған тілдік материалдарды жүйелеп, жіктеп-жіліктеп, лингвистикалық тұрғыдан талдап, ой қорытып, тұжырымдар жасауға, көркем аударманың сөзжасам, терминжасам үдерісіндегі орнын анықтауға көштік. Сондай-ақ көркем аударманың кезеңдік ерекшелігіне қарай қазақ тілі лексикалық қорының даму сипаты, лексикалық варианттардың аударма мәтіндерде қолданылуы, аудармашылардың жаңа сөздер мен терминдерді жасау шеберлігі, оларды таңдап-талғап жұмсау тәжірибесін айқындау мен кемшіліктерін көрсету жағына да көңіл бөлінді.

Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстардың әдеби тілге ену, нормалану үдерісін де назардан тыс қалдырмауға тырыстық. Бұл айтылып отырған мәселелер кітаптың бірінші бөлігінде қамтылды. Ұсынылып отырған еңбектің бұл бөлігінен аударма, сөзжасам, сөзқолданыс, лексикология мен лексикография, сөз мәдениеті мәселелерін зерттеп жүрген тілтанушы ғалымдар, филолог мамандар, докторанттар мен магистранттар, тіл-әдебиет факультеттері студенттерінің қажетіне жарайтын ой-тұжырымдар, қорытынды-пайымдар табылып жатса, біздің алға қойған мақсатымыздың орындалғаны деп санаймыз.

Біз тілдік материал жинақтаған еңбектер арасында шығарманың сюжеттік желісі мен негізгі идеясын ғана сақтай отырып тәржімеленген еркін аудармалар да, түпнұсқаның жанрлық, құрылымдық, стильдік, мағыналық-идеялық ерекшеліктерін толық ескере отырып жасалған адекватты аудармалар да бар. Еркін аудармалар негізінен ХХ ғасыр басында жасалған алаш оқығандарының еңбектері. Олар кейінгі кезеңде жасалған тәржімелермен салыстырғанда көп емес. Қарастырылған көркем аудармалардың негізгі басым көпшілігі ХХ ғасырдың екінші жартысында, ал енді бірқатары кейінгі ширек ғасырда жасалған. Әр кезеңге қатысты аудармалардан сөз жинағандағы мақсатымыз – көркем аудармадағы жаңа сөз жасау мен қолдану үрдісінің бір ғасырлық мерзімдегі дамуының жалпы сипатын анықтау мен сол кезеңдерге тән ерекшеліктерін айқындау.

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ _____

Қолыңыздағы еңбекте зерттеу нәтижелерін тек ғалымдар, филологтар мен аудармашылар ғана емес, көпшілік қауым, түрлі сала мамандары қажетіне жарата алу жағын ескере отырып, оның құрылымдық және баяндау стилі тұрғысынан ғылыми-танымдық, ғылыми-практикалық сипатының басымырақ болуына көбірек көңіл аударылғанын айта кетсек дейміз.



І БӨЛІМ



КӨРКЕМ АУДАРМА
ЖӘНЕ ҰЛТ ТІЛІНІҢ
СӨЗ БАЙЛЫҒЫ



1-тарау. Көркем аударманың лингвистикалық мәселелері

1. Аударма мәселелерін тілдік тұрғыдан зерттеудің маңыздылығы туралы

Еліміздің Конституциясы бойынша қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беріліп, ал орыс тілі ресми түрде онымен бірдей қолданылатын тіл болып белгіленген Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарынан бастап мемлекеттік органдар мен мекемелерде ісқағаздары екі тілде жүргізілетін елге айналдық. Соған сәйкес тіліміздегі аударма мәтіндердің көлемі еселеп көбейді. Аударма әдебиеттердің саны барынша артып, бұған дейін болып көрмеген деңгейге жетті. Мемлекеттік органдар мен мекемелерде ресми құжаттарды орыс тілінен қазақ тіліне аудару қалыпты құбылыс, күнделікті жұмыстың бір бөлігі болып саналатын болды. Бүгінде ең жоғарғы, орталық, жергілікті мемлекеттік органдардан бастап, кез келген мемлекеттік мекеме мен бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдарда заң шығармашылығы, нормативтік-құқықтық құжаттар дайындау, ісқағаздарын жүргізу орыс-қазақ қостілділігіне негізделген. Орыс-қазақ деп отырғанымыз күнделікті хат-хабардың бір бөлігін айтпағанда, ол құжаттардың Заңдардың, Жарлықтар мен қаулы, қарарлардың негізгі басым бөлігі алдымен орыс тілінде дайындалып, одан кейін мемлекеттік мәртебесі бар қазақ тіліне аударылады. Аудармасыз аттап баспайтын болдық. Үкіметте, Парламентте, сот, прокуратура, министрліктер мен агенттіктерде, әкімдіктерде, ұлттық компаниялар мен банктерде аударма басқармалары, бөлімдері мен секторла-

ры немесе жекелеген аудармашылар жұмыс істейді. Олар негізінен орыс тілінде дайындалған заңдар мен қаулыларды, жарлықтар мен өкімдерді, шарттар мен келісімшарттарды, бұйрықтар мен шешімдерді, ережелер мен нұсқаулықтарды, стандарттар мен хаттамаларды және басқа да сан түрлі үлкенді-кішілі кіріс-шығыс құжаттарын толассыз аударумен айналысып келеді. Осындай жағдайда аударма мәселесіне, аударманың сапасына, екі тілдегі аударманың барабарлығына, аударма мәтіндердің стилі мен ондағы сөйлем құрылымына, сөзқолданыс пен терминқолданысқа, аударма үдерісі кезіндегі терминжасам мен сөзжасамға айрықша мән берудің, бұл мәселелерді лингвистикалық тұрғыдан арнайы зерттеудің мәні зор. Түптеп келгенде, бұл тек аударманың ғана емес, тұтастай қазіргі қазақ тілінің мәселесіне айналып отыр. Өйткені бүгінгі таңда аударма мәтіндер көлемінің артқаны сондай, аударманың тілі бүтіндей қазақ әдеби тілінің, бүгінгі жазба тілдің сапасына да тікелей ықпал етіп отырғандығы айдан анық. Бұл құбылыстың нақты мысалдарын әсіресе сөйлем құрылысы мен сөзжасам, терминжасам үдерісінен анық көруге болады.

Аударма мәтіндердің сипаты бірдей емес. Сол себепті оларды аударылған мәтіннің стильдік, жанрлық ерекшеліктеріне қарай жеке-жеке қарастырған орынды. Мәселен, монографиялар, диссертациялар, энциклопедиялар тәрізді ғылыми, ғылыми-танымдық әдебиеттерді өз алдына, Конституция, Конституция заңдары, кодекстер мен заңдар, жарлықтар мен қаулылар, бұйрықтар сынды ресми-іскерлік стиль аясында қарастырылуға тиісті нормативтік-құқықтық құжаттарды жеке, ал көркем проза мен поэзияны қамтитын аударма әдебиеттерді көркем әдеби стиль аясында бөлек қарастыру арқылы түрлі сипатты мәтіндердің өзіндік ерекшеліктерінің сақталуын, функционалдық стильдер талаптарына сәйкестігін және тағы да басқа қырларын анықтауға көбірек мүмкіндік туындайды. Мәселенің осы жағын ескере келіп, біз бұл еңбекте тек көркем аудармаға ғана тоқталып отырмыз. Көркем аударманы да әр түрлі мақсатпен, әр қырынан қарастыруға болады.

Біздің негізгі мақсатымыз – көркем аударма барысында туындаған жаңа сөздер мен терминдерді және кейінгі 20-25 жыл көлемінде пайда болған жаңа атаулардың аударма әдебиеттердегі қолданысын анықтау. Сондай-ақ осы зерттеу жұмысында көркем аудармаларда қолданылған кірме сөздер де қарастырылады. Мұндай мақсаттағы зерттеу жүргізуіміздің негізгі себебі, сөздік қорымызды, терминқорымызды байытудың негізгі көздерінің бірі саналатын көркем әдебиеттерде қолданылған жаңа атауларды, кірме сөздерді және өз мағынасында немесе осы уақытқа дейін қалтарыста қалып келгенімен кейінгі жылдары мағынасы жаңғыртылып жұмсалған көне атауларды жинақтап, оларға лингвистикалық талдау жасау, сараптан өткізу. Сонымен қоса, кейінгі жылдары баспасөз тілі мен ғылыми әдебиеттерде қолданылып жүрген жаңа атаулардың, терминдердің көркем шығармалар тіліне енуін анықтау да осы зерттеудің міндетіне кіреді.

Жаңа атаулар мен салалық терминдерді өздерінің кәсіби жұмысы барысында тілші ғалымдар да, сала мамандары да, жазушылар мен журналистер де, аудармашылар мен ісқағаз жүргізушілер де жасайды. Солардың арасынан көбінесе баспасөз беттерінде жиі қолданылып жүрген атаулар жұртшылықтың санасына тез сіңіп, әдеби тіл қорына еніп кетеді де, ал қалған көптеген сөздер өз саласымен шектеліп қалады. Әсіресе терминдердің елеулі бөлігі белгілі бір тар салада ғана қолданылады да, көпшілік қауым оларды біле бермейді. Ал жаңадан жасалған терминдер мен атаулардың енді бір бөлігі жекелеген әдебиеттер мен оны ұсынған, жасаған авторлардың еңбектерінде ғана кездеседі. Яғни олардың қолданысы барынша шектеулі. Ондай авторлық қолданыстағы атаулардың арасында өте сәтті жасалғандары да болады. Алайда ол атауларды дер кезінде тиісті әдебиеттерден ыждағаттылықпен жинақтап, лингвистикалық сұрыптаудан өткізіп, ұтымды жасалғандарын іріктеп алу жұмыстары уақтылы жүргізілмегендіктен қаншама сәтті жасалған сөздер қалтарыста қалып қойып жатады. Мұндай олқылықтарға жол беру тіліміздің лекси-

калық қорының баюына, оның сапалық тұрғыдан дамуына мұқияттылық танытудың, әдеби тілдің сөздік қорын қалыптастыруға зор жауапкершілікпен қараудың жеткіліксіздігін көрсетеді. Бұл, түптеп келгенде, қазіргі лексикология мен лексикографияның, сөзжасам мен терминжасамның, сөз мәдениетінің де маңызды мәселесі. Аталған мәселенің осындай ерекше маңызын ескере отырып, біз баспасөз тілі мен ғылыми әдебиеттердегі, заң мәтіндері мен ресми ісқағаздарда, көркем әдебиеттерде кездесетін жаңа атаулар мен қолданыстарды жинақтап, талдап, оларды мамандар мен жұртшылық назарына ұсынуды өзімізге міндет санадық. Бұған дейін біз мерзімді баспасөз беттерінде кездесетін жаңа атаулар мен жаңа қолданыстарды және қысқарған атауларды жинақтап, жеке-жеке кітап ретінде көпшілікке ұсынған едік. Ғылым тілі мен заң мәтіндерінен, түрлі ресми құжаттардан жинақталған атауларды да жариялау жоспарымызда тұр. Осы еңбек көркем аудармалардан жиналған жаңа атаулар жайын қарастыруға арналып отырғанымен, бір зерттеуде қазақ тіліне аударылған бүкіл көркем шығарманы қамту мүмкін болмады. Алдымызға ондай мақсат та қойған жоқпыз. Әр кезеңде, негізінен кейінгі ширек ғасыр көлемінде жарық көрген көркем аудармаларға көбірек тоқталдық. Оның үстіне бұл мәселеге қазақ әдеби тілінің қазіргі даму деңгейі мен аударма өнерінің бүгінгі жетістіктері тұрғысынан қараудың өзектілігін де ескермеуге болмайды. Бұл тұрғыдан келгенде, белгілі аудармашы Нияз Сыздықовтың «Аударманы көркем шығарма десек...» атты мақаласында айтқан мына пікірі де ерекше назар аудартады: «Біріншіден, аударма тарихи категория болғандықтан, «мәңгілік» аударма болмайды. Өйткені аударма – өнер, сол себепті, өнердің басқа түрлері сияқты, ол да ұдайы дамып, өсіп-жетіле береді, оның кемелденуіне тіпті шек жоқ, бұл – заңды құбылыс. Бір кезде оқырман қауымның талғам-тілегін өтеген жан-жақты аударманың өзі де әдеби тіліміздегі жедел өзгерістерге байланысты уақыт сынына төтеп бере алмайды, былайша айтқанда, «ескіреді, тозады» (343-б.). Аударма туралы сөз еткенде осы істің жайын

жақсы білетін мамандардың мұндай пікірлерін де назардан тыс қалдырмаған абзал.

Поэзиялық шығармаларда да жаңа атаулар мен тың қолданыстар аз кездеспейді. Керісінше, образдылық пен ұйқас табиғаты поэзияда жаңа қолданыстарды көбірек туғызатыны да байқалады. Мәселенің бұл қырын жеке қарастырғанды жөн деп санап, көпшілікке ұсынылып отырған бұл зерттеу еңбегінде біз Абай, Шәкәрім, Мағжандардан бастау алатын поэзиялық шығармаларды, өлең аудармаларын қамтымадық. Ахаңның «Қырық мысалынан» өзге аудармаларға тоқталмай, тек көркем прозамен ғана шектелдік. Қазақ тілінде әр кезеңде аударылған прозалық шығармалардың өзі өте көп болғандықтан, оларды да түгел оқып шығып, орыс тіліндегі нұсқасымен салыстыруға бір адамның мүмкіндігі мен уақыты жете бермейтіндігін пайымдағандықтан, аударма әдебиеттердің бір бөлігімен ғана шектелуге тура келді. Оларды іріктеп алуға қандай өлшемшарт тұрғысынан қарадық деген мәселеге келсек, ең алдымен, Нобель сыйлығының лауреаттары мен әлем әдебиетінің озық туындыларына көбірек көңіл аударылды. Сонымен қатар аударма саласында маман ретінде кеңінен танылған жұртшылыққа аты белгілі аудармашылардың, қаламгерлердің қаламынан туындаған аудармаларды қамту жағына да баса назар аударғанымызды айтқан абзал. Бұлармен қоса, жоғарыда айтқанымыздай, іздеп отырғанымыз жаңа атаулар мен қолданыстар болғандықтан, кейінгі жылдар аудармаларына немесе бұрынырақта аударылғанмен соңғы жылдары қайта жарық көрген көркем шығармаларды көбірек қамту жағына да мән берілді.

А.С. Пушкин «Ағарту ісінің кіре тартар күреңдері» деп атаған аудармашылардың ағарту ісіне ғана емес, сөзжасамға, сөздік қорды байытуға қосқан үлесі де зор. Бұл тұрғыдан келгенде, аударма әдебиеттерде қолданылған жаңа атаулар анықталса, сол арқылы көркем аударма жасаушы тәржімешілердің сөздік қорымызды байытуға қосқан үлесі де көрінеді деп білеміз.

Сәйділ Талжанов, Хасен Өзденбаев, Әбен Сатыбалдиев, Мұхтар Жанғалин, Жұмағали Ысмағұлов, Әбілмәжін

Жұмабаев, Құрманбек Сағындықов, Герольд Бельгер, Нұрғазы Шәкеев, Хайдолда Тілемісов, Ісләм Жарылғапов, Ғазизбек Тәшімбаев, Мәжит Дәулетбаев, Қадыр Тайшықов, Нияз Сыдықов, Қажымұрат Сыздықов және басқа да қаламгерлер мен аудармашылар көркем аудармамен айналысып, оның дамуына елеулі үлес қосты. Олардың аударма ісіне қосқан үлесі, аудармашылық шеберлігі жөнінде осы саланы зерттеуші әдебиетші, тілші-ғалымдардың еңбектерінде, әріптестерінің олардың шығармашылығы мен жеке-леген аудармаларына арналған мақалаларында жазылды. Өздерінің шығармашылық әлеуетін бүтіндей аударма ісіне арнаған мамандар да болды. Олар жөнінде Академик Мұхамеджан Қаратаев «Алыс та жақын өрістер» атты еңбегінде: «Бізде өздері түгелдей аударма жұмысына берілген таланттар болды. Олар: орыс әдебиетінде – Л. Пеньковский, В. Державин. Қазақ әдебиетінде – Ғ. Ахмедов, Х. Өзденбаев, М. Жанғалин, Қ. Сағындықов, Ә. Сатыбалдиев» деп жазады.

Біз Н.В. Гогольдің «Өлі жандар» романы мен А.П. Чеховтың, М.Е. Кольцовтың, М.М. Зощенконың әңгімелерін аударған Қадыр Тайшықовтың, М. Твеннің «Том Сойердің басынан кешкендері» (А., 1949), Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» (А., 1963), Ф. Достоевскийдің «Қылмыс пен жазасын» (А., «Жазушы», 1972) аударған Мұхтар Жанғалиннің, И. Тургеневтің «Соны сүрлеу» (1959), «Түтін» (1966), К. Фединнің «Алау» (1969) романын, Л. Толстой, А. Чехов әңгімелерін аударған Ғалым Ахмедовтің, М. Шолоховтың «Көтерілген тың», «Тынық Дон», И. Гончаревтың «Обломов», «Белгілі әңгіме» шығармаларын аударған Хасен Өзденбаевтың, В.И. Ленин шығармалары мен бірқатар көркем шығармаларды аударған Құрманбек Сағындықовтың, Н. Полевойдың «Нағыз адам туралы аңыз» (1950), И. Гончаревтың «Жар» (1958), З. Фобианның «Үш айқай» (1967) және М. Твеннің көптеген шығармаларын қазақ тіліне өте жақсы аударған Әбен Сатыбалдиевтың аударма туралы еңбектерімен, шығармашылығымен танысып, бірқатар аудармаларын оқыдық. Сондай-ақ Нұрғазы

Шәкеев, Нияз Сыздықов, Қажымұрат Сыздықов, Медеубай Құрманов, Зейнолла Тұрарбеков, Сайымжан Еркебаев, Нұрмақан Оразбеков, Зұлқарнай Сақиев, Герольд Бельгер, Сауытбек Абдрахманов, Ғазизбек Тәшімбаев сынды белгілі мамандардың аудармаларымен, аударма туралы жазғандарымен де танысып шықтық. Алайда олардың барлығын бір еңбекте қамту мүмкін болмағандықтан, бірқатарын келесі зерттеулердің еншісіне қалдыра тұрдық. Олардың және осы қатарға кіретін өзге де белгілі аудармашы мамандардың қаламынан туындаған көркем шығармаларында да ұтымды сөз қолданыстары мен тамаша жасалған баламалар, сәтті сөз орамдары мол.

Бұл зерттеу көркем аудармадағы сөзжасам процесінің жүзеге асуы мен ондағы жаңа атаулар мен қолданыстарды анықтау мақсатын көздей отырып жүргізіліп отырғандықтан, біз сонау ХІХ ғасырдағы Ыбырай, Абай, Шәкәрімнен бастау алып, одан бері Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабайұлы, М. Әуезов жалғастырған көркем аударма жасау дәстүріне, қазақ топырағындағы көркем аударманың даму тарихы мен оның теориясын зерделеуді міндетімізге алмаймыз. Қазақ әдебиеттану мен тілтану ғылымында көркем аударма тарихы мен теориясын зерттеу ісі біршама жақсы жолға қойылған. Бұл саланы арнайы зерттеп жүрген тіл, әдебиет мамандары бар. Аударматанудың түрлі мәселелерімен сол ғалымдар еңбектерінен танысуға болады. Аударматанудың негізін қалауға Ж. Аймауытұлы, М. Әуезовтерден бастап отандық ғалымдар атсалысып келеді. Мәселен, белгілі аудармашы маман Жұмағали Ысмағұлов Ж. Аймауытұлының аударматануға қосқан үлесі туралы былай деп жазады: «Жүсіпбек Аймауытов – біздің бұрынғы өткен классиктеріміздің ішінде аударма жайында жүйелі пікір айтып, оның негізгі принциптерін айқындап кеткен біздегі ең бірінші теоретик» (*Төл әдебиетімізді төркіндес мұралармен байыту үшін // Көркем аударма: тәжірибе мен тағылым. – Астана, 2001. – 268-б.*).

Сол сияқты зерттеушілер М. Әуезовтің, М. Қаратаевтың, Ә. Сатыбалдиев пен Қ. Сағындықовтың және басқа да ғалым-

дардың аударматанудың негізін қалауға сіңірген еңбектерін, олардың аударма теориясы мен тарихына қатысты құнды зерттеулерін атап көрсетіп жүр. Сол себепті және бұл еңбек негізінен көркем аудармадағы сөзжасам, жаңа сөздер мен кірме сөздердің, сондай-ақ ішінара бейнелі атаулардың қолданысын қарастыруға арналып отырғандықтан, көркем аударманың дамуына үлес қосқан барлық мамандардың өмірі мен шығармашылығы жөніндегі мәліметтерді қамту көзделмеді. Зерттеуімізге қажетті тілдік материалды жинау мақсатымен Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Әбіш Кекілбаев, Рымғали Нұрғалиев, Нығмет Ғабдуллин, Немат Келімбетов, Қалихан Ысқақов, Жұмағали Ысмағұлов, Әбілмәжин Жұмабаев, Кеңес Юсуп, Ғалым Ахмедов, Бексұлтан Нұржекеұлы, Тельман Жанұзақов, Сарбас Ақтаев, Дидахмет Әшімханұлы, Нәбиден Әбуталиев, Балмағамбет Қойшыбаев, Аманғали Сұлтанов, Ғаббас Жұмабаев, Мәткәрім Әкімжанов, Темірхан Медетбек, Сәкен Иманасов, Бекболат Әдетов, Бекмырза Баймаханов, Жүсіпбек Алтайбаев, Ақайдар Ысымұлы, Е. Қойшыбаев, Зейтін Ақышев, Қалжан Нұрмаханов, Құрманғазы Қараманұлы, Ә. Бөриев, Ы. Дүйсенбаев, Таласбек Әсемқұлов, Дүкен Мәсімханұлы, Гүлшат Түсіпова сынды белгілі қаламгерлер мен филолог ғалымдар, кәсіби аудармашылар мен журналистердің әр жылдары жасаған аудармаларын оқып шығып, оларды орыс тіліндегі нұсқасымен салыстырдық. Осы салыстырулар негізінде қай сөздің қалай аударылғандығын дәл анықтауға қол жетті. Сонымен қатар тілімізде баламасы болмай келген орыс немесе өзге де шет тіліндегі атауларды аудармашылардың қайсысы қалай алып жүргендігі анықталды.

Тілдің қоғамдағы ресми мәртебесі және оның іс жүзіндегі нақты қолданысы аударманың үлесіне де тікелей ықпал етеді. Бұл тұрғыдан келгенде, Қазақстанда мемлекеттік тіл қазақ тілі мен ресми түрде онымен қатар қолданылатын орыс тілінің алатын орны айрықша екендігі мәлім. «Үш тұғырлы тіл» бағдарламасына сәйкес ағылшын тілі енді-енді өріс алып келеді. Заң жүзінде қазақ тілі ең биік

мәртебеге ие тіл болғанымен, іс жүзінде басымдыққа ие болып, ел аумағында кеңінен қолданылып отырған тіл орыс тілі болып қалып отыр. Поляк ғалымы Хэнрик Янковски өз сұхбатында: «Бурда» деген журнал (*Қазақстанда – Ш.Қ.*) орыс тілінде таралады екен. Неге қазақ тілінде шықпайды? Неміс, ағылшын тілі маманы жұмыс таба алмай жүр, өйткені оның аудармаларына қажеттілік жоқ, бәрі орыс тілінен аударылады» депті. Бұл сөзде шындық бар. Біздің әлем тілдері университеті мен өзге де жоғары оқу орындары қазір шет тілдерінің мамандарын көптеп дайындап жатыр. Сол мамандардың арасында әлем тілдерін жетік меңгерген, оны кәсіби қызметінде пайдалана алатындары аз емес. Алайда солардың әлеуетін толық пайдаланып жатырмыз деп айту қиын. Шет тілдерін меңгергендердің бірқатары алған білімін одан әрі жетілдіріп, тәжірибе жинақтаудың орнына, университет қабырғасында үйренгенін де ұмытып қалып жатады. Мұны тек тілді іс жүзінде қолданбаудың, оны практикалық тұрғыдан пайдаланбаудың салдары деп қана түсінуге болады. Еліміздің ақпараттық кеңістігінде орыс тілі басымдыққа ие болып, ғылым, экономика, бизнес, мемлекеттік басқару және өмірдің өзге де көптеген салаларында оның кеңінен қолданылып отыруы мемлекеттік тілдің кең қанат жаюына, өзге шет тілдерінің де ғылыми, шығармашылық үдерістерде барынша тиімді пайдаланылуына толық мүмкіндік бермей отыр.

«Қазақ әдебиеттану ғылымына аударма жөнінде байсалды сапа қосқан дұрыс, бұған лингвистика да қатысады. Аударма заңы тіл заңдылықтарына орайлас, үндес келеді. Колоритті, ритмді тудыратын тіл ғой» (*Ө. Құмисбаев. Шығыс сарындары мен саздары // Көркем аударма: тәжірибе мен тағылым. – Астана, 2001. – 162-б.*). Әдебиет зерттеушісінің жазып отырғанындай, көркем аударма мәселесін әдеби тұрғыдан да, тілдік тұрғыдан да зерттеу барысында үнемі сапалық жаңа деңгейге көтеріліп отыру маңызды. Біздің елімізде көркем аударма мәселелері әр кезеңде Ж. Аймауытұлы, М. Әуезов, М. Қаратаев, З. Ахметов, Ә. Сатыбалдиев, С. Талжанов, Қ. Сағындықов, Г. Бельгер,

Ж.Д. Дәдебаев, А.С. Абдрахманов, А.Ж. Жақсылықов, Н.Ж. Сағандықова, Ә.С. Тарақов, Г. Қазыбек, К. Юсуп, Л.Ж. Мұсалы, Е.К. Кәрбозов сынды әдебиеттанушы-қаламгерлер мен Ә. Айтбайұлы, А. Алдашева, Ж. Жақып, А. Жұмабекова сынды тілші ғалымдар тарапынан зерттелді, зерттеліп те жатыр.

Жалпы алғанда, бізде көркем аударма әдебиеттанушы ғалымдар тарапынан едәуір жақсы зерттелгенімен, тілтану тұрғысынан дәл сондай жан-жақты сөз болып, кеңінен қарастырылған сала дей алмаймыз. Оған аударманы, оның ішінде, көркем аударманы әдебиеттанумен, салыстырмалы әдебиеттанумен көбірек байланысты ғылым деп тану да себеп болған сыңайлы. Алайда көптеген елдерде аударманы лингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан зерттеу жақсы қолға алынған. Бізге де мәселеге осы қырынан қарап, лингвистикалық және лингвомәдениеттанымдық аспектідегі зерттеулерге жол ашудың маңызды екенін ескерген абзал. Аударма қазақ әдеби тілінің лексикалық қорының, грамматикалық құрылымының, функционалдық жүйесінің дамып-қалыптасуына, байып-толығына, өзгеруіне зор ықпал етті. Бұрын қазақ тіліне негізінен орыс тіліндегі түрлі әдебиеттер аударылатын болса, енді ағылшын және басқа да шет тілдерінен аударылатын мәтіндер көлемі бірте-бірте арта бермек. Сондықтан аударма жайын тілдік тұрғыдан зерттеудің маңызы, қажеттілігі бұрынғыдан да арта түспесе, кемімейді. Ұлттық әдебиетіміз бен тіліміздің көрнекті мамандары – қос академик Ғ. Мүсірепов пен І. Кеңесбаев бірлесіп жазған мақалаларында аударма жөнінде былай депті: «Тіл мәдениеті саласынан ең қиын да күрделі мәселеге нені жатқызуға болар еді?» деп сұрақ қойса: «Ол – аударма, одан қиын мәселе жоқ» дер едік» (*Сөз бағамы – өрелі ойдың кепілі.//Тіл мәдениеті және баспасөз. – Алматы, 1972. – 206 б.*).

Қиын, күрделі нәрсенің шешімін табуы тиіс мәселелері де, ашылмаған қырлары да аз болмайтыны белгілі. Ендеше, соған сәйкес аударматанудың да алдында тұрған міндеттер, оның тілдік-әдеби тұрғыдан терең зерделеуді қажет ететін тұстары да жеткілікті екені күмән туғызбаса керек.

2. Көркем аудармадағы жаңа атаулар мен қолданыстар

Жаңа сөздердің жасалуы мен әдеби тілге енуіне аударманың, оның ішінде, көркем аударманың қосар үлесі зор. Кезінде көрнекті тілші ғалым Қ. Жұбанов: «Аударма әдебиет арқылы жаңа сөздерді көптеп жасауға; тілдегі синонимдердің мүмкіншілігін жан-жақты пайдалануға болады» (*Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: «Ғылым», 1999. – 581-б.*) деп жазған еді. Айтса, айтқандай-ақ, қазіргі тілімізге еніп, жаңалығы ұмытыла бастаған көптеген сөздердің бір кезде аударма әдебиеттер барысында туындағаны еш дау туғызбайды.

Әрине, көркем аударма мәтіндерінде қолданылған жаңа атаулар мен қолданыстардың барлығы сол шығарманы аударған қаламгердің, аудармашының қаламынан туындаған сөздер деп түсінуге болмайды. Олардың бірқатары басқа ғалымдар, жазушылар мен журналистер, өзге де түрлі сала мамандары тарапынан жасалып, қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарында, ресми құжаттар мен ісқағаздарда, ғылыми әдебиеттерде қолданылып жүрген атаулар. Ондай атаулардың қолданылу жиілігі де әркелкі. Бірі өте жиі қолданылса, екіншілері жекелеген авторлар еңбектері мен кейбір мәтіндерде ғана қолданылатынымен ерекшеленеді. Көркем аударма жасау барысында қаламгерлер мен аудармашылар баламалардың бәрін өздері жасай бермейді. Олар тілде қолданылып жүрген сондай жаңа атаулар мен қолданыстар арасынан өздерінің көңілінен шыққандарын таңдап алып, аударма барысында пайдаланады. Сөйтіп, олар кейбір БАҚ-тарда, ғылыми әдебиеттерде ғана пайдаланылып жүрген жаңа сөздердің көркем әдебиет тіліне енуіне ықпал етіп, қазақ тілінде әдеби кітап оқитын бүкіл оқырман қауымның ондай атаулармен көркем шығармалар арқылы да танысуына мүмкіндік туғызады. Бір ғана функционалдық стиль шеңберінде немесе белгілі бір автордың еңбектерінде ғана қолданылып жүрген сөздер қалың оқырманға, көпшілік қауымға жол тартады. Жаңа атаулар мен

қолданыстардың көркем әдебиетке енуі оның кең таралып, әдеби тілге ену мүмкіндігін де арттыра түседі. Сондай-ақ әлем әдебиетінің жауһарларын, Нобель сыйлығын иеленген жазушылардың, батыс, шығыс, орыс классиктерінің таңдамалы еңбектерін әркім аударма салған жоқ. Мұндай аса жауапты іске негізінен қазақтың белгілі қаламгерлері мен аударма ісінің ең білікті мамандары ғана бел шешіп барды немесе солар таңдалды. Қазақ әдебиеті дамуының арғы бергі кезеңдерінде көркем аудармамен айналысқан Ыбырай, Абай, Ө. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Әуезов, Ө. Кекілбаев сынды қазақтың ең көрнекті маңдайалды ірі тұлғаларынан бастап, одан беріректегі Нығмет Ғабдуллин, Рымғали Нұрғалиев, Қалихан Ысқақов, Жұмағали Ысмағұлов, Тельман Жанұзақов, Сафуан Шаймерденов, Немат Келімбетов, Әбілмәжін Жұмабаев, Кеңес Юсуп, Бексұлтан Нұржекеұлы, Сарбас Ақтаев, Дидахмет Әшімханұлы, Мәткәрім Әкімжанов, Нәбиден Әбуталиев, Балмағамбет Қойшыбаев, Аманғали Сұлтанов, Ғаббас Жұмабаев, Темірхан Медетбек, Сәкен Иманасов, Бекмырза Баймаханов, Жүсіпбек Алтайбаев, Қалжан Нұрмаханов, Сауытбек Абдрахманов, Таласбек Әсемқұлов, Зейтін Ақышев, Бекболат Әдетов, Дүкен Мәсімханұлы, Ақайдар Ысымұлы сынды осы қатарға кіретін есімдері аталмаған басқа да бірқатар қаламгерлер мен аудармашылардың, әдебиетші ғалымдардың қай-қайсысы да аударманың қыр-сырына жетік, өз ісінің білгірлері. Әдетте тіл қасиетін ұғатын, сөз қадірін білетін мұндай мамандар мерзімді басылымдардың бірінде немесе бір сала маманының еңбегінде қолданылып жүрген жаңа қолданысты жайдан-жай ала салмайды. Сөз зергерінің, сөзжасам шеберінің, аударма жайынан хабары мол тәжірибелі маманның таңдауы ұғым мазмұнын бере алмайтын, сәтсіз жасалған, тілдік нормаға сай келмейтін сөзге түсуі тиіс емес. Яғни әдеби шығармаға енгізілетін сөздерді осы саланың жайын жақсы білетін таңдаулы мамандар таңдап алады деген сөз. Ендеше, жаңа атаулар мен қолданыстардың қазақ қаламгерлерінің өз шығармаларында, белгілі мамандар аударған көркем

шығармаларда қолданылуын олардың ұтымды жасалғандығының, әдеби тілге еруге мүмкіндігі бар екенінің бір белгісі деп тануымызға болады. Сөзді кімнің жасағанына және оны кімнің таңдап, кімнің қолданғанына да мән берген жөн деп ойлаймыз. Әрине, мұны жаңа жасалған сөзді әдеби тілге енгізудің, жұрт болып жаппай қолданудың басты өлшемшарты ретінде қабылдау керек дей алмаймыз. Алайда кәсіби маманды, көрнекті тұлғаны мойындайтын жұртшылық оның кәсіби таңдауын да ескерусіз қалдырмауы керек деген пікірдеміз. Жеке тұлға қандай дарынды, қанша жерден білімді, тәжірибелі болса да, көпшіліктен, халықтан жоғары тұра алмайды. Сол себепті соңғы таңдау қашанда тіл иесі болып табылатын қалың қауымның, халықтың еншісінде болады. Жаңа сөзді, авторлық қолданысты сол қара орман қауымның құлағына құйып, санасына сіңіруде көркем әдебиеттің алатын орны айрықша. Өйткені көркем әдебиеттің аудиториясы белгілі бір мамандық шеңберімен шектелмейді. Жақсы көркем шығарманы инженер де, химик те, дәрігер де, ғарышкер мен шопан да, ғалым мен құрылысшы да, музыкант пен диқан да оқиды. Сонымен қатар көркем әдебиет оқырманының білім деңгейі, таным түсінігі, ғылыми пайымы мен саяси көзқарастары да әркелкі бола береді. Оны хат танитын баладан бастап, ғұлама ғалым академикке дейін оқиды. Шығарманың идеясы мен мазмұнын, тіл шеберлігі мен мәтін астарындағы ойды көркем ойлау көкжиегінің тар-кемдігі мен білім-парасатының таяз-тереңдігіне, тілді меңгеруі мен түйсінуіне қарай олардың әрқайсысы әртүрлі деңгейде түсініп қабылдауы, әрқалай пайым жасауы мүмкін. Балаларға арналған шығарма деп атағанымызбен, Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», С. Мұратбековтің «Жусан иісі», Қ. Қазиевтің «Ақ бантик», Д. Дефоның «Робинзон Крузо», Дж. Гринвудтың «Өгей бала», Дж. Лондонның «Тектік сарын», Дж. Купердің «Могиканның соңғы тұяғы» сияқты көптеген шығармаларды кез келген жаста оқуға болады. Толық ұғыну үшін терең білімді, арнайы дайындықты қажет ететін тілі күрделі, философиялық ой-тұжырымдардан тұратын әдебиеттердің де аз емес екен-

дігіне қарамастан, көркем шығарманың бәрі бірдей жаспен де шектеле бермейді. Міне, сондықтан да жаңа қолданыстардың көркем шығармаға енуі оның екі түрлі басымдыққа ие болғандығын көрсететін фактор. Біріншісі – белгілі қаламгердің, кәсіби аудармашының таңдауына ие болуы. Ал екіншісі – қазақ тілінде кітап оқитын бүкіл оқырман қауымға ұсынылғандығы. Бұл факторды сол сөзді әдеби тіл қорынан орын алды деп есептеуге негіз ретінде қабылдай алмасақ та, соған жасалып отырған алғышарт деуімізге болады. Енді ол сөзге халықтың елегінен өтіп, сұрыпталу қажет болады. Көпшіліктің көкейіне қонған сөз санасына да сіңеді. Мәселен, біз оқып-танысқан көркем аудармаларда жұртшылық жиі қолданып жүрген, көпшіліктің көз-құлағы үйренісе бастаған мына төмендегідей жаңа атаулар мен қолданыстар кездеседі: *ақжайма, ашықхат, әуіз, борышкер, бурқақ, дәмхана, дүңгіршек, жолайрық, жеделсаты, зияткер, кәдесый, кемежай, медбике, мейрамхана, мұражай, орынтақ, оташы, өтіл, пәтерақы, саябақ, саяжол, субұрқақ, тәлімгер, тәлқұжат, түсірілім, үлесші* және т.б.

Қазіргі мерзімді басылымдарда жиі ұшырасатын бұл сөздердің бәрінің де авторлары бар. Бірақ сөзжасам, терминжасам үдерісін үздіксіз қадағалап, арнайы зерттеп жүрген лингвист, филолог мамандарды болмаса, көпшілік тіл тұтынушыларын оларды кімнің жасағаны соншалықты қызықтыра бермейді. Бізде осы жаңа сөздерді, терминдерді жасаған авторларды анықтап, қажет жерінде атап көрсетіп отыру дәстүрі аса орнықпаған. Сөзжасам шебері, тұтастай сала термин жүйелерін жасаған Ахаң екенін де алаш қайраткерлері ақталған 80-жылдардың соңы мен 90-жылдардың басынан бастап қана айта бастадық. XX ғасыр басындағы пәнсөздер мен көптеген жаңа атауларды жасаған алаш оқығандарының еңбектері, олардың терминқор мен сөздік құрамымызды байытуға қосқан үлесі туралы нақты әрі жиі айтыла бермейді. Шындығына келсек, А. Бөкейхан, Қ. Кемеңгерұлы, Х. Досмұхамедұлы, Т. Шонанұлы, Ж. Күдерин, Ж. Аймауытов, М. Жұмабайұлы сынды көптеген алаш зиялыларының бұл іске қосқан үлесі зор. Бергі

кеңестік кезең туралы сөз болса да Ісләм Жарылғаповтан өзге аударма мен сөз жасау шеберлері туралы көпшілік біле бермейді. Олардың қаламынан туындаған атаулар туралы өте аз айтылады немесе мүлде айтылмайды. Себебі тілдік қорымызды байытқан жүздеген атаулардың авторлары ұмытылған, белгілілерінің, анықталғандарының өзі атап көрсетіле бермейді. Бұл кезеңде аудармамен айналысқан авторлар арасында да тамаша баламалар тауып, сөздік қорымызды байытуға үлесін қосқан қалам иелері бар. ХХ ғасыр басы мен ортасындағы сөз жасау тәжірибесі мен авторлық терминдер туралы айтпағанда, мұндағы тәуелсіздік тұсындағы кейінгі 20-25 жыл көлемінде жасалған атаулардың да көбінің авторларын біле бермейміз. Бірқатар тілдерде белгілі бір терминді кімнің қашан жасағаны, ол термин немесе жалпы қолданыстағы сөз алғаш қай еңбекте қолданылғаны көсетіледі. Оны уақытында атап айтып немесе арнайы зерттеп, анықтап отырады. Мәселе бір автордың сөзді аз, екіншісінің көп жасағанында емес. Оның қалай жасағанында, сапасында екенін басты назарға алып, тәжірибесіне үңілу маңызды. Осы мәдениет бізде де орнықса, сөзжасам, терминжасам ісінің тарихы мен тәжірибесі де, кезеңдік келбеті де айқындала түсер еді.

Қазіргі кезеңде де сөз жасау, термин жасау үдерісі жалғасып, сан түрлі жаңа атаулар тілдік қолданысымызға еніп жатыр. Оны жасап, ұсынушы авторларының көпшілігі арамызда жүр. Мәселен, белгілі журналист, «Президент және халық» газетінің редакторы Марат Тоқашбаевтың қаламынан «әнұран», «елтаңба», «ақорда», «доғарыс», «көдесый», «тосынсый» сияқты атаулардың туындағанын, журналист-қаламгер «Ана тілі» газетінің редакторы Самат Ибраимовтың ұсынысы бойынша «нарық» (рынок), «нарықтық экономика» атауларының қолданысқа енгенін, «төлқұжат» атауының авторы журналист, ақын-сатирик марқұм Басар Битанов екенін айналасындағы жекелеген әріптес қаламгерлер болмаса, жалпы көпшілік қауым біле бермейді.

Осы сияқты Б. Қалиұлы, Ә. Жүнісбек, Н. Уәли, К. Юсуп, С. Тоқсанбай, С. Медеубекұлы қатарлы қаламдас әріптес-

теріміздің талай тамаша балама атаулар жасап немесе тіліміздің қойнау-қатпарларынан ұмыт болған көне атауларды тауып, қолданысқа енгізгенін және бұл іспен әлі де жүйелі түрде айналысып жүргенін білеміз. Қазақ сөзінің барын құнттылықпен жиып-теріп, жоғын барларының негізінде жасап жүрген қалам иелері біз атаған мамандармен ғана шектелмейді. Тілші, әдебиетші ғалымдар мен жазушы, журналистер, аудармашылар мен сала мамандарының арасында тіл байлығымыздың еселене түсуіне атсалысып жүрген ондай жандар аз емес. Олардың көбі бұл жұмысын өзінің кәсіби міндеті, қалыпты тірлік санайды. Сондықтан да олар «мына сөзді мен жасадым», «мына сөзді тауып қолданысқа енгізген мен едім» деп жатпайды. Алайда бұл шығармашылық үдерісті зерттеп, сол сөз байлығын жинақтап, оларды жасаған, тіл байлығының еселенуіне үлес қосқан шығармашыл тұлғалар еңбектерін ескеріп, тәжірибелерін үлгі ету ұлт тілінің лексикалық қорының дамуын зерттеуші тіл мамандарының міндеті деп түсінеміз. Мәселен, Әбіш Кекілбаевтың «Үркер», Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран», Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер», Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» романдарында, өзге де қаламгерлер шығармаларында қаншама көне атаулар, тарихи сөздер бар. Олардың қаламынан туындаған жаңа қолданыстар да мол. Солардың бәрін ыждағаттылықпен зерттеп, хатқа түсіріп тілдік тұрғыдан талдау, тәжірибесіне үңілу, қажетімізге жарату тіліміздің өткен кезеңін зерделеуден гөрі оның ертеңі үшін көбірек маңызы.

Көркем аудармаларда ресми бекітілген сөздер мен терминдер көбірек қолданылады. Мысалы, біз қарастырған көркем аудармаларда Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен *айдауыл, айыппұл, ақпарат, әкім, әкімдік, әл-ауқат, әнұран, әуежай, ғаныш, даңғыл, дәйексөз, дәрісхана, дәрумен, дәріс, жарнама, жасуша, жәрдемақы, жеделхат, заңгер, зейнетақы, зейнеткер, зертхана, зиялы қауым, қағидат, құжат, кеден, келіссөз, келсімшарт, кепілдеме, кепілзат, қаржыгер, қағида, қағидат, құжат, құқық, мәтін, мүшелтой, отбасы, пайыз, рәсім, салым, салымшы,*

сараптама, сарапшы, тағылымдама, тапсырыс, тапсырысшы, терім, тұсқағаз, ұшақ, хаттама, шығармашылық, иссапар сияқты көптеген атаулар қолданылады. Бұлай болуы орынды да. Бұл бір жағынан аудармашылардың ресми мақұлданған, бекітілген жаңа терминдерді қадағалап, олардың ұтымды жасалғандарын орнымен пайдалануға деген кәсіби жауапкершіліктерін сезіну болса, екінші жағынан, мұны олардың жаңа атаулар мен терминдердің нормалануына, жалпы қолданысқа көшуіне, мақсатты, саналы түрде қолдау көрсетуі деп те қабылдауға болады. Сонымен қатар бұл мемтерминком жұмысының тиімділігін, олар бекіткен атаулардың сапасын, өміршеңдігін, кәсіби мамандар тарапынан қабылдануын да көрсетеді. Төлтума әдебиетте болсын, телтума әдебиетте болсын, көркем шығармалардың қай-қайсысында да бекітілген атаулардың қолданылуы оларды көркем сөз шеберлерінің жатсынбай, қалың жұртшылыққа ұсынып жатқанын көрсетеді. Бекітілген атауларды көрнекті қаламгерлер мен кәсіби аудармашылардың пайдалануын жай кездейсоқ қолданыс деп қарауға болмайды. Сөз жасау, жаңа атауды қолданысқа ұсыну дегеннің не екенін өз тәжірибелері арқылы жақсы сезінетін ондай мамандардың көпшілігі әр сөздің баламасына жіті мән береді. Сондықтан бекітілген терминдер мен атаулардың көркем шығарма тілінде қолданылуын елеусіз қалдыруға болмайды. Керісінше, оған мән беріп, тиісті қорытынды шығарып отыру қажет. Қолданысы белгілі бір ғылым, техника саласымен ғана шектелетін тар салалық терминдерді айтпағанда, бүгінгі қоғамдық-саяси лексика мен елдің құқықтық-экономикалық өмірінің негізгі ұғымдарын білдіретін атаулардың қоғамдық сипаты басым терминдер мен сөздердің ел өмірінен сыр шертетін көркем әдебиеттерден көрініс табуы табиғи нәрсе. Егер олардың орнына көркем шығармаларда кірме сөздер немесе аудармашылар тарапынан ұсынылған басқа баламалар пайдаланылып жатса, онда ол терминдерді іріктеу, реттеу, бекіту және қолданысын қадағалау жұмыстарының ұйымдастырылуы мен кәсіби түрде жүргізілу мәселесінде кінәраттар бар деген сөз.

Мемтерминком бекіткен терминдердің бәрі көркем шығармада, аударма әдебиеттерде қолданылуы керек деген түсінік туындамауға тиіс. Олар қажетіне қарай ғана қолданылады. Ал біз өзіміз сүзіп оқып шыққан, жаңа атаулар мен қолданыстар жинақтаған көркем аудармалар бойынша айтар болсақ, бекітілген атаулар оларда кеңінен қолданылады. Аударма әдебиеттерде қолданылған бекітілген терминдерді жаңа баламалармен алмастыру фактілері өте сирек ұшырасады. Негізінен ресми бекітілген терминдердің комиссия мақұлдаған нұсқасы жұмсалады. Бұл бір жағынан қаламгерлердің, аудармашы мамандардың ресми бекітілген терминдермен жақсы таныс екендігін, олардың тұрақты қолданысқа көшуіне, нормалануына жауапкершілікпен қарайтындығын көрсетеді. Екіншіден, ресми бекітілген терминдер туралы бұл мәселені сырттай ғана білетін кейбір журналистердің, істің мән-жайын жақсы білмейтіндігіне қарамастан «ресми бекітілген терминдердің көбі жарамсыз, олар тілде қолданылмайды» деген пайымдауларының негізсіз, үстірт айтылатынын көрсетеді. Терминология комиссиясы бекіткен көптеген атаулар тек көркем аудармаларда ғана емес, отандық белгілі қаламгерлердің төлтума шығармаларында да кеңінен қолданыс тауып жүргендігін сөз арасында айта кеткен артық болмас деп санаймыз.

Аудармашылар мен қаламгерлер оларды өз шығармашылығында кеңінен қолданып жатқандығы олардың басым көпшілігінің терминдерге қойылатын талаптарға жауап беретінін айғақтап тұр деген қорытындыға келуге болады. Бекітілген атаулар арасында төржіме жасаушылар тарапынан таңдауға ілікпеген әрі бірлі-жарым жарыса жұмсалып жүрген атаулардың да бар екендігін жоққа шығармаймыз. Мысалы, «семья» сөзінің баламасы ретінде терминология комиссиясы «отбасы» сөзін бекіткені мәлім. Көркем аудармаларда бұл сөздің «үйелмен» және «жанұя» нұсқаларын қолданушылар кездесті. Көркем аударма әр сөзді сөзбе-сөз, дәлме-дәл беретін ғылыми еңбек емес. Сондықтан онда мән-мәтінге қарай синоним сөздердің бірінің таңдалуы қалыпты құбылыс, көркем шығармаға тән сипат. Бұл тұрғыдан кел-

генде, «үйелмен» сөзінің қолданысында ешқандай ерсілік, әдеби нормадан ауытқушылық жоқ. Ал «жанұя» деген жасанды сөздің қолданысы туралы олай дей алмаймыз. Бұл аудармашының таңдауы мен талғамына байланысты нәрсе. Эрнест Хемингуэйдің «Қызығы мол сол жылдар» хикаятында «Суреттерге немесе әдеби шығармаларға жақындығың, оны ұнатуың өз жанұяңа деген сүйіспеншіліктен айырмасы жоқ деп есептеп, сол себепті өзім ондайды сынап-мінеуді әдепсіздік деп түсінемін» (96-б.) деген сөйлем бар.

Эрнест Хемингуэйдің «Қызығы мол сол жылдар», «Кили-манджаро – қарлы тау» хикаяттарын тәржімелеген тәжірибелі аудармашы, қаламгер марқұм Нәбиден Әбуталиев еді. Осындай қаламы төселген ақын-жазушының «жанұя» сөзін қолдануы күмән туғызған соң, мәселенің мәніне үңілгенде бұл өзгерістер аудармашының өз тарапынан енгізілмеген деген тоқтам жасауымызға негіз жеткілікті болды. Аударма авторы қаламгер Нәбиден Әбуталиев 2010 жылы 82 жасында дүниеден озды. Ал аударма 2011 жылдың соңында жарыққа шықты. Қолжазбаны автордың жақындарының бірі немесе баспа редакторы басуға дайындағаны көп күмән туғызбайды. Осы басылымға енген бірқатар жаңа атаулар қолданысы да ойымызды растай түседі. Аудармада *жеделхат*, *цшақ*, *тапсырыс* тәрізді терминком бекіткен сөздер мен *бұрқақ*, *дүңгіршек*, *медбике*, *мейрамхана*, *жеделсаты*, *мұражай* сияқты кейінгі жылдары қолданыла бастаған атаулар да кездесті. Көзі тірі болғанда тәжірибелі қаламгер бекітілген атаулардың көбін өз қолымен қолжазбаға енгізіп, ал «жанұя» мен «дүңгіршек», «жеделсаты» сияқты соңғы атаулардың бәрін бірдей таңдай қоймас еді деп ойлаймыз.

Бұл тұрғыдан келгенде, тәржімелеуші авторлары қазір арамызда жоқ ертеректе жасалған аудармаларды баспаға дайындайтын редакторлардың соңғы 20-25 жыл көлемінде тілімізде қолданысы орныққан, ресми бекітілген атауларды кейінгі басылымдарға енгізгені өте орынды. Бүгінгі оқырман мен тіл мүддесі тұрғысынан қарағанда бұл сөзсіз атқарылуы тиіс жұмыс. Ал жарыса жұмсалып жүрген лексикалық варианттарды, әлі жұртшылық елегінен өтіп,

сұрыптала қоймаған жаңа қолданыстарды қолдануға өте абай болған абзал.

Қорыта айтқанда, көркем аудармаларда жаңа атаулар мен қолданыстар молынан кездеседі. Бір типті сөздер қатарына кіретін, ортақ атаумен аталатын мұндай сөздердің көркем аудармалардағы қолданылу жиілігі мен тілдегі нормалану деңгейі бірдей емес. Оларды шартты түрде іштей үшке жіктеуге болады: Біріншісі – республикалық терминология комиссиясы ресми бекіткен жаңа терминдер мен атаулар. Бұл топқа кіретін сөздерді мамандар елегінен өтіп, арнаулы салаларда, ғылым тілінде қолданылуға ұсынылған, жалпы әдеби тілге еруге жолдама алған сөздер мен сөз тіркестері деп таныған орынды. Өзіндік ерекшелігі, ұғымдық белгісі тұрғысынан бұларды шын мәнінде жаңа атаулар мәртебесін толық иеленген сөздер қатарына қосуға болады. Ресми бекітілген мұндай атаулардың бұқаралық ақпарат құралдарының тілінде, көпшілігінің көркем әдебиет тілінде, аударма мәтіндерде жаппай қолданылып жүруі – соның айқын дәлелі. Жұртшылық еш жатсынбай қолданатын дәрежеге жетсе де, олардың «жаңа атаулар» деп аталып жүргені – кейінгі кезеңде жасалғандығының, қолданысқа енген мерзімінің әлі толық ұмытыла қоймағандығынан. Бекітілген атаулардың арасында тар саламен ғана шектеліп, көпшілік тілінде қолданыла бермейтіндері де бар. Белгілі бір саламен ғана шектелгені болмаса, олар да осы топқа, «жаңа терминдер» қатарына кіреді. Бекітілген терминдер мен атаулар арасында сәтсіз жасалған, мамандар тарапынан дұрыс ірктеліп, екшелініп алынбаған сөздер мен тіркестер де бар екендігін атап айтуымыз қажет. Бұл терминологиялық жұмыстардың жоғары кәсіби деңгейде жүргізілмеуінің салдарынан туындаған жайт. Көркем аудармаларда ондай атаулар қолданыла бермейді. Қолданылған күннің өзінде сәтсіз жасалған сөздер өте сирек ұшырасады. Өйткені сөз танитын белгілі қаламгерлер мен білікті аудармашылардың таңдауы оларға түспейді.

Ал екінші топқа кіретін сөздер – тілімізде жиі қолданылып жүрген, көпшілік жатсынбайтын дәрежеге жеткен,

бірақ әлі жаппай қолданысқа көшіп, ресми мақұлдана қоймаған, жаңа атаулар мәртебесін иеленуге жетеқабыл тұрған сөздер. Мысалы, біз жоғарыда атап көрсеткен атаулар арасынан *дәмхана, жолайрық, кәдесый, мұражай, оташы, өтіл, пәтерақы, саябақ, саяжол, субұрқақ, тәлімгер, түсірілім, үлесші* сияқты сөздерді осы қатарға қосуға болады. Бұлар – әдеби тілге енгуге, ресми мақұлдануға мүмкіндігі мол, әлеуеті жоғары атаулар. Бұл секілді сөздерді жаңа қолданыстар сатысын еңсеріп, жаңа атаулар санатына өтуге дайын тұрған, тіліміздегі қолданысы біршама тұрақтай бастаған атаулар деуімізге болады.

Енді үшінші топқа келер болсақ, олар белгілі бір авторлар жасап, өздері қолданып жүрген, сол автор айналасындағы әріптестерінің еңбектерінде, жекелеген шығармаларда біршама қолданылғанымен әлі көпшілік қауым толық таныс емес, жалпы жұртшылыққа онша кең тарай қоймаған, қолданысы мейлінше шектеулі сөздер. Көркем шығармалардан жинақталған атаулардың негізгі басым көпшілігі осындай атаулар екенін айтуымыз керек. Оларды жинақтап, көпшіліктің, сөзбен жұмыс істейтін мамандардың назарына ұсынудың маңыздылығы да осында. Мәселен, *анареркі – матриархат, ақжолақ – пунктир, аяшы – сиделка, бүркінді – брызги, гүлбақ – оранжерея, дауагер – целитель, дуагер – маг, елкезбе – странник, жапқы – покрывало, жегім – упряжка, ояныс – подъем, сенімпаздық – доверчивость, тәнөрнек – татуировка, тұшытқыш – опреснитель, шырғалаңқұмар – искатель приключений* сияқты сөздер осы қатарға кіреді.

Бірді-екілі еңбекте немесе бір ғана автордың айтқан жазғанында ғана қолданыс тауып жүрген *асадал – буфет, асылзатты – благородный, бақтақ – кресло, басар – фишка, баспашы – издатель, бәңші – курильщик, бейтағлым – безнравственно, белтартар – корсаж, бет-әлпет – физиономия, бозым – парень, бойтұлға – фигура, біртума – шедевр, дәретсауыт – горшок, есікші – вахтер, желең – халат, жерсорғыш – землечерпалка, жертөсеніш – дорожка, кіреміт – черепица, қауырт сағат – час пик, қисындама –*

формулировка, құмаршылық – азартность, майшайғыш – маслобойня, мейманбезді – негостеприймный, отшақпақ – зажигалка, сопытай – монашка, текқағаз – визитная карточка (визитка), торықпа – пессимист, төзімтал – сдержанный, уазипалы – заслуженный, ұйсынық – вдовец, шаруабасы – староста, шауыпкел – курьер, ішермен – собутыльник, іштартпа – корсет сияқты авторлық неологизмдерді де осы топқа кіретін сөздер аясында қарастырған жөн деген пікірдеміз. Осы үшінші топқа жататын сөздер арасында да сөздік қорымызды толықтыратын атаулар аз емес. Мұндай сөздерді жиып-теріп, көпшілік назарына, мамандар талқысына дер кезінде ұсынып отырсақ, олар тасада қалып қоймай, арасындағы ұтымды жасалғандары тілдік айналымға түсуге мүмкіндік алады.

3. Көркем аударма және терминжасам

Бізде термин сөз көбінесе аудару арқылы шығады.

Ә. Сатыбалдиев

Сөзжасам, әсіресе терминжасам мәселесі туралы сөз қозғалғанда, көркем аударманың алатын орны туралы бізде көп сөз бола бермейді. Бұл жөнінде ішінара айтылған пікірлер мен кейбір жекелеген еңбектер ғана болмаса, жүйелі зерттеулер жасала қоймаған. Ал шын мәнінде, аударма – тілдің лексикалық қорын, терминдер қорымызды байытудың бір жолы, ал қазақ тіліне аударылған көркем шығармалар – терминологиялық лексиканы қалыптастыруға үлкен үлес қоса алатын қайнаркөздердің бірі десек болады. Қазақ тіліне өзге тілдерден аударылған көркем шығармалардан жинақталған мол материалдар, жалпы қолданыстағы сөздер мен терминдер соны көрсетеді. Ғылым тілі мен көркем әдебиет тілінің немесе ресми-іскери тіл мен баспасөз тілінің арасына қытай қорғанын қойып, оларды бір-бірінен мүлде бөліп тастауға болмайды. Ұлттық әдеби тілдің лексикалық қорының ерекшеліктері, функционалдық стильдер-

дің өзіндік ерекшеліктері де болғанмен, олар үнемі өзара тығыз байланыста дамып отырады. Сондықтан тіліміздегі термин шығармашылығын тек ғылыми әдебиеттермен, терминологиялық сөздіктермен ғана байланыстырып қарау жеткіліксіз. Өйткені ғылым тілі ұлттық әдеби тілден бөлек өмір сүрмейді. Қазақ тілінің терминдер қорын да тіліміздің жалпы сөздік қорынан, бүкіл лексикалық байлығымыздан бөліп, онымен байланыстырмай қараудың да негізі жоқ. Керісінше, оларды өзара тығыз байланыста қарастыру арқылы біз, тұтастай алғанда, ұлт тілінің сөз қорының даму сипаты мен қарқынын, кезеңдік ерекшелігін, қазіргі жай-күйін анықтау мүмкіндігіне ие бола аламыз.

Тілші, әдебиетші ғалымдар мен аударма ісімен тікелей айналысқан білікті практик аудармашы мамандардың тарапынан бұл мәселені зерттеудің маңыздылығын атап өткендер болғанмен, осы бағытта жүргізілген арнайы ғылыми-зерттеу жұмыстары жазылмай келеді. Аударма, терминология мәселелерін арнайы зерттеген тілші ғалым Ө. Айтбаев «Осы күні ғылым мен техниканың сан салалары бойынша қажетімізге жарап жүрген жүздеген, мыңдаған термин сөздердің басым көпшілігі – кезінде аудару арқылы пайда болғандар... Бұларды сөз етудегі мақсатымыз – аударманың, оның ішінде термин аударудың ғылым тілін де, көркем аударма тілін де көркейте түсуге қатысы бар екенін тағы бір тәптіштеп өту» [5] деп мәселенің маңыздылығына назар аудартады.

Бұл орайда әдебиетші-ғалым, белгілі журналист С. Абдрахмановтың келтірген деректері де мәселенің маңыздылығын айқындай түседі. «Кейін, романдарды аудару, басқасын былай қойғанда, тілді байытатынына жұрттың бөрінің де көзі жеткен. Мысалы, В. Твердиаковский қазір о баста орыста болмаған-ау деп шамалау ойымызға да келмейтін біраз сөзді (бесполезность, беспристрастность, благодарность, независимость, снисходительность, сущность, цельность, т.б.) алдымен аударма кітаптарында қолданған, солардың көбі кәдімгі калька әдісімен жасалған екен. Сөйтіп, біздің «тәуелсіздік» деген сөзіміздің арғы тегі де тәржімеден тараған болып шығады» [2] деп жазады.

Әрине, көркем аударма жаңа сөз, жаңа терминнің жасалуына себеп болатын, жол ашатын көздердің бірі екені еш дау туғызбайды. Алайда терминнің бәрі аударма барысында жасалады, соның ішінде, көркем аударма терминжасамның жалғыз ғана көзі екен деп түсінуге болмайды. Терминжасамның өзге де өзіндік тәсілдері, жолдары бар. Олар мамандарға белгілі. Бұл орайда белгілі лексиколог ғалым, профессор Б. Қалиев «Терминологиялық хабаршы» журналының 2014 жылғы бірінші санында жарияланған «Қазақша термин жасау мәселесі» деген мақаласындағы мына пікірі орынды айтылған. Ғалым: «Термин жасау дегенді көптеген адамдар орыс тіліндегі терминдерді қазақшаға аудару деп түсінеді. Бұл – қате түсінік. Оның қате болатын себебі: аудару – термин жасаудың бір ғана тәсілі» деп жазады. Ғалымның аударманы терминжасам тәсілі деп санай отырып, оны термин жасаудың бірден-бір жолы екен деп түсінуден сақтандыруының себептері де жоқ емес. Көптеген салалық мамандар мен аудармашылардың ғылыми еңбектер мен ресми құжаттарды аудару барысында негізінен калька тәсіліне, өзге тілдегі терминдерді сөзбе-сөз аударуға көп жүгінетіні айқын байқалып отырған құбылыс. Әсіресе ресми-іскери стилімізден, ісқағаздар мен заң, қаулылардан мұны бірден көруге болады. Бұл салаларда аудармаға байлаулылық, өзге тілге шектен тыс тәуелділік бар. Соның салдарынан түсінуге өте ауыр, орыс тілінің сөйлем құрылысына салынып жасалған сіреспе сөйлемдер, қасаң мәтіндер қоры тым ұлғайып барады. Бұл – тіл табиғатына елеулі нұқсан келтіретін жағымсыз, теріс үрдіс. Біз аудармаға шектен тыс көп жүгінудің де зардаптары, салдары болатынын да білуге, айтуға міндеттіміз. Сонымен қатар құжаттар тілінде, ресми-іскери стильде болып жатқан бұл үдерістің қазіргі қазақ тілінің өзге стильдік тармақтарына ықпал етпей тұра алмайтынын да ашық айтпасқа болмайды. Біз сөз етіп отырған сол ықпалдың бүгінгі БАҚ тілінен көбірек көрініс таба бастағаны байқалып отыр. Ал БАҚ тілі мен көркем әдебиет тілі өзара тығыз байланыста дамитынын, олардың бір-бірімен қабысып, астасып кетіп жататынын, жалпы алғанда функционалдық стильдер

арасындағы ықпалдастықтың өте күшті екенін ескерсек, бұл мәселеге үлкен жауапкершілікпен, ұқыптылықпен қарау қажеттігін түсіну мүмкіндігіне ие боламыз.

«Тегінде, еншісін енді ала бастаған, еңсесін енді жаза бастаған біздің тіліміз үшін жаңадан енген бір терминнің өзі-үлкен олжа, үлкен табыс. Ондай терминді тәржіме әкеле алады» [22] деп жазған белгілі аудармашы, еліміздегі көркем аударманың дамуына, қазақ тілінің сөз байлығының еселе-не түсуіне елеулі үлес қосқан Кеңес Юсуп пікірін де мәселенің мән-жайына терең үңіліп айтылған білікті маман сөзі деп қабылдаймыз. Жалпы бұл мәселеге салғастырмалы лексикология тұрғысынан қарастырудың мәні ерекше зор. Сол себепті біз осыны ескере отырып, термижасам мен терминдер қолданысын жан-жақты айқындау мақсатымен белгілі мамандар маңызын атап өткен бұл мәселені арнайы қарастыруды жөн санадық. Мәселенің мән-жайын анықтап, көркем аударманың қазақ тілінің лексикалық қорын, терминдер қатарын молайтудағы орнын көрсету үшін зерттеу жұмысымызды соңғы бір ғасыр көлемінде орыс тілінен қазақ тіліне аударылған көркем шығармалардың бірқатарын салыстыра-салғастыра сүзе отырып, оларда кездесетін жаңа атаулар мен қолданыстарды жиып-теруден бастадық. Қомақты тілдік материал жинақталды. Сол материалдарды лингвистикалық талдау кезінде біздегі терминдер мен жаңа атаулардың басым бөлігі түрлі мәтіндерді орыс тілінен қазақ тіліне аудару барысында туындайтынын тіл деректерінің өзі анық көрсетті. Соның ішінде көркем аударманың да өзіндік үлесі бар екені анықталды.

Әр халықтың тұрмыс-тіршілігі мен өмір-салтында, дүниетанымында өзіндік ерекшеліктердің болуына байланысты олардың тілдерінде де сондай өзгешеліктер болады. Соған байланысты өзге тілдің жалпы әдеби тіліндегі сөздердің өзін аударуда, оларға дәл балама табуда қиындықтар туындамай қоймайды. Ал терминді аудару, әр саланың өзіне тән ерекшелігі мен ұғымның мазмұнын толық қамтитын арнаулы атауды жасау – үлкен ізденіс пен шеберлікті талап ететін одан да күрделі жұмыс. Бұл істе термин шығармашылығымен айналысушы ұғым табиғатын, ұғымға атау

берген тілдегі терминнің түп мағынасы мен сол ұғымды атағалы отырған тілді жетік білген жағдайда ғана жақсы нәтижеге, көздеген мақсатына қол жеткізе алады. Сондай жағдайда ғана арнаулы ұғымды дәл бейнелейтін әрі тіл тұтынушыларының көкейіне қонып, жаппай қолданысқа көшетін сәтті термин жасау мүмкіндігі туындайды. Бұл орайда аударма мәселелерін арнайы зерттеуші әдебиетші ғалым Ә.С. Тарақов та төмендегі тұжырымында осы жайды дұрыс атап көрсеткен. Ол былай деп жазады: «Терминдерді аудару – ең қиыны. Оған балама табу үлкен білімділікті талап етеді... Аудармашы шетел терминологиясын жақсы білумен бірге, тілде орынды, дұрыс пайдаланатын баламалы ұлттық термин табуы тиіс. Ұлттық тілдің бай сөздік қорын жете меңгеру терминнің сапалы аударылуына жәрдемдеседі [5] (*Аударма әлемі. 310-б.*).

Өзге тілдегі терминді аударушының түпнұсқа тілді білгені дұрыс. Алайда ол термин жасап отырған тілін одан да жақсы білуге тиіс. Өйткені ол шығармашылық үдерісті сол тілде жүзеге асырып, терминді де сол тілде жасап отыр. Мәселеге бұл тұрғыдан қарағанда, автордың «Ұлттық тілдің бай сөздік қорын жете меңгеру – терминнің сапалы аударылуына жәрдемдеседі» деген пікірі шындыққа саяды. Аударма барысында өзге тілдегі ғылыми ұғым атауын, ғылыми ақпаратты, аударылып отырған тілде жеткізуге тура келеді. Сондықтан аудармашы ең алдымен, ол ұғымның аударма жасалып отырған тілдегі бар баламасын пайдаланады. Қазіргі қолданыста сол ұғым атауына сәйкес термин бола қоймаған жағдайда, тәжірибелі ізденімпаз аудармашы оны тілдің пассив лексикасынан, көнерген сөздер мен жергілікті сөздер қатарынан, басқа да шеткері қабаттардан іздейді. Сол ұғымды дәл беретін балама ондай лексикалық қабаттардан да табылмаған жағдайда, мағынасы мейлінше жуық келетін, ұғым мазмұнын дәл болмаса да барынша қамтитын мағыналас, синонимдес сөздерді саралап, солардың арасынан балама табуға ұмтылуы мүмкін. Мұндай жағдайда аудармашының, термин жасаушының тіл байлығының маңызды рөл атқаратыны еш дау туғызбайды.

Аударматанудың белгілі маманының бірі А.Д. Швейцердің аударма барысында термин баламалылығына қол жеткізу жөніндегі пікіріне ден қойсақ, ол былай деп жазады: «Аудармада термин баламалылығына жетуде өндірістік шығармалар да, сөздік те көмектесе алмайды, мұндайда сол саланы жетік білетін маманмен ынтымақтастық керек. Тек тілдік фактіні ғылыми-техникалық факті мен ретроспективтік салыстыру ғана термин мен оны жеткізетін ұғымның өзара байланысын жасауға мүмкіндік береді. Тек осылайша аударма тілінде негізгі тілдегі термин мән-мағынасына неғұрлым жақындайтын балама табуға болады» [6] (*Швейцер А.Д. Теория перевода. – М.: Либроком, 2009. – 214 с.*).

Ғалым пікірі өте орынды. Алайда бұл пікір негізінен ғылыми-техникалық аударма жасайтын аудармашыларға, филологтарға қарата айтылған. Егер ғылыми-техникалық аударманы сол арнаулы саланың маманы жасайтын болса, онда оған біз ұлттық әдеби тілді жетік білу, әдеби тіл нормаларын сақтау талабын көбірек қойған болар едік. Ғылыми-техникалық аударма жасаушының алдында ғылыми немесе техникалық ақпаратты дәл жеткізу талабы тұрады. Термин баламасының арнаулы ұғым мазмұнын толық қамтуы мұндай аудармада алдыңғы қатарға шығады. Ал көркем аударма табиғаты олардан өзгешелеу. Көркем мәтінде автордың ашық, астарлы, бейнелі түрде ойын сол қалпында жеткізу, қаламгердің тіл байлығы мен шұрайлығын, өзіндік стильдік ерекшелігін сақтау сияқты талаптар алға шығады. Көркем шығармада оны көркемдендіріп тұрған сипаттар сақталуы тиіс болса, ғылыми аудармада ғылыми ой-таным, талдау-тұжырымдар терминдер дәлдігі, ғылыми ұғымдар атауларын орнымен қолдану арқылы жеткізілуі мақсат етіледі. Сол себептен де ғылыми аударма жасаушы филолог салалық энциклопедиялар мен арнаулы сөздіктерге және саланың кәсіби маманының көмегіне жүгінуге мәжбүр. Өйткені ол бірінен екіншісіне аударып отырған тілдердің табиғатын түсініп, тіл байлығын еркін пайдаланып, әдеби норма мен сөз қолданыс ерекшелігін жақсы білгенімен, арнаулы саланың қыр-сырын, ғылыми ұғымдардың

мән-мағынасын, олардың құрылымдық байланыстағы иеленетін орны мен жүйесін сол саланың маманы тәрізді біле бермейді. Ал көркем мәтінде жекелеген ғылыми терминдер мен арнаулы атаулар қолданылғанымен, ол жалпы әдеби тілді жетік меңгерген кәсіби аудармашыдан, көркем әдебиет оқитын тілін орташа меңгерген оқырманнан қандай да бір арнаулы салаға маманданғандықты талап етпейді. Осы ерекшелігіне байланысты көркем аударма жасаушы, қаламгер көбінесе ғылыми мәтінді аударушы сияқты сала маманымен тығыз байланыста жұмыс істей бермейді. Оған кейіпкер кәсібінің жалпы сипатын, негізгі ерекшелігін, сала мамандарының өзіне тән мінез-құлық, психологиялық өзгешеліктерін білу, түсіну әлдеқайда маңызды. Онсыз кейіпкер образын ашу қиынға соққан болар еді. Ал белгілі бір кәсіп иесі болып табылатын сол кейіпкерлердің тілдік қолданысындағы арнаулы атауларды, жекелеген терминдердің мағынасын түсіну, оны оқырманға ұғынықты, анық жеткізу одан кейінгі кезекте аударма барысында туындайтын мәселе. Әр сөздің қолданысына жете мән беретін, аударып отырған тілі мен сол тілде оқитын оқушысының мүддесін ойлайтын аудармашы ондай терминдерді ұтымды етіп аударуға барынша ынталы болып, оған бар шеберлігін жұмсайды. Осы орайда аударманың қыр-сырына терең үңіле білген, отандық аударматанудың аса білікті мамандарының бірі Әбен Сатыбалдиев аудармашының әр сөзге үңіліп, оның мағынасы мен қолданысына мән бермесе болмайтынын дәл аңғарып, дөп басып айта білгенін көреміз. Ол былай деп жазады: «Шығарманың мазмұны мен күллі нәр қуаты қайтсе толық беріледі? Әрине, ол алдымен сөз арқылы, автордың сөз қиыстыру тәсілдерін қолдана білу арқылы беріледі. Бұл жерде оның әрбір сөзінің, үн-ырғағының, демек, тыныстану тәртібінің де ерекшеліктерін ескермейінше, ешбір мүмкіншілік жоқ» [7] (Ә. Сатыбалдиев. *Мұхтар Әуезов және көркем аударма теориясы. 200-б.*).

Аударма – сырын терең түйсініп, бар болмысымен сезіну арқылы айтылған сөз екеніне күмән келтіру қиын. Нағыз

қаламгер, сөз зергері сөздің сөзге шуағын да төгіп, көлеңкесін де түсіретінін түйсіне отырып, әр сөзін орнымен қолданады. Аудармашының соны өзге тілге түпнұсқадағыдай етіп дәлдікпен жеткізе білуі үлкен шеберлікті қажет етеді. Көркем шығармада термин сөздер де жайдан-жай қолданылмайды. Олар да мақсатты түрде жұмсалып, белгілі бір жүк арқалап тұрады. Білікті аудармашы оны ескермеуі мүмкін емес. Оқырмандардың көпшілігі үшін мағынасы күңгірт немесе мүлде түсініксіз кірме терминдердің көркем шығармада көп қолданылуы оған сән береді деу қиын. Керісінше, ол шығарманың кедергісіз жеңіл де жатық оқылуы мен тіл тазалығы, ұғынықтылығы тұрғысынан кедергілер туғызуы мүмкін. Көркем әдебиетті тұщынып, сүйсініп оқып отырып бір терминнің мағынасын түсінбей қалған оқырман амалсыз кідіріп, оның мағынасын, түсініктемесін қарауға мәжбүр болады. Жаңа жасалған балама түсініксіз, таныс емес болса да солай. Сондықтан көркем шығармадағы термин қолданысының өзіндік ерекшелігі болатынын тәжірибелі тәржіман жақсы біледі. Білгендіктен де оны оқырманына мейлінше сәтті аударып беруге, жаңа сөз жасауға немесе тілдік қолданыста бар сөздер мен жаңа қолданыстар арасынан сол ұғымды дәл беретін атауды талғаммен таңдап алуға ұмтылады. Аудармашы шеберлігі мен тәжірибесіне сәйкес бұл шығармашылық үдерістің нәтижесі де әртүрлі болып шығады. Көркем шығармаларды салыстыра талдап, олардан жиналған тілдік материалдарды салғастыра қарау кезінде аудармашы-қаламгерлердің әріптестері ұсынған немесе мерзімді басылымдарда қолданып жүрген баламаларды алмай, өздері жаңа атау ұсынып жататын жағдайлары жиі кездестіріп отырдық. Соған байланысты бір ұғымның бірнеше сөзбен аталуы, терминдердің көпнұсқалығы пайда болады. Мысалы, орыс тіліндегі бір ғана «лунатик» сөзінің қазақ тіліндегі аударма әдебиеттерде «айкезбе», «айшалық», «айғарақты», «түнкезер», «ұйқыбесер» сынды бес түрлі нұсқада аударылуы осы шығармашылық үдерістің ерекшелігі мен әр аудармашының өзіндік талғам-таразысының өзгешелігін де көрсетеді.

Ги де Мопассаннан бастап талай әлем классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне төгілтіп аударған қара сөздің хас шебері Әбіш Кекілбаев Герольд Бельгер соңғы сапарға аттанғандағы қоштасу сөзінде былай деп жазыпты: «Герольд күні-түні үйден шықпайтын еді. Құмалақ салып, кітап ашқандай, айналасын қазақша, орысша сөздіктерге толтырып, қай сөздің қай сөзбен жарасып, қай сөзбен таласып қалатынын ойлап, басы қататын. Аудармашының өзінен басқа жәрдемшісі жоқ ауыр еңбегі кеше де солай еді. Бүгін де солай». (*Қош бол, Герольд. «Егемен Қазақстан», №26 (28504), 10 ақпан, 2015 жыл*).

Аударма жайын жақсы білетін қаламгердің әріптесі, көркем аудармамен кәсіби түрде айналысқан Г. Бельгердей белгілі қаламдасы туралы айтқан екі ауыз сөзінде кәсіп сырын аша түсетін үлкен шындық жатыр. Айналасына түрлі сөздіктерді жинап алып, сөз іздеп, сөздерді салыстырып, мағына реңктеріне мән беріп отырған аудармашының тек сөздердің тіркесімділігіне ғана емес, сөзжасам, терминжасам үдерісіне де еніп кетері сөзсіз. Өзіне жақсы таныс істі аса ізденімпаз әрі қандай шаруа атқарса да, қанында бар қасиетімен дәлдікке жетуге ұмтылатын Герағаңның болмысын дәл сипаттай отырып, нағыз аудармашының шығармашылық сәтін де анық көрсеткен.

Көркем аудармаларда ұтымды жасалған жаңа терминдер мен жалпы әдеби тілге тән атаулар да, жаңа қолданыстар мен бір реттік окказионал сөздер де, авторлық, әлеуетті сөздер де көптеп кездеседі. Оларды құнттылықпен жинақтап, сәтті жасалғандарын қажетімізге жарата білу – сөз байлығымызды еселей түсудің ең ұтымды жолдарының бірі.

Белгілі аудармашы, әдебиетші ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Жұмағали Ысмағұлов Жүсіпбек Аймауытовтың аудармашылық қыры туралы айта келіп, былай деп жазады: «Менің бұл жерде бірінші айтқалы тұрғаным: осы аудармаларда сөз жоқ, орасан зор термин байлығы, тіл қазынасы, тамаша тәржіма үлгісі бар. Соларды зерттеу керек, ортақ істің әжетіне жарату керек». (*Жұмағали Ысмағұлов. Төл әдебиетімізді тәркіндес мұра*

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
лармен байыту үшін//Көркем аударма: тәжірибе мен
тағылым. – Астана, 2001. – 268-б.).

Алғашқылардың бірі болып «Аударма туралы» атты мақала жазған, Конрад Беркович, Г. Мопассан, Дж. Лондон, Р. Тагор сынды әлемге танымал қаламгерлердің көптеген көркем шығармалары мен ғылыми-танымдық әдебиеттерді өткен ғасыр басында-ақ қазақ тіліне аударған қаламгер Ж. Аймауытовтың қазақ аударматануының тарихында алатын өзіндік орны бар. Оның бұл саладағы еңбектерін арнайы зерттеп, кеңінен талдаған орынды. Бұл жөніндегі аударма ісінің білгірі Ж. Ысмағұловтың «осы аудармаларда сөз жоқ, орасан зор термин байлығы, тіл қазынасы, тамаша тәржіма үлгісі бар» деген пікірінің жазушы шығармашылығының сырына үңіліп, мәселенің мән-жайын терең пайымдай отырып айтылғандығына дау жоқ. Жұмекең айтып отырғандай, термин байлығын, тіл қазынасы мен тәржіма үлгілерін тек Ж. Аймауытовтан ғана емес, өзге де көркем аудармамен айналысқан белгілі қаламгерлер мен кәсіби аудармашылардың аударма еңбектерінен де көптеп табуға болады. Сол себептен де оларды жеке-жеке алып та, олардың бәрінің басын қосып, жинақтап, өзара салыстыра отырып зерттеудің де маңызы зор.

Өзге тілдерден аударылған көркем шығармалар тіліне үңілгенде аударма барысында туындаған терминдер біз ойлағандағыдан біршама жиі қолданылатындығы анықталды. Олардың арасында жалпы әдеби тіл мен арнаулы сала тіліне қатар еніп кең қолданыс табатындары да, жекелеген аударма әдебиеттермен шектеліп жүргендері де, термин авторының өз аудармаларында ғана кездесетіндері де бар. Аударма үдерісінде пайда болған мұндай терминдердің алдымен әріптес, қаламдастар тарапынан қолдау тауып, одан кейін қалың көпшілікке тарап кететіндерімен қатар, керісінше, жеке автор қолданысынан аса алмай қалуының да өзіндік объективті, субъективті себептері болатын ескерген абзал. Жалпы, көркем аударманы сөздік құрамымыз бен термин қорымызды байытатын көз ретінде тани отырып, осы көзді дұрыс пайдалана білуге қол жеткізуіміз қажет.

Қол жеткізу қажет деу себебіміз, өзiрге бұл көзді барынша тиімді пайдаланып отырмыз дей алмаймыз. Ондай тиімділікке қол жеткізу үшін бүкіл терминжасам үдерісін қалт жібермей жіті қадағалап, оның ішінде көркем аударма барысында туындап жататын терминдерді дер кезінде жинап-теріп, одан соң сұрыптап, ұтымды жасалғандарын қолданысқа ұсынып отыру жұмысы жолға қойылуға тиіс. Өзірге мұндай шаруа мамандар тарапынан қолға алынып, жүйелі түрде атқарылып жатқанын атап көрсете алмаймыз. Сондықтан да шет тілдерінен аударылған көркем әдебиеттерді де терминқор қалыптастырудың үлкен арнасы демесек те, сарқылмайтын бір бұлағы ретінде танып, ол көздің бітеліп қалмай, кеңірек ашылуына көбірек көңіл бөліп отыруды жолға қойғанымыз жөн. Көркем шығарманың көпшілігі белгілі бір саламен байланысты болса, олардың кейіпкерлері де белгілі бір мамандық иесі болып жатады. Соған сәйкес ол шығармаларда міндетті түрде арнаулы терминдер мен кәсіби сөздер қолданылады. Аудармашылар олардан аттап өте алмайды. Аударады, балама ұсынады. Тағы бір ерекше ескеретін нәрсе, осы уақытқа дейін бізде көркем шығармаларды қазақ тіліне негізінен ұлт тілін жетік меңгерген белгілі шығармашыл тұлғалар, сөз қадірін білетін, тіл байлығы мол көрнекті қаламгерлер аударып келді. Сөз зергерлерінің, белгілі қалам иелерінің қаламынан туындаған атауларды ескерусіз қалдыруға болмайды. Қайта олардың қаламынан туындаған терминдер мен атауларды жинақтап, танысып-талдап, сөз туғызу тәжірибесіне үңіліп, шеберлік сырын анықтау өте маңызды екенін ескерген жөн. Сонымен қатар осындай сөз қолдануға талғаммен қарайтын белгілі қаламгерлердің түрлі сала мамандары тарапынан ұсынылып, жаңа жасалып жатқан терминдер мен атауларды өз аудармалары мен төл шығармаларында қолдануы олардың сәтті жасалғандығын айғақтап, әдеби тілге енуіне жолдама берумен бірдей екенін де ескерусіз қалдырудың реті жоқ. Сондықтан жаңа атаулар мен қолданыстардың аударма әдебиеттер мен қазақ жазушыларының төл шығармаларында қолданылуын зерттеп, зерделеп отырудың қа-

жеттілігі стильаралық байланыстарды анықтаумен қатар жаңа сөздердің көркем әдеби тілге, жалпы әдеби тілге өту, сөздердің қолданылу аясының кеңею үдерісін айқындауымыз үшін де керек. Ал терминжасамдағы өнімділік тұрғысынан қарағанда көркем аударма мәтінін термин шығармашылығының негізгі қайнар көзі ғылыми-техникалық әдебиеттермен, ғылыми аудармамен, салалық зерттеу еңбектерімен салыстыруға келмейді. Оны да анық біліп, ашып айтуға тиіспіз. Алайда көркем аударма барысында да терминдер жасалып, аударма мәтінде де терминдер қолданылып жататындықтан, оның терминқор қалыптастыру көздерінің бірі ретінде қарастырылуы табиғи нәрсе. Ендеше, тілімізге аударылған көркем шығармаларды тіл мамандарының сөзжасам, сөзқолданыс тұрғысынан ұдайы зерттеп, көркем мәтіндегі термин шығармашылығы мен ғылыми стильден тыс қолданылуының жай-күйі мен ерекшеліктерін анықтап отырудың маңыздылығын назардан шығармауға міндеттіміз.

4. Көркем аудармадағы кірме сөздердің қолданысы

Кірме сөздердің емлесі – айрықша назар аударатын мәселелердің бірі. Жүсіпбек Аймауытов өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдары «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «Бір сөз әр түрлі жазылмасын» деген мақаласында кірме сөздердің бірізді жазылуына назар аударған еді. «Қазақ баспасында көбінесе бір сөздің өзі неше түрлі жазылып жүргені мәлім. Мұның себебі: імлеміздің тұрлаусыздығынан, қазақ тіліне араб, парсы, орыс иә басқа Аурыпа тілдері кіріп кетіп, соларды иә дәл өз күйінше жазу қиындықтан, иә өзгерткенде бірыңғай жазылмайтындықтан, мәселен, кейбір жат сөздерді елдің өзі (қазақтың әр елі) өзінше өзгертіп әкеткен, сондықтан ондай сөздерді бұзбасқа амал жоқ, өз естілуінше жазуға бола бермейді. Бұзғанда да әркім әртүрлі қылып бұзады. Үндестік заңына келтіріп бұзғанда да бір сөздің әртүрлі жазылатыны бар».

Қаламгердің өткен ғасыр басында айтқан пікірі бүгін де құнын жойған жоқ. Өйткені кезінде ол көтерген мәселе әлі де толық шешімін таппай отыр. Кірме сөздерді әрқелкі жазу қазіргі мерзімді баспасөзде де, көркем шығармаларда да жиі көрініс береді. Қазақ тіліне орыс және басқа да тілдерден аударылған шығармаларда көптеген кірме сөздер қолданылады. Кірме сөздердің негізгі басым бөлігі тілімізге араб, парсы, иран, моңғол, орыс тілдерінен енгендігі мәлім. ХХ ғасыр басына дейінгі кезеңде тіліміздің дыбыстық жүйесіне бейімделіп алынған араб, парсы сөздері көптеп енсе, өткен ғасырдың 30-жылдарынан бастап, русизмдер мен советизмдер, батыс еуропа тілдерінен орыс тіліне бейімделіп алынған терминдер бізге орыс тілінен дәл сол қалпында лек-легімен қабылданды. Кеңестік тіл саясаты кірме сөздерді тек орыс тілі арқылы қабылдау дәстүрін орнықтырды. Бұл дәстүр аздап бұзыла бастағанымен, әлі де біржола күйреп, түбегейлі өзгеріске ұшырай қойған жоқ. Кеңестік кезеңде орыс тілінен өзге түпнұсқа тілден төте аудару кенжелеп қалды. Тіпті көрші халықтардың тілінен, туыстас тілдердің өзінен қазақ тіліне тікелей аударылған көркем шығармалар санаулы-ақ. Мәселен, өзбек тілінен Н. Келімбетов аударған «Жұлдызды түндер» романында *ашора (шілде) бетақа//бұтақа (шөп аты), дасторпеч (патшаның киім-кешегіне қарайтын дәйекші), гүнчачи, қарғар, қашкул, лашкербасы, махалла, машғала (факел), мәлика* тәрізді сөздер қолданылады. Кейінгі кезде ағылшын, түрік қытай тілдерінен төте аударылған еңбектер саны біртіндеп арта бастауына орай сол тілдерден тікелей енетін сөздер көрініс бере бастады. Мысалы, Лу Шүннен аударған Дүкен Мәсімханұлы тәржімаларында «дүй», «жыңмома», «гой-жүй» секілді сөздер кездеседі.

Көркем аудармадағы кірме сөздердің қолданысы туралы сөз еткенде, оларды үшке бөліп қарауға болады. Біріншісі – қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне сәйкес өзгертіліп алынған шет тілдерінің сөздері. Екіншісі – орыс тіліндегі қалпын сақтап қолданылған сөздер. Ал үшіншісі – өзге шет тілдеріндегі жазылуы бойынша қолданылған сөздер.

Біздің тілімізге аударылған көркем шығармаларда негізінен бұлардың алғашқы екі түрі қолданылады. Ал үшіншісі ішінара ғана кездесетін латын әліпбиімен жазылған қалпында қолданылатын ағылшын, неміс, француз және басқа да тілдердің сөздері. Олар негізінен жалқы есімдер, фразалар, жекелеген сөйлемдер мен арнаулы терминдер түрінде ұшырасады. Мысалы, О. Бальзактың «Шегірен былғары» романында «La carita! La carita!» (19-б.) деген фраза беріледі. Көбінесе оларға қолданылған бетте немесе шығарма соңында түсініктеме беріледі. Сол себепті олар жөнінде арнаулы сөз қозғаудың қажеттілігі аса сезіліп тұрмағандықтан, төменде кірме сөздердің негізгі екі түріне ғана қысқаша тоқталып өтпекпіз.

4.1. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне бейімделіп, өзгертіліп қолданылған кірме сөздер

Көркем аударма тілінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесі, айтылым ерекшелігі ескеріліп, өзгеріске ұшыраған кірме сөздер қатары едәуір. Кірме сөздерді қабылдау тарихымызға сәл ғана көз жүгіртіп, үстірт шолып өткеннің өзінде мына құбылысты байқауға болады. Мәселен, ерте орта ғасыр мен орта ғасырлардан бастап, ХХ ғасырдың басына дейін тілімізге енген араб, парсы, орыс, иран, моңғол, қытай сөздері тұтастай дерлік қазақтың айту мәнеріне сәйкестендіріліп, өзгертіліп отырғандығын көруге болады. Олардың қатарына *әлем, әліпби, ғалым, ғылым, дәптер, кітап, қалам, мұғалім, әбдіре (ир.), әбзел (ир.), нөкер (моң.), өлке (моң.)* сияқты жүздеген сөздер кіреді. ХХ ғасыр басындағы оқу-ағарту ісімен айналысқан қазақ зиялылары, алаш қайраткерлері де орыс тілі арқылы қабылданған кірме сөздердің денін қазақ айтылымына икемдеп алып отырған. Мәселен, Жүсіпбек Аймауытов өз аудармаларында кірме сөздердің барлығын дерлік қазақ айтылымына икемдеп жазады: *тілипон (245), ділгірәм (245), әпесер (245), кемесер (246), енженер (246), сәбетші (246), сипр (247), бұрыққалтер (247), мөлиен*

(248, 249, 250), *мүлиен* (290), *пірезидент* (250), *мүйнет* (258, 283), *стақан* (263), *зеребе* (269) және т.б.

Шет тілі сөздерін тілімізге бұлай қабылдау Ахмет Байтұрсынұлы бастаған алаш оқығандарының негізгі ұстанымдарының бірі болған. Олар қуғын-сүргін құрбаны болған өткен ғасырдың 30-жылдарынан бастап, кірме сөздерді орыс тіліндегі қалпын сақтап қабылдау дәстүрі орнықтырылды. Еліміз тәуелсіздігін жариялап, тіліміз мемлекеттік мәртебе иеленген 90-жылдардан бастап, кірме сөздерді қазақ айтылымына бейімдеп алу ішінара көрініс бере бастады. Мәселен, кейінгі жылдары *зауыт, машина, станса, пәлте, пойыз, пошта, шенеунік* сияқты көптеген сөздер БАҚ тілінде, көркем шығармалар тілінде ғана қолданылып қоймай, қазақ тілінің орфографиялық сөздігіне енгізілді. Әр жылдары жарық көрген көркем аудармаларда орыс тіліндегі қалпын сақтамай, өзгертіліп қолданылып жүрген кірме сөздер де аз емес. Көркем аударма мәтіндерінде кездескен мына төмендегі атаулар солардың қатарына кіреді: *әдиял, әртел, бөдке, бұласыр, жорнал, жорналшы, зәкір, зәпөнке, зұрна, кәстрөл, кәйіп, кәмпеске, кәрәсін, кәрзеңке, кәртөз, кәртішке, кәсек, кәстөм, кәнтөр, кофейнік, күртке, күршек, күріжке, кінәз, қалыан, қамзол, ләпке, мәшіңке, минөт, мөшек, мұлазым, нөмір, пәлсапа, пәрік, пенжек, песір, пешеней, поселке, пошташы, пірказшік, резеңке, рөл, рөмке, селен, сөмке, стақан, сүргіш, сүртік, тәбіретке, тәбішке, тәрелке, тәшкі, топыли, төмпішке, трәшпенке, түземдік, түрім, шабадан, шампан, щеткі // шөтке, іскәмейке* және т.б.

Бұлардың бірқатары орфографиялық сөздікте көрініс таппағанмен көркем шығармаларда қолданылып жүр. Мұндай сөздердің саны осы мысалдағылармен ғана шектелмейді. Жалпы алғанда, кірме сөздерді қазақ айтылымына ыңғайлап, өзгертіп жазу ғылыми әдебиеттер мен ісқағаздар тіліне қарағанда көркем әдебиетте, аударма әдебиеттерде әлдеқайда жиі ұшырасатын жағдай. Бұл ең алдымен қаламгерлер мен аудармашылардың қалың оқырман қауым-

ды, шығарманың жеңіл, жатық оқылуын ойлағандықтан, тіл табиғатын, дыбыстық жүйеміздің ерекшелігін мейлінше сақтауға, олардың бір-бірімен тіркесім қабілеттілігін ескеріп, кірме атауларды тілге икемдеуге ұмтылуынан туындайтын құбылыс екенін айтуымыз керек.

«Запонка» сөзінің қазақшасы 2007 жылы жарық көрген орысша-қазақша екі томдық сөздікте «ілмек» түрінде берілген. Аудармашы «ілмек» сөзін пайдаланбапты. Ол «ілмектің» дәл мағынасы «крючок» екенін ескере отырып, бұл сөзге дәл балама таппағандықтан, оны тіліміздің дыбыстық жүйесіне икемдеп «зәпәнке» деп қолданғанды жөн көріпті.

А. Чеховтың «Хористка» әңгімесінде «сюртук» сөзі де «сүртiк» түрінде өзгертіліп қолданылған. Әңгімені орыс тілінен аударған Ы. Дүйсенбаев: «Үстінде сүртiгi жоқ, аяғына туфли киіп отырған Колпаков атып тұрып «бү не?» дегендей Пашаға қарады» (125-б.) деп жазады.

«Аяғында бізтұмсық башмағы бар ол да бұрылып, маған қарсы жүрді, бас бармақтарын зелетiнiң қалтасына сұғып, қолын қанат сияқты сәл қимылдатып, жымиып күлді» (*Кнут Гамсун. Орман тәңірі. – Астана, 2011. – 29-б.*).

Ертеректе жасалған аудармалардың бірқатарында кестік кезеңде тілімізге енген көптеген кірме атаулар сол қалпында қолданылған. Мәселен, А. Чеховтың «Ұйқының мең-зеңі» әңгімесіндегі «Сотта өздеріне буфет ашыпты ғой, бес минут өткен сайын олар председательге үзіліс жасауға болмас па екен деп өтініш жасайтын көрінеді» (*Жуан мен жіңішке. – Астана, 2011. – 236-б.*) деген сөйлемде қазіргі қолданысымызда тұрақтаған «төраға» емес, бұрынғыша «председатель» сөзі қалдырылған.

Кейінгі жылдары қайта басылған кейбір аудармаларда ондай кірме атауларды аудармашылар өздері немесе редакторлар түзетіп, оларды кейінгі қолданыстағы баламалармен алмастырған.

Кейде аудармашылар тілде біршама қолданылып жүрген балама көңілінен шықпағандықтан, оның орнына аздаған дыбыстық өзгеріспен кірме атаудың өзін алатын жағдай-

лар да кездеседі. Айталық, белгілі аудармашы К. Юсуп «қыстақ» деп алынып жүрген «селение» сөзін «селен» (7-б.) деп дыбыстық өзгеріс енгізу арқылы қолданған. Тіпті тілде қолданысы әбден орныққан деуге болатын «дәріханашы» сөзінің орнына «аптекашы» сөзін қолдану – соның айғағы. Кірме сөздерді игеруде олардың орыс тіліндегі таңбалануы бойынша түбірін сақтап, қазақ тілінің қосымшаларын жалғау тәсіліне де аудармашылар біршама жиірек жүгініп жатады. Мысалы, көркем аудармаларда қолданылған *аббаттық, графтық, корольдік* сияқты атаулар сол қатарға кіреді.

Өзгертіліп жазылатын кірме сөздер көркем аудармаларда бір емес, бірнеше нұсқада жұмсалып жатады. Мысалы, көркем аудармаларда қолданылған мына төмендегі сөздер соған дәлел бола алады: *гір//кір, жүлік//жөлік, журнал//жүрнал, зелет//желетке, керәсін//кэрәсін//кірәсін, кәрзеңке//кэрзіңке, кәстрөл//кэстірөл, күпәйке//күпәйкі, күртке//күрткі, күрішке//күрешке//күрішке, пенжек//пенжақ//пенжаг, пойыз//поез, резеңке//рэзіңке, рөмке//рүмке//рюмке, рөл//рүл, секөнт//секөнд, станса//стансы, сөмке//сүмке, тәлеңке//тәліңке//тәрелке//тарелке, шабадан//шамадан, шөтке//щөткі және т.б.*

Сөз қолданыстағы жарыспалылық туралы арнайы сөз болатындықтан, бұл жерде бірнеше нұсқада жазылып жүрген мұндай сөздерге көп тоқталмаймыз. Орфографиялық сөздікте бұрынғысынша дәл орыс тіліндегідей өзгеріссіз жазылып жүргенімен көркем аудармалардан жинақталған кірме сөздер қатарында әртүрлі тұлғада таңбаланатын сөздердің аз кездеспейтіндігі бұл жайтқа лингвистер тарапынан да, қаламгерлердің өздері тарапынан да жете назар аударылмай келе жатқанынан хабардар етеді. Көркем шығармаларды аударушылар бір мәселеге ерекше мән беруі қажет. Егер қалам ұстаған әр аудармашы қазақ тіліндегі кірме сөздерді аударған шығармаларында түрлі пішінде құбылтып жаза беретін болса, жазу мәдениетіміздің жетілуіне емес, керісінше, кетіле түсуіне жол ашқан болып шығады. Сол себептен де мұны ескерусіз қалдырып, ұсақтүйек нәрсе деп қарауға болмайды.

КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР

Кірме сөздердің аударма әдебиеттерде қолданысынан нақты мәлімет алу үшін қосымша беріліп отырған мына шағын кестеге назар аударуға болады:

№	Орысша жазылуы	Қазақша қолданысы	Кітап авторы, беті.
	будка	бөдке	В. Распутин. Матерамен қоштасу – Астана, 2011. – 333-б.
	гиря	гір	Д. Стейнбек. Алаң көңіл ақпаны. – Астана, 2011. – 102-б.
	жулик	жүлік	Д. Стейнбек. Алаң көңіл ақпаны. – Астана, 2011. – 371-б.
	жулик	жөлік	Л. Фейхтвангер. Ағайынды Лаутензак. – Астана, 2011. – 70-б.
	жилет	желетке	А. Чехов. Жуан мен жіңішке. Өңгімелер. – Астана, 2011. – 344 б.
	журнал	жорнал	Генрих Белль. Иесіз үй. – Астана, 2003. – 212-б.
	журналист	жорналшы	Генрих Белль. Иесіз үй. – Астана, 2003. – 158-б.
	запонка	зәпөнке	Кнут Гамсун. Орман төңірі. – Астана, 2011. – 344-б.
	калян	қалиян	Генрих Белль. Иесіз үй. – Астана, 2003. – 7-б.
	лавка	ләпке	И. Бунин. Арсенъевтің өмірі. – Астана, 2011. – 79 б.
	кастрюля	кәстрөл	В. Распутин. Матерамен қоштасу. – Астана, 2011. – 324 б.
	камзол	қамзол	Проспер Мериме. Қиямет түні. – Астана, 2011. – 21-бб.
	керосин	кәрәсін	И. Бунин. Арсенъевтің өмірі. – Астана, 2011. – 79 б.
	косяк	кәсек	Габриэль Гарсиа Маркес. Жүз жылдық жалғыздық. – Астана, 2011. – 32-б.
	кружка	күршке	Габриэль Гарсиа Маркес. Жүз жылдық жалғыздық. – Астана, 2011. – 168-б.
	кружка	күрешке	В. Распутин. Матерамен қоштасу – Астана, 2011. – 309 б.

	куртка	күртке	Дж.Гринвуд. Өгей бала. – Астана, 2011. – 55-б.
	мешок	мөшек	Иван Бунин. Арсеньевтің өмірі. – Астана, 2011. – 205 б.
	одеяло	әдиял	В.Распутин. Матерамен қостасу – Астана, 2011. 300-б.
	пиджак	пенжақ	Иван Бунин. Арсеньевтің өмірі. – Астана, 2011. – 302 б.
	пластырь	бұласыр	Габриэль Гарсиа Маркес. Жүз жылдық жалғыздық. – Астана, 2011. – 32-б.
	поселок	поселке	В. Распутин. Матерамен қоштасу – Астана, 2011. – 318 б.
	приказчик	піркөзшік	И. Бунин. Арсеньевтің өмірі. – Астана, 2011. – 74 б.
	руль	рұл	В. Распутин. Матерамен қоштасу. – Астана, 2011. – 335 б.
	селение	селен	Габриэль Гарсиа Маркес. Жүз жылдық жалғыздық. – Астана, 2011. – 32-б.
	сюртук	сүртік	Владимир Набоков. Машенька (роман). – Астана, 2011. – 344 б.
	сургуч	сүргіш	Проспер Мериме. Қиямет түні. Роман. – Астана, 2011. – 90-б.
	сульфат	сұлфат	К. Паустовский. – Астана, 2011. – 202 б.
	тачка	тәшкі	Генрих Белль. Иесіз үй. – Астана, 2003. – 26-б.
	трачпинка	трәшпенке	И. Бунин. Арсеньевтің өмірі. – Астана, 2011. – 74 б.
	трюм	түрім	К. Паустовский. – Астана, 2011. – 89-90 б.
	философия	пәлсапа	Д. Стейнбек. Алаң көңіл ақпаны. – Астана, 2011. – 186-б.
	фуфайка	күпәйке	В. Распутин. Матерамен қоштасу. – Астана, 2011. – 92 б.

	щетка	шөтке	Д. Стейнбек. Алаң көңіл ақпаны. – Астана, 2011. – 110-б. Габриэль Гарсиа Маркес. Жүз жылдық жалғыздық. – Астана, 2011. – 208-б.
	щетка	щетки	Генрих Белль. Иесіз үй. – Астана, 2003. – 103-б.

4.2. Орыс тіліндегі қалпында қолданылған кірме сөздер

Соңғы бес-он жыл көлемінде жарық көрген аударма әдебиеттерде көптеген кірме сөздер қолданылған. Олар өте көп, жүздеп, мыңдап саналады. Біз ондай атауларды түгел қамтуды мақсат етпедік. Көркем әдебиеттердің басым көпшілігінде кездескен бірқатар атаулармен ғана шектелдік. Олар мына төмендегі атаулар: *август, адвокат, адрес, акула, аллея, апостол, апрель, аптека, аптекарь, арендатор, арка, армия, артельщик, афиша, багажник, банкет, барельеф, бассейн, бокал, бригадир, бук, бульвар, бухгалтерия, ваза, велодром, велосипед, вокзал, газон, галерея, герб, гидрограф, гипс, галанос, горшок, гранка, дача, декабрь, диагноз, документ, душ, жираф, журнал, завод, заказ, иллюминатор, инспектор, интеллигент, июль, кабак, календарь, камин, карточка, кастрюль, катехизис, квартал, квитанция, керосин, километр, кипарис, клавиш, класс, кластас, клетка, клиент, клумба, коллекция, коллекционер, колхоз, компресс, конверт, кондуктор, консерватор, контрабандист, контраст, конфет, концепция, костюм, краплак, кресло, крест, кружка, кузов, лаборатория, лилия, листовка, литр, лифт, магазин, маска, матч, машина, машинка, мобилизация, монастырь, монахиня, монашка, мораль, набор, надзиратель, нарцисс, ноябрь, овощ, октябрь, оператор, операция, открытка, отряд, официант, паж, палитра, пальто, пансионар, парад, парк, парник, пиджак, пижама, пирог, писарь, планета, плащ, подвал, подъезд,*

полк, помидор, поршень, поселка, подъезд, полк, портсигар, портфель, право, практика, председатель, приказчик, пристав, присяжный, приход, программа, протокол, процесс, пудра, раковина, рельс, рессор, рефракция, риф, роль, рота, ротмистр, рудник, руль, румпель, рюмка, салфетка, самолет, секретарь, семья, сентябрь, сервиз, символ, скамейка, сквер, смена, солдат, состав, станция, стол, стрит, суртук, таблица, текст, телеграмма, терраса, территория, товар, трактир, трибуна, тротуар, трубка, тумбочка, турник, туфли, тубик, устав, устрица, участок, характер, цинк, чек, чемодан, чеснок, чертеж, чиновник, фабрикант, фасад, фельдфебель, фиалка, финал, финанс, флакон, фонтан, форель, форма, хризантема, хутор, шарф, шприц, эскиз, этикетка, юбка және т.б.

Орыс тіліндегі қалпында өзгеріссіз қолданылған сөздерді іштей өзара екіге жіктеуге болады. Олардың біріншісі – тілімізде баламасы бар, бірақ соған қарамастан орыс тіліндегі қалпында қолданылған атаулар. Екіншісі – тілімізде баламасы мүлде жоқ немесе ұсынылған баламалары орныға қоймаған, сәтсіз жасалған атаулар. Мысалы, бірінші топқа 90-жылдары ресми бекітіліп, қазір жаппай біркелкі қолданыста жүрген ай атауларын жатқызуға болады: *апрель, июль, август, сентябрь, октябрь, ноябрь, декабрь* және т.б. Осы қатарға *адрес, аллея, аптека, аптекарь, арендатор, банкет, бук, герб, дача, документ, заказ, инспектор, календарь, квартал, класс, кластас, клетка, колхоз, контрабандист, концепция, лаборатория, лилия, магазин, набор, овощ, отряд, официант, парад, парк, планета, подвал, помидор, право, председатель, пристав, программа, протокол, процесс, рудник, самолет, секретарь, семья, символ, смена, солдат, состав, стрит, таблица, текст, телеграмма, территория, трибуна, устав, характер, цинк, чертеж, чеснок, фиалка, финанс, шарф* сияқты сөздер де кіреді.

Бұл сөздердің қазақ тіліндегі *сәуір, шілде, қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан, мекенжай, саяжол, дәріхана, дәріханашы, жалгер, зияпат, елтаңба, саяжай, құжат, тапсырыс, нұсқаушы, құнтізбе, орам, сынып, сыныптас,*

жасуша, кеңшар, аткезші, тұжырымдама, зертхана, ла- лагұл, дүкен, терім, көкөніс, жасақ, даяшы, шеру, саябақ, ғаламшар, жертөле, қызанақ, құқық, төраға, жасауыл, бағ- дарлама, хаттама, үдеріс, кеніш, ұшақ, хатшы, отбасы, нышан, ауысым, сарбаз, құрам, көше, кесте, мәтін, жедел- хат, аумақ, мінбе, жарғы, мінез, мырыш, сызба, сарымсақ, шегіргұл, қаржы, мойынорағыш сынды баламалары қазір кеңінен қолданылады. Бұл атауларды мерзімді баспасөзден де, көркем әдебиеттерден де, оқулықтар мен ғылыми әде- биеттерден де, түрлі типтегі сөздіктерден де кездестіреміз. Бұл атаулардың дені ресми бекітілген. Қолданысы жағы- нан осы сөздермен қатар тұратын, орысша-қазақша және түсіндірме сөздіктердің көпшілігіне енгізілген *желекжол (бульвар), керік (жираф), зиялы (интеллигент), тұбір- тек (квитанция), бетперде (маска), көшетхана (пар- ник), майлық (салфетка), белдемше (юбка)* сөздері кей- бір аударма әдебиеттерде қолданыс таппай, олардың орыс тіліндегі нұсқаларының сол қалпында алынуын да құптау қиын. «Тіліміздегі қолданысы орныққан, жұртшылық жаппай пайдаланатын мұндай атаулар неліктен көркем ау- дармалардан көрініс таппады?» деген сұрақтың туындауы табиғи нәрсе. Бұл атауларды кәсіби аудармашылардың қа- ламауынан немесе білмеуінен деуге еш негіз жоқ. Бар мәсе- ле мынада болып отыр. Жоғарыдағы атаулардың көпшілігі 90-жылдардан кейін қолданысқа енді. Ал біз қарастырған шетел әдебиеттерінің көпшілігі қазақ тіліне 60, 70-80-жыл- дары аударылған. Ол кезде бұл атаулардың басым бөлігі әлі қолданысқа түспеген еді. Ертеректе жасалған *саяжай, дая- шы, көкөніс* сияқты баламаларда жаппай қолданысқа ене қоймап еді. Оның үстіне ол кезеңде дәл қазіргідей қазақша атаулардың қолданысына басымдық берілмей, орыс тілі- нен енген сөздердің сол қалпында жұмсалуды кеңестік ке- зеңнің талаптарына сай келетін. Ал 1990, 2000 жылдардан кейін жарыққа шыққан әдебиеттерде орыс тіліндегі атау- лардың бұрынғы қалпында қолданылуы – баспагерлердің кеңестік кезең аудармаларына қол тигізбей қайта басуынан орын алып отырған олқылық. Әлемдік классиканы ау-

дарған Жүсіпбек Алтайбаев, Нығмет Ғабдуллин, Жұмағали Ысмағұлов, Тельман Жанұзақов, Әбілмәжін Жұмабаев, Рымғали Нұрғалиев, Немат Келімбетов, Зейтін Ақышев Сәкен Иманасов, Ғаббас Жұмабаев сынды аудармашылар мен қаламгерлердің бірқатары қазір арамызда жоқ. Енді бірқатар аударма авторларының жасы ұлғайғандықтан, бұрынғы жасаған аудармаларын қайта сүзіп шығуға мүмкіндіктері болмауы мүмкін. Аударма ісінің шеберлері саналатын ондай білікті мамандардың аудармаларына үлкен өзгеріс енгізіп, түзетулер жасаудың қажеті бола қоймас. Алайда тіл бір орнында тұрған жоқ, даму үстінде. Шет тілдерінен сөз қабылдауға, оларды аударуға, жазуға және жалпы сөзжасамға, термин шығармашылығына деген көзқарас та кешегі кеңестік дәуірдегідей емес. Қоғам өзгерді, заман жаңарды. Қазақ тілі жаңа мәртебеге ие болды, оның қолданыс аясы едәуір кеңейді. Соған сәйкес соңғы жиырма жылдың көлемінде қазақ тілінің лексикалық қорында елеулі өзгерістер болды. Сөздік қорымыз көне және ортағасырлық жазба ескерткіштерден, кеңес заманының идеологиясына байланысты тасада қалып келген жыр-термелер мен діни қисса-дастандардан, «халық жаулары» саналып, шығармаларын оқуға тыйым салынған алаш зиялыларының еңбектерінен алынған сөздермен толыға бастады. Оған қоса сөзжасам, терминжасам үдерісі біршама жанданып, лексикалық қорымызға көптеген жаңадан жасалған атаулар қосылды. Олар қосылып қана қойған жоқ, мектеп, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда, көркем шығармалар мен ғылыми әдебиеттерде, мерзімді баспасөз тілінде, ресми құжаттарда кеңінен қолданыс тауып, тілімізге сіңіп, сөздік қорымызды байытты. Мұндай атаулар ресми бекітілген терминдер сөздігі мен қазақ әдеби тілі сөздіктеріне енгізілді. Яғни олардың қазақ сөзі ретіндегі мәртебесі көпшілік қауым, тіл тұтынушылары мен мамандар тарапынан мойындалды деген сөз. Ендеше, қазіргі қазақ тілінің сөздік қорында өзіне тән орны бар, қолданыс өрісі орныққан ондай атаулар көркем аудармалардан тыс қалуға тиіс емес.

Сондықтан ертеректе жасалған аудармаларды қайта басып шығарушы баспалар, сол баспалардың редакторлары бұл мәселеге жете мән беруі керек деп ойлаймыз.

Көркем аудармаларда қолданылған тағы бірқатар атаулардың қазақша баламалары бар. Олардың қатарына мына төмендегідей атаулар жатады: *адвокат, акула, апостол, арка, армия, афиша, бокал, бухгалтерия, ваза, велосипед, вокзал, газон, гипс, горшок, гранка, диагноз, кабак, камин, керосин, километр, кипарис, клавиш, клиент, клумба, коллекционер, компресс, конверт, консерватор, контраст, кресло, крест, кузов, листовка, матч, мобилизация, монастырь, монахиня, монашка, мораль, надзиратель, нарцисс, оператор, операция, пиджак, пирог, писарь, полк, поршень, портсигар, практика, приказчик, присяжный, приход, пудра, раковина, рота, сервиз, сквер, терраса, трактор, тротуар, трубка, турник, устрица, чек, флакон, форель, форма, хризантема, шприц, эскиз, этикетка* және т.б.

Тіпті бұл атаулардың кейбірінің бір емес, бірнеше баламасы жарыса қолданылып жүр (кітап соңындағы сөздікті және кестені қараңыз). Жоғарыда тоқталған атаулардан айырмашылығы – бұлардың тілімізде әлі тұрақты қолданысқа көше қоймағандығында. Дегенмен бұл атаулардың қазақша нұсқаларының тілдегі қолданыс жиілігі, көпшілікке танымалдығы бірдей емес. Мәселен, ашықхат (*открытка*), жүксалғыш (*багажник*), өуіз (*бассейн*), қасбет (*фасад*), себезгі (*душ*), топтама (*коллекция*), жеделсаты (*лифт*), кіреберіс (*подъезд*), бұрқақ // суббұрқақ (*фонтан*) атаулары қазіргі қазақ баспасөзінде, теле-радио хабарларында, көше жарнамаларында кеңінен қолданылып жүр. Бұл атауларды көпшіліктің көзі үйреніп, құлағына сіңе бастаған сөздер санатына жатқызуға болады. Жекелеген аударма әдебиеттерде бұлардың орысша нұсқасы кездескенімен, көпшілігінде аудармашылар олардың қазақша нұсқаларының бірін пайдаланады. Оған осы кітаптың екінші бөлімдегі мысалдар мен салыстырма кесте арқылы көз жеткізуге болады.

Ал *артельщик, завод, конфет, кастрюль, костюм, кружка, машина, пальто, роль, рюмка, стол, станция, товар, участок, чемодан, чиновник* сөздері – *эртелші (эртел), зауыт, кэмпит, кастрөл, кэстөм, күрешке, мәшине, пәлте, рөл, стансы, рөмке, тауар, учаске, цстел, шабадан, шенеунік* түрінде жазылып, орфографиялық сөздіктің соңғы 2007, 2013 жылдары жарық көрген басылымдарында да тіліміздің дыбыстық жүйесіне бейімделген осы көрсетілген қалпында берілген. Біз қарастырған кейбір көркем аудармаларда бұл сөздер әлі де бұрынғысынша орыс тілінің орфографиясы бойынша жазылып отыр. Кітап шығарушылар, баспа редакторлары мен аудармашылар бұл сөздердің жазылуын қазақ тілінің қазіргі орфографиялық сөздігіне сәйкестендіргені жөн. Жазу мәдениеті жоғары жұрттың оқушысынан бастап академигіне дейін емле сөздігін басшылыққа алып, әр сөзді мың құбылтпай біркелкі жазуы керек. Бұл талап көркем аудармамен айналысушыларға да тікелей қатысты.

Қазақ тілінің соңғы жылдары жарық көрген орфографиялық сөздігінде *журнал, карточка, туфли* түрінде бұрынғы қалпында беріліп, немесе оған енбеген *машинка, скамейка, суртюрк, тумбочка* сынды кірме сөздер де бір аудармаларда өзгеріссіз, екіншілерінде тіліміздің дыбыстық жүйесіне бейімделіп алынған нұсқасында беріліп жүр. Яғни мұндай сөздердің де қолданысында бірізділік жоқ.

Ал енді *барельеф, бригадир, велодром, галанос, галерея, литр, гидрограф, иллюминатор, катехизис, кондуктор, краплак, паж, палитра, пансионат, пижама, плащ, портфель, рельс, рессор, рефракция, риф, ротмистр, руль, румпель, тюрбик, фабрикант, фельдфебель, финал, хутор* секілді кірме сөздердің тілімізде нақты баламалары болмағандықтан, орыс тілі арқылы қабылданған қалпында қолданылған. Сол себепті, мұндай атаулардың қолданысына қатысты аудармашыларға да, кітап редакторлары мен баспагерлерге де қандай да бір талап-тілек айтудың реті жоқ.

4.3. Бір ғана кірме сөздің («белесебет» сөзінің) қолданысы туралы

Тілімізге кірме сөздерді қабылдау мен қолдану, оларды орфографиялық нормаларымызға сәйкес жазу мәселесі бір ғасыр бойы күн тәртібінен түспей келеді. XX ғасыр басында ардақты Ахаң: «Жат сөздерді басқалар, мәселен, орыстар өз тілінің заңына үйлестіріп алғанда, солай алуға біздің де қақымыз бар» десе, алаш ардақтысы Халел Досмұхамедұлы: «Тілге кірген жат сөздер де сіңу үшін, тілге «өзілік» болуы үшін сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай халге келуі керек. Бүйтпесе, жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырқын бұзады, тілге зиян береді» (*Халел Д. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы//Халел Досмұхамедұлы. Аламан. – Алматы, 1991. – 92-б.*) деп, оларды тілімізге икемдеп қолданды. Олардың көзі кеткеннен кейін біз жат сөздерді қабылдаудың жаңа тәртібін белгілеп, кірме сөздерді өзгеріссіз алуға көштік. Сол жолмен әлі келеміз. Әлі күнге дейін қазақ қоғамында «Өзге тілдердің сөздерін өзгертпей алғаннан тілге келер зиян жоқ, олар сөздік қорымызды байытады» деген пікір үстем. Бұрын орыс тілінің сөздерін қаз-қалпында қабылдап келсек, енді ағылшын сөздерін өзгертпей алуға құмарлар артып келеді. Бұл біздің қанымызға сіңген әдет бола бастады. Қит етсе, «Өзгелер де шет тілдерінің сөздері есебінен сөздік қорын байытып отыр ғой» деген уәжді көлденең тартамыз. Ал шын негізінде өз тізгініне ие бола алмай қалған кейбір халықтар болмаса, кез келген ұлт тілі өзге тілден сөз алғанда оны өз тілінің табиғатына икемдеп алады. Біз осы мәселеге көркем шығармалардағы кірме сөздердің қолданысы негізінде талдау жасап, жұртшылық назарын аударуды мақсат етіп отырмыз. Кірме терминдер мен сөздер, әсіресе өзге тілдің орфографиясы бойынша өзгеріссіз алынған атаулар көркем шығарма тілінде еркін қолданылып, қалың оқырманға түсінікті бола ма? Бізде «Терминдер мен кірме сөздерді көп қабылдағаннан, оларды өзгеріссіз алғаннан ұлттық әдеби тілге, көркем шығарма тіліне келетін зиян жоқ» деген пікірді

қолдайтындар, соны дәлелдеп жүргендер аз емес. Алайда бұл пікірдің шындықпен үйлеспейтінін дәлелдейтін тілдік деректер жеткілікті.

Шығармаларын ағылшынша жазатын Эрнест Хемингуэй: «Мен сондай-ақ алты күнге созылған қызықты велосипед жарысы мен биік таудың тас жолындағы дәл сондай қайталанбас жарыстарды да суреттеп жазар едім. Мұны тек француз тілімен ғана суреттеп жазуыма болар еді, өйткені велосипед жөніндегі терминнің бәрі французша болып келеді. Бұл жайында жазудың қиындығы да, міне, осында жатыр» («Қызығы мол сол жылдар») деп жазыпты. Қаламынан туындаған шығармаларын бүкіл әлем жұртшылығы сүйіп оқитын америкалық әйгілі қаламгер, Нобель сыйлығының лауреаты Э. Хемингуэй велосипедке қатысты терминдердің бәрі француз тілінде болғандықтан, велосипед жарыстары туралы ағылшынша жаза алмайтындығын айтып қиналыпты. Егер шындығында да өзге тілдің терминдері қабылдаған тілдің байлығы болса, оларды өзге тілдегідей жазғаннан тілге келер зиян болмаса, онда неліктен Э. Хемингуэйдей әлемге мәшһүр қаламгер өз шығармашылығында оларды пайдалана алмаған?

Осы бір ғана «велосипед» сөзі төңірегінде ой өрбітіп көрелікші. Ағылшындар «велосипед» сөзін 1819 жылы француздың *vélocipède* сөзінен алған. Француздар бұл сөзді жоғарыда айтылғандай, латынның *velox* (*velocis*) – тез; жылдам, *pes* (*pedes*) – аяқ деген екі сөзін қосу арқылы жасаған. Яғни қазақ тіліне сөзбе-сөз аударғанда «жылдамаяқ» немесе «жылдамаяқтар» болады. Ағылшындар «*velocipede*» сөзін біршама уақыт қолданып, 1849 жылы велосипедтің жаңа, жетілдірілген түрі шыққан кезде оны *bicycle* ['baisikl] – қаз. /байсикл/ деп атап, осы сөзді қазіргі күнге дейін қолданады. Қазіргі ағылшын тілінде «*bicycle*» сөзі берік орныққан. Бұл сөз латынның «*bi – екі*» және гректің «*kuklos*» – дөңгелек, шеңбер деген сөздерінен жасалған. Калька жолымен қазақшаласақ, «екішеңбер», «қосдоңғалақ» болып шығады. Қазіргі француз тілінде бастапқыда өздері жасаған «*vélocipède*»-тің «*vélo*»-сы ғана қалған. Яғни «VELO»

түрінде ықшамдалған нұсқасын қолданады. «Велосипед» сөзі орыс тіліне ХІХ ғасырдың екінші жартысында француз тілінен кірген болса, ал біздің тілімізге ХХ ғасырдың бірінші жартысында орыс тілінен «велосипед» түрінде еш өзгеріссіз алынған. Француздар – «вело», ағылшындар – «байсикл», орыстар – «велосипед» деп әрқайсысы өзінше жасап немесе өз тілдерінің табиғатына қарай бейімдеп қабылдаған осы сөзді біз орыс көршімізден айна-қатесіз көшіре салыптық. Туыстас славян тілдері тобына жататын, орыстардың іргелес көршісі белорустарда бұл көліктің атауы ретінде «*ро-вар*» және «*веласипед*» деген екі сөз қатар қолданылады. Тілдерінің тегі мен түбі бір екендігіне қарамастан, белорустар да басқа балама алған және кірме сөзді өз тіліне икемдеп қабылдаған. Ал бізде дәл орыс тіліндегі қалпын сақтап қабылданған сөздер жалғыз «велосипедпен» шектелмейтіні баршамызға аян. Олар жүздеп, мыңдап саналады. Кеңестік кезеңде қалыптасқан шет тілдерінің сөздерін орыс тіліндегідей айтып-жазып, тілімізге солай қабылдау дәстүрін бүгін де жалғастырып келеміз. Соған қарағанда біз әлі жасампаздық пен көшірімпаздықтың аражігін ажыратуға, өз тіліміздің табиғаты мен ішкі заңдылықтарын сақтауға аса құлықты емес те сияқтымыз.

Осы әңгімеге арқау болып отырған «велосипед» сөзінің тіліміздегі қолданысына назар аударсақ, мына бір мысалды аттап өтудің реті жоқ. Белгілі жазушы Мархабат Байғұт бір әңгімесінің атауын «Белесебет пен байлық» деп атапты. Осы бір бүгінгі қоғамды жайлаған дертті арқау еткен мазмұнды да шып-шымыр, «...Бала кезінде белесебет ұрлағаның тізімнің басында тұр», – деді біреуі» деп басталатын шағын әңгімесінің соңғы төрттен бір бөлігінде ғана автор «белесебет» сөзін 21 рет қолданыпты. Қазақтың қабырғалы қаламгері бұл сөзді орфографиялық сөздіктегідей етіп «велосипед» деп неге жазбаған? Әлде оған сауаты жетпеді ме? Жоқ, мүлде олай емес. Бұл – мақсатты қолданыс. Егер қазақтың тілінде, қазақ үшін жазып отырған әңгімесінде қаламгер «велосипед» сөзін 21 рет қолданғанда, бұл әңгіменің тілі осы бір сөзге бола ауырлап, оқырман өзін тас ара-

ласқан күрішті шақырлатып шайнап отырғандай сезінер еді. Қаламгер осыны жақсы сезініп, оқырманына тас шайнатқысы келмегендіктен, саналы түрде «белесебет» сөзін қолданған. Бір қарағанда, «велосипед» сөзі тілімізге мұнда ғана кірген, «монитор», «блоггер», «риэлтор», «паркомат», «прайм-тайм» сияқты жаңа атаулар санатынан емес. Бұл сөздің тілімізде қолданылып келе жатқанына шамамен жетпіс-сексен жыл болды. Жұртшылықтың көре-көре көзі де, ести-ести құлағы да, жаза-жаза қолы да үйренетін уақыты болды. Бұл сөз қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне де орфографиялық сөздігіне де «велосипед» түрінде енгізілген. Яғни кірме сөздің тіліміздегі қолданылуы лексикографиялық тұрғыдан заңдастырылған. Былай қарасаңыз, оны бұрмалап жазуға ешқандай негізіміз жоқ сияқты. Соған қарамастан, жазушы оны «белсебет» деп жазады да, еліміздің ең көп таралыммен шығатын газеті – «Егемен Қазақстанда» М. Байғұттың әңгімесінің атауы үлкен әріптермен «Белесебет пен байлық» деп беріледі. Неге? Оның себептерін іздей бастасақ, ең басты себебі – бұл сөз о баста тіліміздің фонетикалық, морфологиялық заңдылықтарына сәйкес, өзгеріске ұшырамай, дәл орыс тіліндегі қалпын сақтап қабылданған. Ахаңша айтқанда, «қазақтың шапанын жамылып, тымағын кимей», тіліміздің заңдылықтарына бағынбай енгендіктен, бір ғасырға жуық қолданып жүрсек те, жаттығын жасыра алмай, тілге сіңбей, кірмелігі көзге ұрып тұр. Ал «болыс», «самаурын», «бәтіңке», «бәтелке» немесе араб тілінен енеген «қалам», «дәптер», «әлем» сияқты жүздеген сөздер тілімізге судай сіңіп, тастай батып кетті. Мұндай сөздерді бүгінгі тіл тұтынушылары жат сөз деп жатсынбайды, төл сөздерімізбен тең көреді. Көркем әдебиет тілінде де, баспасөз бетінде де, оқулық пен ғылыми мәтінде де бірдей жазамыз, біркелкі қолданамыз. Өйткені олар тіліміздің заңдарына бағындырылып алынған, кірген тілінің төл табиғатына сәйкестендіріліп қабылданған сөздер. Ал енді «велосипед» сөзіне келсек, біріншіден, осы сөздің басында тұрған «в» – тілімізге өткен ғасырдың 40-шы жылдары қабылданған кірме дыбыс. Қазақ тілінде «в» деген

дыбыс болмаған, сондықтан әліпбиіміздің басынан орын беріп, 70-80 жыл ішінде оны бірнеше ұрпақтың құлағына құйып, санасына сіңіріп, қанша жерден жаттап алсақ та, одан басталған сөздің бөтендігі сезіліп тұр. Тілдік сезімі бар адам «в» әрпінен сөз бастаудың тілге жатық, құлаққа жағымды бола алмайтынын бірден аңғарады. Екіншіден, қазақ сөздерінде «о» дыбысы (ойшыл, ошақ, бостандық, жолаушы, торсық және т.б.) сөздің басында немесе бірінші буында қолданады. Кірме сөздерде болмаса, төл сөздеріміздің екінші, үшінші буындарында немесе сөз соңында «о» дыбысы кездеспейді. «Вело» дегенде ол екінші буында тұр. Үшіншіден, қазақ тілінің ең негізгі заңдарының бірі – үндестік заңы бойынша сөз құрамындағы буындар біркелкі жіңішке (береке, желек, көрік, шүмек, т.б.) немесе біркелкі жуан (ағайын, құдаша, қарағай, сабау, тұмар т.б.) болады. Ал аралас буынды «велосипед» қазақ сөзінің табиғатына бұл жағынан да үйлеспей тұр. Төртіншіден, қазақ тілінде «д» дыбысына сөз аяқталмайды. «Бренд», «жиһад» сынды кірме сөздерде болмаса, қазақ сөзі «д»-ға бітпейді. Жалпы көпшілік үшін бұл сөздің мағынасының күңгірттігін айтпағанда, жоғарыда аталған себептердің өзі оның тілімізде еркін қолданыс табуы үшін аз кедергі емес. Міне, осындай себептерге байланысты қаламгер «велосипед» орнына «белесебет» деп саналы түрде қолданған. Сол себептен де біз авторға және оның «Белесебет пен байлық» деген әңгімесінің тақырыбын ірі әріптермен көзге ұрып тұратындай етіп берген «Егемен Қазақстан» газетіне қазақ тілінің орфографиялық сөздігі мен түсіндірме сөздігін басшылыққа алмадыңыздар деп кінә артудан аулақпыз. Керісінше, орыс тіліндегі қалпын сақтай отырып қабылдап алынған сөзді сол сірескен күйінде бермей, қазақ тілінің үн-ырғағына келтіріп үйлестіріп қолданған қаламгер мен оны түзетпей берген газет ұстанымына біз де қосыламыз.

«Велосипед» деген кірме сөзді сол қалпында өзгеріссіз пайдалана алмай жүрген жалғыз Мархабат Байғұт қана емес. «Белесебет» деп қолданып жүрген қаламгерлер мен журналистер жетерлік. Мәселен, арамыздан жуырда ғана

кеткен аса білікті азамат, көрнекті театр сыншысы Әшірбек Сығай «Өмірде адамдардың бәрі де – актер» деген сұхбатында «Белесебет, гармонь, маңдолиналар да бірінші болып менің қолыма тиіп жатты» («Жұлдыздар отбасы», №8, 2011 жыл) десе, белгілі қаламгер Нұрғали Ораз «Бұлақтан басталған өмір» деген мақаласында «Бердібек Соқпақбаев шығармалары сонау жетпісінші жылдардың ішінде, шөлейт аймақтағы шағын ауылдарда доп ойнап, белесебет теуіп, қой бағып, шаң-топыраққа батып жүріп балалық шақтың бал күндерін кешкен біздің буынға арнап жазғандай көрінетін-ді.» («Алматы ақшамы», 8 қазан, 2014) деп жазады. Қазақты, қазақ тілін бір қазақтай білген, ұлт зиялылары «Гераға» атап кеткен Г. Бельгер былай деп жазады: «А вот слово «тюрьма» нет в казахском языке. Нет и все тут! Как-то обходились вольные сыны степей без этого атрибута цивилизации. А когда понадобилось, прибегли к искаженному «түрме». Также приспособили и другие слова: зауыт (завод), тауар (товар), самауыр (самовар), экуатр (экватор), кәмпеске (конфискация), пірканшық (приказчик), белесебет (велосипед), кәмөнес (коммунист), ауылнай (председатель аульного совета), біргәдір (бригадир) и т.д.». Осындай пікірді біз тілші әріптесіміз Бейбіт Жәлелұлының мақаласынан да кездестірдік. «Дегенмен осы сөздердің «калькулятордан» өзгесін дыбыстық жақтан игеріп, «бәлкөн», «белесебет», «кәмпійтір», «ійнтернет» деп қазақшалай салуға болады. Атам қазақ «велосипед» деген сөзді әу баста-ақ «белесебет» деген. (Өзгенікін өзіміздікі деп малдануды қашан қояр екенбіз. 9 ақпан, 2013). «Велосипедпен» ұйқас құрап, өлеңге қосып та береке таппайсың. Оны біз Серік Мақұлбекулының «Оян, қазақ!» деген өлеңінде «Кеме де емес, ұшақ та емес, біздерде Белесебет жасай алар білім жоқ» деген өлең жолдарынан да көреміз. Мұндай мысалдарды біз әлі де жалғастыра аламыз. Алайда «велосипедтің» тілге сіңбей тұрғанын, ал «белесебетті» жатсынудың реті жоқ екенін пайымдауға осы да жеткілікті ғой деп ойлаймыз. Бірақ қазақтың қабырғалы қаламгерлері мен білікті азаматтары жатсынбай қолданып жүрген осы сөзді орфогра-

фиялық сөздігімізге «велосипед» деп енгізген және 2014 жылғы 11 желтоқсандағы отырысында дәл бір қазақ терминологиясын дамытуға осы сөз кедергі келтіріп тұрғандай «велосипед» деп бекітіп берген ҚР Үкіметі жанындағы терминкомдағы әріптестеріміздің әрекетін өз басым еш түсіне алмаймын. Тарихи көршіміз Ресеймен қатынастарымызды дамытып, сыйластығымызды сақтау маңызды екенін әркім-ақ біледі. Алайда орыс орфографиясын қазақтікі деп қабылдап үйренген советтік санадан арылатын уақыт бізге қашан туады?

Белгілі аудармашы Бекболат Әдетовтің мына төмендегі пікірі сөз болып отырған мәселеге тікелей қатысты. «Джек Лондонның жинағына енген екі әңгімесі мен «Теңіз қорқауы» романының аудармалары туралы айта келіп, былай депті: «Бірден айтайық: аударма сәтті, толымды. Кей тұстарындағы кедір-бұдырлары болмаса, сөз арнасы төл шығармадағыдай-ақ еркін жосылып отырады. Ал бойындағы кездесе беретін теңіз терминдерінің көптігі мен «брезент», «мокасин», «факт», «поселка», «морж», «ласос» (дұрысы – лосось – арқанбалық), «корм», (дұрысы – корма, ал «корм» деп малдың жемін айтса керек), «гудок», «шторм», «тропика» (дұрысы – «тропик»), «индивидуалист», «вивисектор», «шквал» секілді сан-сапа сөздерді айтпасқа амал жоқ. Роман – ғылыми еңбек емес екенін ескеріп, осылардың біразын жайдақтатып, жалпақ тілмен-ақ алса болмас па еді деген ой келеді». (*«Қазақ әдебиеті», Тәржімелік тәжірибедегі кейбір шалағайлықтар. 6 маусым, 2014 жыл*).

Кірме сөздердің, теңіз терминдерінің көптігі шығарма тілін ауырлата түскенін тәжірибелі аудармашы орынды атап көрсеткен деп ойламыз. Қазіргі қазақ оқырманының көпшілігі бұл сөздердің мағынасын да түсінеді, орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы енген жүздеген атауларды еш қиындықсыз оқып, дыбыстай да алады. Оған таласымыз жоқ. Біздің айтпағымыз, қазақ тілінде түзілген мәтіннің жатық оқылып, кірме сөз немесе төл сөз екендігіне қарамастан қолданылған әр сөздің тіліміздің дыбыс жүйесіне, буын құрылымына сәйкес үндесім тауып, сөздердің тір-

кесімділігі тұрғысынан келгенде жігі білінбей жымдасып тұруына қол жеткізу турасында болып отыр. Түптеп келгенде, ондай үндесім мен үйлесімділікке қол жеткізу шет тілдерінің сөздерін қабылдау кезінде оларды тіл заңдылығына бағындырып, өз тіліміздің мәнеріне икемдеп алу мәселесіне барып тіреледі.

Әңгіме көлік, қарапайым техника атауы туралы болып отырғандықтан, осы тақырыпқа қатысты ғана сәл ой өрбіте бастасақ та талай мәселенің шеті қылтияды. Мәселен, «самолетті» – «ұшақ», «ракетаны» – «зымыран», «подводная лодканы» «сүңгуір қайық» деген баламалармен алмастырдық. Ал орфографиялық сөздікте «поезд» сөзін – «пойыз», «машинаны» «мәшине» деп жазуды заңдастырдық. Солай жазып, қолданып та жүрміз. Ендеше, не себепті «велосипед», «мотоцикл», «трамвай», «автобус» сөздерін «пойыз» тәрізді тілімізге икемдеп, өзгертіп жаза алмаймыз? Өзге де мыңдаған кірме сөздер турасында да осыны айтуға болады. Яғни бұл біздің кірме сөздерге, терминдерге балама ұсыну, оларды жазу, жалпы тілімізге қабылдау мәселесінде берік ұстанатын ортақ қағидаттарымыздың болмай отырғанын, барының солқылдақ, осал екендігін көрсетеді. Бес сөзді өзгертіп жазып, бес мыңын өзгертпей қалдыру тілдік реформа бола алмайды. Барлық кірме сөз бір қағидаға бағынып жазылып, белгілі бір тілдік заңдылықтарға сәйкес қабылдануға тиіс.

Әрине, көркем мәтінді аударушылар онда айтылған ойдың қазақ оқырманына мейлінше түсінікті, дәл және шығарма авторының тіл көркемдігі мен стильдік ерекшелігін сақтай отырып жеткізуді мақсат етеді. Мәселен, аударма мәтінде кірме сөздердің, қазақ ұғымында, оның рухани-материалдық мәдениетінде, дүниетанымы мен дәстүрінде, тұрмыс-салтында, өмір-тіршігінде кездеспейтін, жат, бөтен заттар мен ұғымдар атауларының өзгеріссіз қолданылуы – бір жағынан түпнұсқадан ауытқуға жол бермесе, екінші жағынан оқырманның қабылдауына қиындық та туғызады. Оқырмандардың да білім деңгейі мен өзге тілдегі сөздердің мағынасын, олардың қандай ұғымды білдіретінін түсі-

ніп-білу деңгейі бірдей болмайды. Ал көркем шығарма тек жоғары білімді, көп тіл білетін немесе тілге жүздеп, мыңдап еніп жататын өзге тілдердің сөздерін, терминдерінің мағынасына мән беріп жүретін белгілі бір әлеуметтік қауымға ғана емес, жалпы жұртшылыққа, көпшілік қауымға арналады. Сондай-ақ әр тілдің дыбыстық жүйесі, сөзжасам табиғаты бөлек болатындықтан, кірме сөздердің көпшілігі оқуға жеңіл, дыбыстауға ыңғайлы, құлаққа жағымды бола бермейді. Сөйлемдегі сөздер өзара үндесім тауып, тіркесімділік табиғаты бұзылмай, сөйлем құрылысы жатық болуы үшін де оны құраған сөздердің жаттығы, бөтендігі аңғарылмағаны абзал. Аударма барысында осы талаптардың үдесінен үнемі шығып отыру оңай емес.

Бізде бірқатар ғалымдар, кейбір тіл мамандары, көркем мәтіннің ғылыми мәтінге, термин шығармашылығының көркем әдебиетке ешқандай қатысы жоқ деп санайды. «Терминжасам көркем әдебиет тілінен бөлек ғылым тілі аясында дами беруі тиіс» деген сыңайлы көзқарастарын білдіріп жатады. Терминдерді шет тілдерінен өзгеріссіз ала беруден де жалпыұлттық тілге келетін ешқандай зиян жоқ деп түсінеді. Бұл – біржақты, жаңсақ пікір. Олай болатыны, жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі мен ғылым тіліндегі арнаулы терминдердің бейтерминдену үдерісі үздіксіз жүріп жатады. Жалпылексикалық өріс пен терминологиялық өрістің арасын мүлдем бөліп тастау мүмкін де, қажет те емес. Мәселен, соғыс тақырыбына жазылған көркем шығармаларды әскери атақтар мен шендер, әскери техника атаулары мен әскери бұйрықтар, командаларсыз елестету мүмкін емес. Музыка, медицина, спорт тақырыбына қатысты жазылған шығармалар туралы да соны айтуға болады. Сондай-ақ көптеген көркем шығарманың кейіпкерлері белгілі мамандық иелері болады. Шығармаға солардың кәсіби тіл элементтерін енгізіп, өз саласының арнаулы сөздерін, терминдерін мақсатты қолдану арқылы қаламгерлер сол кейіпкерлердің образын, көркем бейнесін аша түседі. Міне, сондықтан да терминдердің барлығын көркем шығарма тілінен оқшаулап ұстап, оларды тек ғылым тілі мен терми-

нологиялық сөздіктер шеңберімен шектеп тастау мүмкін болмайды. Ендеше, терминдерді шет тілдерінен алғанда, аударғанда, түрлі тәсілдерді пайдалана отырып жасағанда әдеби тіл нормасын, тіліміздің фонетикалық, морфологиялық және басқа да заңдылықтарын сақтауды естен шығармауға міндеттіміз. Жалпы өз сөзін өгейсініп, жатсөзқұмарлық жетегінде жүргендер осыны түсінсе екен дейміз.

Көркем шығармалардағы термин қолданысы туралы сөз еткенде ескерусіз қалдыруға болмайтын тағы бір маңызды мәселе бар. Ол – жаңа терминдер мен атаулардың, кірме сөздердің ұлт тіліне сіңіп, қалыптасуындағы көркем әдебиеттің рөлі. Бұл тұрғыдан келгенде мерзімді баспасөз бен радио, теледидардың ықпалы өте күшті. Қазір оған интернет қосылып отыр. Өйткені ақпарат құралдары халыққа күнделікті ақпарат таратып, көпшіліктің санасына айрықша әсер ете алады. БАҚ-та жиі қолданылған терминдер мен жаңа атаулардың көпшілікке тезірек тарап, қалыптасып кету мүмкіндігі мол. Ал көркем әдебиетті жұртшылықтың бәрі және күнделікті оқи бермейді. Әсіресе қазіргі біз өмір сүріп жатқан қоғамда өткен ғасырдағыдай кітапты жата-жастанып та, көлікте келе жатып та, кезекте тұрып та оқитындарды кездестірмейтін болдық. Осындай кітаптан теріс айналып, кітапқұмарлар өте сиреп кеткен заманда көркем әдебиетті оқитындардың көп емес екендігі де белгілі. Бірақ соның өзінде көркем шығарманың аудиториясы арнаулы әдебиеттермен салыстырғанда бөрібір кең. Себебі, бүгінгі уақытта көркем шығарманың таралымы шектеулі, оқырманы аздау болғанымен, ол бүкіл халыққа, жалпақ жұртқа бағытталып, жалпыға ортақ әдеби тілде жазылады. Оны хат танитын баладан бастап, барлық жастағы адамдар оқып, түсіне алады. Әрине, адамның білім-парасаты мен ұлт тілін меңгеруінің деңгейіне қарай шығарманың идеясы мен көтерген мәселесін әркім әртүрлі деңгейде қабылдайды. Ал шығарманың жалпы мазмұны мен оқиға желісін әдеби тілді орташа меңгерген оқырман қауым түсінетіндігіне күмәнданбауға болады. Мәселен, газетті мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балалар оқи бермейді. Сала ма-

мандарына арналған кітаптар мен ғылыми әдебиетті де негізінен тек сол саланың мамандары пайдаланады. Көркем шығарма белгілі бір мамандықпен шектелмейтіндігімен ерекшеленеді. Міне, бұл жағынан келгенде қанша жерден кітап оқитындар азайды дегенмен, көркем шығарманың сөз қалыптастырудағы орны ерекше. Көркем шығарма үшін әр сөздің қолданысына, синонимдердің таңдалуына, сөздердің тіркесімділігіне үлкен мән беріледі. Сонысымен де ол көркем әдеби тіл деңгейіне көтеріледі. Жаңа атаулар мен терминдердің, тілімізге еніп жатқан кірме сөздердің көркем шығармаға енуі, көркем проза мен поэзияда қолданылуы – олардың әдеби тілге қабылдануының бір шарты іспетті. Сол себептен де әдеби тілдің сөздігін жасау барысында мысалдар негізінен көркем әдебиеттерден, белгілі ақын-жазушылардың шығармаларынан алынады. Тіл қадірін білетін, сөз қолданысына үлкен жауапкершілікпен қарайтын халыққа кеңінен танылған көрнекті қаламгерлердің шығармаларында қолданылуы жаңа атаулардың оқырманға жетуіне оң ықпал етуімен қатар, ондай сөздердің сол сөз зергерлері тарапынан да қабылданып, көпшілікке ұсынылғандығының да көрінісі болып саналады. Мысалы, кейінгі жылдары жасалған жаңа атаулар мен кірме сөздерді, терминдерді Ө. Кекілбаевтың, М. Мағауиннің, Д. Исабековтің, Қ. Жұмаділовтің, Т. Әбдіктің, Т. Нұрмағамбетовтің, М. Байғұттың және басқа да көптеген белгілі қаламгерлердің шығармаларынан кездестіріп жатсақ, онда солардың тарапынан бұл сөздердің тілде өмір сүруіне жолдама беріліп отырғаны деп түсінуімізге негіз бар.

Орынборда өткен «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезіндегі» Елдес Омарұлының баяндамасында да, 1926 жылғы Бакуде өткен «Бірінші бүкілодақтық түркология құрылтайында» жасаған баяндамасында Ахмет Байтұрсынұлы да «Қазақ тілінің табиғатына сәйкеспейтін барлық өзге тілдердің сөздері дәл қазақтың айтуына сәйкес өзгертілуі керек» деген қағидатты ұсынған еді. Бұл қағидатты ұстана алмадық. Ұзақмерзімдік бодандық бізге өзгенікінің бәрін зор, өзінікін қор санау психологиясын сіңіріп тастаған.

Тәуелділіктен, құлдық сананың сарқыншақтарынан әлі арыла алмай келеміз. Оның көріністерін тілден де айқын аңғарылады. Шет тілдерінен сөз қабылдауға ешкім қарсы емес. Бұл тілдер арасында болатын табиғи құбылыс. Бірақ өзге тілдің сөздерін өз тіліңді бұзбайтындай етіп икемдеп, қорыта алатындай мөлшерде ала білу маңызды. Олай ете алмаған тілдер өз заңдылықтарын күйретіп, өзге тілдің үстемдігіне жол береді. Поляк ғалымы, түркітанушы Хэнрик Янковски: «Барлық тілдерде де кірме сөздер бар, ал қазақ тілінде мөлшерсіз» дейді. Дұрыс айтады. Біз оны теріске шығара алмаймыз. Зерттеушілер қазіргі замандағы ең кең тараған тіл ағылшын тілінің сөздік қорының 75-80 пайызын негізінен латын мен француз тілінен енген кірме сөздер құрайды деп көрсетіп жүр. Бұл шындықтан алшақ емес. Орыс тіліндегі жағдай да соған ұқсас. Біздің кейбір ғалымдар мен лауазымды тұлғалар осы тілдерді үлгі ретінде ұсынып, «біз олардан әулиеміз бе» дегенді айтып жүр. Бұл түбірінен қате пікір. Қате болатын себебі, ол тілдер кірме сөздерді түгелдей дерлік өз тілдеріне икемдеп алды. Мәселен, ағылшын тіліне француз тілінен енген көптеген кірме атауларды олардың этимологиясын арнайы зерттеп барып қана анықтауға болады. Өйткені олар адам танымастай, дәлірек айтқанда, француздар өз сөзін өзі танымастай қалыпта өзгеріске ұшырады. Қытай мен орыс та солай істеді, өзгелер де сөйтеді. Сондықтан мыңдаған, миллиондаған кірмелер олардың тіліне кірігіп, сіңіп кетті. Ал біз араб пен парсы сөздерін ғана солай игердік те, орыс тіліне келгенде ол заңымызды іске қоса алмай, дәрменсіз болып қалдық. Осы дәрменсіздігіміз бүгін дәстүрге айналып үлгерді. Осыны айтсаң, тіл табиғатын сақтап, ғылымға сүйенудің орнына мұны орыс халқына, орыс тіліне қарсылық, ұлтараздық пікір туғызушы деп қолдан саясиландырып немесе кері кеткендік, өркениеттен кеш қалғандық деп, орыс орфографиясы бойынша жазып, орыс орфоэфиясы бойынша айта білуді білімділік, қазақтың жетілгендігі деп санайтындар пайда болды. Олар орыстардың біздің сөздерімізді қазақтармен келіспей-ақ қалауынша өзгертіп алып

жатқанын неге көрмейтініне қайран қаламыз. Сондай-ақ орыс тіліне тән дыбыстар мен орыс тілінің заңдылықтарын, орфографиясы мен орфоэфиясын өз ережеміздей қабылдап, бізге оны саналы түрде таңғысы келетіндер де бар. Бүйте берсек, солардың жетегінде ере берсек қайда барамыз? Сөз мәдениеті, тіл тазалығы деген ұғымдар қайда қалады? Орыс тілі жат сөздерді жатсынбайды деп ойлайтын кейбір ағайындардың орыс тілі мамандарының да қазір шет тілдерінің сөздерін қабылдауға шектеу қоймаса, орыс тілі, орыс менталитеті зардап шегетінін айтып, дабыл қағып жатқанын біле бермейтін сияқты. Әйтпесе тіліміздің жасампаздық қабілетін арттырудың орнына, тәп-тәуір жасалған қазақ сөздерін қомсынып, кірме сөздерге кіріптарлықты дәріптемес еді. Шет тілі сөздерін шексіз көп қабылдаудың, өзгенің сөзін өзгертпей алудың тілге үлкен зиян келтіретінін, ұлттық дүниетанымды, әлемнің ұлттық тілдік бейнесін лайлайтынын түсінбеу – үстем мәдениет, үстем тіл жетегінде кеткендіктің белгісі.

Мүмкін өзіміз айтсақ, жүре тыңдайтын кейбір ағайындар, орыс тілі мамандарының сөзіне құлақ қояр. Солардың айтқанын аудармай, қаз-қалпында берейік. Мәселен, С.М. Треблер мен О.Г. Мусалаева былай деп жазады: «Ведение в активное употребление иноязычных слов (особенно через речь молодежи) приводит к вытеснению коренных русских слов, а вместе с ними и снятию важных национальных образов мира, традиционно присущих русской ментальности и сохраняемых внутренней формой славянского слова. Проблема эта настолько важна, что многие государства запретили бездумное употребление англицизмов в системе национальных языков» (*Треблер С.М., Мусалаева О.Г. Заимствованное слово: слово покушение на русскую ментальность // Язык, перевод и современные технологии обучения языкам. – Алматы, 2002. – С.112*).

Орыс тілінің мамандары көптеген мемлекеттер ағылшын сөздерін көзсіз қабылдай беруге тыйым салғанын айта отырып, олар байырғы орыс сөздерін шеттетіп, орыс діліне тән әлемнің маңызды ұлттық образдарын жоюға апаратын

дейді. Осы мақаланың «Заимствованное слово: слово покушение на русскую ментальность» деген атауының өзі бірден назар аудартады. Біздің кейбір мамандар да, маман еместер де кірме сөздерді еш негізсіз қорғаштап, оларды өркениет жаршысы санаса, орыс тілінің мына мамандары «кірме сөз – орыс діліне жасалған қастандық» деп санайды. Әшейінде осы тілді үлгі тұтатындар, олардың да кірме сөздерді құшақ жайып қарсы алғысы келмейтініне көңіл аударғаны жөн болар.

20-30-жылдары «велосипедке» қазақ қауымы «шайтанарба» деген балама ұсынды. Осы атау сол кездің баспасөзі мен ауызекі тілінде қолданыс тапты. Көркем әдебиет пен баспасөз беттерінде қазір де қолданылып келеді. Бірақ соған қарамастан, қазақ қауымы осы «велосипед» сөзінен қашып, «шайтанарба» атауын неліктен қолданды екен деген сұрақ өз-өзінен туындайды. Шындығында, қазақ еріккенінен «поезды» – «отарба», «велосипедті» – «шайтанарба» деген жоқ. Рас, бұл атауларда образдылық басым, жаңаны жатсыну психологиясы да байқалады. Алайда мұның артында одан да маңызы мәселе жатқанына мән бере бермейміз. Ол – ұлттық таным мен өзгенікін өзінікі етіп игеру ниеті. Бұл аса маңызды ұлттық иммунитет. Біз қазір осыдан айырылып, төтем қабілетіміз төмендеп барамыз. Бұл өте қауіпті құбылыс. Өзінің мені жоқ адам да, өз мәдениеті мен ұлттық ерекшеліктерін сақтай алмаған ұлт та, ұлт тілі де ешқашан өміршең бола алмайды. Жаңаның бәрін қорытпай қабылдау, жылтырағанның бәрін жатсынбай, өзгенікінің бәрін шайнамай жұту – көзсіздік. Сөз алмасудағы осы көзсіздік, Халелше айтқанда, «Зорлықпен кіргізген жат сөздер елдің түп қазығы болған тілді бұзады». Ұлттың басты қасиеті – тілді бұзсақ, сонда неміз қалады?

Қос дөңгелектің айтарлықтай ұтымды баламасы болып, тілімізде жаппай қолданатын дәрежеге жетпесе де, «шайтанарба» тілімізден шеттеп кеткен жоқ. Бірнеше ғана мысал келтірейік. Мәселен, белгілі қаламгер, әдебиетші ғалым Тұрсын Жұрбай «Таң бишілері елінде» деген Қытай күнделіктерінде: «Кемпір мен шалдар «шайтанарбаны»

қосаяқтап қайшылағанда жастарға жеткізбейді («*Түркістан*», 12 сәуір, 2013 жыл)десе, жазушы Жанат Ахмади: «Бір күні өзім үйінде тұратын аға досым Пайызов Сейтханның кішкене баласына үш аяқты шайтанарба (велосипед) әкеле жатқанмын» (*Шырғалаң шақ. «Жұлдыз» журналы, №9*) деп жазады. Белгілі журналист-қаламгер Қали Сәрсенбай: «Шайтанарбаны тұрақты көлік түрі еткендер үшін қала көшелері қауіпсіз деп айту қиын» («*Алматы ақшамы*»). *Даланың өзіндей, көненің көзіндей... 17 сәуір, 2014*) десе, «Алаш айнасы» «Қазақ шайтанарбаны баланың ойыншығы санай ма?» (*№18, 3 ақпан, 2012*) деген тақырып қояды. Осылай жалғаса береді. Сондай-ақ «белесебет» пен «шайтанарбаны» қолданбаса да, «велосипедтен» қашып, «темір ат», «қос дөңгелекті көлік» деп бейнелі атауларды қолданып жүргендер де бар. Темір ат (*Серік Мұратхан. «Азаттық» радиосының сайтынан*), Алматыда қос дөңгелекті көлікті қолды қылатындардың қатары көбейді (*nur.kz. 25 маусым, 2014*).

Жалпы бізге кірме сөздерді қабылдау, тілге сіңіруде кеше басшылыққа алынған, бүгін және ертең табан тіреуге тиісті қағида, ережелеріміз жөнінде шындап ойлануға тура келетіні байқалады. Осының бәрі түптеп келгенде, отызыншы жылдардан бастап соңғы 80-85 жыл көлемінде кірме сөздерді тілімізге дұрыс сіңіре алмай, оларды орынды-орынсыз қабылдап және ұлт тіліндегі сөзжасамға тұсау салып келгеніміздің салдары. Басқа түк те емес. Біздіңше, о баста «велосипедті» қазақшалап, үндестік заңына сәйкес «қосдөңгалақ» немесе «қосдөңгелек» деп алсақ, тілге бір жаңа атау баяғыда-ақ сіңіп кетер еді. Тілге сіңбей жүрген осы атауды қазір де жаңаша атауымызға болады. Тіл – өзіміздікі, соған қақылымыз. Тек бір қазақ бір жаңа атау ұсынса, екіншісі «белесебетті қайта жасап қажеті қанша?» деген жаттанды, даярды ғана алып үйренген тұтынушы психологиясын жеңіп, өз қолымызбен де жасап үйренуге ұмтылғанымыз жөн шығар. Ағылшындар отыз жыл француз сөзін қолданып, содан соң өзгертіп алды ғой. Олар өзіне келгенде өзгеге жалтақтай бермейді. «Қосдөңгелек» ұғым-

ды да беріп тұр, тілге де томпақ келмейді, атаулық қасиеті де еш сөзден кем емес. Бәлкім, баламызға: «Қарағым, астыңдағы қосдөңгелек, Жүрмесін екі арада бос дөңгелеп» деп өлеңмен ақыл айтып отырар ма едік. Ахандар аман болса, мыңдаған кірме сөздердің орнына «бастауыш» пен «баяндауыш» сияқты тамаша қазақша баламалар жасалынар еді-ау. Өзгені құрметтеп үйренген әдетімізден жаңылмай, қосдөңгелекті тілімізге сәл ғана икемдеп «белесебет» деп қабылдасақ та, қазақ белесебет тебе алмай қалмас еді ғой. Бұдан француз бен орыс тілі зардап шегеді деу тіпті ақылға сыймайды. Өттең, тарихи санамыз тарылып, ұлттық санамыз ұйықтап, тілдік санамыз тізерлеп қалмағанда, бай да құнарлы қазақ тілі қабылдампаздыққа ұрынбай, өзінің жасампаздығын айдай әлемге паш етіп тұрмас па еді. Бұған әлі де кеш емес. Үмітіміз зор. «Үмітсіз – шайтан» дегендіктен де уақыт жұмсап, қағаз бетін алып, қалам майын жұмсап осы сөзді айтып отырмыз. Ол үшін алдымен ортайып кеткен ұлттық сана, тарихи сана, тілдік саналарымызды толтырумен қатар ғылыми санамыздың да деңгейін көтеруіміз керек. Елі ерікті, жері көрікті, мемлекеттілігі мызғымас, Азия барысы, Мәңгілік Ел болуды мақсат етіп отырған қазақтың оған бүгін қарым-қабілеті де, ерік-жігері де, ақыл-парасаты да жетеді деп білеміз. Сабырлы шешім, саналы әрекет жасап, байыпты бағыт ұстана алсақ, қазақтың бар қасиетін сақтап тұрған тілінің де байлығын еселеп, әуезділігі мен төл ерекшеліктерін жоғалтпауға негіз қалай аламыз.

5. Түпнұсқа тілден тікелей аудару – өзекті мәселе

XX ғасырда Қазақстанда көркем аударма негізінен тәржімеден тәржімелеуге негізделіп келді. Оның басты себептерінің бірі – Кеңес одағының саясаты, идеологиясы, орыс тілінің үстемдігі. Кеңестік кезең бұл дәстүрді берік орнықтырды. Орыс тілі біз сияқты Одақ құрамына кірген халықтардың әлем мәдениеті мен әдебиетіне өтетін жалғыз

көпірі болды. Шығармалары әлем әдебиетінің алтын қорына кіретін А. Пушкин мен Ю. Лермонтовты, Л. Толстой, Ф. Достоевский, И. Тургенов, А. Чехов, И. Бунин және тағы басқа да классиктерді берген орыс әдебиетінің ұлттық әдебиетіміздің дамуына игі ықпалы болғаны сөзсіз. Оларды қазақ тіліне аудару – көркем әдебиет қорымызды байытумен қатар, ұлт тілінің кең тынысы мен мүмкіндігін де көрсетті. Орыс әдебиеті мен мәдениетінің осындай оң ықпалын ешкім теріске шығара алмас. Алайда экономикасы мен ғылымы, мәдениеті мен әдебиеті жақсы дамыған, өркениет жолында Кеңес Одағынан едәуір алда тұрған жұрттармен тікелей қарым-қатынастың болмауы – мәдениет пен әдебиетке, оның ішінде осы көркем аударма саласының да көкжиегін шектеп келгенін де жоққа шығара алмаймыз. Түпнұсқа тілден тікелей аудару бізде кенжелеп келуінің өзге де түрлі себептері жоқ емес, алайда ең негізгі себеп осы деуге негіз жеткілікті. Бізде өз ана тілімен қатар жапон, қытай, ағылшын, неміс, француз, испан, итальян, араб, парсы, хинди тілдерін де жетік білетін жазушы, әдебиетшілер, аудармашы мамандар өте аз болды. Мұндай мамандарды дайындау, олардың шоғырын қалыптастыру мақсаты көзделіп, мұндай іс қолға алынбады. Кеңестік идеология мен алып державаның тіл саясаты бұған жол бере қоймады. Әлемнің көптеген елдерімен еркін қарым-қатынас жасап, олардың мәдениетімен тікелей танысып, тілдерін меңгеру мүмкіндігіне еліміз тәуелсіздігін жариялаған 90-жылдардан кейін ғана қол жеткіздік. Қазір көптеген шет тілдерін жетік білетін, әлемнің әр түпкірінде, батыс пен шығыстың дамыған мемлекеттерінде білім алған жас қауым қаулап өсіп келеді. Тәуелсіздігіміздің ширек ғасырдан астам уақытында шет тілдерін меңгерген мамандар қауымы қалыптасты. Аз ғана бөлігі болмаса, негізінен жалғыз орыс тілінен өзге шет тілдерін жетік меңгермеген қазақтар мен қазақстандықтардың тілдік капиталы жыл санап байып, қазір әсіресе ағылшын, неміс, түрік, қытай және басқа тілдерді меңгергендер қатары артып отыр. Әсіресе ағылшын тілін білетіндер саны күрт өсіп, білуге ынталылар да көбейіп келеді. Мемлекеттік тілді

және шет тілдерін меңгергендердің қатары көбейіп, тілдік капиталымыздың өсуі бүкіл ел халқының игілігі үшін өте маңызды. Әлеуметтанушы ғалымдар тілдік капитал азаматтардың қоғамда жемісті еңбек етіп, табысқа жетуі үшін өте қажет екендігін атап көрсетеді. Ендеше, қазақтың ұлқызы да алдымен ана тілінің уызына жарып өсіп, өз тілін жетік меңгергеннен кейін өзге шет тілдерін де біліп жатса, мұны дұрыс үрдіс деп тануға тиіспіз. Ұлтымыз бәсекеге қабілетті болуы үшін сол бәсекелесетін жұрттардың тілін білу арқылы олардың жетістіктерін, озық ойлары мен ғылым-білімін, технологиясы мен өндірісін, өнері мен әдебиетін де біреудің айтқаны мен жазғаны бойынша қабылдамай, өзіміз тікелей оқып-тоқи алатын болғанымыз дұрыс қой. Бұл көркем аудармаға да қатысты. Әлем әдебиетінің озық туындыларын да шашауын шығармай ұлт тіліне аударатындар – өз тілімен қоса, сол шығармалар жазылған түпнұсқаның тілін де жетік біліп, автордың стилі мен ашық та астарлы ойларын бұрмаламай, көмескілендірмей, мейлінше дәл, анық та айқын жеткізуге қабілетті, тікелей аударатындар. «Тіл – ұлттың жаны» дейміз. Ұлттың жанына жол табу үшін оның тілін білу шарт. Тілі арқылы оның мәдениеті мен өнеріне, тарихы мен бүгінгі ғылымын игеруге мүмкіндік ашылады. Ал әдеби шығарма тіл мен ойлау арқылы жасалатын өнер туындысы. Автордың биік талғамы, озық ойы, пайым-парасаты, дүниетанымы, қоғамға көзқарасы, сөз қолдану шеберлігі тек қана кестелі тіл арқылы көрініс табады. Басқаша болмайды. Ендеше, көркем шығарманың жазылған тілі – сол шығарманың қыр-сырын толық аша алатын жалғыз кілті. Оны басқа кілтпен ашудың қажеті жоқ, өз кілтін салу керек. Бұл тұрғыдан келгенде біз шет тілдерінен тікелей аударған жекелеген аудармашыларды айтпағанда негізінен орыс әдебиеті мен көрші қырғыз, өзбек, татар әдебиетін ғана өз кілтімен ашып келген жұртпыз. Ағылшын, неміс, қытай және басқа да тілдерді меңгерген буынның өсіп жетіліп келе жатуына байланысты сол тілдердің әдеби шығармаларын тіке аударудың үлесі жылдан-жылға артып отыр. Соңғы жылдары бірқатар шығармалар шет тілдерінен қа-

зақ тіліне төте аударылды. Бұл – құптарлық құбылыс. Алайда бұл жерде тағы бір ескеретін жайт бар. Бізде орыс тілінен аударудың бір ғасырдан астам тәжірибесі мен осы уақыт ішінде орныққан дәстүрі бар. Сондай-ақ ХІХ ғасырда Абай, Шәкәрім сынды ұлы тұлғалардан бастау алатын бұл іске ХХ ғасыр басында А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабайұлы, одан беріде М. Әуезов, Ә. Кекілбаев бастаған қазақтың көрнекті жазушылары, қабырғалы қаламгерлері атсалысты. Яғни көркем аударма жасаумен тек орыс тілін жақысы білетін мамандар ғана емес, өздері көркем туындыларды дүниеге әкелген қалам қайраткерлері, белгілі суреткерлер айналысты. Сонымен қатар көркем аударма жасауға машықтанған тәжірибелі аудармашылар шоғыры қалыптасты. Бүгінгі көркем аударманың жеткен жетістігі, бағындырған биігі осы аталған қауымның жемісті еңбегінің нәтижесі. Бұл басы ашық мәселе, оған ешкімнің таласы жоқ. Әлем мәдениетінің тұнығынан қанып ішуге, бұлақтың бастауынан сусындауға мүмкіндік алып отырған қазіргі заманда тілдік капиталымызды да байыта отырып, алдымызда көркем аударманы жаңа сапалық деңгейге көтеру міндеті тұрғанын сезінуге тиістіміз.

Кеңестік кезеңде де орыс тілінен өзге тілдерден тікелей аударған мамандар көп болмаса да бар еді. Мәселен, «Фаустты» неміс тілінен алғаш аударған Медеубай Құрманов, Ғалымжан Мұқанов француз ақыны К. Клермонттың «Владимир мен Зара немесе қырғыздар туралы» деген дастанын француз тілінен тікелей аударды. Бұл аударма 1988 жылы «Жазушы» баспасынан жарыққа шықты.

Кейінгі жылдары бұл іс біршама жанданып, төте аудармамен айналысып жүрген мамандардың көріне бастағаны қуантады. Олардың қатарында қытай тілінен тікелей аударып жүрген Т. Зәкен, Д. Мәсімханұлы, И. Нұрахмет, Ә. Қапанұлы, ағылшын тілінен Г. Түсіпова, Д. Берікқажы, Н. Қапшықбайұлы, жапон тілінен Ш. Жылқыбай, француз тілінен Т. Толқынқызы, Ж. Туғанбаев, түрік тілінен М. Ершу, А. Құрметұлы сынды мамандар бар. Төте аударманы жетілдіру мәселесін қозғағандардың бірі, бірнеше кі-

тапты неміс тілінен төте аударған жазушы Сайымжан Еркебаев: «Төте аударма туралы бірер сөз» деген мақаласында түпнұсқа тілден тікелей аудару мәселесін арнайы сөз еткен. «Бүгінгі таңда біздің аудармашыларымыздың дені орыс тілінен аударумен ғана шұғылданады және олар – орыс тілін жете меңгерген адамдар. Бірақ олар тек орыс тілінде жазатын жазушыларды ғана аударып қоймайды, сол орыс тіліне аударылған басқа ел әдебиеттерінің классикалық үлгілерін де осы орыс тілін негізге алып аударады ғой.

Шынтуайтқа келгенде, осының соңғылары да төте аударма емес, орыс тілінің делдалдығы арқасында ғана іске асқан аудармалар. Осыдан келіп аз да болса, түпнұсқадан ауытқуға жол беріледі, көптеген жағдайларда стильдік, ұлттық ерекшеліктер сақталмай, бұрмаланады, сөйтіп, еріксіз қиянат жасалады». (*Көркем аударма: тәжірибе мен тағылым. 437-б.*)

Жазушы төте аударманың түйткілді мәселесі туралы орынды сөз қозғап отыр. Оның бұл айтқандарында көркем аударма саласындағы кешегі кеңестік уақыттың шындығы көрініс тапқан. Одан беріректе поэзия аудармасы жөнінде осыған ұқсас пікірді шығыстанушы ақын Ө. Күмісбаев та айтады. «Шығыс ақындарының аударылуын қанағаттанарлық деп табамыз. Бірақ әлі де болса екінші тіл арқылы алып келеміз. Дәл сол тілден аударғанға не жетсін?! Шығыс тілдерінен тікелей бері қарап тартатын азын-аулақ мамандарымыз болғанымен бұл шаруаға жөнді қатыстырылмай келеді. Біз болашақта қатты ескеретін мәселелердің бірі осы екендігінде дау болмаса керек» (Ө. Күмісбаев. *Шығыс сарындары мен саздары // Көркем аударма: тәжірибе мен тағылым. – Астана, 2001. – 166-б.*) деп жазады ол.

Әрине, аралық тілге жүгінбей, түпнұсқадан төте аударғанға не жетсін! Бұған ешкімнің таласы жоқ. Алайда Кеңес одағының құрамында болған көптеген халықтар үшін өмірдің барлық саласында орыс тілі негізгі қарым-қатынас, тіршілік ету тілі болды. Ондай салалардың қатарына ғылым мен әдебиет те кірді. Қазақ ұлты түгелге дерлік орыс тілін өртүрлі деңгейде білді. Тіпті жастайынан орыс тілінде тәр-

бие көріп, білім алғандықтан, ұлтымыздың елеулі бөлігі ана тілінен жырақтап, орыстілді қауым қатарына қосылды. Орыс тілі олар үшін бірінші тілге, ана тіліне айналды. Ал қазақ ұлтының басым бөлігі үшін орыс тілі халқымыз жаппай меңгерген жалғыз шет тілі болды. Сондықтан ол ғылыми-шығармашылықта, соның ішінде көркем аударма жасауда да тек орыс тілінен ғана емес, барлық өзге тілдерден аударуда қолданылған әмбебап тіл рөлін атқарды. Сонымен қоса, батыс пен шығыс елдерімен тікелей әдеби-мәдени байланыстарымыздың өте әлсіз болуы, тіпті болмауы, өзге тілдерден аударылған әдебиеттер қорының алдымен орыс тілінде қалыптасуы сияқты факторлар да көркем аудармада бір тілге байлаулы, тәуелді болуымызға апарды. Тәржіме тәжірибемізде бұл үрдіс едәуір ұзақ уақытқа созылуына байланысты қалыпты құбылыс сияқты қабылданып, дәстүрге айнала бастады. Тәуелсіздігіміздің ширек ғасырға жуық уақытында да орыс тілін делдал тіл ретінде пайдаланудан әлі толық арыла алмай отырғандығымыз соның салдары. Бүгінгі қазақтардың 79% -ы орыс тілін еркін меңгерген, жартылай меңгергендер – 20% , ал мүлде білмейтіндер 1% ғана. Орыс тілін қазақтардың 2% -ы туған тілім деп санайды. (*«DAMU Research Group» талдауы негізінде*).

Әлеуметтік зерттеулер көрсетіп отырғанындай, қазірдің өзінде бұл тіл қазақ өмірінен ойып орын алып тұр. Оны өмірімізден мүлдем аластап тастауды ешкім ұсынып отырған жоқ. Біздің тілдік капиталымыздың бай болғаны, оның ішінде орыс тілін жетік білетіндердің де көп болғаны жақсы. Тек орыс тілі ана тіліміздің орнын иеленіп, ұлт өмірінен оның өз тілін ығыстырып тастауына жол беріп алсақ, ол жақсы емес. Орыс тілі біз үшін ағылшын, неміс, француз, араб, жапон, қытай, испан тілдерімен бірдей шет тілі болып саналуға тиіс. Іргелес ел, жақын көршіміз, ғасырлар бойы тығыз араласып келе жатқан тарихи тағдырлас, бүгінде ТМД, ШЫҰ, ЕурАзӘҚ, Кеден Одағы, ЕЭО сияқты бірқатар одақтар құрамына кіретін экономикалық әріптес жұрттың тілі ретінде де орыс тілін бізден шалғайда орна-

ласқан мемлекеттердің тілдерінен гөрі, мәселен, испан мен малай, португал мен норвег тілінен гөрі көбірек білгеніміз жөн шығар. Оған еш таласымыз жоқ.

Тек мемлекеттік тіл атқаруға тиісті барлық қызметтерді мүлтіксіз атқаруға мүмкіндігі толық жететін, ел аумағында кеңінен қолданылуға тиісті өз тілімізді есіктен сығалатып, өзге тілді төрге оздырып қою елдігімізге сын. Кең тарағандығы үшін ғана анасының тілін шет тіліне алмастыратын, нан тауып жеуге қолайлы тілге көшіп, туған тілін жұртқа тастап кете беретін ұрпақ тәрбиелейтін ұлттың болашағы бар дегенге кім сенеді? Біздің, қазақтардың, бойымызға сіңіп алған ең бір жаман дертіміз – өзіміздің асылымызды бағаламай, өзгенікін көрсек езеуреп тұратынымыз. Поляк ғалымы Х. Янковски сырт көз ретінде біздің осы бір жағымсыз қасиетімізді дөп басып көрсетіпті. «Бес қазақ тұрса, бір орыс келсе орыс тілінде сөйлейді екен. Көшеде көремін, мектепте он қазақ баласы тұрса да, бір орыс келсе орыс тілінде сөйлей жөнеледі. Өздерінің ана тілін құрметтемейді» деп жазыпты ол «Түркістан» (8.01.2015) газетіне берген сұхбатында. Шындығы сол. Оны жасырып, жабудың немесе оған шамданудың, жалған намысқа басып, «жоқ, біз ондай емеспіз» деудің еш реті жоқ. Өзіміз де осы бір қор мінезімізді көріп-біліп, айтудай-ақ айтып та жүрміз. Бірақ содан біржола арыла алмай-ақ келеміз. Бізде қандасының айтқанын жүре тыңдайтын, «Е, оны айтқан өзіміздің пәленше екен ғой» деп қоя салатын әдет бар. Бұл да өзімізді өзіміз сыйлай, құрметтей білмейтіндігіміздің бір көрінісі. Ұлы Абай да: «Бірінді, қазақ, бірің дос, Көрмесен, істің бәрі бос» деп, қазақ өмірінен осы мінезді көп көргеннен айтса керек. Біз де қазаққа қазақ айтса, әсері шамалы бола ма деп, екінші жағынан «сырт көз – сыншы» деп поляк әріптесіміздің айтқанын алға тосып отырмыз. Әйтпесе бұл өз арамызда айтылмай жүрген сөз емес қой. Шетелдік түрколог ғалымның көрген балалары тәуелсіз елдің ұл-қызы, ертеңіміз, болашағымыз емес пе? Тәуелсіз елде туып, өсіп-өніп отырып неге олар сондай жалтақ, өз жерінде, өз елінде жүріп өзгерге өз мәдениетін, өз тілін құрметтеудің үлгісін неліктен

көрсете алмайды? Себебі, олардың көбі отбасынан, балабақшадан, мектептен, көшеден, биік-биік мінберлерден үлкендердің сондай үлгісін, өзіне келгенде паң, өзгеге кішік мінезін, ана тіліне шорқақ, басқа тілге ағып тұрған ата-әжелерін, аға-әпкелерін көріп өсіп келеді. Бала қашанда үлкендерден өнеге алады, соларға қарап бой түзейді. Оларға үлгі-өнеге болып, тәрбие беретін үлкендеріміз ұлтының тілін қадірлеу орнына оны өзге тілдердің тасасында қалдырып жүрсе, балаларға қай бетімізбен өкпелейміз. Сондай ұрпақты тәрбиелеп жатқан өзіміз ғой. Балаларымыз – біздің айнамыз, соларға қарап біз өзімізді көреміз. Осыдан жарты ғасыр бұрын жакжүрек қолбасшы, қайсар рухты тұлға Бауыржан Момышұлы: «Мен үш нәрседен қорқамын: Бірінші – баласына бесік жырын айтпайтын анадан, екінші – немересіне ертегі айтпайтын әжеден, үшінші – бір-бірімен қазақша сөйлеспейтін қазақтардан» деген еді. Намыстан жаралған Баукеңнің, қазақтың ұлтын сүйген ұлының осы сөзі бүгін де құнын еш жойған жоқ. Ол көтерген мәселе бүгінгі күн үшін де өте өзекті болып отыр. Өйткені тәуелсіз елде де бір-бірімен қазақша сөйлеспейтін қазақтар көбеймесе, азаяр емес. Сондықтан біз қорықсақ, еліміздің болашағы – жас ұрпаққа жағымсыз үлгі көрсетіп, ертегі мен бесік жырын айтпақ түгілі, отбасы мен көпшілік ортада бір-бірімен қазақша сөйлесуге жарамай жүрген ата-әжелерден, әкелер мен аналардан қорқуымыз керек. Бүгінгі ана тілінен мақұрым қалған, оны шала білетін немесе тілін біле тұрып қоғамда оны кеңінен қолдануға ерік-жігері жетпейтін жастар – солардың тәрбиесінің жемісі. Осындай жеміс өсіре берсек, бақшамыз басқаның қолына өтіп, жемісін жемек түгілі түбінде оның өзін де таппай қалатынымызды ұмытпағанымыз жөн.

Жастарымыздың шет тілдерін білгенін, көп тілді меңгергенін қалаймыз. Бірақ олар сол меңгерген тілдерінің жетегінде кетіп қалмай, қашанда өз тілдерін бірінші орынға қоя білетін ұрпақ болып өссе ғана ұлтының өсіп-өркендеуіне қызмет ете алатынын олар жастайынан санасына берік сіңіруге тиіс. Егер біз ондай тәрбие бере алмасақ, ұл-

қызымыздың қытай, ағылшын, орыс, неміс тілдерін білгеніне мәз болып, «қазақша қайда қашар дейсің» деп жүрсек, болашағымыздың тамырына өз қолымызбен балта шауып жатқанымыз. Мұны алаштың ардақты ұлдарының бірі, Халел Досмұхамедұлы өткен ғасыр басында-ақ жеріне жеткізіп айтқан. «Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып, бөтенше сөйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып жат тілге еліктей беруі зор қате. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек» деген еді алаш қайраткері. Амал қанша, біз оны есімізден шығарып алдық. Сүйінішімізден күйінішіміз басым болып тұр. Алаш қайраткері сақтандырған зор қателікке жол беріп қойдық. Енді соны түзету бағытында пәрменді, мақсатты жұмыс жүргізуіміз қажет. Дегенмен қоғам өмірінде болған өзгерістер, егемен елдің дербес даму жолы өз өзгерістерін енгізбей тұра алмады. Біз тек орыс тілін ғана білумен шектелетін ұлттан, көп тілді меңгерген ұлттар қатарына қосылуға қарай қадам бастық. Таңдайына орыс тілінің дәмі сіңген аға буынның орнына алдымен ағылшын және түрік, қытай, неміс сияқты өзге де тілдердің дәмін ала бастаған, соған аса ынталы жаңа буын келе жатыр. Бұл үдеріс барған сайын үдей түсетініне күмән келтіру қиын. Әсіресе ағылшын тілі еліміздің орта мектептерінен бастап, жоғары оқу орындарында жаппай оқытылады. Білімді тек ағылшын тілінде беретін немесе оған басымдық беретін білім ошақтары қазір елімізде аз емес.

Көп тілді меңгерген елге айналуға қарай бет алғанымызды қазірдің өзінде батыс пен шығыс жұрттарының тілдерінен тікелей аударылған әдебиеттердің саны арта бастағанынан да көреміз. Мұны барынша құптаймыз. Ал енді мәселеге екінші жағынан қарағанда, «Көркем шығармаларды қазір шет тілдерінен аударумен кімдер айналысып жатыр?», «Олар қазақтың тілі мен әдебиетін, мәдениеті мен тұрмысын қай деңгейде біледі?» деген сұрақтар өз-өзінен туындайды. Неге десеңіз, әлемдік классиканы қазақ тіліне аударған аға буын негізінен ана тіліне уызынан жарыған, көрнекті қаламгерлер мен көркем аударма мек-

тебінен өткен тәжірибелі аудармашылар еді. Мәселен, И. Тургеневті М. Әуезов, Г. Мопассанды Ә. Кекілбаев, И. Бунин мен Л. Толстойды Қалихан Ысқақ сынды қазақтың көркем сөз өнерінің хас шеберлері аударса, О. Бальзакты Жұмағали Ысмағұлов, П. Меримені Әбілмәжін Жұмабаев, Г. Маркесті Кеңес Юсуп сияқты көркем аударманың майын ішкен майталмандары тәржімеледі. Бұл шығармаларды аударғандар – ағылшын, неміс, француз тілін меңгермесе де, қазақ өмірі мен мәдениетін, әдебиеті мен арғы-бергі тарихын жақсы білетін, көшпелі өмір-салтының шетін көрген буын. Ал бүгінгі ағылшын, неміс, француз тілдерін меңгерген жас буынның шет тілдері мен мәдениетін терең білетініне күмән келтірмесек те, қазақ тұрмысы мен тілін алдыңғы буын ағалардай білетіндігіне аздап күмәнмен қарауымыздың негізі бар-жоғын олардың қаламынан туындаған шығармаларды салыстыра зерттеушілер айта жатар. Қалай десек те, біз алдағы уақытта өлем әдебиетінің жауһарларын түпнұсқадан оқи алатын және оларды делдал тілдің көмегінің өз тілімізге тікелей тәржімелеуге қабілетті ұлтқа айналуға ұмтылуға тиіспіз.

2013 жылғы дәстүрлі әдеби жыл қортындысында көркем аударма мәселелері бойынша баяндама жасаған Бекболат Әдетов «2013 жылы 209 атаулы кітап қазақ тілінен басқа тілдерге, 94 атаулы кітап басқа тілдерден қазақ тіліне, соның ішінде 48-і ағылшын тілінен, 14-і орыс тілінен аударылып, жарық көріпті» деген мәліметті келтіріпті. (*Тәржімелік тәжірибедегі кейбір шалағайлықтар. «Қазақ әдебиеті», №23 (3395), 6-12 маусым, 2014 жыл.*). Бір жылдың ішінде қазақшаға аударылған 94 кітаптың тең жартысынан сәл астамы, яғни 48-і ағылшын тілінен тікелей аударылғаны төте аудармадағы үлкен алға басушылық десек болады. Алайда бұл жерде «Сан мен сапаның сәйкестігі қандай?» деген сұрақ туады. Ол өз алдына бөлек әңгіме. Бұған тек сандық көрсеткіш деп қараған күннің өзінде мұны делдал тілдің құрсауынан шығуға қарай бағытталған ұмтылыс, төте тәржімедегі ілгерілеушілік деп бағалаған абзал.

Шығыс пен батыс тілдерін жақсы меңгерген білікті мамандарымыздың бірі Ғалым Боқаш тіке аудару туралы былай деп жазады: «Өйткені байқап жүрмін, Қазақстанда аударма ісі ақсақ. Түпнұсқаны айтпағанда, ағылшын тілінен аударуға мүмкіншілік болса да, әлі күнге ескі соқпақпен келе жатырмыз. Орыс тілінен аударған соң оның бастапқы нұсқасынан түк қалмайды. Бұл, әсіресе, көркем әдебиетке қатысты. Бұл салада жетілдіретін нәрселер өте көп. Аударма саласында жүрген азаматтар да атсалысуы керек. Әрине, олардың қолында тұрған да ештеңе жоқ. Оған ішкі рыноктың аясы тар екені себеп. Аударманың «Мәдени мұраға» кіргенін қолдаймын. Бірақ сапасына да назар аударып, екінші бір даму сатысына көшу керек. Тіке аудармаға көшу керек. Шетел әдебиетінен нені аудару керектігін де көп іздеудің қажеті жоқ, білген адам үшін олар әбден іріктеліп, сұрыпталып қойған. (*«Алтын іздеген адам тәсілін құпия ұстайды».* *«Жезбұйда» порталы*).

Өте орынды айтылған пікір. Білікті аудармашы мамандар тәрбиелеп, тіке аудармаға көшу қажеттігі еш дау туғызбайды. Ішкі нарықтың шектеулілігіне қарамастан, бар мамандарды тиімді пайдаланып, төте аударудың жаңа дәстүрін қалыптастыруға бағытталған жоспарлы жұмыстарды қолға алған абзал. Бұл орайда «Мәдени мұра» өзирге жалғасын таппай отырғандықтан, шетел әдебиетін өз тілімізге, төлтума шығармаларымызды шет тілдеріне тікелей аударуға арналған жаңа бағдарламалар қолға алынса, тіпті орынды болар еді.

Соңғы әлеуметтік зерттеулер нәтижесі бойынша қазақтардың 59% -ы ағылшын тілін мүлде білмейді, жартылай білетіндер – 39%, ал 2% -ы ғана ағылшын тілін жетік білсе, соның ішінде 1% -ның ағылшын тілінің кәсіби лексикасын меңгергендігі анықталып отыр. Ал орыс тілін білу деңгейіміз мүлде басқа. Ұлтымыздың 79% -ы орыс тілін еркін меңгерсе, жартылай меңгергендер – 20%, орыс тілін мүлде білмейтіндер 1% екен. Осы деректердің өзі-ақ көп нәрседен хабар берсе керек. Кеңестік кезеңде шет ел әдебиетін аударғандар осы 70-80% орыс тілін меңгергендердің

арасынан шықса, қазір ағылшын тілінен аудару оны жетік білетін 1-2% -дың ішінен шығып отыр. Сонымен қатар ол 1-2% -дың арасынан біз әлі М. Әуезов пен Ә. Кекілбаев, Қ. Ысқақ деңгейіндегі сөз зергерлерін біле бермейтінімізді ескерсек, біз ағылшын тілінен тікелей аударудың алғашқы баспалдағына жаңадан аяқ басып тұрғандаймыз. Бірақ бұл істің болашағына біз күдікпен емес, үлкен үмітпен қарауға міндетті өрі мүдделі екенімізді ұмытуға болмайды.

Көркем аударма туралы, оның ішінде төте аудару жөнінде сөз болғанда, қазақ тілінде жазылған әдеби шығармаларды шет тілдеріне аудару жайы туралы айтпай кетуге болмайды. Бұл – мәселенің екінші беті. Жазушы Әлібек Асқаров: «Қазақ әдебиетінің шекара асып, шетел оқырмандарының талғам-талқысына түсуі үшін алдымен шығармаларды әлем тілдеріне аудару керектігі белгілі. Бұл да ұзақ жылдар бойы шешілмей келе жатыр. Еліміздегі аударма саласы, әсіресе көркем туындыларды шетел тілдеріне аударумен айналысатын жүйе әлсіз екенін мойындауға мәжбүрміз» деп жазады. *(Асқаров Ә. Аударма жайы алаңдатып отыр // «Егемен Қазақстан», №183 (28911), 24 қыркүйек, 2016.)*

Қаламгер атап отырғандай жүйені қалыптастыру үшін сол жүйенің қалыпты жұмысын қамтамасыз ете алатын, делдал тілдің көмегіне жүгінбей-ақ қазақ тілінен тікелей шет тілдеріне аударатын мамандар даярлау да өзекті.

Әлем әдебиетін қазақ тіліне аралық тіл – орыс тілінің көмегімен аудару бізде ұзақ жылдар бойы жүзеге асып келді. Аударудың бұл әдісі бізде біршама орнығып, қалыпты құбылысқа, дәстүрге айнала бастағандай да болып еді. Алайда соңғы жылдар тәжірибесі мұндай дәстүрді өміршең етудің негізсіз екендігін алға тартып, түпнұсқадан тікелей аударуға қарай бетбұрыс жасалып отырғанын байқатады. Мұның бәрі дұрыс. Дегенмен жылдар бойы орныққан дәстүрден бір күнде бас тартып, бір тілге тәуелділіктен қысқа мерзімде арыла қоюдың да оңай емес екенін мойындауға тура келеді. «Тәржімеден тәржімелеу тек қазақ аударма өнеріне тән емес, әрине. Сан түрлі себептерге байланысты

бұл әдіс талайдан қолданылып келеді. Қолданыла беретіні де анық» (С. Абдрахманов. *Аударма – мемлекеттік тіл мәртебесін көтерудің тегеурінді тетігі. 28-б.*) деген белгілі журналист, әдебиетші ғалым С. Абдрахмановтың пікірі аударма жайын жақсы білетін маманның мәселенің мән-жайына үңіле отырып айтылған деп пайымдаймыз. Қазір біздің елімізде жыл санап ағылшын, қытай, түрік тілдерін білетіндер қатары артып келеді. Неміс, француз, араб, парсы тілдерін білетіндер де бар. Алдағы уақытта осы тілдерді меңгерген қауым арасынан сол шет тілдерінде жазылған әдеби шығармаларды өз тілімізге тікелей аударатын мамандар қатары арта түседі деп білеміз.

Сонымен қатар орыс тілінің көмегіне жүгіне отырып жасалған қыруар жұмыстан, бүгін ел игілігіне жаратып отырған әлем әдебиетінің көркем туындыларынан бас тартудың да еш негізі жоқ екендігін де естен шығармағанымыз дұрыс. Бұл орайда аударма мәселесін зерттеуші армянның көрнекті әдебиеттанушы ғалымы Левон Мкртчянның «Кітаптардың белгілі бір тілде өмір сүретіні заңды. Бұл ретте олардың аударма немесе төлтума болуы онша маңызды емес. Тіл үшін олардың бәрі де түпнұсқа болып табылады» (Л. Мкртчян. *Ұғыныстыққа деген ұмтылыс // Көркем аударма: қыры мен сыры. 92-б. Жинақты құрастырып, тәржімелеген К. Юсуп*) деген пікірі өте орынды айтылған деп білеміз. Төл әдебиетіміздің өсіп-өркендеуі мен дамуына, тіл байлығымыздың еселене түсуіне әлем әдебиетінің, жаһан жазушылары мен ақындарын аударудың зор ықпал еткені сөзсіз. Аударма әдебиеттердің саны мен сапасы, сондай-ақ уақыт сынына төтеп беруі өз алдына бөлек қарастырылатын мәселе. Жалпы алғанда, қашан, қай кезеңде аударылып жарияланғандығына қарамастан, аударма әдебиеттер қазақ тіліндегі көркем шығармалар қорымызға қосылған, оны толықтырып отырған әдеби байлығымыз. Ол байлыққа мұқият болу, көркем аударма ісін бүгінгі күн талабына сәйкес жаңа деңгейге көтере отырып, аударма әдебиеттер қорын үздік шығармалармен үздіксіз толықтырып отыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыра беру – міндет.

6. Көркем аудармадағы кейбір кемшіліктер туралы

Көркем аударманың жетістіктері мен жетпей жатқан тұстары туралы мамандар тарапынан бұған дейін де сан рет айтылып, сан түрлі ғылыми, ғылыми-танымдық мақалалар мен жекелеген зерттеу еңбектері мен оқу құралдары жазылды. Ол еңбектердің аударма саласының дамуына, жаңа са-тыға көтерілуіне, кемшіліктердің түзетілуіне түрлі дәреже-де үлес қосқаны даусыз. Көркем аударма бар жерде оның жай-жапсарын жан-жақты сөз ететін ондай еңбектердің алдағы уақытта да жазыла беретіндігі де дау туғызбайды. Көркем аударманың тілдік қорды байытуға қосар үлесі, ау-дарма барысында жаңа сөздердің туындауы мен қолданыс ерекшеліктері сияқты мәселелерді лингвистикалық тұрғы-дан арнайы зерттей отырып, үлкен ізденіс пен кәсіби шебер-лікті қажет ететін сан қырлы шығармашылық үдеріс кезін-де кететін кемшіліктер, олқы тұстар жайын біз де айналып өте алмаймыз.

Әлем әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларын қазақ тіліне аударған қаламгерлер аз емес. Солардың бірі – Сафуан Шаймерденов. Ол Р. Тагордың «Күйреу» (1958) ро-манын, «Алтын сағым» (1960), «Гәуірмаһан» (1964) хикаят-тарын, Л. Толстойдың «Альберт» (1965) хикаятын орыс-шадан қазақ тіліне аударды. 1982 жылы Р. Тагор шығар-маларын аударғаны үшін оған Қазақстан Жазушылар одағының Б. Майлин атындағы сыйлығы берілді. Өзі де көркем аудармамен айналысқан, аударма жайын жақсы бі-летін тәжірибелі қаламгер аудармадағы ақаулықтар жөнін-де де сөз қозғаған. Сафуан Шаймерденов Шолохов шығара-маларының қазақ тіліне аударылуы туралы мақаларының бірі – «Тынық Дон» романының аудармасында: «Жазушы тіпті шағын ғана повесть жазуы үшін де айлар, жылдар бойы ізденеді, толғанады. Аудармашы да солай, аударатын кітабын аударып-төңкеруге тиісті. Әр сөздің, әр сөйлем-нің түп-тұқиянын қазады, зерттейді. Сөйтіп барып тамаша сұлу баламасын табады», – дейді.

Аударма жауапкершілігін, балама табудың көп ізденісті қажет ететінін терең пайымдай отырып айтылған пікір. Алайда аудармашының бәрі үнемі мұндай биік талап деңгейінен көрініп, мақала авторы айтпақшы, «Әр сөздің, әр сөйлемнің түп-тұқиянын қазады» деп айту да қиын.

Осы мақаласында жазушы: «...аудармашы «коловертьті» – «жылым», «грузиланы» – «бастырғыш», (месяц на ущербені) – «ай ескіріп қалыпты» деп мүлде теріс аударған (Дұрысы – «үйірім», «салдауыр», «қорғалаған ай») деп жазады.

Баламалардың дұрыс қолданылмағанын қаламгер орында атап көрсетіп отыр. Сафуан Шаймерденов кейбір аудармашылардың орыс тілінің шырмауынан шыға алмай қалатынын да дұрыс аңғарған: Ол: «Жалпы алғанда, көркем ойлау жоқ жерде аударма осылай жадағай болып шығады. Бір қызығы, мұндай аудармашылар жылан арбаған торғайдай орыс тіліне арбалады да, ана тілінің сиқырлы күшін сезінуден қалады. Қазақша қалай айтса да, жетпейтін секілді болып көрінеді. Содан барып сөз атаулының бәрін басқа, көзге төпелеп үймелете береді» (377-б.) деп жазады.

Көркем шығарманы аударушының көркем ойлауы жетіспесе, ол тіл мүмкіндігін толық пайдаланып, оның аударған шығармасы оқырманға түпнұсқадағы көркемдік деңгейін сақтаған қалпында жетеді деудің қисынсыз екені де еш талас тудырмаса керек. Ал жазушы атап көрсетіп отырған орыс тіліне арбалу жағына келсек, көркем аудармада ол жекелеген аудармашыларға тән нәрсе болса, ал ресми-іскери аудармада қазіргі кезеңде бұл жаппай көрініс беріп отырған құбылысқа айналып отыр. Заң шығару, ісқағаздарын жүргізу орыс тіліне негізделіп, құжаттардың басым бөлігі алдымен орысша дайындалып, содан кейін қазақ тіліне аударылатындығы осы құбылыстың белең алуына жол ашып отыр.

Одан әрі С. Шаймерденов кейбір сөздердің қазақша баламасы бола тұра орыс тіліндегі қалпында аударылмай алынғанына назар аударады. Бұл жөніндегі пікірін ол былай білдіреді: «Жол-жөнекей айта кетейін, қазақ тілінің лекси-

касында бар көп сөздер аударылмай, орысша қолданылып жүр, «юбка» (белдемше), «евангелие» (інжіл), «Христос» (Айса), тағы тағылар... Аудармашыларда көркемдік ойлау, қазақша балама іздеуге тырысушылық жетісе бермейтін секілді» (383-б).

Сондай-ақ жазушы «Дон әңгімелері» деп аталған үшінші мақаласында аударманың кемшіліктері ретінде жеке-леген сөздердің дұрыс алынбайтындығын атай отырып, оған төмендегідей мысалдар келтіреді: «Плетень» – бірде «шарбақ», бірде «қадалар». «Гутарить» – бірде «қалжыңдау», бірде «сөйлесу», «әңгімелесу». «Горница» – «төр үй, жоғары үй». «Пруд» – «бөгет» тұйық су, қарасу мағынасын бере алмайды» деп, бір ұғым атауы ретінде бірнеше баламаның жарыса жұмсалудың кемшілік ретінде көрсетеді. Мұндай кемшіліктер, сөзжасамдағы жасандылық, тіл байлығын меңгермеуден немесе оның қатпар-қыртыстарына тереңірек үңіліп, сөздің дәл баламасын табуға ұмтылмаудан туындайды.

Тіл байлығына, сөз қолдануға үлкен жауапкершілікпен, аса жоғары талғаммен қарайтын С. Шаймерденовтей көрнекті қаламгердің, шебер аудармашының өз аудармаларынан да кейбір көңілге қонбайтын қолданыстардың ұшырасуы аударма ісінің өте күрделі, қатпары қалың өнер екенін тағы бір айғақтай түседі.

Қаламгер аударған Р. Тагордың «Күйреу» романынан алынған мына мысалдарға назар аударалық: «Его дочь, Хемнолини, как раз в это время держала экзамены на бакалавра изящных искусств, и Ромеш довольно часто заходил к ним на чашку чая, а то и просто без всякого повода» деген сөйлемді ол: «Оннода-бабудың қызы Хемнолини дәл осы бір шақта көркемөнер бакалавры атағына емтихан ұстап жүрген-ді» (10-б.) деп аударады. Осындағы «держала экзамены» деген тіркесті «емтихан ұстау» деп сөзбе-сөз аударудан гөрі тілімізде қолданысы орныққан «емтихан тапсыру» тіркесін алғанда орынды болар еді деп санаймыз. Жазушы: «Ведь я сейчас занимаюсь философией для экзаменов на бакалавра, – заметила Хемнолини» деген сөйлемді аударғанда да осы

«емтихан ұстау» тіркесін таңдап, «Мен қазір философия бакалаврлығына емтихан ұстаймын ғой, – деп қойды Хемнолини» түрінде аударады.

«Была суббота, а на воскресенье назначена свадьба Хемнолини» деген сөйлемді «Бұл сенбі күні еді, ал жексенбіге Хемнолинидің тойы тағайындалған-ды» (75-б.) деп, орыс тіліндегі «назначена» сөзінің орнына «тағайындалған-ды» сөзін пайдалану да тікелей аудару нәтижесі. Осы қатарға мына төмендегі сөйлемдерді де жатқызуға болады: «Нет, ничего, – ответила Комола» – «Жоқ, оқа емес, – деп жауап қатты Комола (191-б.); «От меня там проку не будеть» – «Менімен түк өнбейді» (231-б.); «Надоедать людям не в моем характере!» – «Біреуді мезі етіп жіберу мендік мінез емес!» (235-б.). Осы сөйлемдерде «оқасы жоқ», «Ол жерде менің пайдам шамалы», «...маған жат мінез» немесе «менің мінезіме жат нәрсе» деп аударса, әлдеқайда ұтымды да ұғынықты болар еді деп ойлаймыз.

Қаламгер «Ты с ума сошел!» деген сөйлемді «Есің бүтін бе!» (226-б.) деп аударыпты. Қате деуге болмас, алайда бұлай өте сирек қолданылады. Оған қарағанда, «Есің дұрыс па!» деу – тілде анағұрлым жиі жұмсалатын қолданыс. Біздіңше, осы сөйлемді «Сен ақылыңнан адастың ба?» немесе «Сен есіңнен адастың ба?» деп аудару түпнұсқаға неғұрлым жақын әрі көпшілік оқырманға түсініктілеу болар еді.

Орыс тілінен сөзбе-сөз аударылған бұл сөйлемдермен қатар, «Күйреу» романынан қазақшаға дәл аударылмаған және мағынасына сай жұмсалмаған бірді-екілі сөзді ұшыратуымызға тура келді. Мәселен, жазушы осы аудармасында «Хемнолини өз шешесіне тартып ер жетті» (101-б.) және «Хем, сен бала емессің ғой, ержеткен, білімді қызсың» (329-б.) деп жазады. Қазақта ұл мен қызы өсіп-жетіліп, көмелетке толғанда «Ұл ержетті, қыз бойжетті» демеуші ме еді? Бұл сөздің түпкі мағынасы «ұлым жетіліп ерлермен теңесті, ер жігіттің жасына жетті, қызым өсіп, бой түзеді» дегенді білдірсе керек. Сөз қадірін бір кісідей білетін қабырғалы қаламгердің қыз балаға қатысты неліктен «бойжетті» демей, «ержетті» сөзін қолданғанын түсіне алмадық. Сонымен қа-

тар «Оның үстіне бірнеше ай бойы көріспегендіктен жатсырап, жатырқап қалған да түрін танытады» (83-б.) деген сөйлемдегі «жатсырап» сөзінің де қолданысы көкейімізге қонбады (отчужденность к Ромешу). Тіліміздегі «әлсіреу», «байсырау», «жетімсіреу», «қансырау» сөздерінің мағынасынан аңғарылып тұрғанындай, бұл сөздер әл-қуаттың кемуі, жар жылуының жетіспеуі, ата-ана қамқорлығы мен мейірімінен айырылып қалу, қаны кетіп, бойындағы қанның азайып кетуі сияқты бір нәрсенің жетіспеуін, кемуін білдерді. «Сырау», «сіреу» өзі қосылып тұрған сөз түбірінің мағынасындағы ұғымның, заттың кемшіндігін, жоқтығын білдіреді. Сондықтан аудармашы «жатсырау» орнына Ромешті «жатсынып», «бөтенсініп» тұр деп, осы сөздерінің бірін қолданса, айтылмақ ой дәл берілер еді. Келесі сөйлемдегі «пиғыл» сөзінің қолданысында да мағына дәлдігі жетіспейді. «Сол себепті діндес, пиғылдас, өмірге көзқарасы да бір, жүрегім сүйген адамға үйленбеуім тым ағаттық болып табылар еді» (223-б.).

«Пиғыл» негізінен жағымсыз мағынада жұмсалады. «Пиғылдас» сөзі «арам ойлары бір» деген мағына білдіреді. Сондықтан діндес, өмірлік көзқарасы бір, жан жүрегімен сүйген адамды «пиғылдас» емес, «ниеттес» деу орынды.

Осы сияқты «Из молока которой делали бы масло, из масла гхи, а на гхи приготавливали бы лучи» деген сөйлемді «Сиыр сүтінен май алып, оны майға айналдырамыз» (286-б.) деп аудару да түсініксіз.

«На ловца и зверь бежит» фразеологизмін жазушы «Жолы болар жігіттің желі оңынан шығады» (278-б.) деп аударыпты. Біріншіден, ақыры желмен байланыстырған соң «...желі оңынан шығады» деген ерсілеу естілетін тіркестен гөрі «...желі оңынан тұрады», «...желі оңынан соғады» деген әлдеқайда дұрыстау болар еді. Екіншіден, орыстың «Заинтересованному в чем-либо человеку удачно попадает тот, кого он хотел найти, или то, что ему нужно» деген түсініктеме берілген фразеологизміне қазақтың «Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан» деген өте жиі қолданылатын тұрақты тіркесі толық сәйкес келмесе де, мағынасын мейлінше дәлірек қамтып тұр.

«Сафуан – тілге мұқият кісі. Сөз өнеріндегі шеберлік құпиясы тілде жататыны мәлім. Демек, Сафуан сөз өнеріне бетіндегі бар ұятымен, кеудесіндегі күллі дірілімен қарайды. Нағыз жазушыға қастерлі мінез дәл осы арада – шығарманың тіліне деген жауапкершілікте жатса керек» (7-б.) деп жазады академик-жазушы Зейнолла Қабдолов қаламгер шығармашылығы туралы.

С. Шаймерденов шеберлігіне, тілге мұқияттығына күмән келтіруден аулақпыз. Сонау 50-жылдардың аяғында, отыз бес жасында Р. Тагор сынды әлем таныған классик жазушының «Күйреу» сынды сүбелі романын қазақ тіліне төгілдіріп аударуының өзі оның дара талантын айғақтайды. Алайда жас қаламгер аударған көлемді еңбектің ішінен кездескен мағына дәлдігі жетіспей тұрған жоғарыдағыдай жекелеген сөздер мен сәтсіздеу жұмсалған кейбір сөз тіркестері оның көркем аударманың дамуына қосқан үлкен үлесін жоққа шығармайды.

Генрих Белльдің «Иесіз үй» романын қазақтың көрнекті ақыны Темірхан Медетбек орыс тілінен сәтті аударған. Жалпы алғанда аударма жақсы шыққанымен жекелеген сөздердің қолданысы мен орыс тілінің сөйлем құрылысын айнытпай алу салдарынан қазақ тілінің табиғатына сай келе бермейтін бірлі-жарым сөйлемдер кездесті. Мәселен, «Осы екі маңызды мәселелер Поскеде де, Киггемайерде де жоқ» (Г. Белль. 152-б.). Сондай-ақ жазушы «Сокращение лицевых мускулов – недорогой подарок; но он тут же выскочил из машины, побежал открывать ей дверцу, достал чемодан из багажника» деген сөйлемді «Екі бұлшықеттердің жиырылуы – соншалықты қымбат сый емес; жүргізуші машинадан атып шығып, багажниктен шамаданын алып шықты» (Г. Белль. 273-б.) деп аударады. Келесі сөйлем де осыған ұқсас. «Ақша қардай он үш жаңа тістер» (Г. Белль. 322-б.). Орыс тіліндегі сөздердің көпше түрде берілуіне орай аудармашы оларды қазақ тілінде де көпше нұсқада берген. Осы сөйлемдердегі көптік жалғауларының артық жалғанғаны көзге ұрып тұр. Қазақ тілінде «Егер сөйлемнің субъектісі немесе объектісі есептік сан есіммен тіркесіп,

анықтауыштық қатынасты білдірсе, онда анықталатын сөзге көптік жалғауы жалғанбайды» деген ереже бар. Жалпы орыс тілінен аударуда сол тілдің әсерімен қазақ тілінде де көптік жалғауын жалғау жиі кездесіп жатады. Кезінде ұлы қаламгеріміз Мұхтар Әуезов те «Дворян ұсын» аударғанда «...Лизаның көзінен де үнсіз жастар төгіледі» (126-б.). (...и безмолвные слезы лились из ее глаз и глаз Лизы), «Елу жастарда» (лет пятидесяти) деп жазған еді.

Кейінгі жылдары ресми-іскери аударма көлемінің артуына байланысты орыс тілінің ықпалынан шыға алмаушылық тіпті ұлғая түскендей. Соның бір көрінісі осы көптік жалғауын орынсыз жалғау белең алып барады. Бұл, әсіресе, мерзімді баспасөз бен ресми-іскери стильде жиі көрініс беріп жүрген құбылыс.

Көк түріктер сарынымен жазылған рухты жырларымен қазақ поэзиясына үлкен серпін, жаңалық әкелген, қазақ сөзінің қадірін ұғатын көрнекті ақынның қаламынан туындаған аудармаларында өзге тілдің шырмауынан шыға алмай жататын қайсібір мекемелердің кеңсе қызметкерлерінің жазбаларына тән мұндай кемшіліктердің кездеспегені жөн-ақ еді.

А. Чеховтың «Қояншық» әңгімесін аударған белгілі жазушы С. Иманасов «котиковая шапочка» деген тіркесті мына сөйлемде: «Өзіне мына біреуі өнер адамын меңзерлік күнқағары мыжырайған көнетоз қалпақ, екіншісі ауқатты адам бола тұра, оқымысты серіге ұқсағысы келгендей мысықтері малақай киген достары да ұнап тұр...» (242) деп аударыпты. «Мысық терісінен тігілген малақай киген» деп жатпай, «мысықтері малақай» дегені ықшам да, түсінікті. Тәп-тәуір қолданыс сияқты. Дегенмен осы тілімізде түлкі терісінен тігілген тымақты – «түлкі тымақ», қоян терісінен тігілгенін – «қоян тымақ» деуші еді ғой. Тура сол сияқты «сусар бөрік», «елтірі бөрік», «суыр тымақ», «қамшат бөрік», «қасқыр ішік», «түлкі тон», «суыр тон» деп жалғаса береді. Қаламгер аудармашы неге «котиковая шапочка»-ны тілімізде бұрыннан қалыптасқан осы үлгімен «мысық малақай» деп алмады екен деген ойда қалдық.

Дж. Фенимор Купердің «Могиканның соңғы тұяғын» (Астана – 2011, 368-б.) орыс тілінен аударған белгілі аудармашы Тельман Жанұзақов: «Басқа жағдай болса, көз құрышымызды қандырар ек-ау, Кора!» (62-б.) деп жазады. Жақсы ән-күй немесе жан сүйсінерлік жақсы сөз тыңдағанда «құлағымыздың құрышын қандырды» дейтініміз белгілі. Ал «көз құрышын қандырды» дегенді естімептік.

Мұндайда көзге қатысты «көзіміз тойды», «көз сүйсінді» деген орынды болар еді.

«Түннің ақыры (Жан алқым)» романында аудармашы мынадай сөйлемдер құрады. Қызының ілесуінде бұл асханаға кірді (181).

Көркем аудармамен ұзақ жылдар бойы айналысқан белгілі аудармашы Б. Әдетов тәржімалаған «Көрдегілердің көзі» романында «Басын орындықтың арқалығына жастап, шынтақшасына салмағын сала отырып, бар дүниеден, түннің алуан иісінен, гүлдің, жапырақтың, шыққа бөккен көк майсаның естен тандырарлық жұпарынан баз кеспекші болды» (543-б.) деген сөйлем кездесті.

Осы сөйлемдегі «Басын орындықтың арқалығына жастап» деген қолданыс қисынға келмей тұр. «Жаста» етістігі «басына жастық немесе басқа бір зат салып жату, жастану» деген мағына береді. Яғни басты жастанбайды, басқа жастанады. Ендеше, оқырман жоғарыдағы сөйлемді «басын орындықтың арқалығының астына қойды немесе орындық арқалығы басты жастанды» деп түсінуден басқа амалы қалмайды.

Джон Голсуорсидің «Девондық адам» деген атпен жарық көрген жинағына енген новеллаларын орыс тілінен аударған қаламгер Дидахмет Әшімханұлы «Кит тағы да інісін сұрақтың астынан алды» (191-б.) деп аударарды.

Тілде «таяқтың астына алды», «сұрақтың астына алды» деген қолданыстар бар. Алғашқысы «таяқпен төпеп ұрды, тоқтамай сабады» деген, ал кейінгісі «сұрақты жаудырды, сұрақтарды үсті-үстіне қойды» деген мағына білдіреді. Ал жоғарыдағы сөйлем кері мағына беріп, «інісін сұрақтан құтқарып, арашалап алды» дегенді білдіріп тұр. Мұнда «н»

әрші артық кездейсоқ теріліп кетуі де мүмкін. Қалай болғанда да, тасқа басылған соң, көпшілікке солай тарап жатыр.

Осы новеллалар жинағындағы «Бұл көрініс тек қызықтауды, жаратпауды, жек көруді ғана туғызады» (Дж. Голсуорси. *Біріншілер мен ақырғылар*. 218-б.) деген сөйлемдегі «жек көруді» деген тіркес орнына «жиіркеніш», «жек көрушілік» тіркесін қолданған орынды болар еді. Оның алдында тұрған «қызықтау», мен «жаратпау» сөздері де адам сезімін білдіретін абстаркты ұғымдарды білдірмейді. Етістіктің «у» формасымен келетін тиянақсыздау ұғым беріп тұрған етістік орнына заттық ұғымды білдіретін «қызығушылық», «жаратпағандық», «жақтырмаушылық» сияқты сөздердің бірін мәнмәтінге лайықтап қолданғанда сөйлемдегі айтылмақ ой да анықтала түскен болар еді. Мәселен, әдетте біз «қызығу туғызады» демейміз ғой, «қызығушылық туғызады», «қызығушылығын туғызады» дейміз. Мұнда да солай.

Франсуа Мориактың «Ешқайда апармайтын жол (Еш өмір)» романында Ақайдар Ысымұлы «...устраивал себе убежище» – «өзіне бас сауғалау жасап алды» (302-б.) деген сөйлем кездеседі. Осы сөйлемдегі «бас сауғалау» атау сөз бола алмайды. Сол себептен сөйлемге үйлеспей тұр. «Убежище» деген атау сөзге, зат есімге балама ретінде алынып отырған соң «бассауға» десе дұрыс болар еді.

Жазушы, күйші, кинодраматург, белгілі аудармашы Таласбек Әсемқұлов Иво Андричтің «Дринадағы көпір» романын орысшадан өте жақсы аударған. Дегенмен бұл аудармада кездесетін кейбір сөздердің қолданысына назар аударған жөн. Мәселен, «Мастер Антониенің көмекшісі зәңгі, жайдары жас зәңгі еді» (26-б.) деген сөйлемдегі (орысшасы – «Помощником мастера Антоние был негр, самый натуральный негр, веселый парень») «мастер» сөзінің қазақша баламасы – «шебер». Осы сөйлемдегі «мастер Антониені» қазақша «Антоние шебер» деген оқырман құлағына жағымдырақ естіліп, ұғынықтырақ болар еді. Мәселен, «мастер спорта» дегенді «спорт шебері», «плотник», «столяр» дегенді «ағаш шебері» деген сияқты.

Осы роман аудармасында «Но ночью, только ночью, в сиянии вспыхнувших небес, человек постигает всю необъятность и безграничную власть вселенной, поглотившей крохотное его существо, растворившееся и отрешенное от самого себя, своих намерений, дел и забот» деген сөйлем «Түнде аспан жұлдызбен жарықтанғанда, адам өзін және өзінің бар қам-қарекетін алып кеткен, ұмыттырған ғарыштың құдіретін таниды» (122-б.) деп тәржімаланған. Осы сөйлемде түпнұсқадағы айтылмақ ойдың біршама қысқа қайырылып, жайдақтап кеткенін айтпағанда, «аспан жұлдызбен жарықтанғанда» деген қолданысы да сөйлемге әр беріп, қазақ ұғымына сәйкесіп тұр дей алмаймыз. Т. Әсемқұловтай сөз қадірін біліп өткен, білімді, жан-жақты өнер иесі, талантты қаламгер сәл мұқияттылық танытқанда, бұдан әлдеқайда дәл де әсерлі аударма алатындығына еш күмән келтірмейміз. Мәселен, «...в сиянии вспыхнувших небес» дегенді «...жарқ ете түскен аспан шұғыласының аясында...» деп берсек, түпнұсқаға жақындай түсетіндей.

«Рому для Кривого!» деген сөйлемді ол екі-үш жерде «Шорқанға ром келтіріңдер!» (222, 223) деп аударары. Жансызға жан бітіртіп сипаттау көркем әдебиет, поэзия үшін сондай жат нәрсе емес. Дегенмен мұндай бұйрықты түрде тапсырыс бергенде, «әкеліңдер!» немесе «алғызыңдар!» деген дұрысырақ еді. Мысалы, «Шорқанға ром әкеліңдер!» десек, қазақ ұғымына да қазақ тілінің сөз қолдансына да үйлесіп, түпнұсадан да ауытқымаймыз.

Орыс тілінің род категориясының ықпалымен «төрайым», «азаматша» сияқты жасанды сөздерді туғызуға әуестенушілер бар. Ал сөз қадірін білетін қаламгердің солар сияқты «мұғалима» сөзін қолданғанын да құптай алмадық. Мысалы, «Ал екі мұғалима Зорка мен Загорка жеңімпазға арнап, көзге көрінбейтін гүлдесте тоқуда» (275-б.) деген сөйлемде, одан өзге екі-үш жерде (295, 319-беттерде) «мұғалима» сөзі жұмсалады.

Біз көркем аудармалардың бәрін сүзіп, кемшілік іздеуді, оларда кездескен кемшіліктердің бәрін тізіп беруді мақсат етпедік. Сөзқолданысқа, сөздердің тіркесімділі-

гіне, тұрақты тіркестердің орынды жұмсалуына қатысты мұндай бірлі-жарым кемшіліктерді аударма әдебиеттердің көпшілігінен табуға болады. Сондай табылғандарын да түгел қамтып, тарата талдап сөз етіп отырған жоқпыз. Мақсатымыз – көркем аударманың шығармашылық ізденіс пен үлкен жауапкершілікті, тіл табиғаты мен сөз сырын сезе білетін кәсіби біліктілік пен тілдік түйсікті, тілді сезінуді қажет ететін өрелі өнер, күрделі кәсіп екендігін осы істің хас шеберлері саналатын белгілі аудармашылар мен көрнекті қаламгерлердің шығармашылығы негізінде көрсете отырып, осы іске шындап бет бұрғандар мен аударманы қосымша тірлік көзі ретінде қарайтын қалам иелерінің назарын аударту.

7. Орыс тіліндегі род категориясының ықпалымен жасалған сөздердің көркем аудармалардағы қолданысы

Орыс тілінде «мужской род», «женский род» және «средний род» бар. Қазақ тілінде род категориясы жоқ екені белгілі. Алайда кейбір сөздердің орыс тіліндегі тұлғасына қарап, олардың қазақ тіліндегі баламаларын да соған сәйкестендіріп, жаңа тұлғалы сөз тудыру арқылы тілімізде род категориясын жасауға ұмтылушылар кездесіп қалады. Сөзжасам, аударма барысында байқалып жүрген бұл құбылыстың бастауы кеңестік кезеңде жатыр. *Азамат* – *азаматша*, *мұғалім* – *мұғалима* сынды сөздердің екінші сыңарлары сол кезеңнің өнімі. «Азаматша» сөзі кеңестік баспасөзде, көрнекті жазушы Бейімбет Майлиннің «Азамат» әңгімесінде де кездеседі. Жаппай қолданылып, тілге біржолата сіңіп кетпегенмен де, бұл атаулар сирек те болса қолданылып келеді. Кеңестік кезеңде жазылған еңбектерде род категориясының қазақ тілінде де пайда болуын табиғи үдеріс ретінде тану қажет деген де пікірлер болды. Мысалы, белгілі қаламгер Т. Әлімқұлов көпшілікке белгілі «Жұмбақ жан» еңбегінде былай деп жазады: «Қазақ тілінде «родқа»

бара-бар нәзіктіктер баршылық. Орыс интонациясын қиналмай аударатынымыз сондықтан. «Мұғалима», «азаматшалардың» кіруінде де табиғилық жатыр» (167-б.). Алайда бұл пікірді қолдаушы мамандар бола қойған жоқ.

«Азаматша» мен «мұғалимаға» жұртшылықтың көзі біршама үйрене бастағанда кейінгі жылдары *төрайым*, *медбике*, *медага* сияқты атаулар пайда болды. Бұлардың ішінде жиірек қолданылып жүргендері – «төрайым» мен «медбике». Орыс тіліндегі «медсестраға» балама ретінде ұсынылған – *медбике*, *медбибі*, *мейірбике*, *мейіркеш*, *аяжан* атауларының арасынан көптеген филологиялық, терминологиялық сөздіктерге еніп, баспасөзде, кәсіби мамандар тілінде көбірек қолданылып жүргені де осы «медбике» нұсқасы.

«Азаматша», «мұғалима», «төрайым», «медбике» атаулары 2011 жылы шыққан он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігіне», 2013 жылы жарық көрген қазақ тілінің «Қазақ сөздігі» мен бірқатар өзге сөздіктерге де енді. Тіліміздің табиғатына жаттығы, жасандылығы көрініп тұрғанымен, мерзімді баспасөзде, кейбір қаламгерлер шығармаларында қолданылып, әдеби тілдің сөздігіне енуі – мұндай атаулардың тілде заңдастырыла бастағандығының көрінісі. Соған қарамастан бұл атаулардың қолданысы жалпыхалықтық сипат алып, қалың көпшіліктің жатырқамай пайдаланатын сөздерінің қатарынан орын алды дей алмаймыз. Әсіресе тіл табиғатын жақсы түсінетін кәсіби мамандар, лингвистер мен белгілі қаламгерлердің елеулі бөлігі ондай сөздерді қолдануға аса құштар емес. Оның басты себебі – род категориясының қазақ тіліне тән еместігі мен орыс тіліндегі баламаларына сәйкестендіру мақсатынан туындаған жасалымдардың жасандылығының аңғарылып тұрғандығы.

Біз бұған дейін де мақалаларымыз бен баяндамаларымызда қазақ тіліндегі сөзжасам, сөзқолданыс мәселесіндегі кемшілік ретінде бұл мәселеге тоқталғанбыз. Біз ғана емес, өзге әріптестеріміз де сөз болып отырған мәселені назардан тыс қалдырған емес. Тілімізде кейінгі жылдары қолданылып жүрген осы «төрайым» сөзі жөнінде пікір білдер-

ген лингвист ғалымдардың бірі – филология ғылымының докторы, академик М. Серғалиев. Ғалым былай деп жазған еді: «Төраға, төрайым сөздерінің маңында әлі күнге дейін бірауызды пікірге келе алмай жүргеніміз шындық. Дәл осы сөзге қатысты қазақ тілінің тағы бір ерекшелігі назардан тыс қалып бара жатыр. Ол ерекшелік – тілімізде тек (род) категориясына байланысты қазақ тілінің грамматикалық көрсеткішінің болмайтындығы. Кім де болса мектеп табалдырығын аттап, білім шаңырағына енген сәттен бастап осы мәселеге құлақтары сіңісті болып жатады. Соған қарамастан, *төраға*, *төрайым* сөздерін бастықтың жыныс ерекшелігіне қарай қолданып жүрміз. Айталық, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының бірінші бастығы әйел адам болып еді, *төрайым* аталды, «Асар» партиясының жетекшісі де әйел адам болғандықтан, *төрайым* болып отыр. Ал Орсайкомның басшылығына ер адам келіп еді, *төраға* лауазымын иеленді, шамасы, «Асардың» жетекшілігі ер адамға табыс етілсе, ол да *төрайымдық* емес, *төрағалық* ететін шығар. Біреулерге төрайымның айтылудағы жағымдылығы жақсы әсер етеді-міс. Ондай тартымды болу үшін басшы адам тек қана әйел бола беруі керек пе? Тегінде, термин жасау, мекемеге, лауазымға атау беру мәселесінде ешқандай эмоцияның араласы болмауға тиісті. Оған жол берілген жағдайда мұндай төрайымдар бағыныстыларының жас айырмашылықтарына байланысты *төртәте*, *төрапа*, *төрәже* аталып кетулеріне де шүбәлануға болмас. Ал «төраға» сөзін ешкім эмоция арқылы өзгеріске түсіре бермесі анық, себебі басшылық атауы ретінде бұл сөздің халық тілінде өміршең болып кеткендігі соншалық – ол сөз қабылданып, сіңіп кеткен уақыт ішінде қаншама ұрпақтың ауысқанын есептеудің өзі қиын. Қазірге егде жасқа келген аталар мен әжелердің қай-қайсысы да білімге сусындатқан ұстаздарынан кейінгі бір сүйкімді жанның тәрбиесін көргендерін мақтан етеді. Сол сыйлы апаларын да, ағаларын да, *аға* (айым емес) *пионервожатый* дегендері рас. Осы ұстаным бойынша қызметкердің жыныс ерекшелігіне қарамастан, *аға оқытушы*, *аға инженер*, *аға*

ғылыми қызметкер, аға сатушы, аға есепші, аға тәрбиеші, аға лейтенант, аға сержант сияқты қалыптасып қалған атақтар мен лауазымдарды қайта жаңғыртып, өзгерте беру қисынға келе бермейді» (Термин бірізділігі де тіл мәдениетінің сипаты // Тілім менің – тінім менің. – Алматы, 2013. – 206-б.).

Белгілі тілші ғалымның келтірген деректері де, айтылған пікірлері орынды. Тіл мамандарының көпшілігі осылай ойлайды. Көптеген жиындар мен оқыған дәрістерінде олар бұл жөнінде айтып та, жазып та жүр. Мамандар арасындағы өзара кәсіби қарым-қатынас барысында да осы мәселе жайында сөз болып жатады. Жалпы, бұл – мамандардың көпшілігінің көкейінде жүрген мәселе. Жуырда тағы бір әріптесіміздің пікірін оқыдық. Мәселен, филология ғылымының докторы Жеңіс Сәдуақасұлы «Ана тілі» (13-19 наурыз, 2014 жыл. №10 (1216) газетінде жариялаған «Сөз саптаудағы самарқаулық» атты мақаласында «төрайым» сөзінің жасалуы жайлы былай деп жазады: «Ертеректе «төраға» (жиналыс төрағасы) деген жаңа сөзді ер адамға ғана тән деп түсінген кей білгіштеріміз, қазақ тілінде сөздің «родқа» бөлінбейтініне қарамастан, әйел адамдарға қатысты «төрайым» сөзін енгізген болатын. Осы сөздің «төр»-і түсінікті болғанымен, «айымы»-ы «аға» сөзіне балама бола алмайтыны ескерілген жоқ (еркелету мәніндегі «айым», «күнім» сөздері тек әйелге қатысты айтылмайды ғой). Бұл сөз жөнінде кезінде әңгіме болғанымен, көпшілік қолданысқа түсуіне байланысты үйреншікті сөзге айналып, қазірге дейін қолданылып келе жатыр».

Жеңіс Сәдуақасұлының «төрайым» сөзінің қазірге дейін қолданылып келе жатқанын айтып отырғаны рас. Алайда біздің пікірімізше, «төрайым» құрамындағы «айым» («күнім») еркелету мәнінде айтылатын сөз емес. «Қазақ сөздігінде» көрсетілгендей, бұл сөздің «Қыздарға қарата айтылатын атауыш» деген көне мағынасы мен «әйел, жұбай, зайып» деген жергілікті аумақта қолданылатын мағыналары да бар. «Төрайым» сөзін жасаушылар «айым» сөзінің осы екінші мағынасын, дәлірек айтқанда, «әйел»

мағынасын негізге алған деп пайымдаймыз. Яғни «жиналысты басқарушы, жиын тізгінін ұстаушы әйел» деген мағынада қолданған.

Көріп отырғанымыздай, орыс тілінің ықпалында кетіп, тіліміздегі сөздерді родқа жіктеудің негізсіз екендігі тіл мамандары назарынан тыс қалып жатқан жоқ. Айтылып та, жазылып та жатыр. Біз жоғарыда олардың бір-екеуіне ғана тоқталдық. Соған қарамастан, әсіресе, мерзімді басылымдарда, көркем аудармада адамды жыныс ерекшелігіне қарай жіктеуден пайда болған «төрайым», «азаматша» секілді атаулар әлі де қолданыс тауып отыр.

Біз қарастырған көркем аудармаларда жоғарыда аталған және олардан басқа мына төмендегідей атаулар кездесті. Олар: құдай (*бог*) – құдая (*дева, Дева Исцелительница*), тәңір (*бог*) – тәңірия (*дева, богоматер*), азамат (*гражданин*) – азаматша (*гражданка*), төраға (*председатель*) – төрайым (*председательница*), мұғалім (*учитель*) – мұғалима (*учительница*), қожайын (*хозяин*) – қожайым (*хозяйка*), медаға (*медбрат*) – медбике (*медсестра*), қарауыл (*сторож*) – қарауылша (*сторожиха*) және т.б.

Бұл атаулардың арасындағы *қудая, тәңірия, қожайым, қарауылша* сияқтылары мерзімді баспасөзде, ауызекі сөйлеу тілінде кездесе бермейді. Біз бұл атауларды өзіміз қарастырған аударма әдебиеттерден ғана ұшыраттық. Сол себепті оларды көркем аударма барысында туындаған, әлем әдебиетін аударушылар жасаған сөздер деуге негіз бар.

Аударма ісінің білікті мамандарының бірі С. Талжанов: «Бір елдің түпнұсқаларын өз тіліне аударғанда, аударушы өз әдебиетінің, өз тілінің қамын ойлауы – заңды құбылыс» (*Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы, 1975. – 158-б.*) деген еді. Кейде бізде, керісінше, өзге тілдің заңдылықтарын өз тілімізге таңу, ұлт тілінің табиғатына тән емес категорияларды әкелуге, тілдің ұғымдық-құрылымдық жүйесіне өзгерістер енгізуге бағытталған қадамдар байқалады. Мұндай қадамдарды даму, ілгері басушылық ретінде тануға ұмтылушылар да бар екеніне қарамастан, тіл табиғатын, оның төл сипатын сақтаудың одан анағұрлым маңызды екенін естен шығармаған жөн болса керек.

8. Көркем аудармалардағы сөз варианттарының қолданысы

Көркем аудармалардан аудармашы-қаламгерлер қаламынан туындаған жаңа атаулар мен қолданыстарды жинақтап, оларды салыстыра талдау барысында орыс тіліндегі бір ғана сөзге қазақ тілінде бірнеше балама ұсынылып, олардың осы аударма әдебиеттерде жарыса жұмсалып жүргендігі жиі көрініс беретін құбылыс екендігі анықталды. Бұл құбылыстың сырына үңіліп, себеп-салдарын анықтау, жарыса жұмсалып жүрген нұсқалардың арасынан ең сәтті жасалған баламаны іріктеп алу – мамандар тарапынан атқарылуға тиісті кәсіби жұмыс, тілші-ғалымдар алдында тұрған маңызды міндет.

Бұл тұрғыдан келгенде, осы мәселе жөнінде арнайы сөз қозғаушы мамандардың бірі ретінде, біз де өз пікір-пайымдарымызды білдірсек дейміз. Ең алдымен, жарыса қолданылып жүрген балама атаулардың көп болуының себебі неде екенін білгіміз келетіні белгілі.

Біз сөз етіп отырған тілдік құбылысты білдіретін атаудың, терминнің қолданысы төңірегінде ескерте кететін бір жай бар. Лингвист ғалымдардың еңбектерінде біз әңгімемізге арқау етіп отырған құбылысты сөз еткенде лексикалық варианттар, дублет, синоним, жарыспа нұсқалар, жарыспалылық, варианттар терминдері бірінің орнына бірі қолданылып, көп жағдайда терминдік бірізділік сақтала бермейтінін кездестіріп жатамыз. Термин қолданысының бірізді болмауы өзара ұқсас қырлары бар бұл ұғымдарың кейде аражігін ажыратып, айқын жіктеу орнына жұртты, білім алушыларды шатастыруы да мүмкін. Біз синонимдердің арасында мағыналық реңк болатынын, синонимдік қатарда бір заттың түрлі ұғымдық қырлары сипаталатынын ескеріп, кейбір әріптестеріміз пайдаланып жүрген ол терминді қолданбадық. Ал вариант сөздердің бір ғана ұғымға ие зат атауын түрліше атайтынын, жаңа мағыналы туынды сөз тудырмайтынын ескере отырып, «сөз варианттары», «лексикалық варианттар» терминін қолдануды дұрыс деп тапқанмызды айта кетуді жөн санадық.

Әр түрлі халықтарда әлемнің тілдік бейнелері әр алуан, олардың әрқайсының өзіндік ерекшеліктері бар. Әр мәдениеттің өзіне тән сондай ерекшеліктерін түпнұсқа тілдегідей бұрмаламай, дәл берумен қатар, аударылып отырған тіл тұтынушыларына да түсінікті етіп жеткізе білу – үлкен өнер. Бұл аудармашының екі мәдениеттің ерекшелігін, екі тілді жетік білуімен қатар, аударылып отырған тілдің мүмкіндігін де көрсететін тұсы. Кез келген аудармашы сол өзі аударып отырған тілді жетік меңгерген, оның сөз байлығын, сөйлем құрылысын ұтымды жұмсай білетін кәсіби маман ретінде тіл мүмкіндігін пайдалана алатынын көрсеткісі келеді. Бұл тілге құрметпен қарай алатын, өз кәсібінің бағасын білетін, сөз қадірін де өз қадірін де түсіргісі келмейтін әр маманға тән қасиет. Сол себептен де, әр аудармашының осы биік деңгейден көрінгісі келетінін өзіне қоятын қатаң талап деп түсінген дұрыс. Сол талап деңгейінен шығу үшін әр аудармашы өзінше ізденеді. Бір сөзбен айтқанда, олардың жаңа атауларды жасауы мен тілдің лексикалық түрлі қабаттарындағы сөздерге жаңа мағыналық реңк беріп, оларға қосымша жүк артып қолдануы осы ізденіс нәтижесі. Ал ізденіс нәтижесі маманның білімі мен тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, талғам-таразысына байланысты әркелкі болады. Сөз жасау мен сөз таңдауға да олар осы тұрғыдан келеді. Сол себептен де бірінің жасағанын бірі сол қалпында қабылдай салмай немесе қолданыста жүрген баламаларды алмай, олардың орнына басқа балама ұсынылып жатады. Кейінгі 20-25 жыл көлемінде жарық көрген салалық сөздіктерде, ғылыми әдебиеттер мен ресми-іскери тілде «спонсор» термині – *демеуші, жебеуші, мияткер, қолдаушы, қаражатшы* болып, «вкладчик» – *жинақшы, вкладшы, салым иесі, салымшы* нұсқаларында, ал «календарь» атауы мерзімді баспасөз бен көркем шығармаларда *жылпарақ, күнтізбек, күнпарақ, күнтізбе* түрінде қолданылып жататыны тәрізді көркем аудармалардан да бір сөздің сан түрлі баламаларын кездестіруге болады.

Көркем аударманың арғы-бергі тарихына көз жүгіртсек, мұндай варианттылықтың қай кезеңде де болғанын көре-

міз. Оған ХХ ғасырдың 20-30-жылдарынан да, одан бергі кезеңнен де көптеп мысал келтіруге болады. Әдебиетші ғалым, белгілі аудармашы Әбен Сатыбалдиев 1965 жылы жарық көрген «Рухани қазына» атты кітабында қоғамдық-әлеуметтік ортаға байланысты атауларды аударуда бірізділіктің жоқтығын айта келіп, оған нақты мысалдар келтіреді. «Барин» деген бір сөздің «барин», «қожайын», «төре», «бекзат», «бай-батша», «байеке», «бәйбіше», («барыня» болса) деп аударылып жүргенін білеміз... «Государь» деген сөз «государь», «патша ағзам», «алдияр», «алдияр ағзам», «тақсыр ағзам» болып кездеседі. «Светское общество» деген сөз «свет қоғамы», «светтік қоғам», «жоғары қауым», «сыпайы қауым», «сыпайгер қауым», «сыпайгер қоғам», «зиялылар қоғамы», «зиялылар қауымы» деп аталынып жүр» деп жазады (169-б.). Біз қарастырған аудармалардан осы «светское общество» сөз тіркесінің «зайырлы қауым» және «жарқылдақ қауым» деген тағы да екі нұсқасы кездесті. Сондай-ақ басқа әдебиеттерден «ақсүйектер қоғамы» және «зайырлы қоғам» деген нұсқаларын да кездестіруге болады. Қазіргі кезеңде бізде «зайырлы қоғам» біршама жиі қолданылады. Алайда жарыса жұмсалып жүрген варианттар да қолданыстан шыққан жоқ. Осы деректер өткен ғасырдың сонау 50-60-жылдарынан бастап бүгінге дейін бір атаудың әлі толық тұрақтамай келе жатқанын әрі ізденістің тоқталмағанын көрсетеді.

Балама іздеудің тым ұзаққа созылып кетуінің, варианттылығының жалғасып келе жатқанын қазіргі аударма әдебиеттерден де кездестіру қиын емес. Мәселен, біз қарастырған көркем аудармалардан орыс тіліндегі бір ғана «хозяйка» сөзінің баламасы ретінде – «бibi», «қожабике», «отана», «қожайым», «үй қожасы», «қожайке» деген 6 түрлі нұсқасы, «лунатик» сөзінің – «айкезбе», «айғарақты», «айшалық», «түнкезер», «ұйқыбезер» деген 5 түрлі нұсқасы, «кухня» сөзінің «асүй», «асхана», «аспазхана», «нәубетхана» және «наубатхана» деген 4 түрлі нұсқасын кездестірдік. Ал екі-үш нұсқасы жарыса қолданылып жүрген сөздер тіпті жиі ұшырасып отырады. Мұндай бірнеше

нұсқасы жарыса жұмсалып жүрген балама атаулар жоғарыда көрсетілгендермен ғана шектелмейді. Олардың қатары өте көп. Оны осы еңбектің үшінші бөліміндегі орысша-қазақша сөздіктен де анық көруге болады.

Бұлай болуының ең бірінші себебі – қаламгерлер мен аудармашылардың қазақ тілінің лексикалық қоры мен сөзжасам мүмкіндігін барынша пайдалана отырып, ұғымды мейлінше дәл беруге, мағына сәйкестігіне қол жеткізуге деген ұмтылысы. Өздеріне дейін жасалған екі-үш, кейде төрт-бес баламаның бірін ала салмай, өз тарапынан жаңа балама ұсынудың бір себебі осында жатыр. Иә, бұл жерде өзіндік ізденіспен бірге талғам әркелкілігі де бар. Әр қалам иесі өз талғамы мен білім деңгейі тұрғысынан қарайды. Сонымен қатар ұғымның бірнеше белгілері болады. Бір ұғымның бірнеше атауының пайда болуына себеп болатын да осы белгілер. Әр аудармашы сол белгілердің қайсысын маңызды, басты санайтынына байланысты сөзге атау беру кезінде соны алға шығарады. Семантикалық белгілерден бөлек, сөздің ықшамдылығына, айтуға қолайлылығына, жағымды естілуіне, дыбыстық үйлесімі мен эстетикалық жағына көбірек мән беретін аудармашы-қаламгерлер де бар. Енді бір қалам иелері сөз жасауға қатысқан жұрнақтар семантикасына көбірек ден қояды. Мәселен, бір ғана «қыздыр» етістігін негізге ала отырып, «грелка» атауына балама іздеген екі ізденушінің біріншісі – «қыздырғы», ал екіншісі «қыздырғыш» деп екі түрлі сөз тудырушы жұрнақты таңдайды. Айырмашылық – бірінің **-ғы**, екіншісінің **-ғыш** жұрнағын жалғауында ғана болып отыр. Сөз жасаушылар бұл жұрнақтарды тілдік түйсіктеріне сүйеніп қана пайдаланғанын байқауға болады. Бізде сөзжасам барысында осы жұрнақ мағынасының нәзік реңктерін ажырату жетіспей жатады. Жалпы филологиялық білімі бар аудармашы, жазушы, әдебиетші әріптестерді айтпағанда, қосымша морфемалар жайын жақсы білетін, оны арнайы зерттеген морфологтар болмаса, лингвистердің бәрі бірдей жұрнақ мағынасының осы нәзік айырмашылықтарын аңғара бермеуі мүмкін. Сол себептен сөз жасаушылар көбінесе сөз

тудырушы жұрнақтарды лингвистикалық білімге емес, өздерінің тілдік сезімі мен тілдік түйсіктеріне сүйеніп таңдайды. Мұндай жағдайда сөз тудырушы жұрнақ мағынасын дөп басуы да, мүлт кетуі де мүмкін. Бұл да балама атаулардың бірнеше нұсқаларының пайда болуына себеп болады. Ал «грелка» сөзін «жылытқы» деп аударған аудармашы жұрнақ мағынасын тілдік түйсік арқылы жақсы сезінгенмен, сөз мағынасын таңдауда алшақтау кеткен. Салқын бөлмені немесе тоңған адам денесін «жылытуға» қарағанда «қыздырудың» мағынасы сәл өзгешелеу, реңкі басымдау. Адам қатты тоңғанда, суықтағанда «грелканы» денесінің сол бөлігін жай жылыту үшін ғана емес, қайнап тұрған ыстық су қою арқылы қатты қыздырады. Денені жылыту үшін жылы үй, жылы киім, жамылғы, қалың көрпе де жеткілікті болар еді. Сондықтан орыс тіліндегі «грелка» сөзінің мағынасын «жылытқыдан» гөрі «қыздырғы» атауы дәлірек береді.

Әр қаламгердің, аудармашының өзіндік шығармашылық «мені» болуы да табиғи нәрсе. Кей жағдайларда шығармашыл тұлғалардың өзгелерді қайталамай, өзіндік даралығын көрсетіп, басқалардан бөлек атау жасап, соны қолданысқа енгізуге құлықты болып, сондай психологияға бой алдыруы да мүмкін. Жекелеген лексикалық варианттардың туындауына мұндай фактор да әсер етуі мүмкін. Алайда сөз қадірін ұғатын, ұтымды жасалған сөзді танып, бағалай білетін салиқалы шығармашылық иелері сөзді кімнің жасағанына емес, қалай жасалғанына мән берері сөзсіз.

Көптеген тәжірибелі аудармашылар баламасын табуы тиісті сөздерді жинап, үнемі солардың ұтымды баламасын іздеп, іштей ойланып, толғанып жүреді. Бұл олардың кәсіби қасиеті. Белгілі аудармашы Кеңес Юсуп көркем аударманың дамуына көп еңбек сіңірген әдебиетші ғалым, аударма ісінің хас шеберлерінің бірі Жұмағали Ысмағұловтың аудармашылық қызметіне арнаған мақаласында оның тіл мен сөз алдындағы жауапкершілігін атап көрсете отырып: «Байқауымша, ол кісінің санасы бір сәтке де тыншымай, сөздерді саралаумен, бейтаньс ұғымдардың ана тіліміздегі баламасын іздеумен, күрделі сөздік конструкцияларды қиыстырумен жүретін секілді» деп жазып еді.

Ж. Ысмағұлов сынды өз ісіне шын берілген аударма майталманының бойында осындай қасиет болмаса, ол қашанда солай ізденіс үстінде жүрмесе, оның қаламынан талай тамаша баламалар туындап, қазақтың сөз қорының баюына үлесін қоса алмаған да болар еді. Біз бұл еңбекте Жұмекеңнің Оноре де Бальзактан аударған «Шегірен былғары» романы мен Антон Чеховтан аударған «Қаскүнем» әңгімесіне ғана тоқталдық. Оның «Шегірен былғары» аудармасында да «әңгібас», «дәршімай», «ділдәгер», «жемпаз», «жойымпаз», «сынсымбат», «өтіл», «мейірімхана», «құмаршылық», «құмархана», «қиырсыздық» сияқты көптеген жаңа баламалар кездеседі.

Біз білетін Кеңес ағаның өзі де солай, қазақтың ұмыт болған көне сөздерін тірілтіп, талай кірме атаулардың қазақша баламасын іздеп, бас қатырып жүретін еді. Мемтерминком мүшесі болып жүргенде ол «қарымжы» (задаток), «қардарлық» (заклад), «кежеуіл» (телохранитель) тәрізді талай атауларды қолданысқа енгізуге табандап тұрып кірісіп, ұсынысын өткізгені есімізде. «Ведомствоны» – «идара», «функцияны» «өзипа» деп атау керек деген ұсыныстары әріптестері тарапынан толық қолдау таппаса да, сол ойынан ешқашан бас тартпаған еді. Кітаптың екінші бөліміндегі ол аударған Г. Маркес шығармаларынан да оның қаламынан туындаған сәтті баламалардың аз емес екенін көруге болады. Габриэль Гарсиа Маркестің «Жүз жылдық жалғыздық» романының аудармасында ол «әдірият», «басар», «батқы», «батырғы», «гүлмай», «емгер», «етекше», «қоразшы», «масқарапаз», «мінәжатхана», «мүкәмәл», «тиектүйме», «төрешек» тәрізді көптеген жаңа атауларды қолданады.

Белгілі қаламгерлер арасында аударманы өмірлік кәсіп етіп тұрақты түрде айналыспай, төржімешілік тірлікке орайы келгенде соғып, оны қосымша табыс көзі ретінде қарағандары жөнінде өздері айтқандары да болды. Ол жөнінде әріптестері тарапынан айтылған пікірлер де бар. Мәселен, Жазушы Тұрысбек Сәукетаев «Сөзбен салған суретті...» деп аталатын Қалихан Ысқақов шығармашылығына арналған

мақаласында қаламгердің аудармашылығы туралы былай деп жазады: «Қалағаң студиядан кеткенмен, кинодан қол үзген жоқ. Мен дубляжды жағалап жүрген ұзақ жылдар ішінде аудармаға білек сыбана атсалысты. Әрине, аудармаға деген құштарлықтан емес, қу тіршіліктің қамы үшін. Бірақ соның бірде-біріне жүрдім-бардым қарамай, битін салып, небір ғажап баламалармен жайнатып жіберетін» (*«Егемен Қазақстан», №48, 13 наурыз, 2015 жыл.*).

Мақала авторы «Қалағаң аудармаға деген құштарлықтан емес, қу тіршіліктің қамы үшін» араласты деп жазады. Аудармаға қалай араласса да, оның бұл іске үлкен жауапкершілікпен қарағандығын қаламынан туындаған аудармалары айғақтайды. Бұл орайда қаламгердің аудармашылық қыры туралы сөз еткен Т. Сәукетаев: «Ол соның бірде-біріне жүрдім-бардым қарамай, битін салып» аудармаға кіріскендігі жөнінде де, баламалары туралы да орынды атап көрсеткен.

Қ. Ысқақтың Иван Буниннен аударған «Арсеньевтің өмірі» романы мен Лев Толстойдан аударған «Помещиктің сәскесі» хикаяты, А. Чеховтан аударған «Қаштанка» әңгімесі сияқты аудармаларын оқу барысында қазақтың қабырғалы қаламгерінің тіл байлығы мен аудармашылық шеберлігіне сүйсіндік. «Арсеньевтің өмірі» романында «асжаулық», «баспашы», «бейауыздық», «қоңыраушы», «қоқайма», «мүсәпірхана», «нұсқама», «пәрәміш», «шарқай», «шаруабасы» сияқты балама атаулар қолданылған. Сондай-ақ қаламгер осы аудармасында кейінгі жылдары жасалған *борышкер, дүңгіршек, жеделхат, кіреберіс, мәтін, мейрамхана* сияқты жаңа атауларды жатсынбай пайдаланып, оларды көркем әдебиет тіліне енгізушілер қатарынан табылады.

Көркем аудармаларда түрлі атаулардың жарыса жұмсалыуының осы сияқты түрлі себептері бар. Кәсіби аудармашылар мен көркем аудармаға атсалысқан қаламгерлердің қазақ тілінің бар мүмкіндігін, өздерінің шығармашылық әлеуеті мен сөз жасау шеберлігін көрсетуге ұмтылуын да қалыпты құбылыс, осы іспен айналысушыларға

тән табиғи процесс деп қабылдаған абзал. Осы орайда өзі де аударма жасаған, аударма мәселесін арнайы зерттеп, оның қыр-сырына үңілген, қаламы жүйрік журналист, филолог ғалым С. Абдрахмановтың төмендегі пікірінің біз сөз етіп отырған мәселеге тікелей қатысы бар. Ол былай деп жазады: «Бүкіл әлем кітаптан бетін әрі бұрып бара жатқан мына заманда бізде бөлекше құбылыс бой көрсете қалады екен деп иек қышытудың қажеті жоқ. Ендігі жерде Мұхтар Әуезов айтатын «Әдебиет – әдебиет үшін» деген талапты да еске алған артық емес. Бұл, ең алдымен, тіл өнерінің аударма саласында байқалса, тіпті жақсы. Қазіргі аудармалар ең алдымен қазақ тілінің қамы, болашағы үшін жасалуы керек. Аударма кітаптар арқылы қазақ оқырманы мемлекеттік тілдің мүмкіндігін нақты көруге тиіс» (С. Абдрахманов. *Поэзия аудармасы және аударма поэзиясы // Көркем аударма: тәжірибе мен тағылым. – Астана, 2011. – 318-б.*).

Ғалымның бұл пікіріндегі «Қазіргі аудармалар ең алдымен қазақ тілінің қамы, болашағы үшін жасалуы керек. Аударма кітаптар арқылы қазақ оқырманы мемлекеттік тілдің мүмкіндігін нақты көруге тиіс» деген тұжырымында үлкен мән жатыр. Тілді, сөздік қорымызды байытуға аударманың қосар үлесі зор екендігі еш дау тудырмайды. Ал оқырманның қазақ тілінің мүмкіндігін сезінуі, оны іс жүзінде нақты көре білуі аудармашының шеберлігіне, тіл байлығын орнымен пайдалана білуіне тікелей байланысты. Оның сыртында, аударма барысында ұлттың тұрмыс-тіршілігінде кездеспейтін заттар мен өзге мәдениет өкілінің дүниетанымына тән ұғымдарды, таным-түсініктерді өзі аударып отырған тіл иесінің қабылдауына лайықтап жеткізе білу, бар сөзді ғана кәдеге жаратып қоймай, сөзден сөз тудырып, көкейге қонатын, көңілден шығатын ұтымды сөз, сәтті балама табу нағыз шеберлікті қажет етеді.

Көркем аударма мәтіндерінде молынан кездесетін жаңа атаулар мен қолданыстар, бірнеше нұсқасы қатар жұмсалып жүрген жүздеген сөздер осы шығармашылық ізденістің көрінісі екені анық. Мұндай ізденістің болғаны да, баламалар қатарының артқаны да – тілдің іске қосылып, оның сөз-

жасам үдерісінің үздіксіз жүріп жатқандығының айғағы. Жаңа атаулар мен жаңа қолданыстардың көбеюін шығармашылық үдеріс тұрғысынан қарағанда табиғи құбылыс деп танығанмызбен, әдеби тіл нормалары, сөзқолданыстағы бірізділік, тіл тұтынушыларының заттық немесе абстрактілі ұғымдарды біркелкі түсініп, бірдей ұғынуы жағынан келгенде олай дей алмаймыз. Бір ғана заттың немесе ұғымның әртүрлі көркем мәтінде әркелкі аталып жүруі оқырманға, жалпы тілді тұтынушы қауымға қолайлық туғыза қоймайды. Қайта ойды жеткізуде, ақпарат қабылдау кезінде қосымша қиындықтар туғызуы мүмкін. Сол себептен де ондай қиындықтарға жол бермей, сөзқолданыстағы бірізділікке қол жеткізу үшін жаңа сөздердің нормалану үдерісін өз ырқына жіберіп қоймай, бұл іске кәсіби тұрғыдан ықпал етудің маңызы зор. Олай етпеген жағдайда, жарыса қолданылып жүрген сөздердің бірінің тілде тұрақтауы, нормалануы тым ұзаққа созылып кетуі ықтимал. Дәлірек айтқанда, солай болып та жатады. Өйткені сол атауларды ұсынушы, жасаушы авторлар шығармаларында, аудармаларында өз қаламынан туындаған сөздерді қолдануға мүдделі. Олардың біреуіне ғана тоқталмай, әрқайсысының ұсынысын, авторлық қолданысын қош көретін өз оқырмандары болуы да мүмкін. Көркем аудармаларды сүзіп қарағанда оған анық көз жеткіздік десек болады. Шамамен бір мезгілде (2004-2011 жж. біз негізінен 2011 жылы жарық көрген көркем аудармалар сериясынан материал жинадық) жарық көрген көркем аудармаларда осыдан 30-40 жылдан астам уақыт бұрын пайда болған көптеген атаулардың бірінің жалпы қолданысқа көшпей отыруы соған дәлел бола алады.

Қоғам өмірінде, ғылым мен технология салаларында болып жатқан өзгеріс, жаңарулардың ешқайсысы тілді айналып өтпейді. Солардың бәрі де тілден көрініс табады, тілде заманымен, қоғамымен тығыз байланыста дамиды. Ондай өзгеріс-жаңалықтардың қай-қайсысы да, әсіресе тілдің лексикасынан көрініс таппай қалмайды. Аударма жасаумен үздіксіз айналысып жүрген мамандар тілдің лексикалық қорында болып жатқан барлық өзгерістер мен

жаңалықтарды қалт жібермей қадағалап, оларды ой елегінен өткізіп отырады. Олай етпеген жағдайда немесе аудармаға атүсті қарап, жол-жөнекей араласқан маманға тәржімешілік тәжірибе жинақтап, оның қыр-сырын меңгеру де қиынға соғады.

Мәселенің бұл қыры да тәржіме жайын жақсы білетін білікті мамандар назарынан тыс қалмапты. «Тіл шұбарлығы неден?» деген мақаласында аударма ісінің білгірі Әбен Сатыбалдиев былай деп жазады: «Бізде бір сөзге бір сөз балама болып алынады да, жылдар бойы солай қолданылып жүреді. Ол халықтың санасына әбден сіңеді, мағына жағынан кемісі болса, айтыла-айтыла толығады, жаңарады. Сөйтіп жүргенде, сол сөздің баяғы ұғымын ұстап қалған, тіл жаңалығынан бейхабар, бірақ дәрежесі, беделі бар біреу әлдеқалай бір аударма жасап отырғанда оны көре қояды да: «Бәлі, мынау сөз бұл мағынаны бермейді ғой» деп шыға келеді. Сөйтеді де, өзінің білген бірдеңесін қыстыра салады. Осыдан барып шым-шытырық пайда болады» деп жазады (*Сөз қазынасының кеніші. 251-б.*).

Қазіргі кезеңде өзін бірнеше саланың бесаспап маманы, әмбебап кадр санайтындар қатары артып отыр. Бір басына бар кәсіпті жиып алатын осындай көпқырлы мамандар лауазымды қызмет иеленсе, бірер жыл басшылық қызмет атқарса, өзін бәрін білетіндей сезініп, бар мәселеге араласып, барлық нәрсеге төрелік айтқысы келетін «әсіре сенімділік» дертіне ұшырайды. Лауазымдық, басшылық беделін барлық жерге тықпалау – қызмет бабын асыра пайдаланудың бір көрінісі. Тіл мәселесіне қатысты да осыны айтуға болады. Парламент қабырғасында тіл мәселесі талқыланғанда бұл салаға қатысы жоқ бір депутат мырза, пікірталас кезінде келтіретін ғылыми дәлелі жоқтығына қарамастан: «Осы тіл мамандары бәрін бүлдіріп болды. Мәселені осыларды араластырмай өзіміз-ақ шешейік» деп, әріптестеріне ұсыныс айтқаны есімізден еш кетпейді. Аударма жайын жақсы білетін Әбен Сатыбалдиевтың: «Тіл жаңалығынан бейхабар, бірақ дәрежесі, беделі бар біреу» дегенін оқығанда өзіміз куәсі болған осындай жағдайлар еріксіз ойға оралды. Тілдегі варианттылықтың, сәтсіз тер-

миндер мен атаулардың бірнеше нұсқасының жарыса жұмсалып жүруіне сондай пайдасынан зияны көп беделге басулардың да әсері бар екенін жоққа шығара алмаймыз.

Осындай объективті, субъективті себептер салдарынан жаңа сөздердің нормалануы кешеуілдей береді немесе қолында қоғамға ықпал ету тетіктері бар сөз жасаушы авторлардың сәтсіз баламалары көпшілік санасына сіңіріліп, жаппай қолданысқа ене бастайды. Мәселен, қолында оқулық әдебиеттер мен бұқаралық ақпарат құралдарына, баспа өнімдеріне ықпал етудің нақты мүмкіндігі бар тұлғаларды осы қатарға қосуға болады. Сөздердің әдеби тілге еруге ұмтылу бәсекесінде олардың табиғи сұрыпталуына бірдей мүмкіндік туғызылмауы салдарынан өте сәтті жасалған атаулар тасада, авторлық неологизм деңгейінде қалып қоятын жағдайлар да кездеседі. «Алтын кездік қап түбінде жатпайды» десек те, сәтті баламалардың жарқ етіп бірден танылып, әдеби тілге жолдама алып кетпей, автор мәтінінде ұзақ жатып қалатын кездерінің болатынын жоққа шығара алмаймыз. Міне, осындай жағдайлар орын алмауы үшін тіл мамандары жаңа атаулар мен қолданыстарды уақытылы жинақтап, салыстыра талдап, ұғымды дәл беретін ең сәтті жасалғандарын іріктеп алып, әдеби тіл сөздіктеріне енгізіп, жаппай қолданысқа ұсынып отырғаны абзал. Бұл жұмыс ұлт тілінің сөздік құрамына енетін сөздердің сапасын жақсарту мен жаңа қолданыстардың нормалану үдерісінің жүйелі түрде, дұрыс жүзеге асуы үшін атқарылуы тиіс. Біз айтып отырған бұл жұмыс ең алдымен, сол жаңа қолданыстарды іздеп тауып, жиып-теріп алудан басталуы керек. Ондай сөздер жинақталып, орысша-қазақша, қазақша-орысша сөздігі жасалып, бір сөздің қандай нұсқалары бар екені салыстырыла көрсетілетін болса, мамандар оларды талдап, ал аудармашылар мен журналистер, басқа да сала мамандары солардың арасынан ұтымды жасалғандарын іріктеп алу мүмкіндігіне ие болар еді. Біздің зерттеу еңбегімізде көздеген негізгі мақсаттарымыздың бірі де осы.

Төменде көркем аударма мәтіндерінде қатар қолданылып жүрген бірқатар сөз варианттары кесте түрінде беріліп отыр:

Жарыса қолданылып жүрген лексикалық варианттардың салыстырмалы кестесі					
орысшасы	қазақша баламалары				
	1	2	3	4	5
авгослесарь	автөденкерші	автореттеуші			6
азартные игры	құмарпаздық ойын	құмарпаз ойындар	құмарлық ойындар	құмар ойындар	қызба ойындар
ақула	қатыран	қырыш			
аллея	саяжол	табан жол	серуенбақ		
бар	шарапхана	ішімдікхана			
барабан	қағыран	даңғара			
бассейн	хауыз	өүіз	өүіт		
беседка	самалжай	сұхбатхана	дамылжай	сұқбаттақ	құнқалқа
благосостояние	өл-ауқат	игілік			шипан
богоматерь (дева)	қыз-ана	төңірия			
бульварь	саяжол	жағажол			
бюстгальтер	төстартқыш	кеуде тартқыш			
варенье	тосап	қайнатпа	мұраппа		
витрина	сөрелік	жарнама			
взнос	жарнапұл	өтемақы			
визитная карточка	өздерек көртішкесі	текқағаз	танысқы көртішкесі	танысу көртішкесі	
военачальник	қолбасы	өскербасы			
вуаль	торперде	бетперде			

галстук	мойынтақ	мойынтағар			
герб	елтаңба	ентаңба			
гипс	ғаныш	керіш			
глупость	ақымақгер шілік	мақаугер шілік			
горшок	дәретсауыт // дәрет сауыты	боқтыяқ			
гостиная	қонақжай	мейманжай			
гостиница	қонақүй	мейманхана	мейманжай	мүсәпірхана	қонақжай
грелка	қыздырғы	қыздырғыш	жылытқы		
грузила	батырғы	салдауыр			
докладная записка	баянхат	баяндау-жазба	баяндау хаты		
должник	борышкер	борышқор			
домовой	құйыршық	опақ иесі	үй әруағы		
духи	әгір	дәршімай	иісу	опа	
духовник	дінбасы	тәлімпші			
зажигалка	от жаққыш	от тұтатқыш	отшақпақ		
заказчик	тапсырысшы	тапсырыс беруші			
законник	заңшы	заңгер			
закуска	тіскебасар	басытқы	шайнама		
замок	қамал-сарай	құлшысарай			
запонка	жең-түйме	тиектүйме	жеңілтек	зәпәнке	
имение	иелік	орамжай // орам-жай			
исповедальня	теубехана	теубешілік			

кабак, кабачок	ішкілікхана	ішімхана	шарапхана	көйіпхана
календарь	күнгізібе	күнпарақ		
кальян	қорқор	хорхор	қалиян	
квартал	оралым	махалла		
квартирант	пәтерші	пәтерман		
кисть	ақтауыш	жаққыш		
клетка	жасуша	қапаз		
клиент	дәркер	салымшы		
клоун	масқарапаз	масқарампаз	сайқымазақ	
кнопка	түймеше	түйме-тесік		
коллекция	топтама	цикл		
консержка	есік бағушы	есік күтуші	қақпашы өйел	
контрабандист	аткешір	аткешпі		
конюший	атқорашы	қорашы		
кормилица	сүтене	сүтана		
косметика	опа	опа-далап	далап	
кофейник	кофеқайнатқыш	кофеқұман		
кофейня	кофехана	сусынхана		
краснокожий	қызылтән	қызылтәнді	қызылт өнді	
кресло	орынтақ	мамықтақ	бақтақ	күрсі
купальня	шомылма	хауыз		
курачий (куращая)	шылымпаз	бөңші		
кухня	асүй	асхана	аспазхана	
лава	балқыма	бұрқақ		
лавка, лавочка	дүңгіршек	дүкенше		

лейка	суқұйғы	сұшашқыш			
лестничная площадка	баспадақ алаңы	басқыш алаңы	баспадақ алаңшасы	басқыш алаңқайы	
лунатик	айкөзбе	айғарақты	айшалық	түнкезер	ұйқыбезер
магазинчик	дүкеншік	дүкенше			
мадам	ханым	бике			
манжеты	қайырма	жиектеме			
мольня, молитвенный дом	мінажатхана	ғибадатхана			
монастырь	әдірият // әдірият // едарият // әдиарат	сопыхана			
монета	шақа	теңгелік			
мученик	азапкер	азапқор	ғазапкер		
мэр, мэр города	дуанбасы	өкім			
наборщик	теруші	өріп теруші			
навес	қалқайма	жаппа	шатырша		
обои	тұсқағаз	қабырға қағазы			
обстоятельство	мән-жай	жағдаят			
одеколон	өгір	иіссу			
окоп	оқпана	жертөле			
паяц	масқарапаз	масқарампаз			
площадка	алаңша	алаңқай			
подвал	жертөле	жерқойма			
подлокотник	шынтаққойғыш	блексалар	шынтақша		
поднос	оқаша	жайпақ табақ	жайматабақ		
покупатель (ница)	аларман	сатып алушы			

половик	едендік	жергөсеніш	еденжуғыш		
полог	кілемше	жабынды			
посредник	делдалшы	мәмілеші			
пристань	айлақ	жағыс	кемежай		
прихожая, прихожка	кірмелік	деліз			
приют	жегімхана	мейірімхана	панажай		
проводник	жолбасшы	жолкөзер			
птичник	құсқора	құсхана			
публичный дом	харамхана	желепхана			
развалина	қиранды	қиратынды			
рама, рамка	қасекі	ернеу			
распятие	кергі	керлігі			
рецепт	шипашақ	уөспі	дәріқағаз		
рюкзак	аспалы қашшық	жолдорба	жол дорба		
семья	отбасы	жанұя	үйелмен		
светское общество, светские хроникеры	зайырлы қауым	жарқылдақ қауым			
святой отец	әулие әкей	әулие әке	қасиетті әкей	киселі әкей	діндар әкей
священник	әмбие	қасиетті әкей			
семья	отбасы	үйелмен	жанұя		
медсестра	медбике	медбibi	мейіркеш	аяжан	мейіргер
сиделка	бағымшы	аяшы			
скатерть	асжаулық	жайма			
собор	киехана	ғибадатхана			

сопровожающий	еруіл	айдауыл	еру			
спальня (спальная комната)	жатынжай	түнемел	ұйқы бөлмесі			
спиртное	ішімдік	ішкілік				
стақан	ұстаған	стақан				
топор, топорик	балташа	балташық				
тротуар	жиекжол	жағажол	жаяусоқпақ	табанжол, табан жол	аяқжол	қаптал жол
трубка	қорқор	қалиян	най			
удушье	булықпа	тұншықпа				
факт	мөнбі	мөнбе	мән-жай			
фигура	бойтулга	бөден				
флаккон (чик)	құтышақ	сауытша				
фонарь, фонарик	қолшам	қалташам				
фонтан, фонтанчик	бұрқақ	субұрқақ	ақбұрқақ	шашыма		
хозяйка	бибі	қожабике	отана	қожайым	үй қожасы	қожайке
чемоданчик	шамаданша	боғжама				
чредьютодник	жемпаз	жемпаз				
шарф	мойынорағыш	орағыш				
шпора	батқы	тепкір	өкше темір			
эксперт	сарашшы	сараптамышы				
юбка	белдемше	етекқап	етекше	етеккөйлек	етек көйлек	
якорь	зәкір	леңгір	салдауыр			

қазақшасы	Әр түрлі ұғымдардың бір сөзбен берілуі				
	1	2	3	4	5
	Орыс тіліндегі нұсқалары				
ағза	организм	ткань			
айлақ	пристань	гавань			
алаңша	площадка	заулок	патио		
аралшық	островок	лагуна			
асүй	кухня	столовая			
әкімдік	мэрия	префектура	акимат		
ел-ауқат	благосостояние	богатство	материальное могущество		
әтір	духи	одеколон			
әуежай	аэропорт	аэродром			
байлама	повязка	водоём			
басқыш	ступень, ступенка	лестница			
бике	мадам	дама	мисс		
бұрқак	фонтан	лава			
гүлдесте	клумба	букет			
ғибадатхана	храм, храм божий	приходской дом	собор	молельня	
далап	помада	косметика			
дәйекші	слуга	официант			
дәліз	коридор	прихожка			
дәмхана	кафе	харчевня			
дүкенше	магазинчик	лавка, лавчонка			

дуанбасы	мэр	бургомистр		
дүңгіршек	лавка	кюск	будка, будочка	
емгер	лекарь	знахарь		
жабынды	саван	полог	покрытие	
жағажол	трогуар	бульвар		
жайма	простыня	скатерть		
жапсырма	этикетка	нашивка		
жарнама	реклама	вигрина	афиша	
желелхат	телеграмма	телеграф		
жергеле	подвал	погребок	окоп	
жойымпаздық	разрушение, разрушительность	пагуб (нось)		
жолсапар	поездка	путешествие		
жолсоқпақ//	тропинка	путь		
жол-соқпақ				
жол сөмке	саквояж	дорожная сумка		
жүкші	грузчик	носильщик		
жындылаш	истеричка	идиот		
жырғынды	клочок (бумаги)	лоскуток, лоскуточек		
зангер	юристъ	законник		
иплік	поместье	владение	имение	
нықбау	подтяжка	подвязка		
ніссу	духи	одеколон	уксус	
кеден	таможня	станция		

келісімшарт // келісім-шарт	контракт	договор			
көзбояушы	фокусник	иллюзионист		клоун	
көрбан	могильщик	поганный			
күлші	зольник	угольщик			
күртеше	куртка	фуфайка			
кілемше	полог	коврик			
кіреберіс	подъезд	вход			
капалак	винт	ветряк			
каптама	чехол	обивка			
конасжай	гостинная	гостиница			
коркор	кальян	трубка			
құттыхана	будуар	мансарда			
кыдырма	завсегдатый	гуляка			
масқарапаз	паяц	коломбин		клоун	скоморох
мәйтхана	морг	мёртвый дом			
мән-жай	факт	исток		обстоятельство	
мекенжай // мекен-жай	адрес	поместье			
мизам	сентябрь	июнь			
мінәжатхана	часовня	молельня, молитвенный дом			
нәубетші	вахтер	«очеред»			
нұмша	блузка	жилет			
оқпана	окоп	траншея			

опа	косметика	пудра	духи	
отана	семьяница	хозяйка		
өзенше	речка, река	ручейка, ручья		
өтемақы	компенсация	взнос		
өткелек	проход	арка	переход	
өтіл	стаж	призыв		
пәтерші	квартирант	нахлебник		
рәсім	церемония	обряд	процедура	
сайқымазақ	комедиант	паяц	клоун	
салтқы	щеколда	пружина	трап	
салымшы	вкладчик	клиент		
сауықхана	казино	мюзик-холл		
саябақ	парк	сквер		
саяжол	аллея	бульварь		
табанжол // табан жол	тропуар	аллея		
тақташа	плита	кафель		
тепкішек	педаль	лестница		
топтама	коллекция	цикл	серия	
төлқұжағ	паспорт	пропуск		
ұстаршы	брадобрей	цирюльник		
ұстын	устои	догма	колонна	
үрдіс	тенденция	обычай		
ханым	мадам	госпожа		
харамхана	сераль, (гарем)	публичный дом		
хауыз	бассейн	купальня		
шарапхана	бар	кабак, кабачок		

9. Фразеологизмдердің, мақал-мәтелдердің аударылуы мен қолданысы

Көркем аудармадағы фразеологиялық тіркестердің, мақал-мәтелдердің қолданысы да арнайы сөз етуді қажет ететін мәселенің бірі. Бұл еңбекте біз оларды мақсатты түрде жинақтап, кеңірек талдауды көздемедік. Көркем аудармаларды түпнұсқамен салыстыра қарау барысында көзіміз шалған деректер негізінде мәселеге назар аударту ниетімен сөз арасында қысқаша ғана тоқтала кетпекпіз.

Ұлттық аударматанудың бастауында тұрған тұлғаның бірі – алаш көсемі Әлихан Бөкейхан. Ол туралы келесі тарауда арнайы тоқталамыз. Әлихан аудармаларынан мақал-мәтелдердің, тұрақты тіркестердің орысшадан қазақшаға, керісінше, қазақшадан орысшаға аударылуын жиі байқауға болады. Мысалы, «Дело мастера боится» – «Іс ұстадан қорқады», «Своя рубашка ближе к телу» дегенді – «Әркімнің өз көйлегі етіне жақын», «Закон, что дышло: куда повернешь, туда и вышло» деген орыс мақалын – «Заң – арба жетегі, қалай бұрсақ, сол жақта болады», «Долг платежом красен» дегенді «Борыш көркі – төлеу» деп ол өте дәл де, шебер аударған.

Жүсіпбек Аймауытов Конрад Берковичтен аударған «Заң білместің зары» атты шығармасында «Бір әйелдің айласы қырық есек, бір қашарға жүк болады» деп жазады. Тілімізде бұл мақал көбінесе «Бір әйелдің (қатынның) айласы қырық есекке жүк болады» түрінде қолданылады. Ж. Аймауытов қолданған нұсқасы сиректеу жұмсалатындығымен ерекшеленеді.

Белгілі аудармашы Әбілмәжін Жұмабаев «Қиямет түні» романындағы «Впрочем, – прибавил он, понижая голос, – рыбака рыбака видит издалека» деген сөйлемді «Бірақ, – деді ол даусын бәсеңдетіп, – қуға қу қызыл іңірде жолығады» (II. *Мериме. Қиямет түні. 31-б.*) деп аударды. Осы аудармадан «Рыбак рыбака видит издалека» деген мақалдың орнына «қуға қу қызыл іңірде жолығады» деген қазақ мәтелінің қолданылғанын көруге болады. Орыс мақалы

«Мінездері ұқсас, мүдделес адамдар бір-бірімен тез тіл табысып, ұғынысады. Мінез-құлық ұқсастығы мен мүдде бірлігі оларды жылдам танысып, өзара түсінісіп кетуіне себеп болады» деген мағынаны білдіреді. Қазақ тіліндегі «Қуға қу қызыл іңірде жолығады» немесе «Бір қуға бір қу қызыл іңірде жолығады» түрінде қолданылатын мәтелдің жалпы мағыналары ғана сәйкес келгенмен, дәлме-дәл, толық сәйкестік жоқ. Қазақ тіліндегі мәтелдің орыс тіліндегіден айырмашылығы – жағымсыз мағынасы басым. Оны мынадан көруге болады: Біріншіден, орыс тіліндегі «рыбак» пен қазақ тіліндегі «балықшы» сөзі – кәсіп иесінің атауы. Бұл атаулардың түпкі мағынасында жағымсыздық сипат жоқ. Ал қазақ тілінде «қу» сөзі бұл жерде «алаяқ, сұм, сұмырай» деген ауыспалы мағынада жұмсалып тұр. Екіншіден, орыс тілінде «мүдделес адамдар бір-бірін алыстан таниды» дегенде де жағымсыз сипат байқалмайды. Ал қазақ тіліндегі «қызыл іңірде жолығады» деген тіркестен жағымсыз сипат анық аңғарылып тұр. Көз байланып, қараңғы түсе бастаған, апақ-сапақ сәтте, күмәнді уақытта жолығатын адамдардың тірлігі де күдік туғызады. Міне, осы тұрғыдан екі сөйлемді салыстырып қарағанда аударма аса сәтті жасалмағандай болып көрінеді. Алайда сөз болып отырған сөйлеммен іргелес «Это вас научит, как якшаться с ведьмами и воровками. Вся эта палачная пожива: еретики, колдуны и воры – всегда вместе хороводятся» деген сөйлемдерді, мәнмәтінді тұтас алып қарайтын болсақ, аудармашының қазақ мәтелін өте сәтті, орынмен қолданғанына анық көз жеткіземіз. Оның қиыннан қиыстыра білген шеберлігін байқаймыз.

«Көрдегілердің көздері» романында «...Так что к своей красоте он забрел уже навеселе» деген сөйлемді аудармашы «Сөйтіп, өзінің айдай сұлуына ол ит қуып, ирек қамшылап жеткен болатын» (486-б.) деп тәржімелепті.

Осы сөйлемдегі тұрақты тіркестің қолданысы назар аудартады. Нақтырақ айтқанда, «ит қуып» тіркесін не үшін қолданғанын түсіне алмадық. Тілімізде бұл тұрақты тіркес «Ит мініп, ирек қамшылап» түрінде жұмсалып келеді. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде де осылай берілген. Қазақ қаламгерлерінің де басқаша нұсқада жазғанын

кездестіре алмадық. Мәселен, Мұхтар Мағауин «Жармақ» романында «...Қойшы әйтеуір, ит мініп, ирек қамшылап, бүгінгі күнге жетіппін» деп жазыпты. «Ит мініп, ирек қамшылап» деген тұрақты тіркес «Азып-тозып, тіршілік қиыншылықтарынан қажып, қолында барын жамап-жасқап, қалт-құлт етіп әрең күн кешіп жүргенде» деген мағынаны білдіреді. Адам жетіскенінен итке мініп, иректі қамшы орнына пайдаланбайды. Сондықтан бұл жерде аудармашының «Ит қуып» деген қолданысы қисынға келіп тұр дей алмаймыз. Осы романда: «Семь раз отмерь – один отрежь. Я понимаю, что, пожалуй, лучше подождать...» – «Жеті өлшеп, бір кес деген. Мен, тегі, аялдай тұрған дұрыс па деймін...» (*Көрдегілердің көздері. 317-б.*) деген сөйлемдер мағыналық-стильдік тұрғыдан өте дәл, сәтті аударылған. Тек осындағы мақалдың құрамына аздаған өзгеріс енгізіліп, «рет» сөзі оның қос тағанынан да алынып қалған. Қазақ тілінде бұл мақал «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» түрінде қолданылады. Сол себепті оның тілде әбден орныққан, нормаланған қолданысын өзгеріске ұшыратып, ықшамдамай-ақ, тұрақты тіркес ретінде дайын қалпында қолданған орынды болар еді.

«Таңертең екі аяғыңды нық басып тұрасың, сосын – күтпеген жерде сілкініс, бұтың көктен бірақ келеді» (*Дж. Голсуорси. Екі көзқарас. 161-б.*) деген сөйлемдегі тұрақты тіркестің қолданысын да назардан тыс қалдырмаған жөн. Осындағы «бұтың көктен келеді» деген тіркес осы аудармада ғана емес, кейбір әдебиеттер мен авторларда да кездесіп қалады. Негізі осы тіркесті «аяғы аспаннан келеді» деп қолданған орынды. Жоғарыдағы сөйлемде де, «аяғың аспаннан келеді» деп қолданылса, айтылар ой қисындырақ болар еді.

Шет тілдерінен аударылған әдебиеттерде мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер аз кездеспейді. Олардың да тіл мамандарының, аудармашылардың назарынан тыс қалмағаны абзал. Жалпы көркем аудармадағы мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер мақсатты түрде жинақталып, олардың аударылуы мен қолданыс ерекшеліктері арнайы зерттелсе, тәржіме тәжірибеміздің байып, толығырақ түсуіне септігі тиері сөзсіз.

2-тарау. Көркем аударма және тәржімешілердің сөз жасау тәжірибесі

1. XX ғасыр басындағы (Алаш кезеңіндегі) аударма және сөз шығармашылығы

Отандық аударматанудың тарихы, бастау көздері, ғылыми негізінің қалыптасуы мен тәржімешілік тәжірибе туралы сөз қозғасақ, XX ғасырдың бас кезінде еңбек еткен алаш оқығандарының еңбектерін айналып өте алмаймыз. Өйткені отандық аударматанудың негізін қалауға олар үлкен үлес қосты.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы аударманың қайнар бастауында Ыбырай, Абай тұрса, XX ғасыр басында Шәкәрім мен Әлихан, Ахмет, Жүсіпбек, Мұхтар сынды алаш оқығандары қазақ аударматануының қаз тұруына, қалыптасуына, тәржімешілік тәжірибенің орнығуына айрықша атсалысты.

Шәкәрім А. Пушкиннен тәржімелеген «Дубровский» романын – «Дубровский әңгімесі», «Метель» повесін «Боран» деп атады. Ұлы орыс ақынының қарасөзбен жазылған бұл екі шығармасын да Шәкәрім өлеңмен аударды. Ол Америка жазушысы Гарриет Бичер-Стоунның «Том ағайдың балағаны» романын, Л.Н. Толстойдың «Асархидон – Лаэли», «Үш сауал», «Криз патша», «Пан-Жи-Зан хан», «Ұждан», «Қолшатыр бұйрығы» әңгімелерін де қазақ оқырманына өлеңмен жеткізді. Бұл кезеңде әсіресе көркем аудармаға көбірек мән беріліп, алаш оқығандары әлем әдебиетінің озық үлгілерін қазақ оқырманының ұлттық таным-түсінігіне лайықтап жеткізуді мақсат етті. Түпнұсқаның тілдік өзгешеліктері мен оның авторының жеке стилистік ерекшелігін сол қалпында жеткізуден гөрі, шығарманың сюжеті мен құрылымын сақтай отырып, негізгі мазмұндық-идеялық ой желісін қазақы сөз саптау мәнеріне салып аудару осы кезеңде жасалған аудармалардың көбіне тән сипат. Олардың арасында Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов сынды түпнұсқа авторына тән жеке стилистік ерекшелікті барынша

сақтауға ұмтылған, бұл талапты аударма жасау барысында ұстанатын негізгі өлшемшарт ретінде таныған қаламгерлер мен аудармашылар да болды. Алайда мұны өткен ғасыр басындағы тәржімешілер тарапынан жаппай басшылыққа алынған қағидат деп тану қиындау. Қайта қара сөзбен жазылған прозалық шығарманы өлеңмен аудару, түпнұсқа мәтінінің кейбір тұстарын аудармай қалдырып кету, ықшамдап алу немесе өз тарапынан ой қосып толықтыру, өзге мәдениетке тән ұғымдар мен түсініктерді қазақ ұғымдарымен алмастыру, аударма мәтінді төлтума шығарма тәрізді қабылданатындай етіп қазақ оқырманына бейімдеу, ұлттық нақышқа салу мен ұлттық бояуды қоюлау жағу жиірек көрініс береді. Бұл құбылыстан да алаш оқығандарының не өндірсе де, не жазса да солардың бөрінің қазаққа қонымды, қазаққа қолайлы болуын ойлағанын, олардың ұлттық көзқарасы мен ішкі ниетін көруге болады. Алаш оқығандарының шығармашылығынан өзге мәдениетке бейімделуден гөрі өзгенікінің бөріні өзімізге бейімдеп, лайықтап, икемдеп, жерсіндіріп қабылдау байқалады. Олардың әдеби-ғылыми шығармашылығы мен ағартушылық ісінен өзгелердің озық дүниелерін алып, өнері мен білімін үйренуді насихаттаумен қатар, қазақтың өзге мәдениет ықпалына қатты ұшырап кетуінен сақтаңдыру харекетін де анық аңғаруға болады. Қазіргі кезеңнің ғылыми-шығармашылық қауымымен салыстырғанда олардың ұлттық иммунитетінің әлдеқайда күштілігін, қазақы таным-түсінігінің негізі беріктігін әр ісінен, әдеби-ғылыми шығармашылығынан да айқын аңғарылады. «Жапон тыңшылары» деген жалған айып тағылған олардың қазаққа өзіндік ұлттық кескін-келбетін сақтай отырып өркендеу жолын таңдаған жапон жұртының даму үлгісін ұсынуынан да сол кезең зиялыларының болмыс-бітімі, ұлттық ұстанымы байқалады. Қазіргі жаһандану заманында төл мәдениетімізді, ұлттық бет-бейнемізді сақтап қалудың өзектілігі артып отыр. Бұл тұрғыдан келгенде, алаш оқығандарының мұрасын жан-жақты зерттеп, олардан ғибрат алу – өткенді көкसेп, артқа қарайлай беру емес, келешекке де ұлттық келбеті-

мізді жоғалтпай жету үшін қажет. Олар ескішіл, кеңестік кезеңде айыптағандай өз ұлтының рухани байлығынан өзгені көргісі келмейтін әсіре ұлтшыл немесе халқын әлемдік ғылым мен әдебиеттің үздік туындыларымен таныстыруға қарсы кертартпа болса, өзге жұрттардың көркем-әдеби шығармалары мен ғылыми-оқулық әдебиеттерін аударып, қазаққа таныстырып, олардан үйренуге үндемес еді. Қазір бізде жүз үздік кітапты аудару қолға алынып, бұл ұлт руханияты үшін аса маңызды іс деп бағаланып жатыр. Біле білсек, бұл игілікті істі алғаш бастап, әлем әдебиетінің жауһарлары мен өз кезеңінің озық ғылыми еңбектерін ана тілімізге аудару арқылы жаһан жұртшылығының жегістіктерін ұлтының қажетіне жаратудың жарқын үлгісін көрсеткен де ХХ ғасыр басындағы ел мүддесін бәрінен жоғары қоя білген алаш зиялылары еді. Араға бір ғасыр уақыт салып барып, алаш зиялыларының бастаған ісі жалғасын тауып, қайта жаңғырып жатыр. Мұны алаш өнегесінің, алаш мұрасының қилы-қилы кезеңдерді басынан өткізген ұлтымыздың қазіргі кезеңдегі рухани жаңғыруына алтын арқау, қайнар көз болып отырғандығының көрінісі деуге толық хақымыз бар. Алаш қайраткерлері бұл істі тікелей өз мойындарына алып, өз қолдарымен атқарды. Мәселен, алаш көсемі Әлиханның Л.Н. Толстойдың «Қажы-Мұрат», «Кавказ тұтқыны», Ги де Мопассанның «Симонның әкесі», «Күзетте», «Жарасын жасырған ана», О. Уайльдтың «Жұлдыз бала», А.П. Чеховтың «Қамелеу», В.Г. Короленконың «Мақардың түсі», Д.Н. Мамин-Сибиряқтың «Баймақан», «Қара ханым», Эзоп мысалдарын, Н.А. Маркстің «Ескі Қырымның сөздері» атты еңбектерін аударуы, А. Байтұрсынұлының И.А. Крыловтың мысалдарын, А.С. Пушкиннің «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы» шығармалары мен И.И. Хемницердің «Ат пен есегін», Ж. Аймауытовтың Джек Лондонның «Күштілердің күші», «Теңсіз, телегей аттаныс», Г. Мопассанның «Су жүзінде», В. Гюгоның «Бейшаралар», Р. Тагордың «Балжан», А.С. Пушкиннің «Сапаң сері», «Тас мейман», Н.В. Гогольдің «Бақылаушы»,

Ф. Дюшеннің «Дәмелі» және басқа да бірқатар шығармаларды аударуы, сондай-ақ М. Жұмабаев, М. Дулатов, М. Әуезов, І. Жансүгіров және басқа да алаш оқығандарының көптеген шетелдік көрнекті қаламгерлер мен ғалымдардың ең үздік еңбектерін қазақшаға аударуы – соның айқын дәлелі.

Тек көркем аударма ғана емес, оқулық әдебиеттер мен ғылыми әдебиеттерді қазақ тіліне аудару ісі де ХХ ғасыр басында мақсатты түрде қолға алынып, бұл шаруа алаш оқығандарының тікелей атсалысуымен жолға қойылғанын атап айтқан абзал. Ғылыми, ғылыми-техникалық мәтіндерді қазақ тіліне аударудың бастауын, яғни ғылыми аударманың негізінің қалануын да осы кезеңмен байланыстыруға тура келеді. Оған алаш зиялылары қазақшаға аударған шетелдік ғалымдардың жекелеген ғылыми, ғылыми-танымдық мақалалары мен оқулықтары, көлемді ғылыми еңбектері нақты дәлел бола алады. Мәселен, Әлихан Бөкейхан француз ғалымы К. Фламарионның «*Астрономия әліп-биі*» («*Общедоступная астрономия*». Мәскеу, 1924) мен Д. Гравенің «Дүниенің құрылысы», Т. Тутковскийдің «Жердің қысқаша тарихы» еңбектерін, Х. Досмұхамедұлы Ю. Вангерьдің «Денелеріміздің түзілуі мен жұмыс қылуы» («*Рассказы о том, как устроено и работает наше тело*», 1924), «Өсімдіктердің тіршілігі мен түзілуі туралы әңгімелер» («*Рассказы о том, как живут и устроены растения*», 1924) кітаптарын, Қошке Кемеңгерұлының П. Лебедевтің «Химия» («*Қызылорда*, 1929) оқулығын, М. Әуезов Ю. Вагнердің «Жер жаратылысы жайындағы әңгімелерін» аударды. Біз бұл жерде мысал үшін алаш оқығандарының бірнеше аударма еңбектерін ғана келтіріп отырмыз. Олар жасаған аудармалар осы аталғандармен ғана шектелмейді, бұл тізімді әлі жалғастыра беруге болады.

ХХ ғасыр басында еңбек еткен алаш оқығандарының аударма ісін жолға қоюға қосқан айрықша үлесінің бірі – олардың екі тілді аударма сөздіктер мен терминологиялық сөздіктерді шығаруы. Аударма жасау үшін және аудармадағы бірізділікті сақтау үшін екітілді аударма сөздіктерін жасаудың маңызы өте зор. Аударма ісін жолға қою ең ал-

дымен осыдан басталады деуге болады. Осыны жақсы түсінген алаш оқымыстылары бұл істі де өз қолдарына алып, көп іс тындырды. Қ. Кемеңгерұлының жетекшілігімен жарық көрген «Қазақша-орысша тілмаш» (*Мәскеу, 1925*), «Орысша-қазақша әскерлік атаулары» (*Қызылорда, 1926*), «Атаулар сөздігі» (*Қызылорда, 1931*), А. Байтұрсынұлының басшылығымен дайындалып, Н. Қаратышқанұлы құрастырған «Пән сөздері» (*Қызылорда, 1927*) солардың қатарына жатады.

Алаш оқығандары өздері аударма жасап, аударма сөздіктерін дайындаумен қатар сол кезеңде жасалған аудармалардың сапасы, теориясы мен практикалық мәселелері туралы мақалалар мен сын-пікірлер де жазды. Өткен ғасыр басындағы мерзімді басылымдарда жарық көрген Ә. Бөкейханның аударма еңбектер туралы жүйелі түрде жазып тұрған сын-пікірлері, Ж. Аймауытовтың «Аударма туралы» мақаласы мен өзге де авторлардың тәржіме туралы ой-пікірлері осы бағыттағы алғашқы ғылыми ізденістер екендігі еш күмән туғызбайды.

Бұл аталғандармен қатар алаш оқығандары тарапынан көптеген саяси еңбектер, публицистикалық мақалалар, шағын кітапшалар, ісқағаздары, нұсқаулықтар мен ережелер де, халықтың құқықтық сауатын ашу мақсатында жекелеген заң баптары да аударылды. Яғни бұл кезеңде қажетіне қарай ресми-іскери аудармалар да жасалды. Бірақ олар аударманың бұл түрін қазіргі кезеңдегідей қазақ тілінің қолданысын шектеп, оның құрылымдық-стильдік қалыбын бұзатындай кең таралуына жол ашқан жоқ. Аударманың бұл түріне қажетіне қарай ғана жүгінді деуіміздің мәнісі сонда жатыр. Негізінен көркем аударма мен оқулық, ғылыми, ғылыми-танымдық әдебиеттердің көп аударылуынан да соны көруге болады.

Қорыта келгенде айтарымыз, XX ғасыр басы отандық тәржіметану ғылымының қалыптасу, іргетасы қалану кезеңі болды. Алаш оқығандары әлем әдебиеті мен ғылымының үздік туындыларын қазақ тіліне аудару арқылы мәдениет-аралық қатынастарды нығайтумен бірге, тәржімешілік тә-

жірибенің таралуына, кәсіби аудармашылар мектебіне бастап апаратын жолдың жасалуына айрықша қызмет етіп, ұлттық аударматанудың негізін салып кетті. Сондықтан аударма тарихы мен аударматану ғылымының даму, қалыптасу кезеңдерін зерттеу мен оқытуда алаш мұрасына жете мән беріп, аса мұқият болғанымыз абзал.

1.1. Шәкәрім аудармаларындағы жаңа қолданыстар мен кірме сөздер

XIX ғасырдың екінші жартысында Ыбырай мен Абай И. Крылов, А. Пушкин, М. Лермонтов сынды орыс (неміс) ақындарының бірнеше өлеңдерін, мысалдарын аударса, XX ғасыр басында қазақтың осы қос Ыбырайы (Ибраһимы) бастаған көркем аударма жасау ісін Шәкәрім жалғастырды. Ол ұлы орыс ақыны А. Пушкиннің қарасөзбен жазылған «Дубровский» («Дубровский әңгімесі») романын, «Метель» («Боран») повесін өлеңмен аударды. Шәкәрім 1908-10 жылдары аударған «Дубровский әңгімесі» 1924 жылы Семейде жеке кітап болып басылып шықты. Қазақ ақыны американдық жазушысы Гарриет Бичер-Стоунның «Том ағайдың балағаны» романын, Л.Н. Толстойдың «Асархидон – Лаэли», «Үш сауал» ертегілерін, «Криз патша», «Пан-Жи-Занхан», «Ұждан», «Қолшатыр бұйрығы» әңгімелерін де қазақ оқырманына өлеңмен жеткізді. Ақынның осы аудармаларында бірқатар жаңа қолданыстар мен кірме сөздер кездеседі. Ақын мұрасын тілдік тұрғыдан зерттеу кезінде мұндай атаулардың жасалуы мен қолданысын анықтауға мән берген жөн. Мұндай жұмыс ең алдымен ақынның жеке қолтаңбасын, тілдік-стильдік ерекшелігін, тәржімешілік тәжірибесін нақты көрсетумен қатар өткен ғасыр басындағы әдеби тіл дамуының кезеңдік сипаты мен аударма, сөзжасам, сөзқолданыс жайынан да мәлімет береді.

Енді ақын аудармаларындағы жаңа қолданыстарға келер болсақ, Шәкәрімнің «Дубровский» аудармасынан *ақшақұмар (деньгоман), борышқор (холоп), жолкесер*

(разбойник), жолхат (подорожная, подорожная грамота), куәлік (свидетельство), қарауылшы (сторож), отарба (поезд), от қару (огнестрельное оружие), итші (псарь), темірші (кузнец), шолғыншы (дозорный), миллионшік (миллионер), қышлақ (деревня) сынды сөздерді кездестіруге болады. Осы сөздердің барлығы дерлік сол кезеңде жаңадан жасалған немесе жаңа мағынада жұмсалған, орыс сөздерінің баламалары ретінде алынған атаулар. Сондай-ақ ақынның Л. Толстойдан аударған «Ұждан» әңгімесіндегі заңшы, «Қолшатыр бұйрығы» әңгімесінде қолданылған жарлық, қолшатыр, қала басы, қысымшылық сияқты сөздерді де осы қатарға қосуға болады. Бұл атаулар арасындағы «отарба», «от қару», «куәлік» сияқты атауларды ХХ ғасыр басындағы өзге де еңбектер мен сөздіктерден де кездестіруге болады. Олардың алғаш рет дәл қай еңбекте қолданылғаны, қай автордың қаламынан туындағаны әзірге анық емес. Алайда сол кезеңде пайда болғаны белгілі. Сол себепті оларды ақынның қаламына тели алмаймыз. Ал өзге еңбектерде кездесе бермейтін қолданыстардың бірқатарын аударма барысында ақын өзі туындатуы әбден мүмкін. Мәселен, біз өзге еңбектерден ұшырата қоймаған «итші», «борышқор», «миллионшік» тәрізді сөздер жайында соны айтуға болады. Шәкәрім аудармаларындағы «қышлақ», «жарлық», «қала басы» сияқты түркі тілдерінде оған дейін де болған сөздер нақты бір орыс сөздерінің баламасы ретінде жаңаша мағынада жұмсалыуымен ерекшеленеді. ХХ ғасыр басындағы түрлі еңбектер мен Шәкәрім ақын қолданған атаулар арасындағы куәлік (свидетельство), жарлық (указ), қолшатыр (зонтик) сияқты сөздер көпшілік санасына сіңіп, қазіргі әдеби тілімізде берік орнықты. «Борышқор» кейінгі жылдары экономика саласында «задолженник» терминінің баламасы ретінде қолданыла бастады. Осылардың арасындағы ХІХ ғасырда өз ұстазы, замандасы, немере ағасы Абай қолданбаған «қолшатыр» сөзінің ХХ ғасыр басындағы Шәкәрім шығармаларында қолданылуы ерекше назар аудартады. Бұл факт аталған сөздің ХХ ғасырдың алғашқы онжылдығында жасалуы мүмкін деген болжамға жетелейді. Біз қарастырған еңбектер мәті-

нінен Шәкәрімге дейін бұл сөзді қолданған авторларды әзірге кездестіре алған жоқпыз. Ендеше, «қолшатыр» сөзін Шәкәрім ақын Л. Толстойдың дәл осы шығармасын аудару кезінде жасауы мүмкін екендігін де жоққа шығара алмаймыз. Алайда кесімді пікірді бұл сөздің жасалу, қолданысқа ену тарихын індетіп іздеп, терең зерттеп барып, бұлтартпас нақты дәлелдер негізінде айтқан абзал деп санаймыз.

Зер салып қарар болсақ, ақын аудармаларындағы *жолхат* (*подорожная, подорожная грамота*), *итші* (*псарь*), *темірші* (*кузнец*), *шолғыншы* (*дозорный*) орыс сөздерінің мағынасын дөп басып, өте сәтті жасалған баламалар екендігін пайымдар едік.

Шәкәрім «слуга» сөзін «малай», ал «служанка» сөзін «малай қыз» деп аударса, «деревня» атауын «Боран» хикаятында да «Дубровский» аудармасындағыдай «қышлақ» деп алады. «Боран» аудармасында өзге жаңадан жасалаған баламалар, тың атаулар ұшыраспайды.

«Конвертті қолына алып Троекуров, Хатшысына оқытып, сөзін көрді» деген өлең жолдарындағы «хатшы» сөзін түпнұсқадағы «писарь» сөзінің баламасы ретінде алады. Бұл дерек қазіргі әдеби тілімізде «секретарь» сөзінің баламасы ретінде тұрақтаған «хатшы» сөзінің өткен ғасыр басында жасалғанын, өзге мағынада жұмсалса да, қолданыста болғанын көрсетеді.

Ақын-аудармашы «Дубровский әңгімесіне» жазған кіріспесіндегі «Ал, айтамын, айықтар ұға тұрсын, Ақылсыз мас мақтаны тыға тұрсын» деген жолдар мен шығарма мәтініндегі «Өн салған, арақ ішкен, өлеңдеткен, Кейі айық, кейі мас боп есі кеткен» деген өлең жолында «айық» сөзін орыс тіліндегі «трезвый» сөзінің баламасы ретінде қолданады. Негізінен тілімізде «айық», «айығу» түрінде етістік ретінде қолданылатын сөз бұл өлең жолында «мас емес, есін білетін» деген мағынаны білдіретін сын есім ретінде жұмсалып отыр. Өте сирек әрі ұтымды қолданыс. Шәкәрім орыстың «хижина» сөзінің баламасы ретінде «балаған» сөзін қолданады. Ақын өзі аударған америкалық жазу-

шы Гарриет Бичер-Стоун шығармасының атауын «Том ағайдың балағаны» («Хижина дяди Тома») деп атаса, Л. Толстойдан аударған «Ұждан» өңгімесінде «Халық жұмыс, шаруасынан босап, төтті ұйқыға кете бастағанда, Ұждан байлардың сарайына, кедейлердің балағанына кіріп, төсегіне жақын келіп: «Ей, кісі, маған қара!» дейтін еді» деп жазады. «Совесть» сөзін «ұждан» деп аударады.

Шәкәрім «лашық» немесе «шалаш» сөздерінің бірін алмай, қазіргі қазақ тілінде қолданыла бермейтін (немесе өте сирек қолданылатын) «қабырғалары ағаштан құрастырылып, шөппен жабылған уақытша баспана» деген мағынаны білдіретін «балаған» сөзін қолданады. Бұл сөз қазақ тілінен гөрі қазіргі орыс тілінде мына төмендегідей екі мағынасында әлдеқайда жиі қолданылады: 1. Временная лёгкая деревянная постройка для ярмарочной торговли, жилья, зрелищ и т. п. *устар.* 2. Старинное народное театральное зрелище комического характера с примитивным сценическим оформлением.

В. Даль бұл сөзді орыс тіліне татар тілінен енген десе, Д. Ушаков бастаған кейінгі орыс лексикографтары (هناخ الاب, *balaxanä* (*balaxana*) – верхняя комната, балкон) парсы тілінен енген сөз деп көрсетіп жүр. Біздіңше, сөздің о бастағы төркінін анықтау тұрғысынан осы соңғы ғалымдар тұжырымның ғылыми негізі беріктеу. Қазақ тілінен де оны растай түсетін тілдік деректер, нақты мысалдар табылады. Рабиндранат Тагордың «Күйреу» романын орысшадан қазақ тіліне аударған белгілі жазушы, білікті аудармашы Сафуан Шаймерденов осы «балахана» сөзін қолданған. «...Міне, сол сағаттарда Ромештің де кітап ала шығып, өз үйінің төбесінде балаханаға апаратын саты түбінде отыратын дағдысы болатын» деп жазады. Осы сөйлемдегі «балахана» қазақтың «бала» сөзіне парсының «хана» жұрнағын қосу арқылы жасалған туынды сөз емес, парсы сөзінің түпнұсқа тілдегі қалпында өзгеріссіз қолданылғанын көрсетеді. Ал Шәкәрім қолданған «балағанның» да одан алыс кетпегені байқалады. Орыс ғалымдарының орыс тіліне бұл сөздің алғашқыда «балагана» түрінде алынған деуі де соны

дәлелдей түседі. Одан *балаган*, *балаганить*, *балаганищик*, *балаганный* сияқты сөздер өрбіген. Түбі парсы сөзінің татарға дыбыстық өзгерістерге ұшырап «балаған» түрінде алынып, одан орыс тіліне енген деген қорытындыға келуге В. Даль пікірі мықты дәлел бола алады. Ендеше, Шәкәрім татар, қазақ сияқты туысқан түркі тілдеріне ертеректе парсыдан алмасқан «балаған» сөзін «хижинаның» баламасы ретінде пайдаланған деуімізге негіз жеткілікті. Егер Шәкәрім аудармасындағы «балағанды» орыс тіліндегі «балаган» сөзінің бір ғана дыбысын өзгертіп (г – ғ) қолданған нұсқасы десек, онымыз қисынға келмеген болар еді. Өйткені Шәкәрімнің шығарманы орысшадан қазақшаға аударатырып, «хижина» деген бір орыс сөзінің орнын онымен мағыналас «балаған» сынды екінші орыс сөзімен алмастыруына ешқандай негіз жоқ.

Шәкәрім тәржімалары орыс сөздерін түгелдей аударып, жаңа балама ұсынудан гөрі оларды тілге көбірек қабылдағандығымен ерекшеленеді. Сол себепті ақын қолданған ондай орыс сөздерін іштей еш өзгеріссіз орыс орфографиясы бойынша жазылған және қазақ айтылымына қарай өзгертіп алынған сөздер деп екіге бөлуге болады. Саны жағынан аударма мәтіндерінде соңғылары басымырақ.

Мысалы, Шәкәрімнің «Дубровский» аудармасында да бірқатар орыс сөздері қазақ айтылымына лайықталып, дыбыстық өзгерістермен беріледі. Олардың қатарына: *акті* (*акт*), *божы* (*вожжи*), *жалуана* (*жалованье*), *жандарал* (*генерал*), *жемшік* (*ямщик*), *кнеге* (*книга*), *көшір* (*кучер*), *кереует* (*кровать*), *Мәскеу* (*Москва*), *пауеске* (*повозка*), *прказшік* (*приказчик*), *сот* (*судья*), *спарвник* (*исправник*), *станса* (*станция*), *старшын* (*старшина*), *шеркеу* (*церковь*), *уезной сот* (*уездной суд*) сияқты сөздер мен сөз тіркесі кіреді.

Сондай-ақ «*отарба вокзалы*», «*почтовой станца*», «*сот законы*» тәрізді сөз тіркестерінің бір сыңары өзгертіліп, екіншісі өзгеріссіз жазылды. «*Почташы* айтып еді саламын деп» деген сөйлемде орыс тіліндегі «почта» сөзінің түбірі сол қалпында алынып, оған қазақтың сөз тудырушы жұрнағын жалғау арқылы жасалған «почташы» (почтальон) сөзі жұмсалады.

А.С. Пушкиннің «Метель» повесінің Шәкәрім өлеңмен аударған «Боранында» да *газет (газета), отпеске (отпуск), жәмшік//жемшік (ящик), көшір, облыс (область), шамадан (чемодан), шіркеу (церковь), самауыр (самовар)* тәрізді бірқатар орыс сөздері қазақ айтылымына икемделіп қолданылады. Осы повесте аудармашы *Нинандырып (Ненарадово), Бермин (Бурмин), Марья Гавриловна (Мария)* сияқты кісі есімдері мен *Мәскеу (Москва), Шадрин, (Жадрино)* сияқты қала мен деревня атауларына да біршама дыбыстық өзгерістер жасайды. «Ұждан» мәтінінде кірме атаулар *зәқун (закон), параграф (параграф)* түрінде қолданыс табады.

Ал енді өзгеріссіз қолданылған орыс сөздеріне келер болсақ, жоғарыда атап өткеніміздей, Шәкәрім аудармаларында ондай сөздер жиі кездеседі. Мәселен, «Дубровский әңгімесінде»: *альтар, апелляция, билет, бомба, вокзал, динамит, дознание, документ, заграница, закон, задатка, закуска, заседатель, конверт, конвой, князь, крепость, майор, монастырь, офицер, перевод, почта, приказной, протокол, разбойник, салом, секретарь, сигнал, солдат, староста, тройка, университет, учитель, февраль, чемодан, чиновник, член, фонарь, «Боран» повесінде: газета, доктор, конверт, лагерь, медаль, офицер, пушка, солдат, стакан, стол, француз, шкаф, эполет, Гусарский полк* тәрізді сөздер мен сөз тіркесі аударылмай, дыбыстық өзгерістерге ұшыратылмай, түпнұсқа мәтіндегі қалпында алынады. Осы аудармада *Владимир Дубровский, Троекуров, Саврила Саврилович, Прасковья Петровна, Андрей, Антон, Тимошка, Шабашкин* сияқты кісі есімдері мен *Вильно, Кистеневка* – қала, елді мекен атауы түпнұсқадағыдан еш өзгеріссіз, орыс орфографиясы бойынша қолданылады. Сондай-ақ «Пан-Жи-Зан Хан» аудармасында *пароход, рапорт, «Қолшатыр бұйрығында» частой, «Ұждан» әңгімесінде закон, копия, комиссия «Үш сауал» ертегісінің мәтінінде де алдыңғы аудармаларында қолданылған доктор, солдат* тәрізді сөздер өзгеріссіз жұмсалады.

Осы «Ұждан» әңгімесінің бір жерінде заң (закон) түрінде орысшасы жақша ішінде берілсе, екінші жерде «закүн»,

тағы бірнеше сөйлемде «закон» деп тек орысшасы қолданылады. Мысалы: «Бірақ біздің ақылымыз жетпейтін жері – заң (закон) жазғанмен, ол қыздың жолы қалайша болып бекітіледі?» дегенде, бабай айтты: «Ей, балалар! Тіпті оңай нәрсені қалайша ұқпайсыздар? Келіңіз, әуелі закүн жазайық!» (Ұждан).

Бұдан ХХ ғасыр басында «заң» сөзінің жаңадан қолданысқа ене бастағанын, әдеби тілдегі қолданысының әлі орныға қоймағанын байқауға болады. Сондай-ақ осы әңгімеде «заң» сөзінен өрбіген жаңа «заңшы» сөзі бірнеше рет қолданылады.

Шәкәрім ақын тәржімелерінде араб пен парсы тілдерінен енген *гафыл* (*гапыл*), *махкеме* (*мекеме*), *фәрмән* (*пәрмен*), *пияла* // *пиала* (*парсы. لاله [пийале]*), *тәрбия* сөздері мен көптеген түркі тілдерінде түрлі нұсқада қолданылатын *қышлақ* (*қыстақ*) сөзі де қазіргі орфографиямыздан өзгеше жазылады.

Жоғарыдағы кірме сөздермен қатар қазіргі әдеби тіліміздегі қолданысы әбден орныққан, емле сөздігімізде «патша», «патшалық» деп жазылатын сөздер ақын аудармаларында «патса», «патсалық» түрінде жұмсалады. Мысалы: «Патса сонан ақыл сұрамақ болып, құба төбел киініп, жаяу барса, ағаш егетін шұқыр қазып жатыр екен» (Үш сауал); «Өктемдікпен зорайтқан патсалығын, Маңдағы нашар елдің бәрін қырып» (Криз патша); «Қытай патсалығы – ең ескі патсалық» (Ұждан).

Сонымен қатар қазіргі әдеби норма болып саналатын «ғашық», «ғашықтық», «кешірім сұрау», «кешірім алу», «ұмыту», «ұмытылған», «ұмытып кету» сөздері мен тіркестері де Шәкәрім аудармаларында «асық», «асықтық», «кешу сұрау», «кешу алу», «мұтылған», «мұтып кету» нұсқаларында қолданылады. Мысалдар: «Мариямен бір-біріне болған асық», «Мен Сізге болдым асық», «Асықтық жүректегі жанбай тұрмас», «Айтады асықтығы асқандығын», «Хат жазды ата-анадан кешу сұрап», «Кешу сұрап жақындық іс қыларға». «Сол қыздан көрсем кешу алар едім», «Берминнің кешу сұрап жылағаны» (Боран);

«Аздан соң оның сөзін мұтып кетті, Басында батса-дағы шымбайына...» («Криз патша») және т.б. Сонымен қатар осы соңғы етістіктің есімше формасы қолданылған ақынның «Мұтылғанның өмірі» атты ғұмырнамалық өлеңі бар екені де жұртшылыққа мәлім.

Шәкәрім аудармаларында ұшырасатын «Көп адам қырғын тапқан заңғар соғыс», «Әскерімсің төбесі көкке жетіп» деген сияқты өлең жолдарындағы «заңғар соғыс» деген авторлық тіркес пен «әскерімсің» (әскерсініп, әскер екенін көрсетіп) тәрізді ерекше сөз қолданыстары да көңіл аудартады.

XX басында қазақ оқығандары аудармаға көп көңіл бөліп, тәржімешілік кәсіпті терең игеруге, отандық тәржіме мектебін қалыптастырып, тәржіметанудың іргетасын қалауға өлшеусіз көп еңбек сіңірді. Солардың арасында көркем аудармаға айрықша атсалысып, бұл саланың негізін қалауға қазақтың аса көрнекті ақыны, философ, тарихшы, жан-жақты білім иесі Шәкәрім Құдайбердіұлының қосқан үлесі де зор болды. Біз оның аударма мұрасына сөз жасам, сөзқолданыс тұрғысынан қарай отырып, аудармаларындағы автордың өз тарапынан жасаған және сол кезеңде пайда болған жаңа қолданыстар мен кірме сөздерді қалай пайдаланғанын анықтауды ғана мақсат еттік. Қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі, ұлтымыздың маңдайалды тұлғаларының бірі, Шәкәрім сынды ірі білімпаздың аудармаларын әр қырынан зерттесек, оның аудармашылық шеберлігі мен шығармашылығының өзіне тән көркемдік-стильдік ерекшеліктерін барынша таныта түсетін тың деректердің әлі де табыла берері еш күмән туғызбайды.

1.2. Әлихан Бөкейхан аудармалары

Әлихан Бөкейханның соңында қалған мұраларының елеулі бөлігі – аудармалары. Аудармашылық – оның шығармашылық қызметінің маңызды қыры. Алаш зиялысы көркем аудармамен, ғылыми, ғылыми-танымдық,

саяси әдебиеттер мен түрлі пән оқулықтарын, оқу-ағартуға арналған құралдарды аударумен де айналысты. Аудармашы қаламынан туындаған еңбектердің көлемі жағынан көбірегі – көркем аудармалары. Олардың арасында қысқа-қысқа мысалдар мен әңгімелер де, көлемді повестер мен романдар да бар. Алаш зиялысы қаламынан туындаған шығармалары әлем әдебиетінің жауһарлары саналатын Ги де Мопассан, О. Уайльдтің, көрнекті орыс классиктері Л.Н. Толстой, А.П. Чехов, И.С. Тургенев және В.Г. Короленко, Д.Н. Мамин-Сибиряктің шығармаларын, көне гректің әйгілі ақын-мысалшысы Эзоп мысалдарын, орыс генералы, этнограф, археолог, тарихшы, фольклор зерттеушісі, профессор Н.А. Маркстің «Қырымның ескі әңгімелерін» аударды. Ә. Бөкейхан – Абай, Шәкәрімнен бастау алатын қазақтың көркем аударма дәстүрін қалыптастырушы, оның негізін қалаушылардың бірі.

Ә. Бөкейхан қаламынан туындаған көркем аудармалар. Л.Н. Толстойдан: «Қажы-Мұрат» («Хаджи-Мурат») повесін, «Сурат кофеханасы» («Суратская кофейная»), «Кавказ тұтқыны» («Кавказский пленник»), «Жұмыртқадай бидай» («Зерно с куриное яйцо»), «Күн» («Солнце – тепло»), «Жеті қарақшы» («Большая медведица»), «Бір адамға қанша жер керек?» («Много ли человеку земли нужно?»), «Магнит» әңгімелерін аударды. Сонымен қатар Эзоп пен Л.Н. Толстойдан аударған мысалдары «Жетпіс жеті мысал» деген атпен жарық көрді. Ги де Мопассаннан: «Симонның әкесі» («Отец Симона»), «Күзетте» («У смертного одра»), Жарасын жасырған (алдырған) ана» («Старуха Соваж») «Ақсақ кемпір» шығармаларын аударды. О. Уайльдтан: «Жұлдыз бала» («Мальчик-звезда»), И.С. Тургеневтен: «Торғай» («Воробей»), А.П. Чеховтан «Қамелеуін» («Хамелеон»), В.Г. Короленкодан: «Мақардың түсі» («Сон Макара»), «Жұмбақ қыз» («Чудная»), «От»//«Шырақ»//«Түндегі от» («Огонки»), Д.Н. Мамин-Сибиряктан: «Баймақан» («Баймаган»), «Қара ханым» (Қара-ханым), «Өзі», Джеймс Барриден «Ана күн» («Дер таг») пьесасын және Н.А. Маркстің «Ескі Қырымның сөздері» («Легенды Крыма»)

жинағынан: «Пайғамбарға хат» («Письмо Магомету»), «Азамат Юсуф» («Мюск-джами»), «Ешкі тау» («Эчкидаг – Козья гора»), «Герейдің жойылуы»//«Герейдің ажалы», («Гибель Гирея»), «Құрбан қия» («Курбан-Кая – жертвенная скала»), «Тілік қия» («Деликли Кая»), «Сұлтан Сәли» («Султан-Салә»), «Жынның моншасы» («Чертова баня»), «Қыздың сарайы» («Девичья башня»), «Жын мен қызыл» («О Шайтане и кизиле»), «Махаббат» («Святая могила»), «Антарам» сынды аңыздар мен әпсаналарды аударған.

Әлихан Бөкейхан батыс пен орыс классиктерінің, танымал жазушылардың көркем шығармаларын аударуда қазақ халқын әдебиеті мен өнері дамыған жұрттардың үздік шығармаларымен, озық ойларымен таныстыруды мақсат еткен. Ол қазақ әдебиетіндегі мысал жанрының дамуына да үлкен үлес қосты. Ол аударған мысалдардың басым көпшілігі Эзоп мысалдарының сюжетіне негізделеді.

Ә. Бөкейханның Қырымның оңтүстік-шығыс жағалауындағы Феодосия қаласында туып өскен, қырым татарларының тұрмысы мен тілін жақсы білген орыс генералы, тарихшы-этнограф ғалым Никандар Александрович Маркстің «Қырымның ескі әңгімелерін» аударуы кездейсоқ емес. Н. Маркстің қырым аңыздары мен әпсаналарының бұл жинағы алғашқыда 1913 және 1914 жылы Мәскеуде, 1917 жылы Одессада үшінші рет басылған. Жарыққа шыққан бойда бар таралымы бірден сатылып кеткен. Алаш көсемі «Ескі Қырым сөздерін» араға уақыт салмай бірден аударып, ізінше 1915 жылы «Қазақ» газетінің бірнеше санында жариялаған. Ә. Бөкейханның бұл аңыз, әпсаналарды қазақшаға аударуда туыстас түркі халқының өмір-тарихына қатысты құнды деректерге толы, тартымды баяндалған еңбекті қазақ қауымына кешіктірмей жеткізуді мақсат еткен деуге болады.

Кез келген қоғамда діннің алатын орны айрықша. Ұлт көсемі, ірі саяси қайраткер болған тұлға мұндай аса маңызды мәселеге назар аудармай тұра алмайды. Әлихан Бөкейхан қашанда дін мәселесіне, қазақтың діни танымының көкжиегін кеңейтуге, діннің қоғам мен адам өмірін-

де алатын орнын жан-жақты ашып көрсетуге мақсатты түрде көп еңбек сіңірген ұлт зиялысы. Ол діни адасушылық, діни өзімшілдік, діни фанатизм мәселелеріне ерекше ден қойды. Оның «Сурат кофеханасы» немесе «Дін таласы» деп аталған аудармасында «Дін турасында адасу түбі намыстан, өзімшілдіктен. Әр адам құдай өзімдікі, я отанымдікі, я діндесімдікі болса екен дейді. Күллі дүниеге сыймайтын ұлығ төңірін әр жұрт өзінің ғибадатханасына қамағысы келеді. Адамдар үшін құдайдың өзі жасаған ғибадатханасы – жиһан» деген жолдар бар. Бұл орайда онымен замандас алаш зиялыларының бірі Қошке Кемеңгерұлы ұлт көсемінің бұл саладағы қызметі туралы: «Ол өз серіктерін, қазақ оқығандарын татардың діни фанатизмінен арашалап қалды» деген пікір айтады.

Ә. Бөкейхан аударған ғылыми, ғылыми-танымдық, саяси, оқулық әдебиеттер: К. Фламарионнан аударған «Астрономия әліпбиі» (*«Общедоступная астрономия»*. Мәскеу, 1924. – 225 бет); Д. Граведен аударған «Дүниенің құрылысы» (Мәскеу: Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы, 1926. – 101 бет); Т. Тутковскийден аударған «Жердің қысқаша тарихы». (Мәскеу, 1926. – 102 бет); Мұғалімдерге хат: Пыланеттер. (*«Жаңа мектеп»*, 1926, №14-15. – 21-25-бб.) және «В.И. Лениннің күнделіктері», Н.И. Бухариннің «Тарихи затшылдық қисыны» (*«Теория исторического материализма»*), Н.К. Крупскаяның «Халықты ағарту туралы Лениннің өсиеті» (*«Заветы Ленина в области народного просвещения»*) сияқты еңбектер. Ғылыми, ғылыми-танымдық және саяси әдебиеттерді ол қазақ танымына сәйкестендіріп, түпнұсқаға өз тарапынан өзгерістер енгізе отырып аударарды. Түпнұсқа мәтініне байланбай, қазақ оқырманына лайықтап, өзінің сөз саптау мәнерімен, өз стилімен баяндайды. Осы еңбектерінде ол көптеген астрономия, география және қоғамдық-саяси терминдерді қазақ тілінде жасап, қолданады.

Ә. Бөкейхан аудармаларының ХХ ғасыр басындағы жариялануы. Оның қазіргі уақытқа дейін әлихантанушылар тарапынан жинақталып, жұртшылыққа ұсынылған мол

мұрасының ішінде 1900 жылы «Дала уалаяты» газетінің 10, 11 сандарында жарияланған Л.Н. Толстойдан аударған «Сурат кофеханасы» («*Суратская кофейня*») атты көлемді әңгімесі алғашқы аудармасы деп саналады. Араға он үш жыл уақыт салып, бұл әңгіме 1913 жылы «Қазақ» газеті жарыққа шыққанда оның 1, 3 және 4 сандарында «Дін таласы» деген атпен екінші рет жарияланды. Ал Л.Н. Толстой бұл шығарманы француз жазушысы Бернард де Сен-Пьерден аударған.

1915 жылы «Қазақ» газетінің бірнеше санында Ә. Бөкейханның аудармалары жарияланды. Олар: Н.А. Маркстің «Ескі Қырымның сөздері» жинағынан аударған «Пайғамбарға хат» («*Қазақ*», 1915. №97.), «Азамат Юсуф» («*Қазақ*», 1915. №133), «Ешкі тау» («*Қазақ*», 1915. №134), «Герейдің жойылуы» («*Қазақ*», 1915. №135), «Құрбан қия» және «Сұлтан Сәли» атты екі әңгімесі («*Қазақ*», 1915. №136), Джеймс Барриден аударған «Ана күн» пьесасы («*Қазақ*», 1915. №115), Л.Н. Толстойдан аударған «Жұмыртқадай бидай» («*Қазақ*», 1915. №139), А.П. Чеховтан аударған «Қамелеуін» («*Қазақ*», 1915. №140), В.Г. Короленкодан аударған «От» («*Қазақ*», 1915. №141).

Әлихан Бөкейхан Мәскеуде КСРО халықтарының орталық баспасында қазақ секциясының әдеби қызметкері болып еңбек еткен 1922-1927 жылдары көркем аудармаға көбірек ден қойған. Оның көркем аудармаларының басым бөлігі осы кезеңде 1923-1927 жылдары жарыққа шықты. Ә. Бөкейхан орышадан аударған В.Г. Короленконың «Мақардың түсі» әңгімесі 1923 жылы Мәскеуде жеке кітап болып басылды. 1924 жылы Л.Н. Толстойдан аударған «Қажы-Мұрат» повесі КСРО халықтарының Кіндік баспасынан жарық көрсе, Ташкентте шығып тұрған «Сәуле» журналында «Күн» (№4. 16-18-бб.) және «Магнит» (№4. 21-22-бб.), «Жетіқарақшы» (№5. 21 б.) әңгімелері жарияланды. Ал ұлы орыс жазушысының «Қыр баласы» аударған «Кавказ тұтқыны», «Жұмыртқадай бидай», «Жеті қарақшы» атты үш әңгімесі енген жеке жинақ 1925 жылы Мәскеудегі «КСРО халықтарының Кіндік баспасынан» араб

әршімен басылып шықса, 1926 жылы «Жаңа мектеп» журналында «Бір адамға қанша жер керек» (№9-10. 77-88-бб.) әңгімесі жарық көрді. Эзоп пен Л.Н. Толстойдан аударған мысалдары «Жетпіс жеті мысал» деген атпен 1925 жылы Мәскеуде «КСРО халықтарының Кіндік баспасынан» жеке кітап болып басылды.

Алаш зиялысының О. Уайльдттан аударған «Жұлдыз бала» ертегісі 1923 жылы Ташкентте «Ақ жол» газетінің 381-384 сандарында, Ги де Мопассаннан аударған «Күзетте» («Сәуле», 1924. №4. 9-13-бб.), «Жарасын жасырған (алдырған) ана» («Жаңа мектеп», 1925. №4. 65-71-бб.), «Симонның әкесі» («Жаңа мектеп», 1926, №6. 57-64-бб.), «Ақсақ кемпір» («Әйел теңдігі», 1927. №10-11. 109-112-бб.), Л. Толстойдан аударған «Қажы-Мұрат» («Ақ жол», 1923. №377-378. Орынбор), «Күн» («Сәуле», 1924. №4. 16-18 б.), «Магнит» («Сәуле», 1924. №4. 21-22 б.), Н.А. Марстің «Ескі Қырымның сөздері» аударған «Герейдің ажалы» («Темірқазық» журналы, Мәскеу, 1923 жыл. №1. 23-б.), «Пайғамбарға хат» («Темірқазық» журналы, Мәскеу, 1923 ж. №2-3.104 б.), «Қыздың сарайы» («Ақ жол», 1924. №393. Ташкент), «Жын мен қызыл» («Ақ жол», 1924. №405. 2-б. Ташкент), «Махаббат» («Сәуле», №1, 1924), «Тілік қия» («Ақ жол», №441, 2-3-бб. 1924 ж. Орынбор), «Жынның моншасы» («Сәуле» журналы, Ташкент, 1924ж. №4. 13-15), «Антарам» («Сәуле», 1924. №4. 18-21-бб.), «Құрбан қия» («Сәуле», 1924. №4. 23-24-бб.), И.С. Тургеневтен аударған «Торғай» («Сәуле», 1924. №1. Ташкент), Д.Н. Мамин-Сибиряктан аударған «Қара ханым» («Жаңа мектеп», 1926. №7-8. 81-94 б.), «Өзі» және «Баймақан» әңгімелері (Мәскеу, КСРО халықтарының Кіндік баспасы», 1926.), В.Г. Короленкодан аударған «Түндегі от», «Жұмбақ қыз» әңгімелері (Мәскеу, «Кеңес Одағы елдерінің Кіндік баспасы», 1926) жарыққа шықты.

Аудармашы Әлихан Бөкейхан өзі аударған көркем шығармалардың кейбіреулерінің атауларын дәл автордікіндей сөзбе-сөз аудармай, мазмұнына қарай өзгертіп қояды. Мәселен, Қырым аңыздары мен әпсаналарынан

«Мюск-Джамиді» – «Жұпар иісті мешіт» немесе басқалай аудармай, «Азамат Юсуф» деп аңыздың негізгі кейіпкерінің атымен атайды. «Письмо Магомету» аңызын «Мұхаммедке хат» демей, «Пайғамбарға хат», «Святая могоиланы» «Махаббат» деп аударған. Ги де Мопассаннан аударған «Старуха Соваж» әңгімесін «Соваж кемпір» демей, оған әңгіме мазмұнына қарай «Жарасын жасырған (алдырған) ана» деген атау береді.

Ә. Бөкейхан кейбір шығармаларды араға уақыт салып жаңаша аударып, олардың атауларын да өзгерткен. Мысалы, В.Г. Короленкодан аударған «Огоньки» әңгімесін «От» деген атпен «Қазақ» газетінің 1915 жылғы №141 санында жарияласа, екінші рет «Шырақ» деген атпен 1923 жылы «Темірқазық» журналының №2-3 сандарында жариялаған. Шағын әңгіменің екі аудармасында елеулі өзгеріс бар. Бастан-аяқ қайта аударылған десе болады.

Н. Маркстің «Ескі Қырым сөздерінен» аударған «Гибель Гирея» аңызын «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 135-ші санында «Герейдің жойылуы» деген атпен жарияласа, «Темірқазық» журналының 1923 жылғы 1-ші санында бұл тақырыбын өзгертіп, «Герейдің ажалы» деген атпен қайта жариялаған.

Ә. Бөкейхан аудармалары қазан төңкерісіне дейінгі «Дала уалаятының газеті», «Қазақ» газеттерімен бірге төңкерістен кейінгі Кеңестік кезеңде ХХ ғасыр басында шыққан «Темірқазық», «Жаңа мектеп», «Кедей туы», «Әйел теңдігі», «Еңбекші қазақ», «Ақ жол», «Сәуле» және тағы басқа мерзімді басылым беттерінде жарияланып тұрды және жеке кітап түрінде де жарық көрді.

Алаш көсемі өзі аударма жасаумен қатар өзге авторлар аударған көптеген еңбектерге де пікір білдіріп, рецензиялар жазып отырды. А. Байтасұлы аударған профессор Ю. Вагнердің, «Жануарлар туралы әңгімелер», М. Әуезов аударған «Жердің жаратылысы жайында әңгімелер», М. Томскийдің Ешмағамбетұлы аударған «Ресейдегі кәсіпшілер қозғалысы» туралы кітаптарына рецензия жазған. Осылайша ол отандық аударматанудың негізін қалауға, оның қалыптасуына елеулі үлес қосты.

Ескерту:

Жоғарыда сөз болған Әлихан Бөкейхан аудармалары негізінен ғалым-қайраткердің Ә. Бөкейханның таңдамалы шығармаларынан (*Ә. Бөкейхан. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. – 398 б.*) және 9 томдық шығармаларының толық жинағы (*Әлихан Бөкейхан. 9 томдық шығармаларының толық жинағы. – Астана: «Сарырақа», 2009-2013.*) сияқты әдебиеттер алынып, түпнұсқаларымен немесе орыс тіліндегі аудармаларымен салыстырылды. Көптеген әдебиеттерде Әлихан аудармаларының тек қазақша атаулары ғана көрсетіліп жүргендігі зерттеуші, ізденушілерге оларды іздеп, салыстыра талдау барысында қосымша қиындық туғызатынын ескере отырып, бірқатарының орыс тіліндегі қай автордың қандай еңбегі екендігі де аталып көрсетілді.

1.2.1. Әлихан Бөкейхан аудармаларының ерекшеліктері

Аса көрнекті мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейхан ірі саясаткер болумен қатар бірнеше саланы меңгерген кең тынысты ғалым әрі талантты шығармашыл тұлға еді. Оның шығармашылығының айрықша бір қыры – аудармашылығы. Жастайынан ана тілінің уызына жарып өскен ол орта, жоғары білімді орыс тілінде алды. Саяси қуғын-сүргінге толы өмірінің көп жылын елінен жырақта – Ресей жерінде, Мәскеуде өткізді. Ғалым ретінде зерттеу еңбектерін жазып, журналист болып көптеген мақалалар жазды. Бірнеше орыстілді газеттің редакторы болды. Ол – Ш. Уәлиханов сынды ірі ғалымнан кейінгі қазақ арасынан шыққан, ана тілімен қоса орыс тілін де жетік меңгеріп, өз заманының алдыңғы қатарлы жоғары оқу орнын бітіріп, озық білім алған ұлт зиялысы. Екі тілге де жүйрік білімпаз қаламынан туындаған шығармаларының денін негізінен орыс тілінен қазақ тіліне аударды. Қазақ тілінен орысшаға аударғандары да бар. Ол өзінің аудармашылық қызметінде мәтіннің

барлық түрін аударды. Шығармашыл тұлғаның қаламына тиесілі еңбектердің арасында көркем мәтін де, ғылыми мәтін мен ғылыми-көпшілік мәтіндер де бар. Қаламы жүйрік оқымысты балаларға арналған оқулық әдебиеттерді де, саяси әдебиеттерді де, ғылыми еңбектер мен публицистикалық әдебиеттер де аударды. Оның шығармашылығымен, жасаған аудармаларымен танысқан адамның бір шындыққа анық көзі жетеді. Ол шындық – алаштың Әлихананың кімнің еңбегін, қай шығарманы таңдаса да, ең алдымен, қазаққа керек, қазақтың қажетіне жарайды деген еңбектерді аударғандығы. Оның аудармаларынан да «Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген өмірлік мақсатының айқын көрініс беріп тұрғанын көруге болады.

Ә. Бөкейхан аудармаларының кейбір ерекшеліктерін анықтау мақсатында оның қаламынан туындаған түрлі стильге тән мәтін аудармаларына қысқаша тоқталалық. Алаш зиялысы тәржімелеген еңбектердің елеулі бөлігі – көркем шығармалар. Олардың қатарына әлем әдебиетінің жауһарлары саналатын Ги де Мопассан, О. Уайльдтің, көрнекті орыс классиктері: Л.Н. Толстой, А.П. Чехов, И.С. Тургенев және В.Г. Короленко, Д.Н. Мамин-Сибиряктің шығармаларын, көне гректің әйгілі ақын-мысалшысы Эзоп мысалдарын, орыс генералы, этнограф, археолог, тарихшы, фольклор зерттеушісі, профессор Н.А. Маркстің «Қырымның ескі әңгімелері» жатады.

Бір ғана еңбекте олардың бәрін қамтып, кеңінен талдау жасау мүмкін бола қоймас. Сондықтан жекелеген мысалдармен ғана шектелеміз.

Бірінші мысал:

«Вообще крестьянки редко смеются. Это уж мужское дело. У них же душа скорбная и замкнутая, под стать их унылой, беспросветной жизни. Мужчина иногда приобщается к шумному веселью кабака, а жена его всегда сумрачна, и вид у нее строгий. Мышцы ее лица не приучены сокращаться от смеха» деген Ги де Мопассанның «Старуха Соваж» шығармасынан алынған мына үзіндіні ол төмендегідей аударды:

«Күлсе – ер күледі. Әйелге күлкі қайда? Әйел күні – сәулесіз түн, ойын кескен қайғы мен сары уайым. Ер атқа мініп, ел қыдырып, қымыз ішіп, той тойлап, ойын-күлкіге қарқ болады. Әйел отбасы шаруадан тиген соң ұмытып кетед, күлуден қалад: қыз күнінде қыздардың бәрі жақсы, ойбай-ау! Жаман қатын қайдан болады? Осыдан келеді».

Г. Мопассан француз шаруаларының, ерлері мен әйелдерінің өмір-тіршілігін суреттейді. Ә. Бөкейхан бастапқы екі сөйлемді орнын алмастыра отырып, түпнұсқаға сәйкес қазақша жатық аударады. Ал үшінші сөйлемді айтылған негізгі ойды сақтай отырып, еркін аударады. Төртінші сөйлемнен бастап, француз тұрмысы, қазақ тұрмысымен алмастырылады. Француз еркегі «шулы кабактарға» барып көңіл көтерсе, қазақ еркегі «атқа мініп, ел қыдырып, қымыз ішіп, той тойлап, ойын-күлкіге қарқ болады». Екі тілге бірдей жетік аудармашы мәтінді дәлме-дәл аударуға еш қиналып отырған жоқ. Саналы түрде осы қадамға барған. Неге? Француз шаруасының өмірі жайлы жазылған шығарманы қазаққа жақындата түсіп, қазақ оқырманына өз тұрмысы мен танымына лайық мысал береді. Француз жазушысының шығармасында жоқ, тек қазақ ішінде кеңінен тараған «Қыз кезінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады» деген қолданысты өз тарапынан қосады. Мұндай мысалдарды ол аударған өзге де көркем шығармалардан көптеп кездестіруге болады.

Ә. Бөкейхан аударған еңбектер арасында ғылыми, ғылыми-танымдық, оқулық әдебиеттердің де аз емес екенін айттық. Олардың қатарына К. Фламарионнан аударған «Астрономия әліпбиі» («Общедоступная астрономия». – Мәскеу, 1924. – 225 бет); Д. Граведен аударған «Дүниенің құрылысы» (Мәскеу: КСРО халықтарының Кіндік баспасы, 1926. – 101 бет); Т. Тутковскийден аударған «Жердің қысқаша тарихы» (Мәскеу, 1926. – 102 бет); Мұғалімдерге хат: Пыланеттер. («Жаңа мектеп», 1926. №14-15. – 21-25-бб.) және басқа да еңбектер кіреді.

Енді осы еңбектердің арасынан К. Фламарионнан аударған «Астрономия әліпбиі» («Общедоступная астрономия») еңбегінен бірер мысал келтірелік.

Екінші мысал:

«Известно, что тень от какого-то предмета напоминают своим видом самый этот предмет. Если перед стеною, освещенною солнцем или лампой, поместить квадратную тетрадь, то тень от этой тетради на стене будет также квадратною. Тень же от мячика будет круглою, как бы мы ни повертвали мяч». (К. Фламарион. *Общедоступная астрономия*. – Берлин, 1922. – С.21).

«Көлеңке нәрсе секілді: ат көлеңкесі ат секілді, кісі көлеңкесі кісі секілді, құс көлеңкесі құс секілді. Күнге қарсы төрт бұрышты қағаз ұстасақ, көлеңкесі де төрт бұрышты болады. Шамға, лампаға, әйтеуір жарыққа допты, құмалақты ұстасақ – көлеңке дөңгелек болады». (Әлихан Бөкейхан. *Шығармаларының толық жинағы*. – Астана, 2013 8-том; К. Фламарион. *Астрономия әліппесі*. Аударған Қыр баласы. – 232-бетте).

Түпнұсқадағы мәтін мен оның қазақ тіліндегі аудармасының айырмашылығы өте үлкен. Екінші мәтінді де түпнұсқа, авторлық мәтін деуге толық негіз бар. Ә. Бөкейхан астрономия авторының айтқан ойын қазақ ұғымына, ұлт дүниетанымына бейімдеп, қазақ оқырманына арнап мәтін түзеді. Өзі түзген мәтінге ол түпнұсқада мүлде жоқ «ат», «кісі», «құс», «құмалақ» сияқты атауларды мысал ретінде алады. Себебі, бұл ұғымдар қазақ оқырманының, ұлт тілінде білім алушының қабылдауына жақын. Осыны ескерген аудармашы мақсатты түрде түпнұсқадан «ауытқиды».

Үшінші мысал:

«...Земной шар должен быть привешен на огромной золотой цепи, укрепленной в небесной тверди, подобно тому, как висит люстра у потолка». (К. Фламарион. *Общедоступная астрономия*. – Берлин, 1922. С.33).

«Жер желбауға байланған көнектей, алтын жіпке байлаулы, аспанға асулы дескен» (Әлихан Бөкейхан. *Шығармаларының толық жинағы*. – Астана, 2013. 8-том; К. Фламарион. *Астрономия әліппесі*. Аударған Қыр баласы. – 242-бетте).

Бұл аудармадан да біз алдыңғы мысалдан көрген өзгешелікті байқаймыз. Дәлірек айтқанда, Ә. Бөкейхан аудар-

масын оқыған адам оны аударма деуден гөрі таза ұлт тілінде жазылған еңбек деп қабылдауына болады. Француз ғалымы жазған ғылыми-танымдық еңбекте тек қазақ тұрмысына тән «желбау», «көнек», «алтын жіп» сияқты этнографиялық ұғымдардың қолданылуы мүмкін бе? Әрине, бұл атаулар түпнұсқада атымен жоқ. Ал аудармашы Ә. Бөкейхан мұнда да қазақ баласының астрономияны өз ұғымдары, күнделікті тұрмыста өзі тұтынатын заттар арқылы мейлінше жеңіл қабылдауын, түсіндіріліп отырған материалдың ұғынықты болуын ойлаған. Сол себептен де осы мысалдарды өз жанынан қосқан.

Төртінші мысал:

«Ай» деп аталатын кітаптың тоғызыншы тарауы орысшасында «Кто не испытал удовольствия любоваться Лунею когда вечером она сияет на чистом небе?» деп басталатын болса, оны аудармашы: «Алтыбақан теппеген, ақсүйек ойнамаған, жарық Айдың қызығын пайдаланып қуанбаған алашта бала бар ма екен?» (8-т. 296-б.) деп аударады.

Бұл үзіндіде де «алтыбақан тебу», «ақсүйек ойнау» сияқты ұлттық ұғымдар мен «алаш» сөзі француз ғалымының еңбегіне енеді. Мұның бәрі сол еңбекті «жерсіндіру», астрономияны қазақ қауымы жатсынбай өзіне жақын ғылым ретінде қабылдауы үшін жасалып отырған аудармашының тәсілі, саналы әрекеті екені анық.

Бесінші мысал:

«...Что теперь никому из образованных людей не придет в голову ни на минуту усомниться в том, что Земля вертится» деген сөйлемді аудармашы былай береді: «Білім Жердің айналуына шәк келтірмейді: Бұл – сүттен ақ, өлімнен анық» (Әлихан Бөкейхан. *Шығармаларының толық жинағы*. – Астана, 2013. 8-том; К. Фламарион. *Астрономия әліппесі. Аударған Қыр баласы*. – 242-бетте).

Алтыншы мысал:

«Таким образом во всех точках одного и того же меридиана, одновременно занимающих прямое против Солнца положение, полдень будет в одно тоже время. Но другие места

Земли не успели еще к этому моменту занять такое же положение или уже прошли его. Поэтому различные точки земной поверхности не могут иметь одновременно один и тот же час дня. Только те из них, которые расположены на одном и том же меридиане (Москва, Тула, Ливны, Славянск, Мариуполь), встречая полдень в одно и то же время, также одновременно будут иметь один и тот же час в течение всего дня и всей ночи» деген абзацты аудармашы ықшамдап, қысқаша былай аударарды:

«Мысалы, Мәскеу, Тула, Смоленск, Мариуполь қалалары бір меридианда, көгендегі қозыдай, желідегі құлындай, бұлардың түсі, кеші, өзге уақыты күндіз болсын, түнде болсын – бір» (8-т. 262-б.).

Біқшамдалып аударылған осы жолдардағы «көгендегі қозыдай», «желідегі құлындай» деген теңеулер көшпелі өмір салтынан әлі қол үзе қоймаған, одан көп ұзап отырықшылық пен қала өміріне бейімделіп кетпеген ХХ ғасыр басындағы қыр қазағы, астрономия ғылымы туралы алғаш мәлімет алып отырған қазақ баласы жанына жақын қабылдайды. Өйткені бұл мысалдар олардың төл тұрмысынан алынып отыр.

Дәл осы сияқты «Земля кружится около солнца» деген тақырыпты ол «Қазықтан айналған аттай, жер күннен айналады» (8-т., 266-б.) деп аударарды. Сондай-ақ осы кітапта бұл мысалға ұқсас «Күн – қазық, Жер – қазықтан айналған арқандаулы ат» (8-т., 288-б.) деген де түпнұсқада жоқ сөйлемдер кездеседі. Қазақ ұғымына қандай жақын мысалдар. Қазық қағып, ат арқандап өскен, қазықтан айналған атты көріп жүрген қазақ баласы үшін қандай түсінікті мысал, жанына жақын көрініс.

Айта берсек, келтіре берсек, алаш көсемінің еңбектерінде мұндай мысалдар өте мол. Бұл жөнінде арнайы зерттеу еңбегін жазып, кеңінен талдаған жөн. Дегенмен Ә. Бөкейхан аудармаларының ұлттық сипатын, өзіндік ерекшеліктерін аша түсу үшін тағы бірнеше мысалды орысша мәтінінсіз бергенді жөн деп білеміз.

Жетінші мысал:

«Жер – аңшы, Ай – тазы. Жер өз орбитасында Күннен айналамын деп жосытып барады, Ай-тазы Жерді қуып, Жерден айналады» (8-т., 308-б.).

Сегізінші мысал:

«Ғлобусты – жерді суреттеген домалақты алып қарасақ, қазақтың киіз үйінің уығы секілді, шаңырақтың ортасына барып қосылмақ болып тұрған жоғарыдан төмен жарты дөңгелек сызықтар көреміз» (9-т., 259-б.).

Тоғызыншы мысал:

«Ай – аяқсыз тыныштық аймағы. Апарып жалқау қазақты ұйықтатып қояр ма еді: құмардан қандай шығар еді!» (8-т., 315 б.).

Оныншы мысал:

«Аспан кеңдігінде бір жұлдыз ауыл қонған күні адасқан құлындай шауып ана үйір жұлдызға бір барып, онан шығып мына үйір жұлдызға бір барып жүрсе, бұл – планет болғаны» (8-т., 324-б.).

Он бірінші мысал:

«Күннің осы баласы біріне-бірі ала қозыдай ұқсайды. Меркурий, Шолпан, Марс – біздің Жердің жиеніндей. Бойлары іркес-тіркес, үлкендігі құрдастай» (8-т., 342-б.).

Он екінші мысал:

«Шолпанды білмейтін алаш баласы аз-ды. Не заманнан бері Шолпанды өлең қылған, Шолпан сұлу деп ақыны ән салмаған ел жерде аз болады. Біздің қазақ сүйгенін «Шолпаным-ай!» деп келеді (8-т., 347).

Он үшінші мысал:

«Жетіқарақшы мен Темірқазықты білмейтін алаш баласы бар ма екен? Адасқанда жол тапқан, ашыққанда ел тапқан, тоңғанда от тапқан шырақ Темірқазық осы!» (К. Фламарион. *Астрономия әліпбиі* // Ә. Бөкейхан шығармаларының толық жинағы. 8-т., – 390-б.).

Он төртінші мысал:

«Жер дөңгелек – доптай, түйенің құмалағындай, жұмыртқадай». (К. Фламарион. *Астрономия әліпбиі. Аударған Қыр баласы*).

Он бесінші мысал:

«Жердің бір секундта жүргенін қазақтың бәйге аты сағатта шауып ала алмайды» (271-б.).

Он алтыншы мысал:

«Бұл ала қойдай анық» (8-т., 360-б.);

Он жетінші мысал:

«Комета қойдан момын» (8-т., 376-б.).

Осы жоғарыдағы келтірілген мысалдардағы сөйлемдер түпнұсқада мүлде жоқ, болуы да мүмкін емес. Өйткені ол француздар елінен алыс жатқан, Азия құрлығындағы Ұлы Дала халқының өмір-тұрмысынан алынған мысалдар. Француз оқымыстысы К. Фламмарион үшін олар түсіне кірмейтін бейтаныс ұғымдар. Алайда сол французға бейтаныс ұғымдарды пайдалану арқылы қазақтың оқымысты ұлы Ә. Бөкейхан француз ғалымы К. Фламмарион еңбегін қазаққа барынша жақындатқан. Қазаққа өз топырағында пайда болған, өз ұлы жазған төл еңбектей етіп аударуды мақсат еткен. Авторы белгілі аударма еңбек дегеніміз болмаса, шынында да ол Ә. Бөкейханның қаламынан шыққан төл туындысы сияқты болып аударылған. Оған жоғарыдағы мысалдар дәлел бола алады.

Қыр баласы аударған «Астрономия әліппесінде» бұдан өзге де ондаған ұлттық ұғымдар мен қазаққа ғана тән сөздер мен сөз тіркестері бар. Нәтижесінде бұл еңбектің авторы француз демесеңіз, аудармасы таза қазақы, ұлттық сипаты басым кітап болып шыққан.

Еңбекте қолданылған мына сөздер мен сөз тіркестері де аударманың ұлттық сипат алуына себеп болған атаулар: *қоралы қой, үйірлі жылқы (287-б.), сақа айғырдай, жетек (337-б.), сабаз атандай, енесін айнала шапқан құлындай (337-б.), байлаулы бұзау (8-т. 359-б.), ат сатып алатын кісідей айналдырып қарап (8-т. 364-б.), жауырын жағып, құмалақ салып (8-т. 365-б.), шылбырға арқандаған аттай, арқаны ұзын аттай (384-б.), үріккен қойдай (8-т. 401-б.), көкпардағы лақтай (8-т. 408-б.), тазыдай аш бел (9-т. 205-б.), сүндет ат (9-т. 24-б.), алтыбақан, асық, ауыл,*

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
*әткеншек, бақан, бөрік, желі (құлындарды байлайтын),
киіз үй, көк өгіз, қамшы, құмалақ, қымыз, сірке, уық,
шаңырақ, көгендегі қозы, желідегі құлын, үйдің белбеуі,
тақия, төр, қазақтың бәйге аты, қара мал тобығы, қозы
тобығы, қой құмалағы, қошқар құмалағы, түйе құмалағы
және т.б.*

Әлихан Бөкейхан жоғарыда атап көрсетілген ғылы-
ми, көркем әдебиеттермен қатар «В.И. Лениннің күнде-
ліктері», Н.И. Бухариннің «Тарихи затшылдық қисыны»
(«Теория исторического материализма»), Н.К. Крупская-
ның «Халықты ағарту туралы Лениннің өсиеті» («Заветы
Ленина в области народного просвещения») сияқты қоғам-
дық-саяси еңбектерді аударды. Саяси әдебиеттерді ол қазақ
танымына сәйкестендіріп, түпнұсқаға өз тарапынан өзгеріс-
тер енгізе отырып аударған. Түпнұсқа мәтініне байланбай,
қазақ оқырманына лайықтап, өзінің сөз саптау мәнерімен,
өз стилімен баяндайды. Осы еңбектерінде ол көптеген тер-
миндерді қазақ тілінде жасап, қолданады. Ол жеке әңгіме
арқауы боларлық мәселе.

Тағы бір айрықша атап көрсетуді қажет ететін мәселенің
бірі – аударма ісінің, ұлттық аударматанудың бастауында
тұрған тұлға Ә. Бөкейхан көптеген орыс мақал-мәтелдері
мен фразеологизмдерді қазақшаға және қазақ мақал-мәтел-
дерін, фразеологизмдерімізді орыс тіліне шебер аударған.
Мысалы, «Закон, что дышло: куда повернешь, туда и
вышло» деген орыс мақалын «Заң – арба жетегі, қалай бұр-
сақ, сол жақта болады» деп аударса, «Дело мастера боит-
ся» дегенді – «Іс ұстадан қорқады» (*Қыр баласы. Екі сиез.
«Қазақ» газеті, 1914 жыл. №52. Самар қаласы*), «Своя ру-
башка ближе к телу» дегенді – «Әркімнің өз көйлегі етіне
жақын», «Бери, коли плохо лежит» дегенді – «Бос жатса,
қалтаға тығыңыз», «Одежда нищего из ниток, собранных
по миру» дегенді – «Жұрттан жиған жіп – жалаңашқа көй-
лек», «Долг платежом красен» дегенді «Борыш көркі –
төлеу» деп аударып, қолданады. Сондай-ақ көптеген қазақ
мақал-мәтелдерін де орыс тіліне аударады. Олардың қа-

тарына мыналар жатады: «Аңқау елге – арамза молда» – «Простаку народу – прохожий проповедник», «Наивному народу – стяжатель священник», «Көше берсе – мал семіз, көшпесе – қатын семіз» – «Кочуешь, скот жирный, не кочуешь – баба жирна», «Тауда бұғының мүйізі сырқыраса, ауылда бұзаудың мүйізі қақсайды» – «Когда в горах ноют олени рога, тогда болят рога и у теленка в ауле» және т.б.

Бұл аталғандармен қоса ол орыс тілінен аударылған көптеген кітаптарға сын айтып, пікір білдіріп отырған. Мұхтар Әуезовтің аударуымен Түркістан мемлекеттік баспасынан жарық көрген «Жердің жаратылысы жайында әңгімелер» (Ташкент, 1924 жыл. – 92-бет.), Ю. Вагнердің Байтасұлы Абдолла аударған «Жануарлар туралы әңгімелер» (Ташкент, 1924 жыл. – 126-бет.), М. Томскийдің Ешмағамбетұлы аударған «Ресейдегі кәсіпшілер қозғалысы» (Қазақстан мемлекеттік баспасы, Орынбор, 1925. – 59-бет.), «Бұл кітаптың қазақшасы өте түсінікті. Ешмағамбетұлы орысшадан аударуға шебер екен... Н. Островскаяның Сапа Жүсіпұлы аударған «Еңбекшілерге кооперация не үшін керек?» (1925 жыл, Орынбор) сияқты көптеген еңбектерге сын-пікірлер жазып, олардың жетістігі мен кемшіліктерін атап көрсетеді. Стили мен терминдерді қолдануын сөз етеді. Сөйтіп, ол аударма сапасының жақсаруына, аударма еңбектердің тіліне ұдайы мән беріп отырған.

Әлихан аудармаларының ерекшеліктері ретінде мыналарды атауға болады:

Біріншіден, ол мәтіннің қай түрін (ғылыми, көркем, публицистикалық) аударса да, қазақ ұғымын, қазақ оқырманының таным-түсінігін ескеріп, аудармаларын қазақ қауымының дүниетанымына бейімдеп беріп отырады. Бұл оның мақсатты әрекеті, саналы түрде ұстанған қағидаты.

Екіншіден, қай автордан аударса да, түпнұсқа мәтіннің негізгі мазмұнын, айтпақ ойын, жалпы құрылысын, сюжетін, оқиға желісін сақтай отырып аударды. Бірақ дәлме-дәл, сөзбе-сөз аудармайды. Өз тарапынан мәтінге ой қосып, жеке сөз, тұтас сөйлем, мақал-мәтел қосып жіберетін тұстары да болады.

Үшіншіден, ол ұлт тілінің ерекшелігін, аударма еңбектерді тұтынатын оқырманның дүниетанымы мен білім деңгейін ескере отырып аударған.

Төртіншіден, ол түпнұсқа тілге байланып қалмай, аударманың төл еңбек сияқты қабылдануына үлкен мән бере отырып, еркін аударған. Өз жанынан толықтырып, қажет деп санаған жерлеріне өз мысалдарын қосып отырған. Сондықтан ол аударған еңбектердің аударма туындыдан гөрі авторлық сипаты басым түсіп, өз қолтаңбасы анық көрініп тұратын тұстары аз емес.

Аударманың бүгінгі биігі, бір ғасырда жеткен жетістігі, оған қазіргі уақыт талаптары тұрғысынан қарап, Әлихан аудармаларында дәлдік, түпнұсқаға сәйкестік, шығарма авторының өзіндік стилін сақтау жетіспейді дейтін зерттеушілер болуы әбден мүмкін. Дәлірек айтқанда, мәселеге бұл тұрғыдан қарай отырып талдау, сын айту өткен ғасырдың отызыншы жылдарының ортасында-ақ болғанын айтуға тиіспіз. Ондай сынды алашорда жазушылары мен оның көсемі Ә. Бөкейханов аудармаларына қатысты қызыл империяның қуғын-сүргіні шарықтау шегіне жетіп тұрған шағында Мұхтар Әуезов айтқан еді. Ол өзінің 1937 жылы жазылған «Пушкинді қазақшаға аудару тәжірибелері туралы» мақаласында былай деп жазады: «Алашорда жазушылары өздерінің салт-саналық, ұлтшылдық сарыны бойынша Еуропа жазушыларын қазақшалаудың орнына, қазақыландырмаса көңілдері көншімейтін. Мұның мысалы Бөкейхановта өте көп. Бөкейхановтың Ленин еңбектерін аударғанда салт-саналық қаскөйлігінен басқа, оның сол кездерде Толстойды аударған істерінде де Толстой ат-тонын ала қашарлық «өрнектері» болушы еді. Мұндай аударма жазушының айтамын дегеніне тілмаш болып, қазаққа өзімше түсіндірем деп ойға келген зорлығын істеген әсіре қазақыландыру болатын. Жазушының тың теңеу есебінде айтқан сөздерін, өрнегін қазақтың көпке мәлім болған, сонылығынан айырылған мақал-мәтелмен аудару.

Ол әр әдебиеттің, әр жазушының өзінше теңеуі, өзінше лұғаты, өзінше сөз мәдениеті, үлгі-стилі бар дегенмен есеп-

теспей, оның бәріне жауап ұратын, қазақ тілінің көлемінде менің топас іске күшім бар деген сөз еді. Былайша аударғанда орыс, Еуропа жазушысының бәрі өздерінің стилі, ерекшеліктерінен жүрдай боп, бәрі де бір-ақ қалыпқа соғылып, бір-ақ меркамен шығар да отырар еді».

Тәржімеге қойылатын талаптар, аударма дәлдігі, түпнұсқаның мазмұн-пішіні мен көркем шығармаға тілі, автордың өзіндік стилі тұрғысынан қарағанда М. Әуезовтің айтып отырғаны орынды болғанымен, алашордашылардың, алашорда көсемі Ә. Бөкейханның мұндай еркіндікке баруының себептеріне, қазақ оқырманының сол кезеңдегі деңгейі мен талап-тілегін де ескермесе болмайтын сияқты. Сондай-ақ Әлихан, Ахаң бастаған алаш зиялылары аудармадағы ондай еркіндікке саналы түрде барғаны дау туғызбайды. И. Тургеневтің «Фауст» тәржімесі жөнінде: «Аудармадағы дәлділік біз үшін аса қуантарлық жайт емес. Неге екенін түсіндіріп өтейік. Аударма бізге мейлінше аударма сияқты емес, дербес, төлтума шығарма тәрізді көрінсе, ол ғажап бола түспек» деп атап көрсеткеніндей, төлтумаға ұқсамайтын дәлдіктің бәрі сәтті бола бермейтіні тағы бар. Ондай еркіндік, «қазақыландыру» аудармадағы дәлшілдік пен еркіндік жайын арнайы сөз етіп, ол жөнінде алғаш мақала жазған, көркем аударманың сол кезеңдегі нағыз шебері Ж. Аймауытов тәржімелерінен де ішінара кездесіп отырады. Сондықтан Ыбырай, Абай, Шәкәрімдер мен Әлихан, Ахаңдар бастаған алаш оқығандарының аудармаларындағы еркіндікті көркем аударманың сол кезеңге тән ерекшелігінің бірі ретінде қабылдаған жөн болар деген пікірдеміз. Жалпы олардың мақсаты ағартушылық, қазақты ояту, оның санасына барынша әсер ету болғандықтан, әлем әдебиетінің озық үлгілерінің негізгі идеясын қазаққа өз тілімен, қазақы мәнерімен, ұлт болмысына бейімдеп жеткізу бірінші орында тұрғандығы байқалады. Ендеше, көркем аударма өнерінің ол кезеңі жөнінде сөз қозғағанда мәселенің осы қырын да назардан тыс қалдырмаған дұрыс шығар.

А. Пушкинді қазақшаға аудару туралы бұл мақаланың қуғын-сүргін, ұлт зиялыларын атып-асу науқаны

шарықтау шыңына жеткен дәл 1937 жылы жазылғанын да, зұлмат жылдар ызғарын, сұрқия саясат салқынын, қызыл империяның қара дауылдай үрей шашқан шағында жарық көруін де ескермеске болмас. Әйтпесе Мұхтар Әуезовтей көркем аударма жайын жақсы білген қазақтың аса көрнекті қаламгері, ірі әдебиетші ғалым, үлкен мәдениет иесінің өзі құрамында болған алаш партиясы, қатар еңбек еткен алаш қайраткерлері мен ұлт көшбасшысы Ә. Бөкейханға қатысты «қазақыландырмаса көңілдері көншімейтін», «салт-саналық қаскөйлік», «Толстой аттонын ала қашарлық өрнектер», «ойға келген зорлығын істеген», «сонылығынан айырылған мақал-мәтелмен аудару», «менің топас іске күшім бар» деген ауыр сөздерді айтпай-ақ, замандастарымен келіспейтін тұстарын көрсетіп, ойын орнықты, сөзін сыпайы саптап та жеткізе аларына еш күмән жоқ.

Мәтінді ұлттық мәдениетке бейімдеп алудың өлшемін аудармашы алдын ала өзі белгілеп алады. Ол өзге мәдениетті аударылып отырған ұлт мәдениетіне барынша бейімдеп (сильная адаптация) алуы, немесе әлсіз бейімдеп (слабая адаптация) алуы да, сондай-ақ қажетіне қарай екеуін араластырып алып отыруы да мүмкін. Әлихан бастаған алаш оқығандарының көпшілігі мәдени-этникалық ақпарат, мәдени ақпаратты алға шығарып, түпнұсқаны қазаққа барынша бейімдеп беруді көздеген.

Бірақ осыдан бір ғасыр бұрынғы қазақтың таным-түсінігі мен ұлт тілі қолданысының ерекшеліктерін, стильдік тармақтардың саралануы мен аударма өнерінің сол кезеңдегі даму деңгейін есепке алсақ, Әлихан өте білікті де шебер аудармашы. Аударма барысында да ол ұлт мүддесі мен тіл мүддесін биік қойып, аударманың ұлттық сипатын, төл шығармадай қабылдануын басты назарға алып отырған. Осының бәрін ескере келгенде, ұлтымыздың ұлы тұлғасы Әлихан Бөкейханды тәржімешілік кәсіптің, аударма өнерінің бастауында тұрған алғашқылардың бірі ғана емес, бірегейі деуге толық негізіміз бар.

1.3. Ахмет Байтұрсынұлының аудармаларындағы балама сөздер

(«Қырық мысал» негізінде)

Ахаң туралы: «Сан салалы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы туған тілдің, туған мәдениеттің басында тұрды. Туған тілдің әдеби нормасын жасады. Бірде-бір бөгде тілдің сөзін қоспай, бірде-бір цитата келтірмей, таза, мөлдір тілмен өзі тапқан қисынды баламалармен «Әдебиет танытқышты» жазып шықты» деп Ахаң туған топырақта дүниеге келген қазақтың көрнекті ақыны Сырбай Мәуленов жазғанындай, оның қаламынан туындаған шығармаларының қай-қайсынан да хас зергердің қолынан шыққан әсем бұйымдай мінсіз, қисынды баламалар молынан табылады. Тіл, әдебиет зерттеушілері Ахаң жасаған атауларды сала-салаға жіктеп, ол жөнінде айтып та, жазып та жүр. Оның сөз тудыру шеберлігі мен қазақтың сөзжасам, терминжасам саласының дамуына қосқан үлесі, тәжірибесі туралы арнаулы зерттеу еңбектері де жазылды. Соған қарамастан, Ахаңның шығармашылығына үңілген сайын оның қаламынан туындаған өз заманының жаңа атаулары мен қолданыстары әлі табыла береді. Осының өзі біздің тіл мамандарының, Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығын зерттеуші ахметтанушылардың алдында әлі де ғалым мұрасын жан-жақты әрі терең зерделей түсу міндеті тұрғанын аңғартады.

Ұлт ұстазының соңына қалдырған мұраларының елеулі бөлігі – оның көркем аудармалары. Осы аудармаларында да кестелі сөз өрнегі, Ахаңа ғана тән айшықты қолданыстар мен ұлт ұғымына сай жасалған ұтымды баламалар бар. Тіл ғұламасының, сөз жасау шеберінің қаламынан жаралған ондай қолданыстарды, ол түрлеген әр сөзді елеусіз қалдыруға болмайды.

Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлы аударған И.А. Крыловтың мысал өлеңдерінің бір тобы «Қырық мысал» деген атпен жеке кітап болып жариялануы алаш-жұртының рухани өміріне серпіліс берген елеулі оқиға бо-

лғаны көпшілікке аян. Көркемдік деңгейі жоғары, тағылымдық мәні зор, XX ғасыр басындағы әдебиетімізден жеткен шоқтығы биік мұраларымыздың бірі «Қырық мысал» көп жыл қапаста жатқаннан кейін халқына қайта оралып, құнын жоймаған қалпында бүгінгі қазақ қауымының да рухани қажетін өтеп жатыр. Біз төменде осы «Қырық мысалдағы» Ахаң туындатқан сол кезеңнің жаңа сөздері мен аударма авторының айрықша қолданыстары жөнінде сөз қоғамдықпыз. Ал ол аударған А.С. Пушкиннің «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы» шығармалары мен И.И. Хемницердің «Ат пен есек», орыс ақыны С.Я. Надсон өлеңдері келесі әңгіменің арқауы. Сондай-ақ ғалымның Т. Шонанұлымен бірлесіп жазған «Оқу құралында» (1927) да авторлары көрсетілмеген бірқатар аудармалар бар. Олардың арасында да «Оқу құралының» авторларына тиесілі аударма мәтіндер болуы мүмкін. Бұл да анықтауды, арнайы зерттеуді қажет ететін мәселенің бірі.

«Қырық мысалға» келер болсақ, Ахаң тәржімелеу барысында өз тарапынан орыс мысалшысының өлеңіндегі бірқатар сөздердің баламасы ретінде жаңа атаулар жасаған.

Ахмет Байтұрсынұлы осы әйгілі «Қырық мысалында» И.А. Крыловтан аударған «Пустынник и медведь» мысалының атауын «Кісі мен аю» деп аударады да, өлең мәтнінде «пустынник» сөзінің қазақшасын «жеке-тақ» деп алады. Мысалдарға жүгінілік:

«Жеке-тақ жапан түзді қылды тұрақ»;

«Жеке-тақ қапаланды жалғызсырап»;

«Жеке-тақ әңгімеге жоқ кісі еді»;

«Сонда оған аю айтты: «Жеке-тақ жан!

Айтайын мен бір ақыл, құлағың сал!»;

«Жеке-тақ жолдасының тілін алды»;

«Қорылдап ұйықтап кеткен жеке-тақтың»;

«Ұрған тас дәлдеп тиді Жеке-таққа».

(*Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Т. I. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 56-57-беттерде*).

Берілген мысалдарда көрсетілгендей, Ахаңның «жеке-тақ» сөзін аударма мәтінінде алты рет қолдануы – оның бұл сөзді «пустынниктің» баламасы ретінде мақсатты түрде жасағаны еш күмән туғызбайды. «Діни наным-сенімдеріне байланысты адамдармен, айналасымен қарым-қатынастан бас тартып, адам аяғы жетпейтін шөл далаға кетіп оқшау өмір сүретін адам» деген ұғымды білдіретін «отшельникпен» мағыналас «пустынник» сөзінің орнына Ахаң «жеке-тақ» деген жаңа сөз ұсынған.

Түпнұсқадағы сөз мағынасын негізге алып қарасақ, бұл сөзді жасаудағы Ахаң ойының қисынын пайымдауға болатын сияқты. Оның «жеке-тақ» сөзін «өз билігі өзінде, ешкімге бағынбайтын, өзін жеке тақтың иесі сезінетін адам» деген мағынаны тірек етіп ала отырып туындатқаны байқалады. Егер ол орыс тіліндегі сөздің тұлғасы мен сол «пустынник» атауынан туындайтын мағынаға сүйенгенде, қазақ тіліндегі баламаны «шөл» сөзінен өрбіткен болар еді. Алайда оған бармаған. Ол «пустынник» атауының негізгі әрі жалпы мағынасын есепке алған. Орыс тіліндегі сөз бен оның қазақша жасалған баламасын байланыстырып тұрған ортақ сема – оқшаулану. Ахаң орыс сөзінің мағынасындағы «жеке кету, бөлектену» деген ұғымның негізгі белгілерін дөп басып ұстай білген. Ал айырмашылығы – орыс сөзінің мағынасында «елден безу, жұрттан жырақтану» ұғымы басты орында тұрса, қазақта ол жоқ. Ахаңда «жеке билік құрушы, дербестікке қол жеткізуші, дара өмір сүруші» деген ұғым алға шығып тұр. Тақ – қазақ ұғымында ең жоғарғы билік иесінің тұрағы, лауазымының, билігінің нышаны. Орыс православ шіркеуі мен дінтанушыларының жазғандарында, діни аңыздарында сонау IV ғасырда Мысырдағы шөлдің құдығындағы жыландар мен бақа-шаяндар өздері мекен еткен құдығын Иоанн әулиеге босатып беріп, ол сонда 30 жыл жеке иелік етіп ғұмыр кешкенін айтады. Преподобный Иоанн пустынник айдаладағы сол құдыққа жеке иелік етті деп жазады. «Пустынник» ұғымының пайда болу түп-тарихына қарағанда Ахаң мәселенің осы жағына да үңіліп, «оқшау күн кешіп, жеке өзіне ғана билік жүргізетін адам» деген мағынаны сөзіне өзек етіп алған екен-ау деген

тұжырымға келіп тіреле бердік. Оның кез келген мәселенің беткі жағына, сыртына ғана мән беріп қоймай, әріден ойлайтын, ненің де болса астарына, түпкі жағына мән беретін терең ойлы тұлға екенін осыдан да аңғаруға болады.

Әрине, тілімізде «тақ» сөзінің «жүппен алмасып келіп отыратын сан» дегеннен өзге «жеке, дара, жалғыз» деген ауыспалы мағынасы да бар екені мәлім. Ахаң «жеке» сөзімен мағыналас осы сөзді жұптастырып, «пустынниктің» баламасы ретінде «жеке-дара» сөзі сияқты «жеке-тақ» деген қос сөз жасаған деуге де болар еді. Мағынасы жағынан бұл екі сөздің бірігіп «пустынник» сөзіне балама болуға негізі жоқ дей алмаймыз. Тек екеуінің де сын есім болып, бір ғана мағынаны қайталап тұрғандығы олардың атауыштық қасиетін жоққа шығарып тұрғандай. Бұл жерде Ахаң дефисті екі сын есімді біріктіріп бір сөз табына айналдыру мақсатында қойды ма екен деген ой да туындайды. Алайда елден безудің арғы жағында құдайға ғана құлшылық ету, жаратушыны ғана мойындау, адамдар жасаған заңдар мен олардың билігіне мойынсұнбай, өз билігі өзінде болу мағынасы жатыр. Сондай-ақ «жеке» және «тақ» деген екі сын есімді тіркестіруден гөрі «жеке» сын есімі мен «тақ» зат есімін тіркестіріп немесе біріктіріп, атау сөз туғызу әлдеқайда қисындырақ. Осы тұрғыдан келгенде біз сын есім + зат есім үлгісімен жасалған «жеке тақ», «жекетақ» атауы көңілге қонымдырақ деп пайымдаймыз.

И. Крыловтың «Пустынник и медведь» мысалын Ыбырай Алтынсарин да аударған. Ыбырай аудармасының ерекшелігі, ол мысал өлеңді қарасөзбен тәржімелеген. Аударма өте еркін жасалған. Оқиға желісі де түпнұсқамен сәйкесе бермейді. Ұлы ағартушы бұл мысалдың атауын да өзінше өзгертіп, «Ақымақ дос» деп береді.

«Бұлбұл мен есек» (Осёл и соловей) мысалының аудармасында мынандай жолдар бар:

«Мақтаулы бар ғой әнпаз әрбір тұста,
Солардың баршасы да әдемі өнге
Тауықтың айғырындай емес ұста».

(*Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Т. I. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 34-б.*)

Осы өлең жолдарында Ахаң «певец» сөзінің баламасы ретінде «әншіні» емес, Абай өлеңдерінде қолданылған «әсемпаз», «өнерпаз» сөздерінің үлгісімен «-паз» кірме жұрнағын жалғау арқылы жасалған «әнпаз» сөзін қолданады. Бұл сөзді Ахаң жасады деп кесіп айту қиындау. Алайда оған дейінгі авторлардан, ХІХ ғасырдың екінші жартысында жарық көрген әдебиеттерден «әнпаз» сөзін кездестірмедік. 1913 жылы жазылған Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Өлең һәм айтушылар» атты мақаласында «Маған салса, майы тамып тұрсын, әнсіз құр өлеңмен жақсылық сездіргенің сол, жұртты өздеріңнен бездіріп аласың. Соның үшін бізден басқа бақытты, талайлы жұрттардың әнпаздары өнегелі өлең, үлгілі тақпақтарды жаттап алады» және «Өлең айтушы әнпаз адамдарды жұртқа есерсоқ деп көрсетпей, есті деп қадірлі етіп көрсетуге тырысу керек» деген сөйлемдерінде «әнпаз» сөзі екі рет қолданылған. (С. Торайғыров. *2 томдық толық шығармалар жинағы. 2-т. – Алматы: «Ғылым», 1993*). Міржақып Дулатов та: «Адам баласы да солай. Жұрттың бәрі шешен, әнпаз, ақын, данышпан болып туа бермейді» деп, 1914 жылы жазған. 1911-1915 жылдары жарық көрген «Айқап» журналы мен басқа басылымдарда «әнпаз» сөзі қолданылады. Ал Ахаңның «Қырық мысалы» 1909 жылы осылардың бәрінен бұрын жарық көрген. Бізге белгілі деректер бойынша, сөз қолданысына хронологиялық тұрғыдан қарағанда, Ахаң бәрінің алдында тұр. Сол себепті оның бұл сөздің авторы болуы мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды.

Тілімізде «шегірткенің айғырындай», «суырдың айғырындай» деген қолданыстардың бар екені белгілі. Ал И. Қрыловтың осы мысалындағы «петух» сөзінің орнына Ахаң «тауықтың айғыры» деген жаңа тіркес қолданады. Өтешті «тауықтың айғырындай» дегенді Ахаңнан өзгеден кездестірмедік. Ол «петухты» дәл аударып «өтеш» дей салмай, түпнұсқадағы «А жаль, что незнаком Ты с нашим петухом» деген жолдарды қазақ оқырманына одан да әсерлі, мысқылға, иронияға толы етіп жеткізген.

«Маймыл мен көзілдірік» (Мартышка и очки) мысалында «Ашу мен жарымдықтан пайда бар ма?» деу арқылы ол «невесжда» сөзін «білімсіздік», «надандық» демей, оған балама ретінде «жарымдық» сөзін қолданады. (*Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Т. I. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 46-б.*).

Тіліміздегі «надандық» сөзі «білімсіздік, қараңғылық» деген мағынаны білдірсе, тіл білімпазы қолданған «жарымдық» сөзінің семантикасында «кемтарлық, ғаріптік, мүгедектік, жарымжандылық, жарыместік» деген мағына жатыр. Ұлы ағартушы-ақын қазаққа білімсіздіктің, қараңғылықтың қаншалықты ауыр кесел екендігін барынша ұғындыра түсу үшін бұл сөзді мақсатты қолданғаны көрініп тұр. Ол орыс мысалшысының өлеңіндегі маймылдың надандығын, қараңғылығын қазаққа кемтар, ештеңеге жарамсыз, масыл бейнесінде жеткізеді. С. Торайғыров қараңғылықпен «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам» деп күрессе, ағартушы-ұстаз Ахаң халқына білімсіздіктің нағыз кемтарлық екенін мықтап ұғындырғысы келеді. Өз қаламынан туған шығармасы, аудармасы арқылы мәселені бұлай қоюы, елді білім алуға үндеуі – ұлы ағартушының өмірлік мақсатына, азаматтық ұстанымына, ұлт ұстазының міндетіне толық сәйкес келеді.

Ахаң «Қасқыр мен мысық» «Волк и кот» мысалындағы Степан, Васька, Демьян, Клим, Трофим сынды кісі есімдерін сол қалпында алмай, олардың орнын «Қоянкөз», Құрамыс, Көпберген, Қисықбас есімдерімен алмастырады. Мысалды қазақ топырағына бейімдеп, қазақ ұғымына сәйкестендіреді.

Сөз болып отырған мысалда «Зарардан басқа нәрсе істедің бе?» және «Зараргер жұртқа тегіс болып әбден» деген жолдар бар. (*Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Т. I. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 66-б.*).

Ахаң «зиян келтірдің» демей, «зарар» сөзін қолданумен қатар, «зараргер» деген жаңа сөз жасайды. «Зараргер» сөзін ол «вредитель» сөзінің баламасы ретінде ұсынады. Ау-

дарма мысалда бұл сөз қазіргі кезеңде жиі қолданылатын «зиянкес» мағынасында жұмсалады.

Осы мысалды түйіндейтін «И правы, – сам себя вини: Что ты посеял – то и жни» деген жолдарды «Не ексең, соны орасың» деген сөз бар, Ор енді егініңді, піскенінде!» деп өте дәл де, ұтымды аударады.

Ағартушы-ақын И. Крыловтың «Лиса и крестьянин» атты мысал өлеңін «Түлкі мен қарашекпен», «Крестьянин и овца» мысалын «Қарашекпен мен қой» деп аударады. Алдыңғы өлеңде «Жолығып, айтты бір күн Қарашекпен», «Сөйлейді сонда тұрып Қарашекпен» десе, кейінгі өлең мәтінінде де «Шақырды Қарашекпен қойды сотқа» түрінде «крестьянин» сөзі «қарашекпен» түрінде алынады. Қазақ орыс крестьяниндерін «қарашекпен» деп атағаны белгілі. «Қарашекпен» сөзі ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы әдебиеттерде де кездеседі. Бұл сөзді Абай да қолданған. Оның 1898 жылы И. Крыловтан аударған мысал өлеңі «Қазаға ұрынған қарашекпен» (Крестьянин в беде) деп аталатыны белгілі. Бұл деректер «қарашекпен» сөзінің қазақтың жазба тіліне де еркін енгенін, ХХ ғасыр басындағы алаш оқығандары да оны жатсынбай қолданғанын Ахаң шығармашылығы да айғақтап тұр.

Осы өлеңнің мына төмендегі бір ғана шумағында бірнеше жаңа атау кездеседі:

«Түлкі екен судьясы теңшіл деген,

Атақтан сау емес ед жемшіл деген.

Бір күні талапкер мен жауапкерге

Шақыру қағаз шықты «келсін» деген» [74-б.].

Түпнұсқаға өз тарапынан қосып, еркін аударылған бұл шумақтағы «теңшіл» сөзін ол орыс тіліндегі «беспристрастный», ал «жемшілді» «взяточник» сөзінің баламасы ретінде қолданғаны байқалады. Соңғысының орнына қазір «жемқор», «парақор» сөздері жиі қолданылатыны мәлім. Ал алдыңғы «теңшіл» сөзін «екі жаққа да тең қарайтын, теңдікті сүйетін, ешкімді бөліп-жармайтын әділ» мағынасында жұмсаған.

«Запрос ответчику, запрос истцу» деген жолдардың осы мысал өлеңде «Бір күні талапкер мен жауапкерге» деп аударылуы бүгінгі күнге дейін заң, құқықтану терминологиясында қолданылып жүрген терминдердің қайдан бастау алып жатқанын, оларды кім жасап, алғаш қолданысқа қалай түскенін көрсететін жарқын мысал. Академик Р. Нұрғали айтпақшы: «Әдебиетке, өнерге, тілге қатысты еуропалық, орыс әдебиеттануындағы ұғым, термин, категорияларға шып-шырғасын шығармай, түгелдей қазақша балама тапқан» (Алып бәйтерек) Ахаңның қаламынан туындаған атаулардың тек бұл салалармен шектелмеінін осындай мысалдар анық аңғартады».

«Талапкер сөзі осы мысал өлеңнің «Талапкер Мұжық айтты», «Терісімен талапкерді риза етіп, Ап келіп тапсырындар етін сотқа» [75-б.] деген жолдарында тағы да екі рет қолданылады. Ал жоғарыда мысалға келтіріліп отырған шумақтағы «шақыру қағаз» тіркесі сотқа шақырылғандығын білдіретін «повестка» сөзінің баламасы екенін бағамдау қиын емес. Бұл мысалдардан ұлт тілінде жасалған терминдердің көркем мәтінде, поэзия тілінде еш қиындықсыз ұйқасып, қосымша түсініктемесіз-ақ жұмсалуға бейім болатынын аңғару көп ізденісті қажет етпейді.

И. Крыловтың «И приговор Лисы вот, от слова до слова» деген өлең жолдары Ахаңда «Ал сонда Түлкі қалай хүкім етті» [75-б.] деп келеді. Мұндағы «хүкімнің» бастапқы бір әрпі түсіріліп, «приговор» терминінің баламасы ретінде қолданылып жүрген қазіргі «үкім» сөзі екені баршамызға белгілі. Яғни қазіргі терминологиямыздағы қолданысы әбден орныққан «үкім» сөзі де бізге Ахаңдардан жеткен болып тұр. «Жарлы бай» мысалында «әмиян» мен «шилан» сөздеріне аудармашы-автордың «ақша салатын ыдыс» деп түсініктеме бергеніне қарғанда, бұл атаулардың да XX ғасырдың басындағы қауымға түсініксіз Ахаң тарапынан түпнұсқадағы «кошелёкке» балама ретінде ұсынылған жаңа атаулар екенін көрсетеді. Оның үстіне И. Крыловтың бұл мысалын дәл осы атпен Ахаң дейін тәржімелеген Абай аудармасында «кошелёк» орнына «дорба» сөзінің қол-

данылуы да соған дәлел бола алады. Жүсіпбек Аймауытов 1924 жылы «Ақ жол» газетінде жарық көрген «Күмәжнек» әңгімесінің атауын жақша ішіне «әмиән» деп берген. Бұл да «әмиян» сөзінің жаңа екендігін айғақтап тұр. Ж. Аймауытов орыс классигі А. Чеховтың «Бумажник» әңгімесіндегі оқиға желісін жалпы сақтағанымен, өз тарапынан едәуір өзгерістер енгізген. Смирнов, Попов, Балабайкин деген үш кезбе актердің орнына ол Қойбағар, Түнқатар, Майпалау деген үш жолаушы жігітті алады. Мәтін мейлінше еркін түзілген. Өз тарапынан алып-қосқан тұстар аз емес. Бұл әңгімені аударма демей, өз сөзімен айтқанда, «Чеховке еліктеп» деуінде үлкен мән жатыр.

«Пруд и река» мысалының атауын Ахаң «Өзен мен қарасу» деп аударыпты. «Пруд» атауының баламасы ретінде ол «қарасу» сөзін қолданған.

И. Крыловтың қырық мысалы қазіргі заманда орыс тілінен қазақшаға аударылса, оның ішінде құрығанда орыстың қырық сөзі кездесе, еш таңғалмаған болар едік. Ал Ахаңда бар болғаны аударылмай алынған екі-ақ сөз, дәлірек айтқанда, бір-ақ сөз кездеседі. Ол – «Өзен мен қарасу» мысал өлеңіндегі «план» сөзі. Қазіргі қолданысымыздағы – жоспар. Ахаң: «Планда орынды да көп алмаймын» депті. «План» сөзін ол «По карте не тянусь я через целый лист» деген өлең жолындағы «карта» орнына қолданыпты. Ал екіншіге жатқызбай отырған сөзіміз – «сөтке». «Иттің достығы» мысалындағы «Бір сөтке татулық жоқ арамызда» деген жолдардағы «сөтке» сөзін Ахаң өзі айтқандай «қазақтың шапанын жауып, тымағын кигізіп» қазақы кейіпке келтіріп алған. Бүгінде бұл сөз тілімізде «тәулік» түрінде немесе ол қабылдаған қалпында «сөтке» деп те қолданылып жүр.

Орыс сөздеріне қарағанда Ахаң аударған мысал өлеңдерде мағыналық-дыбыстық ерекшеліктері көзге бірден шалынатын *аслан, жиһад, жәһид, жәһидтенді (ниеттенді), миһнат, фаһам, хүкім, һәр, һәман* сияқты араб сөздерінің қарасы көбірек ұшырасады.

«Бұлбұл мен есек» және «Шал мен жұмыскер» мысалдарына жасаған өз түйінінде «Көзі тар, көңілі соқыр жамандардың», «Көзі тар, көңілі соқыр надандарға!» деген жолдардағы «көзі тар» тіркесі де көңіл аудартады. Тіл ғұламасының бұл тіркесті «аяғының астынан өзгені көрмейтін, айналасын, алысты болжай алмайтын» деген мағынада қолданғаны байқалады. Сондай-ақ «Қырық мысалдағы» *ауыр-малдық, гамалдас, қайсарып, қоршалап, тауықшы, хана* сөздерінің мағынасы оқушыға түсіңкі болса да, қолданысы ерекше.

Ахаң түрлеген ана тіліміз оның алашына қалдырған асыл мұрасына мұқият үңілген сайын тағы да байып, түрлене түсеріне еш күмәніміз жоқ. Бұл тұрғыдан келгенде Ахаңның шығармашылығын, оның еңбектерін әлі де жанжақты зерттеу қажеттілігі еш дау туғызбайды. Халқына қалтқысыз қызмет етіп, сөз сырына, тіл табиғатына терең бойлай білген ғұлама ғалымның құнды мұрасын аса ыждағаттылықпен зерделеу әр ахметтанушы маманның алдындағы зор міндет болып қала береді.

1.4. Жүсіпбек Аймауытовтың аудармадағы сөз қолдану, сөз жасау шеберлігі

XX ғасыр басындағы көркем аударманың жай-күйі, ерекшелігі жөнінде сөз болғанда қазақтың көрнекті қаламгері Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығына соқпай өтуге болмайды. Ол осы кезеңде көптеген көркем шығармаларды алғашқылардың бірі болып қазақша сөйлетіп, аударма ісінің дамуына елеулі үлес қосқан қаламгер. Оның қаламынан туындаған ондай шығармалар қатарында Джек Лондонның «Күштілердің күші» (Сила сильных), «Теңсіз, телегей аттаныс» (Неслыханное нашествие), Г. Мопассанның «Су жүзінде» («На реке»), В. Гюгоның «Бейшаралар» (Л. Толстойдың орысша тәржімасы негізінде), Р. Тагордың «Балжан» («Шубха»), А.С. Пушкиннің «Сараң сері» («Скупой рыцарь»), «Тас мейман» («Каменный гость»), Н.В. Го-

гольдің «Бақылаушы» («Ревизор»), Ф. Дюшеннің «Дәмелі» («Тамилла»), М. Горькийдің «Өлең сұңқарға» («Песня о Соколе»), С. Чуйковтің «Тау еліндегі оқиға» («Вершинная былъ»), Конрад Берковичтің «Өрбике» («Гордячка», «Гордячка Яхде»), «Әкесі мен баласы», «Заң білместің зары», «Мұрда», «Мұрданың өлімі», «Тұқым» («Семя»), Жалал ад-Дин Мухаммад Румидің «Молда Ираидың кітап жазуға қалай кіріскені» («Сказки Мулли Ирамэ»), «Пәренжі» (перде) орыс ертегісі), «Қатындар» (қабарды (кабардин) ұлтының ертегісі («Старинная кабардинская сказка о женах»), «Аю мұртынан күлді» сияқты шығармалар жатады. Прозалық шығармалармен қатар ол дүниежүзі пролетариатының гимні «Еңбекшілер ұраны» («Интернационал») мен азамат соғысы кезінде туған «Жас әскер» («Молодая гвардия»), «Жас көсемдер маршы» («Марш юных пионеров») өлеңдерін де аударған. Жазушы аудармаларын философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін арнайы зерттеген Қ. Әубәкірова оның 23 аудармасын нақты атап көрсете отырып, ол 1918-1929 жылдар аралығында 30-ға жуық ірілі-ұсақты еңбекті аударды [17-б.] деген болжам айтады.

Ж. Аймауытов шығармаларын зерттеген әдебиетші ғалымдар, ізденушілер жазушының аудармалары жөнінде бірқатар еңбектер жазды. Ол еңбектердің дені қаламгер аудармаларын әдебиеттану ғылымы тұрғысынан зерделеген. Біз оның кейбір аудармаларын лингвистикалық тұрғыдан сөз етпекпіз. Нақтырақ айтқанда, осы зерттеу еңбегіміздің мақсатына сәйкес біз оның сөзқолданыс ерекшеліктері мен қаламынан туындаған жаңа қолданыстарына, жасаған балама атауларына тоқталамыз. Қаламгердің жоғарыда аталған аудармаларының барлығын қамтуды мақсат етпедік. Біздің әңгімемізге арқау болғалы отырған сөздер мен сөз тіркестері Джек Лондонның «Күштілердің күші», «Теңсіз, телегей аттаныс», Г. Мопассанның «Су жүзінде», Конрад Берковичтің «Өрбике», «Әкесі мен баласы», «Заң білместің зары», сыған (маздем) әңгімелері, «Пәренжі (перде) ертегісі» (орыс ертегісі), «Қатындар» қабарды (кабардин) ұлтының ертегісі, «Аю мұртынан күлді» сияқты шығар-

маларынан жиналды. Мысалы, мына төмендегі атаулар солардың қатарына кіреді: *аттаныс* (*нашествие*), *балықжегіштер*, *балықжеушілер* (*рыбоды*), *бат қайық* (*большая лодка*), *дімкер* (*малый, слабый*), *етжегіштер*, *етжеушілер* (*мясоды*), *жайнауыз лампы* (*прожектор*), *жүме* (*гряды*), *магистрат* (*начальник квартала*), *сейілші*//*молашы* (*экспедиция*), *салғырт* (*доля*), *тәжірибехана* (*лаборатория*), *тәкие*//*тәкия* (*гостиница*), *торғы* (*перевал*), *шалғыншылық* (*патруль, патрульная служба*) және т.б. Сондай-ақ бұлардың қатарына *қапта*, *тәкиеші*, *жүмсақ тақ*, *оңғатай* тәрізді атауларды да қосуға болады. Осы сөздердің басым көпшілігін аударма барысында автордың өзі жасаған сыңайлы. Мәселен, *балықжегіштер*, *балықжеушілер*, *етжегіштер*, *етжеушілер*, *тәжірибехана*, *шалғыншылық*, *тәкиеші* сияқты атауларды сол қатарға қосуға негіз бар. Өйткені бұл сөздер ХХ ғасыр басындағы басылымдар мен жазушы замандастарының еңбектерінен кездесе бермейді. Мүмкін бұлардың бірді-екілісін жазушы ғасыр басында өзімен қанаттасып еңбек еткен алаш зиялыларының еңбектерінен алуы да мүмкін. Бір анығы, бұлардың сол кезеңде жасалған жаңа сөздер болғандығы күмән туғызбайды. Бүгінгі тілімізде белсенді қолданылатын атаулар қатарында болмағанымен, түпнұсқа тілдегі сөздің мағынасын мейлінше дәл жеткізіп тұрған, ұтымды жасалған сөздер екенін айту керек. Ал *дімкер*, *жүме*, *магистрат*, *салғырт*, *тәкие* сөздерін тілден дайын қалпында алынғанымен, жазушы бұл атауларға қосымша мағыналық жүк артып, жаңа мағыналық реңк беріп қолданады. «Перевал» сөзінің баламасы ретінде қаламгер-аудармашы «торғы» сөзін қолданады. Бұл сөздің тіліміздегі «тору», «торуыл» «торуылдау» сөздерімен түбірлес, мағыналас екені, бір түбірден өрбігені байқалады.

Ж. Аймауытов Г. Мопассанның «На реке» әңгімесінің атауын «Су жүзінде» деп аударды. «Қайықшы болғанда бір жансебіл, өмірін мәңгі су бойында, су жүзінде кешірген бір адам». Бұл сөйлем – «Это был старый любитель гребного спорта, завзятый гребец, находившийся всегда у воды, всегда на воде, всегда в воде» деген сөйлемнің аудармасы.

Ал мәтін ішінде «су жүзінде» тіркесі «на воде» тіркесінің аудармасы ретінде қолданылған. «Однажды вечером, когда мы прогуливались по берегу Сены, я попросил его рассказать какой-нибудь случай из его речной жизни» деген сөйлемді ол «Бір күні екеуміз жағада келе жаттық. Су жүзінде өміріңнен қызық әңгіме айтшы деп сұрадым» түрінде екі сөйлемге бөліп аударады. Мұнда да осы «су жүзінде» тіркесін пайдаланады. Бүгінгі тілімізде негізінен «жер жүзінде», «іс жүзінде», «сөз жүзінде» деген жиі қолданылатын «жүзінде» сөзін сумен тіркестіріп қолданғаны бір қарағанда тосындау көрінгенмен, бұл қолданыста тек тосындық қана емес, сонылық та бар. Жазушы әңгіме тақырыбын «Өзенде», «Өзен бетінде» немесе «Су бетінде» деп тікелей аударасалмай, тың тіркеспен, өмірін су бетінде өткізген адам жайлы баяндалатын әңгіме тақырыбының өзінен бейнелілік, көркемдік сипат байқалады. Бұл көркем ойлау жемісі.

Жүсіпбек Аймауытов аудармаларында көптеген жалқы есімдер, соның ішінде, ел, қала, ұлт атаулары орыс тіліндегі қалпында емес, қазақ айтылымына икемделіп жазылады. Олардың қатарына мына төмендегі атаулар кіреді: *Донай (208), Ыстамбол (208), Дүбіржі (208), Қалқұтта (222, 223), Әмерике//Әміріке (243, 247, 250), Жапан (243, 244, 245, 246, 247), Керей (244. Корея), Манжүриа (244), Абыстралия (247), Ресей (247), Түстік Апыріке (247), Искандинау (247), Пырансие (247, 248, 250), Пекин (248, 251), Ниунорк (250), Вашингтон//Башынгтон (250), Англие (251), Абыстрие (251), Бенгір жұрты (278), Қарпат тауы (278, 281), Түркістен (296), рұмын, рұмын жұрты (208), манғол (245), пыранұз (248), Пұрмоза (247) – Формоза, Иран (249), Пиладелпі (249) – Филадельфия, Жақын Шығыс (249), қабарды (254) – кабардин, Иақут (256), Тұлше (265).*

XX ғасыр басында ағарту ісімен айналысқан қазақ оқығандарының бәрі дерлік кірме сөздерді қазақ тілінің үндестік заңына бағындырып, дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп жазған. Ж. Аймауытов шығармаларынан, оның аудармаларынан да соны көруге болады.

Бұл атаулармен қатар аудармаларда кісі аттары да кездеседі. Мәселен, Джек Лондоннан аударған «Күштілердің күші» шығармасында: *Бұғықуғыш (224) – Быстроногий Олень, Сарбас (224) – Желтоголовый, Түндеуркек (224) – Боящийся Темноты, Дырауқол (225) – Крепкая Рука, Шіркей жырау (226) – Гнида, Қусүйек (227), – Голень, Теңіз-арыстаны (229) – Морской Лев, Месқарын (229) – Жирный, Қозықарын (229) – Пустой Живот, Доңызтұмсық (230) – Свиное Рыло, Қыликөз (231) – Одноглазый, Мертік бұғана (231) – Сломанное Ребро, Текесақал (232) – Длиннобородый, Иттис (230) – Собачий Клык, Жолбарысжүзді (231) – Тигриная Морда, Үшаяқ (233) – Трехногий, Итазу (233) – Длиннозубый, Мылжамұрын (235) – Раздробленный Нос, Түктібет (236) – Волосатый* сынды үндіс аттары қолданылады.

Жазушы бұл атаулардың бәрін қазақ ұғымына лайықтап өте ұтымды аударған. Осы атаулардан-ақ оның аудармашылық шеберлігімен қатар қазақ болмысын соншалықты жақсы білетінін айқын көруге болады. Мәселен, «Пустой Живот» дегенді – «Қозықарын», «Крепкая Рука» – «Дырауқол», «Длиннобородый» – «Текесақал», «Жирный» дегенді – «Месқарын», «Голень» деген есімді «Қусүйек» деп тек қазақ өмірін, қазақтың тұрмысы мен тілін Жүсіпбектей терең білетін қаламгер ғана аударалар еді. Иә, қазіргі аудармада кісі есімдерін аудармай алу қалыпты жағдайға айналды. Аударма қалған күннің өзінде орыс тілінің шырмауынан шыға алмайтын жағдайға жеткен қазіргі заманда көп аудармашы «Длиннобородыйды» – «Ұзын сақал», «Жирныйды» – «Семіз», «Сломанное Реброны» «Сынық Қабырға» деп аударма саларына күмән келтіру қиын.

Жүсіпбек Аймауытов кабардин ұлтының «Старинная кабардинская сказка о женах» деп аталатын өлеңмен жазылған көне ертегісін «Қатындар» деп атап, қара сөз түрінде аударды. Алайда оқиға желісі, мазмұны толық сақталады. Бұл аудармада да аудармашы кейіпкерлер атын қазақ ұғымына, айтылымына икемдеп қолданады. Джамбот-

ты – Жамболат, Хатакчуканы – Хатаңшоқы, Асланбекті Арыстанбек деп өзгертіп алады. «Жамболат – қабардының ер жігіті» (254). (Джамбот – кабардинец, джигит удалой). «Кенеттен қарсы алдынан Хатаңшоқы шыға келді (255). (Вдруг едет навстречу ему Хатакчука). «Осы күнге дейін дана Арыстанбек бір алданып көрген жоқ (256). (Ученый и мудрый старик Асланбек). Дж. Лондоннан аударған «Теңсіз, телегей аттаныс» «Неслыханное нашествие» шығармасында да «Бургальтер» деген есімді «Бұрыққалтер» (247, 248, 249) деп қазақыландырып алады.

Қазіргі қолданыстағы кірме сөздердің барлығы дерлік (стақаннан өзгесі) Жүсіпбек Аймауытовтың аудармаларында басқаша жазылады: *тілипон* (245), *ділгірәм* (245), *әпесер* (245), *кемесер* (246), *енженер* (246), *сәбетші* (246), *сипр* (247), *бұрыққалтер* (247), *мәлиен* (248, 249, 250), *мұлиен* (290), *пірезидент* (250), *мұйнет* (258, 283), *стақан* (263), *зеребе* (269). Жазушы А. Чеховтың «Бумажник» атты әңгімесін «Күмәжнек» (әмиән) деп қазақтың айту мәнеріне келтіріп алады. Оның аудармаларынан ғана емес, өз авторлығымен жарық көрген «Психология» оқулығын «Психология» деп атауынан да кірме сөздерді жазуда ұстанған қағидатын көруге болады.

Тек Ж. Аймауытов қана емес, онымен замандас қаламдастарының бәрі дерлік сол кезеңде кірме сөздерді дәл орыс тіліндегідей қабылдай салмай, қазақ айтылымына икемдеп жазды. Өйткені олар кірме сөздерді қабылдау мен игерудің Ахаң, Нәзір, Халел сынды зиялылар арнайы зерттеп, ғылыми негіздеген ортақ қағидаттар мен қазақ тілінің дыбыс жүйесінің табиғатынан туындаған ережелерді басшылыққа алды.

Сондай-ақ қазіргі тілімізде *гауһар*, *реніш*, *лақтыру*, *әлдеқашан*, *нөкер*, *дөңбекшу*, *сурет*, *ру*, *қадірлеу*, *кітап*, *қазіргідей*, *дімкәс*, *қазір* түрінде қолданылып жүрген сөздер Ж. Аймауытов аудармаларында төмендегіше жазылады: *кәуһар* (209), *іреніш* (211), *ылақтыру* (212), *алдақашан* (225), *нөгер* (230, 231), *төңбекшіп* (238, 239), *сүгірет* (267), *ұру* (267, 279, 282), *кәдірлеу* (275), *кітеп* (278, 279, 282), *кәзіргідей* (279), *дымқос* (280), *кәзір* (296).

Алаш зиялысының қолданысында қазақ тілінің дыбыс үндестігі мен буын үндестігі қазіргі орфографиямызға қарағанда көбірек ескерілген. Мысалы, «әлдеқашан», «қадірлеу», «кітап», «қазіргідей», «қазір» деген аралас буынды сөздер үндестік заңына бағынбай тұр. XX ғасыр басында алаш зиялылары үндестік заңының бұзылмауына, сақталуына айрықша мән берген. Ж. Аймауытов та мұндай сөздерді үндестік заңына сәйкес не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке жазады. Оның аудармаларында бұл сөздердің «алдақашан», «кәдірлеу», «кітеп», «кәзіргідей», «кәзір» түрінде жазылуы соған дәлел бола алады.

Сонымен қатар л, р үнді дауыссыздарынан басталған сөздердің алдынан і, ы, ұ дауысты дыбыстарын қосып «іреніш», «ылақтыру», «ұру» түрінде жазу да қазақтың айту мәнеріне, дыбыстық жүйесінің табиғатына келеді. Өйткені олар кірме сөздерді қабылдау мен игерудің Ахаң, Нәзір, Халел сынды зиялылар арнайы зерттеп, ғылыми негіздеген ортақ қағидатын басшылыққа алды.

Алаш ардақтысының осы аудармаларында өзіне ғана тән авторлық қолданыстары да, сонымен қатар XX ғасыр басында жиі қолданылғанымен қазіргі әдеби тілімізде сирек жұмсалатын немесе көнерген сөздер мен сөз тіркестері қатарына өткендері де аз емес. Ондай сөздер мен сөз тіркестерінің қатарына мыналарды жатқызуға болады: *Елжетпесті ерттеп мініп* (209), *тыншу жаз* (210), *ұзақ ымыртым* (210), *шалкеш* (210), *танасапты қанжар* (211), *арғымақ ошақ* (212), *жігіттің абыланы* (213, 268), *түтік боп кету* (213) *безеу* (214, 268) – *безендіру, жаңылдау, жаңылдап өлең айту* (24), *күңгіреті сұрау* (214), *садан сапты қанжар* (215), *аурай балта* (217), *жол аузы* (218), *бөрігу* (218), *таңдақ* (220), *жылым су* (220), *кемтік* (220), *жан жапырағы* (221), *опашылдық* (221), *аушылық* (221, 222), *қаса көрім* (221), *қоқырлану* (222), *қызыл таңдақтай* (224), *қарақтап қою* (227), *бықырлаған ел* (228), *шиман* (230), *дімкәр* (234), *қалытқылап айту* (235), *аласәуле* (237), *сендел қақты* (238), *бұя бастырмай* (239), *шарыққа шықты* (243), *сілтідей тұнды* (243), *шіңгі тұқым* (244),

сақа айғыр (246), тістің суындай (248) – отборный, құнтақты (248) – бережливый, ділгер (248) – необходимый, күлкіге шаптырды (249) – насмехались, тоң айбат (249), алапатты жұрт (249) – могучая нация, мұралану, «жер мұраланамыз», (249), жалмауыз зеңбірек (251) – скорострельные орудия, тозғындады (253) – распад; Өкімет қардай еріп, тозғындады), толастық күні (254), өт жылдызы (254) – февраль, адын леп (255), жоқтас (255) – «Жанболаттың жоқтасы, жан жолдасы...», кесе қар (259), тымырсық аяз (259), сарайшы (258, 260), су жүзінде (261, 263), он жылдар бұрын (261), дамылсыздану (22), елбелек сағым (261), қона жыршылары (262) бақалар), дүкірт ұшырау (263), кірәржитін дәнеме жоқ (263), қолаң ете түсу (263), сақмаладай сақдақтанып (264), жұме, таулардың жұмесі (264), қала отағасысы (266), титығы құраған (266), қалқақтады (266), оңтағай (267), арбашы (267), ұрубасы (268), сықталып шықты (269), жиренбас (271), қаржу, қаржуын қайтару (272), күлгірленеді (273), әмірқан бәтіңке (275), әміркен етік (275), беті маса тайғандай (280), пұршам келмеді (284), таңқақ (286), етшең (288), құмырсқаның үйлеуі (290) және т.б.

Аударма мәтінінде түкі-жақы (231) – ішерге тамақ түкі-жақы жетеді. Мертік-шортық (234), алаң-бұлаң (250), жек-күмән (256), будам-будам, будам-будам темекі (284), жолшы-жолам (284), жан-тінімен (287) тәрізді авторға тән және өте сирек қолданылатын қос сөздер кездеседі.

Ж. Аймауытов аудармаларында қазіргі тілімізде де қолданылатын тұл болу (208), тұл болып өмір сүру (212), елге жар шашу (229), таралғысын тартты (243) тәрізді тұрақты тіркестер қолданылады.

Қаламгер бұл тұрақты тіркестердің түпкі мағынасын біле отырып орнымен қолданғанын байқалады. Мәселен, қазір «тұл қалды» тіркесін «жесір қалды» мағынасында әйелге де қатысты қолданатын жазушы, журналистер, аудармашылар аз емес. Жүсіпбек Аймауытов бұл тіркесті тек әйелі өлген еркекке қатысты ғана қолданады.

Жазушы аудармасынан сондай-ақ қазіргі уақыта қолданыла бермейтін немесе өте сирек жұмсалатын «шарыққа шықты» тіркесін кездестіруге болады. Ол орыс тіліндегі «достиг своей высшей точки» деген жолдарды «шарыққа шықты» деп аударады. «1976 жылы Қытай бір жақ, қалған жер жүзі бір жақ болып, екі елдің араздығы шарыққа шықты» (243). «Раздор между Китаем и остальным миром достиг своей высшей точки в 1976 году».

Орыс тіліндегі «достиг своей высшей точки» деген бұл жолдар бүгін «шырқау шегіне жетті», «шарықтап кетті» деп аударылған болар еді.

Қазіргі тілімізде «Жақсы жатып, жайлы тұр», «Жайлы жатып, жақсы тұр» (тұрыңыз) деген дәстүрлі түрде қолданылатын тілек мәнді сөйлемнің осы екі-үш нұсқасы жарыса жұмсалып жүр. Ж. Аймауытов «Жақсы жатып, жәй тұр» (215) деп қолданған. Сол секілді «таралғысын тарту» тіркесін де «жорыққа, ұрысқа қамдану, дайындалу» мағынасында жұмсаған.

«Помимо того, там был и другой великий промышленный фактор – труд» деген сөйлемдегі «великий» сөзін «қосемектей» деп аударады. «Жер байлығы тұрғанда өнеркәсіп қаулауға одан соңғы қосеметкей себеп еңбек қой» (244).

«Жапон тегі Шығыс халықтарының ортасынан қараңғыны қақ жарып, екі құлағы тік шыққан бір шіңгі тұқым болды (244). «Теперь японская раса стала каким-то парадоксом среди восточных народов».

«Бармақ», «бас бармақ» деп адам қолындағы бес саусақтың дара тұрған, бөлектеу біткен біріншісін айтатынымыз белгілі. Оған қатысты тілімізде «Бармағын тістеді», «Бармағын көрсетті», «Бармағын бүгіп қалды» деген сияқты көптеген тұрақты сөз тіркестері де бар. Бір таңғаларлығы, қазақтың аса көрнекті қаламгері Жүсіпбек Аймауытов осы аудармаларында «бармақты» кәдімгі «саусақ» мағынасында қолданады. Аударма мәтінінен алынған мына төмендегі сөйлемдерден оны анық аңғаруға болады: «Балжан нәзік бармақтарымен желкесін, арқасын сипаса, бір жасап қалар еді» (221). «Текесақал әңгімесін бөліп, майлы

бармақтарын жалап, аюдың сабалақ терісі жабылған жа-
лаңаш бүйіріне қолдарын сұртті» (224). «...Алып білекті,
бақан бармақты көк өрімдер еді» (224).

Жазушы «Все животные, лягушки и жабы, эти ночные певцы болот, молчали» деген сөйлемді «Ел жатса да, жатпайтын қопа жыршылары – бақалардың үні өшті» (262) деп аударды. Осы сөйлемдегі «певцы болот» тіркесін қаламгер «қопа жыршылары» деп өте сәтті аударған. Егер ол осы сөз тіркесін орыс тілінен сөзбе-сөз аударып, «балшық әншілері» немесе «батпақ әншілері» десе, қазақша сөйлемнің көркемдік бояуы әлдеқайда солғындау шыққан болар еді. Түпнұсқадағы «ночные» дегенді аудармашы жай ғана «түнгі» дей салмай, «Ел жатса да, жатпайтын...» деп тіптен жандандырып, қазақ ұғымына жақындатып жіберген. (*Жүсіпбек Аймауытов. Бес томдық шығармалар жинағы. Үшінші том. – Алматы: «Алаш», 2005. – 304 б.*)

Кез келген көркем әдеби шығарманы белгілі мәдениеттің өкілі, сол мәдениет көрініс тапқан белгілі бір ұлт тілінде жазады. Сондықтан әдеби шығармада сол туынды жазылған тіл иесінің де, сол мәдениеттен сусындаған көркем мәтін түзуші ақын-жазушының да ұлттық-мәдени таным-түсінігі мәтін мазмұнынан да, стилі мен сөз қолданысынан да менмұндалап тұрады. Сол мәдениетті бір елден екінші елге, бір тілден екінші тілге жеткізуші тәржімешілер түпнұсқаны да сақтауға, өзі аударып отырған тіл иесінің мәдениеті мен ұлттық танымын да ескеруге барын салады. Таразының екі басын тең ұстау – нағыз біліктілік пен кәсіби шеберлікті қажет ететін іс. Көркем аудармада мұндай шеберлік шыңына мықтының мықтысы ғана шыға алады. Бір ұлттың тұрмыс-тіршілігіне тән, мәдениетіне сіңісті нәрсенің бәрі өзге ұлтта да дәл сол қалпында қайталана бермейтіндіктен, олардың тілдерінде де елеулі өзгешеліктер, ұғымдық айырмашылықтар болады. Аударма кезінде осы өзгешеліктерді ескеру өте маңызды. Түпнұсқа шығарма жазылған тіл мен аударылып отырған тіл типологиялық тұрғыдан бір топқа жатпайтын жағдайда лингвомәдениеттанымдық бірліктерді аудару өзіндік қиындықтар туғызады. Мұны қазіргі аударматануда толық шешімін таппаған мәселенің бірі деуге

болады. Кейде бір халықта бар ұғым, зат екінші ұлтта болмауы да мүмкін. Ондай жағдайда аударылып отырған тілде ол ұғымға ат қою, жаңа сөз жасау немесе сол ұғым атауын тілге қабылдау қажеттілігі туындайды. Жаңа атаулардың жасалуына және кірме сөздердің қабылдануына түрткі болатын да осындай себептер. Сонымен қатар сөз мағынасының мәдени компоненті де аударма кезінде маңызды орын алады. Тәжірибелі аудармашылар көркем аударма жасау барысында бұл жайттарды ескеріп отырады. Сондай-ақ аудармашылар түпнұсқа мәтіндегі жоқ ұғымдарды аударылып отырған тілге ғана тән ұлттық ұғымдарды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері арқылы беретін жағдайлары да ұшырасады. Бұл, әсіресе, ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялыларының аудармаларында жиі көрініс беретін құбылыс. Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы аудармаларынан да, Ж. Аймауытовтан да соны көруге болады. Мысалы, «Я выпил еще, растянулся на дне лодки и так пролежал, может быть, час, а может быть, и два, без сна, с открытыми глазами, окруженный кошмарными видениями» деген сөйлемді ол «Көп жаттым шамасы. Ет пісірімдей уақыт өткен шығар. Көзім ілінбеді. Маңайым толған қорқыныш» (264) деп қысқа-қысқа төрт сөйлемге бөліп аударды.

Жүсіпбек Аймауытов түпнұсқа мәтіндегі «час, а может быть, и два» деген сөз бен сөз тіркестерін, «бір-екі сағат», «бір, мүмкін екі сағат» деп дәл аударып бере салуына да болар еді. Бірақ қаламгер олай етпейді. Ол «ет пісірімдей» деген байырғы ұлттық уақыт өлшемін пайдаланды. Мазмұндық жағынан орыс тіліндегі сөйлемде айтылмақ ойдан ауытқу да байқалмайды, екінші жағынан, аударма ұлт ұғымына сәйкестеніп, көркемдік сипаты артып, қазақ оқырманына жақындай түскен.

Келесі сөйлем де осындай. Джек Лондонның «Теңсіз, телегей аттаныс» шығармасынан алынған «Китай был колосом среди наций, и его голос вскоре стал уверенно и громко раздаваться во всех странах» деген сөйлемді ол «Қытайдың даусы ұлт топтарында үйірге түскен сақа айғырдың даусындай саңғырлады» (246) деп аударды. Ол осы сөйлемнің «его голос вскоре стал уверенно и громко раздаваться» деген бө-

лігін «оның даусы сенімді де қатты шыға бастады» демей, оның орнына «үйірге түскен сақа айғырдың даусындай саңғырлады» деген тек қазаққа ғана тән бейнелі тіркестерді қолданады. Бір қарағанда түпнұсқадан елеулі ауытқу бар сияқты көрінгенімен, орыс тіліндегі сөйлемде айтылған ой қазақ оқырманына әлдеқайда әсерлі, көркем шығармаға тән образдылықпен, бейнелілікпен жеткізілген.

Ж. Аймауытов «В 1904 году была русско-японская война, и все историки тогда же отметили как событие первостепенной важности вступление Японии в число великих держав» деген сөйлемді «Сол кезде-ақ тарихшылар бұл соғыс Жапонның елдігін көрсеткені, таралғысын тартқаны деп топшылап еді» (243) деп аударады.

Түпнұсқа сөйлемде «таралғысын тарту» деген сөз тіркесі атымен жоқ, болуы да мүмкін емес. Өйткені ол бүкіл тұрмыс-тіршілігі, өмір-салты төрт түлікпен байланысты, жылқыны айрықша қастерлеп, «Ер қанаты – ат» деп түсінген халықтың танымынан туындаған ұғым. Алайда аудармашы онда тіркестің түпнұсқада жоқ екенін қарамастан, сол ұғымды қазақ ұғымына сай, көңіліне қона кететін ұлттық мәдени сипаты бар тұрақты сөз тіркесі арқылы береді. «Үзеңгіні ерге жалғастыратын, айылбасы бар қайыс бауды» тілімізде «таралғы» деп атайтынын атқа мінсе арқасы қозатын қазақ баласы жақсы біледі. Осы таралғымен байланысты қалыптасқан «таралғысын тартты» тұрақты тіркесі «ұрысқа, жорыққа, ұзақ жолға дайындалды» деген ұғым да тек қазаққа тән. Аударма жайын жақсы білген қаламгер тәржімелеу кезінде мұндай тәсілге әдейі, мақсатты түрде барған. Түпнұсқаның мазмұны мен идеясын, көркемдік деңгейін де сақтап әрі өз жұртының көңіліне де қонатындай етіп жеткізе білген шебер аудармашының тәржімаларында бұл секілді мақсатты қолданыстар аз емес.

1925 жылы Ташкентте шыққан «Терме» жинағының бірінші санында (128-129-беттерде) Ж. Аймауытовтың «Аударма туралы» деген шағын мақаласы оның «Жік» деген лақап атымен жарық көрді. Бұл мақаланы Қ. Мұхамедханұлы «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялады. Оның осы шағын ғана мақаласы аударма жайын сөз еткен ең алғашқы

еңбектердің бірі болуымен де құнды. Жазушының сонау өткен ғасыр басында көтерген мәселесі, аудармадағы дәлшілдік пен сөзбе-сөздікке ұрынбай еркін аудару туралы ойлары бүгін де мәнін жойған жоқ. «Орыс, Еуропа тілдеріндегі көркем, әдеби сөздерді аударудағы мақсұт – жалаң, қарапайым адамға ұғымды ету емес, мәдениетті жұрттың үлгісімен, сөз кестесімен, олардың салыстыру пернесімен таныстырып, оқушыны тереңге айдап, қиялын байыту, сезімін ұстарту болу керек. Оқушының ығайына көне берген ақын, сүгіретші жақсы емес, оқушыны өз ығайына, өзі жеткен тұрғыға сүйрей білген сүгіретші жақсы. Атқосшы болудан көшбасшы болу жақсы. Олай болса аудармадағы мақсұт: қазақты жат елмен, жаңа пернемен, жат жұрттың жан дүниесімен таныстыру болуға тиіс. Сондықтан кейде аударма дәлдіктен қашып, үнемі шайнап беруге дағдыланбау керек» деп жазады қаламгер.

Аударматану түгілі, Ахаң бас болып ұлттық тілтану, әдебиеттану ғылымдарының негізі енді қаланып жатқан сол кезеңде мұндай пікір айтуы оның ойының озықтығын, білімділігі мен айрықша ізденімпаздығын көрсетеді. Түпнұсқаны жайдақтатып, шығарманың көркемдік деңгейін төмендетіп алмай, сөз кестесін сақтай отырып жеткізу, оқушының талғам-танымын көтеруге жұмыс істеу керектігін астын сызып тұрып айтқан пікірі ешқашан құнын жоймақ емес.

Сондай-ақ оның: «...Жалпы сарындап кететін тек мазмұнын ұқтыру керек сөздер болса, орыс сөйлемінің жүйесі сол қалпында аударғанда қисынсыз келетін болса, көңілге, қиялға әсер бермей, ақыл-ойға әсер беретін сөздер болса, мұндай жерде жалпы ұғым беруге тырысу керек, бұлжытпай аударудан қашу керек» деген пікірі де өте орынды айтылған. Мұндай тұжырымдарды аударманың қыр-сырын жетік білетін, оны зерттеген, тәржіме табиғатын тани білу деңгейіне көтерілген маман ғана айта алады. Бұдан оның аударма жасаумен практикалық тұрғыда ғана айналысып қоймай, бұл кәсіптің жай-жапсарын тереңірек білуге ұмтылып, ғылыми тұрғыдан көп ізденгенін де көруге болады.

Әлем классиктерінің 30-ға тарта шығармасын кәсіби шеберлікпен тәржімалап, қазақ оқығандарының арасында алғашқы болып «Аударма туралы» арнайы мақала жазған Ж. Аймауытовтың ұлттық аударматану тарихында алатын орны айрықша. Ол тәржіма табиғатын терең түсініп, аударма өнерінің өрістеуіне елеулі үлес қосқан айрықша дарын иесі. Қаламгер-аудармашының тілі өте шұрайлы да бай. Енді осы тіл байлығын, аудармаларын тілдік тұрғыдан да жан-жақты зерделесек, тәржімелік тәжірибе бөлісумен қатар, сөз қорымыз шебер қаламнан шыққан сөздермен толығына түсері күмән туғызбайды.

2. 50-жылдардан бергі кезеңдегі көркем аударма және сөзжасам

XX ғасырдың бас кезінен бастап 30-жылдардың орта тұсына дейінгі кезеңде аудармамен айналысып, бұл кәсіпті меңгеріп, отандық аударматанудың негізін қалауға қызмет еткендер алаш зиялылары болды. Олар қуғын-сүргін құрбаны болғаннан кейінгі отызыншы жылдардың соңы мен елуінші жылдарға дейінгі он шақты жыл көлемінде аударма ісі жалғасын таппай, ғасыр басындағы қарқынын бәсеңдетіп алды. Қазақтың білікті ұлттық кадрлары, аудармаға машықтанған мамандардың көбі зұлмат жылдардың құрбаны болуы мен қуғын-сүргіннен кейін көп ұзамай екінші дүниежүзілік соғыс басталуы оның негізгі себептері екені белгілі. Одан кейінгі соғыс зардаптарын жоюға кеткен бес-он жыл ішінде руханиятқа, ғылым мен әдебиетті дамытуға тағы да жеткілікті көңіл бөліне алмады. Аударма ісі де соның ішіне кіреді. 50-жылдардан кейін ғана аудармаға қайта көңіл бөліне бастады. Мәселен, Мұхтар Әуезов аударған «Дворян ұясы» 1952 жылы жарық көрді. Жалпы кеңестік кезеңнің 50-90-жылдар аралығында жасалған аудармалардың алаш кезеңіндегі аудармалардан түпнұсқаға барынша сәйкестік, дәлдік, стильдік тұрғыдан өзгешеліктері бар. Бұл орайда аударматанудың жайын жақсы білетін білікті мамандардың бірі профессор Темірғали Есембеков-

тің мына пікірі де назар аудартады. Ол: «Еркін аудару деген ұғым бір кезде модаға айналған. Өйткені қазақ әдебиетіндегі нәзіралық дәстүр аудармаға өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Ал қазіргі күнде аудармаға қойылатын талап басқаша: дәлдік, нақтылық, саймасайлық. Жалпы, аудармашылардың өз деңгейінде аударма бастауы ХХ ғасырдың 60-жылдарынан басталды» (Аударма туралы заң қажет. «qamshy.kz», 2012) деп жазады.

Ғалымның нәзірашылдық дәстүрдің әсері болды деген сөзінің жаны бар. ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басындағы бірқатар аудармалардан сол дәстүрдің ықпалы байқалатынын жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен Ө. Бөкейхан, Ж. Аймауытов, М. Әуезовтің ғасыр басында жасаған аудармалары дәлдік, түпнұсқаға сәйкестік тұрғысынан 60-жылдардан кейін жасалған аудармалардан кем түспейтінін де айтуымыз керек.

50-ші, 60-шы жылдардан кейін аударма жасау қайта қарқын алып, әлем классиктерінің көптеген шығармалары қазақ тіліне аударылды. Осы кезеңде аударма әдебиеттердің үлкен қоры жасалды. Аударма тәжірибесі жетілумен бірге тәржіме үдерісі барысында жаңа атаулар мен қолданыстар да молынан туындады. Соларды жиып-теріп, түгендеп, ең ұтымды жасалғандарын сұрыптап алу лексикалық қорымыздың сапасын артыру үшін өте маңызды. Төменде осы іске атсалысқан бірқатар белгілі қаламгерлер мен кәсіби аудармашылардың тәржімешілік тәжірибесі, сөз жасау шеберлігі, олардың қаламынан туындаған жаңа сөздердің ұтымды жақтары мен кемшін тұстары жөнінде сөз болады.

2.1. Мұхтар Әуезов аудармаларындағы жаңа сөздер мен қолданыстар

(И.С. Тургеневтің «Дворян цысы» аудармасы негізінде)

Сөзжасам, терминжасам мәселелеріне ерекше мән берген қазақ қаламгерлерінің бірі – әдебиетіміздің классигі Мұхтар Әуезов. Жазушының қазақ терминологиясын, ғы-

лым тілін дамытуға қосқан үлесі туралы бұған дейін де біз «М. Әуезов және ғылым тілінің мәселелері» («Қазақ әдебиеті», 20 желтоқсан, 2002) деген мақаламызда сөз еткен едік. Бұл еңбекте біз оның сөзжасамдық шығармашылығына көркем аударма тұрғысынан қысқаша ғана тоқталамыз. Дәлірек айтқанда, қаламгер-ғалымның аударма үдерісінде жаңа сөз жасау ерекшелігі, авторлық қолданыстары жөнінде бір ғана көркем аудармасы негізінде сөз болады. Ал жалпы оның барлық көркем аудармаларындағы қолданған жаңа атаулары мен қолданыстарын арнайы зерттеу жалғасын табуы қажет деп санаймыз. Жалпы алғанда, Мұхтар Әуезовтің аудармашылық қыры, көркем аударма жасау шеберлігі, оның аударматану саласының дамуы мен теориясына қосқан үлесі өз алдына жеке қарастыруды қажет ететін ауқымды тақырып болғандықтан, біз мәселенің ол қырларын қарастыруды міндетімізге алмаймыз. Біз тек М. Әуезов емес жалпы көркем аударма үдерісіндегі сөзжасам, терминжасам үдерісін зерттеуді мақсат етіп отырғандықтан, бұл іске айрықша үлес қосқан әрі осы шаруаның бастауында тұрған академик-жазушының шығармашылық зертханасын түгел араламай, оның бір бұрышына ғана үңілу арқылы сабақ пен тәжірибе алу, өнегелі тірлігін өзгелерге, бүгінгі қалам ұстаған қауымға үлгі тұтуды көздеп отырмыз. Академик Мұхамеджан Қаратаев «Алыста жақын өрістер» атты мақаласында «Ұлы суреткер Мұхтар Әуезов аударма өнерінің бір мезгілде әрі теоретигі, әрі практигі болды» деп жазған еді. Көрнекті ғалымның осы бір пікірінен-ақ оның бұл саладағы еңбегінің зор екендігін, сондықтан қаламгердің соңында қалған көркем әдеби және ғылыми мұрасын кең ауқымда әрі әр қырынан зерттеу қажеттілігін көруімізге болады.

Мұхтар Әуезовтің көркем аударма теориясы мен елдегі көркем аударма ісінің дамуына қосқан үлесі туралы әдебиет зерттеушілері мен қаламгерлер тарапынан бұған дейін де азды-көпті сөз болғанын айтуымыз керек. Оның бұл саладағы атқарған істері түбегейлі зерттелмесе де, мүлде назардан тыс қалды деуге де болмайды. Өзімен замандас

қаламгерлер мен кейінгі буын тілші, әдебиетші ғалымдар тарапынан жазылған мақалалар мен диссертациялық зерттеулерде көркем аудармалары мен аударма туралы ғылыми тұжырымдары жайында сөз болды. Алайда жеке-леген авторлардың әр кезеңде айтқан ой-пікірлері болмаса, көркем шығармаларындағы оның авторлығымен жасалған жаңа сөздер мен терминдері туралы жүйелі зерттеу жоқтың қасы. Бұл орайда көркем аударманың білікті маманы Әбен Сатыбалдиевтың мына пікірі өте орынды айтылған: «Қазақ тілі мен әдебиетінің даму жолдарын зерттеген адам, енді қай уақытта болса да, Әуезовтің аудармашылық қайраткерлігіне соқпай өте алмайды. Көркем аудармада ол қалдырған мұра зор. Және оның әрбір аудармасы – ұлттық әдебиет пен өнердің даму жолындағы үлкен кезең. Олардың бәрін былай қойғанда, М. Әуезовтің қаламынан туған жай мақала-очерктер мен ғылыми еңбектердің бәрінде де автордың өне бойы белгілі бір орыс сөзін немесе ғылыми терминдерді қазақша қалай деп алып, қалайша қалыптастыруға болар екен дегендей, әр алуан нұсқада қолданып көріп, тәжірибе жасап отырғаны байқалады. Оның бұл тәжірибелерін зерттеудің өзі де ұлт мәдениетінің дамуындағы көп жағдайларды аңғартқан болар еді» деп жазады ол. (*Ә. Сатыбалдиев. Мұхтар Әуезов және көркем аударма теориясы//Көркем аударма: тәжірибе мен тағылым. – Астана, 2011. – 166-б.*)

Аудармашы қаламгер, көркем аударманың қыр-сырын терең білетін әдебиеттанушы ғалым Ә. Сатыбалдиев заңғар қаламгердің әрбір аудармасын «ұлттық әдебиет пен өнердің даму жолындағы үлкен кезең» деп зор баға береді. Оның қазақ тілі мен әдебиетінің даму жолдарын зерттеушілердің қашанда «Әуезовтің аудармашылық қайраткерлігіне соқпай өте алмайды» деген пікірі де әділ айтылған деп білеміз. М. Әуезов шығармашылығымен танысқан, оны зерттеген әр тілші, әдебиетші ғалым осындай тұжырымға келетіндігіне еш күмәнданбауға болады.

Мұхтар Әуезовтің үнемі орыс сөздері мен ғылыми терминдердің қазақша баламасын жасап, олардың түрлі нұсқаларын қолданып көріп, қалыптастыруға мақсатты түрде

жұмыс істегенін де зерделі зерттеуші, тәжірибелі тәржімеші Ө. Сатыбалдиев анық аңғарып, дөп басып айтқан. Көркем аудармадағы қаламгер мұрасымен мұқият танысып, ыждағатты түрде ой елегінен өткізгендігі аңғарылып тұр. Оның ұлы суреткердің бұл тәжірибесін зерттеудің маңыздылығын «ұлт мәдениетінің дамуындағы көп жағдайларды аңғартқан болар еді» деп пайымдауының астарында үлкен мән жатыр. Сол «көп жағдайлардың» қатарында ұлт мәдениеті мен әдебиетіне өзге мәдениеттің ықпалы, ілгерінді-кейінді әсері, қазақ әдеби тілінің дамуы, көркем әдеби стилінің қалыптасуы, көркем аударма жасаудың кезеңдік даму сипаты, қазақ тілінің сөздік қорының баюы, тіліміздің сөзжасам, терминжасам тәсілдерінің аударма үдерісінде қаншалықты ұтымды пайдаланылғандығы сияқты мәселелер кіреді деп ойлаймыз. Бұл аталғандармен қатар қаламгердің көркем әдеби аудармалары мен басқа да еңбектерін зерттеу арқылы оның авторлық қолданыстарын, әдебиетіміздің аса көрнекті өкілінің, үлкен шығармашыл тұлғаның сөз жасау ерекшелігін, шеберлігін, өзіндік тәсілдері мен тәжірибесін де анықтау мүмкіндігіне ие боламыз.

Бұл тұрғыдан келгенде жоғарыда айтқанымыздай, М. Әуезовтің сөз қолдану ерекшелігіне қатысты айтылған пікірлер көп болмаса да бар. Сондай пікірлердің бірін академик Р. Нұрғалиевтің еңбегінен кездестіруге болады. Ғалым былай деп жазады: «Мұхтар Әуезовтің аудармашылық палитрасындағы бояулар өте бай. Қазақ тілінің лексикасындағы сан алуан сөздерді автор құлпыртып, жаңғыртып пайдаланады. Дож, синьор, суфлер, лейтенант, генерал, герцог секілді сөздерді аудармашы өз қалпында алған. Трубка – керней, флейта – сырнай, свита – нөкер, латук – тікен, колбаса – бүйен, ядро – топ, ночная рубашка – еткөйлек, носилка – көтергіш, хризолит – лағылтас делініп, дәл баламалары берілген. Рогач – алданған ер, мнительный – сезікшіл, чудной – ерепейсіз, благородный – асылзада, льстивый раб – жорға құл, дикая драка – қырықпышақ, убитый гневом – ашуынан қайғы шеккен, клянусь христовой верой – иманыммен ант етемін, катехизис – мәңкір-нәңкір, хаос –

дозак, клянусь я светом – жарық күнім суалсын, монахиния сопы қатын болып сәтімен аударылған» (*Р. Нұрғали. Шеберлік шыңдау мектебі. Сөз өнерінің эстетикасы. – Астана: «Елорда», 2003*).

Бұл тұста М. Әуезов сөз қолданысына қатысты Р. Нұрғалидың «қазақ тілінің лексикасындағы сан алуан сөздерді автор құлпыртып, жаңғыртып пайдаланады» деген пікірі орынды айтылған. Ғалымның дәл баламалары берілген деп көрсеткен атауларының арасында солай қолданылып жүргендері де, басқаша баламалар орнын басқандары да бар. Мәселен, «колбаса» қазір «бүйен» емес, «шұжық» түрінде тұрақты қолданыла бастады. «Көтергіш» атауы «носилькадан» гөрі «подъемник» деген атауға дәлірек балама болатын сияқты. Ал «еткөйлек» атауы біздің пікірімізше, «ночная рубашка»-ның дәл әрі өте сәтті баламасы.

Ә. Сатыбалдиев қаламгердің көркем аударма теориясын дамытуға қосқан үлесін сөз еткен еңбегінде: «Шығарманың мазмұны мен күллі нәр қуаты қайтсе толық беріледі? Әрине, ол алдымен сөз арқылы, автордың сөз қиыстыру тәсілдерін қолдана білу арқылы беріледі. Бұл жерде оның әрбір сөзінің (қою шрифтімен берген біз – *Ш.Қ.*), үн-ырғағының, демек, тыныстану тәртібінің де ерекшеліктерін ескермейінше, ешбір мүмкіншілік жоқ» деп жазады. (*Ә. Сатыбалдиев. Мұхтар Әуезов және көркем аударма теориясы. 200-б.*)

Әдебиет зерттеушісі өте орынды атап көрсетіп отырғанындай, автордың әрбір сөзіне, үн-ырғағы мен қолданыс ерекшелігіне мән бермейінше, шығарма мазмұны, автордың айтпақ ойы аударылған тілдегі оқырманға жете алмайды.

«Орыс, Еуропа тіліндегі көркем, әдеби сөздерді қазақшаға айналдырудағы мақсұт – жалаң қарапайым адамға ұғымды ету емес, мәдениетті жұрттың үлгісімен, сөз кестесімен, олардың салыстыру пернесімен таныстырып, оқушыны тереңге айдап, қиялын байыту, сезімін ұстарту болу керек» деген екен Ж. Аймауытов (Аударма туралы). Мұхтар Омарханұлы Әуезов «Дворян ұясын» қазақ тіліне аударуда дәл осы Жүсіпбек Аймауытов айтқан талаптарды басшылыққа алғаны бүкіл шығарманың өн бойынан көрі-

ніп тұрады. Ол, әсіресе, орыс тілі мен И.С. Тургеневтің «үлгісін, сөз кестесін» қазақ оқырманына бұзбай, сол қалпында жеткізуді мақсат еткен.

М. Әуезовтің аудармашылық шеберлігін, оның өзі аударған көркем шығармалардағы әр сөзді қалай аударғанын нақты көрсету үшін сол аударма еңбектер тұтастай арнайы қарастырылуға тиіс. Біз қаламгер-ғалымның алғашқы көркем аудармаларының бірі саналатын И.С. Тургеневтің «Дворян ұясын» (Алматы: «Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы», 1952. – 158.) ғана қарастырып отырмыз. Алдымен аталған аударманы сүзіп шыққанда жинақталған тілдік материалды, М. Әуезов қолданған жаңа атаулар мен қолданыстарға назар аударалық:

АҒЫЛШЫНҚҰМАР – *англоман*. Иван Петрович Россияға ағылшынқұмар болып қайтты. Ағылшынқұмар болумен қатар, ол өзін патриот санайды (33).

АЛДАРЗА БОЛСЫН // АЛДЫРЫЗА БОЛСЫН – *пожалуйста*. Алдаразы болсын (13). Айтыңыздаршы, алдырыза болсын, маған Марья Дмитриевна жаңа әлгі бір, кім еді? (53).

АСБАПШЫ – *повар*. Сәнқой әйелден күтуші алып, жақсы асбапшы, жылпос лакей де жалдап алды (45).

АСЖАУЛЫҚ – *скатерть*. Ас ішетін үйде төрт бұрышты стол үстінде таза асжаулық үстінде қабырғаға сүйелген, алтын қоршауы бар, асыл таспен безендірілген, кішілеу икондар түр екен (97).

АЯЛШАҚ – *робкий*. ...Жүдеу жүзді, мұңшыл көзді, момын анасының бар бейнесі және мұны аялшақ күйде еркелетуі бала жүрегінен мәңгіге орын алған болатын (34).

БАҚЫТҚҰМАРЛЫҚ – *жажда счастья*. Бақытқұмарлық, тағы да бақытқұмарлық» (132).

БЕКЗАДА – *барыня* (7), *дворянка* (30). Ал, сізге қарасам, менің бекзадам, сіздің ғана мінезіңіз ашық періштеде; Маған аппақ қолыңызды ұсыныңызшы (7); Шал сөз қатып: «Ну, шала піскен бекзада, аман ба? (30)» – деді.

БЕТЖУҒЫШ – *умывальный столик, умывальник*. ...Әр жерге түкіргіштер қойылып, кішкене қоңыраулар мен бетжуғыштар орнады (34).

БӨРІКШЕ – *чепец, чепца*. Ол келерде әйел сары көйлегін киіп, басына мейрамда киетін лента таққан бөрікше-сін киіп, қарсы алады екен. Айтқанындай, апасының бар жиған-тергені жаңағы бөрікшесі, сары көйлегі – бөрі түгел бұл үшін сақталған екен (61).

ГҮЛ-АЛҚА – *венок*. Портреттің бұрышында шаң болған дала гүлінен тоқылған гүл-алқа түр (57).

ЕЛЕКТЕНУ – *мутить*. ...Мұнда толқыну, електену қажет емес (Здесь незачем волноваться, нечего мутить). (60).

ЖАНИЕ – *существо*. Бұл оның бірдей жақсы көретін бес жаниесі болатын (51).

ЖӘМШІК // ЖЕМШІК – *ямщик*. ...Қызыл гүлді сары көйлегі бар жемшіктің етек-жеңі желден қампиып желбірейді. Жәмшік қақпаға жетті де, аттарын тоқтатты. Ол кеткен соң, жәмшік тапжылмай қадалып, жабық есікке көз салды (56).

ЖЕЛІСКЕР АТ – *рысак*. Өзі желіскер аттар жектіріп, сөйіл құруды сүйетін... (25).

ЖҮПТІ – *супруга*. Және сіздің жүптіңіз... (139).

ИНАНЫШ // ИЛАНЫШ – *убеждения*. Бұл жайға келгенде, Елизавета Михайловна, сіз екеуміздің инанышымыз екі басқа; бір бірімізді түсінісе алмаймыз (68). Мұнда бар иланышымды баян еттім (71).

КӨҢІЛҚОСТЫҚ – *сожаленье*. Паншин Елизавета Михайловна туралы сұрастырып, оның сырқат екенін біліп, көңілқостық айтты (127).

КӨТЕРМЕШІ – *откупщик*. Қызметтен ештеңе өндіре алмапты, ендігі соңғы үміті – көтермеші бай екен (75).

КҮЛКІ АДАМ – *чудак*. Лаврецкий өзін еркін сезіне алмайтын; іштей ойланғанда өзін өзі күлкі адамдай көретін (38).

ҚАБАРТПА (білезік) – *дутье (браслеты)*. ...Ажары кеткен қабартпа білезік киетін (41).

ҚАЛПАҚША – *чепец*. Лавренцкийді көріп, кемпір қысылып қалып, бөлмесіде арлы-берлі қозғалып, өзінің қалпақшасын іздегендей (134).

ҚОЛСАНДЫҚ – *дорожные несесеры*. Әрбір ұқыпты жиналған бұрыштарда тамаша қолсандықтар, өте сәнді айкалар, кофейниктер пайда болыпты (43).

ҚОСТАРАМЫС – *двужильный*. Сенің үлкен әкең марқұм бізді қостарамыс дейтін (23).

ҚҰЙМА – *забор*. ...Құймаларда торғайлар шырылдайды (95); ...Бір уақыт тар ғана жалғыз аяқ соқпақ кездесіп, соған түсіп кетіп еді, сол соқпақ бір ұзын құймаға, содан қақпаға әкелді (102).

ҚЫСТАҚ – *деревня, деревушка*. Жоқ, Лаврикте емес, осыдан жиырма бес шақырым жерде бір кішкене қыстағым бар еді, соған барамын (21).

МАЙШАМ – *свечка*. ...Аласа бөлмеде герань иісі болады, майшам күңгірт жанады (35).

ОРАМАЛША – *чепца, чепец*. Олардан басқан елу бестер шамасындағы ақ орамалша тартқан күрең көкірекшелі, қара киімге қоса киген Настасья Карповна Огаркова (52).

ОРАМАЛША – *косынка*. Марфа Тимофеевна Лизаны өз қасына төсекке отырғызып, оның шашы мен басындағы орамалшасын түзей отырып, сөйлей жөнелді (148).

ОТАНШЫЛ – *патриот*. Қыз өзін отаншылмын деп ойлап көрген емес еді (101).

САУШЫЛЫҚ – *здоровье*. Саушылығыңыз қалай? (Как здоровье ваше?) (20); Бетінің қызылы қалың, ақ маңдайлы, таза орыс пішінді, мұрны кесектеу, жүзінде сахра адамының саушылығы бар, мықты, төзімділік байқалатын (21).

САУЫТША – *табакерка*. Қудың немен қызықтыруды білгенін айтсаңшы, сауытша сыйлапты; Сен бұдан иіскеуге насыбай сұрашы, сонда насыбай салғыш сауытшасын көресің (53).

СЕЗІКШІЛДІК – *подозрительность*. Кейде жүргіншілерге қырындап қарап, топас сезікшілдікпен бақылайтын ессіз қарғалар мен құзғындарды аңдиды (54-55).

СЫБЫҚҰМАРЛЫҚ – *любопытство*. Бірақ сыбықұмарлық бойды жеңді (120); Марья Дмитриевна сыбықұмарлықпен ентелей түсіп: «Әлде сіз... шынымен-ақ...» дегенде Варвара Павловна оның сөзін бөліп... (131).

ТӘСІЛҚОЙ – *лукавий*. ...Ол қатал, өр, ақылды, тәсілқой адам еді (24).

ТОЛҚЫНУ – *волноваться*. ...Мұнда толқыну, електену қажет емес (Здесь незачем волноваться, нечего мутить). (60).

ТҮКІРГІШ – *плевательница*. ...Әр жерге түкіргіштер қойылып, кішкене қоңыраулар мен бетжуғыштар орнады (34).

ҮЙ ҚОЖАСЫ – *хозяйка, хозяйка дома*. Паншин бұған үнсіз бас иді, үй қожасы әйел дауыстап: «Бәрекемді, күтпеген сый!» – деді де, сәл қасын түйді (91); Соңғы «король» біткенде барып, үй қожасы орнынан қозғалды да, айналасын қоршаған жастықтарды жерге төге түрегелді (102).

ҮЙІШІ – *семейства (8), домачадицы (84)*. Әрине, әрине, сіздің үйішіңізге қатынасы барды мен білмей қоям ба? (8); Лавриктен бұған жайлы үйіші аспаптарын әкелді (61).

ҮНПАЗ ТОРҒАЙ – *канарейка*. Терезелер тұсында ілулі тұрған тордағы үнпаз торғайлар да үйішінің даурығын күшейтіп, тынбастан шырқап сайрады (152).

ХАНЫМ – *сударыня (6, 115), барыня (30, 51)*. Ханым, мәлім етейін, әйел өзін жаман ұстаса, әрқашан оған ері кінәлі (6); «Жүр, ханымға барамыз», – деді де, орнынан тұрып Федяға жақындады (30).

ШАБЫНУ – *париться*. ...Европашы адам моншада шабынатын болды, түскі тамақты сағат екіде жеп, кешкі тоғызда жатарда кәрі қызметкердің ертегісін тыңдағыш болды (36-37).

ШАМДАЛ – *лампадка*. ...Ескі икондар алдында жанған кішкентай шамдалдар жарығы бар еді... (32).

ШАРТНАМА – *декларация*. ...Руссо Дедеродтың аттарын ақтап, «адамның, азаматтың хақы турасындағы шартнаманы да» ақтап шықты (29).

М. Әуезов аудармасында кездескен бұл сөздердің арасындағы *асжаулық, жание, отаншыл, майшам, орамалша, түкіргіш* сындылары бүгінгі көркем аудармада да осылай қолданылып жүр. Ал *бетжуғыш, аспапшы, аялшақ, гүлалқа, күлкі адам, саушылық, сыбысқұмарлық, үй қожасы,*

үйіші, шартнама тәрізді сөздер оның жеке авторлық қолданысы ретінде қалып қойды. «Бекзада», «ханым» тәрізді тарихи атаулардың мағынасы нақтылана түсіп, бұл атаулар қазір негізінен о бастағы мағынасына сәйкес қолданыла бастады. Бұл тұрғыда белгілі әдебиетші ғалым, академик Р. Нұрғалиевтың мына пікір орынды айтылған: «Аудармашы оқиғаға қатысушылардың мансап дәрежесі, қызметіне байланысты терминдерді қазақ ұғымында берген: король – хан, корелева – ханша, принц – шахзада, офицер – әскербасшы, оберкамергер, гофмейстер, вельможа – ханның тақ маңайындағы ақылшысы, придворные – шабармандар. Аударма талабының бүгінгі шарттарына сәйкес келмесе де, отызыншы жылдар үшін бұл баламалар лайық болғандығы дау туғызбайды» (Р. Нұрғали. *Шеберлік шыңдау мектебі. Сөз өнерінің эстетикасы.* – Астана: «Елорда», 2003.).

Қаламгердің осы аудармасындағы *ағылшынқұмар, аялшақ, иланыш, көтермеші, сезікшілдік* тәрізді атауларын мағынаны дәл беру тұрғысынан да, сөзжасам талаптары тұрғысынан да сәтті жасалған қолданыстар деуге болады. Тасада қалып қойған мұндай атауларды кеңінен қолдануға болады деп ойлаймыз.

Сонымен қатар «Дворян ұясынан» қаламгердің мына төмендегідей қолданыстарын кездестіруге болады: *Салқам* (17) – *рассеянный, салқамдық – небрежность, биік орта адамы* (17) – *светские люди, тоқмейілдік* (39) – *величавость, жоғарғы қауым – высшие круги (общество), бақасқа салу* (71) – *спорить, мойын орамал* (76) – *шейный платок, балауызшам* (100) – *восковая свеча, орындықша* (109) – *креслица, бұрама* (115) – *букля, аққайраң* (77) – *карась, шабақ* (77) – *гольц* және т.б.

«Дворян ұясында» тілімізде бөлек жазылып келген кейбір атауларды біріктіріп жазу арқылы бір ұғымның атауы, тұтас сөз ретінде қолдану да кездеседі. Мысалы, мынадай атаулар солардың қатарына жатады: *қоластында* (24), *салтат* (63), *баскіім* (85, 95), *аққолғап* (134, *белые нарукавнички*) т.б.

Көркем аудармасында көптеген жаңа қолданыстарды енгізе отырып, ол кейбір шетел, орыс сөздерін аудармасыз қолданады. Мәселен, біз қарастырған «Дворян ұясында» мына төмендегідей атаулар аударылмай қолданылған кірме сөздер кездеседі: задор (3), советник, статский советник (5, 132), суртюк (5, 70), перчатка (5,6,13,45,50,71,76,113), галстук (5), шарф (6), чиновник (9, 11, 99, 151), отставка (9, 41), штаб ротмистр (9), камер-юнкер (10), морендо (12), губернатор (12), дилетант (12), шляпа (13, 19, 47, 50, 65, 77, 140), кантата (13, 15, 19), крестьян (14, 42,75, 155), трактир (14, 48), магазин (15), подвал (15), адажиода (17), такт (17), аллегро (17), штрих (18), соната (18), номер (19, 83, 96), пальто (19), конфет (20), кухня (20), икона (23), княжна (25), фрак (26, 97, 127), жабо (26), варенье (27, 92), полк (32), патриот (33), ливрей (35), герань (35), право (36, 50, 72, 90), план (36, 47), исправник (37), приказчик (37), балкон (37), адъютант (40), полк (40), расход (41), лафит (42), лавка (42), извозчик (42), кофейник (43), тетрадь (45, 66, 130, 147), парижанка (45), лакей (45), салон (46, 151), мелодрама (46, 113), лекция (46), бульварь (47), гостиница (48), деревня (49), адрес (49, 112), пенсия (49, 112), доверенность (49), скептик (50, 72), одеколон (51, 139, 140), мята (51), монастырь (52, 148, 149), мещанка (53), гусарь (53), рюмка (55), козла (56), кафтан (56), обоз (58), пробка (58), кастрюль (58), староста (59, 101), борозда (60), трубка (61,70,72), документ (61), календарь (62), стол (62, 82, 97, 125), лента (62, 80), графин (63), обед (67, 76, 77, 125, 130), тарелка (67), сирень (68, 99, 154), бакенбарда (71), вольтерянец (73), фанатик (73), кисет (74), идеалист (75), циник (77), фуражка (76), кресло (77, 139), чемодан (83), квартира (83), платье (84), пикет (91), крест (97), консерватор (99), молотилка (106), губернантка (106), крестьянка (107), корсет (113), ботинка (117), вуаль (117, 145), стакан (118, 139), артистка (12, 130), репетиция (123), фонарь (131), вексель (151), нерв (151), гвардеец (151), институтка (152), малина (154), клирос (156).

Бұл атаулардың көпшілігі Мұхтар Әуезов «Дворяндар ұясын» аударған елуінші жылдары осылай аударылмай қолданылатын. Ал *задор, советник, шляпа, план, малина, крестьян, перчатка, шарф, магазин, подвал, варенье, тетрадь, гостиница, доверенность, мята, обед, чемодан, квартира, платье, ботинка, вуаль* секілді сөздерді аударып қолдануға әбден болар еді. Басқаларын айтпағанда, *жоспар, дүкен, жертөле, қонақүй, түскі ас, шабадан* (76-бетте «шамадан» түрінде қолданған), *пәтер, көйлек, бәтіңке* тәрізді сол жылдардағы баспасөз бен әдебиетте қолданылып жүрген атауларды пайдаланбауы – оның бұл сөздердің аударылуына, қолданысына қатысты өзіндік пікірі болған деген ойға жетелейді.

Орыс тілінде *картежник, карта, щетка, икона, контора, чемодан, банка, аллея, сумка* сөздерін дыбыстық өзгерістермен *қарташы* (9), *қарта* (10), *шөтке* (57), *икон* (57), *контор* (75), *шамадан* (76), *банке* (92), *аллей* (102, 103, 154), *сумке* (134) түрінде қолданады. Қазіргі тілімізде қолданысы орныққан *жиһаз, жиһаздалған, еден, әжим, шіркеу, пәк* сөздерін қаламгер *шиһаз, шиһаздалған* (44), *иден* (47, 112), *ажым* (39), *шеркеу* (51, 52, 94), *пак* (65) сөз басқаша дыбыстайды немесе олардың жуан нұсқасын қолданады. Ал енді *жыйған* (3), *құпыя* (43), *қыянатишыл* (48), *қыйнады* (48), *шыйрақ* (56), *қыйсықтау* (56), *сыйрақ* (57), *оқыйды* (61), *түрекеліп, түрекелді* (99, 102), *қыйын* (155) сияқты сөздер сол жылдардың орфографиялық нормасы бойынша жазылған.

Аса көрнекті қаламгер, сөз зергері Мұхтар Әуезов осы аудармасын түпнұсқаға мейлінше жақындатып, автор стилін сақтауға үлкен мән бергені мәлім. Көркем аудармада орыс қаламгерінің стильдік ерекшеліктерін сақтау, орыс тіліндегі сөйлемдердің құрылысын бұзбау мақсатында пайда болған кейбір сөз тіркестері мен тұтас сөйлемдер аса сәтті шықпаған тұстар да ұшырасады. Олардың қатарына біз М. Әуезов аударған «Дворян ұясы» шығармасынан алынған мына сөз тіркестері мен сөйлемдерді жатқызған болар едік:

Елу жастарда (3) *лет пятидесяти*), бойы кең (10, *развязен*).

Қолдарың мен аяқтарыңа мың мәрте сүйлер жолдаймын (47). (*Тысячу поцелуев твоим ручкам и ножкам*).

Мен сізге айыптымын (19) *Я виновата перед вами*).

Лаврецкийдің арғы атасы Пруссиядан шығып, Василий Темныйдың княздық дәуірінде Жоғары Божецкіден мол жер сый алған болатын (24). (*Родоначальник Лаврецких выехал в княжение Василия Темного из Пруссии и был пожалован двумястами четвертями земли в Бежецком верху*).

Ақ қыс түссе ол Москваға жалғыз өзі келіп, трактирге түсетін (36). (*...А по зимам приезжал в Москву один, останавливался в трактире*).

Қораз тыста қарлыққан үнмен қораз айғайлайды (60).

– Сіз жұлдыздар, о сіз пак жұлдыздар! – деді. (65) (*вы, звезды, о вы, чистые звезды!..*) Сіз жұлдыздар, пак жұлдыздар (65). (*Вы, звезды, чистые звезды, – повторил Лемм...*)

...Лизаның көзінен де үнсіз жастар төгіледі (126). (*...и безмолвные слезы лились из ее глаз и глаз Лизы*).

– Оқа емес, оқа емес! – деп шал орысша сөйледі. – Сіз мейірімді адамсыз. (*Ничего, ничего, – повторил он опять по-русски, – вы добрая девушка*). Оқа емес, біз ақырындап репетиция жасайық, кәне мен отырайыншы, – деп Варвара Павловна фортепиано жанына отырды (123). (*Ничего, мы прорепетируем вполголоса. Пустите меня. Варвара Павловна села за фортепьяно*).

Ол ән салып ойнағанда тек маған үшін істеді, оған бұны бұйырып істеткен мен (140). (*Она пела и играла для того только, чтобы сделать мне удобное, потому что я настоятельно ее просила об этом, почти приказывала ей*).

Ал мені сіздер алдандыру қажет емес (155). (*А занимать вам меня нечего*).

Қазақ әдебиетінің классигі, аса көрнекті қаламгер Мұхтар Әуезовтің көркем аударманы дамытуға айрықша үлес қосқандығы әдебиет зерттеушілері тарапынан айтылып, жазылып келеді. Оның бұл саладағы еңбегі әлі де талай зерттеулерге арқау болары анық. Сонымен қатар ол қазақтың

сөздік қорын байытуға да ерекше атсалысқан, тіліміздегі көптеген көне атауларды, этнографизмдерімізді тарих қатпарларынан аршып алып қолданумен бірге, өз қаламынан да жаңа атаулар туғызған жасампаз қаламгер. Көркем сөз шеберінің бұл қырын да арнайы зерттеу тіл мамандарының міндеті деп білеміз. Оның қаламынан туындаған жаңа сөздер мен тың қолданыстар, авторлық тіркестер жинақталып, терең зерттелсе, оның мол тәжірибесі мен шеберлігі өзге қаламгерлерге үлгі болумен қатар, сөзжасам, сөзқолданыс мәселесімен айналысатын мамандарға таптырмас құрал да болар еді. Біз жоғарыда оның бір ғана аудармасы негізінде сөз қозғадық. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы зерттеулер жалғасын таба бермек. Сонда аса көрнекті қаламгер, шебер аудармашы Мұхтар Әуезов сынды тұлғаның қаламынан туындаған Л. Толстойдың «Той тарқар», «Булька», Дж. Лондонның «Қасқыр», Н.В. Гогольдің «Ревизор», У. Шекспирдің «Отелло», «Асауға тұсау», К. Треневтің «Любовь Яровая» пьесасы сияқты шығармаларға үңілсек, талай тамаша баламалар мен тың сөзқолданыстардың табыларына еш күмән келтірмейміз.

Мұхтар Әуезов өзі тәржіме жасап қана қоймай, аударматанудың ғылыми-практикалық, теориялық мәселелерін де терең зерделеп, ол жайында арнайы сөз қозғаған ғалым. Оның «Пушкинді қазақшаға аудару тәжірибелері туралы» (1937), «Евгений Онегиннің» қазақшасы туралы (1937), «Дворян ұясы» романының аудармасы туралы (1952), «Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері» (1955) сияқты әр жылдары жазған құнды еңбектері соның айғағы. Сол себептен де қаламгер-ғалым әрі көркем аударма шеберінің аударматанудың дамуына қосқан үлесі, бұл саланың қалыптасу тарихындағы алар орны айрықша. Ол тәржіме жасаумен іс жүзінде айналысу арқылы істің мән-жайына қаныға отырып, өз тәжірибесі негізінде аударманың әдеби-тілдік, теориялық мәселелерін терең зерделеп қорытқан, ғылыми тұжырымдар жасаған ғалым.

2.2. Әбен Сатыбалдиев және терминология, аударма мәселелері

Кеңестік кезеңде аударма, сөзжасам, терминология мәселелеріне ерекше мән беріп, өзіндік үн қосқан қазақ зиялыларының бірі – белгілі аудармашы ғалым Әбен Сатыбалдиев. Ол бірнеше повесть және роман, әңгімелер жазған жазушы болуымен қатар, негізінен аудармашы ғалым. Ә. Сатыбалдиев көркем аударма мәселесіне арналған көптеген ғылыми мақалалар мен ғылыми-зерттеу еңбегін жазып, 1964 жылы «Қазақ әдебиетіндегі аударма мәдениетінің дамуы» деген тақырыпта кандидаттық қорғаған. Оның көркем аударма мәселелері жайындағы «Рухани қазына» атты кітабы 1965 жылы жарық көрген. Сондай-ақ ол тіл, терминология мәселелеріне де араласып, мақалалар жариялаған. Аудармашы ғалымның «Орысша-қазақша сөздік туралы» (1955), «Тіл шұбарлығы неден?» (1958), «Терминология қағидалары туралы» (1962) мақалаларында аударма, сөзжасам, термин қолданысы мен терминологиялық сөздік түзу, терминдерді біріздендіру мәселелері сөз болады. Оның осы аталған еңбектерінде сөз болған мәселелер мен жасаған тұжырымдары, айтқан ұсыныстарының көпшілігі күні бүгінге дейін құнын жойған жоқ. Мәселеге осы тұрғыдан қарасақ та, екінші жағынан кеңес кезеңі тұсындағы терминология мәселелеріне арналған кез келген жарияланымды назардан тыс қалдырмауға тиіс екенімізді ескерсек те, оның еңбектеріне тоқталу міндет.

Орыс тілі үлгі тіл, орыс терминологиясы біздің ұлттық терминқорымызды байытудың негізгі көзі ретінде танылған уақытта өмір сүргеніне қарамастан, ол өз тіліміздің сөздік қорын барынша ұтымды пайдалану қағидатын ұстанған. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1958 жылғы 21 қарашадағы санында жарық көрген «Тіл шұбарлығы неден?» деген мақаласында бірнеше құнды пікірлер айтады. Мысалы, былай деп жазады: «Ең әуелі – өз тіліміздің бүкіл сөздік қорын сарқа пайдалануымыз керек. Бұл жөнінде біздің жұмысымыз әлі ақсап жатыр. Талай сөздеріміз ұмытылып барады. Олар

бір жерден көріне қалса, «архаизм», «диалектизм» дегендерді алдына тоса қоямыз. Турасын айтқанда, біздің кейбір тіл зерттеушілеріміз бен сыншыларымыз көп мәселеге орыс ғалымдарының орыс тілін зерттеуі тұрғысынан қарайды... Тілдің өзіне тән ерекшеліктері бар емес пе? Орыс ғалымдары өйтетін болса, олардың әдеби тілінің көпжылдық тарихы бар. Олар сөз қорын түгел қатарға қосып болған, әрбір сөздің мән-мағынасы айқындалып, ұшталып, қалыптасып кеткен. Ал біздікі не? Біздің баспасөзіміз де, ғылымымыз да жас қой әлі. Сол себепті, біз ата-бабаларымыздың жасап беріп кеткен сөздерінің көбін әлі қамтып та үлгергеніміз жоқ».

Аудармашы-қаламгер өз тіліміздің сөздік қорында бар атаулардың іске жаратылмай отырғанын терминқор қалыптастырудағы кемшілік деп таниды. Оның «біз ата-бабаларымыздың жасап беріп кеткен сөздерінің көбін әлі қамтып та үлгергеніміз жоқ» деген сөзін өте орынды және мәселенің мәнін терең сезіне отырып батыл айтылған ұлт зиялысының құнды пікірі десек, шындықтан ауытқыған болмаймыз. Себебі, сонау алпысыншы жылдары терминқор қалыптастыруда шет тілдеріне, оның ішінде орыс тіліне орынсыз жүгінудің қажетсіздігін айтып, өз тіліміздің ішкі мүмкіндігін тиімді пайдаланбауды терминологиямыздағы орын алып отырған кемшілік ретінде көрсетуге екінші бірінің батылы жете бермеген болар еді. Сол жылдары жарық көрген әдебиеттерді, мерзімді басылымдарда жарияланған мақалаларды зер салып оқыған әркім-ақ оған көз жеткізе алады. Ғалымның айтқан пікірі дәл бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда, табиғи нәрсе сияқты болып көрінуі де мүмкін. Бірақ біз оның қалдырған мұрасына кешегі өзі өмір сүрген заманы тұрғысынан да қарауға тиіспіз. Сонда ғана кеңестік идеология шеңберінен шықпай, заман ағымына бейімделіп жасалған ғылыми тұжырымдардың көпшілігінен өзіндік ерекшелігі бар пікір айта білген қазақ зиялысының өзіндік үнін есту мүмкіндігіне ие бола аламыз. Сонымен қатар кеңестік идеология шеңберімен шектелмеумен қатар, ол

архаизмдерді әдеби тіл лексикасын, термин қорымызды байытудың бір көзі ретінде көрсетеді. Оның «Сондай-ақ сөз атаулының бәрінен саяси астар іздеп, бірін «арапшылдық» деп, бірін «түркішілдік» деп, бірін «ескішілдік» деп әр сөзге ат қойып, тұмар тағуға жаны құмар әсіре солшылсынған шолақ белсенділердің де содыры аз тиген жоқ» деген пікірі де алғашқы айтылған ойымен астасып жатыр. Ол осы тұста әсіре солшылдық пен бірге қазақ баспасөзінде әсіре сақтықтың, жалтақтықтың да орын алғанын айтады. «Турасын айтсақ, баспасөзге белсене араласып, тілге ықпал жасап келген адамдарымыздың бәрі бірдей өз тіліне жетік пе еді? Белгілі бір кезекші сөздерден, бір қалыптан шықса, зәресі ұшып, жылт еткен соны сөздердің бәрін сыпыра өшіріп, жалтақтап отыратын редакторлардың талайын көргенбіз», – деп жазады ғалым.

Ә. Сатыбалдиев жергілікті атауларды әдеби тілді байытудың көзі ретінде таниды. Жергілікті қолданыстағы сөздерді сала ұғымдарының атауы ретінде пайдаланылмай отырғанын кемшілік ретінде атап көрсетеді. «Диалект» деген қазақта бар ма, жоқ па, ол өз алдына бір мәселе. Болған күннің өзінде «диалект кірсе, тіл бұзылады» деген ұғым нақ қазір бізге келіспейтін нәрсе. Диалектінің бара-бара жалпы ұлттық тілге ұласатынын ғылымның өзі айтады. Оны біздің ғалымдарымыз да мойындайды. Бірақ бұл үшін олар ғасырлар керек деседі. Меніңше, олардың қателігі де осында. Бұл жеделдік ырғалып-жырғалуды көтермейді, ғасырлар бойы күтуге қаратпайды. Іске жарарлық сөзің бар екен, оны қос қатарға, дереу пайдалан, қоғамдық өмір қатынасындағы белгілі бір ұғымның қызметіне жек» деп жазады ол. Егер жергілікті атаулардың арасынан қажеттілерін сұрыптап алып, қолданысқа енгізбесек, кейін кеш болады, олардың орнына шет тілдерінен енген кірме атаулар қалыптасып кетеді дейді. Бұл да мәселенің мәнін түсіне отырып орынды айтылған білікті маман пікірі. Ғылым мен техниканың, өнердің белгілі бір саласында пайда болған жаңа ұғымдарға дер кезінде ат қойып, айдар тағып отырмаса, олар-

дың өзге тілдегі атаулары тілге еніп қалыптасып қалары анық. Кейіннен тілдегі қолданысы бір ізге түсіп, жұрттың санасына сіңіп, құлағы үйреніп қалыптасып қалған ондай атауларды алмастыру оңайға түспейді.

Ол кеңестік кезеңде басшылық алынып келе жатқан терминология қағидаттарына сын айтып, оның кемшіліктерін атап көрсеткен бірден-бір маман. Ғалым аудармашы былай деп жазады: «Терминология қағидасында бізде бір догмаға айналып бара жатқан әдет бар. Құрал-сайман, техника атауларына келгенде: «Оларды сол күйінде аудармай аламыз» деп жұмыла кететін болдық». Осы пікірін ол «мотыга», «двигатель», «тормоз» сияқты бірнеше атауды мысалға келтіре отырып дәлелдейді. Өз ұсыныстарын айтады.

«Бізде «ұнамайды», «дұрыс емес» деп барды жоққа шығарушылар табылады да, оның орнына дұрысын айтып берушілер сирек ұшырасады. Осындай амалсыздан туған сөздерге қарсы болғанда, «Орыстың «корм» деген сөзін аудармай, сол қалпында алу керек» деген бір ғалымның мақаласы да басылған».

1962 жарық көрген «Терминология қағидалары туралы» атты мақаласында да ол терминологияның бірқатар мәселелеріне қатысты салиқалы ой, салмақты пікірлер айтады. Сол жылдары жарық көрген терминологиялық сөздіктер сериясына тілдік сараптама жасайды. Бүгінгі қолданыстағы терминмен айтқанда «терминография» мәселелерін сөз етеді. Оның «Терминологияның теориялық мәселелерін зерттеу және бұл саладағы тәжірибелерді қорытып, оған бағыт сілтеп отыру ісі бір ғана Қазақстанда емес, бүкіл одақ көлемінде әлі жеткіліксіз екендігі әр жерде айтылып жүр» деген пікірі сол кезеңдегі терминологияның дамуынан хабардар етеді. Сол алпысыншы жылдарда қазақ терминологиясының теориялық мәселелері қай дәрежеде сөз болғанына назар аударма бастасақ, мақала авторының пікіріне қосылуға тура келеді. Дәл сол мезгілде терминологиялық теориялық мәселелерін зерттеуге арналған монографияны айтпағанда, атап айта қоярлықтай ғылыми мақалалар да жарық көре қоймап еді. М. Исамбаевтың (1961), А. Тәжмұратовтың

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР (1966), Ш. Бәйтікованың (1967), М. Насырованың (1969) кандидаттық диссертациялары негізінен сала терминдерінің жасалуы мен қолданысына, жаңа терминдер мәселесіне арналған еді. Ал сол кезеңде жарық көрген М. Балақаев, Ә. Қайдар, Ә. Әбдірахманов, Е. Жанпейісов, Т. Мұсақұлов сынды ғалымдардың мақалалары терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыру, біріздендіру, аудару, оқыту сияқты мәселелерге арналды.

«Аудармада синонимдік сөздердің бәрін жинап-теріп бірақ сөздің балауына беруден, сөйтіп сол мәндес басқа сөздерге балама таппай отырып қалудан аулақ болайық».

«Бізде термин сөз көбінесе аудару арқылы шығады. Сол себепті де, оның ұғымын беретін атауды біз, ең алдымен, халықтың бар сөздерінен іздестіреміз».

«Чан» деген сөз үй тірлігінде де, ұсақ қолөнер кәсібінде де көп заманнан бері «күбі» деп алынатын. Әуелгі сөздіктерге солай боп енген де. Ал кейін, осы сөз өндіріске, құрылысқа байланысты боп келгенде, олай деп алуға жүрегіміз дауаламай, «чан» деп қойыппыз да, жақшаның ішінде «күбі» деп түсінік беріппіз. Күбі болған соң, ол барлық жерде неге күбі бола бермейді екен?»

«Бізде термин сөз көбінесе аудару арқылы шығады. Сол себепті де, оның ұғымын беретін атауды біз, ең алдымен, халықтың бар сөздерінен іздестіреміз» деп жазады ғалым. Бұл сөздің негізі бар. Кеңестік кезеңде жасалған терминдер мен атауларды саралай бастасақ, олардың басым көпшілігінің аударма барысында туындағанына көз жеткізуге болады. Бұл орайда қазақ тіл білімі дамуының кеңестік кезеңінде өз тіліміздің лексикалық қабаттарынан алынған немесе жаңадан жасалған азын-аулақ жаңа атаулар мен терминдердің қолданысқа енуіне аудармашылардың қосқан үлесінің айрықша екендігін айтқан жөн.

Алаш зиялыларын қуғындау, қамау басталған 30-жылдарда олардың жасаған, қолданысқа енгізген атауларын, терминдерін тілден аластауға, басқа сөздермен алмастыруға құмарлар көбейген еді. Ондай жаппай алмастыру мәселесі қойылмаса да, 60-жылдарда да тілде тұрақты қолданылып,

бір ізге түсе бастаған аздаған қазақша терминдерді де көпсініп, оларды орысша нұсқасымен қайта алмастыруды қалайтындардың аз болмағанына ғалым-аудармашының мына жазғандары мысал бола алады: «Қазіргі қазақтың орта буынынан жоғарыларының бәрі сауатын ашқаннан бастап «квадрат» дегенді «шаршы» деп, «куб» дегенді «текше» деп оқып, бұл екі сөздің бар ұғымын тек сол атаулар арқылы ғана қабылдап өсті. «Текше метр», «шаршы метр» деген сөздердің мағыналарын түсінбейтін қазақ кем болатын. Сондықтан бұл сөздерді қайта өзгертіп, орысша қалыбына түсірудің не мұқтажы болды екен? Мүмкін, математика ғылымының мамандарына бұл атаулардың оғаштау көрініп тұратын жайы бар шығар. Бірақ ондай кісілердің өздері ана тілінен қол үзіп, мұндай мағыналарды қазақша атаулар арқылы ұғынудан аулақтап қалуы ғажап емес қой. Күн сайын тек орысшасын айтып, орысша естіп жүргендіктен де, олардың құлақтары үйреніп кетіп, солай қарай бейімделе бергісі келіп тұруы да мүмкін».

Ә. Сатыбалдиевтың бұл айтқандарын қалыптасқан қазақша жасалған терминдерді қорғаштаған ұлт зиялысының, тіл жанашырының пікірі деп қарау ол көтерген мәселенің бір қырын ғана қамтиды. Мұнда ол тек орысша оқып, жазып өз тілінен алшақтап қалған қазақ ғалымдарының психологиясына терең үңіле білген. Ғалым олардың осы атауларды жатсынуының сырын, психолінгвистикалық себептерін дұрыс аңғарған. Бұл құбылыстың жарқын мысалдарын біз қазіргі қоғамнан да көптеп кездестіріп жүрміз. Оған аса таңданбайтын да дәрежеге жеттік. Алайда өз тілінің сөздеріне жатсына қарау, оларды тосырқай қабылдау психологиясының сонау 60-жылдары-ақ пайда болғанына көз жеткізуге болады.

Ә. Сатыбалдиевтың 30-жылдары алаш оқығандарының тұсында жасалып, кейін кеңесшілдер сынға алып қолданыстан ығыстырылған сөздер жөніндегі айтқан пікірі де көңілге қонады. Мәселен, оның «паровозды «отарба» деуінде пәлендей оғаштық та жоқ. Кезінде кімнің қалай өзгерткенін кім білсін, бірақ паровоз болғанда «отарба» болмай-

тындай да ештеңе жоқ сияқты. Егер осылай алына бергенде, бұл сөздің жап-жақсы атау-термин болып қалыптасып кетуі де ғажап емес еді» деген пікірі орынды айтылған деп білеміз. Ол «отарба» сөзінің жеке өзіне ғана қатысты емес, осы тақылеттес біраз сөздерді мысалға ала отырып, терминология дамуының өткен алаштық кезеңіне қатысты оң пікір айтып отыр. Оның кеңестік идеологияның кемеліне келіп тұрған кезінде 20-жылдары Ахмет Байтұрсынұлы жасап, қолданысқа енгізіп кеткен тіл білімі терминдері туралы – «бастауыш», «баяндауыш», «анықтауыш», «толықтауыш» деген сияқты ғылыми атаулар соншалық жатық та үйлесімді болғандықтан да, халықтың санасына әбден орнығып алған» деп жазуы да назар аудартпай қоймайды. Отызыншы жылдардың орта тұсынан бастап тоқсаныншы жылдарға дейінгі аралықта жарық көрген еңбектердің бірде-бірінен кеңестік билік тарапынан «қараланған» алаштық кезеңді «ақтауға», сол кезде ұлт тілінде жасалған терминдердің дұрыстығын дәлелдеуге батылы барып, мұндай пікір айтуға ұмтылғандарды кездестіру қиын. Керісінше, автордың қолдап отырған атауларын сынап-мінеп, тіпті орынсыз даттап, ал кеңестік кезеңнің жетістіктері мен сара бағытын, орыс тілінің ұлт тілдерін дамытуға қосқан игі ықпалын әсіре мақтауға сөз таппай жататын пікірлерді молынан ұшыратасыз. Міне, осындай кеңестік идеология берік орнығып, жалпыкеңестік терминқор қалыптастыру бағытының дұрыстығы барынша дәріптеліп тұрған уақытта, күні кеше ғана осы үстемдігі орнап тұрған бағытты қолдаушылар қатаң сынға алған кезеңде жасалған атаулардың дұрыстығын айтып, ағымға қарсы жүзуге әркімнің бара бермесі белгілі.

Кірме терминдерді тілімізге дәл орыс тіліндегідей қалпында өзгеріссіз қабылдау 30-жылдары заңдастырылып, 60-жылдары берік орныққан қағидат болатын. Осылай қабылдауда сыңаржақтық бар екендігі туралы алаш зиялыларынан кейін кеңес үкіметі тұсында 1953 жылы М. Әуезов жазған еді. Одан өзге сол кезеңде бұндай «қиғаш» пікір айтқан ғалымды біз кездестірмедік. Керісінше, белгілі тіл мамандарының қайсысының еңбегіне жүгінсек те, тер-

миндерді орыс тіліндегідей өзгеріссіз алудың прогрессивтік жағы баса айтылатын. Ал Ә. Сатыбалдиев осы мәселеге қатысты өз уақытының талабы мен жетекші тілші ғалымдардың тұжырымдарына сәйкеспейтін, замандастарының айтқандарына қайшы келетін пікір білдіреді. Шет тілдерінен термин қабылдау жөніндегі оның көзқарасы мынадай: «Тек бір айта кететін нәрсе мынау – орысша терминдердің де, сол сияқты халықаралық терминдердің де қазақ тіліне сіңетіні бар, сіңбейтіні бар. Қазақ тілінің өзіне тән туындау мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, жаңа терминдер жасағандығы сияқты, шет тіл сөздерін әкелудің жолы мен жүйесін таба білу керек, оларды қазақ тілінің фонетикалық жағынан да, грамматикалық жағынан да және сөйлеу тұрғысынан да бойына сіңіріп, тез игеріп әкететіндей болуын көздеу керек». Кейбір кірме терминдерді қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес өзгертіп жазу қазіргі терминологияда көрініс беріп отырған құбылыс болғанымен, бұл әлі толық шешімін таппаған мәселе. Ғалымның шет тілдері терминдерін жазуға, қабылдауға қатысты ғылыми құндылығын жоймаған бұл пікірі әлі де ескерусіз қалмауы тиіс.

Ә. Сатыбалдиев термин жасау, сөз жасау кезінде пайдаланылып жүрген жұрнақтардың жұмсалуды мен олардың семантикасына қатысты да көптеген орынды пікірлер айтқан. Оның *-ғыш*, *-гіш*, *-қыш*, *-кіш* жұрнақтарының қолданысы мен *-уыш*, *-уіш*, *-ық*, *-ік*, *-қы*, *-гі*, *-ты*, *-ыр*, *-ір* жұрнақтарына қатысты пікірлерін бүгінгі терминжасам үдерісінде де ескерген дұрыс. Тіл қадірін біліп, сөз мәнісін түсінген білікті маман қазақ тілінің сөз тудыру қабілетінің зор екендігін ерекше атап, термин шығармашылығында тілдің осы мүмкіндігінің пайдаланылмай отырғанына өкініш білдіріп, былай деп жазады: «Қандай өсімтал, қандай төлшіл, неткен икемді десеңізші біздің ана тіліміз! Өттең, не керек, тіліміздің осы мүмкіншіліктері аудармада, әсіресе термин жасауда толық іске жегілмей келеді».

...Аударма мәселелерін арнайы зерттеген зерделі маман Әбен Сатыбалдиевтың 1987 жылы жарық көрген «Рухани

казына» атты еңбегіндегі «ғылым мен техникалық әдебиеттер стилі аударма әдебиеттер негізінде жеке стильдік тармақ болып қалыптасты» [129-б.] деген пікірі де айрықша назар аудартады. Ғылыми стильдің даму, қалыптасу тарихында аударма әдебиеттердің айрықша рөл атқарғаны даусыз. Бұл жөнінде тілші ғалымдар еңбектерінде айтылып, жазылып жүргенімен әлі де терең зерттеуді қажет ететін мәселе. Әсіресе ХХ ғасыр басындағы әдебиеттерді қалдырмай сүзіп шығудың маңызы айрықша.

Кеңес дәуіріндегі термин шығармашылығын зерттеу барысында біз автордың осы айтылған пікірінің еш қоспасыз әділ айтылған, ғылыми негізі берік пікір екендігіне толық көз жеткіздік. Қазақ тіліндегі термин шығармашылығы тоқырауға ұшырып, терминжасам тәсілдері іске қосылмай келген кеңестік кезеңді былай қойғанда, тәуелсіз ел атанғанымызға жиырма жылдай уақыт өтіп, қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болған қазіргі таңда да терминқор қалыптастыруда оның мол мүмкіндігі өз дәрежесінде пайдаланылмай отыр. Әрине, бұл мәселенің мәніне терең үңіліп, арнайы жан-жақты зерттеу, талдау арқылы себептері көрсетілуі тиіс өзекті тақырып. Дегенмен сол кеңестік кезеңде, алпыс жылдай уақыт ішінде қазақ тілінде термин жасаудан гөрі орыс тілі арқылы дайын терминдерді қабылдау дәстүрінің берік орнығып қалғандығының салдары ұлт тіліндегі термин шығармашылығы бүгін де қарқын алып, жүйеге түсіп кете алмай отыруына әсері жоқ дей алмаймыз. Дәлірек айтқанда, сол жарты ғасырдан астам үстемдік етіп келген дәстүрді бұзып, терминқор қалыптастырудың жаңа үрдісіне көшу оңай болмай отыр.

Сонымен, қорыта айтқанда, Әбен Сатыбалдиев – 60-жылдардағы қазақ терминологиясының шешімін таппаған мәселелерін көтеріп, ұлттық терминқорды қалыптастыру мен біріздендіруге елеулі үлес қосқан, термин шығармашылығында, терминологиялық сөздік жасауда орын алған кемшіліктерді атап көрсеткен ғалым. Сондықтан Кеңес дәуіріндегі қазақ терминологиясының дамуы туралы сөз болғанда оның еңбегі ескерусіз қалмауға тиіс.

2.3. Құрманбек Сағындықов және аударма мен терминология мәселелері

Кеңестік кезеңде терминдерді аударуға, олардың жасалуы мен қалыптасуына тікелей атсалысып, өзіндік үлесін қосқан мамандардың бірі – Құрманбек Сағындықов. Ол аудармамен кәсіби түрде айналысып, мемлекеттік терминология комиссиясының белсенді мүшесі ретінде өзінің және әріптестерінің қаламынан туындаған сәтті терминдерді қолданысқа енгізуге атсалысып отырған.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жанындағы Партия тарихы институты В.И. Лениннің 55 томнан тұратын еңбектерін қазақ тіліне аудару барысында көптеген қоғамдық-саяси терминдер жасалып, қолданысқа енді. Осы істің басы-қасында болған Қ. Сағындықов сол ширек ғасырға жуық жасалған жұмыстың нәтижесі негізінде 1970 жылы «Көсемнің асыл мұрасы» (*В.И. Ленин еңбектерін қазақ тіліне аудару мәселелері жайында: 1946-1969 жылдар. – Алматы, 1970. – 208 б.*) атты кітабын жариялады. Бұл кітапта автор 1946-1969 жылдар аралығындағы аударма жұмысының жай-күйін сөз етеді. Кешегі кеңестік кезеңге, пролетариат көсемі В.И. Ленинге, оның еңбектеріне деген бүгінгі қоғам көзқарасы тұрғысынан қарап, бұл еңбекті ескерусіз қалдыру дұрыс болмас еді. Кітаптың атына қарап, көсем мұрасы туралы жазылған басылым жөнінде сөз қозғаудың бүгін қандай өзектілігі бар деген түсінік туындамауға тиіс. Керісінше, ондағы аударма мен терминжасамға қатысты негізді тұжырымдарға, лингвистикалық талдауларға, қамтылған бай тілдік материалға жете назар аудару қажет деп санаймыз. Сондай-ақ бұл еңбек көркем аударма болмаса да, әңгіме жаңа атаулар мен қолданыстар, терминжасам, сөзжасам, жалпы тәржіма жайында болып отырғандықтан, қысқаша тоқтала кеткенді жөн көрдік.

Жалпы кеңестік кезең терминологиясын қарастыру барысында бір байқалғаны, көп жағдайда осы кезеңдегі терминологияны, терминжасам ісін аудармадан бөліп қарауға келе бермейді. Өйткені терминжасам жеке сала ретінде

дамып, ұлт тіліндегі термин шығармашылығы мақсатты түрде қолға алынбағандықтан, жаңа терминдердің көпшілігі аударма барысында жасалып, қолданысқа еніп отырған. Құрманбек Сағындықовтың сөз болып отырған еңбегінен аударма арқылы қалыптасқан сондай бірқатар атауларды кездестіруге болады. «Мәселен, Ленин еңбектерінің бұрынғы аудармасында *колония, конкуренция, царизм, устунка, иллюзия, рыцарь, паразитизм, обыватель* деген сияқты ұғымдар орысша нұсқалары бойынша қолданылып жүрді. Жүре-келе бұларды жоғарыда аталған ретімен *отар, бәсеке, патша өкіметі, кеңшілік, жалған үміт, сері* немесе *сабаз, арамтамақтық, тоғышар* деп аударатын болдық» деп жазады автор. Бұлардың арасынан *отар, бәсеке, патша өкіметі, тоғышар* сияқты атауларды бүгін де біз сол бастапқы қалпында қолданатын болдық. Яғни аударма барысында пайда болған бұл атаулар тілімізден берік орын алды деуге негіз бар.

Қ. Сағындықов аталған кітабының «Терминология мәселелері» деген тақырыпшасында терминжасам, терминдердің аударылуы мен қолданысына қатысты ойларын ортаға салып, нақты мәліметтер келтіреді. Мәселен, *қиқарылық (крайность), дайындау (заготовка), даярлау (подготовка), әзірлік (готовность), айналыс (обращение), айналым (оборот), ауыспалы айналым (кругооборот), жаттампаз (начетчик)* тәрізді терминдердің қашан жасалып, қалай қолданысқа енгендігін осы еңбек арқылы білуге болады. Бұлардың арасындағы *қиқарылық* пен *жаттампаз* атауларынан өзгелерінің қолданысы бүгін біршама орныққан деуге болады.

Терминология тарихы үшін терминдердің жасалған уақыты, оның авторы, жасалу тәсілі, қашан қолданысқа енгендігі немесе қолданыстан не себепті шығып қалғандығының бәрі де өте маңызды. Тек терминология тарихы үшін ғана емес, терминжасам теориясы мен тәжірибесін зерттеу, жетілдіру үшін де бұл мәселелер терминтанушылар назарынан тыс қалмауға тиіс. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, Қ. Сағындықовтың біз сөз етіп отырған еңбегі өз ке-

зеңінің терминжасам тәжірибесінен мол мәлімет беретіндігімен құнды. Кеңестік кезеңдегі қазақ терминологиясының өзіндік сипатын анықтайтын деректер көзі болумен қатар, автордың күні бүгінге дейін құнын жоймаған пікірлері мен ұсыныстары да аз емес. Яғни кеңестік кезеңдегі саяси-экономикалық терминдердің, қоғамдық-саяси лексиканың жасалуы мен қалыптасуын, аударманың дамуын зерттеуде мұндай еңбектерге соқпай өтуге болмайды.

Кеңестік кезеңде терминдердің қалай жасалғанын, қандай қағидаттардың басшылыққа алынғанын Қ. Сағындықов еңбегінен де көруге болады. Ол терминдер қорын қалыптастырудың бағыттары жөнінде былай деп жазады: «Қазақ тілінде жаңа терминдер жасау үш түрлі бағытта жүргізілді; біріншіден, интернационалдық терминдерді (соның ішінде орыс терминдерін), қазақ тілінде олардың дәлме-дәл тиісті балама сөздері жоқ болған кезде аудармай алу (мәселен, *партия, революция, диктатура, пролетариат, завод* т.т.); екіншіден, шетел немесе орыс терминдерінің мағынасын дәл бере алатын қазақ сөздерін қолдану (мәселен, *класс – тап, переворот – төңкеріс, эксплуатация – қанау*, т.т.); үшіншіден, қазақ тілінің нормаларына сәйкес мүлде жаңа терминдер жасау (мәселен, *промышленность – өнеркәсіп, производство – өндіріс, изобретение – өнертабыс, кустарничество – майдагерлік, учебник – оқулық*, т.т.)».

Кітап авторының бұл жазғандарынан қазақтың терминқор қалыптастырудың бірінші бағыты ретінде «интернационалдық терминдерді, орыс терминдерін, қазақ тілінде олардың дәлме-дәл тиісті балама сөздері жоқ болған кезде аудармай алу» қағидатын атап көрсетілуінен көп нәрсені аңғаруға болады. Интертерминдер мен орыс сөздерін аудармай алу басты бағыт ретінде белгіленіп, ал «шетел немесе орыс терминдерінің мағынасын дәл бере алатын қазақ сөздерін қолдану» мен «жаңа терминдер жасау» одан кейінгі екінші, үшінші бағыт ретінде танылған. Бұл – ұлт тіліндегі термин шығармашылығына басымдық берілмей, кейінгі қатарға ысырылғандығының айқын көрінісі. Мұндай бағыттың белгіленуі қазақ тіліндегі термин шығар-

машылығының қарқынды дамуына кедергі жасамай қалған жоқ. ХХ ғасыр басындағы ұлттық терминқор жасау үрдісі барынша бәсеңдеді. Өйткені терминқор қалыптастыруға деген талап өзгерді, кеңестік жаңа қағидат белгіленді. Аударма барысында да бұл кеңестік қағидаттар басшылыққа алынып отырған.

Аудармашы маманның терминдерді аудармай алуға қатысты кейбір деректері ХХ ғасырдың орта тұсындағы терминдердің қалыптасу тарихынан ақпарат беруімен қатар, кеңестік кезеңнің терминқорын жасаудағы үрдісті де көрсетеді. Ол «орыс тіліндегі *рынок, уклад, постановка, заказ, заявка* деген сияқты ұғымдар бұрын түрліше аударылып келді. Кейін, қазақ тілінде бұлардың мағынасын дәлме-дәл беретін баламалар жоқ екені әбден анықталған кезде, бұлар орысша нұсқалары бойынша қолданыла бастады. *Базар, жік, жеткізу, тапсырма, табыстама* деген сөздер жоғарыдағы орысша атаулардың мағынасын дәл бере алмайды» деп жазады. Баламалар орыс тіліндегі атаулардың мағынасын дәл бере алмаған күннің өзінде олардың орнына басқа, олардан сәттірек жасалған баламалар ұсынуға болатын еді. Термин жасау, жаңа сөз жасау шығармашылық жұмыс, сол себептен де ол жарты жолда тоқтап қалуға тиіс емес. Ал жоғарыдағы терминдерге қатысты олай дей алмаймыз, басқа балама табу, жаңа термин жасау ісі жалғаспаған. Айналып келгенде, кеңестік кезеңдегі «қазақ тілінде термин жасап әуре болғанша, орыс тілінен дайын қалпында ала салған тиімді» деген әбден орныққан, тілдің жасампаздық қабілетін шектеп, мешеулікке жетелейтін психология үстемдік еткенін көруге болады. Сондықтан автордың «қазақ тілінде бұлардың мағынасын дәлме-дәл беретін баламалар жоқ екені әбден анықталған кезде, бұлар орысша нұсқалары бойынша қолданыла бастады» деген пікірі өз уақытының шындығын көрсетіп тұрғанымен, онымен келісу қиын. «Балама жоқ екендігі әбден анықталған кезде» деген сөздің астарында енді бұл атауларға балама іздеудің қажеті жоқ деген тұжырым жатқанын байқауға болады. Алайда қазақ тіліндегі термин шығармашылығы бірша-

ма жандана бастаған 90-жылдардан бергі кезеңде осы бес атаудың төртеуінің қазақша баламасы орнығып, тілімізде *нарық, қойылым, тапсырыс, өтінім* түрінде біркелкі қолданыла бастады. Осы мысалдардан-ақ аталған терминдердің жаңа баламалары ізделінбей, орыс тіліндегі нұсқаларын қолдануға қайта көшудің негізсіз болғанын аңғару қиынға соқпайды. Жоғарыдағы аталған бес терминнің ішінен «уклад» терминін ғана тарихшылар сол қалпында қолданып жүр. Бұл «уклад» сөзі баламасыз қолдануды қажет ететін, басқа тілде мағынасын беретін сөз табу мүмкін болмайтын айрықша атау дегенді білдірмейді. Кірме терминді тарихшы, қоғамтанушы мамандардың қазақша баламамен алмастыруды, термин жасауды мақсат етпеуіне немесе ұтымды термин жасай алмауына байланысты қолданыста қалып отыр. Әйтпесе бұл терминнің де қазақша баламасы жасалып, қолданыста жүруі мүмкін еді. Алдағы уақытта да «уклад» терминінің қазақша нұсқасы жасалып, қолданысқа түсу мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды. Термин шығармашылығы үздіксіз жүріп жататын үдеріс. Ең бастысы, осы шығармашылық үдерістің үздіксіз дамып, жоғары кәсіби деңгейде жүзеге асып жатуы.

Терминдердің жарыса қолданылып барып, бір ізге түсуі де табиғи құбылыс. Автор 50-60-жылдары *«постановление, резолюция, решение»* деген ұғымдардың қазақша орнықты баламалары *қаулы, қарар, шешім* тұрса да, бұларды бір-бірімен шатастырушылар әлі күнге дейін табылады» деп жазса, бүгін бұл терминдер бірізді қолданылатын болды. Сөз болып отырған кезеңде *договор, мастер, мастерская* деген атаулар бірде аударылмай, бірде *шарт, шебер, шеберхана* түрінде олардың қазақша баламаларының қолданылғанын да автор осы еңбегінде атап көрсетеді. Ал қазір бұл терминдердің де қазақша нұсқалары тұрақты қолданылатын, тілде орныққан атаулар қатарына енді.

Қ. Сағындықов терминология мәселелері туралы сөз еткенде *«отношение, удельный весь, положение, правило»* сияқты түрліше аударылып жүрген терминдерді әрқашан да қазақша *арақатынасы* немесе *ара салмағы, үлес*

салмағы, қағида, ереже деген сөздермен беру керек» деп жазған еді. Бұл терминдердің арасында да күні бүгінге дейін қолданысы бір ізге түсе алмай келе жатқандары бар. Олар – *қағида* мен *ереже*. Бұл екі атау әлі де бірінің орнына бірі жұмсалады немесе көпшілік жағдайда орыс тіліндегі *положение, правило* деген екі атаудың орнын қазақ тіліндегі бір ғана «ереже» сөзі алмастырып жүр. Мысалы, *жол қозғалысы ережелері* (правила дорожного движения), *мінез-құлық ережелері* (правила поведения), *жалпы ережелер* (общие положения), *тұрпатты ереже* (типовое положение), *Конституция ережелері* (положения Конституции), *негізгі қағидалар* (основные положения) т.б. Жарты ғасырға жуық уақыттан бері бұл терминдердің бірінің орнына бірі жұмасалып, ұзақ жылдар бойы қолданысы ретке келтірілмей отыруы терминологиялық жұмыстардың тиісті деңгейде жүргізілмей келгендігімен тығыз байланысты. Мамандар 60-жылдардың аяғында көтерген мәселе әлі шешімін таппай отырғандығына басқаша себеп-сылтау іздеп жатудың еш реті жоқ. Керісінше, кез келген салада өте жиі қолданылатын осы екі атауды жарыстырып қоймай, мемтерминкомда қарап бекітіп, қолданысын ретке келтірмей болмайды. Аудармашы маман кейбір сөздердің аудармасына қарсы болған еді. Мәселен, ол *гонорар, коллега* сөздерінің аудармасына қатысты пікірін былай деп білдіреді: «*гонорар, коллега* деген ұғымдарды аудармай қолданған жөн. Бұлай дейтініміз, қаламақы «гонорардың» төлеуі бола алмайды. Өйткені жазу-сызу өнерімен айналысатын адамдар (жазушы, адвокат) жөнінде бұл дұрыс болғанымен, буржуазиялық елдерде жұртты емдегені үшін алатын дәрігердің гонорарын «қалам ақы» деп аудару дұрыс емес. Сол сияқты «әріптес» деген қазақ сөзі «коллеганың» толық баламасы бола алмайды. Мағынасы жағынан бұл сөз (әріптес) *partner, напарник* деген ұғымдарға анағұрлым жақын».

Айтылған пікірдің жаны бар. Бірақ ол абсолютті балама іздеудің үнемі орындала беретін талап емес екендігін ескермеген сияқты. Сөздің мағынасында ұғым белгілерінің бәрін тұтас қамту қиынның қиыны. Сөз мағынасының тарылту

мен кеңейту, ұғым мазмұнын дәл қамтымаса да мағынасы жақын сөздерге қосымша мағына үстеу арқылы да жаңа сөз жасау сөзжасам үдерісінде болып жататын құбылыс екендігі белгілі. «Қаламақы», «әріптес» атауларының жасалуынан да осыны аңғаруға болады. Жасалған кезде жаңа сөздер ұғымның бірқатар маңызды белгілерін қамтыған. Сол себептен де бірден болмаса да, уақыт өте келе оларды жұртшылық қабылдағандықтан, тілдік қолданысқа енгендігінің куәсі болып отырмыз.

Қ. Сағындықовтың білікті кәсіби аудармашы ретінде әр терминнің өз мағынасына сәйкес қолданылуы мен бірінің орнына екіншісі жұмсала беретін атаулардың мағыналарының аражігін ажыратып қолдануға мән бергендігі еңбегінің өн бойынан үнемі көрініп отырады. Оның сондай пікірлерінің бірін мысалға келтіруге болады. Мәселен: «Орыс тіліндегі уақыт өлшемін білдіретін *эра, эпоха, период, этап, момент* сияқты орайлас атауларды аударуда да бірізділік болмай отыр. Мәселен «эпоха» дегенді «заман» деп те, «дәуір» деп те алып жүрміз. Бұл, әрине, дұрыс емес. Өйткені аталған термин сөздердің байыбына баратын болсақ, мағыналық аумағы мен тарихи өлшемі жағынан эра эпохадан, эпоха периодтан, период этаптан, этап моменттен үлкен. Қазақтың *замана, заман, дәуір, кезең, кез* деген сөздері жөнінде де осыны айтуға болады. Егер тіл мамандары, әдебиетшілер мен аудармашылар: *эра – замана, эпоха – заман, период – дәуір, этап – кезең, момент – кез* болсын деп бір пікірге келер болса, бұдан пайдадан басқа ешқандай зиян болмас еді» – деп жазады автор. Уақыт өлшеміне қатысты атаулардың қолданысын біріздендіру мәселесі өте орынды көтерілген. Өкінішке қарай, бұл атаулардың қолданысы әлі де бір ізге түсе алмай келеді.

Қазақ тілінің қолданыс аясы мейлінше тарылып, ұлт тіліндегі термин шығармашылығы тұралаған кеңестік кезеңде де бірқатар жаңа сөздер, терминдер жасалды. Ол жөнінде кітап авторы былай деп жазыпты: «Қазақ тілінің нормаларына сәйкес ғылыми-творчестволық жолмен сан алуан жаңа сөздер жасалды. *Өнеркәсіп, өндіріс, өнертабыс, май-*

дагерлік, кәсіпкер, өсімқор, айналым, айналыс, өнім, тұтыну, қажеттілік, ұсыныс, сұраныс, оқулық, иелік, құн, өзіндік құн, қосымша құн, жалақы, еңбеккүн сияқты тыңнан жасалған терминдер мен ұғымдар шын мәнінде тілімізді едәуір байытып отыр».

Мұндай атаулардың тілімізді байытқаны талас тудырмайды. Маманның бұл пікіріне біз де қосыламыз. Алайда автор сөз етіп отырған ширек ғасырды қамтитын уақыт аралығында қолданысқа енген 20-30 сөзді сан алуан жаңа сөздер жасалды деп көпсіне алмасымыз анық. Әрине, ол кезеңдегі идеология мен тіл саясатын, қазақ тіліне деген орталықтың көзқарасын ескерсек, мұның өзін аз ғана ұлтжанды мамандардың қолымен жасалған үлкен жұмыс деп бағалаған дұрыс болар. Дегенмен тілімізге сол кезеңде орыс тіліндегі қалпын сақтап жүздеп, мыңдап еніп жатқан кірме терминдермен салыстырғанда жоғарыдағыдай қазақша жасалған сөздер теңізге тамған тамшыдай еді. Сол тамшының тамуына себепкер болған Қ. Сағындықов секілді ұлт зиялыларының еңбегін ерекше бағалай отырып, жалпы алғанда қазақ тілінде термин жасау ісінің ауыз толтырып айтарлықтай қарқын ала алмағанын айту керек.

2.4. Ісләм Жарылғаповтың сөз жасау тәжірибесі

Кеңестік кезеңде бізде ұлт тіліндегі термин шығармашылығы мүлдем кенжелеп, XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары қалыптастырған терминжасам дәстүрі жалғасын таппай қалғандығы жөнінде айтып та, жазып та жүрміз. Тіл мамандары да ғылым мен техниканың, өзге де көптеген арнаулы салалардың мамандары да ғылыми ұғымдарды ұлт тілінде атап, қазақша термин жасау мәселесінен шет қалғаны осы кезеңнің шындығы. Оған дау айтып, дәлел іздеп жатудың реті жоқ. 30-жылдардан бастап, Кеңес Одағы ыдыраған кешегі 90-жылдарға дейінгі уақыт аралығында қалыптасқан терминологиялық қорымызға көз жүгірт-

сек жеткілікті. Терминдерді орыс тілінен қалай және қаншалықты мөлшерде қабылдағанымыз, бәрі де анық көрініп тұр. Жалпы алғанда, орыс тілін үлгі етіп алған кеңестік терминқор жасау бағытын ұстанып, терминологиямызды халықаралықтандыру үрдісінен шықпағанымызбен, сол уақытта да қазақ тілінде сөз жасаудың маңызын терең түсініп, өздері де бұл іске қал-қадерінше атсалысқан жекелеген азаматтар болды. Бұл орайда Ө. Сатыбалдиев, І. Жарылғапов, М. Әлімбаев, Б. Қыдырбекұлы, Р. Бердібаев сынды есімі елге белгілі аудармашы, ақын-жазушы, әдебиетші, журналистердің еңбегін ерекше атаған абзал. Бұл аталған есімдердің арасынан қазақ тілінің сөздік қорын байытуға елеулі үлес қосқан І. Жарылғаповқа жеке тоқталған орынды.

Ісләм Жарылғаповтың сөз жасау шеберлігі туралы қалың көпшілік пен қалам ұстаған қауым арасында еске алынып, жекелеген мақалаларда немесе сөз арасында айтылғаны болмаса, осы уақытқа дейін оның шығармашылығы, қаламынан туындаған сөздері туралы жүйелі лингвистикалық талдау жасалып, таратылып жазыла қоймаған еді. Бұл орайда 2008 жылы жарық көрген журналист-жазушы Өтеш Қырғызбаевтың «Сөз зергері Ісләм Жарылғапов» деген өмірбаяндық, танымдық кітабын осы олқылықтың орнын толтыруға бағытталған еңбек деп бағалаған орынды. Автор аталған кітабында І. Жарылғаповты қайраткер, аудармашы, ұстаз, сыншы, ғалым, ақын яғни көп қырлы, жан-жақты азамат ретінде таниды. Кітап авторы оның осы қырларын ашуға талпыныс жасаған, өзіндік пайымдауларын ортаға салған. І. Жарылғаповтың өзге қырларын сол салалардың білікті мамандары әдебиет сыншылары мен ақындар бағалай жатар. Ө. Қырғызбаевтың авторлығымен жарық көрген бұл кітап І. Жарылғапов мұрасын жұртшылық назарына, ғылыми айналымға ұсынып отырған алғашқы арнаулы еңбек. Жалпы біздіңше, оның соңында қалған мұрасын, жазған-сызғандарының бәрін жинақтап, жүйелеп, жеке басылым етіп шығарған дұрыс. Сонда әр саланың мамандары, ғалымдар оның шығармашылығымен

тікелей танысып, өздеріне қатысты қырларын жан-жақты талдап, ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігіне ие болады. Ұлт тілінің дамуына бір кісідей еңбек сіңіріп, өзіндік үлес қосқан азаматтың еңбектері сонда ғана тиісті сала мамандары тарапынан шынайы бағасын алады деп білеміз. Біз төменде тәжірибелі аудармашы, белгілі сөзжасам шеберінің қаламынан туындаған сөздері, терминдері, оның қазақ лексикасының баюына қосқан өзіндік үлесі туралы ғана сөз етпекпіз.

«Ісләм Жарылғапов творчествосында В.И. Ленин қай жағынан алғанда да, бірінші орында» деп жазыпты Жапар Өмірбеков. Шындығында да оның шығармашылығы В.И. Ленин есімімен тығыз байланысты. Социализм көсемі В.И. Ленин соңына 55 том еңбек қалдырғаны белгілі. Кешегі кеңестік кезеңде оның еңбектерін ұлт тілдеріне аударуға, мектеп жасындағы баладан бастап оқытып, «кеңес халқына» кеңінен насихаттауға айрықша мән берілді. Қазақстанда бұл істің қолға алынған бастапқы кезеңінен бастап, басы-қасында болған қазақ қаламгерлерінің бірі – І. Жарылғапов. Ол пролетариат көсемінің еңбектерін қазақ тіліне аударуға бар ынта-жігерімен кірісіп, бұл іске көп еңбек сіңірді. Оның аудармашылық тәжірибесінің молығып, саяси әдебиеттерді аударудың білікті маманы ретінде қалыптасуы да В. Ленин еңбектерін қазақ тіліне аудару ісімен сонау 30-жылдардан бері айналыса бастауымен тікелей байланысты. Мәселен, «В.И. Лениннің өмірі мен революциялық қызметтері» (1937) «Жастар одағының міндеттері» (1944), «В.И. Ленин. Комсомолдың III Бүкілодақтық съезінде сөйлеген сөзі» (1943-44) сияқты аудармалары оның саяси әдебиеттерді аудару саласындағы атқарған істері болып табылады. Бұл орайда Ө. Қырғызбаевтың «Сол кезеңдегі уақыт талабына байланысты партиялық қызметте жүргендіктен, В.И. Ленин шығармаларын зерттеу, еңбектерін қазақ тіліне аудару «Лениниана» тақырыбы – Ісләм Жарылғаповтың ғылыми-көркем шығармашылығы мен аудармашылық қызметінің басты темірқазығы болды» деген

пікірінің негізі бар. Алғашқыда саяси әдебиеттерді аударудан бастап, кейінірек ол көркем әдебиеттерді аударуға да жетік маманданды. Замандастары оны көркем әдебиетті аударудың да шебері, білікті аудармашы, тәжірибелі редактор ретінде танығанын, өзінен жасы үлкен-кіші қаламгерлер қауымының пікірлерінен анық аңғаруға болады. Мәселен, сөз зергері Ғ. Мүсіреповтің «Жарылғапов Ісләм – көркем әдебиеттің редакторы санатында мейлінше ысылған маман, аса зейінді-зерек редакторлардың бірі болып саналады» деген пікірі де соны байқатады. Жалпы І. Жарылғапов жасап, тілдік қолданысымызға енгізіп кеткен сөздердің дені негізінен аударма үдерісі кезінде туындаған атаулар. Әдебиетші Ісләм Жарылғапов ең алдымен аударманың, оның ішінде, саяси аударма мен көркем аударманың шебері. Оның жасаған барлық сөздері, бүкіл сөзжасам шығармашылығы аудармамен тікелей байланысты. Оның сөзжасам шығармашылығын өзі жоғары бағалаған, кәсіби маманданған аударма ісінен бөліп қарауға болмайтыны анық. Бұл орайда «Әсіресе, аудармашылар сөз жасаумен көбірек шұғылданытынына өзіміз де куә болып жүрміз. Мысалы, бүгінгі Қазақстанның білгір аудармашыларының бірі Ісләм Жарылғаповтың еңбегін ерекше атаған әділдік дер едік. Ісләм аудармалар арқылы қазақ тіліне бірнеше сөз қосты» (*Сөз суреті. «Қазақстан мұғалімі», 19 мамыр, 1966 жыл*) деген белгілі ақын Мұзафар Әлімбаев пікірі өте орынды айтылған деп білеміз.

Белгілі сөзжасам шебері І. Жарылғапов қазақ тіліне өз тарапынан қанша жаңа сөз жасап қосты деген сұрақ-қоюшылар болды. Әрине, бұл сұраққа дәлме-дәл жауап беру қиындау болар. Бірақ ол жасады, қолданысқа енгізді деп көрсетіліп жүрген атауларды саралайтын болсақ, оның қаламынан туындаған атауларды мейлінше нақтылай түсуге болады. Аудармашының өзі бұл жөнінде бір өлеңінде «Төлдетіп ана тілімді, Бес мың сөз қостым мен өзім» депті. Ал Ө. Қырғызбаев «Бұл өлеңінде Ісләм Жарылғапов өзінің тапқан жаңа сөздері, сөз тіркестері бар, шет ел тілдерінен

аударған балама сөздерінің жалпы санын көрсетсе керек. Оның ішінде жаңа сөздері бес жүздің басын құрайды» (*Сөз зергері Ісләм Жарылғапов. – Алматы, 2008 жыл. 4-б.*) деп жазады. І. Жарылғаповтың соңында қалдырған қолжазбаларымен тікелей танысып, оны жариялап отырған «Сөз зергері Ісләм Жарылғапов» атты кітап авторының пікіріне және осы кітаптағы берілген сөздер тізіміне сүйенсек, сөз жасаушының бес жүзге тарта сөз жасады дегені шындыққа жақындайды. Бірақ бұдан І. Жарылғаповтың өзі жасаған немесе тілдік қордан тауып ұсынған осы атауларының бәрі жұртшылық тарапынан қабылданып, жаппай қолданысқа еніп кетті деген қорытынды жасауға болмайды. Оның қаламынан туындаған сөздердің бірқатары көпшілік тарапынан жылы қабылданып, күні бүгінге дейін қолданылып, «жаңа сөз» мәртебесін жоғалта бастаса, енді бірқатары автордың ұсынысы ретінде қалып, жалпы қолданысқа көше қоймады. Сондай-ақ сөз жасаушының сиректеу қолданылып жүрген, әлі де қалың көпшілік тарапынан бірізді қолданылу дәрежесіне жете қоймаған атаулары да бар. І. Жарылғаповтың жаппай қолданысқа көшіп, қалыптасып кеткен атаулары қанша деген мәселеге келер болсақ, бұл орайда қазақтың белгілі қаламгері Сафуан Шәймерденовтің пікірі шындыққа жақын деп білеміз. Ол өзінің І. Жарылғапов туралы «Сүзгіш жазушы» деген шағын мақаласында былай деп жазады: «Балмұздақ. Аялдама. Оқырман. Көрермен. Жағажай. Жайлаужай. Бейдауа... тағысын тағылар. Осындай сөздердің ұзын-ырғасы жиырма-отыз. Ал мұның өзі бір адам үшін аз дүние емес. Өйткені сөз туындату – айрықша талантты қажет ететін қиын құбылыс. Қазіргі әдеби тілімізде де, ауызекі сөйлеуімізде де қалыптасып кеткен жиырма-отыз жаңа сөз! Ал қалыптаса қоймағаны қаншама?..»

І. Жарылғапов қаламынан туындады деп көрсетілген атауларды саралап қарағанда қаламгердің мақаласында айтылған деректің дәлдігі жоғары екендігіне көз жеткізуге болады. С. Шәймерденов қолданысқа еніп кетті деп көрсеткен

сөздердің басым көпшілігін жұртшылықтың жатсынбай пайдаланатын болғаны рас. Бірақ олардың арасынан *бей-дауа, жайлаужай* сияқты жекелеген сөздер қазір сол кездегіден сирек қолданатын атаулар қатарына ойысса, керісінше, 90-жылдарға дейін әлі жұртшылық құлағы үйренісе қоймаған *орынтақ, қазанама, тілтаным* тәрізді атаулары жиі қолданылатын сөздер қатарына еніп келеді.

Сөз жасаушының қаламынан туындағаны еш күмән туғызбайтын, қазақ тілінің лексикалық қорына қосылып, тілімізде кеңінен қолданып жүрген жеке авторлық атаулары мыналар: *аялдама, балмұздақ, баспагер, басылым, ғаламшар, ғарышкер, дүниетаным, еңбеккер, жағажай, жазылым, зымыран, көрермен, қазанама, қайраткер, қаламгер, қойылым, мерейтой, оқырман, орынтақ, өркениет, суреткер, тұсқағаз, тыңдарман, ұлгерім, шипажай.*

Оның бұл қатарға жататын сөздері бұлармен де шектелмеуі мүмкін. Ғылыми нақтылық үшін оның қаламына тиесілі делініп көрсетілген *алушы (получатель), анықтама (справка), бап (статья), келісім (соглашение), жиналыс (собрание), сыйлық (премия), тігінді (подшивка), күрескер (борец), отырыс (заседание), мәлімдеме (заявление), қолхат (расписка), сенімхат (доверенность), келуші (посетитель), мазмұндама (коммюнике), дәретхана (туалет), шеберхана (мастерская)* сынды тілде тұрақты қолданылатын бірқатар атаулардың әлі анық-қанығын аша түсу керек.

Жаппай бірізді қолданылу деңгейіне жетпесе де, тілде біршама қолданылатын, тұрақтауға жақын атаулары *аққайнар (шампанское), азағұл (венок), гүлгүл (букет), құбылнама (компас), лақап ат (псевдоним)*, т.б. Бұл сөздер тұрақты қолданылмаса да, белгілі қаламгерлердің шығармаларына еніп, жұртшылыққа едәуір таныс болып қалған.

Аударма, терминжасам кезінде тілімізде бұрыннан бар төл атауларымызды орынды пайдалану орнына қолдан жасанды сөз жасап, соларды тықпалап, қалайда қолданысқа енгізуге күш салып жататын жағдайлар да ұшырасады.

Бұл тұрғыдан қарағанда, І. Жарылғапов қалайда жаңа сөз жасауды, өзі ұсынған сөздерді қолданысқа енгізуді мақсат етіп қоймаған. Ол аударма үдерісі кезінде тілімізде бұрыннан бар, алайда қалтарыста қалып, мамандар тарапынан ескерілмей келген көптеген қазақ сөздерін ерінбей іздеп тауып, оларды өз мағынасында немесе мағынасын біршама жаңғыртып қолдана білген. Ондай сөздердің қатарына ол қолданған *асадал, ғарыш, кеніш, ымыра, пырақ, әжуа, ұран, жиһаз, қойма, көген, демеуші, емші* сынды атауларды қосуға болады.

2008 жылы Ө. Қырғызбаевтың авторлығымен жарық көрген «Сөз зергері Ісләм Жарылғапов» атты кітапта «І. Жарылғаповтың сөз маржандары» деп ұзын саны 500-ге тарта сөз бен 100-ден астам өсімдік, асыл тастар мен аң-құс, жан-жануарлар атауларының тізімі беріледі. Алайда осы тізімдегі сөздердің едәуір бөлігі тілімізде бұрыннан бар, қолданыста болған немесе 30-жылдарға дейін алаш зиялылары жасаған атаулар екенін айту керек. Біз ХХ ғасыр басында жарық көрген бірқатар газет-журналдар мен түрлі басылымдарды сүзіп қарағанда оған көз жеткіздік. Ол басылымдардың бәрін тізіп жатудың қажеті бола қоймас. Алайда сөзіміз дәлелді болу үшін, аталған сөздердің бірнеше сөздіктердегі берілуін хронологиялық тәртіппен, төмендегі кесте түрінде беріп отырмыз.

Орысшасы	Қазақша-орысша тілмаш. Мәскеу, 1925	Пән сөздері. Қызылорда, 1927	Атаулар сөздігі. Қызылорда, 1931	І. Жарылғапов жасады деген сөздер тізімі
дневник	–	–	<i>күнделік</i>	<i>күнделік</i>
сознание	<i>сана</i>	<i>сана</i>	<i>сана</i>	<i>сана</i>
таблица	–	<i>кесте</i>	<i>кесте</i>	<i>кесте</i>
горизонт	–	<i>көкжиек</i>	<i>көк жиек</i>	<i>көкжиек</i>
председатель	–	<i>аға</i>	<i>төраға</i>	<i>төраға</i>
революция	<i>төңкеріс (переворот)</i>	<i>төңкеріс</i>	<i>төңкеріс</i>	<i>төңкеріс</i>

гонарар	–	–	қаламақы	қаламақы
ожерелье	алқа	–	алқа	алқа
дезинфекция	бұқырлау	аластау	бұқырлау	бұқырлау
организация	ұйым	ұйым	ұйым	ұйым
показатель	–	–	көрсеткіш	көрсеткіш
приговор	–	үкім	үкім	үкім
аптека	–	дәріхана	әптек	дәріхана
постановление	қаулы	қаулы	қаулы	қаулы
мировоззрение	–	дүние тану	ой өрісі (дүниеге көзқарас)	дүние- таным
оратор	шешен	шешен	шешен	шешен
государство	–	мемлекет	мемлекет	мемлекет
резолюция	–	қарар	қарар	қарар
(у)правление	басқарма	басқарма	басқарма	басқарма
жилище	–	–	баспана	баспана
культура	мәдениет	мәдениет	мәдениет	мәдениет
совет	кеңес	кеңес	кеңес	кеңес
полка	сөре	–	сөре	сөре
доля, надел	сыбаға	сыбаға, цлес	сыбаға	сыбаға
кожаный пояс	кісе	–	–	кісе
приказ	бұйрық	жарлық	жарлық, әмір	бұйрық
сатира	мысқыл (сарказм)	мысқыл (сарказм)	мысқыл	мысқыл
проказа	алапес	алапес	алапес	алапес
совет	кеңес	кеңес	кеңес	кеңес
обоз	кіре	–	–	кіре
рубин	лағыл	–	лағыл	лағыл
яхонт	жақұт	–	–	жақұт
ковыль	–	көде	көде	көде

«Қаламақы» мен «зейнетақы» сияқты сөздер заңнама-лық маңызы бар ресми құжаттарда да кеңінен қолданылады» дей келіп, автор І. Жарылғаповтың сөз маржандарының қатарында «қаламақы» сөзін де көрсетіпті. Жоғарыдағы кестеде көрсетіліп отырғандай, бұл атау 30-жылдары жасалып, ресми бекітілген терминдер қатарында сөздікке енген. Бұл кезде І. Жарылғапов 10-12 жаста болған екен, сондықтан бұл сөзді оның қаламынан туындаған ата-

улар қатарына қоса алмасақ керек. Осы үлгімен жасалған «еңбек ақы», «жалақы» (заработанная плата) сынды атаулар 20-жылдары қолданысқа ене бастаған. Жалпы жоғарыдағы кестеде келтірілген сөздерді І. Жарылғапов жасаған атаулар қатарына қосудың негізі де, реті де жоқ. Оның жасаған сөздерінің қатарында *асхана* (*столовая*) сөзі де беріліпті. Академик І. Кеңесбаев пен Ғ. Мүсіреповтің 1972 жылы «Лениншіл жас» газетінде бірлесіп жарияланған «Әдеби тіліміз – кең арналы тіл» деген мақалаларында *шілдехана*, *масахана*, *асхана* тілімізде бұрыннан бар атаулар деп көрсетіліпті. Кітапта берілген өсімдік, асыл тастар мен аң-құс, жан-жануарлар атауларының да тіл жанашырының қаламынан туындаған әр сөзін ғылыми дәлдікпен нақты көрсетіп, оның сөзжасам тәжірибесін зерделеп, бүгінгі уақыттағы сөз шығармашылығында пайдаланып жатсақ, құба-құп. Алайда ол жасады деген сөздердің санын қолдан ұлғайтып көрсетуге ұмтылуға қандай да бір қажеттілік бар деп ойламаймыз. «Аялдама», «балмұздақ», «суреткер» сынды зергердің қолынан шыққан бұйымдай, бас-аяғы жұп-жұмыр, іші-сырты үйлесім тауып сәтті жасалған сөздері-ақ оның білікті аудармашы, қазақ тіліндегі сөз шығармашылығына өзіндік үлес қосқан ұлтжанды маман екенін айғақтап тұр.

Сөзден сөз жасап шығару деген қиынның қиыны. Сондықтан да ойы ұшқыр, қаламы жүйрік талай қаламгерлер мен ғалымдардың ұсынған атауларының бәрі бірдей жұртшылық талғамынан шығып, тілге сіңіп кете бермеген. Білікті аудармашы І. Жарылғапов ұсынған атаулардың арасында да ондай сөздер едәуір. Мәселен, мына төменгі кестеге назар салып көрелік:

Орысшасы	І. Жарылғапов ұсынған атаулар	Қазіргі қолданыста қалыптасқан нұсқасы
документ	<i>сендіргі</i>	<i>құжат</i>
договор	<i>бәтуа, шарттаспа</i>	<i>шарт</i>
овощ	<i>қаула</i>	<i>көкөніс</i>

календарь	<i>жылайна, жылжарғы</i>	<i>құнтізбе</i>
кухня	<i>қазанжай</i>	<i>ас үйі</i>
интервью	<i>тілдеспе</i>	<i>сұхбат</i>
критика	<i>парықтама</i>	<i>сын</i>
критик	<i>парықтамашы</i>	<i>сыншы</i>
принцип	<i>басқағида, тұптұрғы</i>	<i>қағидат</i>
предисловие	<i>беташар</i>	<i>алғысөз</i>
процесс	<i>ағым, барыс</i>	<i>үдеріс</i>
постановщик	<i>қойымпаз</i>	<i>қоюшы</i>
законодательство	<i>заңият</i>	<i>заңнама</i>
клетка	<i>үйкі, үйкін</i>	<i>жасуша</i>
континент	<i>жержаһан</i>	<i>құрлық</i>
микрорайон	<i>бүйреккент</i>	<i>ықшамаудан</i>
правоведение	<i>заңтаным</i>	<i>құқықтану</i>
программа	<i>мұратнама</i>	<i>бағдарлама</i>
заключение	<i>байлам</i>	<i>қорытынды</i>
легучка	<i>лезген</i>	<i>лездеме</i>
словник	<i>сөзен, сөзтізбел</i>	<i>сөзтізбе</i>
командировка	<i>рәсімжол</i>	<i>іссапар</i>
разговорник	<i>сөйлеуіш</i>	<i>тілдескіш</i>
капуста	<i>басжалбыр</i>	<i>қырыққабат</i>
летчик	<i>ұшаман</i>	<i>ұшқыш</i>
выпускник	<i>бітіргін</i>	<i>түлек</i>
отличник	<i>саңлақ</i>	<i>үздік</i>
самолет	<i>ұшаған</i>	<i>ұшақ</i>
смена	<i>кезектеспе</i>	<i>ауысым</i>
таможня	<i>жүкөткерлік</i>	<i>кеден</i>
детсад	<i>бөбекхана, бөбекжай</i>	<i>балабақша</i>
мастер	<i>ісбегі</i>	<i>шебер</i>
помидор	<i>алжұмыр</i>	<i>қызанақ</i>
дух	<i>рухия</i>	<i>рух</i>
водопад	<i>құстасқын, ортасқын</i>	<i>сарқырама</i>
творчество	<i>өнерлік</i>	<i>шығармашылық</i>
справочник	<i>анықтауыш, анықтамал</i>	<i>анықтамалық</i>
словарь	<i>сөзтіл, сөзбілмел, сөзбіл</i>	<i>сөздік</i>
перевод	<i>туындама</i>	<i>аударма</i>
юбиляр	<i>мерекей</i>	<i>мерейгер</i>
естествознание	<i>жаратия, табиғатбілгірлік</i>	<i>жаратылыстану</i>

целина	<i>тыңжер</i>	<i>тың</i>
целинник	<i>тыңжерші</i>	<i>тың игеруші</i>
давление	<i>қан шіреуі</i>	<i>қан қысымы</i>
суверенитет	<i>қожалық</i>	<i>егемендік</i>

І. Жарылғапов орыс тіліндегі «болельщик» сөзінің қазақша баламасы ретінде «жанкүйер» деудің орнына «намыскер» сөзін ұсынған. Алайда «жанкүйер» жұртшылықтың санасына сіңіп, қолданысқа еніп кеткендіктен, «намыскер» сөзіне орын босата қоймады. І. Жарылғапов туралы кітапта «дача» сөзінің баламасы бірде «жайлаужай», бірде «саябақ» деп берілген. Қазір дачаны – «саяжай», паркті – «саябақ» деп атау орныға бастағаны белгілі.

Сондай-ақ аудармашы қаламынан туындаған *жарияшы* (диктор), *сырсурет* (живопись), *айшықтама* (заголовок), *өнерлеме* (изобретение), *зерттеме* (исследование), *құлдірме* (комедия), *деректеуіш* (источник), *тілбілгір* (лингвист), *жадира* (мемуар), *атамал* (название), *бетжазба* (надпись), *шертпе* (новелла), *ойнауыт* (оркестр), *хикаяла* (повесть), *жырзия* (поэзия), *істемел* (практика), *жарангат* (публицистика), *үйреткер* (режиссер), *өртжүрек* (романтик), *үңүлгі* (стиль), *милыамал* (теория), *әдемиет* (эстетика), *айдарша* (эпиграф), *багия* (археология), *құмбезие* (архитектура), *сыйпырия* (арифметика), *білгір билігі* (аристократия), *аспания* (астрономия), *затия* (материя), *анажер* (материк), *данакітап*, *шаркітап* (энциклопедия), *құлшынгер* (энтузиаст), *тіленгер* (доброволец), *тілзерткер*, *тілзертте* (языковедение), *бұрышыя*, *көлемше* (тригонометрия), *ісмерлеуші* (конструктор), *қисабия* (бухгалтерия), *бөлтек* (цех), *шынықтамал* (спорт), *құрышкер* (спортсмен), *сымбатпал* (физкультура), *ақшажалдар* (ростовщик), *шәкіртхана* (интернат), *ішімхана* (кабак) сияқты т.б. көптеген сөздер қолданысқа ене қоймаған атаулар қатарында тұр.

Сөзжасаушы ұсынған мұндай атаулардың арасынан сұрыптап алып, әлі де қажетімізге жаратуға болатын

ұтымды жасалғандарының әлі де бар екенін айтқан абзал. Мысалы, *уыздық (яичница), жатжазба (диктовка), жатжазу (диктант), ысқын (массаж), ысқыншы (массажист), кесуіш (резец), шарай (орбита), айдарша (эпиграф), өрнекіші (дизайнер), түймешек (кнопка), белгішен (медаль), мерейшен (орден)* т.б.

Ал рецензияны «бағағат», «бағанама» деген екен. Осының «бағағат» деген нұсқасын «рецензия» сөзінің баламасы ретінде пайдалануға әбден болады деп санаймыз.

Кітапта *критика – парақтама, критик – парақтамашы* деп беріліпті. Шамасы, «парықтама», «парықтамашы» болуы керек. Аудармашы бұл сөзді «парықтау» сөзінің мағынасын негізге ала отырып жасаған болса керек деп пайымдаймыз.

І. Жарылғаповтың сөзжасам ерекшелігі туралы айтар болсақ, ол тілімізде бұрыннан бар, өзіне дейін де сөз тудыруда түрлі дәрежеде пайдаланылып келген қосымшалардың арасынан *-гер/-кер* (еңбеккер, қаламгер, суреткер), *-ма/-ме* (аялдама, туындама, өнерлеме,) *-ым/-ім* (басылым, жазылым, ұлгерім), *ман/-мен* (оқырман, тыңдарман, көрермен), *-хана* (жолхана – вокзал, бөбекхана, ішімхана) сынды сөз тудырушы жұрнақтарды көбірек пайдаланған.

І. Жарылғапов жасап, қазіргі тілімізде бірізді қолданылып жүрген жоғарыдағы атауларының бірқатары кезінде кейбір көрнекті тілші ғалымдар мен белгілі аудармашылар тарапынан қабылдана қоймаған еді. Академик І. Кеңесбаев «Қазақ әдебиеті» газетіне хат («Қазақ әдебиеті», 1958 жыл) деген мақаласында *-ман/-мен* жұрнақтары арқылы сөз тудырудың дұрыс еместігін айтып, сынға алған еді. Ол былай деп жазады: «Жұрнақ арқылы термин жасауды өзінше түсініп, өзінше тәсіл ашуға құмар жолдастар бар. «Қазақ әдебиеті» бетінен кейінгі кезде «көрермен», «оқырман» тәрізді жаңа сөздер орын тебе бастады. Бұл «жаңалықтан» дөнеңе де ұта алмаймыз. Белгілі бір жұрнақты талғаусыз кез келген жерде жұмсау орынсыз болады. Тілімізде өте жиі кездесетін құнарлы (өнімді) жұрнақтар

да, құнарсыз (өнімсіз) жұрнақтар да бар: *-ман (-мен)* жұрнағы соңғы жұрнаққа жатады. *Ал-ар-ман, бер-ер-мен, ат-ар-ман, шаб-ар-ман* бірді-екілі сөзден басқаға бұл жұрнақ қосылмайды. Есімшенің келер шақ түрін жасасақ, *-ман (-мен)* жұрнағын жалғай беруге болады екен деп, қисыны келмейтін жерге оны тыққыштауға болмайды. *Зритель, читатель* дегендерге дара балама табуды талап етіп, қазақ тілі қағидасын белшесінен басып, *көрермен, оқырман* сияқты сөздерді дұрыс деуге болмайды. Бұл ізбен кете берсек, «айнымалы» (кісі), «бытыраңқы» (сөз), «құранды» (нәрсе) дегендегі соңғы жұрнақтарды «оқы-нды», оқы-ңқы», «оқы-малы» түрінде қосып, «жаңа» сөз жасамасқа кім кепіл бола алады? Бұл түрде сөз жасау «сиыр боздайды», «түйе мөңірейді» сықылды мәнсіз, мағынасыз бірдеңе болады. *Оқырман, көрермен* тәрізді тұлғалар әйел киімін еркекке кигізумен бірдей».

Басқа да әдебиетші, тілші мамандар *-ман/-мен* жұрнақтары арқылы жасалған осы атауларды қолдай қоймады. Белгілі аудармашы маман Қ. Сағындықовтың «автордың туындылары – *көрермен, оқырман* деген сияқты жаңа сөздер әлі екі түрлі пікір туғызып келеді» дегені де осы атаулардың шығармашылық қауым тарапынан қалай қабылданғанын көрсетеді.

«Көрермен», «оқырман» сөздері туралы І. Жарылғаповтың замандасы әрі әріптесі белгілі аудармашы-жазушы Ә. Сатыбалдиев та өз пікірін білдірген болатын. Ол «Тіл шұбарлығы неден?» деген мақаласында академик І. Кеңесбаев пікірін қолдай отырып, «Сөз тіркесінің арасына салып жібергенде, «көрерменнің» қолапайсыздығы «синекдохадан артық емес» десе, оның «оқырман» сөзіне қатысты айтқаны да осы ойымен сабақтасып жатыр. «Жаңадан термин жасағанда оның биязылығын, құлаққа жағымдылығын, нәзік те музыкалы болу жағын ескеру керек. Бұл – елеулі шарт. Тіліміздің сыпайы болуын әрқашан көздеуге тиістіміз. Тек осы тұрғыдан алғанда ғана «оқырман» деген сөз көкейге сәл қоныңқырамайды. Бірақ қазіргі уақытта, бар сыннан өтіп, тіл ұстартудағы табысымыз санатына қосылып

кеткен «құрам», «құрылым» деген сияқты сөздер де әуелгі кезде құлақты қырнап, тырнаған болатын. Айта берсе, құлақ та үйреніп кететін көрінеді. Оның үстіне, жаңаның әрқашан соны көрініп, тосаңсып тұратыны да бар» деп жазады ол.

Айтса айтқандай, бұл атауларға қазір жұртшылықтың құлағы үйренісіп кетті; *-ман/-мен* жұрнақтары арқылы жасалған сөздердің «қолапайсыздығы», эстетикалық талаптарға сай еместігі туралы айтылған сындар ұмытылып, олар көпшіліктің жатсынбай қолданатын сөздері қатарына енді. Дәл сол сияқты 90-жылдары І. Жарылғаповтың өзі де «қожалық» деп атауды ұсынып, қолданысқа енуіне ашық қарсы болған «егемен» сөзі де бүгін ешкім жатсынбайтын үйреншікті атауға айналды. Бұл – жаңа атаулардың жұртшылықтың санасына сіңіп, қалыптасып кетуіне баспасөздің, ақпарат құралдарының айрықша ықпал ететінін көрсетін фактор.

Сондай-ақ екі сөзді біріктіру арқылы сөз туындату да аудармашының сөз шығармашылығында жиі пайдаланған тәсілі. Мысалы, *балмұздақ, галамшар, дүниетаным, мерейтой, орынтақ, тұсқағаз*, сияқты оның қолданыстағы сөздері осы тәсіл арқылы жасалған атаулар. Аудармашы «үй», «пана» мағынасын білдіретін «жай» сөзін пайдалана отырып көптеген сөздер туындатқан. Мысалы, *дауажай (курорт), жағажай (пляж), жайлаужай (дача), шипажай (санаторий), өнержай (дом творчества), дамылжай (дом отдыха), сауықжай (здравница), сақтықжай (профилакторий), жанжай (больничная палата), кебежай (балкон), қазанжай (кухня), жанатжай (вилла), бөбекжай (детсад), өлікжай (морг), нәржай (буфет), тақтажай (гроб)*.

Бұл атаулардың арасынан *жағажай, шипажай* сияқтылары *бірден* қолданысқа еніп кетсе, ал *кебежай, қазанжай, жанатжай, бөбекжай, өлікжай, нәржай, тақтажай* тәрізді атаулары авторлық ұсыныс ретінде қалып қойды.

Оның осы сөзжасам үлгісі бойынша кейінгі жылдары бірқатар жаңа сөздер жасалды. Мысалы, *мекенжай, әуежай, сапаржай* сынды сөздер.

«Осы аялдаманың – баяндаманың үлгісінде жасалғаны көрініп тұр. Өткен ғасырдың 40-жылдарына дейін газет-журналдарда докладты сол күйінде жазып келіп, қазақ жазушылары баяндама деп алатын болған» (*Сөз зергері. Ислам Жарылғапов. – Алматы, 2008. – 176-б.*) деп жазады Ө. Қырғызбаев аталған кітабында.

Аударма шеберінің қаламынан туындаған «аялдама» сөзінің «баяндама» үлгісімен **-ма, -ме** жұрнақтарын жалғау арқылы жасалғанына еш дауымыз жоқ. Алайда «баяндама» деген атауды 40-жылдардан кейін қазақ жазушылары жасады деу онша дәл емес. Бұл атауды алаш зиялылары ХХ ғасырдың 20-жылдары-ақ жасап, қолданысқа енгізген. «Баяндама» атауы «докладтың» баламасы ретінде 1925 жылы Қ. Кемеңгерұлының редакторлығымен Мәскеуде жарық көрген «Қазақша-орысша тілмашта» да, 1927 жылы Қызылордада Н. Қаратышқанұлының құрастыруымен басылып шыққан «Пән сөздері» атты терминдер жинағында да берілген. «Пән сөздері» ХХ ғасыр басындағы А. Байтұрсынұлы басқарған термин комиссиясының ресми бекітіп, жұртшылыққа ұсынған атаулары қамтылған басылым. Сондықтан «баяндаманы» 40-жылдардан кейінгі кеңестік дәуірде жасалған атау емес, қазақ терминологиясы дамуының алаш кезеңінде жасалған терминдер қатарында қарастырғанымыз әділетті болмақ.

«Чемодан» сөзін аудармашы-қаламгер «жағлан» деп алуды ұсыныпты. «Жағыланның» теріден, қайыстан жасалған сандық екені мәлім. Алайда мәселенің мына қырына да назар аударған дұрыс болар деп санаймыз. «Чемодан» орыс тіліне енген түркі сөзі (түркизм) – «шабадан». Сондықтан біз көне атау «жағланды» өз мағынасында жұмсап, «чемоданды» – «шабадан» деп өз мағынасында пайдалансақ, дұрыс болар деген пікірдеміз.

І. Жарылғапов сөзжасаммен айналысумен бірге, терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыру мен үйлестіру ісінен де шет қалмаған. Ол 1947 жылдан Министрлер Кеңесінің жанындағы терминологиялық комиссия мен оның хатшылығының мүшесі, ал 1972-1978 жылдары он екі томдық

Қазақ энциклопедиясы бас редакциясы терминологиялық комиссиясының мүшесі болған.

1981 жылғы 29 желтоқсанда жазған өмірбаяндық деректерінде: «Маловато было времени на творчество у людей, работающих где-то. И у меня было немного времени. В творчестве мною сделано очень мало. Но и в этом малом есть какие-то вехи свои» деп жазған екен. Өзі айтқандай, оның соңында қалған аз ғана мұрасының өзінен болса да, тұщымды дүниелер табуға болады.

«Біздің осы күнгі оқыған қазақтың аузы да, құлағы да миы да ана тіліне тосаңсып қалған: әр сөздің мағынасы күңгірттеніп көрінеді. Көңілге көмескі тарта бастаған қазақ сөзін қомсынатын, кемсінетін, күдіктенетін әдетіміз осыдан. Байырғы қазақша сөз мағыналарын байыздап, тұрақтап ойлап көрсең, жоғарыдағы атамалардың (терминдердің) әрі дұрыс екенін, әрі қонымды екенін байқайсың. Бұл салада көп еңбектенуіміз керек-ақ» деп жазыпты сөз қадірін білген ұлтжанды азамат. Тәжірибелі де шебер аудармашының 1976 жылы осыдан отыз жылдан астам уақыт бұрын жазған осы жоғарыдағы пікірі күні бүгін де мәнін жоғалтқан жоқ. Қазақтың сөздік қорын, терминологиялық лексикасын байытуға тиіс көптеген байырғы сөздеріміз әлі де қалтарыста қалып, қажетімізге жаратылмай отыр. Тіліміздің ғылым саласындағы қызметі шектеліп келген кешегі кеңестік кезеңде ғана емес, қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін иеленген бүгінгі уақытта да ұлт тілінің өз лексикалық байлығын ұтымды пайдалану тиісті деңгейде жүзеге асырылып жатыр дей алмаймыз. Бұл бағытта азды-көпті атқарылып жатқан істердің бар екендігіне қарамастан, мәселені кәсіби тұрғыдан шешу, жүйелі жұмыс, ыждағаттылық, сауатты ұйымдастырылған ауқымды шаруаның қолға алынғанын көре алмай отырғанымыз қазіргі уақыт шындығы.

I. Жарылғапов аударма ісіне, сөз шығармашылығына үлкен жауапкершілікпен қараған және бұл іспен кәсіби деңгейде айналыса білген білікті маман. Біз оның Ө. Қырғызбаев авторлығымен жарық көрген кітапта қам-

тылған атаулары жөнінде ғана сөз еттік. Осы кітап авторы аудармашының жасаған сөздері бұлармен ғана шектелмеуі мүмкін екендігін айтыпты. Оның қаламынан туындаған атаулары әлі де табылып, түгенделіп жатса, нұр үстіне нұр. Білікті аудармашының қаламынан туындаған сөздерін толық жинақтап, сөз жасау тәжірибесін тілдік тұрғыдан талдау қазақ лексикасы дамуының кешегі тарихын, кеңестік кезеңдегі сөз шығармашылығын айқындау үшін ғана емес, оның ұтымды үлгілерін бүгінгі уақытта да қажетімізге жарату үшін де қажет.

2.5. Немат Келімбетов аудармаларындағы жаңа атаулар мен кірме сөздер қолданысы

Немат Келімбетов шығармашылығының бір қыры – аудармашылығы. Ол белгілі түркітанушы ғалым болумен бірге бірқатар көркем шығармаларды орыс, өзбек тілдерінен қазақ тіліне аударған тәжірибелі аудармашы. Оның орыс тілінен аударған Леонид Гурунцтің «Наш милый Шушикент» 1977 жылы «Шіркін біздің Шушикент» деген атпен, ал өзбек тілінен аударған Саид Ахмадтың «Көкжиек» романы 1981 жылы «Жазушы» баспасынан, өзбек тілінен аударған Пірімқұл Қадыровтың «Жұлдызды түндер» шығармасы «Жазушы» баспасынан 1986 жылы, орыс тілінен аударған белгілі украин жазушысы, Украина мемлекеттік сыйлығының және Н. Островский атындағы республикалық комсомол сыйлығының иегері Василь Козаченконың «Молния» романы «Найзағай» деген атпен және осы автордың «Ажалханада» салынған суреттер» хикаяты «Жазушы» баспасынан 1979 жылы жарық көрді. Бұл аудармалар 2008 жылы қайта басылды.

XX ғасырда қазақ тіліне әлемнің әртүрлі тілдерінен аударылған көркем шығармалардың басым бөлігі сол тілдерден тікелей тәржімеленбей, олардың басым көпшілігі орыс тілі арқылы аударылды. Бұл КСРО кеңістігіндегі орыс тілінің рөліне, сол кезеңдегі елдегі тілдік ахуалға, кеңестік

идеологияға сәйкес орныққан жағдай, қалыптасқан дәстүр еді. Сондықтан да өткен жүзжылдықта орыс тілінен басқа тілдерден қазақ тіліне аударылып, жарық көрген көркем әдебиеттердің түпнұсқа тілден төте аударылғандары санаулы болды. Сол төте аудармаға үлес қосқандардың бірі – ғалым-қаламгер Н. Келімбетов. Ол көне түркі дәуірінен бастап, орта ғасырдағы қазақ әдебиетінің даму тарихын зерттеген, көне түркілік, ортағасырлық жазба ескерткіштер тілін меңгерген, қазіргі түркі тілдерін, оның ішінде қазіргі өзбек тілін жетік білетін түркітанушы ғалым. Ғалымның осындай мол тәжірибесі мен тілдік білімі оның аудармашылық шығармашылығына да ықпал етіп, С. Ахмад, П. Қадыров шығармаларын қазақшаға төте аудару арқылы туыстас халықтар өзбек пен қазақ әдебиетінің өзара ықпалдасуына қызмет еткенін көруге болады. Кеңестік кезеңмен салыстырғанда, түпнұсқа тілдерден төте аудару қазіргі уақытта біршама жандана бастады. Шет тілдерін жетік білетін ғалымдар мен ақын-жазушылар, аудармашылар саны жыл санап артып келеді. Санның сапаға ұласатынын ескерсек, бұл – жақсы үрдіс. Соған қарамастан төте аударма мәселесі жолға қойылды, толық шешімін тапты деуге әлі тым ерте. Ағылшын, неміс, француз, испан, араб, қытай, жапон, корей, хинди және басқа да әлем тілдерінен тіке аударатын тәжірибелі мамандар шоғыры қалыптасып, әдебиетіміздегі төте аудару дәстүрі орнықты дей алмаймыз. Яғни төте аудару мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ, керісінше, тәуелсіз Қазақстанның әлем елдерімен дипломатиялық, саяси-экономикалық, ғылыми-мәдени байланыстары нығая түскендігіне орай оның өзектілігі арта түсті. Сол себептен де түбі бір туыстас түркі халықтарының тілі мен әдебиеті арасындағы көне ғасырлардан бері жалғасып келе жатқан тарихи сабақтастықты сақтап, әдеби-мәдени байланыстарымызды тереңдете түсу тіптен маңызды. ТүркПА, Түрксой, Түркі кеңесі мен өзге де ұйымдар шеңберінде қолға алынып, атқарылып жатқан игі істер солардың қатарына кіреді. Түркі халықтары арасындағы әдеби байланыстарды әлі де тереңдете түсіп, жаңа сапалық деңгейге көтерудің

маңызы зор. Түрік, қазақ, өзербайжан, татар, түрікмен, қырғыз тілдеріндегі көркем әдебиеттің үздік үлгілерін, жыр жауһарларын бірінен-біріне аударып, түркі әлемінің өзіндік әдеби кеңістігін қалыптастыруға, түркі тілдеріндегі көркем шығармалардың түркі жұрттарына кеңінен таралуына бағытталған істерді қолға алу мәдени ынтымақтастығымыздың нығая түсуіне оң әсер еткен болар еді. 80-жылдарда өзбек қаламгерлерінің шығармаларын қазақша сөйлеткен Немат Келімбетов еңбегін осы бағытта жасалған жақсы бастама, тағылым мен тәжірибе алуға болатын өнегелі істің жарқын үлгісі деуге негіз бар.

Дыбыстық жүйесі, сөздік қоры мен сөйлем құрылысының ортақтығы мол туысқан тілді өз тіліндей жақсы білген қаламгер-аудармашының өзбек тілінен аударған Пірімқұл Қадыровтың «Жұлдызды түндер» романы туралы белгілі аудармашы, ісінің нағыз білгірі Әбілмәжін Жұмабаев 1979 жылы жазылған «Достық кітапханасы хақында» атты мақаласында: «Не істесе де байыбына барып, бабына келтіріп істейтін тұрлаулы ғалым, жазушы Немат Келімбетовтің өзбек жазушысы Пірімқұл Қадыровтың атақты Бабыр туралы «Жұлдызды түндер» романын қазақ тілінде емін-еркін сөйлеткені сондай, оны тіпті аударма кітап деп айтуға аузың бармайды», – деп жазған еді. Көркем аударма ісінің аса білікті де беделді өкілінің бұл пікірі Н. Келімбетов шығармашылығына, оның аудармашылық шеберлігіне көсіби тұрғыдан берілген әділ баға деп білеміз.

Жазушы-аудармашы Немат Келімбетовтің көркем аудармалары 70-80-жылдары жасалған. Бұл кезеңде орыс жазушылары мен әлемдік классика санатына кіретін шығармалар да, Кеңес Одағы құрамына кіретін ұлттар әдебиеттері де біздің тілімізге негізінен орыс тілі арқылы аударылды. Осы дәстүрге сәйкес Н. Келімбетов армян жазушысы Л. Гурунц пен украин жазушысы В. Козаченко шығармаларын қазақ тіліне орыс тілінен аударды. Украин жазушысы В. Козаченконың «Найзағай» романы мен «Ажалханада» салынған суреттер» хикаяттарын да ол қазақ оқырманына төл шығармамыздай жатық сөйлетіп берді.

Қазақ, қырғыз, парсы тілдерімен қатар орыс тілін де жетік меңгерген ғалым-ұстаз, қаламгер-аудармашы украин жазушысының шығармаларын да сәтті аударып, қазақ тілінде жатық сөйлете білген. Тәржімашы украин қаламгерінің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, жеке абзацтар мен әр сөйлемдегі айтар ойын дөп басып отырады. Бір жағынан, шығарма авторының стиліне нұқсан келтірмей, екінші жағынан, аударылып отырған тіл тұтынушыларының дүниетанымдық, ұлттық тілдік бейнесінің де ерекшелігін ескеру – аудармашыдан айрықша шеберлікті талап ететін аса күрделі шығармашылық үдеріс. Бұл тұрғыдан қарағанда ол түпнұсқа тіліне үлкен жауапкершілікпен қараумен қатар қазақ оқырманының талап-тілегін де ескеріп, оның талғам-таразысына сай келу жағын да үнемі назарда ұстап отырады. Мына мысалдарға назар аударып көрелік: «Страх куда-то пропадает, смывается новой мутной волной, и опять Савке море по колено». Бағанадан бері береkesін қашырып келген үрей сезімі әп-сәтте қолмен жұлып алып тастағандай жым-жылас жоқ болды. Савқаға тағы да Сырдың суы сирағынан боп қалды».

Сөйлемнің бірінші жартысында орыс тіліндегі сөйлем құрылысын дәл қайталамай еркін кеткен тәрізді болғанымен, ондағы айтпақ ойды әсерлі де дәл жеткізеді. Ал сөйлемнің екінші жартысындағы «море по колено» деген тіркесті дәлме-дәл аударып «теңіз суы тізесінен келмеді» десе, қазақ ұғымына, қазақ тілді оқырманға сондай әсерлі болмас еді. Ол ондай әріпқойлыққа ұрынбай, тілдің нәрі мен дәмін сезінетін қалам иесі екенін көрсете отырып, қазақ ұғымына сай әрі түпнұсқадағы бейнелі ойды ұлт тілін тұтынушының санасына сіңісті «Сырдың суы сирағынан (келмеді) боп қалды» деген тұрақты тіркес арқылы мейлінше дәл, тіпті түпнұсқадағыдан да бейнелі де әсерлі етіп бере білген. Тағы бір мысал: «Он угадывал направление чутьем, выработанным с детства. А ноги сами знали, где ступали и куда шли» деген сөйлемдерді «Қараңғыда қарсақтың ізінен жаңылмайтын ізшіл жан ол. Бала кезінен солай. Жолдың ой-шұқырын көзімен көрмей-ақ, көкірегімен сезетін

сияқты» деп аударады. Сөйлем құрылысын сөзбе-сөз қайталамайды. Түпнұсқадағы бірінші сөйлемді қазақшада екі бөліп береді. Бірақ одан айтпақ ойға еш нұқсан келмейді. Ой жалғастығы үзілмей келесі сөйлемге ұласып жатыр. Аудармашы түпнұсқада кездеспейтін «Қараңғыда қарсақтың ізінен жаңылмайтын» деген тағы да қазақ ұғымына сай тұрақты қолданысты пайдалану арқылы украин қаламгерінің ойын өз оқырманына түпнұсқадағыдан да әсерлі де көркем етіп жеткізеді. Аудармашының түпнұсқадағы екі сөйлемді бөтен сөз қоспай, құрылымын да өзгертпей еш қиындықсыз дәл сол қалпында аударып бере алатынына күмән жоқ. Алайда ол ондай сөзбе-сөзділікке саналы түрде бармайды. Оның бұл тұстағы еркіндігі айтылған ойды дәл де анық жеткізу мен аударылып отырған тіл тұтынушыларының таным-түсінігін, қабылдау, түйсіну ерекшелігін де есепке алудан туындаған. Ең бастысы, ол баяндалып отырған ой желісін үзбей, оны қазақ оқырманына лайықтап беруді мақсат етеді де сол мақсатына жетеді.

В. Козаченко шығармаларындағы жер-су, елді мекен атауларының қазақшаға аударылып берілуі де назар аудартады. Мысалы, *Скальное – Жартасты, Выселка – Жаңақоныс, Терновый яр – Тікенексай, Горб – Өркеш, Песчанка – Құмдақ, Вербовой овраг – Жасақ сай, Правобережье – Оңжағалау* тәрізді атаулар кездеседі. Н. Келімбетов аудармасындағы *Жартасты, Өркеш, Құмдақ* атаулары – түпнұсқадағы топонимдердің қазақ тіліндегі дәл баламалары. Қазақ топонимдерінің табиғатын жақсы білетін филолог, тәжірибелі аудармашы «Скальное» атауын «Жартастас» демей, «Жартасты» деп өте сәтті аударған. Бұл атау қазақ тіліндегі Алматы, Аршаты, Сөгеті, Шідерті сынды көне қабаттың немесе Көкпекті, Қаңбақты, Қоғалы, Ошағанды сияқты бергі кезеңдерде пайда болған атаулардың үлгісімен жасалып, қазақ тілінің топонимжасам жүйесімен үйлесім таба қалған. Сондықтан бұл атауларды қазақ оқырманы жатсынбай қабылдайды. Ал *Оңжағалау* атауы орыс тіліндегі *Правобережье* сөзінің үлгісімен жасалған толық калька. Ал *Выселка – Жаңақоныс, Терновый яр – Тікенексай,*

Вербовой овраг – Жасақ сай атауларын калькалау тәсілімен емес, орыс тіліндегі мағынасына үңіле отырып, қазақтың сөзжасам үлгісімен жасаған. Мұнда да *Күйгенсай, Сулы сай, Жаңақорған, Жаңатұрмыс, Жаңажол* атауларының үлгісі пайдаланылған. Ғалым-аудармашы қаламынан туындаған атаулар тек топонимдермен ғана шектелмейді. Ол өзінің сөзжасамдық шығармашылығында өзге лексикалық қабатты құрайтын атаулар мен сөз тіркестерін де жасаған. Мәселен, ол В. Козаченко хикаятының атауында және көркем мәтінде жиі қолданылған «салон смерти» тіркесін «ажалхана» деп аударған. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде тұтқынға түсіп, өлімге басы байланып, ажалмен арпалысқан жандарды қамау үшін абақтыға айналдырылған тас қараңғы бұрынғы сиыр қораны тұтқындар «ажалхана» деп атайды. «Ажалхана» десе дегендей, онда қамалғандардың көбі ажал құшып, соғыс аяқталғанда санаулы адам ғана тірі қалады. Сол секілді «маслобойня»-ны «майшайғыш» деп алады. Өзінің авторлық атауларымен бірге өзге замандастарының қаламынан туындаған жаңа атаулар мен қолданыстарды да көркем аудармада кеңінен пайдаланғанын көреміз. Мәселен, «Найзағай» деген атпен 2008 жылы жарық көрген басылымда кездесетін *эріп теруші (наборщик), жетімхана (приют), баяндау хаты (докладная записка), үй тұтқыны (домашний арест), келіссөз (переговоры)* және т.б. атаулар солардың қатарына жатады.

Бұл тұрғыдан келгенде тағы бір назар аударатын мәселе – қаламгер-аудармашының сөзқолданысқа, тілдегі өзгерістерге ерекше мән беретіндігі. «Найзағай» романының 2008 жылы жарық көрген басылымында *семья (26, 48), право (27, 54), аптека (34), роль (42), пальто (55), парк (44), поселке (44), завод (44, 64), станция (44, 115), октябрь (45), костюм (52), клетка (46), самолет (46, 93), километр (47, 63, 115), класс (50), секретарь (50, 77), сентябрь (51), финанс (55), квитанция (55, 112), октябрь (64, 101, 103, 115), апрель (71, 246), июль (78), август (79), документ (79, 81), аптекарь (80), программа (96), устав (96), листовка (99), фасад (101), заказ (101, 117), текст*

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР (101,106,112,122, 183), ноябрь (119, 167), парад (120), символ (121), мобилизация (121), набор (123,245), территория (167), овощ (221), декабрь (225,237), протокол (232) тәрізді сөздер аударманың алғашқы нұсқасындағы қалпында өзгеріссіз басылған еді. Ғалым-аудармашы өзі жасаған аударманың әр жылдары шыққан басылымдарын салыстырып қарап, қазақ лексикасында болып жатқан өзгерістерге сәйкес соңғы басылымына тиісті түзетулер енгізіпті. Онысы өте орынды болған деп санаймыз. Әр ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын ғалымның ыждағаттылығы бұдан да көрініп тұр. Алдыңғы басылымнан алынған жоғарыдағы атаулардың өткен ғасырдың 70-80-жылдары осы көрсетілген қалпында баламасыз қолданылғаны белгілі. Дәл сол кезеңнің тілі үшін, сол жылдардың оқырманы үшін бұл табиғи нәрсе еді. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейін қоғамдық сана да, соған сәйкес қазақ тілінің лексикалық қоры да елеулі өзгеріске ұшырады. Сөздік қорымыз ондаған, жүздеген жаңа атаулармен толықты. Осы аталған кезеңде ол атаулардың баспасөз, көркем әдебиет, ғылым тіліндегі қолданысы тұрақтады. Айталық, жоғарыда келтірілген *роль, пальто, завод, станция, костюм* секілдікірме сөздер қазіргі жазу нормамыз бойынша *рөл, пәлте, зауыт, стансы, кәстөм* түрінде жазылатын болды. Бұл атаулар ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы мақұлдаған орфографиялық сөздікте осылай беріледі. Ал *семья, право, аптека, парк, октябрь, клетка, самолет, километр, класс, секретарь, сентябрь, финанс, квитанция, апрель, июль, август, документ, аптекарь, программа, устав, листовка, фасад, заказ, текст, ноябрь, парад, символ, мобилизация, набор, территория, овощ, декабрь, протокол* атауларының қазақша баламалары 90-жылдардан бергі Тәуелсіздік кезеңінде тілімізде әбден орнықты. Отандық қаламгерлердің көркем шығармаларында да, аударма әдебиеттер мен ресми құжаттарда да, ғылыми әдебиеттер мен мерзімді басылымдарда да қазіргі уақытта бұл атаулардың тек қазақшасы ғана қолданылады. Олар: *отбасы, құқық, дәріхана, саябақ, қазан, жасуша, ұшақ, шақырым,*

сынып, хатшы, қыркүйек, қаржы, тұбіртек, сәуір, шілде, тамыз, құжат, дәріханашы, бағдарлама, жарғы, парақша, қасбет, тапсырыс, мәтін, қараша, шеру, нышан, жұмылдыру, терім, аумақ, көкөніс, желтоқсан, хаттама атаулары. Бұл сөздер қазақ әдеби тілінің сөздіктері мен екітілді орысша-қазақша, қазақша-орысша сөздіктерге, мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарға да енді. Осыны көріп-біліп, тілде болып жатқан жаңалықтарды қадағалап отырған ғалым уақыт тынысын, тіл нормаларын ескеріп, осыдан 20-30 жыл бұрын жасалған аудармаларын қайта қарап, түзетулер енгізіпті. «Найзағай» романының 2014 жылғы кейінгі басылымы аударма авторының осы түзетулерімен жарық көрген. Тым ертеректе жасалған аудармаларды қайта бастырып шығарушылар бұдан сабақ алса, артықтық етпейді. Кейінгі 10-15 жыл көлемінде аударма ісінің білгірлері саналатын көптеген мамандардың 60-90-жылдар аралығында жасалған аудармалары кітап болып қайта басылып шықты. Солардың бірқатарында кеңестік дәуір лексикасының мұрты бұзылмай тұр. Қазіргі баспалардың басым көпшілігі қоржынына түскенді қаз-қалпында басып берумен ғана шектелетін болып барады. Тіліміздің өзгеріп, дамып жатқанын, санадағы жаңғыруларға сәйкес сөздік қорымыздың да жаңарғанын қалың жұртшылыққа баспа өнімін ұсынып отырған сол баспалар бірінші кезекте ескергені жөн. Кеңестік кезеңде жарық көрген өзге де көркем шығармаларды қайта бастырып шығарғанда баспагерлер мен редакторлар советизмдер мен ескірген сөздерді өз дәуіріне қалдырып, кірме атаулардың қазіргі қазақ тіліндегі орныққан баламаларын қолданғаны жөн деп санаймыз. Өйткені бұл шығармалар бүгінгі оқырман үшін шығарылып отыр. Ендеше, ең алдымен солардың мүддесін көздеу және қазақ тілінің қазіргі әдеби нормасын сақтау бәрінен де маңызды. Мұндай бірнеше сөзді бүгінгі қолданыстағы баламасымен алмастыру көркем мәтіннің сапасына, автордың (аудармашының) құқығына еш нұқсан келтірмейді. Қайта көркем шығарма тіліне әр беріп, оны осы заман оқырманына, соңғы ширек ғасыр көлемінде мектеп пен жоғары оқу

орындарында білім алған миллиондаған жас қауымға түсініктірек ете түседі. Себебі бұл атаулар солардың құлағына құйылып, санасына сіңіп қалды. Ал ғылыми мақсатты көздеп ХХ ғасырдағы көркем әдебиет мәтінін, сөз қолданыс мәселесін, кірме сөздер жайын, жекелеген авторлардың әдеби мұрасын зерттеуші ғалымдар тиісті шығармалардың сол өздерін қызықтырып отырған кезеңдегі басылымдарын қарауына болады. Бұл тұрғыдан келгенде Немат Келімбетов аудармалары соған жарқын мысал бола алады. Оның 70-80-жылдары жасалған аудармаларында сол кезеңнің лексикасы, сөзқолданысы орыс тіліндегі қалпын бұзбай, уақыт келбетін көрсетіп тұр. Мысалы, ай аттары мен *семья, право, аптека, самолет протокол* сияқты аударылмай алынған көптеген сөздер сол қатарға кіреді. Ал 2014 жылы жарық көрген еңбектерінің толық жинағында олар *отбасы, құқық, ұшақ, хаттама және қаңтар, ақпан, наурыз* болып, қазіргі тіліміздегі баламаларымен алмастырылып, шығарма тілі бүгінгі оқырманға жақындай түскен.

Ұлт тілі сөз байлығының еселене түсуіне кеңестік заманның өзінде үлес қосып, сөз шығармашылығына үлкен жауапкершілікпен қараған қаламгер, түркітанушы ғалым қазақ тілінің сөздік қорына қосылған осы атауларды еңбектеріне өз қолымен енгізіп кетті. Бұдан біз қаламгер-аудармашының сөз қолданысына деген жауапкершілігін, өз ісіне ыждағаттылығын көреміз.

Соғыс қасіретін шынайы да көркем суреттеген белгілі украин жазушысының шығармаларын автордың стильдік ерекшеліктерін сақтай отырып, қазақ тіліне кәсіби шеберлікпен аударған қазақ қаламгерінің соңында қалдырған мұрасы екі елдің әдеби-мәдени байланыстарының жақын көрінісі ретінде сақталып, көркем аударма қорымыздағы құнын жоймайтын туындылар санатында қала береді деп сенеміз.

Ғалым-аудармашының Хамза атындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, белгілі өзбек жазушысы Пірімқұл Қадыровтан аударған «Жұлдызды түндер» романында да (*Келімбетов Н. Көптомдық шығармалар жинағы. – Ал-*

маты: «Раритет», 2014. 9-том. – 576-б.) көптеген жаңа қолданыстар мен туыстас тілдерден алған сөздер кездеседі. Мәселен, *әксия, әксияші, әмірзада, әуіз, бақауыл, гарембике, дарбазахана, даруға, дәйекші, диуанхана, есік ағасы, жүздан, зияпат, кептерхана, көшірмеші // көшіруші, курчибасы // куршибоши // куршибек, күрсі, қарауылхана, қароргох, миз-цетел, офтобачи, расытхана, сабанхана, савдорбаши, сәресілік, тасхауыз, үйек, хұснихатшы, шарапшы, шахсына* сияқты атаулар. Бұлардың арасындағы *әуіз, бақауыл, даруға, дәйекші, зияпат, кептерхана, күрсі, қарауылхана, расытхана, сабанхана, үйек, хұснихатшы, шарапшы* тәрізді сөздердің бірі жиірек, екіншісі сиректеу болса да қазіргі тілімізде қолданылып жүр. Осы сияқты сөздердің тілімізге енуіне Н. Келімбетовтің де қосқан үлесі бар екеніне күмән жоқ.

Ол өз аудармасында осы мысалдардағы атаулармен қатар қазіргі әдеби тілімізде сиректеу жұмсалып жүрген *бесіккерт (21), жүзбасы (99, 100), тасборан (197), бұғат (101, 160), кәнизак (108, 109)* тәрізді тарихи сөздер мен біршама тар немесе кең мағынада жұмсалған *арнау хат (73), дәрісхана (61, 63), құжыра (103), мекенжай (58)* сияқты сөздер де қолданады.

Өзбек тіліне төте аударылған бұл еңбекте өзбек, араб, парсы, иран, үнді тілдерінен енген бірқатар кірме сөздер қолданылады. Олардың қатарына мына төмендегі сөздер кіреді: *айван (58), арка (52, 67, 70, 75, 84, 179, 367), ашора (526) – шілде, зауза, әмір-ул умаро (123) – әскербасы, бетақа//бұтақа (538) – шөп аты, брахман (512) – үнділердің дінбасы, бір ағаш (98) – шамамен он алты шақырым, төрт ағаштық жол (118), дасторпеч (159, 178, 303) – патшаның киім-кешегіне қарайтын дәйекші, гарем (40, 48, 2116 219, 311), ғазауат (383, 405), ғұнчачи (311), зумрад (352, 372, 375) – изумруд, имомия (412), ислими гүлхан (113), кадхудо (308, 321), қайла (539) – жас қоян етін қамырға орап пісіретін тағам, қаргар (435), қашкул (385), лашкер (66, 98, 1476 234), лашкербасы (230, 238, 278, 348, 359, 371, 385, 425), лисониттайр (334), ма-*

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
халла (21,137, 160, 343, 380), машғала (183, 184, 292) –
факель, мәлика (112,113, 293, 391), мәуляно (116, 11) –
мәулен, оқымысты адам, ғылыми адам, мирохур (203) –
патша атқосшыларының бастығы, михраб (113), мудда-
рис (59, 60, 61, 62), музолим (50,56, 58, 75, 100, 111), мунши
(34, 534), мурид (175, 197) – шәкірт, мухрдор (223) – мөр
сақтаушы, мұғраб (366), мухандис (498) – құрылыс инже-
нері, насыр (475) – проза, обрез (22), опахса (65), паргон
(107), пашкал (538) – жауын маусымы, пәтініс (341, 410,
411) – поднос, пиала (45, 68, 136, 213), риязит (138) – ма-
тематика, ражпуд (508) – жанкешті үнді жауынгерлері,
рофизий (371, 379, 437) – ислам дінінің сүннит ағымынан
безіп, шейіт ағымына өткендер, санаубар (334) – қылқан
жапырақты қарағай тектес ағаш, сахиб (492), саххоб
(163, 164, 165,) – мұқабашы, тахтиравон (105), тура
(278) – қалқанның бір түрі, фиких (60), хандаса (138) –
геометрия, шабпуш (370) – түнде ұйықтағанда киіп жа-
татын тақия секілді баскиім, шавгон (107), шайбанизада
(411), шахнишин (76, 235), шейхы (357).

Туысқан өзбек халқының тіліндегі бұл атаулардың бө-
рін болмаса да кейбіреуін өз тілімізге икемдеп алсақ, олар
біздің де сөздік құрамымызды байытуға, сөтті балама-
лары табылмай жүрген кейбір кірме сөздердің орнын ал-
мастыруға жарауы мүмкін. Бұл орайда белгілі аудармашы
Кеңес Юсуптың оның өзбек тілінен аударған Саид Ахмад-
тың «Көкжиек» романы туралы айтқан мына бір пікірін
осы шығармаға қатысты да айтуға болады. Қаламдас, әріп-
тес інісі былай деп жазады: «Тәржіме мәселесімен біраз-
дан бері айналысып жүрген адам ретінде осы орайда Немат
ағаның аударма өнерінің табиғатын терең пайымдайтыны,
бастапқы тілдің ерекшеліктерін, сол тіл иесі халықтың бол-
мыс-бітімінің өзіндік өзгешеліктерін, сол тіл иесі барын-
ша зерделеуге және ұғынуға тырысқанын, әрі ең бастысы
соның бөріні аударылып отырған тілге, яғни ана тілімізге әрі
мен мәнін кетірмей әкелуге мүмкіндігінше күш салғанын
аңғарғанымды айтуым керек» (7-б.).

Аударма мәтінінде әдеби тілімізде бар болғанымен кейінгі көркем шығармалар тілінде сиректеу қолданылып жүрген *апалақтап* (119, 476), *шөкелеп отыру* (122) тәрізді етістіктер бірнеше рет кездеседі. Сондай-ақ әдетте «суқараңғы» түрінде ғана жұмсалатын сөздің орнына Н. Келімбетов өз аудармасында «су соқыр» (222) тіркесін қолданады. Мұны авторлық қолданыс деп таныған жөн шығар деп ойлаймыз.

Немат Келімбетов жазушы, аудармашы болуымен қатар әдебиеттанушы, түркітанушы ғалым. Оның өз кәсібін терең меңгерген біліктілігі мен жан-жақтылығы аудармаларынан да айқын байқалып тұрады. Ол көркем аудармаларында кәсіби аудармашы ретінде түпнұсқа авторының стилін сақтаумен бірге сөз қоры мол жазушыға тән қасиетпен қазақ оқырманын да бейнелі, көркем тілімен баурап алып отырады. Тағы бір айрықша байқалып тұратын ерекшелігі – ол сөйлем құраса да, сөз жасаса да, сөзбен сөзді тіркестірсе де ғалымға тән дәлдік, мұқияттылық танытады. Жуықтап айту, әсіре бейнелеу, артық кетіп, кем түсу – оның табиғатына жат. Зерделеп қараған жанға оның әр аудармасын, әр сөйлемін асықпай, ерекше төзімділікпен, ыждағаттылықпен хатқа түсірген асқан еңбекқорлығын, құнттылығын байқамай қалу мүмкін емес.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Қазақ тіліне әр жылдары аударылған Нобель сыйлығының лауреаттарының, әлем және орыс классиктерінің, өзге шет тілдерінен орыс тілі арқылы және ішінара түпнұсқа тілден тікелей тәржімеленген 200-ге тарта көркем шығармадан (28 роман, 25 повесть, 150-ге жуық әңгімеден) барлығы 1500-дей жаңа атаулар мен қолданыстар жинақталды.

2. Көркем аудармалардан жинақталған атаулардың контекстегі қолданысы, қайсысының қай мағынада жұмсалғаны, кімнің шығармасынан, қай мәтіннен алынғаны

нақты мысалдар арқылы көрсетілді. Кітаптың екінші бөлімінен белгілі көркем аударма шеберлерінің сөзқолданыс ерекшелігін, әр аудармашының жасаған жаңа сөздері мен терминдерін, авторлық қолданыстарын да көруге болады. Мәселен, Ж. Аймауытов өз аудармаларында *аттаныс (нашествия)*, *етжегіштер (мясоеды)*, М. Әуезов *сыбысқұмарлық (любопытство)*, *отаншыл (патриот)*, *шартнама (декларация)*, Ә. Кекілбаев *тәубехана (исповедальне)*, *өмірсерік (спутник (-ца))* сөздерін қолданады. Сондай-ақ осы мысалдардан олардың тілдегі лексикалық варианттардың қайсысына басымдық бергенін, синоним сөздер мен жаңадан ұсынылған атаулардың қайсысын таңдағанын да көруге болады.

3. Қазақ тіліне аударылған көркем шығармалар олардың орыс тіліндегі нұсқасы, орыс жазушыларының еңбектері түпнұсқасымен салыстыру арқылы аудармашылардың қай сөзді, сөз тіркесін қандай ұғымның атауы ретінде алғандығы, қай сөздің баламасы ретінде қолданғандығы анықталды.

4. Көркем аударма мәтіндерінен жиналған тілдік материалдар жүйеге түсірілді. Аудармашылар мен сала мамандарының іс барысында пайдалануына қолайлы болуы үшін жинақталған жаңа атаулар мен қолданыстар әліпбилік тәртіпке түсіріліп, олардың қазақша-орысша және орысша-қазақша қысқаша сөздігі жасалды. Кітаптың үшінші бөлімі осы сөздіктен тұрады.

5. Көркем аудармалардан жинақталған атаулардың жарыса жұмсалып жүрген лексикалық варианттары анықталып, олардың салыстырмалы кестесі жасалды. Мысалы, *тротуар*: 1. *жиекжол*; 2. *табанжол//табан жол*; 3. *аяқжол*; 4. *жағажол*; 5. *жаяусоқпақ*; 6. *қаптал жол*; *фонтан, фонтанчик*: 1. *бұрқақ*; 2. *шапшыма*; 3. *ақбұрқақ*; 4. *субұрқақ*; *подлокотник*: 1. *шынтаққойғыш*; 2. *білексалар*; 3. *шынтақша* және т.б.

6. Орыс тіліндегі бірнеше ұғымның қазақ тілінде бір сөзбен аталып жүргендігі анықталып, ондай атаулар да салыстыра көрсетілді. Мысалы, *дүңгіршек*: 1. *лавка*;

2. киоск; 3. будка, будочка; топтама: 1. коллекция; 2. цикл; 3. серия және т.б.

7. Аударма мәтіндеріндегі кірме сөздердің қолданысы, емлесі, буын, дыбыс үндестігіне сәйкестендірілуі нақты мысалдармен көрсетілді. XX ғасыр басында жасалған аудармаларда кірме сөздер түгелге дерлік қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне бағындырылып жазылған. Мысалы, Ж. Аймауытов та кірме сөздерді *тілипон, ділгірәм, әпесер, кемесер, енженер, сипр, мәлиен//мүлиен, пірезидент, мүйнет* түрінде жазады. Қазіргі аудармаларда да жаппай болмаса да, бірқатар кірме сөздер *әртел, бөдке, журнал, журналшы, зәкір, зәпөнке, зурна, кәйіп, кәртөз, кәртішке, кәсек, кәстөм, күршек, күріжке, кінәз, пәрік, пенжек, пәсір, пешеней, рөмке, селен, сүртік, тәбіретке, тәшкі, топыли, төмпішке, шөтке, іскәмейке* түрінде жазылып жүр.

8. Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, Ә. Сатыбалдиев, Қ. Сағындықов, І. Жарылғапов, Н. Келімбетов сынды белгілі қаламгер, ғалым, кәсіби тәржімешілердің аудармашылық шеберлігі, сөз қолданыс ерекшеліктері, сөзжасам тәжірибесі тілдік тұрғыдан талданды. Оларда өзге де көркем аударма жасаумен кәсіби деңгейде айналысқан Әбіш Кекілбаев, Рымғали Нұрғалиев, Нығмет Ғабдуллин, Қалихан Ысқақов, Жұмағали Ысмағұлов, Әбілмәжін Жұмабаев, Ғалым Ахмедов, Кеңес Юсуп, Бексұлтан Нұржекеұлы, Тельман Жанұзақов, Сарбас Ақтаев, Дидахмет Әшімханұлы, Нәбиден Әбуталиев, Балмағамбет Қойшыбаев, Аманғали Сұлтанов, Ғаббас Жұмабаев, Мәткәрім Әкімжанов, Темірхан Медетбек, Сәкен Иманасов, Бекболат Әдетов, Бекмырза Баймаханов, Жүсіпбек Алтайбаев, Ақайдар Ысымұлы, Е. Қойшыбаев, Зейтін Ақышев, Қалжан Нұрмаханов, Құрманғазы Қараманұлы, Ә. Бөриев, Ы. Дүйсенбаев, Таласбек Әсемқұлов, Дүкен Мәсімханұлы, Гүлшат Түсіпова сынды белгілі мамандардың аудармалары бойынша тілдік деректер жинақталып, олардың жасаған жаңа атаулары мен ұсынған баламалары, кейінгі жылдары жасалған жаңа сөздерді көркем аудармада пайдалану, олардың әдеби тілге енуіне ықпалы анықталды. Кәсіби аудар-

машылардың сөзжасам, терминжасам тәжірибесі, сөз таңдау, қолдану ерекшеліктері лингвистикалық тұрғыдан сөз болды.

9. Көркем аударма мәтініндегі терминдер қолданысы арнайы қарастырылып, көркем аударманың ұлттық терминқорды қалыптастырудың қайнар көздерінің бірі екендігі тілдік деректер негізінде дәлелденді. Көркем әдебиеттің, оның ішінде, көркем аударманың терминологиялық лексиканы, керісінше, ғылым тілінің көркем шығарма тілін байытатындығы функционалдық стильдер арасындағы сөзалмасым, терминалмасым арқылы жүзеге асатындығы көрсетілді.

10. Көркем аудармадағы сөз мағынасының дәл берілмеуі, синонимдердің дұрыс таңдалмауы, сәтсіз жасалған балама атауларды немесе тілімізде баламасы бар сөздердің орнына кірме сөздерді орынсыз қолдану, бір шығармада бірнеше лексикалық варианттарды жарыстыра жұмсау, сөз тіркестері мен сөйлемдердің қисынсыз құрылуы сияқты бірқатар кемшіліктер атап көрсетілді.

11. Көркем аудармаларда қолданылған орыс тіліндегі род категориясының ықпалымен жасалған сөздер анықталды. Мысалы, *құдая* (*дева, Дева Исцелительница*), *тәңірия* (*дева, богоматер*), *азаматша* (*гражданка*), *төрайым* (*председательница*), *мұғалима* (*учительница*), *қожайым* (*хозяйка*), *медбике* (*медсестра*), *қарауылша* (*сторожика*) және т.б.

12. XX ғасыр басындағы көркем аударманың өзіндік ерекшеліктері, тәржімеленген әдебиеттердің ұлт мәдениетіне барынша бейімделгендігі көрсетіліп, алаш зиялыларының ондай қағидат ұстанудағы негізгі себептері аталды.

13. Еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде әлемнің көптеген елдерімен әдеби-мәдени, ғылыми-технологиялық, саяси-дипломатиялық байланыстары нығайып отырған кезеңде, делдал тілдің көмегіне жүгінбей, әлем әдебиетінің үздік шығармаларын қазақ тіліне тікелей аударудың аса маңыздылығы, қажеттілігі және осы істі жоғары кә-

сіби деңгейде атқаратын мамандардың тапшылығы атап көрсетілді. Әлем тілдерінен, әр шығарманы сол туынды жазылған түпнұсқа тілден тікелей аударуға қабілетті шет тілдерін жетік меңгерген білікті аудармашылардың жаңа буынын дайындау ұсынылды.

14. Ертеректе аударылған көркем шығармаларды қайта басып шығарушы баспалар мен баспа редакторларының қолданыстан шығып қалған советизмдерді, архаизмге айналған сөздерді бүгінгі оқырманға еш өзгеріссіз ұсынып жүргендігі көрсетіліп, ондай мәтіндердің ескірген тұстары мен жекелеген сөздерін аудармашының өзімен немесе мұрагерімен келісе отырып уақыт талабына сай редакциялануы қажеттігі көрсетілді. Мәселен, қазақша ай аттарын әлі күнге дейін кеңестік кезеңдегідей *январь, февраль, март, апрель, май, июнь, июль, август, сентябрь, октябрь, ноябрь, декабрь* түрінде, «отбасы» орынына «семья» сөзінің өзгеріссіз қолдануын қазіргі оқырманға сол қалпында ұсынудың реті жоқ. Бұлай ету – әдеби тілдің жаңаруын, даму деңгейін, қазіргі әдеби норманы ескермеу болып саналады.

15. Көркем аудармадағы бірқатар мақал-мәтелдердің, тұрақты тіркестердің қолданысы мен аударылуындағы ұтымды тұстары және кемшіліктері де көрсетілді.



II БӨЛІМ



КӨРКЕМ АУДАРМА
МӘТІНІНДЕГІ ЖАҢА
СӨЗДЕР ҚОЛДАНЫСЫ



* * *

Кітаптың бұл бөлімінде шет тілдерінен қазақ тіліне әр жылдары аударылған көркем шығармалардан жинақталған аудармашылардың авторлық қолданыстары, олардың қаламынан туындаған жаңа сөздер мен шығармашыл қауымның өзге де өкілдері тарапынан жасалып, әдебиетте, баспасөз тілінде бірнеше нұсқасы жарыса жұмсалып жүрген жаңа қолданыстар мысалдарымен беріліп отыр. Ондағы мақсат – оқырман қауым мен сөзжасам, терминжасам үдерісін зерттеушілерге, жаңа атаулар мен қолданыстардың контекстегі берілуі мен оларды қай қаламгердің, қай аудармашының жасағаны, қалай қолданғанын нақты мысалдар арқылы салыстырып көруіне мүмкіндік туғызу. Сондай-ақ бұл бөлімнен лексикалық қорымыздың көркем аударма арқылы толығу, даму барысы мен кезеңдерін көрумен қатар, әлем классиктерін қазақша сөйлеткен аса көрнекті қаламгерлер мен аударма шеберлерінің сөз жасау, сөз таңдау, сөз талғау ерекшеліктері мен терминжасам тәжірибелерімен танысуға мүмкіндік алады. Көптеген көркем шығармалардан бірнеше жыл көлемінде жинақталған едәуір қомақты тілдік деректер, нақты мысалдар әр зерттеуші мен қалам ұстаған қауым өкіліне дербес ой түйіп, жеке қорытындысын, өзіндік тұжырымын жасауына жағдай туғызады деген ойдамыз. Сонымен қоса, әртүрлі көркем аудармадан жиналған сөздерді өзара салыстыра-салғастыра талдауға болады.

Бұл айтылғандардан бөлек біздің тағы бір көріп-білгіміз, анықтағымыз келген мәселе – БАҚ пен ісқағаз тілінде, ғылым тілінде жасалып, қолданылып жүрген жаңа сөздер мен терминдердің көркем әдебиет тіліне ену, олардың көркем аударма үдерісінде пайдаланылу, стильаралық сөз ал-

масудың қалай жүзеге асып жатқанын анықтау болды. Бұл сөздер қоры мен олардың көркем аударма мәтінде қолданылғанын айғақтайтын мысалдар осы құбылыстың сырына үңіліп, мәселенің мән-жайын ұғуға септігін тигізетін дереккөз бола алар деген үміттеміз.

Көркем шығармалардан жинақталған сөздер мен мысалдардан кейін кірме сөздер мен кейбір тұрақты тіркестердің, емлесі мен қолданысын көрсететін мысалдар да берілді. Бастапқыда алдымызға оларды арнайы қарастыру мақсатын қоймағандықтан, бұл мәселеге біз зерттеу барысында, олардың емлесі мен қолданысында тілдік тұрғыдан шешімін таппаған жайлар бар екендігін аударма тілінен анық байқаған соң барып, назар аудардық. Сондықтан бастапқы кезеңде оқылған шығармалардан кірме атаулар жинақталмағандығын ескерте кеткенді орынды санаймыз. Ішінара қос сөздер қолданысы мен сөздердің бөлек немесе бірге жазылуына қатысты да тілдік деректерге тоқталған тұстарымыз болды.

Кітапты пайдаланушыларға қолайлы болу үшін жаңа атаулар мен қолданыстардың алдымен қазақшасы әліпби ретімен беріледі де олардың орыс тіліндегі қай сөздің баламасы ретінде алынғаны қазақша-орысша сөздік түрінде қатар көрсетіліп отырады.

Төменде мысалдарымен қоса беріліп отырған жаңа атаулар мен қолданыстар Әлихан Бөкейхан, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Әбіш Кекілбаев, Рымғали Нұрғалиев, Нығмет Ғабдуллин, Қалихан Ысқақов, Немат Келімбетов, Жұмағали Ысмағұлов, Әбілмәжін Жұмабаев, Кеңес Юсуп, Тельман Жанұзақов, Сафуан Шаймерденов, Бексұлтан Нұржекеұлы, Сарбас Ақтаев, Дидахмет Әшімханұлы, Нәбиден Әбуталиев, Балмағамбет Қойшыбаев, Аманғали Сұлтанов, Ғаббас Жұмабаев, Ғалым Ахмедов, Мәткәрім Әкімжанов, Темірхан Медетбек, Сәкен Иманасов, Таласбек Әсемқұлов, Бекболат Әдетов, Бекмырза Баймаханов, Жүсіпбек Алтайбаев, Қалжан Нұрмаханов, Ақайдар Ысымұлы, Е.Қойшыбаев, Зейтін Ақышев, Қалжан Нұрмаханов, Құрманғазы Қараманұлы, Ә. Бөриев, Ы. Дүйсенбаев,

Дүкен Мәсімханұлы, Гүлшат Түсіповалардың аудармалары сынды белгілі қаламгерлер мен филолог ғалымдар, кәсіби аудармашылар мен журналистер аударған көркем шығармалардан алынды.

Әлихан Бөкейхан аудармалары

Төменде беріліп отырған сөздер Ә. Бөкейхан аударған О. Уайльдтың «Жұлдыз бала» («Звездный мальчик» (Мальчик-звезда)), Ги де Мопассанның «Симонның әкесі» («Отец Симона»), «Күзетте» («У смертного одра»), «Жарасын жасырған (алдырған) ана» (Старуха Соваж»), И.С. Тургеневтің «Торғай» («Воробей»), «Жұмбақ қыз» («Чудная»), Л. Толстойдың «Кавказ тұтқыны» («Кавказский пленник»), «Жұмыртқадай бидай» («Зерно с куриное яйцо»), «Күн» («Солнце – тепло»), «Жеті қарақшы» («Большая медведица»), «Бір адамға қанша жер керек?» («Много ли человеку земли нужно?»), «Сурат кофеханасы» («Суратская кофейня»), А.П. Чеховтың «Қамелеуін» («Хамелеон»), В.Г. Короленконың «Мақардың түсі» («Сон Макара»), «Жұмбақ қыз» («Чудная»), «От»//«Шырақ» («Огонки»), Д.Н. Мамин-Сибиряктің «Баймақан» («Баймаган»), «Қара ханым» (Кара-ханым) және Н.А. Маркстің «Ескі Қырымның сөздері» («Легенды Крыма») жинағынан: «Пайғамбарға хат» («Письмо Магомету»), «Азамат Юсуф» («Мюск-джамии»), «Ешкі тау» («Эчкидаг-Козья гора»), «Герейдің жойылуы»//«Герейдің ажалы» («Гибель Гирея»), «Құрбан қия» («Курбан-Кая – жертвенная скала»), «Тілік қия» («Деликли Кая»), «Сұлтан Сәли» («Султан-Салэ»), «Жынның моншасы» («Чертова баня»), «Қыздың сарайы» («Девичья башня»), «Жын мен қызыл» («О Шайтане и кизиле»), «Махаббат» («Святая могила»), «Антарам» сынды аңыздар мен әпсаналардан алынды.

Тілдік деректер Әлихан Бөкейханның 9 томдық шығармаларының толық жинағына (Астана: «Сарыарқа», 2009-2013) енген және XX ғасыр басында жарық көрген

басылымдарда жарияланған аудармалардан жинақталды. Ә. Бөкейхан аударған ғылыми-танымдық, оқулық әдебиеттер мен мақалаларынан жинақталған жаңа атаулар мен қолданыстар, авторлық тіркестер өте мол. Бұл еңбекке оның бір бөлігі ғана беріліп отырғанын ескертеміз.

АТАРБА – *подвод*. Подводтан (подвод – атарба) құтыламын деп арбасының дөңгелегін сындырып тастап отырған, атын сойып алып отырған қазақ сорлысы ақылға сорлылығынан, надандығынан жасап отыр. Ә. Бөкейхан. «Қызыл Қазақстан» журналы. 1922 жыл. №12. М10-13 беттерде.

ӘДІЛСІЗДІК – *несправедливость (эдилетсіздік)*. Әділсіздік молынан келгенін дүниеге қылған: берген байлығы әр уайым, қайғы... (Жұлдыз бала. Аударған Қыр баласы. «Ақ жол», 1923. №381).

ӘКІМ – *начальник*. Әкім Сердақ қатын алмақ. (Антарм. Аударған Қыр баласы).

ДАЛАҢҚАЙ – *полянка*. Бір далаңқайға шықты. (Кавказ тұтқыны).

ДАМЫҒУ – *измучится*. Жилин дамықты (Измучился Жилин. («Кавказский пленник»)).

ЖАЗАҢ – *равнина*. Жазық. Бұлар бір биік жазаңмен келе жатыр. Жазаңда толып жатқан көп жол, бәрі күншығыста бір жерге келіп қосылады. (В.Г. Короленко. Мақардың түсі. Мәскеу, 1923).

КЕГЕН. Ағаштың кегені қатқан қардан күміс тоң, жердің жамылғаны қалың қар. (Жұлдыз бала. Аударған Ә. Бөкейхан. «Ақ жол», 1923. №381).

КЕКІРИТ. Кесір, астамшыл, кесанат. Өзі бұрын қандай кекірит, қандай үстемшіл еді, көрген адамның бәрі сол болып шықты. (Жұлдыз бала. Аударған Ә. Бөкейхан. «Ақ жол», 1923. №384).

КЕКІРТТЕНУ. Кесірлену, астамсу. Мен кекірттеніп сені танымадым, мен енді сорлы болып келдім... (Жұлдыз бала. Аударған Ә. Бөкейхан. «Ақ жол», 1923. №384).

КҮЙЛЕН – *Иш, же, күйлен!* – деді. (Жұлдыз бала. Аударған Ә. Бөкейхан. «Ақ жол», 1923. №382).

КҮНІРКЕМЕУ – *не завидовать*. Сен желжетпеске мініп-ап жосытқанда, ұшқан құсты хатасыз жалғыз-ақ оқпен жалпитқан кезде, сені күніркемейтін Отызда бозбала бар ма еді? (*Ешкі тау. Аударған Қыр баласы. «Қазақ», 1915. № 134*).

ҚОҚАТТОҚЫЛАУ – *вымогать*. Қорқытып, қоқаттоқылап құдайы алды ма? – деп Тойон сұрады. (*Мақардың түйсі. Аударған Қыр баласы. Мәскеу, 1923*).

ҚОНАҚХАНА. Көше сыймайтын ол заманда керуен, кел мұңдалап қақпасын ашқан жүз қонақхана. (*Н. Маркс. Азамат Юсуф. «Ескі Қырым сөздерінен аударған Ә. Бөкейхан. «Қазақ» газеті, 133, 1915 жыл. Самар қаласы*).

ҚОРҒАНБАСЫ – *начальник крепости*. Қатынның басына бейіт соққан қорғанбасы Сердақ. (*Антарм. Аударған Қыр баласы*).

ҚҰЛАСЫН – *развалина*. Сұлтан Сәли құласыны жүз жыл бұрын қандай болса, қазір де сондай, дауыл, жауын түк қылған жоқ. (*Сұлтан Сәли. Аударған Қыр баласы. «Қазақ», 1915. №136*).

МІНЕР ЖАҚ – *влево, левая сторона*. Жилин мінер жақтағы тауға шаба жөнелді. (*Кавказ тұтқыны. Л. Толстойдан аударған Ә. Бөкейхан*); Жилин кейін қайтып, мінер жаққа бұрылып, тауға, ағашқа тартып, жүгіріп кетті (*И побежал Жилин назад, влево, в гору, в лес. «Кавказский пленник»*).

ОРАМ – *улица*. Енді орамға шығара көрмесін. (*Қамелеуін. Аударған Қыр баласы*).

ӨЗЕНШЕ – *речка*. Өзеншеден өтіп еді, таудың ар жағы жап-жарық болып кетті (*Кавказ тұтқыны*). (*Перешел он речку, – побелел уже свет за горой.*)

ӨЗЕНШІК – *речка*. Бұрқылдап өзеншіктің бәрі, лайланып, тасып жөнелді. (*Кавказ тұтқыны*).

САБЫРЛАУ – *затихать*. Үшінші түні зарлаған жылау сабырлады. (*Антарм. Аударған Қыр баласы*).

СҮБІЛЕ – Мені шешемнің сүбілесі соқты-ау! (*Жұлдыз бала. Аударған Ә. Бөкейхан. «Ақ жол», 1923. №381*).

ТӨРЕ – *барин*. Жилин деген төре солдат бастығы болып, Кавказда қызмет қылды. (*Кавказ тұтқыны*).

ТҮЗҮЛІК – *правда*. Орыс жазушысы М.Е. Салтыковтың «Түзулік пен шошқа» атты мақаласы бар. «Түзулік» Сен күн бар дейсің, рас. Ия, мен көрмеген күнді сен қайдан көрдің?!» – деп, шошқа түзулікті балтырдан алған. (*Қыр баласы. Ұят-ай! «Қазақ» газеті, 541914 жыл. Самар қаласы.*).

ШАЙХАНАШЫ – *кефеджи*. – Су жоқ, жаңбыр керек – деді шайханашы. (*Тілік қия. Н. Маркстен аударған Ә. Бөкейхан*).

ШЫНАЯҚ – *чашка*. Ғұлама диуанға жатып, кофейнедегі бір шынаяқ апиын сұрады. (*Сурат кофейнесі. 1-т. 355-б.*).

Осы қатарға *араққор – пяница, арыш бидай – ржаное зерно, ауған мұжық – переселенцы, ауылнайлық – аульный управитель, бірезу – однобокий, гибадатхана – храм, құдайы – руга, оқушы – читатель, өлермен – убийца, түземе – правила, түзулік – правда, уағдақагаз//уәдеқагаз – договор, уайымшыл – пессимист, үмітшіл – оптимист, шонтай – порховница, далашық – полянка, қуын – непогода, нұр-жарық – переливы сияния, ұйшығаш – юртенка сияқты сөздерді де қосуға болады.*

XX ғасыр басындағы әдебиеттер мен мерзімдік басылымдардағы сияқты Ә. Бөкейхан еңбектері мен аудармаларында да кірме сөздердің дені дыбыстық өзгерістермен, қазақ айтылымына бейімделген қалпында қолданылады. Мысалы: *Адуақат, ағс//ауғыс//ауғус//ауғуст, айроплан, аутомобил, аутономия, ауылнай, әрман (армян), әпрел, әптек, әліф-бе, әпесер//әфитсер, әркестр, әтлөшке (отлучка), әтірәт//әтрәд//әтряд, бәлшебек, белке (белка), бүйбол (буйвол), бұрат//бұрят, болгар, декәбір, декабіс, доқдыр, досент, ескүстба (искусство), жанарал, жандарал, жапон, журнал, иһуд (иуда), мұжық, гүберне//губерне, глобус, гірек, кінәз, зауыд//зауыт, кателөк, кәператип, кәпісте (капуста), кәртөп (картон), кәфір, кнәгине//кнегине, кемесерлік (комиссарлық), кооперәтін, көрөбке, көменес, кіле (кг), кінәз//кнәз, қартофия, марқысшыл (марксист), марқысшылдық (марксизм), монастыр, мәмүлік, мәстір, мәшине, мәшік (мячик), медәл, метірке,*

милиция//милитсия, мұжық, мұзей, мұзике, мүлиен, міністр, негір, нөмір, ноябір, обласнай (областной), отшет, ояз, оязнай, өктәбір//өктебір, өктәрист, панар, пәлсәпә//фәлсафа, перәуедшиқ, переводшиқ, переселен, песір, пиесе, пөліс (полюс), планет, подписі, политсия, прение, присәжни, пркәзшиқ//приказшиқ, просент, протоқол, прістаб, пісәтіл, пөләк, салдат, сәбет//сәует, сентәбір//сентәбр, сепілес (сифилис), сиез, сирк, сипыр//сифыр, сүгрет, судиа, станса, телеграм, үйез, цстөл, қшәске, қшител, үкімет/хүкімет, фарсы, феурал, федератсия, франсүз//франциүз, шенеунек, шілен//шлен, ыстаршын//ыстаршин//старшын//старшин, ышкаф, ыстақан, ыстатия, ыстол, ыстудент, ышпион, ыштаб, ыштраф, іспісік//спіске, ішкөл//ышкөл, ішпана, януар, яқұт (якут) және т.б.

Бұл қатардағы сөздер санатына тек жалпы есімдер ғана емес, көптеген ел, қала, кісі есімдері сияқты жалқы есімдер де кіреді. Мәселен, бірқатар жалқы есімдер төмендегідей жазылады: Абақан, Алибір (Африка), Алтай-Сауыр, Америке//Әмерике, Арабстан, Арабия, Аргентин, Аустрия, Әл-Жазира (Алжир), Әлпі тауы, Бағдад, Байқал, Балқан, Балғария, Баронеж, Бәку, Белобот (Беловод или Беловодск, Қырғызстан), Владимир, Булғария, Венетсия, Гірек мемлекеті, Енісей, Ерен-қабырға, Еуропа//Ауропа, Забайқал, Ибан (Иваново), Ибан-Базнесенск, Кәрея, Мәскеу, Ыстамбұл, Самар, Кәнәда, Кәрея, Керіш (Керч), Күңгей Еуропа, Күңгей Россия, Күңгей Сібір, Қазан, Қайыр (Каир), Қапқаз//Капказ//Кафказ, Қаратау (Ченогрье), Мадагасқар, Манжурия, Мары, Мәскеу//Мәскуе, Мұрман (Мурманск), Минскі, Монбұлан (Монблан), Монғолстан, Мұрман (Мурманск), Мысыр, Омбы, Орынбор//Оренбор, Орынбурғ, Орынқай, Орша, Өфе//Опа//Ұфа, (Уфа), Пауладар//Паулодар (Павлодар), Перемішіл, Петербор//Перерборғ//Петерборғ, Петрпаул, Пөлшә, Пскоб (Псков), Пірлен (Вирелони), Піспек (Бішкек), Ресей//Росия/Россия//Россия, Ризан (Рязань), Самар, Самарқан, Сиаустобол (Севастополь), Сібір, Таңғұт, Ташкен, Теке (Орал), Том губернесі, Тұзқала (Ямышевский), Түрік мемлекеті, Уашинг-

тон, Үрға (Урга), Ферғана, Франсия, Үркіт (Иркутск), Шветсия, Ыскандинау түбегі, Ыссықкөл, Глбоб (Львов), Индия//Һиндүстан және т.б.

Кісі есімдері: *Ағамемнон (Ағамемнон), Даруин (Дарвин), Қаныт (Кант), Марқыс, (Маркс), Ғомер (Гомер), Ортодоқыс (Ортодокс), Пілеқанып (Плеханов), Шекіспір (Шекспир), т.б.*

Ұлт, халық атауларының жазылуы да қазіргі емлемізден ерекшеленеді. Мысалы, *әрман (армян), балғар, башқұрт//башқұрд, бұрат/бұрят, гірек, жебрей, жөйт, зңғар (жоңғар), мәнжүр, франсүз//францүз, яқұт (якут), тараншы (түңғыр), сарт, т.б.*

Ал араб пен парсы сөздері *бәдуәм, гәскер, гирса, жиһат, жиһатшылық, жаһитшілдік, жаһұт, жаһұтшыл, мақсүд, мәрхамат, мәсжид, мұтасип, муафық, офат (опат), сафар, іждиһад, һәм, һәммә, һеш, һешкім, Ыәм, һәркім, һәрдәйім, һәр//һер (әр), һеш (еш), хажы, хакімлік (хакімдік), хафалық, хұжырат, хүкімет, ғайып (айып), хүкім, хүкімші, шажта (сәжде), шәфқат, ғайда, фікір, іждиһад* түрінде жазылады.

Сондай-ақ қазіргі қолданыстағы «лақтыру», «жұмақ» тәрізді сөздер дауысты дыбыстан басталып, «ұлақтыру» түрінде қолданылады. Мысалы, «Өзінен күшті күш торғайды жерге ұлақтырып тастады. (Торғай. И.С. Тургеневтен аударған Ә. Бөкейхан); «Мұсылманға ұжымақтың есігі ашылатын істің бірі осы емес пе еді. (Махаббат. Қырым аңыздарынан аударған Ә. Бөкейхан).

Бөкейхан еңбектерінде орыс орфографиясына сәйкес өзгеріссіз қолданылған кірме сөздер де кездеседі. Олардың қатарына мына төмендегі тәрізді сөздер жатады: *аренда, ведомство, выборщик, выставка, газета, губернатор, дворян, депутат, десятина, доносчик, жалование, журнал, закон, законокруг, земство, излишка, июнь, кабинет, колонист, комиссия, копия, магазин, май, министр, надел, наследник, нормасудья, оброчная статья, партия, план, политика, право, председатель, приговор, пристав, протокол, про-*

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
цент, район, самоед, селение, смета, советник, страхование, студент, стипендия, торг, указ, управление, февраль, фельдшер, фракция, член, чума және т.б.

Алаш зиялыларының бірқатары, соның ішінде, Ә. Бөкейхан шығармаларында да «көктем» сөзі орнына тек «жазғытұры» сөзі қолданылады. Мысалы, «Жазғытұрғы қардай солып барады» (Г. Мопассан. *Күзетте*).

Алаш көсемінің аудармалары мен шығармаларында көптеген авторлық тың қолданыстар мен ХХ ғасыр басындағы қазақ әдеби тіліне тән сөздер мен сөз тіркестері өте көп ұшырасады. Солардың бірқатары мыналар:

Асық жар//Асық жарындай. *Ғашық жар. Ғашық жарындай.* Адам мұндай жерді құшақтаған асық жарындай, жан-тәнімен сипалап сезеді де сүйеді. (Г. Мопассан. *Жарасын алдырған ана. 9-т. 203-б.*)

Ашына болу (дос болу). Мен Колубакинмен 1905-інші жылы ноябр сиезінде ашына болған едім. (Ғалихан. «Қазақ», 1915. №102.)

Бір тартым темекі. «Сен бекер бір тартым темекі бермедің». (Мақардың түсі).

Құл болды (көшті, мойынсұнды). Фарсы жұрты мұсылман болған соң мұсылман календарына құл болды. (Қыр баласы. *Жаңа жыл. «Қазақ» газеті, 1914 жыл. №53.*)

Құрдас (тең, бірдей). Англия биі алдында жалғыз патшасының соқа басынан бөлек адам бәрі бірдей құрдас (*Би һәм билік. Қыр баласы. «Қазақ», 1914. №48.*)

Құрдастық (теңдік). (1910-ыншы жылы жазғытұры 3-інші Гос.Думада дін құрдастығы туралы закон жобасы қаралды. (Қыр баласы. *Ұят-ай! «Қазақ» газеті, 1914 жыл. №54.*)

Құрдастық беру (теңдік беру). Өзіміз жұртқа құрдастықты таза беріп отырған немене, түрікке «сен өз армяныңа құрдастық бер» десіп, Түркияны жағадан алып отырмыз. (Қыр баласы. *Хасейн Хамали паша. «Қазақ», 1914. №46.*)

Құрдас қылу (тең қылу). ...Депутаттың көбі орыс патшалығы панасындағы жұрттың бәрін құрдас қылмақ болды». («Қазақ» газеті, 1914 жыл. №56. Самар қаласы).

Мағұлым қылып (*мәлімден*). Осы телеграмға ішкі істер министрі жерге мұжық жіберме дегенің дәлелсіз болғандықтан аяқсыз қалды деп **мағұлым қылып**, мүфти һәм депутат деген телеграмды, тілекті жым-жырт қойған (*5-т., 229-б.*).

Ойға құл болды. Ойға берілді. Филип балға сабындағы қолына басын сүйеп, терең ойлап, **ойға құл болды** (Симонның әкесі. 9-т. 385-б.); Ахмет ержетіп өсем, үлкен кісі болып тамаққа тоям деп, түстегі тілегін өңде көрмек болып **ойына құл болады** (*Қара-ханым. 9-т. 389-б.*).

Өрнек алу (*үлгі алу*). Жаңа үйреніп келе жатқан шебер бұрынғы шеберлерден **өрнек алады**, мұның үстіне қоғамның сезімімен, тілегімен де есептеседі (*9-т. 185-б.*).

Уәдені жұту (*уәдеде тұрмау, уәде бұзу*). Егер кемеде ақ жалау болмаса, өзі уәдені жұтқан жігітке тимедім деп сен қайғыланба (*Қыздың арайы. К. Маркстен аударған Ә. Бөкейхан*).

Сондай-ақ Ә. Бөкейхан аудармалары мен төл шығармаларындағы «*ғұмыр жүзі*», «*ғұмыр сафары*», «*ғұмыр хүкімі*», «*ғұмыр ісі*» тәрізді тіркестер де ХХ ғасыр басындағы тілге тән қолданыстар. «Балта мен ара» деп аталатын 70-мысалда «Бұ да **боқ кеспеді**» деп жазады. 75-мысалды «**Ерлі-қатынды** бөдене» (*9-т. 242-б.*) деп аударған. «Это – ржаное зерно» деген сөйлемдегі «ржаное зерноны» ол «арыш бидай» деп алады. «Данышпандар патшаға айтты: бұл кәдімгі **арыш бидай** екен деп». (*Жұмыртқадай бидай. Л. Толстойдан аударған*); «Ақмет те қарап жүрген жоқ: **тана тағар** деп шалдың бөкісін ұрлап алды» (*Қара-ханым. 9-т 401-б.*) деген сөйлемде ұлттық ұғым, ырым атауы пайдаланылады.

Әлихан Бөкейхан көркем аудармаларында да, өз еңбектерінде де қазақтың мақал-мәтелдерін жиі қолданады. Мысалы, мына төмендегі мақал-мәтелдер оның еңбектерінен алынып отыр: *Алмақтың да салмағы бар; Алтын шыққан жерді белден қаз; Алыс пен жақынды жортқан біледі, ащы мен тәттіні татқан біледі; Аталы сөзге арсыз тоқта-*

майды; Атаңа кім тисе, дұшпаның сол; Ат сыры иесіне мәлім//Ат сыры иесіне белгілі; Атым өлсе – сауыры мұра, ағам өлсе – жеңгем мұра; Өлі жеткен алып та жығады, шалып та жығады; Балуан алып та жығады, шалып та жығады; Басқа келген пәледен бастан құлақ садаға; Берушіге бесеу көп; Бүлінген елден бүлдірген алма; Бір күн сыйлағанға қырық күн сәлем; Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді; Екі қошқардың басы бір қазанға сыймас; Ер жігіт қыз мінезді, бала көңілді; Жақсы ата жаман балаға қырық жыл жолдас; Жеті атасын білмеген – мертід; Заманына қарай амалы; Иттің табаны қышыса, керуенге ерер//Ит табаны қышыса, керуенге үреді; Керуенге ермек едің көшіп бақ; Қолағаш мықты болса, киіз қазық жерге кіреді// Қол тоқпағы мықты болса, киіз қазық жерге кіреді; Мінсіз жалғыз құдай, кепілсіз жалғыз күн; Орыстың сыртын қырсаң, іші татар шығады, орыстың төресін қырсаң, іші жандарм шығады; Өзім жемейтін көтен боғымен піссін; Сабасына қарай піспегі; Соқырмен оттас болсаң, көзіңді қысып жүр//Соқырмен жолдас болсаң, көзіңді қысып жүр; Сөйлер сөздің түбі бір – түп атасы Майқы би; Талапты ерге нұр жауар; Тамшы тас теседі; Тау мен тасты су бұзар адамзатты сөз бұзар; Тәңірі асыраған тоқтыны бөрі жемес; Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас; Үй артынан келген жаудан сақта, есік алдынан келген дауылдан сақта және т.б.

Ол көптеген орыс мақалдарын қазақшаға аударады. «Астары мен үсті бірдей болсын» деген франсүз жұртының жақсы мақалы бар» деген сөйлемнен оның француз мақалын аударғанын да көруге болады.

Алаш зиялысының аудармалары мен мақалаларында бүгінгі тілімізде ұшыраса бермейтін немесе өте сирек қолданылатын бірқатар қос сөздер бар. Мысалы: *Жоқ-жарақ, кейіс-бейнет* (зорлық-зомбылық), *алық-берек* (алыс-беріс), *қайғы-хафа, ет-тән, жау-дұшман, тығыл-таяң, олқы-солқы* (*үәде*), *төре-қара, үздік-соқтық, мәжнүн-жынды* және т.б.

**Жүсіпбек Аймауытов аудармаларындағы
жаңа сөздер мен қолданыстар**

Конрад Беркович. Өрбике (Гордячка).

Конрад Беркович. Әкесі мен баласы.

Конрад Беркович. Заң білместің зары.

Сыған (маздем) әңгімелері.

Р. Тагор. Балжан

Джек Лондон. Күштілердің күші.

Джек Лондон. Теңіз, телегей аттаныс.

Г. Мопассан. Су жүзінде.

Пәренжі (перде) ертегісі. Орыс ертегісі.

Қатындар. Қабарды (кабардин) ұлтының ертегісі.

Аю мұртынан күлді.

Орыс тілінен аударған Жүсіпбек Аймауытов.

Жүсіпбек Аймауытов. Бес томдық шығармалар жинағы.

Үшінші том. – Алматы: «Алаш», 2005. – 304 б.

АТТАНЫС – *нашествия*. Сонда ұлтты бұдан былай Қытай аттанысындағыдай, бір-біреуімізге қарсы тәжірибехана соғысын ашпалық деп бата қылысты (254).

БАЛЫҚЖЕГІШТЕР//БАЛЫҚЖЕУШІЛЕР – *рыбодеды*. Балықжеушілерге құдай жолында соғысып, шейіт болғаннан кәдірлі нәрсе жоқ деп жырлады (232). Балықжеушілер етжеушілермен келісіп, бірігуге көнсе, онда соғыс та болмас еді (235); Балықжегіштер етжегіштермен біріксек, жолбарыс, арыстан, қасқырларды, түрлі зиянды аңдарды қырып, тау-таудың саласында саласына емін-еркін ешкілерімізді бағып, егін жемістерімізді егіп, тату-тәтті күнелтер едік (236).

БАТ ҚАЙЫҚ – *большая лодка*. Иттіс өзіне апандай бат қайық жасатты, жұрттың қолын өз жұмысына тигізбеуге айналды (231).

ДІМКЕР – *малый, слабый (дімкас, әлсіз)*. Қытай кемелерінің дімкерлігі сондай, жер жүзі мысқыл етер еді (247).

ЕТЖЕГІШТЕР//ЕТЖЕУШІЛЕР – *мясоеды*. Жеті қырдың астындағы етжегіштерді қырып, шауып, шаттанып, елге қайттық (232). Олар болмаса етжегіштер сендерді алдақашан жоқ қылар еді деп жырлады (233). Етжеушілерді ол шошқа, құзғын деп жерледі. Құдай жолы дегені – етжеушілерді өлтіру еді (232).

ЖАЙЫНАУЫЗ ЛАМПЫ – *прожектор*. Санақтың айтуына қарағанда, 58640 сауда кемелері жайнауыз лампы (прожектүр), жалмауыз зеңбірек киіп, өр жұрттан Қытайға аттандырылған екен (251).

ЖҰМСАҚ ТАҚ – *кресло*. Бике есікке қадам қоя бергенде, қанды көздің қарулы қолы шап беріп, жұмсақ таққа көтеріп ұрды да, әкесі мен екеуі қол аяғын байлады да тастады (209).

ЖҰМЕ – *гряда*. Сүйтіп ақ қаздай тізілген кенерелі таулардың жүмесімен балқыған ақ күмістің толқындары жүзіп жүрген іспетті (264).

ҚАПТА – ... Өрбике шаршап, көзін жұмғанда, қанды көз қаптаман айқара жауып, қымтап салды (211).

МАФИСТРАТ – *начальник квартала*. Достарын ертіп, қаптаған топты соңына шұбыртып сиқыр түтікті маңындағы мафистратқа (кеңсеге) алып барды (252).

МОЛАШЫ – *экспедиция*. Келесі жылдың өт жұлдызында деген сақылдаған сары аяздың кезінде Еуропаның алғашқы молашылары келді (254).

САЛҒЫРТ – *доля*. Сөйтіп, ел сол үшеуіне салғырт төледі. Ол салғыртпен олар күзетшілерін, іскерлерін асырады (230).

СЕЙІЛШІ – *экспедиция*. Бұларды жолаушы, сейілші деп атайды (254).

ОҢҒАТАЙ – *незначительный*. Бірақ Мұрда себепсіз бүйтпейді, себеп болғанда да осал, оңғатай болмау керек, неге десеңіз, шатырда оңаша қалғанда, манағы ашудың бірде-бірі қалмайды (294).

ТӘЖІРИБЕХАНА – *лаборатория*. Бұл дерттер қайдан келді десеңіз, олардың құрттары батыстың тәжірибехана

ларында қолдан өсіріліп, Қытайдың төбесіне бұршақтай жауған шыны түтіктердің ішінде келіп еді (252). Бұл соғыс тым орасан, жиырмасыншы ғасырда ғана болатын, оқымыстылардың, тәжірибеханалардың, Иакобуштың соғысы еді (253). Қытай аттанысындағыдай, бір-біреумізге қарсы тәжірибехана соғысын ашпалық деп бата қылысты (254).

ТӘКИЕ//ТӘКИЯ – *гостиница (қонақ үй)*. Еркек біткен қысқа баспана орнатып, такиеде (қонақ үй) арқылы жүзіп, арыған, шаршағанын ұмытып та кетті (266). Тәкияның қорасына кіріп, аттарды көлеңкеге байлап, адам біткен тәкияның алдыңғы шалғынға барып, тыраңдадық (283-284).

ТӘКИЕШІ – *хозяин гостиницы*. Тәкиешінің жаңа өспірім, он алты жасар сарша қызы көзімді ұқалап жатсам, маған қарап: «Қалай, кешегі арақ жақсы ма екен?» – деп сөйледі (284).

ТОРҒЫ – *перевал*. Елдің көздері күні-түні шекарадағы торғының басында қарауылдан үзілмеді (227).

ТЫНЫҚТЫҚ – *тишина*. Мұндай керемет тымықтық маған біртүрлі ауыр әсер беріп, дамылсызданғандай болдым (262).

ШАЛҒЫНШЫЛЫҚ – *патруль, патрульная служба*. Оның сыбағасына шалғыншылықтан басқа түк тимеді (253).

Жүсіпбек Аймауытов аудармаларында көптеген жалқы есімдер, соның ішінде, ел, қала, ұлт атаулары орыс тіліндегі қалпында емес, қазақ айтылымына икемделіп жазылады. Олардың қатарында мына төмендегі атаулар кіреді: *Доннай (208), Ыстамбол (208), Дүбіржі (208), Қалқұтта (222, 223), Әмерике//Әміріке (243, 247, 250), Жапан (243, 244, 245, 246, 247), Керей (244. Корея), Манжүриа (244), Абыстралия (247), Ресей (247), Түстік Апыріке (247), Искандинау (247), Пырансие (247, 248, 250), Пекін (248, 251), Ниунорк (250), Вашингтон//Башынгтон (250), Англие (251), Абыстрие (251), Бенгір жұрты (278), Қарпат тауы (278, 281), Түркістен (296), рұмын, рұмын жұрты (208), манғол (245), пыранүз (248), Пүрмоза (247) – Формоза, Гиран (249), Пиладелпі(249) – Филадельфия, Жақын*

Шығыс (249), қабарды (254) – кабардин, Иақут (256), Тұлше (265).

Бұл атаулармен қатар аудармаларда кісі аттары да кездеседі. Мәселен, Джек Лондоннан аударған «Күштілердің күші» шығармасында – *Бұғықуғыш (224) – Быстроногий Олень, Сарбас (224) – Желтоголовый, Түндеүркек (224) – Боящийся Темноты, Дырауқол (225) – Крепкая Рука, Шіркей жырау (226) – Гнида, Қусүйек (227), – Голень, Теңізарыстаны (229) – Морской Лев, Месқарын (229) – Жирный, Қозықарын (229) – Пустой Живот, Доңызтұмсық (230) – Свиное Рыло, Қыликөз (231) – Одноглазый, Мертікбұғана (231) – Сломанное Ребро, Текесақал (232) – Длиннобородый, Иттис (230) – Собачий Клык, Жолбарысжүзді (231) – Тигриная Морда, Үшаяқ (233) – Трехногий, Итазу (233) – Длиннозубый, Мылжамұрын (235) – Раздробленный Нос, Түктібет (236) – Волосатый* сынды үндіс аттары қолданылады.

Жүсіпбек Аймауытов кабардин ұлтының «Старинная кабардинская сказка о женах» деп аталатын өлеңмен жазылған көне ертегісін «Қатындар» деп атап, қара сөз түрінде аударды. Алайда оқиға желісі, мазмұны толық сақталады. Бұл аудармада да аудармашы кейіпкерлер атын қазақ ұғымына, айтылымына икемдеп қолданады. Джамботты – Жамболат, Хатакчуканы – Хатаңшоқы, Асланбекті – Арыстанбек деп өзгертіп алады. «Жамболат – қабардының ер жігіті» (254). (Джамбот – кабардинец, джигит удалой). «Кенеттен қарсы алдынан Хатаңшоқы шыға келді (255). (Вдруг едет навстречу ему Хатакчука). «Осы күнге дейін дана Арыстанбек бір аладанып көрген жоқ (256). (Ученый и мудрый старик Асланбек). Дж. Лондоннан аударған «Теңсіз, телегей аттаныс» (Неслыханное нашествие) шығармасында да «Бургальтер» деген есімді «Бұрыққалтер» (247, 248, 249) қазақыландырып алады.

Қазіргі қолданыстағы кірме сөздердің барлығы дерлік (стақаннан өзгесі) Жүсіпбек Аймауытовтың аудармаларында басқаша жазылады: *тілипон (245), ділгірәм (245), әпесер (245), кемесер (246), енженер (246), сәбетші (246), сипр (247), бұрыққалтер (247), мәлиен (248, 249, 250),*

мүлиен (290), пірезидент (250), мүйнет (258, 283), стақан (263), зеребе (269).

Сондай-ақ қазіргі тілімізде *гауһар, реніш, лақтыру, әл-деқашан, нөкер, дөңбекшу, сурет, ру, қадірлеу, кітап, қазіргідей, дімкәс, қазір* түрінде қолданылып жүрген сөздер Ж. Аймауытов аудармаларында төмендегіше жазылады: *кәуһар (209), іреніш (211), ылақтыру (212), алдақашан (225), нөггер (230, 231), төңбекшіп (238, 239), сүгірет (267), ұру (267, 279, 282), кәдірлеу (275), кітеп (278, 279, 282), кәзіргідей (279), дымқос (280), кәзір (296).*

XX ғасыр басында алаш зиялылары үндестік заңының сақталуына үлкен мән берген. Ж. Аймауытов та мұндай сөздерді үндестік заңына сәйкес не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке жазады. Мәселен, оның аудармаларында мына сөздер: «алдақашан», «кәдірлеу», «кітеп», «кәзіргідей», «кәзір» түрінде жазылады.

Сонымен қатар **л, р** үнді дауыссыздарынан басталған сөздердің алдынан **і, ы, ұ** дауысты дыбыстарын қосып «іреніш», «ылақтыру», «ұру» түрінде жазу да қазақтың айту мәнеріне, дыбыстық жүйесінің табиғатына келеді.

Алаш ардақтысының осы аудармаларында өзіне ғана тән авторлық қолданыстары да, сонымен қатар XX ғасыр басында жиі қолданылғанымен қазіргі әдеби тілімізде сирек жұмсалатын немесе көнерген сөздер мен сөз тіркестері қатарына өткендері де аз емес. Ондай сөздер мен сөз тіркестерінің қатарына мыналарды жатқызуға болады: *Елжет песті ерттеп мініп (209), тыншу жаз (210), ұзақ ымыртым (210), шалкеш (210), танасапты қанжар (211), арғымақ ошақ (212), жігіттің абыланы (213, 268), түтік боп кету (213) безеу (214, 268) – безендіру, жаңылдау, жаңылдап өлең айту (24), күңгіреті сұрау (214), садан сапты қанжар (215), аурай балта (217), жол аузы (218), бөрігу (218), таңдақ (220), жылым су (220), кемтік (220), жан жапырағы (221), опашылдық (221), аушылық (221, 222), қаса көрім (221), қоқырлану (222), қызыл таңдақтай (224), қарақтап қою (227), бықырлаған ел (228), шиман (230), дімкәр (234), қалытқылап айту (235), аласәуле*

(237), сендел қақты (238), бұя бастырмай (239), шарыққа шықты (243), сілтідей тұнды (243), шінгі тұқым (244), сақа айғыр (246), тістің суындай (248) – отборный, құнтақты (248) – бережливый, ділгер (248) – необходимый, күлкіге шаптырды (249) – насмехались, тоң айбат (249), алапатты жұрт (249) – могучая нация, мұралану, «жер мұраланамыз», (249), жалмауыз зеңбірек (251) – скорострельные орудия, тозғындады (253) – распад; Өкімет қардай еріп, тозғындады), толастық күні (254), өт жұлдызы (254), адын леп (255), жоқтас (255) «Жанболаттың жоқтасы, жан жолдасы...», кесе қар (259), тымырсық аяз (259), сарайшы (258, 260), су жүзінде (261, 263), он жылдар бұрын (261), дамылсыздану (22), елбелек сағым (261), қона жыршылары (262) бақалар), дүкірт ұшырау (263), кірәржитін дәнеме жоқ (263), қолаң ете түсу (263), сақмаладай сақдақтанып (264), жұме, таулардың жұмеси (264), қала отағасысы (266), титығы құраған (266), қалқақтады (266), оңтағай (267), арбашы (267), ұрубасы (268), сықталып шықты (269), жиренбас (271), қаржу, қаржуын қайтару (272), күлгірленеді (273), әмірқан бәтіңке (275), әміркен етік (275), беті маса тайғандай (280), пұршам келмеді (284), таңқақ (286), етшең (288), құмырсқаның үйлеуі (290) және т.б.

Аударма мәтінінде түкі-жақы (231) – ішерге тамақ түкі-жақы жетеді. мертік-шортық (234), алаң-бұлаң (250), жек-күмән (256), будам-будам, будам-будам темекі (284), жолшы-жолам (284), жан-тінімен (287) тәрізді авторға тән және өте сирек қолданылатын қос сөздер кездеседі.

Ж. Аймауытов аудармаларында қазіргі тілімізде де қолданылатын тұл болу (208), тұл болып өмір сүру (212), елге жар шашу (229), таралғысын тартты (243) тәрізді тұрақты тіркестер қолданылады.

«Бармақ», «бас бармақ»деп адам қолындағы бес сауақтың дара тұрған, бөлектеу біткен біріншісін айтамыз белгілі. Оған қатысты тілімізде «Бармағын тістеді», «Бармағын көрсетті», «Бармағын бүгіп қалды» деген сияқты көптеген тұрақты сөз тіркестері де бар. Бір таңға-

ларлығы қазақтың аса көрнекті қаламгері Жүсіпбек Аймауытов осы аудармаларында «бармақты» кәдімгі «саусақ» мағынасында қолданады. Аударма мәтінінен алынған мына төмендегі сөйлемдерден оны анық аңғаруға болады: «Балжан нәзік бармақтарымен желкесін, арқасын сипаса, бір жасап қалар еді» (221). «Теке сақал әңгімесін бөліп, майлы бармақтарын жалап, аюдың, сабалақ терісі жабылған жалаңаш бүйіріне қолдарын сүртті» (224). «...Алып білекті, бақан бармақты көк өрімдер еді» (224).

И.С. ТУРГЕНЕВ. Дворян ұясы.

Орыс тілінен аударған Мұхтар Әуезов. – Алматы: «Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы», 1952. – 158 б.

АҒЫЛШЫНҚҰМАР – *англоман*. Иван Петрович Россияға ағылшынқұмар болып қайтты. Ағылшынқұмар болумен қатар, ол өзін патриот санайды (33); ...Қонақ үйлерде өз пландарын айтып, мұндайда, әсіресе, ағылшынқұмар, паң және мемлекет адамы боп көрінетін (36).

АЛДАРЗА БОЛСЫН//АЛДЫРЫЗА БОЛСЫН – *пожалуйста*. Алдаразы болсын (13). Айтыңыздаршы, алдырза болсын, маған Марья Дмитриевна, жаңа әлгі бір, кім еді? (53).

АСБАПШЫ – *повар*. Сәнқой әйелден күтуші алып, жақсы асбапшы, жылпос лакей де жалдап алды (45); Бірақ оның қызметкерлері мен асбапшысы кешке жету керек (58).

АСЖАУЛЫҚ – *скатерть*. Ас ішетін үйде төрт бұрышты стол үстінде таза асжаулық үстінде қабырғаға сүйелген, алтын қоршауы бар, асыл таспен безендірілген, кішілеу икондар тұр екен (97).

АЯЛШАҚ – *робкий*. ...Жүдеу жүзді, мұңшыл көзді, момын анасының бар бейнесі және мұны аялшақ күйде еркелетуі бала жүрегінен мәңгіге орын алған болатын (34).

БАҚЫТҚҰМАРЛЫҚ – *жажда счастья*. «Бақытқұмарлық, тағы да бақытқұмарлық» (132).

БЕКЗАДА – *барыня (7), дворянка (30)*. Ал, сізге қарасам, менің бекзадам, сіздің ғана мінезіңіз ашық періштеде;

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
маған аппақ қолыңызды ұсыныңызшы (7); Шал сөз қатып:
«Ну, шала піскен бекзада, аман ба?» – деді (30).

БЕТЖУҒЫШ – *умывальный столик, умывальник*. ...Әр жерге түкіргіштер қойылып, кішкене қоңыраулар мен бет-жуғыштар орнады (34).

БӨРІКШЕ – *чепец, чепца*. Ол келерде әйел сары көйлегін киіп, басына мейрамда киетін лента таққан бөрікшесін киіп, қарсы алады екен. Айтқанындай, апасының бар жиған-тергені жаңағы бөрікшесі, сары көйлегі – бөрі түгел бұл үшін сақталған екен (61).

ГҮЛ-АЛҚА – *венюк*. Портреттің бұрышында шаң болған дала гүлінен тоқылған гүл-алқа түр (57).

ЕЛЕКТЕНУ – *мутить*. ...Мұнда толқыну, електену қажет емес (Здесь незачем волноваться, нечего мутить) (60).

ЖАНИЕ – *существо*. Бұл оның бірдей жақсы көретін бес жаниесі болатын (51).

ЖӘМШІК//ЖЕМШІК – *ямщик*. ...Қызыл гүлді сары көйлегі бар жемшіктің етек-жеңі желден қамойып желбіреді. Жәмшік қақпаға жетті де, аттарын тоқтатты. Ол кеткен соң, жәмшік тапжылмай қадалып, жабық есікке көз салды (56).

ЖЕЛІСКЕР АТ – *рысак*. Өзі желіскер аттар жектіріп, сейіл құруды сүйетін... (25).

ЖҮПТІ – *супруга*. Және сіздің жүптіңіз... (139).

ИНАНЫШ//ИЛАНЫШ – *убеждения*. Бұл жайға келгенде, Елизавета Михайловна, сіз екеуміздің инанышымыз екі басқа; бір-бірімізді түсінісе алмаймыз (68). Мұнда бар иланышымды баян еттім (71); Инанышың жоқ, ол болса білер едің, дінің жоқ, сондықтан табарың да жоқ (74).

КӨҢІЛҚОСТЫҚ – *сожаленье*. Паншин Лизавета Михайловна туралы сұрастырып, оның сырқат екенін біліп, көңілқостық айтты (127).

КӨТЕРМЕШІ – *откупщик*. Осыдан бір ай бұрын бір бай көтермешінің конторынан қызмет алыпты (70); Қызметтен ештеңе өндіре алмапты, ендігі соңғы үміті – көтермеші бай екен (75).

КҮЛКІ АДАМ – *чудак*. Лаврецкий өзін еркін сезіне алмайтын; іштей ойланғанда өзін өзі күлкі адамдай көретін (38).

ҚАБАРТПА (білезік) – *дутье (браслеты)*. ...Ажары кеткен қабартпа білезік киетін (41).

ҚАЛПАҚША – *чепец*. Лавренцкийді көріп, кемпір қысылып қалып, бөлмесіне арлы-берлі қозғалып, өзінің қалпақшасын іздегендей (134).

ҚОЛСАНДЫҚ – *дорожные несессеры*. Әрбір ұқыпты жиналған бұрыштарда тамаша қолсандықтар, өте сәнді айкалар, кофейниктер пайда болыпты (43).

ҚОСТАРАМЫС – *двужильный*. Сенің үлкен әкең марқұм бізді қостарамыс дейтін (23).

ҚҰЙМА – *забор*. ...Құймаларда торғайлар шырылдайды (95); ...Бір уақыт тар ғана жалғыз аяқ соқпақ кездесіп, соған түсіп кетіп еді, сол соқпақ бір ұзын құймаға, содан қақпаға әкелді (102).

ҚЫСТАҚ – *деревня, деревушка*. – Жоқ, Лаврикте емес, осыдан жиырма бес шақырым жерде бір кішкене қыстағым бар еді, соған барамын (21); Қыстақтағы бай үйінде ешбір сыр ұзақ уақытқа жасырын боп қала алмайды (27);

МАЙШАМ – *свечка*. ...Аласа бөлмеде герань иісі болады, майшам күңгірт жанады (35).

ОРАМАЛША – *чепца, чепец*. Олардан басқа елу бестер шамасындағы ақ орамалша тартқан күрең көкірекшелі, қара киімге қоса киген Настасья Карповна Огаркова (52).

ОРАМАЛША – *косынка*. Марфа Тимофеевна Лизаны өз қасына төсекке отырғызып, оның шашы мен басындағы орамалшасын түзей отырып, сөйлей жөнелді (148).

ОТАНШЫЛ – *патриот*. Қыз өзін отаншылмын деп ойлап көрген емес еді (101).

САУШЫЛЫҚ – *здоровье*. Саушылығыңыз қалай? (Как здоровье ваше?) (20); Бетінің қызылы қалың, ақ маңдайлы, таза орыс пішінді, мұрны кесектеу, жүзінде сахра адамының саушылығы бар, мықты, төзімділік байқалатын (21); ... Саушылығым нашар деген болады, қарасаңшы нәзік немені! (26); Ол Лизадан: «Саушылығыңыз қалай?» – деп сұрады (130).

САУЫТША – *табакерка*. – Қудың немен қызықтыруды білгенін айтсаңшы; сауытша сыйлапты. Сен бұдан иіскеуге насыбай сұрашы, сонда насыбай салғыш сауытшасын көресің (53).

СЕЗІКШІЛДІК – *подозрительность*. Кейде жүргіншілерге қырындап қарап, топас сезікшілдікпен бақылайтын ессіз қарғалар мен құзғындарды аңдиды (54-55).

СЫБЫСҚҰМАРЛЫҚ – *любопытство*. Бірақ сыбысқұмарлық бойын жеңді (120); Марья Дмитриевна сыбысқұмарлықпен ентелей түсіп: «Әлде сіз... шынымен-ақ...» дегенде Варвара Павловна оның сөзін бөліп (131).

ТӘСІЛҚОЙ – *лукавый*. ...Ол қатал, өр, ақылды, тәсілқой адам еді (24).

ТОЛҚЫНУ – *волноваться*. ...Мұнда толқыну, електену қажет емес (Здесь незачем волноваться, нечего мутить) (60).

ТҮКІРГІШ – *плевательница*. ...Әр жерге түкіргіштер қойылып, кішкене қоңыраулар мен бетжуғыштар орнады (34).

ҮЙ ҚОЖАСЫ – *хозяйка, хозяйка дома*. Үй қожасы әйелмен қоштасқаннан соң Лаврецкий мұнда келіп, сағаттан артық отырды (23); Паншин бұған үнсіз бас иді, үй қожасы әйел дауыстап «бәрекелді, күтпеген сый!» – деді де, сәл қасын түйді (91); Соңғы «король» біткенде барып, үй қожасы орнынан қозғалды да, айналасын қоршаған жастықтарды жерге төге түрекелді (102).

ҮЙІШІ – *семейства* (8), *домочадцы* (84). Әрине, әрине, сіздің үйішіңізге қатынасы барды мен білмей қоям ба? (8); Лавриктен бұған жайлы үйіші аспаптарын әкелді (61); Ол Лаврецкийге қошамет көрсете сөйлеп, Марья Дмитриеваның барлық үйіші Васильевскоены соншалық тамашалап қайтқанын айтты (83); Өзге үйіші содан кейін келісті (84).

ҮНПАЗ ТОРҒАЙ – *канарейка*. Терезелер тұсында ілулі тұрған тордағы үнпаз торғайлар да үй ішінің даурығын күшейтіп, тынбастан шырқап сайрады (152).

ХАНЫМ – *сударыня* (6, 115), *барыня* (30, 51). Ханым, мәлім етейін, әйел өзін жаман ұстаса, әрқашан оған ері кінәлі (6); «Жүр, ханымға барамыз», – деді, орнынан тұрып

Федяға жақындады (30); Тыңдаңыз ханым, біздің бір-бірімізге аярауымыз қажет емес (115).

ШАБЫНУ – *париться*. ...Европашы адам моншада шабынатын болды, түскі тамақты сағат екіде жеп, кешкі тоғызда жатарда көрі қызметкердің ертегісін тыңдағыш болды (36-37).

ШАМДАЛ – *лампадка*. ...Ескі икондар алдында жанған кішкентай шамдалдар жарығы бар еді... (32); ...Марфа Тимофеевнаның бөлмесінде икондар алдындағы кішкене шамдал қызыл сәуле төгіп, икондардың алтын жиегін жарқыратады (102).

ШАРТНАМА – *декларация*. ...Руссо Дедеродтың аттарын ақтап, «адамның, азаматтың хақы турасындағы шартнаманы да» ақтап шықты (29).

М. Әуезов аудармасында жоғарыда көрсетілгеннен өзге де бірқатар жаңа қолданыстар мен өзгеше аударылған сөз, сөз тіркестері кездеседі. Мысалы: *салқам* (17) – *рассеянный*, *салқамдық* – *небрежность*, *биік орта адамы* (17) – *светские люди*, *тоқмейілдік* (39) – *величавость*), *жоғарғы қауым* – *высшие круги общества*, (Много завели они знакомств в средних и даже высших кругах общества, много выезжали и принимали, давали прелестнейшие музыкальные и танцевальные вечеринки), *бақасқа салу* (71) – *спорит*, *мойын орамал* (76) – *шейный платок*, *балауызшам* (100) – *восковая свеча*, *орындықша* (109) – *креслица*, *бұрама* (115) – *букля*. Аудармада *аққайраң* (77) – *карась*, *шабақ* (77) – *гольц* сияқты балық атаулары қолданылады.

XX ғасырдың 50-жылдары жасалғандықтан одан кейінгі кезеңде жасалып, қолданысқа енген сөздердің бірқатары ол кезеңде аударылмай алынатын еді. Аударма сондай аударылмай қолданылған әрі сол кезеңдегі орфографиялық ережелерге сәйкес жазылған кірме сөздер бар. Мәселен, мына төмендегі сөздер сол қатарға кіреді: *задор* (3,), *советник*, *статский советник* (5, 132), *сюртук* (5, 70), *перчатка* (5, 6, 13, 45, 50, 71, 76, 113), *галстук* (5), *шарф* (6), *чиновник* (9, 11, 99, 151), *отставка* (9, 41), *штаб ротмистр* (9), *камер-юнкер* (10), *морендо* (12), *губернатор* (12), *диле-*

тант (12), шляпа (13, 19, 47, 50, 65, 77, 140), кантата (13, 15, 19), крестьян (14, 42, 75, 155), трактир (14, 48), магазин (15), подвал (15), адажиода (17), такт (17), аллегро (17), штрих (18), соната (18), номер (19, 83, 96), пальто (19), конфет (20), кухня (20), икона (23), княжна (25), фрак (26, 97, 127), жабо (26), варенье (27, 92), полк (32), патриот (33), ливрей (35), герань (35), право (36, 50, 72, 90), план (36, 47), исправник (37), приказчик (37), балкон (37), адъютант (40), полк (40), расход (41), лафит (42), лавка (42), извозчик (42), кофейник (43), тетрадь (45, 66, 130, 147), парижанка (45), лакей (45), салон (46, 151), мелодрама (46, 113), лекция (46), бульварь (47), гостиница (48), деревня (49), адрес (49, 112), пенсия (49, 112), доверенность (49), скептик (50, 72), одеколон (51, 139, 140), мята (51), монастырь (52, 148, 149), мещанка (53), гусарь (53), рюмка (55), козла (56), кафтан (56), обоз (58), пробка (58), кастрюль (58), староста (59, 101), борозда (60), трубка (61, 70, 72), документ (61), календарь (62), стол (62, 82, 97, 125), лента (62, 80), графин (63), обед (67, 76, 77, 125, 130), тарелка (67), сирень (68, 99, 154), бакенбарда (71), вольтерянец (73), фанатик (73), кисет (74), идеалист (75), циник (77), фуражка (76), кресло (77, 139), чемодан (83), квартира (83), платье (84), пикет (91), крест (97), консерватор (99), молотилка (106), губернантка (106), крестьянка (107), корсет (113), ботинка (117), вуаль (117, 145), стакан (118, 139), артистка (12, 130), репетиция (123), фонарь (131), вексель (151), нерв (151), гвардеец (151), институтка (152), малина (154), клирос (156).

Сонымен қатар қаламгер бірқатар кірме сөздерді қазақ айтылымына икемдеп, орыс тіліндегі таңбалануынан өзгеше жазған. Ондай дыбыстық өзгерістерге ұшыратылып жазылған сөздер қатарында мына төмендегі сөздер бар: қарташы (9), қарта (10), шөтке (57), икон (57), контор (75), шамадан (76), банке (92), аллея (102, 103, 154), сумке (134).

Қазіргі әдеби тілде қолданысы орнығып, көпшілік қауым жиһаз, жиһаздалған, еден, әжім, шіркеу, пәк түрін-

де айтып-жазып жүрген атаулар М. Әуезов аудармасында *шиһаз, шиһаздалған (44), иден (47, 112), ажым (39), шеркеу (51, 52, 94), пак (65)* түрінде қолданылады.

«Дворян ұясы» аудармасында *жыйған (3), құпыя (43), қыянатшыл (48), қыйнады (48), шыйрақ (56), қыйсықтау (56), сыйрақ (57), оқыйды (61), түрекеліп, түрекелді (99, 102), қыйын (155)* тәрізді сөздер бар. Бұл сол кезеңде жарық көрген әдебиеттерінің бәріне тән нәрсе. Өйткені олар сол мерзімдегі қолданыстағы орфографияға сәйкес жазылды.

Қаламгер *қоластында (24), салтат (63), баскиім (85, 95), аққолғап (134-б. белые нарукавнички)* сияқты бөлек жазылатын сөздерді біріктіріп жазған. Бұл сөздердің арасында «баскиім» сөзі орфографиялық сөздіктің кейінгі жарық көрген басылымдарында осылай біріктіріліп жазылатын болды.

«Дворян ұясы» аудармасында түпнұсқа авторының жазу стилін сақтауға көп көңіл бөлген көрнекті қаламгер орыс тілінің сөйлем құрылысына негізделіп, қазақ сөйлемнің құрылысы мен сөз саптау мәнеріне үйлесе қоймайтын сөйлемдер түзуге жол беріп алған. Олардың қатарына мына төмендегі сөйлемдер мен сөз тіркестерін жатқызуға болады:

«Елу жастарда» (3). Лет пятидесяти».

«Қолдарың мен аяқтарыңа мың мәрте сүйелер жолдаймын» (47-б.). Тысячу поцелуев твоим ручкам и ножкам.

«Қораз тыста қарлыққан үнмен қораз айғайлайды» (60).

«Мен сізге айыптымын» (19-б.). Я виновата перед вами.

«Лаврецкийдің арғы атасы, Пруссиядан шығып, Василий Темныйдың княздық дәуірінде Жоғары Божецкіден мол жер сый алған болатын» (24-б.). Родоначальник Лаврецких выехал в княжение Василия Темного из Пруссии и был пожалован двумя стами четвертями земли в Бежецком верху.

«Ақ қыс түссе ол Москваға жалғыз өзі келіп, трактирге түсетін» (36-б.). А по зимам приезжал в Москву один, останавливался в трактире.

«Сіз, жұлдыздар, о, сіз, пәк жұлдыздар! – деді» (65-б.). – Вы, звезды, о вы, чистые звезды!.. Сіз, жұлдыздар, пак жұлдыздар (65-б.). Вы, звезды, чистые звезды, – повторил Лемм...

«...Лизаның көзінен де үнсіз жастар төгіледі» (126). (...и безмолвные слезы лились из ее глаз и глаз Лизы.

Оқа емес, оқа емес! – деп шал орысша сөйледі, – Сіз мейірімді адамсыз. Ничего, ничего, – повторил он опять по-русски, – вы добрая девушка. Оқа емес, біз ақырындап репитиция жасайық, кәне, мен отырайыншы, – деп Варвара Павловна фортепиано жанына отырды (123-б.). Ничего, мы прорепетируем вполголоса. Пустите меня. Варвара Павловна села за фортепьяно.

«Ол ән салып ойнағанда тек маған үшін істеді, оған бұны бұйырып істеткен мен» (140-б.). Она пела и играла для того только, чтобы сделать мне угодное, потому что я настоятельно ее просила об этом, почти приказывала ей.

«Ал мені сіздер алдандыру қажет емес» (155-б.). А занимать вам меня нечего.

Джек ЛОНДОН. Тектік сарын.

Орыс тілінен аударған Дидахмет Әшімханұлы.

– Астана, 2011. – 248 б.

ӘУІЗ – бассейн. Мұнда терең құдықтан су тартатын қондырғы мен судьяның ұлдары әр таңда, күн ыстықта тіпті түсте де шомыла беретін таспен, цементпен шегенделген жүзу әуізі де бар (6-б.).

БЕЙБІТШІЛІКСҮЙГІШ – миролюбивый. Скит пен Ниг бейбітшіліксүйгіш, мейірімді иттер болатын, бұл олармен таласқан жоқ, – оның үстіне бұлар Джон Торонтоның иттері ғой (79-б.).

ЖЕГІМ – упряжка. Өстіп жүріп Ақ Өзенге жеткенде жегімдегі үш топтың екеуі ғана қалған, ал жүріп өткен жолымыз небәрі екі-ақ жүз миль! (189-б.); Оны біз бәрібір бұдан соң Пассук барлық жегімді өз қолына алғанда, Джефф мүлде бос қалып еді (191-б.).

ЖЕККІ – упряжь. Соллекстен озған да ешкім жоқ, жеккі оларды өмірге қайта әкелгендей: қазір бұл екеуі мүлде басқа иттер боп шыға келген, бойларындағы баяғы босандық пен марғаулықтың бірі де жоқ (24-б.).

ЖОЛҚАРАЖАТ – *деньги за проезд*. Штатқа қайту үшін жолқаражат табу керек болғанда, «Холбрун және Мейсон» деген маклерлік кеңсеге есепші болып орналасқан-ды (202-б.).

ИТШАНА – *нарты*. Иттердің жүгі онсыз да ауыр екеніне қармай, ол кейде артта қалған кезде, итшанаға ұрланып жатып алады (19-б.); Бірде осы орталық көшеде бір итшана тоқтап қалған-ды (203-б.).

ҚАЛИЯН – *кальян*. Нехлюдов сыртқа беттегенде Юхванка сөре үстінен қалиянды алып, пештің астына тастай салды (235-б.); Құдай ақына, мәртебелі тақсыреке, қалиян дегеніңіздің не екенін де білмеймін, – деп міңгірледі Юхванка, шамасы, оған қалиян тартасың деген айып қатты батқан тәрізді... (238-б.).

ҚАПАЛАҚ – *винт*. Сосын, бірде қапалақтың дүрілі тына қалды да, «Нарвалда» аласапыран өбігер басталды (17-б.).

ҚИЫРШЫҚТАС – *гравий*. Үйге қарай қиыршықтастан төселген жіңішке жол бар (5-б.).

ҚОРҒАНШЫ – *опекун*. Бұ қақпасты жөнге саламыз деп қорғаншы екеуіміздің істемегеніміз қалмады – қосқа да сап көрдік, үйде де талай жазаладық – сіз бұнымызды, әлбетте, жақтай қоймассыз...; Қорғаншы оны қанша рет дүйім жұртың алдында дүрелетті дейсіз, сонда бар ғой, сенесіз бе, мәртебелі тақсыр, мыңқ етпейді-ау, үстін қағады да, жүре береді (243-б.).

ҚҰЛАҚША – *чек*. Мен сізге капитан Констэнтайнның атына бес құлақша жазып берейін. Міне, құжаты: менің өз қалауымша құлақша жазып беруге өкілеттігім бар (131-б.).

ҚЫЗЫЛТӨНДІ – *краснокожий*. Бұны естіген соң ол Уитбергті қызылтөнді үндістердің тәсілімен азаптауға кіріскен (240-б.).

ЛӘПКЕРШІ – *лавочник*. Том Кинг қартайды, екінші разрядты клубтардағы жарыстарға қатысушы әрі боксшылар ләпкершілерден әлдебір жөні түзу несие ала алмайды (136-б.). Сэндлмен арада өтетін сайыс мұның ләпкершілерден алатын несие көлемін көтере қоюы да неғайбыл (137-б.).

ОРАМАЛША – *платочек*. Бірнеше үйден соң Нехлюдов бір көшеге бұрыла беріп, өзінің приказчигі Яков Алпатычқа жолықты, анау баринді сонадайдан көре сала клеенка фуражкасын шешіп, жібек орамалшасын алды да, быттиған қызыл бетін сұртпектей бастады (240-б.).

САЛЫНДЫ – *наносы*. Дәл осы «Холбрун және Мейсон» кеңсесінің қарсы алдында өзеннен ағып келген ағаш салындылары үюлі жатушы еді (202-б.).

ТАБАДАН – *сковорода*. ...Пеш үстіндегі ыстық табаданды аяғымен аударып тастап, оның жалын шарпыған түбіне қолын төсеп жылытуға кірісті (181-б.).

ШЫРҒАЛАҢҚҰМАР – *искатель приключений*. Және оған құлақ түрген әрбір шырғалаңқұмар жиһангез әңгімеші жүрегін мұндағы аяз бен ажалмен пайдасыз күрестен гөрі Оңтүстіктің күнгеі өңіріне деген бұлдыр сағыныш сыздататынын сезінер еді (123-б.).

Габриэль Гарсиа МАРКЕС. Сенбіден сенбіге дейін.

Әңгімелер. Орыс тілінен аударған Кеңес Юсуп.

– Астана, 2011. – 344 б.

АЙШАЛЫҚ – *лунатик*. Тобиас осынау жаппай мерекедуманның ішінде айшалық болған адам құсап, арлы-берлі жүреді (63-б.).

АНАЕРКІ – *матриархат*. Тегінде Ұлы Шеше анаеркі заманына тән өктемдікпен өз тегінің аты мен жинаған байлығының айналасына адам ала алмас қамал тұрғызып, қоршауда қалған ағайын-туған миша араласып, немере бауырлары немерелес тәтелеріне, нағашылары жиендеріне, бөлесі бөлесіне үйленіп, шым-шытырық қан араласы салдарынан ұрпақ жалғасуының өзі күмәнді тұйыққа тірелген (9-б.).

АРЫЗНАМА – *исповедь*. Нианорды аулаққа жібергеннен кейін ол өзіне әмбиені шақырады, ол Ұлы Шешенің ұзын сонар егжей-тегжейлі арызнамасын тыңдап алғаннан кейін, баршасының көз алдында соңғы аршылу салтын өткізбекке ажал аузындағы жанның барлық туысқандарын шақырды (20-б.).

АСҮЙ – *кухня*. Алайда Ұлы Шеше 1875 жылы өзінің асүйінде бекініп алып, Аурелиано Буэндианың солдаттарына тойтарыс берген анасының анасы – нағашы әжесі төрізді жүзден аса жасарына сенген (11-б.).

АТКЕШІР – *контрабандист*. Оның осындай қуатты сілікпеден естерінен танған табынушылары бойларын жиып, өздеріне өздері келген қазіргі кезде, Сан-Хасинтоның кернейшілері, Гуахираның аткешірлері, Синудың күріш терушілері, Гуакаамайяльдің зинақорлары, Сиерпенің сәуегей-сиқыршылары мен Аракатаканың банан жинаушылары естері кіріп, соншама ұйқысыз түндерден кейін ұйқыларын қандырмақ болып, масаханаларын құрған кезде, адамзат тарихындағы аса бір дәрібі асқан жерлеу рәсімінде жердегі ғана емес, тіпті аспандағы биліктің атына өкілдік ету – Республика Президентінің өзіне дейін пешенесіне жазылған... (6-б.).

АУРУ БАСАР – *обезболивающий*. Тиісті уақытын тосып жатпай, дерті жанына батпай тұрып бойына таралуы үшін бірнеше ауру басар түйнектер ішті (282-б.).

ӘДІРИЯТ – *монастырь*. Біздің әдірият мемлекеттікі емес (246-б.).

ӘМБИЕ – *священник*. Жерлеу рәсіміне сонау қиырдағы Ватиканнан Жоғарғы Бас әмбиенің өзі келген Ұлы Шеше туралы әңгімеге құлақ түріңіздер (5-б.).

БАСҚОЙҒЫШ – *подголовник*. Саймандарды қайнатуға қойған кезде, желкесімен креслоның басқойғышына сүйенген Алкальд өзін әжептәуір жеңілейтіп қалғандай сезінді (276-б.).

БАТҚЫ – *шпора*. Алып денелі, әсте қабағы ашылмайтын, аяғына батқысы бар қонышты етік, үстіне сұр түсті әскери сарпақ киген, көйлегінің астынан отыз сегізінші калибрлі ұзын оқпанды револьвер асынған – үлкен жиені Никанор нотариусты алып келуге аттанды (8-б.).

БОРМӘШІН – *бурмашина*. Саймандарын реттеген бормәшінін айналмалы орындыққа жақындатып, иекті жылмағайлап ысқылауға кірісті (273-б.); Жұпыны ғана жи-

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
налған кабинет: көне ағаш кресло, аяқ баспамен іске қосылатын бормәшін, кәрлен құтылар қойылған шыны шкаф (276-б.).

БҰЛАСЫР – *пластырь*. Бұдан он төрт апта бұрын сүлік дейсіз бе, бұласыр дейсіз бе, сылау дейсіз бе, неше түрлі ем-домдар жасалған талай түндер мен күндердің алмасуының артынан ажалмен арпалыста бетінің енді бері бұрылмасын бағамдаған Ұлы Шеше өзінің сүйікті қолдан тоқылған тербелмелі төсегіне жатқызуды бұйырып, ақтық тілек ниетін жария етуге ықылас білдірген еді (6-б.).

БҮТЖАБАР – *плавки*. Диктатура жылдарында қалашыққа алғашқы алькальд келген кезде Хосе Монтбель үстінде жалғыз ғана бүтжабары бар, жарты күн бойы күріш тартатын диірменнің алдында отырып, өзінің билікке деген оң қабағын танытып, шаруақорлығын, алғырлығын аңдатқан (162-б.).

БІЛЕКСАЛАР – *подлокотник*. Аяғының тарамысы тартылып, белінің сырқырап суынып бара жатқанын сезінген Алкальд креслоның білексаларына жабыса қалды, бірақ тырс етіп үн шығарған жоқ (277-б.).

ҒАНЫШ – *гипс*. Шыны шкафтан жасанды иектің ғаныштан құйылған нұсқасын алған ол үстелдің үстіне саймандарын үлкенінен бастап кішкенесіне дейін көрмеге қойғандай мұқият жайластырып шықты (273-б.).

ДАРШЫ – *канатоходец*. Сондай-ақ ол шартты орындай алмаған талайлардың бөрінің үйлері мен мүліктерін өзіне қаратып алды, есесіне бір апта түтінін үзбей, өзі басшылық етіп, музыканың, отшашудың өнерін көрсеткен даршылардың айқай-сүрең мерекесін өткізді (73-б.).

ДАЙЫНДАМА – *заготовка*. Дайындама заттары сақталатын картон қорапшадан бірнеше алтын тіс тізілген салманы алып, соларды ысқылай бастады (275-б.).

ДӘРКЕР – *клиент*. – Амал жоқ, – ол бір күрсініп алып, үзілген жұмысын одан әрі жалғастырып, келген дәркерлерге қызмет көрсетіп жатты (217-б.); Мейрамхананың әр дәркері дағдысына жазбайтын, жаңылмайтын жандар; міне,

сағаттың соңғы, алтыншы соғуы кезінде кірген әйел әдетінше биік айналмалы орындықтың жанынан келді (299-б.).

ДӘРМЕК – *препарат*. Әжептеуір тынығып, сергіп қалған ол күндізгі үштің шамасында зығыр шалбар мен гүлді жейдесін киіп, ауруын басар түйнек дәрмектердің күшімен жұрт алдына шықты (282-б.).

ДӘРІП – *мадақтау*. Оның осындай қуатты сілікпеден естерінен танған табынушылары бойларын жиып, өздеріне өздері келген қазіргі кезде, Сан-Хасинтоның кернейшілері, Гуахиرونның аткешірлері, Синудың күріш терушілері, Гуакаамайяльдің зинақорлары, Сиерпенің сәуегей-сиқыршылары мен Аракатаканың банак жинаушылары естері кіріп, соншама ұйқысыз түндерден кейін ұйқыларын қандырмақ болып, масаханаларын құрған кезде, адамзат тарихындағы аса бір дәрібі асқан жерлеу рәсімінде жердегі ғана емес, тіпті аспандағы биліктің атына өкілдік ету Республика Президентінің өзіне дейін пешенесіне жазылған... (6-б.).

ДҮКЕНШІК – *ларёк (магазинчик)*. Еңгезердей арбалетшілер рулетка, лоторея қойылған, қуырма сататын дүкеншіктер тұрған көшелерге жиналған ығы-жығы халықты ілезімде ығыстырып, Республиканың бетке ұстарлары өтетін жол тартып келеді, шағын алаңда адамдар масахана тартып тастаған, онда тілмеден айықтыратын, әрі мәңгілік ғұмыр сыйлайтын ішірткілерін сататын, мойындарына жылан ораған сәуегейлер сазарып отыр (39-б.).

ЕБІРТІЛ – *эликсир*. Музыканттар пайда болды, ақша мен заттар ұтатын лотореялар ойнай бастады, тағдырыңды болжайтын сәуегейлер жетті, жалдамалы жаналғыштар келді, мәңгілік өмір сыйлайтын ебіртіл сататын тірі жыланды мойнына ораған адамдар қаптады (62-б.).

ЖАҒЫС (*жерг.*) – *пристань*. Сол кезінде ол бағдарды өзгертіп кемеңі жағысқа қарай бастады... (194-б.); Жағыстың маңы қарақұрым халық (231-б.).

ЖАПСЫРМА – *этикетка (наклейка)*. Сегізінші күнге айналғанда ғана қамқоршысының қайтып бара жатқанын аңғарған ол шұғыл түрде өзінің сыртында латын әріптерімен жазылған жапсырмалары бар алуан түрлі құтышақтар

мен шөлмекшелері сақтаулы сандықшасын алдырып, қалған үш апта бойы жаны алқымына келген жанды үшкіруге жарамсыз ежелгі уәспілерге сүйеніп, сан түрлі ішірткілермен, күйдіргі, қыздырғылармен естен тандырды (13-б.).

ЖАТЫНЖАЙ – *спальная комната*. Осының алдында ғана еңгезердей он еркек қаусап тұрған әмбиені екінші қабатқа тура Ұлы Шешенің жатынжайына көтеріп, содан кейін соңғы сәттерде оны арлы-берлі сүйрелеп, әуреленбес үшін сонда қалдырып кетуді ұйғарған (7-б.).

ЖИЕКЖОЛ – *протуар*. Вагон басқыштарынан төменге түскен әйел мен қыз астынан көктей өскен өсімдік жарған тақташалары бар вокзал алаңы арқылы көшенің көлеңкелі келесі бетіндегі жиекжолға шықты (262-б.).

ЖИЕНБИКЕ – *племянница*. Таң атар-атпаста Антонио Исабель әкеймен жан дүниесіне қатысты барлық шаруалар жайында шұғыл мәмілеге келген Ұлы Шеше осы күндерде қия баспай төсегінің маңын төңіректен жүрген тікелей мұрагері – он жиені және жиенбикелермен өзінің сандырақтары жайындағы әңгімеге кіріседі (7-б.).

ЗҮМІРЕТ – *изумруд*. – Ол менің жанымға келді. Оның көздері зүміреттей жап-жасыл, терісі қатпар-қатпар екен; тәнінен текенің иісі шығады (132-б.).

ИДАРА – *ведомство*. Төрт қабырғаның қасына терімен қапталған төрт орындық, үстелге тазарған су құйылған қыл мойын шөлмек қойылған муниципия залдарының бірінде қамбаз түндерді қысқарту қамымен ескерткіш жазбалар мен идаралардың қатынас қағаздарын оқудан зерігіп, Жоғарғы Бірінші әмбие ұйқысыздықтан әбден титықтаған еді (38-б.).

КӨЗЕЛЕК – *рюмка*. Кеменің күллі үстіңгі қабатындағы шампан құятын тоқсан мың бесжүз көзелектің салдыр-гүлдір сынғаны естілді (195-196-бб.).

КРЕШ – *крест*. Бұл әр жексенбі сайын мінажатқа баратын дәл сол Чепе Монтельдің өзі еді, тек қана бұрын қолына ұстап жүретін кәшкүрінің орнында крешке керілген бейне жатыр (154-б.).

ҚАЛТҚЫСЫЗДЫҚ – *самоотверженность*. ...Сондай-ақ ежелден бері тістесіп жүрген қарсылас тараптардың ортақ

ұлттық мұрат – Ұлы Шешені жөнімен жерлеу жолында тура қаһармандық қалтқысыздықпен өзара түсіністікке келуінің нәтижесінде мүмкін болды (28-б.).

ҚАПТАМА – *чехол*. Көзге басылатын дүниелердің бәрін ығыстырып тастап, жиһаз біткеннің бәріне қара түсті қаптамалар жауып, марқұмның қабырғада ілулі тұрған суреттеріне тегіс қаралы банттар жапсырып шықты. (158-б.).

ҚОҢЫРАУША – *колокольчик*. Ақыры сенъор Эрберт қоңыраушасын сылдыратқаннан кейін ғана сенімсіздіктен арылып, сөздерін тыңдауға жақынырақ келіп тұрысты (64-б.).

ҚҰТЫШАҚ – *пузырьки, флакон*. Сегізінші күнге айналғанда ғана қамқоршысының қайтып бара жатқанын аңғарған ол шұғыл түрде өзінің сыртында латын әріптерімен жазылған жапсырмалары бар алуан түрлі құтышақтар мен шөлмекшелері сақтаулы сандықшасын алдырып, қалған үш апта бойы жаныалқымына келген жанды үшкіруге жарамсыз ежелгі уәспілерге сүйеніп, сан түрлі ішірткілермен, күйдіргі, қыздырғылармен естен тандырды (13-б.).

ҚАРДАРЛЫҚ – *залог*. Оның бильярд үйінің қожайынына қарыздар болып қалғаны соншама, ертеңнен қалдырмай есеп айырысатынына уағда беріп, қардарлыққа сағатын қалдыруға тура келді (153-б.).

ҚАЛҚАЙМА – *навес*. Содан кейін іргені айналып өтіп қалқаймаға кірген ол: «Яғни бұл сен ойлаған нәрсе емес» – деді. (53-б); Қожайын әйел қалқайманың астына терімен қапталған орындық шығарып қойды (114-б.).

ҚАЛТАШАМ – *фонарик*. Ай сәулесінің жолағын кесіп өткен ол қалташамын жағып, көлденең жақтауылдың арғы бетінен бильярд шараларын салатын қорапты іздеді. Қалташамы қолынан түсіп кеткен ол өзіне-өзі келген кезде шарлар оралған бумасын кеудесіне қысқан бойы бір орнында қалшыып, тұрып қалғанын сезді (253-254-б.).

ҚИРЫШ – *акула*. ...Сондықтан қирыштың қорқынышты тынысын да әдепкіде сезбей қалды, жұлдыздардың бәрі бір мезгілде сөне қалғандай... (191-б.).

ҚҰБЫЛНАМА – *компас*. Сөйтіп кенеттен құбылнамасына кінәрат түссе керек, бағытынан жаңылып, су астындағы

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
жартастарға соғылды да, шың еткен дыбыс шығармай,
бөлшектеліп кеткен қалпында теңізге батып жүре берді
(185-б.).

ҚЫЗДЫРҒЫ – *грелка*. Сегізінші күнге айналғанда
ғана қамқоршысының қайтып бара жатқанын аңғарған ол
шұғыл түрде өзінің сыртында латын әріптерімен жазылған
жапсырмалары бар алуан түрлі құтышақтар мен шөлмек-
шелері сақтаулы сандықшасын алдырып, қалған үш апта
бойы жаны алқымына келген жанды үшкіруге жарамсыз
ежелгі уәспілерге сүйеніп, сан түрлі ішірткілермен, күйдір-
гі, қыздырғылармен естен тандырды (13-б.).

МАҚҰЛЫХАТ – *фауна*. – Соңынан әлемнің барлық
теңіздерінің мақұлыхаты еріп келеді (80-б.).

МАПАЗ – *грамота*. Сөздерге толы, әріпті сөз марғасқа-
ларының мапазымен бүкіл Республика аумағындағы бар-
шаға үн қатқызған сөздерге толы, таусылып бітпейтін
сағаттар өтіп барады (32-б.).

МАСАХАНА – *москитная сетка*. Бұл дыбыстар қалың
масахананың астында қапырықтан берекесі қашқан
Жоғарғы Бірінші әмбиені әбден діңкелетті (35-б.).

МӘНБІ – *факт*. Бұл жерде сеньора Ребека өзінің сым
торларына жасалған шабуыл арқылы қорланған ар-ұжданы
туралы ойлап намысқа булықты, ызадан түтіккен ол өзінің
терезесіне жасалған шабуыл мәнбісін муниципалитет тере-
зесіне жасалған шабуыл мәнбімен сабақтастыруды кәпері-
не де алмаған (86-б.).

МӘНЗҮР – *анулирование*. Бейбіт уақытта Ұлы Шеше
қалаулыларына өз қолымен мәнзүр етті, канониктерді өзі
тағайындап, өзі түсіріп тастап отырды, өз жақтастарының
қамын жеді, керек кезінде бұқпантай әрекеттерге барды,
ақыры бөлетендерді ауыстырып салуға дейін ырқында
ұстады (29-б.).

МӘРӘСІМ – *декрет (указ)*. Алайда бұл түні Президент-
тің бойын айқын түйсіну сезімі кернеді, өйткені бұл өмір-
де өзіне жүктелген парыздың терең парығы түп-тамыры-
на дейін алдына жарқырап ашылды, сондықтан ол тоғыз
күндік бүкілхалықтық аза тұту туралы және Ұлы Шешеге

дүние кешкеннен кейін отанның бостандығы жолындағы соғыста қаза тапқан Ұлттық батырға теңгерілетін деңгейде құрмет тұту туралы мәрәсімге қалт етпестен қол қойды (31-б.).

МӘТІН – *текст*. Заңның әліптері мен әріптерінің қас шеберлері ақылы асқан құқық докторларымен күш біріктіріп, мәтіндер мен сөз тіркестеріне терең үңіліп, Ұлы Шешені жерлеуге Президенттің қатысуына мүмкіндік беретін ілгешек табуға кірісті (31-32-б.).

МӘУІЗ – *банан*. Жас жігіт өзіне «мүмкіндігінше тезірек» тамақ беруін өтінген, бұған қыңа қоймаған қожайын әйел мамырлап басып жүріп, құр сүйегі бар көже, көк мәуіздің жұмсақ өзегін алдына қойған (110-б.).

МҮМДЕУ – *бальзамирование*. Дегенмен Ұлы Шешенің мәйітін мүмдеу жөнінде пәрмен беріп, өздері қайтадан жаңа тұжырымдар іздейді, қайтадан келісті, кесті-пішті, Конституцияға Президенттің салтанатты жерлеу рәсіміне қатысуына мұрсатана беретін түзетулер енгізіп жатты (33-б.).

МІНӘЖАТХАНА – *молитвенный дом*. Әмбие оның ұялы үлкен, мөлдір жанарларымен бос дерлік мінәжатхананы шолып шыққанын байқады (126-б.).

ОҚАША – *поднос*. Бала оқашаны әмбие бір жамбастап жатқан орындықтың жанына қояды, алайда кетіп бара жатқан баланың аяқ тықыры алыстап барып тынғанша, ол көзін ашпай жатады (97-б.); Ыстық күндері үстел қоятын көлеңкелі қалқайманың астында гүл өскен қаптаған оқашалар тұрған және ішінде саршымшығы бар екі тор ілулі еді (139-б.).

ОРЫНТАҚ – *кресло*. Даланның астында қойылған орынтағында асқақ отыратын Ұлы Шеше өз иелігінде тұру құқығын бергені үшін пара алады, бәрі де заманында мұның бабаларының қазіргі жалдаушылардың бабаларынан пара алғаны сияқты айна қатесіз қайталанып жатыр (21-б.).

ОТШАШУ – *фейерверк (салют)*. Әдеттегідей Макондодағы барлық той-томалақ сияқты бұл мереке мерзімінен екі тәулік бұрын басталып, бай үйіндегі отбасылық сайраннан кейін айнала-төңірек отшашудың шапағына бөленді (15-б.).

РАБАДА – *резиденция*. ...Сондықтан да Жоғарғы Бірінші әмбие өзінің жазғы рабадасының маңындағы оқиғаның құпиясын ашуға енжар қарай алмаған (34-б.).

ОЯБ – *фон*. Ол терезенің текшесінен жалтылдаған теңіздің оябында көрінген төбесінен өлгендерді теңізге тастайтын құзға көз тікті (60-б.).

САБАТ – *балкон*. Ұлы Шеше кешкілікте ауа жұтуға сабатына мамырлай басып шығып, ескі тербелгішіне өзінің ісініп-кебініп кеткен денесі мен ұлылығының салмағын тастап келіп жібергенде, мынау ай астындағы әлемдегі ең бай әрі ең құдіретті билік иесі көрінері және шындық еді (11-б.).

САЙЛАУАЛДЫ – *предвыборный*. Бұл сенатордың сайлауалды сынықсымасының сүйек сырқыратар ұрандарының басы еді (284-б.).

САРПАҚ – *хаки, мундир*. Алып денелі, әсте қабағы ашылмайтын, аяғына батқысы бар қонышты етік, үстіне сұр түсті әскери сарпақ киген, көйлегінің астынан отыз сегізінші калибрлі ұзын оқпанды револьвер асынған – үлкен жиені Никанор нотариусты алып келуге атанды (8-б.).

СЕБЕТІ – *корзина*. ...Тірі құстар отырғызылған себетілер лықа толтырылды... (36-б.).

СУҚҰЙҒЫ – *лейка*. Башмағының ұшымен түкіргішті жақындатып қойып, қолын жууға суқұйғының жанына келді (277-б.).

СҮРТАҢДАЙ – *болтун (демагог)*. Жоғары лауазымды сұртаңдайлардың аузынан шыққан сөздерде қисап жоқ, ақыры олардың мылжыңы мемлекеттік шекара асып, мұхиттан өтіп, күтпеген нышан болып, Кастельгандельфодағы папаның жатынжайына енді (33-б.).

СЫБЫРШЫ – *суфлер*. Хосе Монтгел оның сыбыршысы болып алды (162-б.).

СЫЙСАНДЫҚ – *шкатулка*. Ол сыйсандықтың есігін сарт еткізіп жауып дауыстаған: «Пифагор!» (134-б.).

СЫНЫҚСЫМА – *өтірік алдау*. Бұл сенатордың сайлауалды сынықсымасының сүйек сырқыратар ұрандарының басы еді (284-б.).

ТАБАДАН – *сковородка*. Ол табаданда қайнап жатқан майға тасталған шикі еттің шыжылдағанын, Хосе аударыстырып жатқан кездегі шырт-шырт еткенін де естіген жоқ (321-б.); Содан кейін бұрышта үнсіз отырған келушіге қарады, содан кейін табадандағы қызғылт тартқан етке қарады (322-б.).

ТАПСЫРЫС – *заказ*. Оны дайын тапсырыстар жатқан үстелдің үстіне қойғаннан кейін ғана үн қатты (274-б.).

ТӘМСАҚ – *дельфин*. Алайда арада тура бір жыл өткеннен кейін дәл сондай наурыз кешінде тәмсақтардың теңіздегі ойынын бақылап отырған, ол тағы да әлгі мұхиттың елес кемесін көрді... (186-б.).

ТӘНӨРНЕК – *татуировка*. Сол жақ төсінің үстіндегі теңіз қарақшыларына тиесілі тәнөрнек – жебе көктей өткен жүректің суреті көрінді (294-б.).

ТӨРЕШЕК – *катушка*. Содан кейін түндік үстелшесінен қайшы, бұласыр төрешегін және таспиқ алып, үнемі тістелей бергеннен қабынып кеткен оң қолының бас бармағына бұласыр жапсырды (168-б.).

ТУЫНДЫГЕР – *автор*. «Жүз жылдық жалғыздық» романы үшін Нобель сыйлығын алып, күллі әлемге танылған қаламгерді біз әсілінде эпикалық шығармалардың туындыгері ретінде ғана көкейге тұтып, оның әңгіме, повесть, очерк, эссе сынды «шағын прозаның» да хас шебері екенін естен шығарған сыңайлымыз (326-327-б.).

ТІЛКЕМ – *участок*. Ашық қызық жартастың ортасын жарып өтетін діріл қаққан тар араның арасымен өткен пойыз тепе-тең тілкемдерге бөлінген шетсіз-шексіз банан плантацияларының ішіне бойлай кірді (257-б.).

ТІСҚАП – *коронка*. Ол енді алтын тісқапты жонғылауға көшті. Қолын алға соза ұстаған тісқапты көзін сығырайта айналдыра қарады (274-б.).

УӘСПІ – *микстура (рецепт)*. Сегізінші күнге айналғанда ғана қамқоршысының қайтып бара жатқанын аңғарған ол шұғыл түрде өзінің сыртында латын әріптерімен жазылған жапсырмалары бар алуан түрлі құтышақтар мен шөлмекшелері сақтаулы сандықшасын алдырып, қалған

үш апта бойы жаны алқымына келген жанды үшкіруге жарамсыз ежелгі уәспілерге сүйеніп, сан түрлі ішірткілермен, күйдіргі, қыздырғылармен естен тандырды (13-б.).

ҮСКЕНЕ – *домик, помещение* (жергілікті сөз). Сеньора Ребека астаң-кестеңі шығып жатқан лас үскенеге беттеді, мұнда оның көзіне алдымен түскені – жазу үстелінің үстінде үйіліп жатқан қаптаған өлі құстар болды (86-б.).

ҮСТЕЛШЕ – *столлик*. Кіреберіске ол екі орындық пен үстінде дойбы тақтасы бар үстелше қойып, ала таңнан кезіккен кездейсоқ адамдармен дойбы ойнады (50-б.); Көше толы халықтың ортасына үстел мен екі орындық қойылып, үстелдің үстіне үстелше қойылғаннан кейін Хакоб қарт сайысты бастап келіп жіберді (71-б.).

ІЛГЕРІШІЛДІК – *прогресс*. Мұра бойынша көшкен бұл емші қолында Монпелье университетінің қарқарадай дипломы тұрса да, өзінің философиялық пайымына сүйеніп, ғылыми ілгерішілдікті түбірімен түкке жаратпаушы еді (12-б.).

ІШТАРТҚЫШ – *корсет*. Құсты қолына алған ол сеньора Ребекканың есігін қақты, сол минутта түстен кейінгі ұйқыға бас қоймақ оймен іштартқышын ағытып жатқан болатын (98-б.); Ол іштартқышын қайтадан түймелеп, сым торлы есікті итеріп ашып, дәлізді оңға қарай бойлай жүрді, жиһаз бен әр түрлі көр-жерге толы залдың жанына өте келіп, металл тор тұтылған есікті ашпас бұрын Антонио Исбаль әкейді көрді (99-б.).

ШӨЛМЕКШЕ – *баночка (бутылочка)*. Сегізінші күнге айналғанда ғана қамқоршысының қайтып бара жатқанын аңғарған ол шұғыл түрде өзінің сыртында латын әріптерімен жазылған жапсырмалары бар алуан түрлі құтышақтар мен шөлмекшелері сақтаулы сандықшасын алдырып, қалған үш апта бойы жаны алқымына келген жанды үшкіруге жарамсыз ежелгі уәспілерге сүйеніп, сан түрлі ішірткілермен, күйдіргі, қыздырғылармен естен тандырды (13-б.).

Белгілі аудармашы Кеңес Юсуптың бұл аудармасында төмендегідей тағы бірқатар балама сөздер мен айрықша сөз тіркестері қолданылады:

Бас әмбие (5) – Первосвященник, дәрібі асқан (5) – пышный, ғылыми ілгерішілік (12) – научный прогресс, Бас Шіркеу (27) – Главный собор, сыпалар (28) – чины, мәнзүр ету (29) – отменять, парламентші (36) – парламентарий, қамбаз түндер (37) – удушливые ночи, идара (38) – циркуль, сәуегей (39) – ясновидец, тілме (39) – роза, салтанатты сарпақ (39) – парадная форма, фрак, сымбал (68) – тюрк.

Тәржімеші бөлетен (29) – бюллетень, мәшін (27) – машина сөздерін өзгертіп жазады.

Ги де МОПАСАН. Томпыш. Хикаят.

Орыс тілінен аударған Бексұлтан Нұржекеұлы.

Өмір. Роман. Орыс тілінен аударған Әбіш Кекілбаев.

– Астана, 2012. – 344 б.

АЯҚЖОЛ – *тротуар*. Дегенмен өздерінің ажал әкелетін ұзын қаруларын аяқжолда шамдана салаңдатқан көгілдір гусар офицерлері, сірә, бір жыл бұрын осы кофеханадан дәм татқан арнайы француз атқыштарының офицерлерінен гөрі қарапайым қалалықтарды көбірек жақтырмайтын секілді (9-б.).

АСПАЗХАНА – *кухня*. Ертесінде таңғы сегізге жүріп кетуге келісілгендіктен, бәрі сол уақытта аспазханаға жиналды; бірақ брезент төбесін қалың қар басқан дилижанс аulangаның ортасында атсыз, ат айдаушысыз жалғыздан-жалғыз қалқайып тұра берді (34-б.).

БЕЛДЕМШЕ – *юбка*. Томпыш жерден бірдеме іздегендей бірнеше рет еңкейіп, белдемшесінің астына қолын жүгіртті (19-б.).

ИЫҚБАУ – *подтяжка*. Алайда көрші бөлмелердің бірінің есігі ашылды да, бірнеше минөттен соң Томпыш қайта оралып келе жатқанда, иықбауы бар Корнюде оның соңынан кетіп бара жатты (33-б.).

КОФЕХАНА – *кофейня*. Дегенмен өздерінің ажал әкелетін ұзын қаруларын аяқжолда шамдана салаңдатқан көгілдір гусар офицерлері, сірә, бір жыл бұрын осы кофеханадан

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
дәм татқан арнайы француз атқыштарының офицерлерінен
гөрі қарапайым қалалықтарды көбірек жақтырмайтын се-
кілді (9-б.).

САЙДАУЫТ – *авангард*. Үш әскердің сайдауыт тобы қала
орталығындағы алаңда бір мезгілде тоғысты да, қалған көр-
ші көшелерге жол табанын қатты адымдай нық басқан гер-
ман армиясының батальондары қаптап кетті (7-б.).

СЕБЕТКЕ – *корзинка*. Сол арада оның есіне мыналар
жалмауызша жалмап қойған дәмді тағамға толы дәу себет-
кесі түсті, оның ішіндегі тұздыққа шыланған екі шөжесі,
пәштеті, алмұрты, төрт бөтелке бодро шарабы есіне түсті;
бейне бір ағзасының бір жерінде шіріп тұрған ішегі үзіліп
кеткендей кенет оның ашуы басылды да, ол өзінің өне-міне
жылап жіберетінін сезді (58-б.).

ӨЗДЕРЕК КӨРТІШКЕСІ – *визитная карточка*. Граф
оған өзінің өздерек көртішкесін жіберді, оған Карре-Ла-
мадон мырза өз аты-жөні мен өзінің бүкіл атақ-шенін қоса
жазып қойды (37-б.).

ТОҢТӨРТІП – *формальность*. Сірә, түкке тұрмайтын бір
тоңтөртіпті орындау керек болған шығар (29-б.).

Ги де Мопассан. Өмір. Роман.
Орыс тілінен аударған Әбіш Кекілбаев

БАҒЫМШЫ – *сиделка*. «Айтқанын істеу керек, бағым-
шы әйел көрші бөлмеде отырса да болады» – деп сыбырлады
(235-б.); Ара-тұра бағымшы әйел көзі ілініп кетіп, қорыл-
дап бара жатқанда көзін қайта ашып алады (236-б.).

ЖАБЫНДЫ – *покрытие*. Күйменің клеенка жабын-
дысы алынды (153-б.).

ЖАПҚЫ – *покрывало (кресло)*. Ол үшін оның бәрі де
қонақжайдағы креслоның ажары оңып кеткен көнетоз
жапқыларындай қадір-қасиеттерінен түгел айрылып біт-
ті (150-б.); Сосын екі шырақ жағып, екеуін төсектің екі
басындағы үстіне ақ жапқылы үстелшелерге апарып қойды
(236-б.).

КИЕЛІ ӘКЕЙ – *святой отец*. Киелі әкей... (248-б.).

ҚОНАҚЖАЙ – *гостиная*. Қонақжайдың қасында ескі кітаптарға лықа толы кітапхана мен бос тұрған екі бөлме бар (68-б.); Ол үшін оның бәрі де қонақжайдағы креслоның ажары оңып кеткен көнетоз жапқыларындай қадір-қасиеттерінен түгел айрылып бітті (150-б.).

МЕЙРАМХАНА – *ресторан*. Олар тамақтануға мейрамханаға кірді (288-б.).

ӨМІРСЕРІК – *спутни(-ца)к*. Олар сонау той күні Жанна енді мәңгі-бақи өмірсерік болатын адамымен қол ұстасып қыдырған, шын дәмін мұнда емес, әне бір құмары шын қанып, сумен қоса ләззат жұтқан «От аңғарындағы» бұлақ басында татса да, махаббат сезіміне алғаш жолығып, алғаш айналасқан таныс орманның үстін басып өтті (162-б.).

САЯЖОЛ – *аллея*. Есіктен сол шарбаққа дейін оқтай түзу саяжол созылып жатады, саяжолдың екі жақ қапталы ферма-ферманы бөліп тұратын орды жағалай, теңіз жағалауының ақ бор тасынан қаланың салынған, төбесіне сабан-жапқан төпене үйлер (76-б.).

ТӘУБЕХАНА – *исповедальне*. Мен сізді тәубеханада тыңдайын (248-б.); Аббат тәубеханада талайлардың төсек құпиясын тыңдайтындай құнығып алған мінезімен: «Қалайша?» – деп қызыға сұрады (253-б.).

ТӨБЕЛДІРІК – *шпиль*. Бұл орманда әрқилы әсем бағандар дейсің бе, шошақ төбелдірікті күмбездер дейсің бе, әйтеуір уақыт, жел, теңіз, тұман мен бу жабыла қашап жасаған ғажайып тұлғалардың не түрі табылады (134-б.).

ҮСТЕЛШЕ – *столлик*. Сосын екі шырақ жағып, екеуін төсектің екі басындағы үстіне ақ жапқылы үстелшелерге апарып қойды (236-б.).

Альбер КАМЮ. Оба (Чума). Роман. Орыс тілінен аударған Сарбас Ақтаев. – Астана, 2011. – 344-б.

АБАЙЛАУШЫЛЫҚ – *опасения*. Қалай болғанмен де, осынау айқындық пен абайлаушылық біздің азаматтардың

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР бойындағы қуғындалу мен бөлініп қалу түйсігін күшейте түсті (202-б.).

АЗАПКЕР – *мученик*. Сосын тыныштық қайта орнады да, өзімен бірге азапкер қаланың балдыр-батпақ түсініксіз даусын алып келді (118-б.).

АЙҒАҚТАМА – *свидетельство*. Осы тарихты айтушының да құжаттары барына күмән жоқ, ең алдымен олар оның жеке айғағы мен жөне басқалардың айғақтамасы, өйткені ол қалыптасқан жағдайға орай кейіпкерлердің барлық айтқанын тыңдаған, ақыр аяғында қолына түскен қағаздар бар (10-б.).

АРАЛШЫҚ – *островок*. Еденнен үңгіп шұңқыр қазып, тұтас крезол көлшігін жасап, ортасынан кірпішпен қаппап, аралшық төрізді бірдеңе тұрғызды. Ауруды әуелі сол аралшыққа отырғызып, тыр жалаңаш шешіндіреді де, киімдерін крезол ерітіндісіне тастайды (100-б.).

АРЫЗХАТ – *депеша*. Қайтадан отыз өлім тіркелген күні-Бернар Риэпрфект өзіне дербес тапсырған ресми арызхатты қайталап оқыды. «Қорқыт дегенде, осылай қорқыт деп пе едім» деп жазылған арызхат мынаны мәлімдепті (74-б.).

АСҮЙ – *кухня*. Ауруды қарап болып ол енді жұтаң жиһаздалған асүйдің ортасында отыр (71-б.); Гран мейманын үстінде қағаздар қобырып жатқан асүйдегі үстелдің басына отырғызды (117-б.).

АЯШЫ – *сиделка*. Сағат он бірде аяшы келеді де, екеуіңді он екідегі пойызға апарамын (11-б.); Дәрігер пәтеріне кірсе, аяшы күтіп отыр екен (13-б.).

БАСПАЛДАҚ АЛАҢЫ – *лестничная площадка*. Баспалдақ алаңына шыққан соң Риэ болған оқиғаны хабарлауға тиістімін, алайда комиссардан тергеуді екі күннен кейін баста деп өтінермін (25-б.); Біраз күн бұрын баспалдақ алаңында бор салынған қорапшаны түсіріп алдым (40-б.); Баспалдық алаңына шыққан соң Риэ электр шамын жақпақ боп әуреленді (146-б.).

БАЯНХАТ – *докладная (записка)*. Оның көптен ойластырып жүрген баянхатын жазуына, жағдайға байланысты басқа да қадамдарға баруына бөгет болып жүрген

осы қасиеттері (54-б.); Ақыр аяғында ол телеграфта екі сағат ұзынан-ұзақ кезекте тұрып: «Барлығы ойдағыдай, ұзамай жолыққанша» деген мағынада баянхат жөнелтіпті (95-б.).

ҒИБАДАТХАНА – *храм божий*. Сіздер аптасына бір рет жексенбі күні ғибадатханаға келсеңіздер жеткілікті, қалған алты күнде қол бос, ерік өздеріңізде (110-б.).

ҒИМАРАТ – *здание*. Мектепке кіретін жер бас ғимараттың сыртында, дәлізге шығатын қосалқы үлкен бөлмеде табыттар сақтаулы (195-б.).

ДАУЫСТАҒЫШ – *громкоговоритель*. Жалғыз-ақ айтары – осындай лагерьдің болуы, олардан аңқып тұратын адам төнінің иісі, құлақты жаратын дауыстағыштардың үні, құпия жасырып тұрған тылсым қабырғалар, қарғыс атқан сол жерден қорқу – бәрі-бәрі қосылып біздің азаматтардың жүрегіне зіл салмағын салатыны, еңсесін езіп, ұнжырғасын бұрынғыдан да түсіретіні (271-б.).

ДӘМХАНА – *кафе*. Кешкісін өз кеңселерінен шығып, олар белгіленген сағатта дәмханаға жиналады, жағажолда қыдырады немесе өз балконында отырады (7-б.); Кейін Коттар Гранды екі-үш мәрте айтулы мейрамханалар мен дәмханаларға да апарды (64-б.).

ДЕМТЫНЫС – *дыхание*. Осынау сабырлы демтыныстан судың бетінде жылбысқы дақтар туып-өшіп, туып-өшіп дамыл көрмейді (287-б.).

ДҮҢГІРШЕК – *лавка (киоск)*. Гран темекі дүңгіршегінде болған өте-мөте бір ерсі жағдайға өзі де қатысқан (64-б.); Әйел ойын аяқтап үлгермей, Коттар сыртта біреу шақырғандай дүңгіршектен атып шығып, ай-шайға қарамай тұра тартты (65-б.).

ЖАҒАЖОЛ – *бульвар*. Кешкісін өз кеңселерінен шығып, олар белгіленген сағатта дәмханаға жиналады, жағажолда қыдырады немесе өз балконында отырады (7-б.); Кейде ол жексұрындар Зеңбірек алаңында, жағажолдарда, теңіз се-руенжайында да өріп кетеді (20-б.); Тамаша мамыр таңында сымбатты сұлу амазонка таңғажайып торы арғымақпен Булон орманының жағажолы мен гүлдердің арасында шауып бара жатты... (294-б.).

ЖАНКЕШТІЛІК – *самоотверженность*. Санитарлық жасақтарды ұйымдастыруға жанкештілікпен кіріскендердің еңбегі оншалық ұлық та емес, олар басқаша істеуге болмайтынын берік білді және керісінше, бұны қолға алмаудың өзі түсініксіз болып қалар еді (149-150-бб.).

ЖАРНАМА – *витрина (реклама)*. Алба-жұлба қабырғалардың ұбақ-шұбақ қатары арасын қысылған жұрт жарнамаларын шаң басқан көшелерде, сатпақ сары трамвайларда өздерін осынау түнерген аспанның тұтқыны сияқты сезінді (38-б.).

ЖАТЫНЖАЙ – *спальня (спальная комната)*. Бағана шығарда өтінгені бойынша ол жатынжайда жатыр (11-б.); Оның жатынжайы да, асханасы да – осы тар бөлме (12-б.).

ЖЕДЕЛХАТ – *телеграмма*. – Сізге жеделхат келді, – деді мьсе Мишель; жеделхатта ертең Риэнің анасы келетіні хабарланыпты (13-б.).

ЗЕРТХАНА – *лаборатория*. Менімен еріп жүріңізші, зертханаға бас сұғайық (51-б.); Зертхана есігі аузында Коттар дәрігерге тағы да бір кездесіп, ақыл сұрауға өте құмар екенін айтты (52-б.).

ЗІЛЗАЛА – *землятресение*. Зілзала, керегі, міне, сол! Алайда ертеңіне ешқандай зілзала болған жоқ (70-б.).

КЕЛІСІМПАЗДЫҚ – *компромисс*. Өзінің лекцияларын да ол ең жаңа келісімпаздықтан да, өткен ғасырлардың ғылымға қарсылығынан да алшақ ымырасыз христиандықтың жалынды күрескері болып көрінеді (83-б.).

КЕЛІССӨЗ – *переговоры*. Келіссөздер жүріп жатқанда ауа райы бұзылды (38-б.).

КҮЙТАРТҚЫШ – *проигрыватель*. Басқа үстелдің басында отырған сәнді киінген жастардың не жайында айтып отырғанын айырып болмады – онсыз да түсініксіз жеке сөйлемдер «Сент-Джеймс ауруханасы» сазының жарықшақ ырғағымен жұтылып кетіп, төбеде дарылдап тұрған күйтартқышқа жалт қаратты! (176-б.).

КІРЕБЕРІС – *погезд*. Дәрігер өздерінің кіреберісінен күзетшіні көрді, ол қабырғаға сүйеніп тұр екен, әдетте қызара бөртіп жүретін өңешінен шаршау табы сезіледі (17-б.).

ҚАРЫСПАЛЫЛЫҚ – *упрямство*. Оранды кеулеп, бір кештен екінші кешке ұласып, жүректеріміздегі сүйіспеншілік сезімін алмастырған көрсоқыр қарыспалылықтың үні және мұңлы үні болып кетті (208-б.).

ҚАУЫРТ САҒАТ – *час пик*. Бұрынғысындай қауырт сағат кезінде трамвайлар аузы-мұрнынан шығады да, күндіз кір-кір болып қаңырап бос жүреді (74-б.).

ҚИСЫНДАМА – *формулировка*. Ақыр аяғында ақылдаса отырып, «Ашыналық сипаттағы ашыну» деген қисындама тапты (40-б.).

ҚҰЖХАБАР – *инфдок (информация, документация, справки по любым вопросам)*. Жиырма сегізінші сәуір күні құжхабар агенттігі шамамен 8000 егеуқұйрық өлігі жиналып, қаланы қатты үрей биледі деп хабарлады (21-б.); Ертеңгілік құжхабар агенттігі префектураның өкімін тұрғындар асқан ықыласпен қарсы алды деп жариялады және аурудың отыз оқиғасы туралы хабарланды (71-б.).

ҚҰМАРПАЗ ОЙЫНДАР – *азартные игры*. Қызықшыл топ әуес құмарпаз ойындар кең өріс алған жоқ (219-б.).

МАМЫҚТАҚ – *кресло*. Тарру мамықтаққа ыңғайлырақ жайғасып шамға қарай ұмсынды (142-б.); Үй иесінің дәрменсіздігі мен немқұрайдылығын пайдаланған қызықтаушылардың біразы әлгі жанкештілерге еліктеп, өртке қойып кетіп, олар да қолына іліккенін алып шығып, жан-жаққа қашып жатты, өрттің жарқылына әр-әр жерде мамықтақ немесе орындық арқалап бүкшеңдеп бара жатқан дүниеқоңыздар көзге шалынып қалды, кейбіреулерінің иығында киім-кешек оралған түйіншектер бар (192-193-б.).

МӘТІН – *текст*. Мәселе мәтінінде емес, мәнінде, мерзімінде (60-б.).

МЕЙРАМХАНА – *ресторан*. Қонақүйіміздің мейрамханасында есте қалар бір отбасын әлденеше рет ұшыраттым (34-б.); Талма түстің кезінде таңғажайып аса таяқтың сілтелуін көргендей-ақ жұрт мейрамханаларға лық толады (136-б.).

МИЗАМ – *сентябрь*. Мизам мен қазан айларының өн бойында оба қаланы табанының астына алды (209-б.).

ОТБАСЫ – *семья*. Отбасын хабардар ететіні түсінікті, бірақ көп жағдайда туған-туысқандар қалада еркін жүріп-тұра алмайды, өйткені аурумен тікелей байланыста болса, карантинде ұсталады (195-б.).

РӘСІМ – *обряд*. Міне, енді біздің жерлеу рәсімімізге тән сипат, ең алдымен, шапшаңдық. Өдет-ғұрыптың барлығы оңайланды, аза тұту рәсімі өзір тоқтатылды (194-б.).

САПАРЖАЙ – *вокзал*. Сол сәттің өзінде-ақ сапаржайда паровоздар екі иінінен демалып, шалғай теңіздерден келген кемелер порттарға кіріп жатқан еді, өз кезегінде олар айырылып қауыша алмай зарыққандар үшін ұлы кездесуі күннің де куәсі болды (324-б.); Күн ұзақ қаламызға келген пойыздар баяғыда біздің сапаржайдан аттанғанындай аузы-мұрнынан шығып оралды (324-б.).

САУАЛНАМА – *опрос*. Жүргізілген сауалнама нәтижесінде соңғы бірнеше күннің ішінде осындай аурулардың шамамен он оқиғасы байқалған (37-б.).

САЯЖОЛ – *аллея*. Сол тұста не істерге білмей, екі қолы алдына сыймағандар саяжолдарда жүріп қайтқысы келеді (136-б.).

СЕРУЕНЖАЙ – *променад*. Кейде ол жексұрындар Зеңбірек алаңында, жағажолдарда, теңіз серуенжайында да өріп кетеді (20-б.).

СОПЫ – *монах*. Ұлы Марсель обасын баяндайтын ежелгі хамсада Мерси сопыханасындағы сексен бір сопының төртеуі-ақ қаскөй сүзектен аман қалғаны айтылады (252-б.).

СОПЫХАНА – *монастырь*. Ұлы Марсель обасын баяндайтын ежелгі хамсада Мерси сопыханасындағы сексен бір сопының төртеуі-ақ қаскөй сүзектен аман қалғаны айтылады (252-б.).

СУАҒАР – *сточный (сток)*. Сарайлар мен подвалдардан, ұралар мен суағар жыралардан тізіліп тәлтіректей шығып, жарыққа жете беріп адамдарға жақын келіп жантөсілім етіп жатты (20-б.); Одан әрі хабарландыруда шаралар тізімі келтірілген, олардың ішінде кеміргіштерге қарсы ғылыми негізге қойылған күрес, егеуқұйрықтарды суағарлардағы улы газдың көмегімен құрту, ауызсудың сапасына қырағы бақылау қою көзделген (62-б.).

СЫЙАҚЫ – *вознаграждение*. Екеуінің бағанадан бері ауыз ашпаған біреуі Гонсалестен сыйақы мәселесі шешіліп пе еді, шешілсе, аванс алуға бола ма деп сұрады (174-б.).

ТАБАНЖОЛ – *тротуар*. Шаңы бұрқыраған тік көшемен зырғып келе жатқан автомобиль бүйірімен табанжолдың жиегінде қалдық салынған жәшіктерді қағып кете жаздады (12-б.); Коттар машинадан шығып, табанжолдың жиегінде тұрып, дәрігердің қолын қысты (69-б.); Машина табанжолдан әрі қарай кетті (166-б.).

ТАПСЫРЫС – *казак*. Думандатушылардың таусылмас жарысы ең жұмсақ әрі айтулы саналатын шараптар мен қымбат тіскебасарларға тапсырыс беруден басталады (137-б.); Рамбер де өзіне деп тамаққа тапсырыс берді (178-б.).

ТӘБІРЕТКЕ – *табуретка*. Рамбер тәбіреткесінен қарғып түсіп, осы кеште алғаш рет Таррудың көзіне тура қарады (177-б.).

ТӘПІ – *крысоловка*. Шамасы, олар осы қуатты тәпіге түскен болуы керек, үшеуі де қан-жоса (12-б.).

ТОРКӨЗ – *решетка (клетка)*. Бұл жексұрындардың бәрін торкөздің арғы жағына апарып тықса ғой, адал адамдар еркін тыныстар еді (65-б.); Бүгінгіні төзгісіз тықсырып, өткенге ала көзбен жауыға қарап, келешегінен жұрдай болған біз азаматтың әділ соты немесе адамзаттың ашу-ызасы торкөзде қамап ұстап отырғандарға ұқсаспыз (82-б.).

ТОРЫҚПА – *пессимист*. Айталық, ең бір барып тұрған торықпалар бұл мерзімді жарты жыл деп санасын, егер алдағы айлар уайымның дәмін алдын ала татса, егер олар орасан күш-жігер жұмсаудың арқасында өзінің ерлігі мен өрлігін пешенесіне жазылған сынақ деңгейіне дейін көтеріп, әйтеуір рухын жықпас үшін... тура жарты жылда басылады деген пікірге әкеп тірейді (81-б.).

ТҰЖЫРЫМДАМА – *концепция*. Одан арғы әңгімеде шалдың философиялық тұжырымдамасының неден шыққаны Тарруға айқын болды (133-б.).

ТҰРАҚЖАЙ – *жилище*. Дәл осы тұста індеттің күшеюіне орай күллі қала өздерінің әдеттегі тұрақжайларын ауыстырып жатқандай көрінді (256-б.).

ТҮПКІЛІКТІ ХАЛЫҚ – *коренное население*. Түпкілікті халықтың санитарлық жай-күйі туралы да деректер жинамақ ойы бар көрінеді (15-б.).

ТҮТІНТҮТҚЫШ – *дымоуловитель*. Алайда бұл қотандардың тұрғындары оба аспаннан жауып жатқандай көріп, үйреніскен жерін тастап басқа жаққа көшпек болды, сондықтан күрделі түтінтүтқыш жүйе жасауға тура келіп, жұрт сол іске қосылғасын ғана басылды (201-б.).

ТІРКЕМЕ – *прицеп*. Ол үшін тіркеме мен мотор вагонындағы орындықтар алып тасталып, трамвайлар бұл желідегі ақырғы аялдама – қоқыс өртейтін стансаға дейін жіберілді (200-б.).

ТІСКЕБАСАР – *закуска*. Думандатушылардың таусылмас жарысы ең жұмсақ әрі айтулы саналатын шараптар мен қымбат тіскебасарларға тапсырыс беруден басталады (137-б.).

ҰШАҚ – *самолет*. Енді бір күннен кейін ұшақпен сыворотка да келді (74-б.).

ШАЙЛЫҚ – *чаевые*. Анасы жүгіріп кіріп, жеделхатты ұстатты да, хат тасушыға шайлық бергелі шығып кетті (323-б.).

ШЕГІНДІК – *цепетильность*. Бастапқы бетте жерлеуді түнде ұйымдастыру шешілді, мұның өзі қызметшілерді басы артық шетіндіктен арылтып, машиналарға мәйіттерді толғанша тиеуге мүмкіндік берді (199-б.).

ШІРКЕУБАСЫ – *церковные власти (глава церкви)*. Алғашқы айдың аяғында қаланың шіркеубасылары келер аптаны жаппай жалбарыну аптасы деп жариялап, обаға қарсы өз тәсілімен күресуге бел байлады (104-б.).

Оноре де БАЛЬЗАК. Шегірен былғары. Роман.

Орыс тілінен аударған Жұмағали Ысмағұлов.

– Астана, 2011. – 344 б.

АБАТТЫҚ – *аббатство*. Сени-Дени – Париж төңірегіндегі бір кездегі ежелгі абаттық (126-б.); Рафаэль бұл арадан қарама-қарсы жағалаудағы жарқабаққа, мұнды От-Комб

абаттығына, жиһанкездік сапарларын аяқтаған дуаналар, шайхылар тәрізді күз маңында көмілген сардин корольдарының бейітіне қарап отыратын болды (310-б.).

АЗАПКЕРЛІК – *мученичество*. Осының өзі сыйға тарта-тын жұмағы жоқ құрғақ азапкерлік еді (219-б.).

АЗАПШЫ – *инквизитор*. Беттерін айғыздай тілімдеп, көз құйрығына ұштасқан әжімдері азапшының сұм пиғылын әшкерелеп, өмірді жете білетінін куәландырғандай (36-б.).

АРДАҚҰМАР – *честолубивый*. Ал мен ардақұмармын, сізбен, нағыз тасжүрек әйелмен жүрекке жүрек ұштастырып, шын махаббатқа бөленіп, өмір сүруді тілеген едім (200-б.).

ӘЙЕЛҚҰМАР – *волоки́т (бабник)*. Біздің ең әйелқұмар жігіттеріміздің ең ептілері, тіпті солардың нағыз алғырлары да қолдарынан түк келмегенін мойындап жүр (140-б.).

ӘҢГІБАС – *сумасшедший*. Патшаның сарайындағы сән-салтанатты той-думан, барлық жағынан кемеліне келіп жетілді деп жүрген дәуірімізге сай сауық-сайран мейлі, менің бастас достарым өрімдей жас, әзілқой тілмар ескілік салттан ада, нағыз әуейі әңгібас-ақ болсын! (49-б.).

БЕЙСЕУБЕТ – *беззаботный*. ...Әттең, онысының орнына тек кездейсоқ жүргіншіні көз қиығымен ғана жанай өтетін бейсеубет көзқарасты ғана кездестірді ол (19-б.).

БОРЫШҚОР – *должник*. Мен борышқормын ғой (217-б.).

БӨРТИМЕК – *зернистость*. Бұл процесс Палластың еңбектерінде жақсы суреттелген, осылайша химиялық жолмен өңдеу, ұқсату арқасында былғарыда бізді соншалық таңырқататын тарының түйіріндей бөртімектері болады (271-б.).

БҰЙЫМТАЙ – *изделия, вещи*. Алайда ажалдың жақын екенін меңзеген санасындағы тәуекелдің салдарынан екі бірдей ашынасы бар герцогиняның өзіне-өзі сенімі мол байсалдығындай бекемдік бір сәтке жас жігітке қайта оралды да, ол тәуелсіз пішінмен, маскүнемдерде ғана болатын кекесін күлкінің ізі екі езуінің емеурінінен арылмаған күйі асыл бұйымтайлар дүкеніне кірді (21-б.); Содан кейін тама-

ша, «өсем, ұп-ұсақ бұйымтайларға, аса құнды қолжазбалы дұғалықты безендірген зеңгер-зер, алтын нақыштарға сүйсіне қызығып, ол теңіз дауылдарын ұмытып та кетті (28-б.).

БІТУАНА КЕЛІСІМ – *сделка*. Жаңа газет шығару жөніндегі бітуана келісімді сол күні таңертең тындырған нотариус еді бұл (60-б.).

ДӘҒУА – *притязание*. Сондықтан біз табиғаттың барлық құбылысын біліп болдық деп дәғуа ете алмаймыз (272-б.).

ДӘРШІМАЙ – *духи*. Жолшыбай тар күймеде қатар отырып, мен оның дем-тынысының лебін сезіндім, оның дәршімай иісі аңқыған перчаткасына жанастым, оның сұлулығының небір қазыналарын көрдім, небір хош иісті гүлдердің тәтті жұпар иісін түйсіндім (184-185-бб.); Перчаткаларын шешіп, білезіктерін ағытты, қымбат бағалы асыл тастармен безелген дәршімай құтысы ілінген алтын шынжырды басынан асыра, мойнынан алды (190-б.).

ДЕЛДАЛШЫ – *посредник*. Рухтың затқа үстемдік етіп, салтанат құруын қасиеттеген бір сол ғана, бізді құдайдан ажыратып тұрған делдалшы әлемді ақын қиялындағыдай таңғажайып көрікті етіп ашып берген де бір сол ғана (79-б.); ...Бейне бір жалғастырушы механизм болып табылатын және жігер-қайратты, осы бір өмір ғылымын туғызатын делдалшы ақыл-парасат, яғни тәңірі берген осы бір зейін ұшқыны дене мүшелерінің күнделікті қызметін және әрбір мүшенің жеке-жеке міндетін тәртіптеуін тоқтатқан. Менің ғалым туысқаным сондайлық тамаша айқындаған манағы күйреушілік осыдан туған (297-б.).

ДОДА-ШУ – *шум*. Тыныштық пен дода-шудың кезектесіп отыруы – Бетховеннің симфониясын ептеп еске түсіргендей (83-б.). Смены тишины и шума чем-то напоминали симфонию Бетховена. («Шум» онсыз да «шу» ғой, мүмкін «шоу»-ға балама ретінде ауға болатын шығар).

ДУАНБАСЫ – *бургомистр (градоначальник)*. Тірі кездеріндегісі сияқты, қазір де сезбес сазарма француз төрағалары мен голланд дуанбасыларының бірнеше портреттері ежелгі дүние мұраларының осы ұмар-жұмар қат-қабаттарынан шоқтығы биіктеп, жоғарыдан қабақ түйе, түнеріңкі, нұрсыз көздерімен сүзіле қарап тұр (23-б.).

ДІЛДӨГӨР – *взвешиватель (золото)*. Қатпарлы кең маңдайлы, қуарып солған екі беті, қас-кірпіксіз шегір көзінің мейірімсіз ызғары – осының бәрі бейтаныс па, әлде Герард Доу жасаған алтын өлшеуіш Ділдөгөрдің суретіне жан бітті ме екен деген ой туғызуы мүмкін (36-б.).

ЕНТАҢБА – *герб (эмблема)*. Сырт көрінісі қарапайым, қоңырқай түстес мынау сәулетті күймені, есігінде ежелгі даңқты ентаңбасы жарқырап тұрған күймені көріп тұрсыз ба? (245-б.).

ЖАЛҒАННАМА – *ложь*. «Заң алдында француздардың бәрі де тең», – деген сөздер – осы сағаттан бастап Рафаэль үшін хартияның сөз басы ретіндегі жалғаннама (231-б.).

ЖАНИЕ (ЛЕРІ) – *живые души (люди)*. Қысқасы, мұндағы жаниелерінің барлық түрлерінен баяғы ескі замандағы еркіншіліктің лебі ескендей, біздің сопылық аяр пәлсапамыздың бүкіл суайттығын әшкерелейтін, жүректі оның даурықпалы құштарлықтарынан тазартып емдейтін дағдылы бақыттың лебі бұл (322-б.).

ЖАРҚЫЛДАҚ ҚАУЫМ – *светское общество*. Денсаулығы мығым адам ұшына жабысқан жарақатты өзінің денесінен сылып тастайтыны сияқты, жарқылдақ қауым да бақытсыздарды өз ортасынан аластайды. Жарқылдақ қауым қасірет пен бақытсыздықтан жиренеді, жұқпалы дерттен үрейленгендей олардан шошынады (305-б.); Жарқылдақ қауым бақытсыздықты осылай ардақтайды (306-б.).

ЖЕМПАЗ – *чревоугодник*. Тәуір үйдің бой жеткен бикештері мен бөйбішелері жемпаздардың асқазанының қажырлы еңбегін жеңілдететін кофе, қант, және ликер сияқты көмектерін қонақтарға ұсынбайтын ба еді, мына қонақ бөлме көрінісі де сондай жайлардың бірі ме деп ойлап қаларлық (83-б.).

ЖИЫРМА – *оборка*. Жібек көйлектің жиырмасын да бұдыр-бұдыр деңгейлі бүкіл көл, шамамен айтқанда, үш арпан жер аумағын алып жатыр (319-б.).

ЖОЙЫМПАЗ – *ликвидатор*. Осы қырсыққа кездескен меншікті жерін қайтарып алуды талап етуге қақысы бар екенін таныту үшін әкем он жылдан бері жойымпаздармен,

Пруссия және Бавария соттарымен дауласып, тартысып жүрген болатын (105-б.).

КЕДЕРГІЛІК – *препятствия*. Бірақ пікірің барлық кедергіліктерді жеңіп шыққанда, осы таңғажайып саяхат кезіндегі мейірбандық не нәрсеге айналады? (124-б.).

КЕУДЕШЕ МҮСІН – *бюст*. ...Адамдардың мәрмөр тастан қашалған кеудеше мүсіндерін тістеп алуға, лак жағып жылтыратып қойған бұйымдарды қуа жөнелуге, әшекейлі аспалы шамдалдарға өрмелей ұмтылатындай (22-б.).

КЕШІРІМПАЗДЫҚ – *прощение*. Бұл сурет адамды дұғаға ұйытып, оның сиыну шабытын туғызады, кешірімпаздыққа үйретеді, өзімшілдікті түншықтырады... (39-б.).

ҚАЙЫРХАНА – *богадельня*. Ең ақырда, ақылы алжасқан немесе жоқшылыққа кіріптар болған математиктерге арнап қайырхана ашуға сізге уәде беремін (280-б.).

ҚИЫРСЫЗДЫҚ – *бесконечность*. Бұл шешілмейтін жұмбақ: бос қуыс сияқты, жасау, туғызу сияқты, қиырсыздық сияқты, қозғалыс та адамның ой-пікірін адастырады, қымсындырады (275-б.).

ҚАЛЫПСЫЗДЫҚ – *аномалия*. Қане, осы психологиялық қалыпсыздықтың себебін екеуміз адал арымызбен әділ талдап көрейікші (153-б.).

ҚИЯПАТСЫЗДЫҚ – *безобразие, безобразность*. ...Үнемі бір сарынды сұлулықтан мезі болып, қияпатсыздықты өршітуден де айтып жеткізгісіз ләззат тапқан халықтың өнері ғой бұл (26-б.).

ҚИЫРША – *грань*. Мәдениет жұрнақтары, дін сарындары, тәңірілер, өнер өрендері, патшалар маңғаздығы, азғындық, ақыл даналығы, қамақтық ескерткіштер – бәрілік толған осы үш залды бейтаныс жігіт, әуелі әр қиыршасы бүкіл біртұтас дүниені тұлғаландыратын қырлы-қырлы айнаға теңестіреді (24-б.).

ҚОРҒАЛАУЫҚ – *робкий, робость, боязливый, боязливость*. Бірақ ұялшақ, қорғалауық болғандығымнан, оның үстіне тектілер қауымының тілін түсінбейтіндігімнен, ешбір танысым болмағандықтан, мен үйге әлі кіршіксіз таза, күнәсіз күйімде, бірақ бәз баяғы сол бір арманды тілек

кернеген жүрекпен қайтушы едім (99-б.). Және тағы маған қажеттісі – қорғалауық бақыт пен өжет сенім (129-б.).

ҚОРҚОР//ХОРХОР – *кальян*. Дюбарри бикешті басында жұлдызы жайнап, бұлт арасында жалаңаш тұрған қияпатта суретші Латур жұмсақ қарындашпен суретке салған еді, осы сурет үнділік хорхор шүмегіне бейнебір нәпсіқұмарлықпен үңіліп тұрғандай, оның бұған қарай жыланша ирелеңдей көлбеген серіппелерінің сырын ұғуға талпынғандай (23-б.); Тізесінің үстінде Үндістанның тамаша қорқоры ақық мүштігін жалтыратып жатыр (240-б.).

ҚОРҚОРШЫ – *кальян шегуші*. Апиынның қорқоршыға беретін рақатына ұқсас азапты ләззатқа душар еткен жаңағы мейірімсіз драма осыған себепкер болды деп есептеу керек (37-б.).

ҚҰМАРПАЗДЫҚ ОЙЫН – *азартная игра*. Құмарпаздық ойынның барып тұрған бейнесі (7-б.).

ҚҰМАРХАНА – *вертеп (казино)*. Ұждан кұстанасы анағұрлым мейірімді, ол бізді көшеге лақтырып тастамайды, абақтыға отырғызбайды, кінәраттың сойқанды құмарханасына итермейді (217-б.);

ҚҰМАРШЫЛЫҚ – *азартность*. Оның маржандай аппақ ұсақ тістері күлімдеген уыз еріндерінің қызылын айқындай түскендей; дәл сол мезетте оның дидарындағы алаулаған қызғылтты шырай одан сайын құлпырып, құштарлыққа, құмаршылыққа қаншама кенеліп жатса да, жалпы өңі күндізгіден да ағырақ көрінетін секілді (288-б.).

ҚҰТТЫХАНА – *будуар (88), мансарда (144)*. Біздің ең әсем шүберектеріміз шоқпытқа айналар, сәнді құттыханаларымызда жұпар аңқытқан хош иісті опа-далаптарымыздан өлім иісі мұңкіп, өлік саситын болар (88-б.); Мен сол кезде, ызаланғаннан, адал, жұпыны кедейлігіме, көңіліме көп ой салған құттыхана баспанама нәлет айттым (144-б.).

ҚЫЛМАНДЫҚ – *кокетливость*. Ақшыл көк кереуетте, үй жиһаздарында шартты көркем суретте хас бір түрлі қылмандық бар тәрізді (120-б.).

ҚЫЗЫҚҚҰМАРЛЫҚ – *любопытство*. ...Мұны тіпті ат айдаушы да сезген, ысқаяқ қызыққұмарлық оларды да осы араға алып келген-ді (317-б.).

ЛӘЗЗАТҚҰМАР – *сладострастница*. Өрме колоннаның үстіндегі әлі тың, көрікті, кіршіксіз аппақ мәрмәр мүсін Грекия мен Ионияның ләззатқұмар мифтері туралы баяндайды (25-б.); ...Оның әккі ләззатқұмар жан екені де біреумен әңгімелескен кездегі тұрысынан-ақ білініп тұрды (141-142-б.).

ЛӘЗЗАТҚҰМАРЛЫҚ – *сладострастие*. Ләззатқұмарлықтың дертке айналып кететін, ал дерттің өзі ләззатқа құмарлық күйінде қалатын шарықтау шегін кім анықтай алады? (48-б.).

ЛӘЗЗАТШІЛ – *сладострастник*. Ежелгі заман порфирінен жасалып, бедерлері Римнің ерте замандағы ләззатшілдерінің керемет әдепсіздігін суреттейтін, әлдеқандай Кориннаның жұбанышы, ермегі болып табылатын баға жетпес асыл құмыраға жігіт, сәл күлімдегені болмаса, онша қызыға қоймады (30-б.).

МӘЙІТХАНА – *морг*. Ау да, мәйітхана да тым лас. Ал егер мас болып, құлап жатқанымызда патруль келіп жинап әкетсе, кордегардияның суық сәкісінде серейіп жату – осының өзі мәйітхананың барлық рақатын көргендік емей немене? (204-205-бб.).

МЕЙІРІМХАНА – *приют, благодельня*. Жанашыр қоғамның тәрбиесіндегі жетімдердің ең құрығанда күрес майданы сынды болашағы, үкімет сынды немесе корольдің прокуроры сынды әкесі, мейірімхана сынды панасы бар ғой (107-б.); Сайып келгенде, өмірлері сәтсіз болғандарға не жұмақ, не тамұқ керек, не есерлік тұрмыс немесе мейірімхана керек (215-б.).

МҰРАЖАЙ – *музей*. Сонау бір жерде Руйш мұражайынан сақталып қалған балауыз бөбек қалғып отырған тәрізді (27-б.).

НАМЫСҚОРШЫЛЫҚ – *самолюбие*. Ливрейсіз жалшылардың королі, арсыз арамтамақ, сен де өзіңнің намысқоршылығыңды үйінде қалдыр (306-б.).

ОПА-ДАЛАП – *косметика*. Біздің ең әсем шүберектеріміз шоқпытқа айналар, сәнді құттыханаларымызда жұпар

аңқытқан хош иісті опа-далаптарымыздан өлім иісі мұңкіп, өлік саситын болар (88-б.).

ОРАМ-ЖАЙ//ОРАМЖАЙ – *имение*. Ондай болған күнде біздің атағымызды абыроймен сақтап қалуға анамның орам-жайы әрең жетеді (105-б.); Бонапартшылар үйірмесіндегі нағыз сылқым әйел, маршалдың жамағаты, герцогиня де Карильяно жаз айларын Теодораның орамжайында жиі-жиі тынығады (137-б.).

ӨЗІН-ӨЗІ ӨЛТІРУШІЛІК – *самоубийство*. Өзін-өзі өлтірушілік атаулының қандайы да – үмітсіздіктің өрелі дастаны (16-б.).

ӨТІЛ – *призыв*. Өмірден түңілген жас жігіттің махаббатпен, әйел атаулымен араздасқан ақырғы өтілі еді бұл! Бірақ осы ақырғы өктем өтіл ұғылмады, ұшқалақ ойлы жеңілтек әйелдің жүрегін толқыта алмады. Әйел үшін өтілдің қандай мәні болмақ? (20-б.).

ПӘТЕРШІ – *квартирант*. Ешқандай қаражаты, сүйенер-сүйкенері болмай, жалғыз қалған Годен ханым, қызын асырағалы, жиһазды бөлмелерге пәтерші жіберу кәсібімен шұғылдануға ұйғарған (126-б.).

РУБАСЫ – *глава рода*. Олардың аман қалған бесеуі қала халқының рубасылары болыпты-мыс (32-б.).

СУАҒАР – *водосточный*. Суағар қобылардағы қылтиған өсімдіктерге, кешікпей дауыл ұшырып әкететін бейшара шөптерге қызыға сұқтанамын! (119-б.).

СУСЫНХАНА – *кофейня*. Министрліктерді, Операны, игілік үйлерін, сусынхана-дәмханаларды, кітапханаларды, полиция мекемесінің тізімдерін, журналистер бюросын, мейрамханаларды, театр фойелерін, қысқасы, Париждегі жақсылы-жаманды барлық жерлерді түп-түгел ғылыми зерттеуге салып, патша сарайларында билік құруға да, абақтыда жатуға да лайық туған сендей дарынды адамды жоқтап кем қамықтық (52-б.).

СЫНСЫМБАТ – *форма (фигура)*. Сол подностың үстіндегі биік тұлғаларға атақты суретші күллі Еуропада нағыз мінсіз сұлу деп есептелетін сынсымбат бітіріпті... (76-б.).

ТАУПЫҚСЫЗДЫҚ//ТАУПИҚСЫЗДЫҚ – *неблагодарность*. Менде оған деген достық сезім тұтанбаса, менің мұным барып тұрған таупықсыздық болар еді (158-б.); Сорыма қарай, мен ең таңдаулы сезімдерімде алдандым, ізгілік істерім үшін таупиқсыздықпен жазаландым, ал жаңсақтықтарым үшін мың түрлі ләззат рақатына баттым (220-б.).

ТЕҢГЕЛІК – *монета*. Жігіт үстелге тікелеп келіп, кілт тоқтады да, ойланбастан қолындағы алтын теңгелікті шұға жаймаға тастады; теңгелік қара карталар жағына қарай домалап кетті (13-б.).

ТОҒАЙША – *рощица*. Алым-салық жинаушының тізіміне өлдеқалай ілінбей қалған бұл тоғайшадағы салтанатты тыныштықты екі иттің үргені ғана кенеттен бұзып жіберді (322-б.).

ҰТЫСШЫ – *понтёр*. Жас жігіт есікті ашқанда, банк таратушы мен кассир ұтысшыларға қабақ түйе, зәрлі сүспен қарап, зілді үнмен: «Салыңдар!» деп жатқан кез болатын (11-б.).

ҮЙ БИКЕСІ – *домохозяйка, хозяйка дома*. Оның үй бикесі ретінде бөлмелерді аралап жүргенін, біресе отыра қалып, әңгіме қозғағанын, қонақтардың кейбіреулерін жанына шақырып алып, оны-мұны сұрастырғанын, есіктің босағасына сүйеніп тұрып, әңгіме тыңдағанын қадағалап қарадым да тұрдым (141-б.).

ХАРАМХАНА – *сераль, (гарем)*. Философия көңіне ұқсас орын еді бұл: тұрпайы тағылардың бейбітшілік түтігі де, харамханадан әкелінген алтын оқалы жасыл кебістер де, маврлардың семсері де, татарлардың табынатын төңірлері де – бәрі де бар мұнда, ешқайсысынан күнделік жоқ (23-б.); Қиял жүзінде менің меншікті харамханам бар, онда өзіммен өмірдеашына болып көрмеген әйелдерге иелік етемін (48-б.); Осы бір харамхана көрінісі жұрттың бәрінің көзін қызықтырып, нәпсісін қоздыратын (81-б.).

ШЕҢБЕРШЕ – *ободок*. Графиняға еріп баруға мүмкіндік алу үшін мен анамның суретін көмкерген алтын шеңбершені аманатқа салуға ұйғардым (181-б.).

ШӨРЛІК – *полка*. Пеш және ошақ шөрлігінде сарғайған әшекейлі гипс тұлғалар көрінеді (324-б.).

ШҰҚЫРША – *котловина (ямочка)*. Бәрі де: жүні жылтыраған ала сиыр да, үстінде көгілжім, меруерт жәндіктер де ызындап ұшқан, шұқыршаны шашақтай көмкерген талдырмаш су гүлдері де; жалаңаш тастардың ұмар-жұмар үймектерінің шоқысында, қылаң-сұрғылт бұйра айдарға ұқсап тарамданған ағаш тамырлары да өздерінің жарасымдылығымен көзді қуандырып тұр (322-б.).

Жұмағали Ысмағұловтың бұл аудармасында төмендегідей тағы бірқатар жаңа қолданыстар бар: *Теңіз тонаушысы (корсар), әжі қыздар, (33, 81, 306-б.) – девицы, компаньонки, бұжыра (84-б.) – кольцо, ынтыққұмарлық (338-б.) – яростное желание, ұшырма (306-б.) – чердак, салдақы (200-б.) – одалиска, пақыршылық (56) – бесцветная жизнь, меншікшілдік сезімі (246) – чувства собственности, шонтай – кисет, сезімпаздық – чувствительность, жанартау – лава.*

Оскар УАЙЛЬД. Дориан Грейдің портреті. Роман.

Ағылшын тілінен аударған Гүлшат Түсіпова.

– Астана, 2011. – 344 б.

АДАМСҮЙГІШТІК – *человеколюбие*. Адамсүйгіштікпен әбден құнығып алған филантроптарға одан басқа бірдеңені ұқтыру мүмкін емес (55-б.).

АҚҚАЙНАР – *шампанское*. Бізге кофе, аққайнар және папирос әкеліңізші (122-б.); Дориан қайта-қайта бокалына құйылған аққайнарды сіміріп салды (265-б.).

АШЫЛЫС – *открытие*. Ол бір нәрсені анық білетін: адамның сезімталдыққа қатысты өмірі де, рухани өмірі сынды көптеген ашылыстарын күтіп, ашылмай жатқан бір кітап екенін нақ түйсінетін (200-б.).

БҰЗЫЛЫС – *порча*. Сұм бұзылыс іштен шығып жатқан болуы керек (237-б.).

БІРТУМА – *шедевр*. Ол нағыз біртума болатын (323-б.); «Әлем өзгеріп кетті, өйткені оған сіз келдіңіз, сіз, піл сүйе-

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
гінен ойылып, алтынмен апталған біртумасыз» делінген-тін
(333-б.).

ГРАФТЫҚ – *графство*. Лорд Фермор орталық графтық-
тардағы көмір кеніштеріне көп көңіл бөлетін (49-б.).

ГҮЛБАҚ – *оранжерей* (291-б.).

ГҮЛДЕСТЕ – *клумба* (105-б.).

ДАҢҒАЗАШЫ – *егерь (аң үркітуші, аң айдаушы, қағушы)*. Мен даңғазашыға тиіп кеттім ғой деймін! Бас даңғазашы таяғын қолына ұстай жүгіріп келді (305-б.); Даңғазашыларды ату жақсы емес (306-б.).

ДӘРУМЕН – *тониические средства, витамины*. – Маған қонаққа жиі келіп тұруыңызға болады, лорд Генри, сіздің әңгімеңіз мені сэр Эндрю жазып берген барлық дәрумендерден де артық сергітеді (270-б.).

ЕРНЕУ – *рама, рамка*. Оның үстіне жақында қолыма тамаша бір ернеу түсті (183-б.); Мен, ернеуге қарауға, әрине, бір кіріп шығармын. Портрет әшекейлі ернеуде болғандықтан өте ауыр-тын, сондықтан мистер Хаббардтың қарсылығына қарамастан, арасында Дориан да көмектесуге тырысып бақты (184-б.).

ЖАБЫНДЫ – *саван (186), полог (208)*. Портреттің бет жүзі мына нәзік жабындының астында қалай бұзылса да өзі білсін (186-б.); Гүлдері алтын мен күмістен, жабындысы маржантаспен кестеленіпті (208-б.).

ЖАНТАНУ – *психология*. Лорд Генри жантану қайбір кезде, әйтеуір бір кезде, адамзаттың әр ішкі қозғалысының себебін дәл ашып көрсететін нақты ғылымға айнала алар ма екен деп сұрақ қойды өз-өзіне (91-б.).

ЖАНТАНУШЫ – *психолог*. Беделді жантанушылардың белсенді теориялары мен аталымдары қандай ұшқалақ! (90-б.); Қазіргі заманғы жантанушылар мұны жанып-өшіп теппераментке ие адамдардың көрсеқызарлығы деп түсіндіреді (198-б.).

ЖАСУША – *клетка*. Басында тек бір нәрсе ғана, әрбір жасуша, әрбір қантамыры тек соны тілеп қана соғады (279-б.); Сіздің өміріңіз жүйке талшықтарына, ағзамыздың ерекшеліктеріне, ақырындап дамып жатқан жасушаларға,

онда жасырынып жатқан ойлармен армандарға, желік сезімдерге тәуелді (327-б.).

ЖЕДЕЛХАТ – *телеграмма*. Бұл хабарды ести салысымен маған жеделхат жіберсеңіз етті, әп-сәтте келер едім ғой... (163-б.).

ЖҰЗАҚ – *ағам* (204-б.).

ЗЕРТХАНА – *лаборатория*. Бар уақытын Кембридждегі зертханаларға арнайтын, әрі өзі жабдықтатқан жеке зертханасынан шықпайды (248-б.).

КЕКЕСІНШІЛДІК – *цинизм*. Сенің кекесіншілдігің тек бер жағың ғана (10-б.).

ҚАФИДАТ – *принцип*. Маған адамдардың ұстанып алған қағидаттарын емес, олардың өздерін зерттеу ұнайды, ең қызықтырағы – ешқандай қағидаттарға бағынбайтындары (18-б.).

ҚАСИЕТТІ ӘКЕЙ – *священник (святой отец)*. Дорианға шіркеудің суық еденіне тізерлеп отырып, қасиетті әкейдің басындағы асыл тастармен әшекейлеген сұлу мүсінді бас киімін қаны қашқан аппақ қолдарымен шешіп жатқанына қарау ұнайтын (199-б.).

Ескерту: Көбінесе түрлі әдебиеттерде «святой отец» дегеннің аудармасы «әулие әкей» деп алынатын. Мұнда аудармашы «әулие» орнына «қасиетті» сөзін пайдаланған. Келесі бір аудармашы «киелі әкей» деп жатса, оған да таңғалмаспыз. Осылай әр аудармашы өзінше құбылта бермей, бұлардың бірін тілде орнықтыру маңызды (*Ш.Қ.*).

КӘРІПТАС – *янтарь*. Кейбір кәріптас түсті жібекпен, көгілдір және алтын паршадан, сары қамқа мен глазеттен тігілген (210-б.).

КЕЛІСІМШАРТ – *контракт*. Келісімшартқа қол қоймағанда, бөріне қолымды бір сілтеп, сенімен қалар едім (107-б.).

КІРЕБЕРІС – *подъезд*. Алтындатылған үлкен шам қымбат ағашпен әрленген кең кіреберісте әлі де жанып тұр екен (138-б.).

МАЙШАМ – *свечка*. Ол майшамды портретке жақын әкеліп, мұқият қарай бастады (237-б.).

МАРЖАНТАС – *жемчуг.* Гүлдері алтын мен күмістен, жабындысы маржантаспен кестеленіпті (208-б.).

МӘЙІТХАНА – *морг.* Сіз онсыз да ауруханаларда, мәйітханада талай рет болып, талай рет тәжірибеден өттіңіз, сонда бетіңіздегі бір тамыр да бүлк етпейді ғой (254-б.).

МӨТІН – *текст.* Мөтінге өз жанынан қаншама сөз қосқаны есімде жоқ (79-б.).

МОЙЫНТАҚ//МОЙЫНТАҒАР – *галстук.* Сенің фрак киіп, ақ мойынтақ тақса болды, тіпті биржа маклері де өркениетті адамға айналады деп айтқаныңдай (12-б.); Ол бүгін күндегісінен де сәнқойланып киінді, мойынтағарын, оған сәйкесетін жүзіктерін бірнеше реттен ауыстырды (245-б.); Ол енді мойынтағыңыздың нұсқаларын жасап алыпты, әрі сізбен таныстыр деп жалбарынған болатын (329-б.).

ОТШАҚПАҚ – *зажигалка.* «Қайдағы жоқты айтып отырсыз, Гарри!» – деп қарсы шықты жас жігіт лакей үстел үстіне қойып кеткен күміс отшақпақтан папирос тұтатып жатып (123-б.).

ӨМІРСҮЙГІШ – *жизнелюб.* Грек құдайлары сынды ол мәңгі күшті, жылдам әрі өмірсүйгіш қалпынан айнымайды (163-б.).

ӨМІРТАРИХ – *летопись.* Кейде, адамзаттың бар тарихы, тек бар болғаны Дорианның өз өміртарихы сынды болып қана көрінетін кездер де болады (218-б.); Қазір қателеспегенімді білемін, ішкі түйсігім мені алдамапты, ол адамның өміртарихы сұмдық істерге толы екен (226-б.).

ӨТКІНШІ – *прохожий.* Жанынан боқтықты алай да, бұлай да төгілтіп айқай салып, құлағанша ішіп алған өткіншілердің жүріп өткенін де есіне алды (137-б.).

РӘСІМШІЛДІК – *обрядность.* Шынымен де, католиктердің діни рәсімшілдіктері Дорианға қатты ұнайтын (199-б.).

САТЫЛЫМ – *распродажа.* Ал леди Бредон өз қонақтарын бейнебір аукциондағы сатылымда бір салғаннан-ақ сатып жіберуге дайындалған заттай суреттей жөнеледі, олар жөнінде не айтылмасты айтады, не болмаса естігің келмейтін дүниеден өзге ештеңе айтпайды (15-б.); Оны кездейсоқ сатылымнан тауып алдым (183-б.).

САЯБАҚ – *парк*. Ал мен саябаққа кеттім, – деді ол тұрып жатып (68-б.); Жүр, саябаққа барып серуендейік! (97-б.); Қазір саябаққа жетер жер жоқ! (331-б.).

СЕЗІМШІЛ – *сентиментальный*. Олар тым сезімшіл. Ал мен сезімшіл адамдарды жақсы көремін (73).

СУҚАҒАР – *плащ (206), зонтик (325)*. Екінші Ричардтың толығымен лала таспен оқаланған суқағары болған (206-б.); Өзіңіз елестетіңізші, жаңбыр құйып тұрған жексенбі, сөлбірейген макинтошы бар христиан жауын астында беріле сөз сөйлеп тұр, ұлысы бар, кішісі бар қисық-қисық суқағарларын көтерген қара халық суыққа қарамай оны тыңдайды, бәрі бір деммен дем алады, сол сәтте осы тіркес ауаны жарып өтеді (325-б.).

ТАПСЫРЫС – *заказ*. Барлық нәрселерін тапсырыспен алдыртады (60-б.); Сондықтан, тапсырыс берушілердің үйлеріне өзі ешқашан бармайтын, олардың өзі келуін күтетін әдеті бар еді (183-б.).

ТЕКҚАҒАЗ – *визитная карточка (визитка)*. Дориан кішкене кезінен бай адамдардың көбін, құпия хатын оқып алған немесе әңгімелерін естіп қойған немесе мекен-жай көрсетілген текқағаз тауып алып немесе жастық астынан кестелі орамал мен солған гүл сынды дүниелерді тауып алған қызметшілер қорқытып ұстағаны туралы әңгімелерді жиі еститін... (188-б.).

ТОПТАМА – *коллекция (14-б.), цикл (57-б.)*. Байқауымша, өз-өзінен мені атақты достарынан құралған топтамасының тізіміне енгізіп қойса керек (14-б.); Ол өзінің түрлі-түсті мәрмәрға ойып қалдырған сонеттер топтамасында осы жайында сөз қозғады емес пе? (57-б.).

ҮДЕРІС – *процесс*. Бұл үдерісті бақылаудың өзі тамаша болмақ емес пе! (163-б.).

ҮСТЕЛШЕ – *столтик*. Есік қағылып, шай қойылған табағы бар лакей кірді де оны жапон үстелшесіне қойды (45-б.); Дориан оны өшіріп, үстелше үстіне шляпасы мен сулығын лақтыра салды (138-б.).

ІС-ШАРА – *затяя (мероприятие)*. Соның ойлап тауып алған қайдағы бір қайырымдылық іс-шараларына түбіртек

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
жазып беруден басқа жұмысым жоқтай көреді ғой деймін
мені (55-б.).

Сондай-ақ бұл аудармада *сұрқайылық* (262-б.) – *некрасивость, сызба* (262-б.) – *рисунок (схема, чертеж)*, *ииссу* (319-б.) – *уксус* балама атаулар қолданылып, *пәлсапа* (63-б.), *күршек* (339) сияқты өзгертіліп жазылған кірме сөздер кездеседі.

Эрнест ХЕМИНГУЭЙ. Қызығы мол сол жылдар.

Хикаят. Килиманджаро – қарлы тау. Әңгіме.

Орыс тілінен аударған Нәбиден Әбуталиев

Шал мен теңіз. Хикаят. Орыс тілінен аударған

Нығмет Ғабдуллин. – Астана, 2011. – 344 б.

Төмендегі атаулар Э. Хемингуэйдің Нәбиден Әбуталиев аударған алғашқы екі шығармасынан алынды.

АСПАЛЫ ҚАПШЫҚ – *рюкзак*. Түкті теріден тігілген етігіңмен қарағайдың аяқ астындағы қылқандарын шытырлата басып, арқаңдағы аспалы қапшықтың ауырлығын сезініп кетіп бара жатасың (79-б.).

АТШАБАР – *инподром*. Бүгін бәйге ешкім көп қызықпайтын кішкене, бірақ тәртіпсіздігі көп «Энгиен» атшабарында өткізіледі деп хабарланды (42-б.); Пойыздан түскен соң платформадан көкжасыл шөп өскен атшабарға дейін жаяу жүріп бардық (45-б.); Мүмкіндік болған сәттерде ретін тауып, екі атшабардың екеуіне де – «Отейльге» де, «Энгиенге» де баратын едім (53-б.).

ӘУЛИЕ ӘКЕ//ӘУЛИЕ ӘКЕЙ – *святой отец*. Әулие әкелер көшесімен жүріп отырып, Жакоб көшесінің бұрышына жеткенше біз жолшыбай арагідік тоқтап, картиналар мен жиһаздар қойылған дүкендердің жаймаларына көз жіберумен болдық (50-б.); Скотт мені өзімен бірге Жакоб көшесі мен Әулие әкейлер көшесінің түйіскен жеріндегі Мишо мейрамханасына түскі ас ішуге шақырды (169-б.).

БАСҚЫШ АЛАҢЫ – *лестничная площадка*. Аяғында да киіз табанды шөркейі бар еді, біздің басқыш алаңында

тоқтағанда маған оның қатты дем алғаны естіледі, содан кейін тарс еткізіп жапқан есігінің дыбысын біра-ақ есітемін (42-б.).

БЕКІТПЕ – *крепление*. Жығылғанда аяқтың сынуы мүмкін жағдайда шаңғы бекітпелерін пайдалануға болмайды, құлаған сәтте шаңғы аяқтан өзінен-өзі сыпырылып кетуі керек (178-б.).

БИКЕ – *мисс*. Стайн бикенің тәлімі (12-б.).

БҰРҚАҚ – *фонтан*. Жапырағынан айрылған ағаштар сидаң тартып, қысқы жел тоғандардағы су бетін бір түрлі шұбарландырып, бұрқақтардан атқылаған тамшылар күн сәулесінде күмістей жарқырайды (12-б.); Алаңда арыстанның суреті бейнеленген бұрқақтар бар, көше ортасымен көгершіндер уілдеп шұбырып, қайсыбірі епископтардың мүсіндеріне барып қонақтап отырады (60-б.).

ДӘЛІЗШІ (дәліз күтуші) – *коридорный*. Осы кезде мұз салынған екі стақан лимон шырыны мен арақ және «Перье» минералды суын алып дәлізші де жетті, ол маған дәріхананың жабылып қалып, термометр ала алмағанын айтты (149-б.).

ДҮҢГІРШЕК – *киоск*. Тек қаңыраған сұрғылт көшелер мен дүкендердің, дәріханалардың, қағаз бен газет дүңгіршектерінің жабық есіктері, арзанқол ақушерканың маңдайшадағы жазулары, бір кезде Верлен қайтыс болған және ең үстінде өзім жұмыс істейтін нөмірім бар мейрамханаға ғана көрінеді (7-б.); Форд кеткенде қараңғы түскен еді, мен дүңгіршекке барып, «Париспорттың» Отейльдегі бүгінгі ат бәйгесінің нәтижесін және келесі күнгі Энциенде өтетін жарысты жариялаған нөмірін сатып алдым (78-б.).

ЕСІРТКІШ – *наркотик*. Сол кезде және бәйгеге қосатын аттардың сілекейін тексеріп, қолдан әдейі желіктірілген аттарды өзге сау аттардан ажыратып алу және басқа осы сияқты әдістер әлі де аспаған еді, ал бірақ есірткіш барынша кеңінен қолданылатын. Бірақ есірткіш дәрі берілген аттарға озады деп үміт арту, ол аттардың бәйге кезіндегі жай-күйін анықтау және өз жүрегінің сезініп білуіне сүйеніп, оған ең соңғы тиыныңды тігу – тым қатерлі іс (88-б.);

Бұл апиынды ол, сірә, бірінші дүниежүзілік соғыста, мүмкін, одан кейін қашқындар мен есірткіші дүниелерімен сауда-саттық жасаушылар паналайтын «Жардағы қуыс» деп аталатын ескі ішімдікханадан сатып алған шығар деген тұжырымға келдім (123-б.).

ЖАҒАЖОЛ – *тропуар*. Міне, осындай жайттарды стенографиялауға болар еді, дегенмен гүл сатушы әйелдердің көшенің өзінде тұрып гүл бояп, сол бояу сыздықтап жағажол бойымен автобус аялдамасына дейін ағып баратын Контрескарп алаңы; (223-б.); Мұнда қалың жапырақты ағаштар, төменгі жағы қоңыр панельді әкпен сыланған үйлер, дөңгелек алаңда ұшы-қиырсыз көк-жасыл автобустар легі, жағажолды қаптаған күлгін қағаз гүлдер, Кардинал Лемуан көшесіндегі өзенге иек артқан тіп-тік құлама жар, ал бұған қарама-қарсы екінші беттегі еңсіз Муфтар көшесінің иін тірескен ығы-жығы кішкене үйлері – бәрі-бәрі аяулы, бәрі де қазіргідей көз алдымда (225-б.).

ЖАНҰЯ – *семья*. Суреттерге немесе әдеби шығармаларға жақындығың, оны ұнатуың өз жанұяна деген сүйіспеншіліктен айырмасы жоқ деп есептеп, сол себепті өзім ондайды сынап-мінеуді әдепсіздік деп түсінемін (96-б.).

ЖЕДЕЛСАТЫ – *лифт*. Шрунсте шаңғышыларға арналған тауға көтерілетін жеделсаты не фуникулер болған жоқ, бірақ ағаш кесушілердің, бақташылардың жалғызаяқ соқпағымен ғана тауға көтерілуге болатын еді (176-б.).

ЖЕДЕЛХАТ – *телеграмма*. Менде басқа амал болмай, Лиондағы қонақ үйдің адресін айтып, өзім сонда күтемін деп Дижоннан Скотқа жеделхат бердім. Жүріп кеткенше ол менің жеделхатымды алып үлгермейтінін түсіне тұрсам да, жұбайы оған жеделхатты жіберетін шығар деп сендім (137-б.).

ЖОЛБОЛҒЫШТЫҚ – *везучесть, везучие*. Мен жолболғыштықты өзге мағынада айтып тұрмын (51-б.).

КЕСПЕКШЕ – *бочонок (чонка)*. Қарапайым қызыл шарап бұдан арзан еді, сондықтан біз Мадленер-Хаусқа оны кеспекшелерге құйып апаратынбыз (179-б.).

КІНДІК ДІҢГЕК – *мачта*. Кіндік діңгекті суырып алып, оған желкенді домалатып орады да, сыртынан жіппен буды. Бір кезде ол кіндік діңгекті жерге тастай беріп, орнынан түрегелді (*Шал мен теңіз. 335-б.*).

ҚАҚПАШЫ ӘЙЕЛ – *консьержка*. Тақтай тілетін зауытқа Эрзаның үйіндегі қақпашы әйел келді... (124-б.); «Меніңше, Паунд мырзаның сыйлығы оған зәру емес шығар» – дедім мен қақпашы әйелге (125-б.).

ҚАРМАҚБАУ – *леса, леска, бечева*. Екі қолы тілім-тілім, бұл қармаққа ілінген ірі балықты судан сүйреп шығарған кездерінде алақанды тіліп кеткен қармақбаудың іздері (*Шал мен теңіз. 239-240-бб.*).

ҚОЛШАМ – *фонарь*. Қайық жаққа көшедегі қолшам жарығы түсіп тұрғандықтан, балықтың тізілген омыртқасының ағараңдаған желісі де шалға көрінді (*Шал мен теңіз. 336-б.*).

ҚҰМАРЛЫҚ ОЙЫНДАР – *азартные игры*. Ол уақытта Австрияда мұндай құмарлық ойындарға тыйым салынатын еді, мен қонақ үйдің қожайыны Нельс мырзамен, тау шаңғысы спорты мектебінің директоры Лент мырзамен, қаланың банкирімен, прокурормен және жандармерия капитанымен ойнап жүрдім (179-б.).

МЕДБИКЕ – *сестра (медсестра)*. Ал мына бір шал жөнінде не айтар едіңіз, өзінің мінезі сыпайы, есімі дағарадай, итальян госпиталында жатқанымда ол маған «марсалы» ма, «кампари» ма, бір бөтелке шарап әкеліп, өзін кереметтей әдепті ұстады, ал одан кейін бір күні медбикеден «Бұл адамды палатама енді қайтып жібермеңіз» деп өтіндім (21-б.).

МЕЙРАМХАНА – *ресторан*. Тек қаңыраған сұрғылт көшелер мен дүкендердің, дәріханалардың, қағаз бен газет дүңгіршектерінің жабық есіктері, арзанқол акушерканың маңдайшадағы жазулары бір кезде Верлен қайтыс болған және ең үстінде өзім жұмыс істейтін нөмірім бар мейрамхана ғана көрінеді (7-б.).

МҰРАЖАЙ – *музей*. Мен жұмыстан соң көше-көшені бойлап Люксембург бағына соғамын да, біраз серуендегеннен кейін осындағы мұражайға кіретінмін (14-б.); Күн

бұлыңғырланып, мұражайдың ішіне жарық аз түсіп күңгірттеніп тұратын кездері мен бақтың ішімен өтіп, Флерюс көшесі, 27-үйдегі Гертруда Стайнның пәтер-студиясына баратынымын (15-б.).

ОТ АЛДЫРҒЫШ – *зажигание*. Стайн бике «Т» модельді ескі «форд» автомобиліне мініп жүретін, бірде сол машинасының от алдырғышы жұмыс істемей қалды (28-б.).

ОТЫНШЫ – *дровосек*. Бұлар онда сыртын шынымен қаптаған, кірпіш пеші бөлменің біраз бөлігін алып жатқан ормандағы отыншының шағын үйінде қайың жапырағымен толтырған сырмақ төсекте жатып талай түнеген (*Килиманджаро – қарлы тау. 200-б.*).

ӨРМЕЛЕУШІ – *альпинист (тот, кто совершает восхождение)*. Тауда жаз кезінде өрмелеушілерге арналған альпілік клубтың кішкене үйшіктері тұратын (176-б.).

САЯЖОЛ – *бульварь*. ...Оңға бұрылып, Сен-Мишель саяжолының ығына шықтым, одан әрі Клюни мен Сен-Жермен саяжолдарын жанамалап, Сен-Мишель алаңындағы әйгілі дәмханаға келіп кірдім (8-б.).

ТАПСЫРЫС – *заказ*. Мен өзімнің көнетоз плащымды кеуіп тұрсын деп ілгішке іліп, орындық үстіндегі ілмекке әбден тозығы жеткен қалпағымды лақтырып тастай сап, даяшыға сүт қатқан кофеге тапсырыс бердім (8-б.).

ҰШАҚ – *самолет*. Би залы қожайынының таксиі бар еді, ұшаққа асыққан сәттерімде мені ол әуежайға апарып салатын (73-б.); – Ұшақтарды ұнатпаймын, – деді Форд (74-б.); Ертең ұшақ келеді (212-б.).

ҰЛБІРЕК ҚАҒАЗ – *салфетка (бумажная)*. Шанышқы, пышақ, қасықты әрқайсысын қол сұртетін ұлбірек қағазға бөлек-бөлек орап, қалтасына салып әкелген еді (Шал мен теңіз. 248-б.).

ІШІМДІКХАНА – *бар*. Үстіне американдық ішімдікханаларда киетін ақ күрте киіп алған (122-б.); Бұл апиынды ол, сірә, бірінші дүниежүзілік соғыста, мүмкін, одан кейін қашқындар мен есірткіш дүниелерімен сауда-саттық жасаушылар паналайтын «Жардағы қуыс» деп аталатын ескі ішімдікханадан сатып алған шығар деген тұжырымға келдім (123-б.).

Жоғарыдағы баламалармен қатар аудармада *пәтер-студия (15) – квартира-студия, нашақұмарлық (22) – наркомания, жарысшы (57) – гонщик, дөңгелекше (57) – ролик, белбеу-бау (79) – ремень (рюкзака), модельші – модельер (90), төлем қағаз (142) – счет, пайыз (160) – процент* секілді автор ұсынған баламалар мен жаңа қолданыстар кездеседі.

Аудармада *нөмір (12, 13, 108), пенжаг (8), зауыт (30, 116), қамзол (31), пойыз (44, 136), шампан (46, 129), пошта (53), резеңке (58), журнал (102), рюмке (118, 142), стақан (121)* тәрізді кірме атаулар қазақ айтылымына сай өзгертіліп жазылса, *литр (6), устрица (10, 47, 109), плащ (45), трибуна (45, 46), бокал (46, 131), форель (49, 69), чек (55), велодром (57), матч (57), сквер (60), кружка (64), машина (65, 106, 142), машинка (65), вокзал (65, 68), чемодан (68), костюм (70), заказ (79), гранка (101, 102), квартал (107), журнал (108, 112), пальто (118), пирог (34), полк (121), состав (136), адрес (137), поршень (142), пижама (153), терраса (250), акула (319, 324, 325), галанос (325, 329), румпель (327, 334), руль (334), рессор (339)* сияқты сөздер орыс тілі орфографиясы бойынша жазылған қалпында өзгеріссіз қолданылады.

Эрнест Хемингуэй: «Мен сондай-ақ алты күнге созылған қызықты велосипед жарысы мен биік таудың тас жолындағы дәл сондай қайталанбас жарыстарды да суреттеп жазар едім. Мұны тек француз тілімен ғана суреттеп жазуыма болар еді, өйткені велосипед жөніндегі терминнің бәрі французша боп келеді. Бұл жайында жазудың қиындығы да, міне, осында жатыр». (59-б.).

Виктор ГЮГО. Тоқсан үшінші жыл. Роман.

Орыс тілінен аударғандар Балмағамбет Қойшыбаев,
Аманғали Сұлтанов. – Астана, 2011. – 344 б.

АЗАМАТША – *гражданка*. Ал кеттік, азаматша, – деді (20-б.).

АТЫС ҰЯСЫ – *амбразура*. Бірақ ол ақыры атыс ұясының төменгі жиегіне жетті де, майысқан тордың салбырап тұр-

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
ған шарбақтарын бір жаққа итеріп, ішіне кіруге кәміл бо-
латынын анықтап алды (256-б.).

ӘУЛИЕ ӘКЕЙ – *святой отец*. Оларға ілесе кеме жолға шыққаннан бері офицерлер каютасында дұға оқумен келе жатқан кеме әулие әкейі келді. Қолына Христос бейнесіндегі крес ұстаған әулие әкей алға шығып, оның қасына барды (43-б.).

БҰРҚАҚ – *лава (фонтан)*. Жер астындағы құжынаған қуысқа жасырынып, жауынгерлер қаптап жүрген осынау алдамшы қалың жыныс революцияның зілдей табанының тегеурінімен азамат соғысы бұрқақша атқылап жатқан астыртын дәу ұлпа тәріздес (138-б.).

ЕЖЕЛДІК – *древность*. Бұл дөң өзінің ежелдігімен әйгілі еді (74-б.).

ҚОҢЫРАУХАНА – *колокольня*. Барлық шіркеу қоңырауханаларында, барлық діни қауымдарда, барлық деревняларда жанталаса дабыл қағылып жатты (78-б.).

ҚУАЛАМА САТЫ – *винтовая лестница*. Төменгі қабатта дөңгелек зал бар-ды, оған тап-тар қуалама саты бойынша ғана кіруге болатын (243-б.); Радуб қылышын тастай сап, әр қолына қос ауыз тапаншадан алып, бірден төмен қарата, қуалама сатының өн бойымен тарс еткізді, кейін ірі бытырамен оқталған мушкеттерден ата бастады (260-б.).

ҚҰТҚАРМА САТЫ – *спасательная лестница*. Олар, біріншіден, өрт шығу мүмкіндігін күн ілгері ескеріпті: қамалдың ор жақтағы терезелерінің астында темір ілгегі бар берік құтқарма саты ілінген (196-б.); Ілгіштен алынған құтқарма сатыны қабырғаға сүйеп, үш кереуетті екінші қабырғаның қасына, сатының қарсы алдына қойды (212-213-бб.); – Құтқарма сатысыз қалай бастамақсыз? (246-б.).

НӘСІЛЕТ – *родовой*. Ол өзінің нәсілетті қамалына сирек келетін және жетім баланы оңаша қамалда жалғыз тастап, біресе Версальда, біресе армия жанында жүретін (116-б.).

ОЯНЫС – *подъем*. Бұл жайлы ояныс болмады: жатарда үстерінен жымыңдап тұрған жұлдыз орнына оянғанда картечь зулап жатыр екен (163-б.).

ТӨЛҚҰЖАТ – *пропуск (паспорт)*. Бұл опасыздың қолында мұндай төлқұжаттардың бума-бумасы болды. Жұрт бұл төлқұжаттармен бүкіл Бретаньда емін-еркін сайрандап жүрді (141-б.).

ҮРДІС ШАБУЫЛ – *схватка (атака, наступление)*. Үрдіс шабуыл басталғанша жарты сағаттай-ақ қалған (243-б.); Ол ұрыста қаза тапқандардың қанына боялған көгалмен әрлі-берлі жүре бастады; мұнараға үрдіс шабуыл осы жерден басталған (296-б.).

ШЕНЕМЕ – *сопоставление*. Бұл – қайғылы шенеме (333-б.).

ШҮБЕРЕКШІ – *ветошник*. Шүберекшілерден жұрт стихарь мен рясаны қолдан-қолға тигізбей, сатып алуда (105-б.).

Лев ТОЛСТОЙ. Крейцер сонатасы. Хикаят.

Орыс тілінен аударған Ғаббас Жұмабаев.

Адамға қанша жер қажет. Хикаят.

Орыс тілінен аударған Әбілмәжін Жұмабаев.

Помещиктің сәскесі. Хикаят.

Орыс тілінен аударған Қалихан Ысқақов.

Өзәзіл. Өңгіме.

Орыс тілінен аударған Рымғали Нұрғалиев.

Лев Толстой. – Астана, 2011. – 344 б.

АЙБАН (*жерг. сөз. кіреберіс, дәліз*) – *колоннада*. ...Астыңғы қабатындағы өзі тұратын, алдында колоннадасы, әйнектелген айбаны бар үлкен үйден шықты да, тазаланбаған жолданын шөп басып кеткен ескі ағылшын бағын қақ жара өтіп, күре жолдың екі жағына орналасқан ауылға беттеді (210-б.).

АУЛАШЫ – *дворник*. Міне, ұзын сақал аулашы мен оның немересі – өзімнің Васяммен жасты бала көз алдыма елестеді (105-б.); Ештеме де ойламай, анда-санда кездескен жолаушылар мен аулашыларға, шам жарығында астымдағы арбамның біресе алға, біресе артқа түскен көлеңкесіне жағалай қарап жүріп келем (108-б.); Аулашыға айт, полицияға хабар берсін (118-б.).

АШЫНАЖАЙ – *близкий*. Әйелім үшін солай жасадым ба, әлде анадан қорықпайтындығымды дәлелдеу үшін ерегістім бе, өзімді өзім алдау үшін өзіме жасаған қылығым ба білмеймін, әйтеуір алғашқы араласқаннан-ақ онымен ашынажай бола алмай-ақ қойдым (85-б.).

ӘПКІШ – *водонос*. Жап-жалпақ, мығым иыққа жайлы жайғасқан әпкіш селт етер емес. Әпкіштің екінші басын көтеріп жатқан Юхванканың шешесі керісінше кәріліктің шегіне жетіп, әбден қаусаған кемпірлердің бірі еді (Помещиктің сәскесі. 231-б.).

БЕЙТАҒЛЫМ – *безнравственно*. Соған орай менің көңілімде де үйленгеннен бері дамыл таптырмай мазамды алып жүрген қызғаныш азабы өршелене түсті, әйелімен менше тұратын, яғни бейтағлым тірлік ететін жұбайлардың арасында бұл азаптың тақсіретін тартпайтыны кемде-кем (57-б.).

БОРЫШҚОР – *должник*. Никита Серпуховский екі миллиондық дәулетті шашып-төгіп, оның үстіне жүз жиырма мың сом борышкер болған (171-б.).

БӨКСЕРМЕ – *занавес, понева*. Үстінде жеңі мен жағасына кесте жүгірткен тап-таза көйлегі, сондай бөксермесі, алжапқышы, желбегейі бар, мойнында моншақ, басында қызыл қағазбен әшекейлеп, жалтырауықтар қадаған төрт бұрышты сәнқой тақия (Помещиктің сәскесі. 231-б.).

ДАЯШЫ – *няня (официант)*. Даяшы! Мынау мені өлтірді ғой! – деп шыңғырып жіберді (117-б.). (Няня! Он убил меня!)

ДЕГДІТПЕ – *овин*. Шарбақ та, конопляны кептіретін дегдітпе де, қора-қопсы да, түк те жоқ (219-б.).

ЖАЛДАНДЫ (лар) – *наемные рабочие*. ...Қырық мың десятина жері қант зауыты бар Семеновскідегі ұлан-ғайыр шаруашылықты жалдандыларға, өз жұмыскерлеріне істету үшін ақша табу қажет еді (Өзәзіл. 285-б.).

ЖЕГІ – *сифилис*. Жас жігітті әйелдерден жиіркендіру үшін жегілердің емханасына апармай-ақ, өз жаныма үңіліп, оны кесек-кесегімен жұлып жеп жатқан албастыларды көрсетер ем мен оған! (107-б.).

ЗЭПӨНКЕ – *запонки*. Жейдесінің екі жеңіндегі зэпөнкелері де үлкен, салмақты, алтыннан жасалған, көгілдір асыл тастары бар (169-б.).

КІЛТШІ – *ключник*. Анау дар алдындағы кілтші Ванькаша шекер-балдай аузынан қалай сүйіп алғанын, т.б. шырқап береді (107-б.).

ҚАҒИДА – *правила*. Болашақ міндеттерім жайлы көп-көп тыңдадым, қимыл-қарекетімнің қағидаларын да жазып қойдым, енді құдай бұйыртып, бойдан қуат таймаса, дегеніме жетерім хақ (Помещиктің сәскесі. 207-б.).

ҚАҚПАША – *калитка*. Қақпашаның шиқылын естіп, шал жалт бұрылды да, тершіген күнқақты жүзін жейдесінің етегімен сүртіп қойып, момақан пішінмен қуана жымып, бариннің алдынан шықты (263-б.); «Балшелегің көп пе?» – деп сұрады ол қақпашаға қарай шегіншектей беріп (265-б.).

ҚОЙМАША – *клет, клетушка*. Сырт жағынан қарағандағы осынау біртоға көміл көріністі қақпаға жанастыра салған аңғал-саңғал қоймаша мен төбесі ашық жаппа ғана бұзып тұрғандай (Помещиктің сәскесі. 230-231-бб.).

ҚОРҒАНШЫ – *опекун*. Үшінші жылы қорғаншымыз орнынан түсірді, бірақ төменгі жұмыста да теріс қылық көрсетпеді (Помещиктің сәскесі. 241-б.); Бұл қақпасты жөнге саламыз деп қорғаншы екеуміздің істемегеніміз қалмады – қосқа да сап көрдік, үйде де талай жазаладық – сіз бұнымызды, әлбетте, жақтай қоймассыз. Қорғаншы оны қанша рет дүйім жұрттың алдында дүрелетті дейсіз, сонда бар ғой, сенесіз бе, мәртебелі тақсыр, мыңқ етпейді-ау, үстін қағады да жүре береді (Помещиктің сәскесі. 243-б.).

ОРАМАЛША – *платок*. ...Жібек орамалшасын алды да, быттиған қызыл бетін сүртпектей бастады (Помещиктің сәскесі. 240-б.).

САМАЛЖАЙ – *беседка*. Оның самалжайда не істеп жүргені белгісіз, бірақ әйтеуір одан шыққасын Фоефанға атпен айналма жолға шық дегенін білемін (164-б.).

СЕРДЕБЕ – *роскошь*. Өмірдің күллі сән-салтанат – сердебесі әйелдерге ғана қажет, солардың арқасында ғана жан сақтап тұр (36-б.).

СҮТЕНЕ – *кормилица*. Сөйтті де, сүтенесі алға түсіп жүгіре жөнелді (256-б.); Сүтене біраз үнсіз отырды (258-б.); Қош боп тұр, сүтене (259-б.).

СІЛІМТІР – *дрянной*. Анау қайдағы бір жалдамалы скрипкашы, оңбаған сілімтір деген аты шыққан адам, ал анау салиқалы әйел – бір үйлі жанның анасы, менің әйелім! (100-б.).

ТАПСЫРЫС – *заказ*. Сол үшін де мен шаруа құрылысына деген тапсырысты әдейі бөлек белгілетіп, қауым билігіне бердім (222-б.).

ТЕСКІНДІК – *клапан*. Сөйтіп, тән ләззаты дүмпігенде дем шығаратын тескіндік болып шықты (43-б.).

ТӨЛҚҰЖАТ – *паспорт*. Бір рет мен шетелдік төлқұжат та алып қойдым, жанжал екі күнге созылды, сонсоң тағы да шала түсінісу, шала табысу боп, ақыры тағы қалып қойдым (81-б.).

ТӨСАҒАШ – *кушетка*. Ол төсағашқа құлап түсті де, жаралы көзін қолымен басып, бетіме тура қарады (115-б.).

ХАРАМХАНА – *публичный дом*. ...Оның харамханаға барғаны жайында да, даяшылар мен аспаздар, бөтен біреулердің әйелдері жайында да бір ауыз сөз айтылмайды (29-б.).

ШАБАТА – *лапти*. Үлкені, Қарп, одан да биік, аяғында шабатасы, үстінде жұпыны жейдесімен сұр қафтаны бар, жирен сақалы жайыла өскен түсі де қату, тіпті тұнжыраңқы дерлік (Помещиктің сәскесі. 260-261-бб.).

ШЫЛЫМПАЗ – *курящий (курящая)*. Бұлар: еркек киіміне ұқсастау шолақ бешпент, бөрік киген, жүзінде қасірет ізі бар, өңсіздеу келген, өзі шылымпаз бір сарқарын әйел, оның қасында қырықтар шамасындағы, киім-кешегі ине-жіптен жаңа шыққандай жинақы, сөзуарлау тынысы және әлі кәрілік демдемесе де, бұйра шашы мезгілсіз бұрыл тартқан, бойын жұрттан аулақ ұстайтын жат мінезді, қалбалақ қимылды, ойнақы, жайнаңкөз, тәпелтек мырза (6-б.); Ал нәрселерінің бәрі жап-жаңа, тап-тұйнақтай мырзамыз – оның адвокат екенін кейін білдім – пішімі ерекшелену пальто киген шылымпаз ханыммен екеуі шай ішуге станция басына кетті (7-б.).

ІШТАРТПА – *корсет*. Қанжарымның жалпақ іштартпаға, тағы бірдемеге тіреліп, сәл ғана тұтқырланғаны, сонан соң жұмсақ бірдемеге кірш етіп еніп кеткені анық сезіліп тұрды да, есімде бәрі ап-айқын сақталыпты». 117-б.); Бірақ сол арада іштартпаның сыртына қан шыпшып шыға келді (117-б.).

Л. Толстой аудармаларында жоғарыда мысалдарымен берілген атаулардан өзге төмендегідей автордың өзіндік қолданыстары кездеседі: өсиетнама – завещание, тозғынды құдық – *обвалившийся колодезь*, *мизам* – июнь, *қорашық* – *сарай*, *балшелек* – *колодка*, *қақпашы* – *дворовой*.

Станция (7), адвокат (6, 7, 12, 15), приказчик (7, 11, 15), артельщик (8), кондуктор (19), хутор (286) сияқты кірме сөздер өзгеріссіз жазылады.

Антон ЧЕХОВ. Жуан мен жіңішке. Өңгімелер.

– Астана, 2011. – 344 б.

АҚСҮП – *ситец*. Келесі күні мундирді тағы бір тазалағаннан кейін Меркулов шашын майлаптарды да, мундирді үр жаңа ақсұпқа орап алып, капитанға тартты (52-б.). А. Чехов. Капитан мундирі. Орыс тілінен аударған Ғ. Ахмедов // Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Өңгімелер. – Астана, 2011. – 344.

АРЫЗШЫ – *просительница (заявитель)*. Арызшы көзі жыпылықтап, орамалын алғалы салопының жанқалтасын қарманды (178-б.); Кистинов есікті ашып, арызшылар отырған бөлмеге қарады (182-б.). А. Чехов. Қорғансыз жан. Орыс тілінен аударған А. Елшібеков // Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Өңгімелер. – Астана, 2011. – 344-б.

ДАЛАП – *помада*. Еркелеткенді сүйеді, сонсоң, оларға ха-ха-ха мен хи-хи-хи керек, опа мен далап керек. (316-б.). А. Чехов. Сүргінде. Орыс тілінен аударған Ғ. Ахмедов // Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Өңгімелер. – Астана, 2011. – 344.

ҒАЗАПКЕР – *мученик*. Сонсоң «Бар, құдайдың құлы Феодосий, ғазапкерлердің тәжін ки!» дедім өзіме (80-б.)

А. Чехов. Өлік. Орыс тілінен аударған Ғ. Ахмедов//Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана, 2011. – 344-б.

ЖАЯУСОҚПАҚ – *тротуар*. Тым болмаса ізін табармын деген үмітпен тіміскілеп жаяусоқпақты иіскелеп еді, әлдебір су жаңа калаш киген сұмырай шиырлап таптап кетіпті де, сасыған резеңке иісінен танауы тарс бітіп, әбден мысы құрыды (205-б.). А.Чехов. Каштанка. Орыс тілінен аударған Қ. Ысқақов // Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана, 2011. – 344-б.

ЖЕДЕЛХАТ – *телеграмма, телеграф*. Саратовтағы тұратындарды өз үйінде қабылдайды да, басқа қалалардың тұрғындарына емдеу жолын жеделхатпен жолдайды (67-б.); Сөйтіп жеделхат жіберілмеген күйі жұрт ұйқыға кетті (70-б.). А.Чехов. Жылқы аттас фамилия. Орыс тілінен аударған Ә. Ахметов//Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана, 2011.– 344-б.

КЕМЕЖАЙ – *пристань*. Бейсенбіде күйеуіміз екеуіміз сізді кемежайда көргенімізде, сіз қымбат түйреуіштер қадап, білезіктер киіп жүр едіңіз ғой (129-130 б.). А.Чехов. Хористка. Орыс тілінен аударған Ы. Дүйсенбаев // Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана, 2011.– 344.

ҚАЛАБАСЫ – *городовой, градоначальник*. Оған ілесе аяңдап жирен қалабасы келеді, қолында кәмпескеленген тошалағы толы елегі бар: «Сірә, бір жанжал бар ғой деймін, асыл тектім!..» – деді қалабасы (35-б.). А.Чехов. Хамелеон. Орыс тілінен аударған Е. Қойшыбаев (35-б.)//Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана, 2011. – 344-б.

ҚАЛҚЫМА – *бабочка (поверх воды)*. Қарамықтың бауын су бетіне салдауырсыз қалқымамен қоя береміз, сүген келгенмен, бірақ ол да некен-саяқ қана (76-б.). А.Чехов. Қаскүнем. Орыс тілінен аударған Ж. Ысмағұлов//Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана, 2011. – 344-б.

ҚАРЫҚТЫҚ – *банка (бастан қан алу үшін істелген түтік)*. Қарықтық қойсақ қалай қарайсыз. Қансорғыш қарықтық қоюға бұйырмас па екенсіз? – Қарықтық па, бір себептен, қойсаң қой (56-б.). А.Чехов. Моншада. Орыс тілінен

аударған А. Елшібеков //Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана, 2011. – 344-б.

ҚОЛЖУҒЫШ – *умывальник, рукомойник*. Қожайын кішкентай табаққа қолжуғыштан су құйып алып тағы да қазға келді (223-б.). А. Чехов. Каштанка. Орыс тілінен аударған Қ. Ысқақов //Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана, 2011. – 344.

ҚҰЛИЕЛЕНУШІ – *рабовладелец*. ...Онда менің сүйкімді достарымның өздері де «Нивада» суреттелетін Сирия немесе Каир тұрғындары сияқты құлиеленуші, зорлықшы жендеттерге жататыны даусыз (299).

ҚҰЛИЕЛЕНУШІЛІК – *рабовладение, рабовладельческий*. Ол үшін әйелдерді сатып алып, ажалына асығып жүрген еркектер өз қылығының азғындық екенін түсініп, құлиеленушілік тірліктен ат-тонын ала қашуы қажет (263).

«НӘУБЕТШІ» – «*очередь*». Өліктің жанында, жолдың тап жиегіне таяу, шаруалардың мойнына артыла беретін міндеттердің ішіндегі ең бір ауырын атқарып, екі «нәубетші» мұжық отыр (77-б.); «Нәубетшілерде» үн жоқ (79-б.). А. Чехов. Өлік. Орыс тілінен аударған Ғ. Ахмедов//Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана, 2011. – 344.

ОТЫРҒЫШ – *скамеечка*. Сырт пішіні сүп-сүйкімді ғана Иван Иванович Лапкин дейтін жас жігіт пен Анна Семеновна Замблицкая деген қайқыш мұрын жас қыз тік кемерден түсті де, кішкене отырғышқа келіп отыра кетті. Отырғыш судың тап жағасында, жас талдың қалың бұтақтарының арасында еді (9-б.). А. Чехов. Залым бала. (Орыс тілінен аударған Ғ.Ахмедов) //Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана, 2011. – 344; Аңшы отырғышқа отырып біраз ойланды да, су күйімен отырғыштың ұзын бойына сұлай кетті (150-б.). А.Чехов. Тынышсыз қонақ. Орыс тілінен аударған А. Елшібеков//Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана, 2011. – 344.

ОПА – *духи (косметика)*. Еркелеткенді сүйеді, сонсоң, оларға ха-ха-ха мен хи-хи-хи керек, опа мен далап керек. (312-б.). А. Чехов. Сүргінде. Орыс тілінен аударған Ғ. Ахмедов//Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана, 2011. – 344.

ӨСИЕТНАМА – *завещание*. Аға-інілерімен еншіге таласып, өсиетнаманы өтірік жазған ба, қалай (312-б.). А. Чехов. Сүргінде. Орыс тілінен аударған Ғ. Ахмедов//Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана, 2011. – 344.

САЛДАУЫР – *грузила*. Гайкадан біз салдауыр жасаймыз. Бұл арада салдауыр деп жалған айтатын түгі де жоқ! Салдауырсыз бола қоя ма тектім-ау? Баланың ең қорының өзі салдауырсыз балық ауламайды (72-73-бб.). А. Чехов. Қаскүнем. Орыс тілінен аударған Ж. Ысмағұлов//Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана, 2011. – 344.

СҮЗЕКІ – *решето*. Тон, бекеш киген, бастарында тері картуз, цилиндрлері бар жүздеген адамдар осы жерде, сүзекіге салған шаяндай қыбырлап қаптап жүреді (24-б.). А. Чехов. Москвадағы труба алаңында. Орыс тілінен аударған Ғ. Ахмедов (24-б.) // Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана, 2011. – 344.

СҮРТІК – *сюртюк*. Үстінде сүртігі жоқ, аяғына туфли киіп отырған Колпаков атып тұрып «бұ не?» дегендей Пашаға қарады (125-б.). А. Чехов. Хористка. Орыс тілінен аударған Ы. Дүйсенбаев // Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана, 2011. – 344; Олар есікті ашып қарағанда, кіреберістегі сарғылт диван үстінен қара сүртікті, қырынбаған, малай реңдес, ұйқысыраған адам түрегеле береді (243-244-бб.). А. Чехов. Қояншық. Орыс тілінен аударған С. Иманасов // Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана, 2011. – 344.

ТАПСЫРЫСШЫ – *заказчик*. Ерсілі-қарсылы сапырылысқан тапсырысшылардың аяғынан ығысамын деп Каштанканың басы айналып, еш нәрсені аңдаудан қалды. Ол адам атаулыны екі-ақ топқа бөлетін еді: бір тобы қожайындар, екінші тобы тапсырысшылар; екі топтың бір-бірінен айырмашылығы да жер мен көктей: қожайынның Каштанканы ұрып-соғуға қақысы бар да, тапсырысшыларды, керісінше, анда-санда тақымын тістеп қоюға да болады деп ойлайтын (206-б.). А. Чехов. Каштанка. Орыс тілінен аударған Қ. Ысқақов//Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана, 2011. – 344.

ТАРБАҚА – *лягушка*. Бір аяғы сынған дәу су қоңызы табан балықтың арқасына өрмелеп шығып, тарбақаның үстіне секіріп, тар судың бетінде тыным таппайды. Тарбақалар қоңыздардың үстіне, тритондар тарбақаның үстіне қарай өрмелейді (27-28-б.). А. Чехов. Москвадағы труба алаңында. Орыс тілінен аударған Ғ. Ахмедов // Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана, 2011. – 344.

ТОШАЛАҚ – *крыжовник*. Оған ілесе аяндап жирен қалабасы келеді, қолында кәмпескеленген тошалағы толы елгі бар (35-б.). А. Чехов. Хамелеон. Орыс тілінен аударған Е. Қойшыбаев (35-б.) // Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана, 2011. – 344.

ТҮСТІК – *обед*. Жыл сайын емтиханнан кейін фабрика дирекциясы түстік беретін де, онда емтиханға қатысқан халық училищелерінің инспекторлары мен фабрика басшылары болатын. Бұл түстіктер ресми болғанымен, әрдайым дәмді, көңілді өтіп, ұзаққа созылатын (133-б.). А. Чехов. Мұғалім. Орыс тілінен аударған А. Елшібеков (133-б.) // Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана, 2011. – 344.

ТІКМІНЕЗДІЛІК – *упрямость*. Зәңгінің ернiндей көнтіген ерні, имиген бүркіт мұрны, жанарсыз қарайтын көзіндегі сүлесоқтық, бәрі де әйтеуір бір оның бойындағы тікмінезділік пен қаталдықты, мейрімсіздікті аңғартқандай (162-б.). А. Чехов. Дұшпандар. Орыс тілінен аударған Ә. Бөриев // Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана, 2011. – 344.

ҮСТІРІК – *рубанок (сүргі, тақтай жонатын аспап)*. ...Ал балташының үйінде дүние деген аузы-мұрнынан шығатын: үстел, тақтай сүргілейтін жаңғырық, ат-көпір жаңқа, үстірік, торғай қамайтын тор, араның неше түрі толып жатушы еді (208-б.). А. Чехов. Каштанка. Орыс тілінен аударған Қ. Ысқақов // Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана, 2011. – 344.

ХАТТАМА – *протокол*. Елдырин, – деп қалабасына қарады ол, – мынаның кімнің иті екенін біл де, хаттама жаса!

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
(37-б.). А. Чехов. Хамелеон. Орыс тілінен аударған Е. Қойшыбаев (35-б.) // Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Өңгімелер. – Астана, 2011. – 344.

ШАЙНАМА – *закуска*. Неміс олеографиясы ілінген, қазматақ пен сыр иісі шыққан ас ішетін үлкен бөлмеде бірі түстікке, енді бірі ішкілік пен шайнамаға арналған екі үстел түр екен (135-б.). А. Чехов. Мұғалім. Орыс тілінен аударған А. Елшібеков (133-б.) // Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Өңгімелер. – Астана, 2011. – 344.

ШУАЛШАҢ ҚҰРТТАР – *прудовые червяки*. Шелек жанында қармақ бауы, тілше қармақ, шортан қармақ және күн көзінде жарқырап қызыл шақа шуалшаң құрттар жатыр (28-б.). А. Чехов. Москвадағы труба алаңында. Орыс тілінен аударған Ғ. Ахмедов) // Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Өңгімелер. – Астана, 2011. – 344.

«Жилет» сөзін «желетке» (152) түрінде дыбыстық өзгеріске ұшыратылып жазылса, *надзиратель (35), протокол (176), подъезд (206), председатель (236), каторожник (321)* секілді кірме сөздер орыс тіліндегі қалпын сақтап жазылады.

Кнут ГАМСУН. Орман тәңірі. Романдар.

Орыс тілінен аударған Сарбас Ақтаев.

– Астана, 2011. – 344 б.

БЕЙРАЗЫЛЫҚ – *недовольный*. – Демек, біздің бүгінгі серуеніміз болмайтын болды, – деді Дитлеф, бейразылық кейіппен (191-б.).

БЕЛТАРТАР – *корсаж*. Ол бұрылып, белтартарынан бір қағаз алып шықты (206-б.).

БӨЛЕН – *поленья*. Пешіңе алтын бөлен тастаймын, Виктория! (192-б.).

ЖЕЛОРАЙ – *сквозняк*. Қарғыс атқыр, осы желорайды ай! (166-б.).

КЕМЕЖАЙ – *пристань*. Кешкісін кемежайға келгенімде сол пароход айлақта тұр екен (13-б.). Кнут Гамсун. Орман тәңірі. Романдар. Орыс тілінен аударған Сарбас Ақтаев. – Астана, 2011. – 344 б.

КҮЗЕТЖАЙ – *сторожка*. Менің күзетжайымнан онша алыс емес бір тас, кәдімгі биік, сұр тас тұрды (11-б.); Күзетжайға біреулер жақындап келіп те қалды, басымнан көртөзімді шапшаң сыпырғанша есік түбінен Эдварда бойжеткеннің даусы да естілді (19-б.). Кнут Гамсун. Орман тәңірі. *Романдар*. Орыс тілінен аударған Сарбас Ақтаев. – Астана, 2011. – 344 б.

ҚОЖАЙЫМ – *хозяйка*. «Капитан тұрады – деп жауап берді қожайын, – ол өте бай, ал Құлпысарайдың қожайымы оның әйелі жұрттың бөріне қайырымды». Ол торпердесін ашып тастап еді, Құлпысарайдың қожайымы Виктория ханым болып шықты (231-б.).

ҚҰЛПЫСАРАЙ – *замок*. Юханнес Құлпысарайға баратын жолмен келе жатты (184-б.); Бұл Құлпысарай қожайыны еді (284-б.).

ЛЕҢГІР – *якорь*. Төбесіне дейін сықап балық тиелген екі сауда кемесі балық сүрлегіштің қасына келіп леңгір тастады, ал балықтарды жарып, қақтауға әзірлеп жатқан аралдарда өмір қыз-қыз қайнап жатыр (18-б.). Кнут Гамсун. Орман тәңірі. *Романдар*. Орыс тілінен аударған Сарбас Ақтаев. – Астана, 2011. – 344 б.

ОМЫРАУША – *манишка*. Ерлердің біреуінің үстінде крахмалданған омырауша бар екен, сол су болып көпшітіп кетіпті, сол омыраушада жалтырап жауһармен зерленген түйреуіш тұр (9-б.). Кнут Гамсун. Орман тәңірі. *Романдар*. Орыс тілінен аударған Сарбас Ақтаев. – Астана, 2011. – 344 б.

САЛТҚЫ – *трап*. Пароходтан қайыққа салтқы тастады да, Юханнес палубаға көтерілді (191-б.).

СҰҚБАТТАҚ//СҰХБАТТАҚ – *беседка*. Сонымен олар сұхбаттақ жаққа кетті (266-б.); Қазір енді ол басқа біреумен қасыңнан өтеді, бәлкім, сұқбаттақта әлі де отырған шығар. Тастан көтеріліп Юханнес сұхбаттаққа келді (267-б.).

ТАНЫСУ КӨРТІШКЕСІ – *визитная карточка*. Танысу көртішкесіндегідей бес тісті тәж оның зәпәнкесінде де бар екен (104-б.).

ТОРПЕРДЕ – *вуаль*. Қыз торпердесін мұрнының үстіне дейін көтеріп, Эзоппен әңгімелесе бастады (10-б.). Кнут Гамсун. Орман тәңірі. *Романдар*. Орыс тілінен аударған Сарбас Ақтаев. – Астана, 2011. – 344 б.

ТҮСАҒАШ – *панель*. Ол өзінің кішкентай бөлмесінде жападан жалғыз жатыр, қабырғалары көк сырмен сырланған, тұсағаштармен қапталған (227-б.).

ТҮНБИКЕ – *полуночица*. Алаңдайтын сияқты, бөлкім, қуанатын шығар түнбике (33-б.). Кнут Гамсун. Орман тәңірі. *Романдар*. – Астана, 2011. – 344 б.

ХАТТАМА – *протокол*. Сот оның есімі мен қайтыс болған күнін хаттамаға енгізді, хаттама папкаға тігілді, онда ол қаңғыған оқтан қаза тапты, естимісіз, қаңғыған оқтан қаза тапты деп айқын жазылған (342-б.).

ШЫБЫНША – *коробка для мух*. Ал жібектің өзімде бар екенін, оның шыбыншаға деген қорапшада жатқанын, оның қанша керек болса, соншаға жететінін есіме түсіргенде, мен есіктің сыртында тұр едім (22-б.). Кнут Гамсун. Орман тәңірі. *Романдар*. Орыс тілінен аударған Сарбас Ақтаев. – Астана, 2011. – 344 б.

Жоғарыдағы атаулар қатарына аудармашының *кофе-қуман (138-б.) – кофейник, қайықкөген (145) – лодочный причал, құж (177) – троллей, сушашқыш (285) – лейка* тәрізді қолданыстарын да қосуға болады. Аудармашы «женский» родтағы «учительница» сөзінің орнына «мұғалима» (141) сөзін қолданады.

Аударма мәтінде *кәрәсін (26-б.), пірказшік (27-б.), кәртөз (36-б.), кәртішке (103-б.), зәпөнке (104-б.), кәстөм (136-б.), шөтке (156-б.), секөнт (310-б.)* сияқты дыбыстық өзгерістермен жазылған сөздер кездеседі.

Джон СТЕЙНБЕК. Алаң көңіл ақпаны. Роман.

Орыс тілінен аударған Бекмырза Баймаханов.

– Астана, 2011. – 456 б.

АҒЗА – *организм*. Менің ағзамда жан-тәнімнің терең, кенет азабынан бас айналып, көз қарауытар сұмдық бір

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ _____

шоқтай қарып, күйдіргі дерт бұрқ ете қалды да, лезде лапылдап жоғары өрлеп барып, аш бүйірден қабырғамның астына сынадай қадалды (126-б.); Сірә, арзаң талап еткен болар (169-б.).

АЙҒАРАҚТЫ – *лунатик*. Жалпы ұйқысырап жүріп, үй кезетін айғарақтыларды оятудың осы не қажеті бар? (208-б.).

АЙЛАҚ – *гавань*. Мен айлақты да, кемелерді де бір кісдей білем (70-б.); Кеме аялдайтын айдында – айлақта тұрғанда өртенді, су бетіндегі жақтауына дейін түгі қалмай түгел жанып кетті (80-б.).

АҚЖОЛАҚ – *пунктир*. Бас көшенің тротуарында ақжоллақпен әр қадамын табыстырғандай дәлдеп, ақырын басқан Марджи ұшырасқан таныстарымен басын шұлғып, ілтипатпен амандаса отырып, солардың әрқайсына ойша өзінше сипаттама бергені қаперіне де келген жоқ (285-б.).

АЛАЯҚ – *мошенник*. Мен әр түрлі алаяқтармен тіл табыса аламын (373-б.).

АСХАНА – *кухня*. Асханаға шам жаққан бойда көзіне түспейтіндей етіп, оны үстелдің нақ ортасына қойдым. Асханадағы электр сағаты зыңғырлап соғып тұр (61-б.).

АШЫҚХАТ – *открытка*. Мұнда кеңсе орналасқан, поштаның ашықхаты, түрлі-түрлі базарлық заттар, маркілер сатылатын дүңгіршек, сондай-ақ оның ішінде мына біздер – қуыршақтар отырып тамақтануға арналған көк торлы дастарқан жабылған үстелдер қойылған мейрамхана бар (389-б.).

ӘЙЛЕҢКЕ – *резвушка*. «Нью Бэйтаунның әйгілі әйлеңкесі, мына мен сізге жаумын ба?» (434-б.).

ӘКІМДІК – *акимат*. Әкімдіктегілер кілең қауқары жоқ, қажыған көріқұртаңдар (180-б.).

ӘЛІБҰЛЫҚ – *совершеннолетие*. Сонау орта ғасырларда бойжетіп, әлібұлыққа (кәмелетке) тола бастаған қыздардың бойына арам пиғылды әр түрлі азғырушы жын-шайтан үйір болады дегенге жұрт сенетін болған дегенді менің оқығаным бар еді, мен енді өз басым соны үзілді-кесілді теріске шығара алмаған болар едім (203-б.).

ӘУЕЖАЙ – *аэродром (аэропорт)*. «Ал бізде ұшақ қонатын әуежай жоқ па?» (182-б.); Темплтон әуежайы Нью-Бэйттауннан небәрі қырық миль жерге орналасқан, кәдімгі реактивті ұшақтар әрі кетсе бес-ақ минутта ұшып барады (251-б.).

БАҚТАҚ – *кресло*. Сол арада көненің көзіндей, яки тысы тозса да түрі таймаған отыруға оңтайлы кең бақтақтар (кресло) бар (113-б.); Арқалығына шам қондырылған абажадай арбиган бақтаққа барып мен жайғасып отыра бергенімде, Мэри қолыма газеттерді ұстата салды (119-б.); Марджи бақтаққа отырғанды ұнатпайды (133-б.).

БОҒЖАМА – *чемоданчик*. Жалғыз боғжамасын арқалап келіп, сол қонақ үйінде тұрыпты (184-б.).

БОЙКӨЙЛЕК – *ночное платье*. Көп кешікпей ол үстінде көгілдір түсті, ұзын да кең құдды көбіктей көпіршіп тұрған мол бойкөйлек киіп, өзімен бірге аңқыған әтірдің алапат жұпар иісінің ақша бұлтын ілестіре келді (433-б.).

БУАТ – *пачка*. Рас, менің шалбарымның артқы қалтасында сығысқан қомақты бір буат тіркелген купюрлар – Мэридің ақшасы жатыр (357-358-бб.); Өзінің кәдуілгі темір торында отырған Морфи аядай терезенің көзінен бір буат ақшаны, чекті, сары пакет пен толтырылған ордерді қабылдап алды (418-б.).

ДАЛАП – *помада*. Бет әлпеті кәдімгідей келісті, мұрны көрер көзге сәл ұзындау, еріндері, әсіресе төменгі ерні қалың жағылған далаптың әсері болар, әдеттегіден қалыңдау көрінеді (96-б.).

ДӘМХАНА – *харчевна (кафе)*. Мұның өзі мейрамханаға ертеде болған ескі дәмхананың кейпін беруге тиіс болатын-ды және де бұл оған сондай біршама сипат беріп тұрған тәрізді де... (245-б.).

ДҮҢГІРШЕК – *киоск*. Мұнда кеңсе орналасқан, поштаның ашықхаты, түрлі-түрлі базарлық заттар, маркілер сатылатын дүңгіршек, сондай-ақ оның ішінде мына біздер – қуыршақтар отырып тамақтануға арналған көк торлы дастарқан жабылған үстелдер қойылған мейрамхана бар (389-б.); Мүмкін дүңгіршектердің бірінен табылар (396-б.).

ЖАҒАЖОЛ – *тротуар*. Ол жағажолға түсіп, өз жөнімен кете берді (12-б.); Итен дәретханаға барып, жағажолды сыпыру үшін сыпырғы алып шықты (21-б.).

ЖАРНАПҰЛ – *взнос*. Менен қанша жарнапұл және оны қашан талап етер екен деп ойладым (379-б.).

ЖЕРМАЙ – *керосин*. Жермайды (керосин) – шалшық кәрәсін шамды бықсық деуші еді (71-б.).

ЖЕРСОРҒЫШ – *землечерпалка*. Теңіз жағасын барып, айлақтағы жерсорғыштың қалай жұмыс істеп жатқанын көріп келуге зауқым ауып тұр (236-б.); Қозғалыс тетіктері мен зәкірдің шамы, ұзын сырықтың ұшындағы жанған екі қызыл шар – жерсорғыштың жұмыс істеп жатқанын айнала төңірекке айғақтауда (239-б.).

ЖОЙЫМПАЗДЫҚ – *пагуб (нось)*. Маусым – көңілді ай, салқын да шуақты, дымқыл да сағым ескен сал ауа, бәрі дүркіреп түлейді, есесі кеткен ескі қайта жалғасын тауып, таңдай тақылдатар тәтті мен өзек өртер аңы да, жасампаздық пен жойымпаздық та қисындасып жаңаша өріс алар ай (261-б.).

ЖҰТЫМ – *глоток*. Ол қолындағы ақшаға қарады да, бейнебір шипалы алғашқы жұтымды ұрттағандай талмаусырай тамсанды (81-б.).

ЗЕЙНЕТАҚЫ – *пенсия*. Стони – сөз жоқ, мықты еркек, алайда полицейдің жалаң айлығына немесе оның алатын зейнетақысына қандай әйел күн кешіп, өмір сүре алады? (285-б.).

КӘСІПКЕРЛІК – *предпринимательство*. ...Одан кәсіпкерлікке байланысты жүздеген сыйымсыздықты, моральдық тұрғыдан қыруар заң бұзушылықтарды анықтаған болар еді... (150-б.).

КЕДЕНШІ – *таможенник*. Осы солардың – банк қызметкерлерінің, кеденшілердің, полицейлердің елден ерекше мұрнының шүйі болса керек? (225-б.).

КЕЛІСІМШАРТ – *контракт*. Мүмкін олардың келісімшарт жасасқысы келетін болар, ал менің жасым әлі кәметке толмаған ғой; Егер келісімшарт жасасса, онда оның қажеті не? (426-б.).

КЕСІМ – *акт*. Салливэннің кесімімен (акт) ойнауға болмайды (226-б.).

КӨТЕРМЕШІ – *оптовик*. Енді ет жөнінде. Көтермешілерге тым қымбат төлейсің (35-б.).

ҚОНАҚЖАЙ – *гостиная*. Кенет қонақжайға ымырттың күйбең күлгінімен ілесіп беймаза тыныштық кеп орналасқандай болды (399-б.).

ҚҰЙЫРШЫҚ – *домовой*. Бір кездері біздің үйде құйыршық та пайда болды деп қалжыңдап та жүрдік (203-б.).

ҚҰЖАТ – *документ*. Енді, не десек те, оның бар екеніне күмән жоқ, ендеше, тиісті құжатын да жөндеу керек болар (226-б.); Рұқсат құжатты Салливэн кесімі бойынша қайта жөндеу үшін төлқұжат алуға кем дегенде анау-мынау емес, бір құшақ қағаз қажет (227-б.).

МӘЛІМХАТ – *карточка*. Ал мынау – менің мәлімхатым. Биттерс мәлімхатты тоңазытқыштың үстіне қойды (43-б.).

МӘМІЛЕГЕРЛІК – *дипломатия*. Әрине, қазір одан әлдеқайда өрісі кең, ұйымшылдығы күшті және ол мәмілегерлік деп аталады (116-б.).

МӘНБЕ – *факт*. – Тәлпішім-ау, мен күнәмді ойлап қайғырудан аулақпын, мен табиғат заңын, мәнді мәнбені айттып отырмын (185-б.); Оның миы үзік-шатық мәнбелерді жөпелдемеде іліп алып, бірін-бірге қосып, бәрін шоғырлап, лезде саралап, сарапқа сала бастағаны бет-әлпетінен айтпай-ақ атойлап тұрғандай болады (322-б.).

МЕЙРАМХАНА – *ресторан*. Мұның өзі мейрамханаға ертеде болған ескі дәмхананың кейпін беруге тиіс болатын-ды және де бұл оған сондай біршама сипат беріп тұрған тәрізді де... (245-б.).

МЕКЕНЖАЙ – *поместье*. Тейлорлардың қала сыртында үш шақырымдай жерде жеке мекенжайлары болған (148-б.); Біз екеуіміз бұрынғыдай сендердің мекенжайларыңда жүр екенбіз (190-б.).

МҰҒДАР – *размер*. Жазғы теңізде андыздаған аяқтары тарбиған, мұғдары қарағаннан аспайтын жұлдыздар – медузалар құртша құжынайды (448-б.).

МҰРА ХАТЫ – *завещательное письмо*. Жаман айтпай жақсы жоқ демекші, мұра хаты бар ма? (182-б.)

НӘЗШАЙМА // НӘЗШАЙҒЫШ – *унитаз*. Мен нәзшаймаға (унитаз) жайғасып отырдым да, сулы матаны бетіме бастым, ол жылыған кезде оны қайта малып алдым, жатын бөлмеден қайта өтіп бара жатып, қораптағы сақшының қалпағын алып, басыма кидім де, ақырын төменге түстім (133-б.); Мен дүкенге кіріп, сәл аңырып құлақ түрдім: нәзшайғышқа судың сауылдап, сарылдап құйылып жатқаны естілді (217-б.); ...Ал үшіншісін – үшіншісін умаждап-умаждап дәретхананың нәзшайғышына тастадым да, сумен шайып жібердім (257-б.).

ОРАЛЫМ – *квартила*. Итен Аллен Хоклидің ескі үйінен екі оралым (квартила) өткеннен кейін Шегіршінді көше тіп-тіке Бас көшеге барып құйылады. Бірінші оралымның дәл ортасында Эргарлар үйінің алдындағы енді-енді түлеп келе жатқан көгалда қораланған бір топ сұр торғайлар шуылдасып шайқасып жатты (11-б.).

ОТАНШЫЛДЫҚ – *патриотизм*. – Әлгі шығарма үшін отаншылдық мазмұндағы мәнжұма сияқты бірдеңелер (116-б.).

ОТБАСЫ – *семья*. – Әжептеуір отбасыдан шыққан өзі (88-б.).

ОТЫРҒЫШ – *сиденье*. Бірде кітап текшесінің тақ жанындағы мына отырғышта жантүршігерліктей оқиға болды (161-б.).

«ОШАҚ ИЕСІ» – *домовой*. «Ошақ иесі» (домовой) үйге келген кезде оның елең қылмай қиялмен қиянды шолып, тапжылмай отыра беруі де ықтимал, әйтсе де істің оның қатысынсыз болуы екіталай; Ал «ошақ иесінің» құлқы мүлдем басқа. Ол – қаскөй, ызақор, зұлым, кекшіл (204-б.).

ӨРДІК – *балка*. Абажурсыз жалғыз шам төбедегі өрдiк-тен төмен түсіп тұр (115-б.).

ӨТЕМАҚЫ – *взнос (компенсация)*. Ал сіз, былайша айтқанда, жарықты өшірмеу үшін, отты сөндірмеу үшін өтемақысын күні бүрын алдын ала төлеп қоясыз (373-б.).

ӨТКЕЛЕК – *проход*. Бұрыштан он футтай жерде нақ сол арада ені төрт фут, биіктігі төрт, тереңдігі бес фут келетін, иіліп жасалған шағын өткелек көпір бар (72-б.).

ПАЙЫЗ – *процент*. Егер сіз бес пайыз ұтатындай болсаңыз, қалай болар еді?; Жарайды, айталық, бұл бес пайызға мен келісем де, оны Маруллоға беріп тұрам делік? (42-б.).

ПЕТПЕРЕК – *пропеллер*. Терезенің әйнегі кәдімгі петперек тәрізді шыр айналып тұрды (249-б.).

САЛДАУЫР – *грузило*. Дәретханада шынжырға байланған салдауыр гiрдiң сол қиялда қисындалған бейкүнә ойынның шындыққа айналар алғашқы айғақ-нышаны болатын (219-б.).

САЛЫМ – *заклад (вклад)*. – Джой, сіздің кепілдікке қойған салымыңыз жоқ (288-б.).

САЛЫМШЫ – *клиент (вкладчик)*. Ондай салымшылармен ойнауға болмайды (216-б.).

САРДАР – *офицер*. Ол өзгелерден оқшау, оқ бойы озық тұрған сардар еді, одан басқа мен бұл өмірім ішінде ондай адамды жолықтырған емеспін (310-б.); Сонда мен басқа сардарлар сияқты құрбандықтың құлы болғанымды, сірә да, сезген емеспін (328-б.).

САТЫПАЛУШЫ – *покупатель (ница)*. Бұл негр әйелдер – сүйкімді жандар, сыпайы сатыпалушылар (235-б.); Егер соның қасынан сіз өз дүкеніңізді ашсаңыз, онда сатыпалушылар түгел сізге ауысқан болар еді (265-б.).

СҮГЕН БАЛЫҚ – *форель*. Ал ол өзі көргенде көздің жауын алатын әдемі, бітімі сүген балыққа ұқсас көрер көзге келісті, тап-таза, аршылған ақ күмістей, нақ... нақ күміс балық (238-б.).

СЫЛАУ МАЙ – *крем для притирания*. Оның қаржысының қомақты бөлігін тырнақтары мен шашын күтуге, сыланып-сипануға қажет, бетке жағатын түрлі иіс майлар мен сылау майлар жұтып жататын (277-б.)

СЫНЫПТАС – *одноклассник*. Мен өзімнің бұрынғы сыныптасыммен сәлемдестім (318-б.).

ТАПСЫРЫС – *заказ*. Бірақ тапсырысты сіз бересіз ғой, Хоули мырза (42-б.).

ТОҚЫМНАН – *пирог*. Тоқымнанды кескенде әркез оның қиқымы түсетін жағында тұрған ұтады (272-б.).

ТОЛҚЫН ТОСҚЫШ – *волнорез*. ...Бірақ оның шырайлы шұғыласын аумағы атшаптырым үлбіреген ақша бұлт аялап бойына тартып алып, шапағын айлаққа, толқын тосқышқа, одан әрі теңіз айдынына себелей пашқанда дөңбекшіген толқынның желкілдеген жалы ақшыл-қызығылт реңге малынып, ауалай түсті (237-б.); Толқын тосқыштан әріде гүжілдеген жерсорғыш жұмыс істеп жатты... (239-б.).

ТӨЛЕМАҚЫ – *оплата*. Ол өзі қаланың қоқыс қордасының меншік иесі, сонда тасылып төгілген қоқыстың әрбір кеспегінен жиырма бес центтен төлемақы алады (286-б.).

ТӨЛЕМ-СЫЙЛЫҚ – *уплата*. Мен болсам, оның бұл келісін өзімнің оған деген айнымас адалдығыма төлем-сыйлық деп санаймын (200-б.).

ТӨЛҚҰЖАТ – *паспорт*. Рұқсат құжатты Салливэн кесімі бойынша қайта жөндеу үшін төлқұжат алуға кем дегенде анау-мынау емес, бір құшақ қағаз қажет (227-б.).

ТҰСҚАҒАЗ – *обои*. Өзіңіз ойлап көріңізші, тұсқағаздар үлгісін саралап жатқан кезде сіздің алдыңызға күтпеген жерден бұрын көрмеген соны ою-өрнектерді әкеп жая салды делік (102-б.); Мен де Мәриге біздің жатын бөлмеге жаңа тұсқағаз таңдап алуға жәрдемдесуді ұсынғалы отыр едім (179-б.).

ТҮНЖАРЫҚ – *ночничок*. – Менің қайсысын кигенім жөн болар екен, түнжарығым! – Түнжарығым дейсің бе? (241-б.).

ҰШАҚ – *самолет*. Ал бізде ұшақ қонатын әуежай жоқ па? (182-б.); Темплтон әуежайы Нью-Бэйтауннан небәрі қырық миль жерге орналасқан, кәдімгі реактивті ұшақтар әрі кетсе бес-ақ минутта ұшып барады (251-б.).

ҮРДІС – *тенденция (мода)*. Сол кездегі Англиядағы үрдіс осындай еді (64-б.).

ХАНЫМША – *принцесса*. Желкенді жайып, жел өтіне шұғыл бұрылған Нью-Бэйтаунның мұрагер ханымшасы, кәрі қыз Эльгар бикеш дүкенге кіріп келді (227-б.).

ХИКАЯТ – *повесть*. Сіздің хикаятыңызды білем (264-б.).

ШАЙНАМА – *закуска*. «Міне, мынау дәмделген көкөністер коктейлі, ішуге ең тәуір, ең арзан шайнама» деймін (340-б.).

ШЫНЫАЯҚ – *чашка*. Ертеңгі бір шыныаяқ кофесін ішіп, «Фок-мачтадан» шыққан кезінде көрдім (88-б.); Мен қараңғы дүкеннің ішіне кіріп, текшеден бір қорап сүт алып, оның аузын тесіп, шыныаяққа құйдым (90-б.).

ШЫТАҚ – *сәукеленің қозасы*. Өзі қарапайым ғана, алдыңғы жағына кәдімгі ұсақ лағыл тастан моншақтар тізілген шытақ тағылған маңдайды жарқыратып ашып тұратын алтыннан соғылған айшықты сәукеле (159-б.).

ІШКӨЙЛЕК – *комбинация*. Айнала азынаған жел, асау толқында алапат апатқа ұшырап, қираған алуан сынықтар сендей соғылысып ығып барады, ал ол болса аяғында туфли, үстінде ақ нейлон ішкөйлегі, сол сұрапыл алай-дүлейді абыржымай, асқан ерлікпен, байыпты байсалдылықпен басқарып жүр (240-б.).

Габриэль Гарсиа МАРКЕС. Жүз жылдық жалғыздық.

Роман. Орыс тілінен аударған Кеңес Юсуп.

– Астана, 2011. – 472 б.

АПТЕКШІ (дәріханашы) – *аптекарь*. Гауһар сатып алушы адамша қуыстанып бір жемісті олай-былай айналдырып, аударып-төңкеріп көріп шықты, арнаулы ұстарармен жарып та көрді, аптекшінің таразысына салып салмақтап та, қару-жарақ жасаушының елілегішімен өлшеп те көрді (252-б.).

АСЫЛЗАТТЫ – *благородный*. ...Сол кезде-ақ Фернанда олар бұрын-соңды көрген қыздардың бәрінен де асылзатты, сымбатты, инабатты еді (232-б.).

ӘДИЯРАТ – *монастырь*. Ол он екіге толғанда ғана үйінен аттап шыққан, онда да әдиярат мектебіне бару үшін шыққан, барғанда да үйінен екі көше жердегі мектепке пар жеккен күймемен барған (232-б.).

БАСАР – *фишка*. Бұл жалпақ ем әсіресе балаларға жаққан-ды, олар әлденеше кезекке тұрып, дәрілерді жұтып

жібермей, үйлеріне алып қайтатын да, лото ойнағанда басар етіп пайдаланушы еді (329-б.).

БАТҚЫ – *шпора*. Келген адамның белінде кәдімгі айылдан екі елі қалың белдік, аяғында темір тақа қаққан батқысы бар биік қоныш етік, аттаған сайын айналаның бәрі жер сілкінген кездегідей діріл қағады (104-б.).

БАТЫРҒЫ – *грузило*. ...Көршісінен ауына батырғы сұрап алып, ризашылықтан оған бір балық беріп, ол балықтың ішінен гауһар шығып өкініп қалатын балықшы туралы (208).

БОЙРА – *циновка*. ...Макондаға сығандардың сиқырлы шамдар мен ұшатын ши бойралар әкелгенін айтып берді [208].

ГҮЛМАЙ – *цветочный бриолин (духи)*. Ол мұның күткенінен басқа әйел екенін аңдады, мұның бойынан ащы түтін иісі емес, гүлмайдың иісі аңқыды, мұның төсі де ерлердікіндей етсіз еді, анарларының ұштары да, кіндік тұсы да жаңғақтай тып-тығыз, қап-қатты еді. Мұның құмарлық билеп қызынғанымен, қызыққа кенеліп көрмегені де байқалды (131-б.).

ГҮЛШОҚ – *венок*. ...Қайтадан зиратқа қойылатын гүлшоқтарын өруге кіріскен. ...Бір апта ішінде өрілген гүлшоқтарын алып қалаға кетеді (232-б.).

ҒАУРАТ – *предмет мужской гордости (член)*. Жұрт әбден қызған кезде, ол көпшіліктің көзіне өзінің еркектігінің ерен белгісін – сан тілде піспелеп қызылды-жасылды жазулар жазылған салақұлаш ғауратын көлденең тартты (105-б.).

ҒИБАДАТХАНА – *храм*. ...Жан-жағы шынылы бұл ғаламда теңдесі жоқ ғибадатхана салдыруға жұмсауға бел шешті. Бәрі де барын беріп жатыр, алайда бұл берген үстіне бере түсіндер дейді, өйткені ғибадатханаға үні суға кеткенді су бетінде шығаратындай қоңырау керек дейді (95-б.).

ҒИМАРАТ – *здание*. ...Төбесі ашық әжептеуір үлкен ғимарат болатын (168-б.).

ДӘРЕТСАУЫТ//ДӘРЕТ САУЫТЫ – *горшок*. Кірген бетте сасық иіс қолқасын қапты, ол еденде жағалай тұрған, негізгі мақсатына сай неше мәрте пайдаланылған дәрет сауыттарды көрді (343-б.); Туған шаңырағына қайтып оралғаны

на жыл өтер-өтпесте-ақ Хосе Аркадио күміс шырағандар мен бекзадалық таңбасы бар алтын дәретсауытты сатып жеп тауысты, заты алтын болмай шықты, тек таңбасы ғана алтындалған екен, содан кейінгі оның ермегі – қала балаларын жинап алып, улатып-шулатып еркіндікке қоя беру (405-б.).

ЕЛІЛЕГІШ – *калибр (оружейных дел)*. Гауһар сатып алушы адамша қуыстанып бір жемісті олай-былай айналдырып, аударып-төңкеріп көріп шықты, арнаулы ұстарамен жарып та көрді, аптекшінің таразысына салып салмақтап та, қару-жарақ жасушының елілегішімен өлшеп те көрді (252-б.).

ЕМГЕР – *лекарь (24), знахарь (139)*. Мынау ту-талапайдың ішінде көз жазып қалмау қамымен балаларын қолынан ұстап алған Хосе Аркадио Буэндиа біресе тісіне алтын қаптаған алдамшы емгерге қағылып, біресе алтықолды сиқыршыға соғылып, адамдардың ығы-жығы тобырынан шыққан көң мен өтір иісіне тұншыға жүріп, ертегідегідей мына жарқ-жұрқ дүниенің сансыз сырын білмек үшін есінен айырылған адамша аласұрып, Мелькиадесті іздеп бармаған жері жоқ (24-б.); ... Үндіс-емгердің киімін киген полковник Аурелино Буэндиа батыс шекараға енді-енді іліге бергенде қолға түсті (139-б.).

ЕТЕКШЕ – *юбка*. Ол таңертең жападан-жалғыз жылусыз төсегінде жүрегі мұздан оянғанда да түгеліп солған анарлары мен ішіне кіріп кеткен қарнын сабындап жуып тұрып та, кемпірлер ұнататын ақ шыттан тігілген іш киімдері мен етекшесін киіп жатып та, күнәсын жуам деп қолын күйдіріп байлаған орауышын ауыстыру үстінде де Ребекканы ойлайтын (246-б.).

ЗЕЙНЕТАҚЫ – *пенсия*. Соғысқа қатысты мәсемен полковник соңғы рет ішінде либералдарды, консерваторлары бар ардагерлердің бір тобы үкімет уағда берген өмірлік зейнетақы алуға көмектесуін сұрай келгенде шұғылданған, өйткені оны тағайындау ісі баяғыдан бері сол жабулы қалпы келген (225-б.).

ЖАЗБА – *заметки (записка)*. Құпиясын ашқан адам әлемге тұтқа асыл тастың қасиетін табады деп саналатын зат жайындағы жазбалар мен сызбалар да сыйланған (13-б.).

ЖАУГЕР – *voitель*. Араманта болса жастық шағын алтыннан балық соғумен өткізген ағасының бейнесін өзімен қалған адамзаттың арасын тура үш метрге бөліп тастаған атағы жер жарған жаугердің бейнесімен ұштастыра алмай қойған (194-б.).

ЖЕМПОЗ – *чревоугодник*. Сөйтіп оқиғалардың бағыты Екінші Аурелианоны еріксізден қолына аккордеонын алуға мәжбүр еткен, онымен қоймай тағы да баяғы кездегі жем-поздық бәсекесінің шерігіне жетпейтін сайысқа қатысуына да түрткі болған (369-б.).

ЗАҢШЫ (ЛАР) – *законник(и)*. Бұдан да қайыр болған жоқ, қаралы заңшылар сотта бұл адамның банан компаниясына құйтақандай да қатысы жоқ екенін дәлелдеп шықты (330-б.).

КЕДЕН – *таможня*. Келесіде шекаралық кеден күзетін басып алған полковник Аурелиано Буэндиа оны он бес күн бойы қолында ұстап тұрып, сонан бүкіл халыққа жаппай соғыс ашуға шақырған арнау жолдады (165-б.).

КЕСКІНШЕ – *образок*. Бұқа мойнына Әулие қыздың кескіншесін іліп алыпты, қолдары мен кеудесі толы құпия піспе жазу-сурет, оң білегін мыс білезік-дұғалық қысып тұр (104-б.).

КЕУДЕ ТАРТҚЫШ – *бюстгальтер*. Әрқилы әйелдердің кеуде тартқыштары мен рислингтердің суретін салып, насихаттап жатады (209-б.).

КҮНТІЗБЕ – *календарь*. Мұнды Аурелиано күнтізбеге бір қарап алды да, жауынды маусым біткен соң қайтып келермін деп, сәрсенбі күні жолға шықты (248-б.); Фернанда өзімен бірге алтын жалатылған гүлдермен әшекейленген әп-әдемі күнтізбе ала келді: онда діни төлімшісі зайыптық парызды өтеуден тартына тұратын күндерді көк сиямен белгілеп беріпті (234-б.).

КҮРЕСІН – *помойка (свалка, мусор)*. Олар көне кітаптарды күресіннен тауып алған дүниедей қолдарының ұшымен ғана байқап-байқап парақтайды (438-б.); Габриэль Парижде қалу үшін қайтар жолының билетінің ақшасын қайтарып алып, енді ескі газеттер мен Дофин көшесіндегі

бір сұрықсыз мейманхананың қызметші-қыз келіншектері күресінге тастайтын бос шөлмектерді сатып күнелтіп жүр (446-б.).

ҚАЙНАТҚЫ – *реторт (кипятильник)*. Лаборатория деп аталған бөлмеде тегене-тегеш, құйғы, қайнатқы, елек пен сүзгі сияқты түрлі ыдыстарды айтпағанда, кәдуілгі көрік пен өзінше философиялық тұтастықты бейнелейтін қыл мойын колба мен заманында Жәйт Мария пайдаланды-мыс деп саналатын, кейіннен сығандар үш шүмекті бүйірлі зат айырғыш шыны кеспектің ең соңғы қалпына салып, өз қолдарымен қайта жасаған су тазартқыштан басқа дәнеңе жоқ еді (13-б.).

ҚАТЕРСІЗ ІСІК – *незлокачественный опухоль*. Ай сайын ұлына жолдайтын хаттарында сол кезде бір ауыз өтірік болсашы, шешесі Хосе Аркодиодан тек өзінің көзге көрінбейтін емгерлермен сәлем алмасып жүргенін ғана жасырып қалды, олар Фернанданың тоқ ішегінен қатерсіз ісік тауып, соны алыстан зердемен үшкіру арқылы емдеуге дайындалып жатқан (303-304-бб.).

ҚОРАЗШЫ – *петуховод*. Сөзі аз, тұйық Екінші Хосе Аркадио немере бауырларын қораз таластыруға ертіп апарып, істің түбі насырға шаба жаздады, Аурелианолардың көпшілігі қоразшылардың қулық-сұмдығының неше атасын біледі екен, салған жерден падре Антонио Исабельдің қаралық жасағанын әшкерелеп берді (243-б.).

ҚҰДАЯ – *Дева Исцелительница, (богиня)*. Түсінде төсегінен түрегеліп, есікті ашып, дәл өзі жатқандай бөлмеге – дәл сондағыдай жақтаулары сом темірден құйылған темір төсек, дәл сондай өріп жасалған кресло қойылған, төр қабырғасына дерт қайыратын құдаяның кішкене ғана бейнесі ілінген бөлмеге кірді (160-б.).

ҚҰРСАУ-БЕЛДІК – *бандаж*. Фернанда сонда амалсыздан ұлы Хосе Аркадиоға мұңын шақты, ол сонау Римнен қалай пайдалану керектігі жөнінде нұсқаулығымен қоса құрсау-белдік салып жіберді (380-б.).

МАСҚАРАПАЗ – *паяц, коломбин (клоун)*. Не десе де тыныштық қалпына келген кезде жалған бәдәуилердің бір-

де-бірі қарасын көрсетпей кетті, ал алаңда өлгені бар, жараланғаны бар бес масқарапаз, бес күлдіргі әйел, он алты карта королі, бір шайтан, Францияның екі ақсүйегінің, үш жапон император әйелінің киімдерін киген жандар, үш музыкант жатты (227-б.).

МАЗМҮНДАМА – *коммюнике*. Үкімет пен оппозиция соғыстың біткені жайлы бірлескен мазмұндама жариялағаннан кейін арада он күн өте сала, полковник Аурелиано Буэндиа батыс шекарада жасалған алғашқы көтеріліс жайлы хабар таратты (165).

МЕДБИКЕ – *медсестра*. Компанияның дәрігерлері жұмысшыларды қарап та жатпайды, емхананың алдына кезекке тізіп қояды да, келген адам безгекпен ауырса да, мейлі, сөз болып қалса да, іші түйіліп қалса да мейлі, медбике жағалата ауыздарына тотияйын түсті дөңгелек дәрі салып шығады, бар емдерінің сиқы осы (329-б.).

МІНӘЖАТХАНА – *часовня*. Құйтақандай күнінде бір айлы түнде Фернанда бақ арқылы өтіп, мінәжатханаға беттеген ақ киінген айрықша әсем әйелді көрді (231-б.).

МҮКӘМӘЛ – *имущество*. Банан компаниясы барлық мүлік-мүкәмәлін тасып әкеткенді, оның сым тормен қоршалған қалашығының орнында төбе-төбе болып үйілген қоқыс қалыпты (362-б.).

МҮШЕЛТОЙ – *юбилей*. Сөйтіп, мүшелтой Буэндиалар әулетінің ешқайсысының қатысуынсыз өткен еді (241-б.).

РӘСІМ – *процедура*. Рәсім Макондадан жиырма шақырым жерде, соңынан айналасындағы Неерландия қаласы салынатын алып ағаштың саясында өткізілді (200-б.).

САЙҚЫМАЗАҚ – *комедиант (43) паяц (296), (клоун)*. Қалып қойған шыны моншақ табылып қала деген оймен қоқыстарды атқарып жүрген селен тұрғындарының бірі Урсулаға алдағы түні оның ұлын сайқымазақтардың арасынан көргенін, Хосе Аркадионың жылан адам отырған тор қойылған қол арбаны итеріп бара жатқанын айтты (43-б.).

САУЫТША – *флакон (чик)*. Сосын ішінен түсі көңілге хош бір сұйық құйылған сауытшаны алып үй иесінің қолы-

на ұстатты, сұйықты жұтып жіберген сәтте-ақ оның жан сарайы жарқырап шыға келді. Сосын ішінен түсі көңілге хош бір сұйық құйылған сауытшаны алып үй иесінің қолына ұстатты, сұйықты жұтып жіберген сәтте-ақ оның жан сарайы жарқырап шыға келді (59-б.).

СЫЗБА – *чертеж*. ...Құпиясын ашқан адам әлемге тұтқа асыл тастың қасиетін табады деп саналатын зат жайындағы жазбалар мен сызбалар да сыйланған (13-б.).

СЫМБАЛ – *кофра*. ...Көне сандығына қоса ол көйлек-көншектері сықай салынған екі сымбал, төрт үлкен шамадан, бір қапшық қолшатыр, сегіз қалпақ қорабын, соның ішінде елу шымшығы бар үлкен тор және бөлшектелген қалпында виолнчель құсатып арнаулы қорапқа салып жүруге болатын велосипед дейсіз бе, біраз дүние әкелді (412-б.).

СЫРҒАУЫЛ – *стропила*. Ол сонда ғана француздың осыдан үш ай бұрын сырғауылға асылып өліп қалғанын, оның халықтың қалауынсыз, қасақана полковник Аурелиано Буэндианың қарулас қарт жолдастарының бірі – соғыс ардагерімен бір зиратқа жерленгенін білді (380-б.).

ТӘЛІМШІ – *духовник*. Фернанда өзімен бірге алтын жалатылған гүлдермен әшекейленген әп-әдемі күнтізбе ала келді: онда діни тәлімшісі зайыптық парызды өтеуден тартына тұратын күндерді көк сиямен белгілеп беріпті (234-б.); Фернанданың бұрынғы тәлімшісі хатында нәрестенің осыдан екі ай бұрын туғанын және шешесі тілегін айтып тіс жармай қойған соң, өздері амалсыздың күнінен оны атасының құрметіне Аурелиано деп ат беріп, шоқындырғанын атап жазыпты (327-б.).

ТИЕКТҮЙМЕ – *запонка*. Ас үйдің бұрышындағы өткен шегіндегі отырған Ребекаға үстіне ақ кенеп костюм киген, көйлегінің жағасына алтын тиектүйме қадаған өзіне өте ұқсас ер адамның раушан гүлінің бір шоғын ұсынып тұрғаны елестеді (54-б.); Әйтеуір, жуынатын болған соң сыртынан киген тар шалбарын түймелеген жоқ, көйлегінің жағасын да бағзы алтын тиектүйме мен ілмей қалдырды (292-б.).

ТӨРЕШЕК (*шарғы*) – *катушка*. Екінші Аурелиано төбедегі айнадан өзін көрді, сосын Петра Кортестің кепкен та-

рамысқа тізіп қойған төрешектер төрізді қырдай болған арқасын көрді көрді де, әйелді түсінді (352-б.).

ТІЛЕК-ХАТ – *рекомендательное письмо*. Дегенмен оны Араманта-Урсула оқуын бітірер-бітіргенше сонда тұрмақ болып уәде берген монахинялардың қарауындағы католик дініндегі жас қыздардың пансионына падре Анхельдің жолдаған тілек-хаты біршама сабасына түсірген еді (386-б.).

ТІЛХАТ (қолхат) – *расписка*. – Тілхат, – деді. Полковник Аурелиано Буэндиа өз қолымен тілхат жазып берді (202).

УАЗИПАЛЫ – *заслуженный*. ...Бұл – ең уазипалы ардагерлердің өзіне опа таптырмаған, көздеріне түссе зығырданын қайнататын, оқ-дәріге ысталып, қанға боялған баяғы жауынгерлік ту (349-б.).

ХАУЫЗ – *купальня (66), бассейн (259)*. Урсула ауладағы алып талшынның саясында бірін әйелдерге, екіншісін ерлерге арнап шомылатын екі хауыз, үйдің сыртынан керегеленіп өрілген сымнан қоршалған кең ат қора мен тауық қора, сиыр сауатын шетен, олай-бұлай ұшып өткен құс қонып сайрандап кетсін деп төрт құбыласы ашық үлкен тор салуды бұйырды (66-б.); Содан кейін асықпай асқабақтан жасалған бақырашпен хауыздан іліп алып, үстіне су құя бастайды (259-б.).

ШАТЫРША – *навес*. Төбесіне банан жапырақтарынан жасалған шатырша ырғатылып қалт-құлт етіп келеді, жауын толассыз құйып тұр (349-б.).

ЫЗАСЫРЫҚ – *бешенство*. ...Оның үстіне әлгі ішіне адам сүйегі салынған қапшық қаңғырлап қайта-қайта қарсы алдарынан шығып, жұмысшыларды ызасырықтан өткізген (66-б.).

Аудармаларында, өз еңбектерінде де кірме сөздер орнына қашанда ұтымды қазақша баламалар тауып немесе оларды қазақтың айту мәнеріне икемдеп жазатын шебер аудармашы Кеңес Юсуп бұл аудармасында *лаборатория (23), костюм (54-б.), заказ (78-б.), семья (116), отряд (118-б.), солдат (118-б.), документ (201-б.), телеграмма (204-б.), класстас (232-б.), самолет (416-б.)* деген сөздер кездесті.

«Жүз жылдық жалғыздық» бұл атауларға әлі балама табыла қоймаған кеңестік кезеңде жасалғандықтан, бастапқы мәтінде солай қолданылған. Қазіргі тілімізде бұл сөздер *зертхана, кәстөм, тапсырыс, отбасы, жасақ, сарбаз, құжат, жеделхат, сыныптас, ұшақ* түрінде қолданылып жүргендіктен, редактор мен кітапты шығарған баспа тарапынан тиісті өзгертулер енгізілгенде дұрыс болар еді. Бұл аударма жарық көргенде Кеңес ағамыз арамызда болғанмен өзі тарапынан да, шығарушылар тарапынан да тиісті түзетулер енгізілмеді. Ендігі басылымда мұны ескерген жөн деп білеміз.

«Қыстақ» деп алынып жүрген «селение» сөзін К. Юсуп «селен» (7-б.) түрінде дыбыстық өзгеріс енгізу арқылы қолданған. Ол «қыстақ» сөзінің бастапқы «мал қыстайтын орын, қыстау» мағынасын ескерген болуы керек, оны «селение» сөзіне балама ретінде алмапты.

Генрих БЕЛЛЬ. Иесіз үй. Роман.

Орыс тілінен аударған Темірхан Медетбек.

– Астана, 2003. – 384 б.

АВТОДӘНЕКЕРШІ – *автослесарь*. «Шеберлікке емтихан тапсыратын автодәнекерші нені білуі керек» (108-б.).

АВТОРЕТТЕУШІ – *автослесарь*. Шеберлікке емтихан тапсырар алдында автореттеуші нені білуі керек» деген әкесінің шағын кітапшасы, әкесінің суреті мен бірнеше комикстер (351-б.).

АҚБҰРҚАҚ – *фонтан*. Қазір онда ақбұрқақ атқылап, қолының үстіне қораздың мойнынан түсіп тұрған қызыл сәуле сияқты қып-қызыл раушандар өсіп тұр (44-б.); Онысына Вилльдің кітаптар мен кино туралы пікірлеріне қалай күлсе, солай күлетін: мағына-мәнсіз күбір Генель дәмханасындағы ақбұрқақ секілді арбалған рухтың көмейінен ақтарылып жатқандай, өзеннің тереңінен атқақтап жатқан су (100-б.).

АЯҚСЫРҒАНАҚ – *самокат*. Радиаторға қисайтып сүйей салған Мартиннің аяқсырғанағын Альберт жөндеп қойды (254-б.).

ӘТІР – *одеколон*. Эрих, Герт пен Карлдың айрықша иістеріне Леоның иісі де қосылады – әтір мен далаптың иісі (370-б.).

ӘТІР СУ – *туалетная вода*. Лео – мұнтаздай таза, үстінен әтір су мен опаның иісі аңқып тұратын. Оны бір шақырым жерден тануға болады (103-б.)

ӘЙЕЛҚҰМАР(ЛАР) – *бабник(и)*. Зиялы әйелқұмарлар оның жанын түршіктіреді (33-б.); ...Оның бойынан зиялылардың әйелқұмарлығына сай келетін ештеңе таба алмады (38-б.).

БАЛАӘЛТІРГІШ – *детоубийцы*. Бірақ Глумның шұжығы балаәлтіргіштерге ешқандай қатысы жоқ еді (181-б.).

БЕТӘЛПЕТ – *физиономия*. Жылай-жылай қызарып кеткен бетәлпет, үстел үстінен домалап барып еденге құлаған жұмыртқа ортасы, қарақошқыл былқылдаған ақ пен сары мәйек, быт-шыты шыққан ақ қабық (47-б.).

БОМБАПАНА – *бомбоубежище*. Шешесі оны қалаға, солар тұратын көшеге, ақырында солардың үйіне бомба түсіп жатқанда, бомбапанада толғақтан бүктетіліп жатып туған болатын (19-б.); ...Қыз екеуі бомбапанада қалып қойды (20-б.).

ДАЛАП – *помада*. ...Кітаптар мен журналдар, газеттер мен далап, алманың қалдығы, қолшатыр, берет, қалпақ, пальто, кешке қарай түнгі үстелге отырып ап тексеретін дәптерлер (154-б.); Эрих, Герт пен Карлдың айрықша иістеріне Леоның иісі қосылады – әтір мен далаптың иісі (370-б.).

ДАҢҒЫЛ – *проспект*. Үлкен жылдамдықпен әлденеше көшеден және кең даңғылдан өткен Альберт талшын аллеяның жанына тоқтады (253-б.).

ДӘНЕКЕРШІ – *слесарь*. Парижден сатып алынған бұл әмиянды ол он үш жыл бұрын – фотосуретте күлімсіреп тұрған фельдфебель, күлімсіреп тұрған дәнекерші, күліп тұрған күйеуі сыйға тартқан (59-б.);

ДҮҢГІРШЕК – *лавка, киоск*. Оның қырық «Томагавк» сатып алу үшін Мартиннің қолына қырық маркалық чек қағазын беріп, дүңгіршектерге жіберетін кездері де аз емес еді (147-б.); Сүт дүңгіршектеріндегі әйел, күйеуі болмаса да, бала туып алды (304-б.).

ЕЛІКТЕЙКЕТКІШ – *снобы*. Неллаға еріп көбінесе бір басқосуларда кездейсоқ танысқан немесе әлдеқандай баяндаманы тыңдау кезінде кездесіп қалған, не болса соған еліктейкеткіш жастар келетін (111-б.).

ЕТЕККӨЙЛЕК – *юбка*. Больданың көгілдір етеккөйлегінен сілті иісі аңқитын (82-б.); Бірде ол он төрт жасар немересінің ашық-сары етеккөйлегінен алабажақ сөздер жазылған бөтелке тоқу керек екенін айтты (115-б.).

ЖАҒАЖОЛ – *тропуар*. Олар басқаларды басып озып, көшемен жүгіріп бара жатады, мектепке бара жатқан қыздармен соқтығысып қалмас үшін жағажолға да шықпайды (226-б.).

ЖАЙМАТАБАҚ – *поднос*. Қою шашты ажарлы қыз жайматабақтағы бутербродтарды таратуға кетіп барады, терезе жанында қолы гипстеулі бір бала көшедегі біреуге «иттің баласы, мен саған көрсетем» деп айқайлап тұр (165-б.).

ЖЕРҚОЙМА – *подвал*. Бұл әйел жерқоймадағы күйеуін сұрқай, мүсәпір кейіпке түсіріп, күйінішті ән салдырып жіберген әйел (64-б.); Бірақ шешесінің өзі ол сөзді ашыған қамырдың иісі аңқып тұратын қараңғы жерқоймада, кондитерге айтты ғой (108-б.); Жерқойманы қараңғылық басты (320-б.).

ЖЕРТӨСЕНІШ – *дорожка*. Содан кейін еденнің ыңыраһып қоя беретін тұсын баспау үшін адымын ашыңқырап атап, жертөсеніштің үстіне өтті (77-б.).

ЗЕЙНЕТАҚЫ – *пенсия*. Бір жақсысы, мен олардан зейнетақы алып тұрам (188-б.); Егер мама күйеуге шықса, оған зейнетақы төленбейді (300-б.).

КӨНЕҮЛГІЛІ – *старомодный*. Әжесінің жүрісіне құлақ түріп, оны көз алдына келтіре қойды; оны және еменнен жасалған көнеүлгілі шкафты – шкаф өте көне болатын, яғни өте құнды (75-76-бб.).

КЕУДЕ ТАРТҚЫШ – *бюстгальтер*. Әрқилы әйелдердің кеуде тартқыштары мен рислингтердің суретін салып, насихаттап жатады (209-б.).

КИНОЖҮЛДЫЗ – *кинозвезда*. Нелла – түскені үшін көп ақша алатын киножұлдыз (282-б.).

КОФЕҚАЙНАТҚЫШ – *кофейник, кофеварка*. Нелла орнынан тұрып кофе қайнатып, суып кетпесін деп кофеқайнатқышты қымтап қойды (120-б.).

ҚОЛБАЛА – *подручный*. Онда бұрын қолбала тұрған. «Қолбаланың орнын сен басасың» (65-б.).

ҚОЛШАПАЛАҚТАУ – *аплодисменты*. Оны, дуылдап кетпесе де, көңілін риза ететіндей етіп, бірқалыпты созылған ұзақ қолшапалақтаумен шығарып салды (36-б.).

МӘТІН – *текст*. Альберттің эскизі бойынша басылған этикеткалар, Рай жазған мәтіндер (117-б.); Анықтама мәтіні біржола бекітілген, қызметшінің даусын тұтастай немкеттілік жаулап алған (342-б.).

МЕДБИКЕ – *медсестра, сестра*. Келген медбикеге: «Бернгарды шақырыңыз, роялін ойнасын», – деді (58-б.); Медбике кіргізген биік шынылы қос терезелі бөлме ешқандай ою-өрнегі жоқ, сұп-сұр екен (165-б.).

МЕЙРАМХАНА – *ресторан*. Ол үйден сирек шықса да, оны бәрібір кейбір мейрамханадағылар жақсы білетін (171-б.).

МҰРАҒАТ – *архив*. Қызыл автомобиль әлденеше рейс жасады да, қырық жылдық мұрағат өзінің бұрынғы орнын тапты (138-б.).

МҰРАЖАЙ – *музей*. Оның кеткеніне он жыл болды, әкесі ендігі медицина мұражайындағы қаңқа сияқты болып қалған шығар (15-б.).

ОПА – *пудра*. Ол бетін мақтамен мұқият сұртті де, жұқалап опа жақты, ернін бояп, қобыраған шашын жинап қойды (74-б.).

ОТ ЖАҚҚЫШ – *зажигалка*. Ол сөмкесінен ескі от жаққышты алып сөренің үстіне тарс еткізіп қойды. От жаққыштан кейін бауы әбден тозған сағатты алды (366-б.).

ОТ ТҰТАТҚЫШ – *зажигалка*. Машинада керек нәрсенің бәрі бар: күлсалғыш та, от тұтатқыш та. От тұтатқыш жәшіктің үстінде «Жаршының» соңғы нөмірі жатыр (274-б.);

ӨРТСӨНДІРГІШ – *огнетушитель*. Міне, Альберт баланың ұйқысын қорып, керек бола қалса, Нелланың шешесі шығарған өртті сөндіруге даяр өртсөндірігіштің жұмысын

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
атқармақ боп, аптаның жеті күнінің екі күнінде Нелланың
қонақтарымен бірге отыр (113-б.).

СЫНЫП – *класс*. 1946 жылы бірінші сыныпқа барған
мұғалімдерден «Асан деген бәрі бар қара базар ма» деп сұ-
райтын, терілері сүйегіне әрең ілініп тұрған балалар, осын-
дай бөлмелерде құрсаққа ұрық боп құйылғандар (46-б.).

ТАПСЫРЫС – *заказ*. Алғашқыда оған сенімсіздеу қарап
еді, өйткені оны шпион деп ойлаған, бірақ келесі кездесуде
ол оған тапсырыс берді (162-б.).

ТӨГІНДІ – *клякса*. Басы салбырап тұнжыраған бір
адам бұлттың үстінде отырғандай сия төгіндісінің үстінде
отырады да қояды (9-б.).

ТҮЙМЕ-ТЕСІК – *кнопка*. Ол қараңғыда шешесінің
түйме-тесікті басқанын білді (13-б.).

ҰШАҚ – *самолет*. Арғы жағынан ұшып бара жатқан
ұшақ көрінеді (288-б.).

ФОТОЗЕРТХАНА – *фотолаборатория*. Көп ұзамай бел-
гіленген форматта фотозертханадан бір қорап жалығуды
алып келді (279-б.).

ШЫНЫАЯҚ – *чашка*. Ол шыныаяқты өзіне жақында-
тып, сүт қосты (141-б.).

Жоғарыдағы әліпбилік тәртіппен берілген авторлық сөз-
дермен қатар аудармада кейінгі жылдары жасалып, тілдік
айналымға енген бірқатар жаңа қолданыстар бар. Олар мына
төмендегі сөздер: *қалиян (7) – трубка, реттеуші (10) –
монтер, сұрыптау (13) – сортировка, сортировочная, дәне-
керші (15) – слесарь, жасқылтым (20, 89-б.) – зеленова-
тый, оттық – зажигалка, ұстын – устои, жеделхат – от-
крытка, саябақ – парк, кинобағдарлама – кинопрограмма,
жолайрық – развилка, кемеші – матрос, топтама – серия,
тұнба – приправа, қатырма қағаз – картон, тосап (377) –
варенье.*

Аудармашы мына төмендегі кірме сөздерді аудармай
әрі орыс тіліндегі жазылуы бойынша қолданған: *монашка
(116, 112), контрабандист (112), солдат (185), суртюрк
(238), катехизис (15), фельдфебель (21, 47, 48), костюм*

(23), портфель (24), компресс (34), концепция (36), апостол (36), финал (39), клавиш (54), карточка (54), пальто (58, 154), диагноз (58), подъезд (58, 106, 153), рота (59), отряд (64), этикетка (65), туфли (66), горшок (76), монастырь (82, 188), монахиня (84), портсигар (91), кресло (91, 110, 148), рюмка (93), шприц (97, 231, 382), кабак (115), тубик (115), таблица (116), эскиз (117), мораль (127), инспектор (150, 199), пансионар (158), операция (164), цинк (167), рудник (167), салфетка (175), раковина (175), тумбочка (215), флакон (217), багажник (224), афиша (229), парк (230, 321, 345), турник (237), камин (260), аллея (321), бокал (321), бассейн (323), газон (328), крест (329), банкет (343), пиджак (346), кузов (353), жираф (362) және т.б.

Төмендегі кірме сөздер орыс орфографиясы бойынша жазылмай, өзгертіліп қолданылған: сөмке (104), тарелке (111, 376), пошташы (10, 208), стақан (12), пойыз (13), журнал (14, 154), шабадан (46, 193), минөт (78, 160, 164, 214), щеткі (103), кастрөл (134, 344), нөмір (140), графтық (158), журналшы (162), зауыт (193), кәрзеңке (193), пошта (217), кофейнік (326), резеңке (343), рөл (346), секөнд (360, 361) және т.б.

Иван БУНИН. Арсеньевтің өмірі. Роман.

Орыс тілінен аударған Қалихан Ысқақ.

– Астана, 2011. – 456 б.

АПТАРИҚАЛЫ – авторитетный. Күтпеген жерден атышулы жазушылардың есімімен қатар Петербургтің ай сайын шығатын аптариқалы журналына өлеңдерім басылып, ол аз болғандай сол кездегі ұшан-теңіз ақша – он бес сом қаламақы жіберіпті (153-154-бб.).

АСЖАУЛЫҚ – скатерть. Бірақ дымқыл еденнің сызымен, жан-жақтан ескен көктемнің лебімен араласқан бұл иіс көңіл жадыратып, өлім үшін емес, өмір салтанаты үшін жайылған дастархан – асжаулық, айыр қасық, рюмкалар, графиндер ерекше жайнап тұрады... (129-б.); Екі сауса-

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
ғымен аппақ нанның түйіршігін асжаулықтың үстінде ары-бері ширатып, қап-қара балшық қылып шығарды (191-б.).

БАСПАШЫ – *издатель*. Машиналар безек қағып тұр, бір қалыпты тарсылдап, қап-қара ұршықтардың үстіндегі қорғасын түстес тақтайды арлы-берлі тербетіп, әлдебір торды бір көтеріп, бір түсіріп, етектей қағаздарды бір жағына лақтырып тастап жатыр, қағаздың асты аппақ, үсті қара уылдырық сепкендей шұп-шұбар, осы машина біткеннің тарсыл-гүрсіл шуы мен ара-тұра естіліп қалатын баспашылар, теміршілердің даусынан бір түрлі жағымсыз иістің лебі келеді, танауды жарған бояу мен қағаздың, қорғасынның, кәрөсін мен майдың иісі – бәрі де осы сәттен бастап маған ерекше таныс болған нәрселер (212-б.).

БЕЙАУЫЗДЫҚ – *болтливость*. Мен үшін бұдан өткен бейауыздық жоқ – сонда шаттанып жүрген кім, босқа қыртып, қолдарын қанға батырғандар кім деп ойлаймын (196-б.).

БОҚША – *ягдташ (сумка, папка)*. Жіптен жаңа шыққандай, әрі мықты, әрі жеңіл, көз тойдырады: жалтыраған етік, сұрғылт шұғадан тігілген панталон, күміс түймелі сұр мундир, сәндеп күзелген баста жылтыраған көк картуз, былғары аңқыған сықырлауық боқшада кеше ғана сатып алған оқулықтар, пенал, қарындаш, дәптерлер... (71-б.).

БОРЫШКЕР – *должник*. Борышкер мезгілін өткізіп алса, саудагер сыпайы ғана есіне салған (68-б.).

ДАП – *колотушка*. ...Дүңкілдеген даптың дүңгірі құлақ жарып, тұп-тура терезенің түбінен өткендей тыным берсеші... (158-б.).

ДҮҢГІРШЕК – *киоск*. ... Міндетті түрде тоқтауың керек, алабажақ қаралы дүңгіршектен Николай солдатты шыққанша, ол барып алабажақ сырықты босатқанша, осы сырық шынжыры сылдырлап, дірілдеп-қалшылдап көтерілгенше күтуің керек (63-б.).

ДҮП – *пристяж*. Дүптегі жуан бақай аршындай желіп, доғаны сілкілеп бір орнында тапжылмай тұрған секілді де, қосардағы бесті бөксені көтеріп-көтеріп тастап, тұяғымен қарды бұрқыратып келеді (242-б.); Васильевскіден шыға

бере жолдың ойлы-шұңқырында сүрініп жығылған дүп-тің аты дәртеңі сындырып тастады да, атқосшы соны байлап матағанша пойызға кешігетін болдым-ау деп жаным шығып кете жаздады (243-б.).

ЖЕГІНДІ АТ – *старая лошадь*. Есік алдындағы қара көлеңкеде, жегіндінің жуан керігіндей солаңдаған шұға шапанды дәу шал гүжілдеп үн қосады (287-б.).

ЖЕДЕЛХАТ – *телеграмма*. Менің сан рет жіберген жеделхатыммен хаттарыма екі-ақ ауыз жауап келді (333-б.).

ЖОЗЫ – *небольшой круглый стол*. Пан Лисаковскийдің асханасы тәп-тәуір екен, жозысы аласа, тамағы арзан, әсіресе құймақ секілді ащы бұрышқа бөленген пәрәміші тым дәмді-ақ, құны да екі-ақ тиын (190-б.).

ЖҮКШІ – *грузчик*. Әлгі сақалды жігітті, жүкшіні ұстап әкетті дегенде де таңғалып жатпай құр әншейін қолын сермей салған (92-б.); Тағы не бұйырасыздар деген жүкшінің сұрағына жұлып алғандай: «Ештеңе қажет емес! Барыңыз» деп мен үшін жауап берді... (296-б.).

КІРЕБЕРІС – *вход («подъезд» емес)*. Сол алғашқы саяхатымнан кейін қайтып көрмеген қаланың кіреберісіндегі ертегідей таңғажайып көше, одан соңғы керемет таңсық болған қаланың өзі – бәрі баяғыдай емес, таңғалатын да, тамсанатын да түгі жоқ екен (53-б.).

КІРЕШІ – *извозчик*. Кіресілер бүрісіп бұрыш-бұрышта жолаушы таппай жүр (263-б.).

ҚАПАЛАҚ – *ветряк*. Бір мезгілде тіл қатпастан, қапалақтың артында тығылып тұрып үн-түнсіз арманнан шығамыз (329-б.).

ҚОҚАЙМА – *стойка*. Қоқаймаға сүйеніп, сырықтай маскатын сенделіп тұр... (288-б.); Түн ортасы, тым-тырыс буфет, қоқайманың үстінде жалғыз шам қалғып тұр... (293-б.).

ҚОҢЫРАУШЫ – *пономарь*. ...Дьякон мен қоңыраушының түсініксіз, священниктің шекпені, түсініксіз тілде күңіренген ән... (44-б.).

МӘТІН – *текст*. Әннің мәтіні дөң басында дихандар егін орып жатыр дейді (308-б.).

МЕЙРАМХАНА – *ресторан*. Қашанда музыка қақсап тұрады, түн қараңғылығын үркітіп, мейрамхана алдындағы терасса театр сахнасындай жарқырайды. Ағам тұп-тұра мейрамханаға тартады да, біз бақтың жарға тірелетін тұйығына беттейміз (310-б.).

МҮҚКАМАЛ – *гардеробная*. Анасының мүқкамал үстелінен хош иісті дәндерден жасалған әдемі моншақты көргенмін (39-б.).

МҮСӘПІРХАНА – *гостиница*. Қала шетіндегі арзан бір мүсәпірханаға түнеген едім, Севастопольден елең-алаңда шығып кеттім (204-б.). ...Ойым, онда барып ескі бір мүсәпірханаға орналасып, біраз уақыт жападан-жалғыз жатсам деймін (293-б.).

НҰСҚАМА – *стрелка*. Ақыры қарақұлақ ымыртта ілгері жатқан жапырлаған шам жарығы, жан-жаққа тырапайлап қашқан айқыш-ұйқыш рельстердің тармағы да көрінді-ау, одан соң дүңгіршектер мен жолайрықтардың нұсқамалары, тұйықта тұрған паровоздар, ең соңында жолаушысын күткен вокзал алаңындағы қалың тобырға да жақындадық (186-б.).

ПӘРӘМІШ – *пирожки*. Пан Лисаковскийдің асханасы төп-тәуір екен, жозысы аласа, тамағы арзан, әсіресе құймақ секілді ащы бұрышқа бөленген пәрәміші тым дәмді-ақ, құны да екі-ақ тиын (190-б.).

ПӘТЕРШІ – *нахлебник (квартирант)*. Мен гимназияда төрт жыл Ростовцев деген кедей мещаниннің үйінде пәтерде тұрдым: басқадай баспана табу қиын еді, ауқатты қала тұрғындарына пәтершінің бес тиындық құны жоқ-ты. Ростовцевтің менен басқа да пәтершілері бар екен... (64-65-бб.).

САЗГЕР – *композитор*. Ганский бірде әңгіме үстінде бала кезінде Зальцбургте болып, Моцарттың үйіне барғанын айтып еді: сазгердің көне клавикордын, оның қасынан шыныға салған бас сүйегін көріпті (200-б.).

ТҮНЕМЕЛ – *спальня*. Үй қожайындары бөлек түнемелде жатқан (157-б.); Түкпірде, табыттың бас жағында балалардың түнемел бөлмесіндегі майда шамдай өлеусіреп, көненің күміс құрсаулы құдай суретінің алдында шырағдан жылтылдайды (218-б.).

ШАЙНАМА – *закуска*. Әуелде-ақ өзі жолаушыға лық толып еді, Харьковта тағы да жұмыс іздеп оңтүстікке жөнкілген қалың жұрт жапыра басып кірді, бәрінің арқасында мөшек, оған қоса жоқтан өзгенің бәрін – күйелі шәйнек, шарқай, борсып кеткен шайнамаға дейін таңып тастаған түйіншек: тот басқан бақыраш, иістеніп кеткен піскен жұмыртқа... (201-б.).

ШАРҚАЙ – *лаптя*. ...Арқан делбені қос қолымен тас қылып ұстаған шарқайлы бозбала (56-б.).

ШАРУАБАСЫ – *староста*. Ит бар, жылқы, қой, сиыр, деген сияқты, жұмысшылар, арбакеш, шаруабасы, аспазшы, малшы, тәрбиеші, шешем, әкем, гимназист ағаларым, ылғи бесіктен шықпайтын қарындасым Оля... (8-б.).

ШОҚЫНДЫ – *богомалец*. Ойда-жоқта Святогор монастыріне көзім түскені, өткен жылы Донец жағасындағы қорғанына жер түбінен шоқындылар жиналған-ды, сонда бір түнге қоналқы тауып бере ғой деп тақуа сопының соңынан жүгіргенім бар... (280-б.).

ШЫРАЙНАЛЫС – *кругообразный (кругооборот)*. ...Бір ғана сиқырға толы шырайналыстың өзі неге тұрады (41-б.).

Қалихан Ысқақтың «табынышты» деген сөз қолданысы назар аудартады. Бұдан соң да орыс түкпірінің талай-талай сұрқай да ызғарлы қыстарын, балшыққа мелдектеген жазғасалымғы бұлыңғыр күндерін өткердім, ежелден табиғатқа табынышты орыс жұртының мінезі ғой, адамдардың ажары қашып, әбден зеріккендіктен бе, пенде біткенді жек көріп, тек өз тіршілігін ғана емес, жалған дүниені талақ қылатын әдеті... (86-б.).

...Енді бірде атлас порошок сепкен паркет үстінде тайпала билеген бұраңбелдердің арасында балықша жүзіп, аппақ люстраның астында күмпілдеген әскери оркестрдің музыкасын қызықтады... (87-б.).

Қалихан Ысқақ «қысылтаяңда, қарбаласта, жөпелдемеде» деген мағынада қолданылатын жергілікті сөзді қолданады: «Дегенмен осы күтпеген таныстық, матқапы емес жаңалық менің жанымды күйзелтіп тастады: шығарда ғана

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
жанымыз бөлек деп жүрсек, ағамыздың бізден басқа да тір-
шілігі, бізден жасырған сырлары бар екен (207-б.).

Сонымен қатар аударма мәтінде «түсқағаз» сөзі – «түс-
қағаз» (232-б.) деп, ал «телеграмма» (254-б.), «характер»
(13, 170, 259) секілді кірме сөздер өзгеріссіз қолданылған.

Проспер МЕРИМЕ. Қиямет түні. Роман.
Орыс тілінен аударған Әбілмәжін Жұмабаев.
– Астана, 2011. – 456 б.

АЖЫРҒЫ – *рогаты (деревянные)*. Олар дереу тұтқын-
дардың мойындарынан ажырғыларын алып, оның орны-
на темір бұғаулар мен кісендер салды, бұл, әрине, еуро-
палық мәдениеттің артықшылығын айдан анық көрсете-
тін еді (31-б.); Оларды ажырғысынан айырды да, қалаған
жақтарына кетуге рұқсат берді (Таманго. 312-б.).

АЗАПҚОР – *мученник*. Інжіл үшін жәбір-жапа шеккен
қасиетті азапқорларым, қайдасың?! (225-б.).

АТҚОРАШЫ – *конюший*. Графинияның атқорашысы
нәрестені асырайтын әйелді табатынын айтты (232-б.).

ӘДАРИЯТ – *монастырь*. Егер сізді шынымен өзәзіл түр-
тіп тыным бермесе, онда Иаков әулие көшесіндегі Якобин-
дер әдариятына қарай жүре беріңіз (214-б.).

БӘДЕН – *фигура (жерж. бет, ажар)*. Бәденіне, киген киі-
міне қарағанда, ол әйел секілді (142-б.).

БӘЛЕ-МӘТЕР – *ужасная вещь*. Дүниедегі бәле-мәтердің
ішіндегі ең сорақысы – азамат соғысы (256-б.).

БИБІ – *хозяйка*. Ол солардың біреуінің көйлегіне сүрініп,
енді біреуі отырған орындықты қағып кетіп, әрең дегенде
үйдің бибісіне барып жетеді, бірақ тек осы араға келгенде
барып, үй алдына келіп тоқтаған күймеден шыға берген-
де, аңдаусызда дөңгелекке ұрынып, жеңін былғап алғанын
көреді (97-б.); Бибі маған ақпейіл де қайырымды, бірақ аз-
дап та болса, тым сұңғыла, ең бастысы, менің күнәдан пәк
жүрегімнің қамын ойлап, көп қиналатын кісі секілді көрін-
ді (Лукреция ханым көшесі. 340-б.).

БОЗЫМ – *парень, молодой человек*. Сіздер бұл бозымды жақсы көріп кетесіздер ғой деп сенемін (87-б.); Бозымның күтпеген қарсылығы Коменждің зығырданын қайнатты (134-б.); Ойлап тұрсам, сені ғұмырында тұңғыш рет сайысқа түскен бозым өлтіріпті, ал сен жүз рет шайқасқа түскен сабаз едің (136-б.); Сіз ақылсыз бозымға осыны үйретіп жүрсіз бе? (151-б.).

ФИБАДАТХАНА – *молельня*. «Протестанттар ғибадатханаға» да тап сол мақсатпен барады, – деді Бевиль мұның сөзін іліп әкетіп (51-б.); Көзді ашып-жұмғанша Мержи ғибадатханадағы ашынасының қасынан келіп шықты (216-б.).

ДӘЙЕКШІ – *слуга*. Дәйекші Бернарға корольдің пажы осы жаңа ғана әкеліп берген хатты ұсынды (94-б.); Менің екі дәйекшімді ертіп кетсең қайтеді? (159-б.); Мұның келгенін хабарлауы мұң екен, дәйекші кілем пердені көтеріп, оны корольдің кабинетіне кіргізіп жіберді (177-б.).

ДУАҚАНТ – *колдун*. Ол, әрине, дуақант болған ғой – сол арада суға әлі түсіп үлгермеген арттағы бір тышқаннан: Ақшұнақ атжалман Клаус неге келмеген? – деп сұрайды (25-б.).

ДУАНБАСЫ – *мэр*. Қасында бірнеше ақсүйектері бар Лану ратушаның алдына барып, атынан түсе бергенде, одан дуанбасы, Лаплас деген егде пастор мен бірер қала тұрғыны сыртқа шыға келді (259-б.); Ол бұрынғыша дуанбасыға, тек дуанбасыға қарап, сөзін сабақтай түсті (261-б.).

ДҮКЕНШЕ – *лавочка*. Жас жігіттер өзенді көрсетпей қалқалап екі қатарлы қисапсыз көп дүкеншелер мен шеберханалар арасындағы онсыз да тар, қуықтай өткелекті түгелдей бөгеп, қол ұстасып келе жатыр екен (41-42-бб.).

ДІНИЯУИ – *богомолки*. ...де Тюржи секілді әсем де әйбат дінияуи бикештер уағыз айтса, олар тегі дінді алмастырып көрсек қайтеді деп, мықтап ойланар едік дегенді айтып жүрді (187-б.).

ЕЛКЕЗБЕ – *странник*. Ол елкезбелерді үйіне кіргізіп, отбасынан орын беріп, жайлы жайғастырады және оларды бұдан да артық етіп құрметпен қарсы алмағаны үшін ғафу өтінді (431-б.).

ЖАНИЕ – *господь*. «...Тамұқтың төрінде өзөзіл шайтандар азапқа салмас үшін, – деді кенет мәймөңкелей күбірлеп францисқан, – сендерге көктен көмек жіберілген: ол – жаратушы жаниеміздің құдіреті, қазасы мен қаны (76-б.); Иә, мына сен – жаратушы жаниеме жау болып тұрғанда, шіркеудің жауы болып тұрғаныңда, француз атаулы сенің жауың болуға міндетті (220-б.).

ЖАСАҚ – *отряд*. Жасақ тарап кетті (259-б.).

ЖАУЛАН – ...Ал сендер, жаныма балаған жақындарым менің католиктер, сендер жәннатқа жаулан етіп, жан кешеміз ғой деп ойлап, қолдарыңды уқалап, майлы саусақтарыңды жалап тұрсындар ғой, ә? (78-б.).

ЖӘЫЛДІК – *шутки*. Сен мені өз үйімде сондай жәһілдікке жол береді деп ойлайсың ба? (246-б.).

ЖЫРЫНДЫ – *заправских (дуэлистов)*. Жырынды сайысшылардың әдет-ғұрпы осылай еді (132-б.).

ЖЕРҚОЙМА – *подвал*. Өлтіру қайда, қайта мен оны үйімнің жерқоймасына апарып жасырып келдім, ал ол маған қарызымды түгел алдым деген сенімхат берді (229-б.).

ЖЕРТӨЛЕ – *окоп*. Ал біз қайта оған өз жертөлелерінде соққы беріп жатқанымызда тізе бүгуді талап етеді (260-б.).

ЖОЙҚАН – *побоище*. Маршалдың Варфоломей жойқанына қатыспағаны былай тұрсын, өз басы көптеген көрнекті протестанттарды құтқарып қалғанды (254-б.).

ЖОЛСАПАР – *поездка*. Мен оған осынау ұлы адамның алтын кенерелі портретін сыйладым да, жолсапарға шыққанда зерікпес үшін ыңғайлы бір amiso алып шығатын әдетім бар еді (364-б.).

ЗӨКІР – *якорь*. ...Ағылшын крейсерлері ол араны қараусыз қалдырған кезде келіп зөкір тастады (307-б.).

ЗӘҢГІ – *негр*. Зәңгілер кеменің кенересіне арқаларын сүйеп, екі қатар болып тізбектеліп отыратын, олардың арасындағы кеңістік құл таситын басқа кемелерде тек өткелек ретінде ғана пайдаланылатын. Леду бұл аралыққа, отырған зәңгілерге перпендикуляр етіп, тағы да бірнеше құлды жатқызуды ойлап тапты (Таманго. 306-307-бб.).

ИЫҚБАУ – *подвязка*. Ол дереу иықбауын шешіп алып, ана балқаға асылып өледі (350-б.).

КЕДЕНШІ – *таможенник*. Негрлермен сауда жасауға тыйым салынып, онымен айналысу үшін француз кеденшілерінің қырағы көзінің қырына шалынбай, аман өтіп қана қоймай – бұл онша қиын да болмайтын... (Таманго. 305-б.).

КЕЛІССӨЗ – *переговоры*. Бітім келіссөздерін бастауға ұсыныс жасау үшін Ла-Рошельге маршал Бирон жүріп кетті (253-254-бб.); Тіпті келіссөздер жүріп жатқан кездің өзінде Бордо шаһарында протестанттарды қырып-жойып жатты (254-б.).

КЕУДЕЛІК – *нагрудник*. ...Ал оған қоса қодас терісінен жасалған кеуделігі бар-тын, сонда оның тәнінде бір нәрсеге соғылған кезде көгеріп қалатын дақ екеш дақ та қалмаған екен. – Ал сіз сол ақсүйек дворянды оқтан аман сақтау үшін әлгі кеуделіктің өзі жетіп жатыр еді деп ойлайсыз ба? (21-б.).

КӨЗҚАРАҚ болу – *приглядить*. Мен оған бір кемпірді кіргізгенмін, ол саған көзқарақ болар (140-б.).

КӨЛГІРЛЕР – *ханжи (мүләймсушілер)*. Көлгірлер менің діндарлығыма мәз бола қуанып, жалған тәңірияға шоқынып жатады (67-б.).

КӨПІРШЕ – *мостик (капитанский)*. Жел ысқырып күшейе түсті, кенет көпіршеден бірнеше футтай жерге сатыр-сұтыр етіп екі діңгек құлап түсті де, палуба үстін ағаш жаңқаларымен, әр түрлі жабдықтардың арқан-жіптерімен, ауыр торларымен жауып тастады (Таманго. 327-б.).

КІРМЕЛІК – *прихожая, прихожка*. Аула іші қосшылар мен аттардан көрінбейді екен, Мержи атшылар мен паждар қаптап жүрген аумақты кірмеліктен сығылыстырып әрең өтті, мұндағы паждардың қаруы тек сапылар ғана болса да, адмиралды мықтап күзететін тәрізді (85-б.).

КҮЛПАРА//КҮЛӘПАРА – *капюшон*. Күлпаралылар мен Марго жеңгем де бізбен бірге ішуі тиіс! (247-б.); ...Өзіңізбен бірге күлпаралы қоңыр плащ-шекпен ала кетуді ұмытпаңыз, ол сіздің жататын төсегіңіз, жамылатын көрпеңіз болады (288-б.).

КҮПСЕРЛІК – *толщина*. Өзінің күпсерлігінен суға батпай қойды ғой тіпті (243-б.).

КІРІПТАР – *невольник*. Таманго сатуға әзірленіп қойылған кіріптарларды әкелуге белгі берді. Егер тоқтау керек болса, қатардағы бірінші кіріптар айырының үшкір сабын жерге қадай салады, сонда күллі тізбек тұра қалады (Таманго. 309-б.).

ҚАМАЛ-САРАЙ – *замок*. Қазір сіз бізді Мадрид қамал-сарайына, король сарайының қалың ортасына ертіп барасыз (95-б.); Аңшылар қамал-сарайдан шықты (113-б.).

ҚОНАҚЖАЙ – *гостиница*. Мержи Парижге кешке салым, қала қақпасы жабылардан сәл ғана бұрын келіп жетті де, Сен-Жак көшесіндегі қонақжайға ат басын тіреді (40-б.).

ҚОРАШЫ – *конюший*. Графинияның қыр-сырын жақсы билетін оның қарт қорашысы есікті қағып тұрған кім екенін тесіктен қарап көріп, мұқият тергеп алды да, өзінің әмірші ханымына келіп, капитан Жорж де Мержиді ішке кіргізуді қиыла өтініп сұрап тұрғанын айтты (227-б.).

ҚҰНАҚЫ – *компенсация*. Лануға ешбір құнақы төлетпестен, екі ретінде де оны корольдің інісі босаттырып жіберген болатын (255-б.).

ҚҰЯРЛЫҚ – *устье (реки)*. Джоаль өзенінің құярлығына ағылшын крейсерлері ол араны қараусыз қалдырған кезде келіп, зәкір тастады (Таманго. 307-б.); Таманго қолымен маңдайына бір қойып қалды да, дереу мылтығын алып, теңізге құяр алдында ирелеңдеп, көп бұрылыс жасайтын өзен бойымен жүрмей, құярлықтан жарты мильдей жерде жатқан теңіз қойнауына қарай тікелей тартты (Таманго. 313-б.).

ҚЫРЫМПОЗ – *хлыщ*. Коменж қырымпоз, қияңқы болатын, ол сазайын да, жазасын да тартты, сонымен іс бітті (181-б.).

МАЗДАҚ – *факель (223, 230, 231), фитиль (199)*... Ол өз қолымен жақын жатқан көшелердің кіреберісіне қарауылдар қойды және оларға маздақ жағындар деп бұйрық берді (199-б.); Осының бәрі, шынында да жойқын бір өртке ұқсас болатын, бөлме ішін лезде қара май иісі алып кетті, ол бір

мезгілде жазылған қисапсыз көп маздақтардан тарап жатқан-ды (223-б.); Кенет маздақтардың қан қызыл оттары қабырғаларға жарығын түсірді (230-б.); Ол маздағын лақтырып тастап, алды-артына қарамай зытып берді (231-б.).

МАСҚАРАПАЗ – *скоморох, колун*. Бұл мақсаты үшін ол ақшаның денін асыл тастарға айырбастап, бір апта бұрын оларды ғажайып той-мейрамға шақырды, тойға арнап ең таңдаулы күйшілер мен масқарапаздарды, тағы басқаларын тауып алды (Федериго. 436-б.).

МАХАЛЛА – *квартал*. Бізге Сент-Антуан көшесі және оған жалғас жатқан махалла сеніп тапсырылған (207-б.).

МӘЛЛЕ – *сутана*. Ғұмырымда тұңғыш рет мәлленің көзіме жылы ұшырағаны осы, әкетайым (197-б.).

МӘМІЛЕШІ – *посредник*. Осыдан кейін корольбасқа бір мәмілешіні – ара ағайынды жіберді (254-б.).

МӘНПАҒАТ (таппау) – *не доставит удовольствия*. «Ашқарын барып айқасқаннан кісі не мәнпағат табады дейсің», – деді Мерлен (205-б.); Бұл бауырым менімен бірге отырғаннан еш мәнпағат таба алмай ма деп қорқамын (240-б.).

МЕЙМАНЖАЙ – *гостиная*. Мен оның алғашқы сөздерін айтайын. Мейманжай есігі ашылды да, оған: Кешіріңіз, оқырман мырза, Мадрид қамал-сарайында мейманжай болмаған, мейманжайлар...» деді (96-б.);

Оның бейнесін дәл көргіңіз келсе, жұрттың бөрі түгел жайғасып болған кезде, аса кең мейманжайға келіп кірген жас ағылшын жігітін көз алдыңызға елестетсеңіз жетіп жатыр (97-б.); Мен алдындағы аядай мейманжайға жеделдетіп кіріп келдім (Лукреция ханым көшесі. 363-б.).

МЕЙМАНХАНА – *гостиница*. Мен мейманханама қайтып келгенімде сағат екіні соққан еді (362-б.).

МӨР-ТАҢБА – *печать*. Ең әуелі ол хаттың мөр-таңбасына қарады (86-б.).

МЫЛТЫҚШЫ – *аркебузир*. Мылтықшыларға ілесе қала тұрғындарының сапы келе жатты, олардың арасында әйелдер де бар еді, олар да қырсыққа қатысқан болса керек (258-б.); – Сіз не істеп тұрсыз, капитан? – деді дызақтап мылтықшылардың бірі (279-б.).

МІНӘЖАТХАНА – *молельня*. Құдайға құлшылық ететін орын. Бернар ағасы өзінің мінәжатханасы деп атаған кабинетке келіп кірді (60-б.).

МІШІМ – *котенок*. Маяға көптен бері ешкім тимеген екен деп ойласын деп, шөп үстіне мішімдерін шұбыртып, ұрғашы мысықты әкеліп тастады (292-б.).

ОЙНАСҚОР – *распутник*. Иә, ойнасқор екенім рас – тән құмарлығын жеңе алмай келемін, бірақ қастерлеуге тұратын мәселеге келгенде оны қатты қастерлеймін (46-б.).

ОҚПАНА – *траншея (окон)*. Олар дұшпанның бірнеше оқпанасын көміп, қалқаларын құлатып, жүз қаралы солдағын қатардан шығарды (257-б.).

ӨТКЕЛЕК – *проход*. Жас жігіттер өзенді көрсетпей қалқалап, екі қатарлы қисапсыз көп дүкеншелер мен шеберханалар арасындағы онсыз да тар, қуықтай өткелекті түгелдей бөгеп, қол ұстасып келе жатыр екен (41-42 б.); Зәңгілер кеменің кенересіне арқаларын сүйеп, екі қатар болып тізбектеліп отыратын, олардың арасындағы кеңістік құл таситын басқа кемелерде тек өткелек ретінде ғана пайдаланылатын (Таманго. 306-б.).

ПАНАЖАЙ – *приют*. Бұдан екі жүз жылдан уақыт бұрын, дәлірек айтсақ, 1572 жылы осы үй дуаналардың панажайы болушы еді, бірақ о заманда үйдің түрі мүлде басқа болатын (5-6-бб.).

ПӘТЕРМАН – *квартирьер*. Сіз, немеңе, пәтермансыз ба? (212-б.).

САПЫ – *шпага*. Коменжбен сапыны айқастырған кезіңізде оның капитан Томазоны қыршынынан қиған бір қулығынан сақ болыңыз (109-б.); Сені енді мың сан сапы да құтқара алмайды! (224-б.).

СЕРУЕНБАҚ – *аллея*. Ол кең де тіке тартылып жатқан серуенбаққа шығып, қашқын әйелдерге енді жетемін деп ойлай бергенде, қақпа сарт етіп жабылды (147-б.).

СҰХБАТХАНА – *беседка*. Баудың төр жағында сұхбатхана секілді бірдеңе бар-ды – ол айнала отырғызылған жөке ағаштары мен солардың арасына керегедей болып жалдана, тұтаса өскен қалың бұталардан құралған-ды. Сұхбатханаға екі есік, дәлірек айтқанда, екі арқа апаратын, ортасында

тас үстел тұратын (142-б.); Сол сәтте ол бұрылып қарап, сұхбатхана есігі алдында тұрған Мержиді көрді (147-б.).

ТАПСЫРЫС – *заказ*. Түскі асқа тапсырыс берілген, демек, сен бізбен бірге ауқаттануың керек (44-б.).

ТАСБЕЙНЕ – *статуя*. Ол тасбейненің өзін шексіз қуанып, күн сайын түнемелікте тірілетінін айтады (343-б.).

ТӘҢІРИЯ – *богаматерь*. Көлгірлер менің діндарлығыма мәз бола қуанып, жалған тәңірияға шоқынып жатады (67-б.); Ертең оны тәңірияның алдына апарып, жылытып аларсыз (146-б.); Ол тәңірия бейнесінің алдына келіп, жүрелеп отыра кетті де, құдайға жалбарына бастады (303-б.).

ТЕПКІР – *шпора*. Ол бірнеше рет орғып, мөңкіп көріп еді, жігіт оның бүйіріне өткір темір тепкірін қадап, жанын көзіне көрсетті, содан кейін көрі мәстек тағдырдың салғанына көнбек болып, лоқылдап желе жөнелді (38-б.); Олардың алтыбақан-алауыздығының, сынып қалған тепкір сияқты маған түкке қажеті жоқ (46-б.); Ол соңғы сөздерін бөліп-бөліп айтты да, тепкірін атының бүйіріне қадап, бірден тапырақтап шаба жөнелді (118-б.).

ТОПАТАЙ – *кусочек*. «Бір топатай етті, бұршақ орнына ашыманы талшық етеміз». «Одан ештеңеміз қуармас» – деді пәлсапалық кейіппен Мерлен (202-б.).

ТӨЛҚҰЖАТ – *паспорт*. Менің қашуымды оңайлату үшін атымды төлқұжатыңызға қосып жаздыра салсаңыз жетіп жатыр. Бірақ алған бетінен қасарып қайтпайтынын білгеннен кейін, ақыр соңында оны төлқұжатыма жазып, өзіммен бірге алып кетуге уәде бердім (360-б.).

ТІС ТАЗАРТҚЫШ – *зубочистка*. Карталар мен қағаздар үстінде тіс тазартқыштар шашылып жатыр, бұлар адмиралдың жұрт мысқылдап жүретін әдетін еске салады (86-б.).

УӘЛАЯТ – *провинция*... Әйтпесе сол жақтан қадым заманнан бері протестанттарға тілеулес оңтүстік уәлаяттарға қашып кету оңайырақ болар еді (232-б.); ...Сөйтіп Ла-Рошель сол кезде оңтүстік уәлаяттар астанасының рөлін атқарған және протестанттар дінінің ең тиянақты тірегі саналған еді (252-б.).

ҮЯЖАЙ – *гнездышко*. Жүрегі дүрсілдей жөнелді, ол тап қазір тек Диананың үяжайынан табатын рақат-лөззат жай-

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
лы ғана ойлады – Бевильдің түсініксіз тосын сөзінен кейін
туған жаман ойлары заматында сейіліп кетті (215-б.).

ҮКІМ-БИЛІК – *власть*. Өз басым қала оның үкім-билі-
гін мойындаса, король соны қанағат тұтады да, мүмкін емес
нәрсені бізден талап етпейді ғой деп үміттенемін (261-б.).

ҮРІЗҒАР – *находилось на иждивении*. Қатыгез заман-
да – мейлі ол бейбіт уақыт па, әлде соғыс уақыты ма – әй-
теуір қару-жарақты әскердің үрізғары әрқашан жергілікті
халық мойында болатын және осы салтты дұрыс емес деуге
ешкімнің де жүрегі дауаламайтын (8-б.).

ХОШУАҚ – *быть в духе* (көңілді, жарқын). Жас жігіт-
тердің тап бүгін, тегі көңілдері хошуақ болса керек, өйткені
олар ұдайы жадырап күле береді (42-б.).

ШАРАПХАНАШЫ – *трактирщик*. «Олардан да со-
рақысы – рейтарлар», – деді шарапханашы мән-жайды тү-
сіндіріп. Яки, протестантсыз ба?.. – деді шарапханашы таң-
дана дауыстап (10-11-бб.).

ШОЙМАН – *крупный (зілдей, ірі, кесек, шойыннан*
құйғандай). – «Паһ, шіркін, мына шойманды аман-сау Мар-
тинкаға жеткізсем, бұдан ең аз дегенде, бір мың екю пайда
табар едім», – деді ол (Таманго. 309-б.).

ШОМЫРЫҚ – *осколок*. Тарафальгар төңірегінде болған
шайқаста оның сол қолына ағаш шомырығы тиіп, ұнтап
тастады (Таманго. 305-б.).

ШӨЛМЕКШІ – *бутолочный*. Міне, мынау – Шөлмекші
архиепископ, бұ кісі ауқаттанғанға дейін қашырының
үстінде ілдебайлап, денесін түзу ұстап отырады әйтеуір
(48-б.).

ІЛГЕКШІ – *крючник*. – Әй, сүйіктім! – деп дауыстады
Мержи ілгекшілердің біріне (211-б.).

ІШЕРМЕН – *собутельник*. Бір ішермен достың орнына
енді екі ішермен досымыз болады, бар болғаны осы емес пе?!
(44-б.).

Жоғарыдағы мысалдарымен берілген сөздермен қатар
ерекше қолданыстағы тағы да бірқатар сөздер кездесті.
Олардың қатарына мына төменде берілген сөздерді қосуға
болады: *бастастар (12) – единовѣрцы, бастас болу (Лукре-*

ция ханым көшесі. 337-б.) құтхана (57, 161) – заведения, салдауыр (71) – груз, ләззатқұмарлық (74, 79) – любо-страсти, сардар (93) – вожак, үргедек (124) – щепитиль-ный, королева-ана (155) – мать-королева, тәштит (160) – гребешок, ұстын (160) – колонна, хұжыра (161) – альков, жадылық (167) – колдовство, рақат-ләззат (215) – бла-женство, күләпаралылар (247-248) – клубучники, қолбасы (255)//әскербасы (265) – военачальник, жолсапар (364) – путешествие.

«Қамзол» (8), «сүргіш» (90) сөздері дыбыстық өзгеріс пен, ал «арендатор» (430,43,432) сөзі дыбыстық өзгерістерге де ұшырамай, оның қазіргі тілде орныққан «жалгер» деген баламасымен де алмастырылмай қолданылады.

«Аула іші қосшылар мен аттардан көрінбейді екен. Мер-жи атшылар мен паждар қаптап жүрген аумақты кірмелік-тен сығылыстырып әрең өтті, мұндағы паждардың қаруы тек сапылар ғана болса да, адмиралды мықтап күзететін тәрізді» (85-б.) деген сөйлемдерде «паж» деген көпшілікке онша түсініксіздеу кірме сөз қолданылады.

Француз тілінен енген «паж» сөзіне лайықты балама бол-мағандықтан өзгеріссіз қолданылған. Оқырманға түсінікті болу үшін бұл сөздің «Орта ғасырларда Батыс Еуропада ай-рықша мәртебелі ханымдардың жеке қызметшісі болып, рыцарлыққа өтудің бірінші сатысында тұрған дворян от-басынан шыққан 7-10 жастағы ұл бала» деген ұғымды біл-діргені түсіндіріле кеткені артықтық етпес еді.

Константин ПАУСТОВСКИЙ. Телегей тасқын. Хикаят.

Қарабұғаз. Хикаят.

Вагондағы әңгіме. Кәрі аспаз.

Орыс тілінен аударған Әбілмәжін Жұмабаев.

– Астана, 2011. – 456 б.

АЗАМАТША – *гражданка*. Прокофьев, Миша, тегі Крас-новодскінің бір азаматшасын ұнатып, желігіп жүр ме деп күмәнданады (130-б.).

АҢСОҒАР – *звербой*. Аңсоғарлар қыстыгүні үлке көш болып, мұз үстімен теңізге шығатын. Қыс түскен сайын аңсоғарлардың бірнеше артелі – көштері қаза табатын (Қарабұғаз. 99-б.).

БАҚАШАНАҚ – *устрица*. Оның иісінде тұз бен бақашанақтардың күшті иісі бұрқырап тұрған еді (142-б.).

БАЯНДАУ-ЖАЗБА – *докладная записка*. Сіздің гидрографикалық басқармаға баяндау-жазбаны жолдағаныңыздан хабардармын, сол жазбаңызда сіз Қарабұғаз шығанағының түбі тамаша саз топырақ дегенді атап өтесіз (Қарабұғаз. 70-б.).

БУАТ – *пучок*. Үйдің төбесіндегі белағашта қурап қалған бір буат жусан ілулі тұр (43-б.).

ДӘЙЕКШІ – *официант*. Кают-компаниядағы қызыл барқытпен тысталған диванда ызақор сары дәйекші ұйықтап жатыр (Қарабұғаз. 85-б.); Дәйекші солармен бірге (Қарабұғаз. 91-б.).

ДӘРІ-ДӘРМЕКШІ – *провизионер*. Кемедегі біздің дәрі-дәрмекшіміз әлгі құстарды ұқсатып, тұлып жасады, енді со жануарлар менің каютамда тұр (50-б.).

ДҮКЕНШЕ – *магазинчик (погребок)*. Бірақ оны дүкеншеде тұрып ішпеді, «пәтеріне» әкелді, солдат қала шетіндегі Слободкада, оқшаулау тұрған бір жапырайған ескі үйде түнейтін (18-б.).

ЖАЗБАХАТ – *записка*. Мен бұл сұмдықтың бөріне екі аптадай төздім де, сосын тиісті кісі арқылы Чикилярға жазбахат жолдадым, тәуіптің адамдарды жарымжан етуіне тыйым салуды талап еттім (Қарабұғаз. 148-б.).

ЖАМБАС АҚЫ – *за постой (плата за проживание)*. Жамбас ақыға маған екі теңге бересіңдер, білдің бе! (23-б.).

ЖЕРТӨЛЕ – *погребок (подвал)*. Соқыр солдат шарап жертөлесіне түсіп, Лермонтовтан алған елу тиынға түгелдей қазына шарабын сатып алды (18-б.).

ЖОЛДОРБА – *рюкзак*. Ысмайыл жолдорбасын арқалап алып, Жоңғар тауларына апаратын жолға қарай беттеп бара жатты. (Вагондағы әңгіме. 406-б.).

ЖОЛСАПАР – *поездка*. Петербургта ол жолсапарға шығам деген (12-б.).

КЕМЕЖАЙ – *пристань*. Ол шіріген кемежайын қиғаштай соққылап тұрған жаңбырға сығырая қарап, бір түкірді (Қарабұғаз. 87-б.).

КЕМЕШІК – *шхуна, реюшка*. Тек қараша айында ғана Шацкий балықшылардың шағын кемешігімен бекіністен Перовскіге барып жетті (Қарабұғаз. 100-б.); Желкенді кемешіктердің қара бугшприттері семафорларға тиер-тимес деңгейде, вокзалдың аласа қоршауы үстінде тербеліп тұрады (166-б.).

КЕМЕШІЛІК – *пароходство*. Бірақ сарышаян оттан қалай қорықса, кемешілік те шығанақтан дәп солай қорқады... Каспий кемешілігі бүкіл қарабұғазды сусыз қалдырудан жүзі жанбайды (243-б.).

КӨПІРШЕ – *мостик (капитанский)*. Вахта кезекшісі көпіршенің үстіне шығып, оларды санап тұрды (Қарабұғаз. 90-б.); Капитан жөткерініп, көпіршеге қарай жүрді (Қарабұғаз. 105-б.); Ақшұнақ офицер көпірше үстіне шықты (107-б.).

ҚАУЫРСАҚ (*сайрауық*) – *дрозд*. Сынған темір торларға боз қауырсақтар ас әзірлейтін көкөна ыстығынан пысынап, есіріктеніп кеткен (Қарабұғаз. 128-б.).

ЛАСХАНА – *грязнуха*... Ауруханасы, поштасы, жолаушылар тұрағы, лихтерлері мен ежелгі мониторларға ұқсас «ласханасы» бар әйдік кеме ырғалып тұр екен (Қолбасшы. 177-б.).

МЕЙМАНБЕЗДІ – *негостеприимный*. Осынау мейманбезді жағалаулар мен суларға тек тұзды сортаң ыспа құм мен тіршілік атаулының көзін құртатын ыстық күн ғана үстемдік етеді (62-б.).

МІШІМ – *котенок*.

МІШІМДЕГЕН – *окотившаяся (кошка)*. Жуырда ғана мішімдеген арық мысық қыз аяғына сүйкенді (18-б.).

ОНБАСЫ – *десятник*. Мен Бекметті онбасы етіп тағайындадым (Қарабұғаз. 238-б.).

ӨЗЕНШЕ – *ручей*. Мен осынау шын мәніндегі өлі теңізге келіп құятын бірде-бір өзеншені таба алмадым (60-б.).

ПАЙЫЗ – *процент*. Олар теңіздің тереңіне өтетін күн шұғыласы мөлшерінің жиырма төрт пайызын пайдасына жаратады, ал біздің күн шуағына шомылып жататын жердегі өсімдіктер, өзім жоғарыда айтқандайын, пайыздың болмашы бөлігін ғана қажетіне асырады (175-б.).

САЯЖАЙШЫ – *дачник*. Оның бос уақыты өте көп оқырмандарға, көбінесе саяжайшыларға арналып жазылатын қара дүрсіндеу дүниелерінен таланттың ізі жылт етіп те көрінбейтін (Қарабұғаз. 76-б.).

ТЕКШЕМЕТР – *кубометр*. Расында да, ұзындығы төрт жүз шақырымдық газ құбырына екі жарым миллион текшеметр газ сияды екен (Қарабұғаз. 157-б.); Ал комбинатқа тәулігіне сексен бес мың текшеметр су қажет (Қарабұғаз. 241-б.).

ТЕПКІШЕК – *педаль (лестница)*. Күйсандықтың тепкішегі баяу сықырласа да, жүздеген адам қуана әндеткендей, ғажайып бір серпінді құш-әуез шырқай көтерілді (Кәрі аспаз. 380-б.).

ТҮЗСОРҒЫШ – *солесос*. Мирабилитті шығанақ түбінен экскаваторлар мен түзсорғыштардың көмегімен өндіру және бассейндендіру әдістері дәп сондай жаңа әдістер болып табылатын (169-б.).

ТҮНШЫҚПА – *удушье*. Соның суында жүзген сапарымнан кейін мен тыныс буылатын түншықпа дертіне ұшырадым (Қарабұғаз. 80-б.).

ТҮШЫТҚЫШ – *опреснитель*. Түшытқыштан шыққан су бізге кастройка маңынан да нашар бірдеңе болып көрінеді (136-137-бб.); Әр адамға оның тек бір шелегін ғана беретін, өйткені түшытқыштың біреуін жөндеуге қойған еді. Шын мәніндегі инженер және ортаазиялық тұрғын ретінде, ол бізге түшытқыштың суы бұлақ суынан әсте кем емес деп дәлелдеуге тырысты (137-б.).

ТҮБЕКШЕ – *коса*. Шығанақтың солтүстік жағалауын қуалай жүзіп келе жатқан кездің екінші тәулігінде біз

Қара Сүкіт түбекшесіне жеттік те, сол арадағы су бетінен кең аумақты қызғылт көбік жолағын көрдік (57-б.); ...Теңізден екі құнарсыз түбекшемен бөлініп жатыр деуге болатын аса кең су алаңы (59-б.); Оңтүстік түбекшенің маңынан мен әжептәуір рефракцияны байқап, бақыладым (61-б.).

ҮЙСЫНЫҚ – *вдовец*. Пәтердің иесі тері-терсек, қайыс-әбзел жинайтын бір берекесіз, үйсынық еді, шарап толы шөлмекті көріп, жалпылдап, елпек қақты, үстел үстіне жыртықта болса тап-таза мұнтаздай дастарқан жайды (18-б.).

ІСМЕРХАНА – *мастерская (сапожника)*. Жерлеу рәсіміне саяжайдың қожайыны – Мария тоғайындағы етік ісмерханасының иесі, күміс көмейлі бала, бірнеше көгершін өсіретін балалар мен Евсеенко келді (Қарабұғаз. 84-б.).

Жоғарыдағы атаулармен қатар аударма мәтінде мынадай жаңа сөздер мен өзгеше қолданыстар кездеседі: *кебентай* – *бурка*, *жапсырма* (63) – *нашивка*, *сұхбатшы* (83) – *собоседник*, *шомылма* (135) – *купальня*, *көмеш* (195) – *лепешка*, *жоба-жоспар* (201) – *проект*, *құтсыздық* (209) – *хаос*, *жайдарма* (250) – *акация*.

Орыс тіліндегі қалпын сақтап жазылған кірме сөздер: *бригадир* (24), *ротмистер* (30), *риф* (60), *рефракция* (61), *трубка* (75), *иллюминатор* (75), *фабрикант* (78), *гидрограф* (79), *официант* (87), *салфетка* (87), *шофер* (130-б.), *гувернантка* (260), *галерея* (311), *живопись* (311), *коллекционер* (311), *барельеф* (438) *солдат* (18), *контрразведка* (101-102-бб.), *насос* (169-б.), *аренда* (203-б.), *адрес* (444) және т.б.

Көркем аудармада кейінгі жылдары *сарбаз*, *қарсы барлау*, *сорғы*, *жалдау*, *жалға беру*, *мекенжай* түрінде қолданылып жүрген сөздер бұрынғыша қолданылған.

Қолсозым жер (206) тіркесіндегі «қолсозым» сөзі біріктіріліп жазылса, *түлен* (75) – *тюлень*, *түрім* (89) – *трюм* тәрізді кірме сөздер дыбыстық өзгерістермен жазылған.

Лион ФЕЙХТВАНГЕР. Ағайынды Лаутензак. Роман.

Орыс тілінен аударған Мәткәрім Өкімжанов.

– Астана, 2011. – 456 б.

АБАТТАНДЫРУ – *благоустройство*. Замокты өзі ойлағандай қайта абаттандыруға Оскардың өзiрге шамасы жетпейдi (186-б.)

АЗАНАМА – *некролог*. – Мынауың азанама секiлдi екен (438-б.).

АЙДАУЫЛ – *сопровождающий (конвойный)*. Емен жапырақты адам – полковник айдауылдарға кетiндер деп бұйырады (386-б.); – Жүр дедiм ғой, – деп қайталады айдауыл жауап орнына (452-б.).

АЙЫППҮЛ – *штраф*. Крамер ең жоғары жазаға – он мың марка айыппұлға және бiр жыл түрмеге қамауға кесiледi деп жарияланды (284-б.).

ӘУЕЖАЙ – *аэропорт*. Теммельхоф әуежайында оны Петерман мен Әли ғана қарсы алды (399-б.); Бұл ол үшін ұлы адамдардың алдына барып, жатып жалбарынып жүрсе, ол әуежайға келiп қарсы алуды да бiлмейдi (399-б.).

БАСЫБАЙЛЫ – *принадлежит (крепостной)*. Ол – мұның басыбайлысы (270-б.).

БЕТБЕЙНЕ//БЕТ-БЕЙНЕ – *маска, лицо*. Рас, ол өзiнiң адам төзгiсiз қаталдығымен кiсiнiң жынына тиедi; өзiнiң тас мүсiнiндей отырысымен-ақ, мiз бақпайтын iрiлеу келген бетбейнесiмен-ақ келген жұмысыңды, алға қойған мiндетiндi – өз бет-бейнеңе жетiп алуыңды мiндеттi түрде есiңе салады (6-б.); Бетбейне Оскардың iшкi әлемiн дәл бере бiлген және одан шығармашылықтың туа бастағанын көзi бар адамның бәрi көредi (8-б.); Қабырғада бет-бейненiң астында отырған бұлар сәлден соң шаршаңқырап барып орындарынан тұрды (15-б.).

ДӘЙЕКСӨЗ – *цитата*. Осындай адамға ол Гетеден алған дәйексөздермен ғана қарсы шықпақ па? (245-б.); «Сiздiң дәйексөздерiңiздiң бәрi де iнжумен тең, сүйiктiм», – дедi Цинздорф (420-б.); Шынында да, Оскар дәйексөз етiп келтiрген Гитлердiң сөздерi Ульрих Цинздорфты орып түстi (421-б.).

ДУАГЕР – *маг.* Әрбір дуагердің, әрбір дін жаратушының, әрбір жаңа көзқарас иесінің бойында сиқырлықтың жұрнағы бар (264-б.).

ДУАГЕРЛІК – *магия.* Пауль өзінің дуагерліктің пайда болуы туралы мақаласын бастырып алмақ. «Үстем таптар, – деп түсіндіреді ол, – дуагерлікті дамыта беруге мүдделі (143-б.).

ДҮМШЕ – *шарлатан.* Олар да: «Тамаша талдау, енді бұл дүмшенің шаруасы бітті» деп қуанды (242-б.).

ЖАҚСҮЙЕК – *челюсть.* Оның торсықтай шекесіне, жақсүйектері шығыңқы беттеріне, қоңқақтау келген мұрнына көз тоқтатты (158-б.).

ЖАПСЫРМА – *слепок, слепка.* Қабырғалардың бірінде өзінің маскасынан жасалған жапсырма ілулі тұр (91-б.).

ЖӘРДЕМАҚЫ – *пособие.* Анна Тиршенройттың қолы ашық, Оскардың бұған талай рет көзі жеткен-ді, ол бұған ешкімнің алдына жалтақтамай үш-төрт жыл емін-еркін өмір сүре алатындай жәрдемақы тағайындай алар еді (21-б.).

ЖЕДЕЛХАТ – *телеграмма.* Жеделхат таңсәріде келді, Оскар тұруға бет алған болатын (30-б.); Оған жеделхат жіберді (306-б.).

ЖЫРТЫНДЫ – *клочок.* Бірнеше жыртындысы еденге түсті (245-б.).

ЗАҢГЕРЛІК – *юридический.* – Тұңғыықтан жеткен дауыс, – деп арланбастан мысқылдады Оскар, – бұл жолы заңгерлік құжаттың дәлдігіндей естілмеді (276-б.).

ЗАУЫТШЫ – *заводчик.* Әскерилер, аграрилер, банкирлер, зауытшылар бірімен-бірі қырқысып, бірін-бірі әлсіретіп жатты (255-б.); Зауытшы қалжыңдаған болып, өзінің жіңішке даусымен: «Сіз жаңа стильге жүгінген екенсіз, қымбатты Зандерс, бұл не, дегенбургтік әлеміш пе?» – дегенде, көңіліне алған жоқ (315-б.).

ЗЕЙНЕТАҚЫ – *пенсия.* Ол осы ерсі ойынды бір үзім нан үшін, өзінің отбасы үшін, зейнетақысы үшін атқаруға мәжбүр болып отырған судьяларды да түсінді (274-б.); Ол әлі әл-қуатты екенін сезеді және жалғыз зейнетақысымен күн көру де қиын-ау (308-б.).

ЗЕРТХАНА – *лаборатория*. Әйтсе де, сәл шыдаңыздар, сәуегей Зенидің зертханасын басқа gobеленге ауыстыратын уақыт алыс емес (92-б.) Сонан кейін ол зертханаға, консультация беретін кішігірім залға өтті (303-б.).

ИЕЛІК – *поместье*. Хильдегард фон Третнов пен Ильза Кадерайттың Берлиннің маңында иеліктері болатын (203-б.); Ол иеліктің тарихын әбден зерттеп шығуға Переманға тапсырма берді (205-б.).

КЕЙІНШЕ – *позже*. Кейінше ол бетін әжім торлаған мұңды жүзіне қараған кезде, ерлік пен өжеттігінің ізі де қалған жоқ (247-б.); Сол кездің өзінде-ақ бұл – баланың ойынынан гөрі қомақтылау нәрсе еді, ал кейінше Оскар от қоймаса жүре алмайтын нағыз сотқар болып алды (293-б.); Бірақ кейінше, Альма екеуі бос үстелге жайғасқан кезде, оның көтеріңкі көңіл-күйі кенет іріген сабындай бұзылды (318-б.).

КЕПІЛДЕМЕ – *гарантия*. Банктік кепілдемесі қоса берілді (82-б.).

КӨЗБОЯУШЫ – *фокусник, клоун*. Оскарға өзінің досы, ақылды әрі еш нәрсеге сенбейтін көзбаяушы Алоиз Пранер де сенеді (8-б.); Иә, бірі Калиостро атанған көзбаяушы Пранер, екіншісі көріпкел Лаутензак – бір-бірін тауып қосылған жұп (10-б.); Алайда антрепренер Йозеф Манц көзбаяушы Калиостроның мүддесін қорғауға тура келетіндігіне онша қуана қойған жоқ (173-б.); Мұндай көзбаяушылардың атақты болуына немістік ұлттық мінез жағдай туғызатынын дәлелдеуге тырысыпты (191-б.).

КӨКЕЙҚҰРТ – *чувство, не дающий покой*. (...она влила *чувство женственного в его внутренний мир*). Және келесі кездесуінде баронессаның пішіміне телміре ұзақ қарап отырып, оның әйелдік бейнесі өзінің жанын көкейқұрт болып жей бастағанын мәлімдеді (82-б.).

КӨРСЕТІЛІМ – *номер, выступление*. Ақыры мынаған тоқтады: көрсетілім «Шындық пен қиял» деген айдармен өтеді (175-б.); Көрсетілімнің техникалық көркемделуінің өзі әсемдігімен таң қалдырды, көрермендер Алоиздың жұмысынан ләззат алды және оған алғыстарын жаудырды (187-б.).

КҮЛДІРГІ – *комик*. Күлдіргі Лаутензактың арғы жағындағы кейде баланың ісіндей аңқаулық бұғып жататындығын қызықтыра отырып айтты (155-б.).

ҚАРЖЫГЕР – *финансист*. Нацистерге келгенде қаржыгерлердің пейілі тарылып, сайлаушылар суынып қалды (251-б.).

ҚОЙҚАП – *старые счеты*. Гансйорг кеш бойы бауыры үшін бар өнерін салып бақты, ал енді қойқаптағыны қозғап, неше түрлі ақымақтық сөздермен шамына тиіп отыр (46-б.); Кітапханасында қойқаптағыны қозғап, әлдекімді балағаттап қойып ішіп отыр (269-б.).

ҚОЛШАПАЛАҚТАУЛАР – *апплодисменты*. Күн сайын кездестіретін ду қолшапалақтаулардан ләззат алды (186-б.).

ҚЫЛУЕТ – *келья*. Ішінен оған жақындай түсуді, бұл залды ұмытып, өзінің бай кітапханасынан қылуетіне ауысуды бұйырды. Олар қылуетке кіреді (266-б.); Кешкісін өзінің қылуетіне кетті (306-б.).

МАСҚАРАМПАЗ – *паяц*. Оған енді қарындасының махаббат жолында бас еркінен айырылып, әлгі масқарампазбен әуейі болғанының куәсі болуына тура келеді (144-б.).

МӘТІН – *текст*. Сұқ саусағын сілекейлеп алып, құжатты үнсіз парақтайды, мәтінін оқиды, қойылған қолдарға шұқшияды, беттерді қайта-қайта аударыстырады (84-б.); Онда Оскардың шағын мақаласы бар, мәтіні ұзақ көрінсін деп жолдарын сиретіп басқан (166-б.).

МҰРАЖАЙ – *музей*. Енді замоктар мұражай дігерлеріне айналды, ал оның, Оскардың үйі өз басында (306-б.).

ОМЫРАУША – *манишка*. ...Бұл – еркектердің крахмалданған омыраушасы мен әйелдердің інжуге бөленген жалаңаш тәні (72-б.).

ОРЫНТАҚ – *кресло*. Ол Оскардан бұрынғыдай жамағат алдында өнер көрсете ала ма, әлде академия президентінің орынтағы оған мүмкіндік бермей ме дегенді білгісі келетінін айтты (419-б.).

ОТАШЫ – *хирург*. Әңгіме нан кесетін пышақ туралы емес, оташының пышағы туралы болғаны күдік тудырмаса керек (277-б.).

ПАЙЫЗ – *процент*. Сіздер жиырма бес пайызын сыпырып аласыздар және оны өздеріңіздің жаңа герман тілінде «құрмет» дейсіздер, ә? (172-б.); «Мен саған жүз пайызы да шындыққа сиятын мәлімет бердім», – деді ол (183-б.).

ПӘТЕРАҚЫ – *квартилата*. Қожайын әйел байқап қалып, қайдағы бір пәтерақы үшін шу шығарып жүрмесін деп әр жолы үйден жасырынып қашу осындай аса дарынды адам үшін масқара емей немене! (7-б.).

САЙҚЫМАЗАҚ – *комедиант, клоун*. Оскардың достары оның басын Цезарьдың басына теңесе, ал дұшпандары сайқымазақтың басына теңегісі келеді (7-б.); «Ал дегенмен, деді ақпейілмен Алоиз, – егер мына сайқымазақ болмаса, Оскар қазір, мәселен, көшеде қаңғып қалар еді» (15-б.).

САРАПТАМАШЫ – *эксперт*. Оны сараптамашы ретінде сотқа шақыруға болатын-болмайтындығын сұрады (245-б.).

САЯБАҚ – *парк*. Терезеден ағаштар сығалайды – үйді қоршап тұрған шағындау ағылшын саябағы бар (16-б.).

СЕБЕЛЕГІШ – *душ*. Ол себелегіш судың астында тұрып жуынып тұр (407-б.).

СҮЙЕМЕЛ – *поддержка*. Кей кезде сенің сүйемелің қандай керек болды десеңші, әсіресе жаныңды қоярға жер таппай қысылған кездерде (33-б.).

ТАПСЫРЫС – *казак*. «Мен өзіме костюмге тапсырыс бердім», – деп жазды ол (244-б.); Киімдерін шешті, үстел таңдап алды, дастарқан мәзірін құрады, екінші асқа тапсырыс берді (326-б.).

ТАПСЫРЫС БЕРУШІ – *заказчик*. Сәулетші Зандерс сілесі қатқан күлкісін әрең тыя отырып, тапсырыс берушінің хикметтерін достарына сыр қылып айтады екен (250-б.); Сәулетші өзінің тапсырыс берушісін табанда сыртынан сатып жіберді де, селкілдеп күле тұра оккульттік паноптикум мен мистикалық хайуанаттар, жылыжай туралы ұятты сөздерінің тиегін ағытты-ай келіп (315-316-бб.).

ТӘЛІМГЕРЛІК – *педагогичность*. Бірақ оған оның өте қаталдығы мен тәлімгерлігі жол бермейді және оның пікірінше мұндай жәрдемнің Оскарға пайдасы жоқ (21-б.).

ТЕРІМ – *набор*. Басқа мақаланың терімі өте қымбатқа түседі (167-б.); Ол Оскардың жаңа терімінің құнын төлеуге дайын немесе дайын еместігін білгісі келетіндігін сұрады (169-б.).

ҮЛЕСШІ – *пайщик*. Ол оны материалдық жағынан қолдап отырмақ, кейбір басшылар оның кәсіпорындарының үлесшілеріне айналды, сол кәсіпорындардың сол кәсіпорындардың көпшілігін ол әскери өндіріске қоймақшы (135-б.).

ҮНПАРАҚ – *листок, листовка*. Гансиоргтың осы ұсынысты жеткізген кездегі немкетті әрі кекесін үні және інісіне әрі ақша, әрі пәлекет әкелген былапыт үнпарақты есіне салуы (96-б.).

ШЕШІМДІЛІК – *решимость, решительность*. Ал Оскар болса Ганстың өмірге бұлтарыссыз әрі сеніммен қарайтын шешімділігін бағалайтын (31-б.); Ол бір нүктеге қадалып қалды, сықытынан шешімділік, қанқұмарлық сезіледі (370-б.); Одан бірбеткей шешімділік байқалады және Оскар оны түсінеді (415-б.).

ІССАПАР – *командировка*. Балақтай тауға кеткен ол рейх-прессешэф, мемлекеттік кеңесші лауазымына ие болған, ал қазір иссапармен біраз уақытқа Римге кеткен (298-б.).

Жоғарыдағы сөздермен қатар: *бұрама тоқаш (13) – ро-галик, рейхскеңсе (258), еруіл (451) – сопровождающий, келісімшарт (438 – договор («шарт» емес)* сияқты қолданыстар кездеседі.

«Мұның өзі де тым асқақтап кеткен достарынан тепершік көріп жүр» (368-б.) деген сөйлемде «теперіш» емес, «тепершік» сөзін қолданады.

«Чушь, – говорит он» деген сөйлемді белгілі аудармашы «Қыртымбай, – дейді ол» деп аударды.

Сондай-ақ аудармашы қолданысы пікірталас тудырып жүрген тұрақты тіркестің «Таз ашуын тырнадан алады» деген нұсқасын пайдаланады. «Сондықтан, таз ашуын тырнадан алады демекші, бар қаһарын тігінші Вайцқа төгіп, дамбалшаң тұрып айқайламағанда қайтеді» (359-б.).

Валентин РАСПУТИН. Матерамен қоштасу. Роман.

Орыс тілінен аударған Әбілмәжін Жұмабаев.

– Астана, 2011. – 456 б.

АЙКЕЗБЕ – *лунастик*. ...Қайтадан айкезбенің жай-күйі-секілді, мүлде бөгде, мүлде алыс жатқан есуас бір күйге түседі... (320-б.).

АЛАҢША – *заулок (площадка)*. Онда әрбір алаңшаға төрт есік шығады, егер жоғарыға өрмелейтін болсаң, оның үйі сол жақтағы ең шеткі есік (310-б.).

АҚТАУЫШ – *кисть*. Ақтауыш та табылды, Дарьядан жіп-жіңішке, жеп-жеңіл, қар жауар алдында ғана оралған, орманның ақ шөбінен жасалған ақтауыштары өмір бойы үзіліп көрген емес (286-б.).

АСҮЙ – *кухня*. Ал енді бәрінен де сөлекеті – моншасы мен әжетханасы ана дінсіздердегі сияқты бір қуыста, асүйдің қасында болады екен (19-б.).

БЕНЗИНАРА – *бензопила*. – Мен бензинараны айтып тұрмын. Бұл сенің бензинараң қытықтағанмен бірдей (282-б.).

БОЗЫМ – *парень*. – Әкем, шешем, аға-інілерім, бозым – бәрі бірге жатыр, тек мен бейбақты ғана бөтен жерге әкетеді (46-б.); Жұрт бозым мен итті саусағымен меңзеп, қыран-топан күліп жатыр (231-б.).

ЕДЕНДІК – *половик*. Сосын ескі едендікті алып, табалдырық қасындағы орнына төсеп жатып: «Қалаға барып, өміріңді өзгертіп қайтесің, қарағым, осы жатқан жеріңде, үйде қала бер (90-б.).

ЖЕБІРТАС – *жернов*. Диірменге жаңа жебіртас орнатып жатып, ол бірден соның астына түседі (50-б.).

ЖЫНДЫКЕШ – *нервная (-ый)*. Бәрінен бұрын Максим атайды үркіткен Симаның мылқау қызы Валька болса керек, ол кезде о қыз кісінің құйқасын шымырлататын бір ащы дауыспен өкіріп, ұдайы бірдеңені қыңқылдап сұрай беретін жындыкештеу бойжеткен еді (13-б.).

ЗЕЙНЕТАҚЫ – *пенсия*. Егор үшін зейнетақы тағайындаймыз деп емексітеді (313-б.).

КЕЛГІНШІ – *приезжий*. Оның біреуінде осы өзіміздің, Матераның Қошкіндер отбасынан шыққан бозымы, екіншісінде келгеншілердің бір жігіті істеп жүр (228-б.); Жанып жатқан диірмен қасында шынында да тек келгіншілер ғана топырласып жүр екен (230-б.).

КӨРБАН – *поганный (могильщик)*. *Бейітті қарап, күтуші адам*). Қараңды батыр бұл арадан, көрбан неме сол! (27-б.).

КІРМЕЛІК – *прихожая*. Кірмеліктің тап ортасында таудай болып құрсаулы сандық пен үй ішінің барша мүлкі салынған үш тең жүк үюлі тұр (90-б.).

ҚАЙНАҚСУ – *кипяток*. Шүмектен қайнақсу бұрқырап шашырамастан, бір қалыппен шымырлап құйыла салды – демек, қайнақсудың әлі жеткілікті болғаны, осыдан кейін самаурынға жан біткендей жіңішке үнмен пысылдай берді (22-б.).

ҚАНШИЕ – *кислица*. Қаншиенің ізін ала өзен жиектерін қуалай өскен қара қарақат жетіледі (219-б.).

ҚОЖАБИКЕ – *хозяйка*. О жақта Соня қожабике болып алға шығады (261-б.).

ҚОЖАҚАТ – *брусника*. Бірақ қожақат теруге әлі ерте (20-б.).

ҚОЛБАҚЫРАШ (*қолбақыр*) – *ковшик*. Дарья үй ішін жинастырып жүрген, қолбақырашын жоғалтып алып, енді соны үй ішінен түртінектеп іздеп жүріп, ол осынау сөздерге байыпты жауап қайтару керек екен-ау деп ойламады (196-б.).

МАЗАРАТ – *тумбочка*. Богодул албастылар деп атаған кісілер қиылған мазаратты, шетендер мен крестерді бір жерге үйіп, от қойып, бір-ақ өртеп жіберу жөніндегі істерін аяқтап қалған екен (27-б.); ...Ал кемпірлер болса, қас қарайып, түн батқанша зират ішінде бүкшендеп жүріп, крестерді орын-орнына қайта тығып, мазараттарды орнатып жатты (38-б.).

МҰҒРАЖ – 1. Лестница; 2. Верх; 3. Поднятся вверх. Бұл оны мәңгілік мұғражына, жазмыштың бұлжымас тәртібі жайлаған жаққа алып кететін, бірақ осы бір әуеннің ұзамай

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
үзілетінін, бұл арадағы қара су үстінен тек тентек жел ғана
аңырап тұратынын Қожайын кәміл білетін (87-б.).

МҰРАЖАЙ – *музей*. Олар Петрухаға оның үйін мұра-
жайға алып кететінін айтқан, сол-ақ екен, ол әуелгі кезде
тым мақтанып кетті (75-б.).

ОРЫНПҮЛ – *плата за проживание*. Дарья мен оған
көмекке – тап бір түнегендері үшін орынопұл есесін еңбе-
гімен қайтарғысы бардай-ақ – Сима мен Катерина келді
(260-б.).

ӨЗЕКШЕ – *речушка*. Ангараның төменгі жағынан электр
стансасына арнап бөгет салып жатыр, бұдан өзен мен өзек-
шелердің суы көтеріліп жайылады да, көптеген жерді,
оның ішінде, әрине, ең алдымен Матераны басып қалады
(10-б.); Ал о жақта мүлде су жоқ па, әлде ені бір қадамдық
өзекше ағып жатқан ба, о кісі өле-өлгенше судан қорқумен
кетті (57-б.).

САУЫНШЕЛЕК – *подойник*. Ал ол, Павелды айтам,
қайықпен келді де, сауыншелекпен бір банкі сүтті басы-
на бір-ақ төңкерді, сосын қайтадан қайығына отырды да,
ғайып болды (46-б.).

ТАСМЕТІН – *закостенеть*. Ол келіп зіл-сандыққа та-
ңырқай көз қиығын салды, бұл – бағзы заманда жолға шығу
үшін емес, мәңгі-бақи бір орында қозғалмай тұру үшін жа-
салған тасметін сандық қой, бірақ ол үндемеді, бұл ойын
қарияларға айтпады (99-б.); Ағаш діңі ағарып, тасметін бо-
лып қатып қалды (278-б.).

ТАУЫҚХАНА – *курытник*. Богодулдың тауықханасы-
ның іші қараңғы ғана емес, көзге түртсе көргісіз түнек
(339-б.).

ТЕЗЕКҚОРЕК ҚОҢЫЗ – *навозный жук*. Төңіректерің
жадыраған жаңа өмір, ал сендер тезекқорек қоңыздай ескі-
нің етегінен айрылмайсың да, соны шұқылап, бір мәнпағат
тапқыларың келеді (179-б.).

ТҰҒЫРША – *сидяк*. Бұған қоса қыш тақтайшалармен
көмкерілген ваннаны, оның көңілді де көрікті жап-жасыл

тұғыршасын, бір өңірі тұтас әйнектелген диванды көріп, аһылап тұрып қалды және өмір бойы осында тұрғандай бір күйге енді (128-б.).

ТҰРҒЫНЖАЙ – *жилье*. Көптеген үйлер әктелмеген, жиналмаған, жартыкештеніп қалған, олардың бүлінген-тырналған күңгірт бұрыш-бұрышы жалаңаштанып, біраз заттары жаңа тұрғынжайға әкетілген, кейбір дүние-мүлік бір қажетке жарар деп осында қалдырылған, өйткені бұл араға әлі талай соғып, күйбең-күйбең уақ-түйекті істемек керек (7-б.).

ҮРІЗҒАР – *мытье*. Бірақ еден сырланған болатын, үйдің үрізғары Соняның еншісіне тигеннен кейін оны қояр да қоймай сырлатқан да сол, Дарья онымен тәжікелесіп жатпаған (294-б.).

ШАМАДАНША – *чемоданчик*. Үшеуі үн-түнсіз отырып шай ішті, бірақ Андрей көп ұзамай орнынан ұшып тұрып, бұл арадан кететініне қуанатынын жасырмай, ысқырып, ыңылдап әндетіп жүріп шамаданшасына заттарын сала бастады (215-б.).

ШӨГЕНШЕ – *чугунка (ас пісіретін шойын ыдыс)*. Қолы қалт еткенде қалаға тез барып, тез қайтып жүргенде, ол шымшеурін мен шөгеншелерді ала көзімен атып, жатырқап қалады, бірде тіпті Павелді азғырып, Иркутскіге әкетпекші де болды (129-б.).

ШЫМШЕУІР – *ухват*. Қолы қалт еткенде қалаға тез барып, тез қайтып жүргенде, ол шымшеурін мен шөгеншелерді ала көзімен атып, жатырқап қалады, бірде тіпті Павелді азғырып, Иркутскіге әкетпекші де болды (129-б.).

ШЫНЫАЯҚ – *блюдца*. Ол шай құйып, Богодулдың стақанын алдына жылжытып қойды, өз стақанынан шыныаяққа бір тамызып, ішіп алды (46-б.).

ІЛГЕКБАУ – *петля*. Максим атай да сартөсек болып жатқан жерінен тұрып, кір-қоқыс арасынан балғасын суырып алып, темір соққылап жатқанда әлсіз қолынан сусып кетпесін деп оған ілгекбау тақты (145-б.).

Джеймс ГРИНВУД. Өгей бала. Хикаят.

Орыс тілінен аударған Ризабек Әдуов.

– Астана, 2011. – 200 б.

АҚТҮЙНЕК – *картофель*. Бір котлет пен бірнеше ақтүйнек жегеннен кейін мен әбден тойғанымды сездім (103-б.); Тамақ шынында да ағыл-тегіл: майға қуырылған ішек-қарын мен майда ақтүйнек (128-б.); Үстел үстінде ыстық ет пудингі, үгілген ақтүйнегі бар тағы бір тағам, екі стақан мен үлкен құмырада сыра тұр (175-б.).

АСҮЙ – *кухня*. Ол мені асүйіне шақырып алып, өзіне қалған тамағын аузыма тосатын (15-б.); Асүйде от әлі жанып жатыр екен, ал шам төбедегі бастырықтың біріне қағылған шегеге ілініпті (115-б.).

ЕТЕК КӨЙЛЕК – *юбка* (100-б.).

ЖЫРТЫНДЫ – *клочок*. Бірақ менің бар еңбегім зая кетті, жаңқалар да, көмір де, қағаз жыртындысы да табылды, бірақ олардың дымқыл болғаны сонша, менің екі шырпым да лап еткенімен ештеңені де жағып үлгермеді (78-б.).

КӨКӨНІСШІ – *зеленик*. Ол шалқыған бір бай көкөнісшінің базардағы сатушысы болатын, сөйтіп, күн ұзағына қатты шаршайтын (5-б.).

КОФЕХАНА – *кофейня*. Жиырма минөттен соң біз базарға іргелес кофеханаға келдік (44-б.); Біз әлі кофеханаға жеткен жоқпыз, ал мен көйлегім мен шалбарымның әбден су болып, үстіме жабысып қалғанын сездім (53-б.).

МЕКЕНЖАЙ – *адрес*. Бірақ бүгін түнде сен орманшыға оның мекенжайын атапсың ғой... (141-б.).

ӨТКЕЛЕК – *арка*. Дарбазаның қараңғы тұсына апаратын өткеелекке жеттім. Мен дарбазаға апаратын өткеелекке бұрылғанда сағат онды соққан (75-б.).

ӨТКІНШІ – *прохожий*. Маған көп керегі жоқ, өткіншілердің оннан біреуі, тіпті жиырмасынан біреуі маған жарты пенс берсе, маған жегіп жатыр! (96-б.).

САТАРМАН – *продавец*. Миссис Уинкшип сатарман үшін құлаққа жағымды дауыспен қатты айқайлап айта білудің қаншалықты маңызды екенін ұзақ түсіндірді (15-б.).

ТОҚАШХАНА – *булочная*. Сөйтіп, тоқашханадан немесе дәмханадан тіске басар жұмсақ бірдеңе сатып алғанша, аш жүруіме тура келді (59-б.).

ШҮБЕРЕКШІ – *тряпичник*. Ол шүберекшінің дүкеніне ұқсайды (87-б.).

Дж. Фенимор КУПЕР. Могиқанның соңғы тұяғы.

Орыс тілінен аударған Тельман Жанұзақов.

– Астана, 2011. – 368 б.

АЙЛАҚ – *гавань*. Екі айлақтың екеуінде де болғанмын: Темзаның сағасындағы көне Англияның астанасы атымен аталатын айлақты да, жай ғана Нью-Хевен – Жаңа айлақ аталатынын да көргенмін (10-б.).

АҚЖҮЗДІЛЕР – *бледнолицые*. Бізге келген ең алғашқы ақжүзділер ағылшынша сөйлемейтін (25-б.); Ақжүзділердің қасында өздері тектес адамдар ғана қалады (37-б.).

АҚМАРТУ – *проницательность*. Көріпкел ақмартуыңыз жаңылмаған екен: тап солай болғаны ақиқат (123-б.); Қайықтан арқан бойы жерде үстін жыныс тоғай басқан аласа аралшық көрінеді (202-б.).

АҚЫЛМАНДЫҚ – *благоразумие*. Ақылмандықты дәріптей келіп, дәл қазіргі жағдайда оны қалай пайдаланудың жолын баяндауға көшті (290-б.).

АРАЛШЫҚ – *островок*. Қайықтан арқан бойы жерде үстін жыныс тоғай басқан аласа аралшық көрінеді (202-б.).

АРНАША – *русло*. Шағын арнаша судан құрғасымен Ункас төмен еңкейіп, шұқшиып мұқият қарай бастады (215-б.).

АТБЕГІ – *знаток коней*. Бір қапталын өкше темір тескен бишара жануардың қандай аллюрмен келе жатқанын Хейвордтай атбегі адам да ажырата алмай тұр (15-б.).

ӘНҰРАН – *гимн*. Оның құлағына әнұранның салиқалы салтанатқа толы асқақ сазы естіледі (173-б.).

БАЛТАША – *топор, топорик*. Мағуа біте берген кезде әлгі жауынгер орнынан атып тұрып, қышқырып жіберді де, жылтыр сапты кішкентай балташасын алау жарығында жалаң-жалаң еткізіп жұлып алды (256-б.).

БЕКЗАДА – *леди (дама)*. – Бекзада, – деді барлаушы салтанатты үнмен (61-б.); Өздеріңіз де көрдіңіздер, біздің генералымыз тамаша адам, әсіресе бекзадаларға деген сыпайылығы қандай! (135-б.); Әй, өз бекзадаларын қиын сәтте тастай қашқан тұрақсыз сері! (147-б.).

БҰҒЫАТАР – *оленебой*. Мен бұғыатарымды оқтап алғанша ананы қарауылыңнан түсірме балам (74-б.); Мінеки, мүлт кетпес бұғыатарым! – Қырғи Көз мылтығының құндағын сипап қойды (118-б.).

ГВАРДИЯГЕР – *гвардеец*. – «Король гвардиягері үшін жаман емес!» – деп үнсіз ғана сылқ-сылқ күлді Қырғи Көз (307-б.).

ДАҢҒАРА – *барабан*. Міне, француз даңғараларының дабылдатқан дүңгірі де естілді. Кең алқапты әскери әуендер кернеп, даңғара үнін көміп кетті (171-б.).

ЕРҮ – *спутник*. Жоқ, Магуа, жалғыз емес, жанында біз бармыз ғой, еру боламыз соған (37-б.); Үйреншікті салтанаттан соң комендант пен оның жас серігі еруге эскорт алып қамалдан шықты (160-б.).

ЕТЕКҚАП – *юбка*. Гурон қыздары саған етекқап тігіп кигізсін, содан кейін біз саған бай тауып берейік (243-б.).

ЖОЛБАСШЫ – *проводник*. – Бұл үнді біздің жасақтың жолбасшысы, – деді жас офицер, – аталастары оны батырға балайды. Анаң қараңдар, жолбасшымыз тоқтады (13-14-бб.).

ЖОЛКӨЗЕР – *скороход, проводник*. Бірақ біз жолкөзер үндіге сенген едік (30-б.); Қырғи Көз жолкөзер үндінің сирағын сындыру райынан қайтты, сәл ойланып алды, сосын қолын бұлғап, могоккан достарын шақырып еді, аналар қасына дереу барды (36-б.).

ЖОЛСОҚПАҚ – *путь, тропинка*. Жан-жақтағы жолсоқпақтарды бақылауға оңтайлы дөң-дөңестерге ірілі-уақты қамалдар орнады (5-б.).

ЖОНҚЫР – *платогорье*. Осылай ирелеңдеген қалпы түстікке қарай ұлан-ұзақ созылып барып үлкен жонқырға тіреледі (5-б.).

ЖЫРЫНДЫ – *вор.* Ана бұғыны, Ункас, сен ат садағыңмен, әйтпесе біз байғұс жануарларды шынында да ирокез жырындыларына жығып беріп жүрміз (28-б.).

КЕСПЕ ЖОЛ – *просека.* ...Жалаңдаған жалынна секіріп өтіп, кеспе жолдың арғы бетіне шығып кетті (239-б.).

КЕШІРІМПАЗДЫҚ – *терпимость.* Қырғи Көз үнділердің санатындағы соқыр нанымдарға сүйенуге бел байлағанмен, оларға кемеңгер көсемдердің ешбір сенбейтінін, жай ғана кешірімпаздықпен қарайтынын білетін (272-б.).

ҚАҚПА ҚҰЛАҚ – *верный слух.* Жаратылысынан қақпа құлақ, байқампаз, бапкер әнші Давид қыздарды шебер басқарып тұр (56-б.).

ҚАРАҚАПАС – *темень.* Олардың бұл қорқынышы ай нұры төгілген алаңқайды артқа тастап, ну орманның қарақапас құшағына бойлаған сайын ұлғая берді (132-б.).

ҚИРАНДЫ – *развалина.* Күн батуға таяқ бойы қалғанда Гудзонға апаратын жол бойындағы ағаш арасынан бес адам шығып, қиранды қамалға жүрді (181-б.); Сондықтан да біз ескі қамалдың қирандысына қайтып ораламыз да, от жағамыз (188-б.).

ҚОЯН-ҚОЛТЫҚ ҰРЫС – *рукопашный бой.* Қоян-қолтық ұрысқа дайындала беріңіз, мен ата берейін (69-б.).

ҚҰЛАМА СУ – *водопад.* – Иә, екі жағымыз да құлама су, жоғары-төменіміз – сарқыраған өзен (51-б.).

ҚЫЗЫЛТӘН (дер) // **ҚЫЗЫЛТӘНДІ** (лер) – *краснокожий (краснокожие).* Қызылтән мүк басқан бөрененің бір шетінде отыр (21-б.); Бұл кезде Дункан да бір қызылтәнмен ұстасып қалғанды (71-б.); Қызылтәнділер де дауыстарын көтеріп, бұрынғыдан бетер шүйліге түсті (89-б.); Қызылтәндер оның мундиріндегі әшекейлерін тартқылап, оқалаған, зерлеген жерлеріне қызыға қарайды (89-б.); Тыңдаушылар түгел бұрылып, тағдырлары аянышты қызылтән достарына қарады (126-б.).

ҚЫЛМЫСҚОЙ – *виновники преступлений.* Қылмысқойлар кеткен соң қантөгіс төртіп қойылып, адам баласы бұл араға енді-енді қайта жақындай бастаған тәрізді (181-б.).

МӘЗІРЕТ – *значение, значимость.* Сонда да, сэр, тапсырмасын орындауға жұмсалған адам орынбасарына өзінің

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
барша билігі мен мәзіретін қоса бермеуші ме еді? (159-160-бб.).

ОРАҒЫШ – *шарф, (ткань)*. Иә, бекзадам, сіздің мойныңызға салған үлбірек орағышыңыз өзен шілтерінің жаһында қолдан тоқылған дәрекі аудай болып көрінеді (53-б.).

ОТТЫ СУ – *огненная вода (водка)*. Ақтар менің бабаларымды отты сумен суғарды (25-б.).

ӨЗЕНШЕ – *река, речка*. Сол күні Вэббтің қосынан бір күншілік жердегі ағыны қатты кішкентай өзеншенің жағасында екі кісі отырды (21-б.); Бір бұғы секіріп, өзеншенің жағасына құлады, қан аралас су қызарып кетті (29-б.).

ӨКШЕ ТЕМІР – *шпора*. Бір башпағында күміс қапталған өкше темірі бар (10-б.); Егер бұған мінген атының бір бүйіріне қадалған өкше темірдің әсерінен сол жағы жүрдегірек көрінетін, ал өкше темірдің қай қапталға қадалғанын шыбжаңдаған шолақ құйрығы сілтеп тұратынын қоссақ, көтерем бие мен оған мінген шабандоздың күллі бейнесі көз алдыңызға айна-қатесіз келе қалады (15-б.).

САПАРМАН – *путник*. Осының бәрі де сапармандарға басқа төнген қатердің хабаршысындай әсер етті (43-б.).

СЕРІ – *рыцарь*. Әй, өз бекзадаларын қиын сәтте тастай қашқан тұрақсыз сері! (147-б.).

СОПЫНАМА – *смиренный, смиреннейший*. Мен сенің теңді де, кегінді де білмеймін, ал әгәрәкім сәнді сарайдың сопынама құлына қарсы қастандыққа басар ниетің болса, израиль боздағының шабыт шерткен шынайы лебізін тыңда да, күнәнді мойындап, ләббайыңды айт! (276-б.).

СОРБАҚ – *несчастный*. – Құдай үшін жанын қинамай, бір оқты қиыңыздаршы! – деп дауыстап жіберді Дункан әлгі сорбаққа тура қарай алмай (75-б.).

СӨЛКЕБАЙ – *медаль*. Түлкіге алтын сөлкебай беріледі, оқшонтайы оқ-дәріге толады (95-б.);

ҮРДІС – *обычай*. Мунроның үрдісінде батырға тән өркеуделік басым болса да, француздың бойындағыдай байсалдылық пен астарлы ілтипат байқалмайды (161-б.); Тап солай, – деді Давид патшаның қарапайым аттасы, – ол қыз-

дардың бойында кісі қызығар үйлесімді үрдістердің мол екені рас (173-б.).

Аудармашының жаңаша қолданған, өзгеше аударған сөздері мен сөз тіркестері жоғарыдағылармен ғана шектелмейді. Олардың қатарына мына төмендегілерді де қосуға болады: *шамшыр – каштан, келемежіш құс – пересмешник, құзарт тастар – утес, қоян-қолтық ұрыс (айқас) – рукопашная борьба, рукопашный бой, оттық – кремня, балташық – топор, ізкесер – следопыт, қалиян – трубка, лақтырғыш машина – метательная машина, қинау діңгегі – столб пыток, соқыр наным – предрассудки, мәнақалы – выразительное, баба – патриарх, кесік – решение, сақпан – праща.*

«Бекзада» сөзі Т. Жанұзақовтың аудармасында қыздарға қатысты қолданылады. «Өздеріңіз де көрдіңіздер, біздің генералымыз тамаша адам, әсіресе бекзадаларға деген сыпайылығы қандай!» (135-б.).

Артур Конан Дойл. Жирен шаштылар қауымдастығы.

Әңгімелер. Орыс тілінен аударған Құрманғазы Қараманұлы. – Астана, 2011. – 456 б.

АЛАРМАН – *покупатель*. Мистер Хорес Харкер – біздің тұрақты аларманымыз (212-б.).

ӘУЛЕТ ЕСІМІ – *фамилия*. Оның әулет есімі беймәлім боп шықты, ал аты – Беппо екен (218-б.).

БӘҢШІ – *курильщик*... Қос қатар боп жайғасып қорқор тартып жатқан бәңшілер арасындағы тар өткелекпен қожайынды іздеуге кеттім (44-б.); ...Осыған орай бәңшілердің пәтуасыз мылжыңнан бірдеңе біліп алуға болар деп үміттенем (46-б.).

БӘҢХАНА – *курильня*. Бірнеше минуттан кейін бәңханадан қария сыртқа шықты, біз көше бойлап жүріп кеттік (45-б.); Әлгі бәңхананың жоғарғы қабатын мекендейтін тұрғын, міне, осындай еді (53-б.).

ҒИМАРАТ – *здание*. Ғимараттардың орналасу тәртібін есте сақтап қалғым кеп тұр (26-б.).

ДҮКЕНШЕ – *лавка*. Өзім іздестіріп жүрген притон әлдебір жадау дүкенше мен ішімхана ортасындағы жертөледе орналасқан болып шықты (42-б.); Жарыққа шомылған дүкеншелер төңірегінде тентіреп жүрген қағылған-соғылғандар арасымен сығылысып өткен досым тапалды жылдам қуып жетіп, иығына қолын қойды (92-б.).

ДҮҢГІРШЕК – *лавчонка, лавка (дүңгіршек)*. ...Ым-м, әуелі Мортимердің темекі дүкені, одан соң газет сататын дүңгіршек, одан Қала және Қала маңы банкінің кобургтік бөлімшесі... (26-б.).

ЖАҚСАҚАЛ – *бакенбард*. Дүкен иесі, жақсы етіп қойылған жақсақалы бар, ат жақты адам, балаға терезе қақпағын жабуға жәрдемдесіп жатыр екен (88-б.); «Анадай жақсақалы болса және төс қалтасына анадай қызыл орамал салып жүрсе, ол адамнан бәс тігу арқылы не қаласаң соны біліп алуға болады», – деді ол (91-б.).

ЖАРИЯЛАНЫМ – *публикация*. Газетте оның есімін айтамыз, таныстары көрсе бұл жарияланым жайында оған қолма-қол жеткізері кеміл... (82-б.).

ЖЕЛКӨЗ – *форточка*. «Терезе ашылмайды, кішкентай желкөзі ғана бар», – деп хабарлады оқымысты жолбасшымыз (106-б.).

ЖЕР ҚОЙМА – *погреб*. ...Жер қоймаға қайта-қайта барғыштай беретіні есіме түсті. Жер қойма! Сонымен, оның жер қоймада әлденендей бір күрделі іспен шұғылданғаны белгілі болды... (37-б.).

ЖЕТІМХАНА – *детский приют*. Осы аптада Шотландияда үйдің кілтін бұзып ұрлық жасаса, келесі аптада Корнуэллде жетімхана құрылысына ақша жинаумен айналысып жатады (30-б.).

ЖҮРГІНШІ – *пешеход*. Қаптал жолдармен асығыс адымдаған жүргіншілердің қара-құра тобыры өтіп жатыр (25-26-бб.).

ҚАПТАЛ ЖОЛ – *тротуар*. Қаптал жолдармен асығыс адымдаған жүргіншілердің қара-құра тобыры өтіп жатыр (25-26-бб.).

МӘЙІТХАНА – *морг.* Оны мәйітханадан өзіңіз барып көруіңізге болады (203-б.).

МӘТІН – *текст.* Бейтаныс мәтіннің бір үлкен үзіндісі стипендия үміткеріне аударуға берілді. Бүгін сағат үшке таман баспадан мәтіннің терімі келді (102-б.).

ОЙ-ЖОСПАР – *замысел.* Ал олардың қандай ой-жоспары барын қайдан білдіңіз? (37-б.).

ОРЫНТАҚ – *кресло.* Бұлардан шығыстық диванға ұқсайтын орынтақ жасап алды да, оған екі аяғын астына баса жайғасып, алдына бір қорап қарабайыр темекімен сіріңкесін қойды (63-б.).

ӨСІМҚОР – *ростовщик.* Қадірменді өсімқор ұйқыға бой алдырғанша олар іске кірісе қоймас (32-б.).

ӨТЕМАҚЫ – *компенсация.* «Бұл жағдаятты тістен шығармауым үшін маған тиісті өтемақы төлеуге тиіс» деп ойлады (193-б.).

САЛЫМШЫ – *вкладчик.* Бұларды өткізуге уақыт берілсе, бәрі ойдағыдай болатынына, сөйтіп салымшылармен толық есеп айырысатынына әкем кәміл сенімді еді (184-б.).

ТАПСЫРЫС – *заказ.* Холмс барға кіріп, ақшылтым алжапқыш байланған, беті нарттай қызыл трактиршіге екі саптыаяқ сыраға тапсырыс берді (87-б.).

ТЕРІМ – *гранка.* Бүгін сағат үшке таман баспадан мәтіннің терімі келді (102-б.); Терімдер үш ұзын параққа басылған еді. Терім басқа біреудің қолында болғанын білгенде талып түсе жаздады (103-б.).

ТӨЗІМТАЛ – *сдержанный.* Оны, қандай да болсын атаққұмарлықтан аулақ, тәкаппар да төзімтал тұлғаны, достарының таңдауы мен тәнті болуы тым-тым қатты толқытып жіберген еді (221-б.).

ҮЙКӨК – *подставка.* Үстіне қызыл халат киіп, кушеткада жатыр екен, оң жағында қорқорларына арналған үйкөк түр (72-б.).

ҮЛКЕЙТКІШ ШЫНЫ – *луна.* ...Ал жерге тізерлей кеткен Холмс фонарь мен үлкейткіш шыныны пайдаланып, тас тақталар арасындағы саңылауды зерделеуге кірісті (321-б.).

ҮСТЕЛШЕ – *стол.* ...Графиня асыл тасты соған салып қояды екен, – туалет үстелшесінде бос жатқанын көреді (81-б.); Енді үстелшеге кірісеміз (106-б.).

ХАТТАМА – *протокол.* Сіз, мистер Холмс, тергеу хаттамасынан бұл адамның «каютасы» жайында оқыған боларсыз, алайда досыңыз, сірә, бұл жөнінде ештеңе естімеген шығар (172-173-бб.).

ШЫҒАРЫЛЫМ – *выпуск.* Алайда кешкі газеттердің алғашқы шығарылымы болған оқиға жайында бүкіл Лондонды дүрліктіріп үлгергеніне еш күмәнім жоқ (204-б.).

ІШІМХАНА – *кабак.* Өзім іздестіріп жүрген притон әлдебір жадау дүкенше мен ішімхана ортасындағы жертөледе орналасқан болып шықты (42-б.); Сөйтіп ширек сағаттан кейін Блумсбердиде, «Альфа» трактирінің – Холборнға қарай бастайтын бір көшенің бұрышындағы қарабайыр ішімхананың жанында тұрдық (87-б.).

Қазіргі қолданыстағы «жеделхат» сөзі «телеграмма» (126) түрінде қолданылады.

Агата КРИСТИ. Он қарадомалақ. Роман.

Орыс тілінен аударған Құрманғазы Қараманұлы.

– Астана, 2011. – 456 б.

АҒЗА – *ткань.* Ол екі тастың арасына қыстырылып қалыпты. Ол тастардан ағза бөлшектері, шаш және тағы басқа осындай нәрселер табылды (438-б.).

АЙУАНХАНА – *зверинец.* Үш негр баласы айуанханаға аттанды (253-б.); Бірақ бұл жерде, қалай болғанда да, әйтеуір айуанхана жоқ (414-б.).

АЛДАНЫС – *приманка.* Болашақ құрбандықтарым жайындағы жинаған деректерімді жүйелей келіп, әрқайсына лайықты алданыс әзірледім (447-б.).

АСХАНА – *столовая.* Айқара ашылған әйнек есіктен жартасқа келіп соғылып жатқан тегеурінді толқынның шуылы асханаға жақсы естіліп тұрған (260-б.); Олар асханаға кірді (299-б.).

АШЫНАЖАЙ (болу) – *спутаться (спутался с какой-нибудь крошкой помоложе)*. ...Әлдебір жастау бикешпен ашынажай болғанынан өлтірсе, мұны түсінер едім (344-б.).

ӘУЛЕТ ЕСІМІ – *фамилия*. Жо-жоқ, оның әлеулет есімі Онъон! (23-б.); Жасырын операция жасағаны жөнінде ешқандай дерек жоқ, алайда 1925 жылы, Лейтморда Клиис деген әулет есімдегі науқасқа шынында да операция жасаған – сол тұста ол сондағы ауруханада жұмыс істепті (434-б.).

БАСПАЛДАҚ АЛАҢШАСЫ – *лестничная площадка*. Екінші қабаттың баспалдақ алаңшасында қонақтар бір-біріне қайырлы түн айтып, бөлмелеріне тарады (287-б.).

БИБІ – *хозяйка*. – Әлі күнге дейін бибіммен танысқан жоқпын, – деп қосып қойды. – Бибіммен дейсіз бе? (242-б.).

ДӘЛЕЛДЕМЕ – *доказательство*. Маған дәлелдеме қажет (299-б.).

ДӘРМЕК – *препарат*. Тістерін тек ауруды сездірмейтін дәрмекпен жұлдырады, ұйқысы қашса не түрлі ұйықтата-тын дәрі ішеді... (231-б.).

ЗАЙЫРЛЫ ҚАУЫМ – *светские хроникеры (светское общество)*. Сол-ақ екен, зайырлы қауым өміріндегі жаңалықтарды жиып-тергендердің қиялы шартарапты шарлап кетті (226-б.).

ЗАҢГЕР – *юрист, законник*. – Сіздер, заңгерлер, қылмысқа кәсіби тұрғыдан қарайсыздар (284-б.); Неліктен заңгер болуға ұйғарым жасағаным, басқалардан гөрі, әсіресе психологиядан хабары бар адамдарға түсінікті ғой деп ойлаймын (441-б.).

КИНОЖҰЛДЫЗ – *кинозвезда*. Шын мәнінде Негр аралын голливудтық киножұлдыз мисс Габриелла Терл сатып алыпты (226-б.).

ҚАПТАМА – *чехол*. Алқызыл клеенканы қонақ бөлмедегі бір креслоның шыттан тігілген қаптамасының астына, жіптің шамалы жерін сөгіп, диванның көпшігіне жасырғам (452-б.).

МЕДБИКЕ – *сестра, медсестра*. Медбике білді, бірақ жұмған аузын ашқан жоқ (282-б.); Егер медбикеден сұраса ше? Медбике мұны көз жазбай аңдып тұр (296-б.).

МЕКЕН-ТҰРАҚ – *край*. Девон – жалқаулардың мекен-тұрағы (299-б.).

МИКЕЩЕ – *дура, последняя дура*. Ал бұл бөлмесінде тас бекінген күйі микешце біреу секілді мелшиіп отыра береді (408-б.).

МҮСІНШЕ – *фигурки*. Дөңгелек үстелдің ортасында тұрған әйнек үйкөкке кішкене фарфор мүсіншелер шебер түрде орналасыпты. Мүсіншелерді көру үшін Вера ілгері ұмсынды (259-б.); Әңгіме мүсіншелер жайында, сэр (307-б.).

ӨЗІН-ӨЗІ ӨЛТІРУШІЛІК – *самоубийство*. «Мұны өзін-өзі өлтірушілік деп ойлайсыз ба?» – деп сұрады Блор (286-б.); Дәрігер деген атым бар емес пе, өзін-өзі өлтірушіліктің жайынан жақсы хабардармын (331-б.); Өзін-өзі өлтірушілік пе әлде жазатайым болған жағдай ма – анықтау қиын (436-б.).

ПАЙЫЗ – *процент*. Мүмкіндік пайызының мұнда онша көп еместігін мойындаймын (348-б.).

СҮТСІРНЕ – *сыр*. Ал жүз гиней– мистер Онимнің басқалар сияқты мені де торға алдап түсірген сүтсірнесінің бір кесімі ғана (235-б.).

ҮЙКӨК – *подставка*. Дөңгелек үстелдің ортасында тұрған әйнек үйкөкке кішкене фарфор мүсіншелер шебер түрде орналасыпты (259-б.); Ол айналы үйкөкте тұрған жеті негр баласына көз тастады (361-б.).

ХАТТАМА – *протокол*. Уоргрейв қарт сот хаттамасының қасаң тілімен жазылған, бірақ кей жағдайтың анықтай түсуге септігі тиетін жазба қалдырыпты (437-б.).

ШАЙТАБАҚ – *блюдец*. Әйелі әлгі сусынды ішкен бойда анау шыны аяқты шайтабағымен қоса апарып жақсылап жуып қойды ғой (304-б.).

Құрманғазы Қараманұлы аударған Агата Кристидің «Он қарадомалақ» романында жоғарыдағы сөздермен бірге *носильщик – жүкші* (240), *наставитель, наставник – тәлімгер* (285) сияқты баламалар қолданылады. Кейінгі 15-20 жыл көлемінде көбінесе «қандауыр» деп қолданылып жүрген атау енгізілмеген. Бұрынғысынша «скаल्पель» (296) сөзі қалыпты.

Уильям ФОЛКНЕР. Аю. Хикаят.

Сарторис. Аруақты қорлау.

Орыс тілінен аударған Мәткәрім Әкімжанұлы.

– Астана, 2006. – 496 б.

БЕЛДІКШЕ – *ремешок*. Ол комбинезонының белдікшесін ағытып, шынжырын босатты да, құбылнамасы мен сағатын ағаш бұтағына ілді (347-б.).

ЖЕДЕЛХАТ – *телеграмма*. Мен оған, Хоуске бүгін жеделхат жіберемін (382-б.).

ҚҰБЫЛНАМА – *компас*. Қолында жыланнан жасқанатын таяғы мен құбылнамадан өзге түгі жоқ. Сосын бағдар тілі көріне қоймаған құбылнамасын қолына ұстанған күйі демалды (346-б.).

ҚЫЗҒЫЛТ ӨНДІ – *краснокожий*. Бұл әңгімелер адамдар туралы болатын, ақ нәсілді, қара нәсілді немесе қызғылт өнді адамдар туралы емес, неге болса да қайыспай қарсы тұра алатын, қиындықтан шыға білетін төзімді де ержүрек аңшылар туралы... (334-б.).

ПАТЫҚ – *патока*. Вагонда Бун сатушы қыздан бір шиша сыра мен үш қалта қуырған жүгері және патық сатып алды да, бала Бунның сылпылдаған күйсеуін тыңдай отырып, тағы да маужырап кетті (364-б.).

ТАЙПАБАСЫ – *глава племени*. Сәм сонда ұзап бара жатқан бұғының соңынан қарап тұрып: «Тайпабасы. Атаның атасы» деген еді (391-б.).

ТАСОШАҚ – *камин*. ...Тасошақта шытырылай жанған алауды айнала отырған аңшылар қосында, ал тасошақтар мен үйшіктер болмаған жерде брезент шатырларда, айнала түтіні будақтаған алау қасында өткен-кеткенді онша өректімей баяу үнмен ғана баяндайтын әңгімелер еді бұл (335-б.).

ХАЙУАНАТТАР САЯБАҒЫ (хайуанаттар бағы) – *зоопарк*. Сосын хайуанаттар саябағы есіне түсе қалсын. ...Сосын үшеуі хайуанаттар саябағына баратындықтарын, онда Лев балмұздақ пен кәмпитке тойған аюлардың сазайын тартқызатындығын мәлімдеді (367-б.).

Чезаре ПАВЕЗЕ. Ғажайып жаз. Хикаят.

Орыс тілінен аударған Құрманғазы Қараманұлы.

– Астана, 2011. – 344 б.

ТАПСЫРЫС БЕРУШІ – *казачик*. Тапсырыс беруші әйел жас әрі сұңғақ бойлы болатын (38-б.).

ӘУЕТ ЕСІМІ – *фамилия*. Арада бірнеше күн өткенде Джиния оның есеп-шотын көріп қалды, бірақ онда мұның әулет есімі ғана тұр еді, ол жайында бұдан өзге ештеңе біле алған жоқ (38-б.); Әулет есімін білмеймін, бірақ оған поза көрсеткені рас (60-б.).

ОТЫРМАҚ – *застолье*. – Бұл кімнің құрметіне арналған отырмақ? – деп сұрады (78-б.).

ҰЙЫҚ – *носки*. Бұл да аз болғандай, Северино өкшесі тесік ұйықтарын үстел үстіне лақтыра салды да: «Жалаң аяқ жүрсін деймісің мені» деді (135-б.).

ТӨСТАРТҚЫШ – *бюстгальтер*. Джинияға ол әрі әдемі, әрі сымбатты көрінді, жалғыз тек тұз киіммен және төстартқышпен қалғанның өзінде де сүйкімді болатын (38-б.).

ТҮЗКИІМ – *нижнее белье*. Джинияға ол әрі әдемі, әрі сымбатты көрінді, жалғыз тек тұз киіммен және төстартқышпен қалғанның өзінде де сүйкімді болатын (38-б.).

Василь КОЗАЧЕНКО. Найзағай.

Орыс тілінен аударған Немат Келімбетов.

– Алматы, 2008. – 352 б.

БӨТЕК – *каблук*. Қараңғыда қармалап жүргенше заводта, яки әлгі самогон қайнататын Настяның үйінде түнеп шықса да, оған бөтегің қисық дейтін жан жоқ (3-б.).

ОҢЖАҒАЛАУ – *правобережье*. Бұл – гитлерлік оккупацияға ұшыраған Оңжағалаудағы ең қасіретті түндердің бірі еді (5-б.).

ӘРІП ТЕРУШІ – *наборщик*. Октябрде оны аудандық газетке әріп терушінің шәкірті етіп қабылдады (45-б.).

ЖЕТІМХАНА – *приют*. Олар үшін жетімхана табылар (53-б.).

ЖАҢАҚОНЫС – *новоселье*. Бір кезде поселкеден бөлініп шыққан осы ауылды жұрт өзара Жаңақоныс деп атайды (44-б.). Жаңақоныс осылайша пайда болған еді (91-б.).

БАЯНДАУ ХАТЫ – *докладная записка*. ...Бастықтардың атына жазылған қысқаша баяндау хатты да қоса тікті. Баяндау хатта мұның бәрін тек жергілікті ғана мәні бар кішігірім оқиға етіп көрсетті (232-б.).

ҮЙ ТҮТҚЫНЫ – *домашний арест*. Ал енді міне, үй түтқыны болып отырмыз (87-б.).

МАЙШАЙҒЫШ – *маслобойня*. Жартастыда немістер қирап қалған темір жолды, қант заводын, диірменді, майшайғышты жөндеп алды (244-б.).

Бұл аудармада төмендегі кірме сөздердің бірқатары бұрынғы орфографиясы бойынша жазылған болса, енді бірқатарының кейінгі ширек ғасыр көлемінде жасалған баламалары тілде орныққан сөздермен алмастырылмай, бұрынғысынша өзгеріссіз жазылыпты. Мысалы: *август* (79), *апрель* (71, 246), *аптека* (34), *аптекарь* (80), *декабрь* (225, 237), *документ* (79, 81), *завод* (44, 64), *заказ* (101, 117), *июль* (78), *километр* (47,63,115), *класс* (50), *клетка* (46), *кооператор* (245), *костюм* (52), *листовка* (99), *мобилизация* (121), *набор* (123, 245), *ноябрь* (119, 167), *овоць* (221), *октябрь* (64,101,103, 115), *пальто* (55), *парк* (44), *парад* (120), *поселок* (44), *протокол* (232), *октябрь* (45), *право* (27, 54), *секретарь* (50, 77), *квитанция* (55, 112), *программа* (96), *роль* (42), *самолет* (46, 93), *семья* (26, 48), *сентябрь* (51), *символ* (121), *станция* (44, 115), *текст* (101, 106, 112, 122, 183), *устав* (96), *территория* (167), *фасад* (101), *финанс* (55).

Василь КОЗАЧЕНКО. «Ажалханада» салынған суреттер.

Хикаят. Орыс тілінен аударған Немат Келімбетов.

– Алматы, 2008. – 250-351-бб.

АЖАЛХАНА – *салон смерти*. «Ажалханада» салынған суреттер (205-б.); «Ажалхана» десе «ажалхана» екен (259-б.).

КЕЛІССӨЗ – *переговоры*. Пашке енді келіссөз жүргізе бастады (341-б.).

Аудармада «писарь» сөзі «песір» түрінде қолданылған.

Джон ГОЛСУОРСИ. Девондық адам. Новеллалар.

Орыс тілінен аударған Дидахмет Әшімханұлы.

– Астана, 2011. – 456 б.

АҚЖАУЛЫҚ – *скатерть*. ...Шығыстық талғам бойынша бетіне өрнекті ақжаулық жабылған аласа үстел үстіндегі алтын жалатылған қара көк кофе сервизіне түсіп тұр еді (Біріншілер мен ақырғылар. 182-б.).

АЛА-ЖОЛАҚ – *полосатый*. Ендеше, сол Ларри, бұның жалғыз інісі, қалайша ғұмыр бойы тұтқындардың ала-жолақ киімін киіп, басы тақырайып, жағы омырайып, жүрексіз, имансыз түрме қызметшілері қойдай айдаған қара тобырдың арасында жүреді! (Біріншілер мен ақырғылар. 204-б.).

Әулие-Ана – *святая дева*. Мен Әулие-Анадан жалбарынып сұрайтыным: қай уақытта да сізге ол жар болсын және мені мүлде ұмыттырып жібермесін сізге. (Форсайттың құтқарылуы. 115-б.).

БАСПАГЕР – *издатель*. Бірақ ол үшін баспагерлерге құпияның мән-жайын түсіндіруге тура келеді? (Акмә. 151-б.).

БАСЫЛЫМ – *издание*. Кезінде осы басылымдардан «гунндардың» қаскөй әрекеттері туралы оқығанда, олар бұл сұмдыққа жағасын ұстап, құдды байырғы ағылшындардай-ақ неміс кайзері мен оның милитаризмін батыл сынға алған болатын (Бәрін де жақсы жағынан көру керек. 365-б.).

БЕЛДЕМШЕ – *юбка*. Үстіндегі қара белдемшесі мен жұмсақтау материалдан тігілген қызыл-сары кеудешесі су жаңа сияқты көрінді (Біріншілер мен ақырғылар. 243-б.); Ұзын қара белдемшесінің етегі желмен желбірейді, көк береті де көк айдындағы желкендей дір-дір етеді (Алманың албырып піскен шағы. 265-б.).

БЕСІК-АРБА – *коляска*. Таяуда бесік-арба сатып алдым, тым қымбатқа түсті (Форсайттың құтқарылуы. 75-б.).

БӨЛКЕШІ – *булочник*. Бөлкеші сөзін бітірді де, салтақ-салтақ кір орамалымен беті мен қалың қара мұртын сүрте бастады. Тек не заматта бөлкеші тағы да жайлап сөйлей бастады (Нәпақа. 169-б.).

ЖАСАҢ – *поле*. ...Жасаңдарда бөдене шақырады, төбеңнен кейде жұлдыздай ағып қаршыға ұшып өтеді (Девондық адам. 31-б.).

ЖАТЫН БӨЛМЕ – *спальня*. Содан бері мен мұнда, жатын бөлме жайғасып алып, бәрін-бәрін сіздерге жазып отырмын (Девондық адам. 39-б.).

ЖӘРДЕМАҚЫ – *пособие*. Және оны бұған итермелеген нәрсе – үкіметтен алатын барлық жәрдемақының мөлшері Гергарт айлығының небары ширегіне ғана жететін (Бәрін де жақсы жағынан көру керек. 373-б.).

ЖЕДЕЛХАТ – *телеграмма*. Бірақ дереу жеделхат салып жіберуді ұмытқан жоқ (304-б.).

ЖЕЛҚАЙЫҚ – *быстроходное судно*. Менімен жағаға жүріңіз, сонда бәрін айтамын: желқайығым зәкірде тұр, аса үлкен емес, бірақ осы өңірдегі ең ұшқыр қайығыңыз сол (Джон Голсуорси. Девондық адам. 15-б.).

ЖЕҢ-ТҮЙМЕ – *запонка*. Бұл бірде түріктің ұсақ тиындарынан жасалған жең-түйме тауып алып, оны шаштаразда істейтін итмұрынның гүліндей әдемі қызға сыйлаған (Біріншілер мен ақырғылар. 197-б.).

ЗАҢГЕР – *юрист*. Мүмкін бір заңгер тауып, көктен түскен бұл олжаға Брусті мұрагер еткен жөн бе? (Акмә. 151-б.).

КОРОЛЬ-ХАНША – *королева*. Король-ханша Викторияның үлкен суреті ілініпті (Алманың албырап піскен шағы. (270-б.).

ҚАУЫМДАСТЫҚ – *ассоциация*. Троувердегі үстем шіркеу мен протестанттық қауымдастық арасында тым тіл табыспақ бола бермейтін, сөйтіп өзінің садақасынан айрыла отырып, үстем шіркеудің діндарлары мәселе ушыға түсер болса, пастордың кедейшілігі протестанттарды мұқатуға жақсы себеп болар еді деп өздерін жұбатып қойған (Нәпақа. 163-б.).

ҚОЛЖҮК – *багаж*. Байқауынша, өзі тезірек бір жаққа кетуі керек болған да, қолжүктерін жинап-тазалап, оларды күні бұрын аттандырып жіберуді Розиге тапсырған сияқты (Форсайттың құтқарылуы. 100-б.).

МОЙЫНДАУ-ХАТ – *письмо-признание*. Кит бұл мойындау-хатты, сол бейбақтың да тағдырын өз мойнына алып тұрғанын түсінді. Мойындау-хат бұның қолында тұр, оны не істеймін десе де, өзі біледі! (Біріншілер мен ақырғылар. 256-257-бб.).

ПӘТЕРАҚЫ – *квартплата*. Осындай күндері пәтерақыға қарызы өсіп кетеді (Үміт. 179-б.).

РӘСІМ – *обряд*. Солай бола тұра әрбір жерлеу рәсімі оған мына жалғанның тұрақсыз да тұрлаусыздығын еске салып, неге екені белгісіз, қатты толқытқаны бар (Екі көзқарас. 155-б.).

САНАТКЕР – *интеллектуал*. Мен онымен танысқан жылдары ол алпысқа жақындап қалған, соған дейін он-он бес кітап жазып, сол жазғандары арқылы санаулы санаткерлер арасында «данышпан» деген атқа жеткен еді (Акмә. 143-б.).

САЯБАҚ – *парк*. Сыртқы есік әлі ашық екен, үй алдындағы бетон төсеніштер арқылы саябаққа шықты (318-б.).

ТАСЖОЛ – *шоссе*. Тасжолды тігінен қиып өтіп, бір ұшы сонау жота басындағы тоғайға қарай жатқан жалғыз аяқ соқпақтың төменгі қиылысында (Алманың албырып піскен шағы. 260-б.).

ТАПСЫРЫС – *заказ*. Мен бұл тапсырыстарымды енді еш уақытта алам деп үміттенген жоқ едім (Шеберлік. 141-б.).

ТҰРМЫСЖАЙ – *домашняя обстановка...* Сосын тұнығын лайлаған мына Холлидейлерді, мына сән-салтанатты, жайлы ағылшындық тұрмысжайды – бәрін-бәрін жек көріп кетті (Алманың албырап піскен шағы. 332-б.).

ШАҒЫМ-АРЫЗ – *обжаловать (иск)*. Шағым-арыз жазуға немесе кешірім өтінуге де болады! (Біріншілер мен ақырғылар. 258-б.).

ШАМКӨСТІК – *брюезгливость*. Келесі қысты ол Лондонда қалыпты жағдайда өткізді, бірақ ара-тұра шамкөстігі

ұстап кеткенде онымен ешкім байланысып барқадар таппай қалатын (Форсайттың құтқарылуы. 127-б.).

ШЫРТЕТПЕ – *включатель*. Тас қараңғыда шамның шыртетпесін іздеп жүріп, Қит өзіне жабыса кеткен жартылай жалаңаш жып-жылы денені, мойнына оратыла кеткен біреудің жұп-жұмсақ қолын сезді (Біріншілер мен ақырғылар. 208-б.).

ІШКИМ – *белье*. Олар балықты ішкімдерімен сүзбекші болып еді, бірақ соқыр болмаса, суды шалпылдатып жүрген адамның жанына қай мақұлық жоласын! (Алманың албырап піскен шағы. 279-б.).

Жазушы-аудармашы Дидахмет Өшімханұлы түрлі нұсқада қолданылып жүрген атаулардың *қайнатпа (23) – варенье, иісмай (116) – духи* нұсқаларын таңдаса, кейбір кірме сөздерге сөз тудырушы жұрнақтар жалғап, *графтық (14), корольдік (221), аббаттық (445), аптекашы (198)* деп қолданады.

Ол *зәкір (15), тәрелке (171), күріжке (271), пошта (304), станса (306), пойыз (321, 416)* тәрізді кейбір кірме сөздерді де кейінгі жылдар өзгерістерін ескеріп, оларды қазіргі орфографиясына сай жазады.

Ал мына төмендегі кірме сөздер өзгеріссіз қолданылған: *рюмка (119, 404), чек (151), сервис (182), процесс (182), клиент (183, 419), кресло (187), практика (189), полк (189), подъезд (199), арка (199, 203, 205, 234), стрит (206, 225), гипс (209), маска (209), лилия (246), нарцис (246), камин (250, 406), конверт (255, 432), бук (286), контраст (303), вокзал (328), хризантема (383), парник (387), нарцисс (387), ваза (388), консерватор (393), юбка (398), иллюминатор (399), фиалка (400), трактир (404), трубка (336, 408), дезинфекция (409), велосипед (415), костюм (415), присяжный (419), приход (425), армия (425), клумба (443), кипарис (451) форма (454), палитра (545), краплак (454).*

Мәселен, бұл атаулардың арасындағы «рюмка», «костюм» сөздері қазір орфографиялық сөздік бойынша *рөмке*,

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР *кәстөм* түрінде жазылады. *Кресло, процесс, подгезд, гипс, ваза, вокзал, юбка, дезинфекция, клумба, приход, бук, нарцисс, форма* сөздерінің көбіне қазақша баламалары қолданылады. Баспагерлер, кітап шығарушылар осыны ескергені абзал.

Жазушы «таяқ тастам жер» сияқты жиі қолданыла бермейтін, өте сирек жұмсалатын «сырық сілтем жер» тіркесін қолданады: «Үйінен сырық сілтем жердегі осы бір дөң үсті зират төңірегіндегі ең әдемі жер еді...» (156).

Леонид ГУРУНЦ. Шіркін біздің Шушикент. Хикаят.

Орыс тілінен аударғандар Зейтін Ақышев,
Немат Келімбетов. – Алматы, 1977. – 344 б.

ӘУІЗ – *бассейн*. Бақша маңайынан әуіз қазғанда әлгі суды соған сарқып ала берген (330-б.).

БӨШКЕШІ – *бондарь*. Адамның етіне өтіп, сүйегіне жететін сөздерді боратып, тас керең боп қалғыр қақпас бөшкеші ні жерден алып, жерге салып жатыр (184-б.).

ЖАРЫС САУДА – *аукцион*. НЭП кезінде – бұрынғысынан да байып кеткенін, аукцион күндері – бар мүлкі жарыс саудаға түсіп жылан жалағандай болғанын, айдалып кете жаздап, әупіріммен әрең қалған үрейлі сәттерін өз көзіммен көрдім (182-б.).

ЖАСАУЫЛ – *есаул (пристав)*. Жанына жасауылдарын ертіп алған урядник жалма-жан ауылға жетіп келді. Армянша түсінетін жасауылдың бірі Тадевостың әлгі сөзін аударып берді (100-б.).

ЗИЯЛЫЛЫҚ – *интеллигентность*. Бізге жетпей жүрген нәрсе – зиялылық, білімділік (277-б.).

ҚҰЙМАШЫ – *литейщик*. Бұл кезде менің әкем Бакуде құймашы боп істейді екен (14-б.); Әлгі құймашы ма? (191-б.).

МАСҚАРАПАЗ – *клоун*. Мен саған масқарапаз емеспін (184-б.).

ОНБАСЫ – *десятский*. Ол – онбасы Акоп. Онбасы болмағанда бұл жолы да сөйтер еді (56-б.).

ОРАМ – *квартал*. Жалғыз мен емес, осы орамдағы балалардың біразын ертіп алды апай (7-б.).

ТАБЫТШЫ – *могильщик*. Ол – өз өмірінде талай адамдарға мола қазып, талайды, топыраққа тапсырған табытшы Серпуха. Жеме-жемге келгенде табытшы да керек қой (174-б.)

ТАРПАШЫ – *коробейник*. Кезбе саудагерлер де, тарпашылар да солар (68-б.).

ТҮРШЕК – *сушенный плод*. Итмұрынның түршегі – масур салынған қаптар жыл бойы дерлік базардағы сөрелерде қаз-қатар тізіліп тұрады да қояды (58-б.).

ХҰҚЫҚ – *равноправный, право*. Тигран менің барлық жанды һәм жансыз мал-мүлкімнің тең хұқықты үлес иесі (82-б.); Сіз мені туысқандық хұқығын бетке ұстап, қарны қампиғанша жүзім жейді, тіл ойылғанша бал жалайды деп ойлайтын шығарсыз? (132-б.).

ШАРТНАМА – *контракт*. «Ертең кел, шартнама жасасамыз да, сен Италияға оқуға барасың», – дейді. Ертеңіне жас жігіт келсе шынымен-ақ шартнама қағаздары дапдайын тұр (322-б.).

Аудармада төмендегі сөздер аударылмай, кейінгі жылдары қалыптасқан баламаларымен алмастырылмай, бұрынғы таңбалануы бойынша жазылған: *арендатор (234), герб (83), дача (234), завод (337), заказ (11,185), кастрюль (44), класс (34,75, 179), контор (15), конфет (37), магазин (39), отряд (143), помидор (52), писарь (81), право (12), пристав (81), подвал (11,), интеллигент (276), председатель (308, 331), семья (13,75), сквер (340), стол (11, 44, 81), товар (37), участок (234), ченок (52), чиновник (18) және т.б.*

Василий ШУКШИН. Село тұрғындары. Өңгімелер.

Орыс тілінен аударған Жүсіпбек Алтайбаев.

– Астана, 2011. – 344 б.

ӘУЕЖАЙ – *аэропорт*. Тіпті әуежайға төтелей тартып кетуге де болады (Село тұрғындары. 9-б.).

БЕСІК-АРБА – *детская коляска*. Сөйтіп тұрғанда оның көзіне баланың бесік-арбасы түсті (Әумесер. 82-б.).

ЖЕДЕЛХАТ – *телеграмма*. Қай мезгілде қарсы алатынымды біліп отырайын, бірден жеделхат жібер (Село тұрғындары.5-б.).

ЗЕЙНЕТАҚЫ – *пенсия*. Ал қазір оған зейнетақы береді (Арсыздар. 182-б.).

МЕКЕНЖАЙ – *адрес*. Мекенжайды әрқашан оның өзі жазады: сонда хаттың бұлтармай дәл баратынын біледі (Село тұрғындары.16-б.).

САПАРЖАЙ – *вокзал*. Сапаржайда отырған жоқсыздар ғой, солай емес пе? – деп есікті сарт еткізіп жауып алды (Әумесер. 79-б.).

ТАПСЫРЫС – *заказ*. Тапсырыс иесі сельпо жағы мұны ескерусіз қалдырған, ал балташылар үндемей қоя салыпты (Биші Шива. 329-б.).

ҰЖЫМ – *коллектив*. Бұл ұжымды басқаруға келе сала: «Александр Семныч, сіздің зейнет демалысына шыққаныңыз дұрыс болар?» депті (Әумесер. 72-б.); Олар ұжымға кірмек болды, оған ақшаны қайдан алмақсың? (Арсыздар. 191-б.).

ҰШАҚ – *самолет*. Ең дұрысы, ұшақпен кел – жолың арзанға түседі (Село тұрғындары. 5-б.).

Эдгар ПО. Асқар таулар аңызы. Новеллалар.

Орыс тілінен аударған Бекмырза Баймаханов.

– Астана, 2011. – 344 б.

ҚОЛКҮЙМЕ – *носилки...* Үлде мен бұлдеге оранған ардақты аруларды отырғызып көтерген қолкүймелерді, зембілдер мен айшықты жалауларды, кестелі жабу жабылған пілдерді, ұсқынсыз тастан қашалып жасалған пұттарды, найзаларды, күміс және алтын гүрзілерді көресің (Асқар таулар аңызы. 332-333-бб.).

ОТБАСЫ – *семья*. Мен оның отбасы туралы да жөнді ештеңе біле алмадым (325-б.).

Аудармада мына атаулар бұрынғы қолданылған қалпында өзгеріссіз қалдырылған: *октябрь (7), кресло (7), документ (42), герб (42), принцип (45), текст (46, 50), компас (53), эмблема (55), чек (74), юбка (123), парфмер (127), подвал (278), прогресс (140), пристан (16, 253), творчество (328)*.

Қазіргі уақытта бұл атаулардың басым бөлігінің қазақша баламалары тілде орнығып, жаппай қолданылып жүргендіктен кітаптың осы басылымында редактор, баспагер тарапынан тиісті өзгертулер енгізілгені орынды болар еді. Мәселен, басқаларын айтпағанда, *қазан, құжат, елтаңба, мәтін, белдемше, жертөле, айлақ, шығармашылық* сияқты сөздердің енгізілмегені бүгінгі оқырман талабын ескеріп, тіліміздің бүгінгі даму деңгейін, ондағы өзгерістерді ескермеу десек, артық айтқандық болмас деп ойлаймыз.

Эдгар Понның «ұзынша жәшік» әңгімесінде *контур-бизень, формарсель, трюм, фальшборт (262), бизань-мачта, палуба, помпарар, мачта, помпа, вельбот, пакетбот, кормо (263), клюз, каюта (265)* сияқты «судоходство» кеме жасау ісі терминдері қолданылады.

Лу ШҮН. Повесть және әңгімелер.

Қытай тілінен аударған Дүкен Мәсімханұлы.

– Астана, 2009. – 344 б.

АРАҚКЕШ – *алкоголик*. Мына келе жатқан сөзсіз арақкеш болуы мүмкін, өйткені даяшыға қарағанда сылбыр басып келе жатыр ғой деп ойлап, ол баспалдақтан шығады-ау деген мезгілде басымды көтердім (Қабақханада. 203-б.).

БАСЫТҚЫ – *закуска*. Басытқы бар ма? (Қабақханада. 202-б.).

БЕКТІК – *княжество*.– Мырза, Чу бектігіне бармақпыз ба?... Чу патшасын Сүңбектігінен шабуыл жасауға желіктіріп отыр (392); Чу бектігінің жері мол, бірақ, халық тапшы, тапшы нәрселерді күйрету арқылы мол дүниеге қол жеткізу ақылдылыққа жатпайды (397).

БОСТЫҚ – *пустота*. Барып тоқтаған жерінен сәуле түсіп тұрған бір бостық көрінді. Сол бостыққа басын тығып,

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
енді кіруге ыңғайланғанда «немене» деген сөзді құлағы
шалып қалды (Айпара. 239-б.).

ДӘРІСХАНА – *аудитория*. – Дәрісханамыз сол, – деді
Уаң Яофу қолын қозғалтпастан (Гао абыз. 247-б.).

ЖАЛГЕР – *арендатор*. Осыдан біраз күн бұрын Бөрілі
ауылының бір жалгер диқаны қуаңшылықтан қашып бізге
келген болатын (Қояншықтың қолжазбасы. 61-б.).

ЖЫРНАМА – *книга песень*. «Күндзы айтады, жырна-
мада былай делінеді» деген сияқты бірдеңелерімді оқытып
жүре бергенім жөн болар. – Сен «Күндзы айтады, жырнама-
да былай делінді» дегенді оқытып жүрсің бе? – деп сурадым
мен таңғалған түрде (211-б.).

КҮНТІЗБЕ – *календарь*. Жексенбі күні таңертең күн-
тізбенің түн асқан бетін қайырып жаңа бетіне қарап тұрып: –
Бәле-е, оныншы қазан, - бүгін «қос ондық мерекесі» екен
ғой, – дедім (Шаштың шатағы. 91-б.); Ескі күнтізбе бойын-
ша жылдың аяғы нағыз жыл соңы секілдіболып кледі
(Бақыт тілеу. 185-б.).

ҚАБАҚХАНА – *кабак, трактир*. Қабақханада. Бұл
бақша затында қабақхана қожайынынікі емес болса керек
(202); Шамасы түс ауып қалса керек, бұл өзі қабақхана де-
ген аты ғана болмаса, қабақханаға мүлде ұқсамайды (Қа-
бақханада. 203-б.).

ҚАБІРСТАН – *кладбище*... Әкем жерленген қабірстанға
апарып, әкемнің қасын көмдім (Қабақханада. 206-б.).

ҚАСБЕТ – *фасад*. Ишызюй орнында екен, шағын, сүрең-
сіз қасбеті мен ескі маңдайшалығы баяғы қалпы, бірақ қо-
жайыннан бастап даяшыларына дейін бірде-бір таныс адам
қалмапты (Қабақханада. 202-б.).

ОТБАСЫ – *семья*. Отбасылары әлі мұншалық күйрей
қоймаған кез (Ақ сәуле. 163-б.).

ПӘТЕРШІ – *квартирант*. Өйткені осы аулада тұратын
пәтершілер бұл жағдайға әбден дағдыланып алғантұғын
(Ақ сәуле. 162-б.).

ПЕШАЙУАН – *терраса*. Кемпір басын көтеріп үй-үйдің
пешайуандарының көлеңкесін сағалап тартып отырды (Ай-
пара. 243-б.).

САБАҚТАС – *одноклассник*. Бұл менің ескі сабақтасым әрі мұғалім болып жүрген кездегі қызметтесім болатын (Қабақханада. 203-б.).

САБАҚХАНА – *класс*. Мен ештеңе білмегенсіп жүре бердім, әлгі тақыр бастар айдарлы балалармен бірге сабақханаға барды (Шаштың шатағы. 95-б.);

Сосын Уаң Яофуға ілесіп ботаника бағын кесіп өтті де, сабақханаға келіп кірді (Гао абыз. 247-б.).

САҚШЫ – *полиция*. Көп өтпей мені янаттағандардың айдарларын сақшылар кесіп тастады (Шаштың шатағы. 95-б.); Көп ұзамай кішкене оқушы сақшының қылышының тұсынан жылтың етіп шыға келді. Сақшы абайсызда аяғын көтеріп қалып еді жұрт аң-таң болып, жапа тармағай оның аяғына қарады (Айпара. 240-б.).

САЯБАҚ – *парк*. ...Аузын сүртті, сосын саябақтың бұрышына қарап: – Ау, Алянь! Неге қайтып келдің? – деп айғай салды (392); Менің үйімнің арт жағындағы саябақта екі түп ағаш бар (404-б.).

СЫНЫП – *класс*. Мен түсімде бастауыш мектептің сыныбында шығарма жазып отыр екенмін (Пайым. 414-б.).

ТОРМАҚТА – (*торлаулы мақта, ысырылған мақта*). Алдыңғы күні қаладан кішкентай табыт сатып алдым, өйткені әлгі жер астындағы табыт баяғыда шіріп кетуге тиіс деп ойлағам-ды, тормақта мен жамылғы, төсеніш алып, төрт қабірші жалдап, мәйітті ауылға көшірмек болдым (Қабақханада. 205-б.).

ТҮЙІЛІС – *перекресток*. ...Бұл қаланың қан базары, әрі төрт көшенің түйілісі екен (Ымыра. 395-б.).

ШАҚАЙ – *жерг. шоқай, шәркей*. ...Төргі бөлмеден шығып шөп шақайын аяғына іле салды да, буыншағын көтерген бойы артына қайырылып қарамаған бойы жүріп кетті. ...Модзының шөп шақайының бауы үш-төрт рет үзіліп, табаны қызарғандай болған соң, тоқтап, қарап еді, шақайының табаны тесіліп қалыпты (393-б.).

ШӨКЕ – *тамақ жеуге арналған қос таяқ*. Шөкемен іліп алып бір-екі асап едім, балықтың немесе адамның еті екені

белгісіз – тұрған бір жылбысқы (Қояншықтың қолжазбасы. 62-б.); Шөкені қолыма алсам болды есіме үлкен ағам түседі (Қояншықтың қолжазбасы. 68-б.).

НАЙ – *мундштук*. Қиыс қарсы алдында Басаньмен қатарлас отырған етжеңді біреу қалтасынан шақпағын алды да, білтеге тұтатып, оны найының үстіне қондырды (304-б.). Етжеңді найын ала салып, төр жақтан атып шығып, алға сырғып бара жатқан қайықпен бірге ілгері жылжып барады (305-б.). Джуаң Мусаньның найындағы темекісі әлдеқашан бітіп, найының түбіндегі сары су оттың табына шыж-шыж етіп қалса да сорып отыр (306-б.).

ЖЫҢМОМА – *буға пісіретін қамыр тамақ түрі*. Гың Джузы жыңмоманы қасқанға салған соң, ол өз бөлмесіне келді де, қабырға шкафтан бір сығым тұзға шыланған алабота сабағын, бір ескі мыс кездік және көнетоз бір дорба алып шықты. Гың Джузы буы бұрқыраған жыңмомаларды алып кіргенде әлгілерді бір бума етіп қойды (БІмыра. 393-б.)

Лу Шүн осы тілдік материалдар жиналған повесімен әңгімелері қытай тілінен тікелей аударылғандығымен ерекшеленеді. Лу Шүн шығармаларын қазақ тіліне аударған белгілі ақын, аудармашы, филолог ғалым Дүкен Мәсімханұлы сол елде туып-өсіп, білім алғандықтан аудармада қытай қазақтарының тіліне тән бірқатар қолданыстар кездеседі. Мысалы: *янаттаған* (95-б.) – (*бізде тілдеу, боқтау*), *янаттап жүрді* (210), *дауал* (161, 166), *қайсымыздың бұйыртқанымыз екені белгісіз, тамақ бұйырту* (204), *бұйырған шарап* (205), *шарап бұйырдым* (206), *жітірмелете сорып-сорып жібіріп* (207), *ақ шекер* (208), *шырма-шату* (208-б. (*шым-шытырық*)), *сүркей* (209. *сүрқай*), *...жан үзерден бірнеше күн бұрын ғана айтады* (210), *бастабында* (211, 307), *бұрылма* (246 (*бізде – бұрылыс*)), *оңашалану – ауашаланып* (250), *тілеу көже* (307), *зыр дөңгеленді* (318), *мағдыр* (318), *сөз ләмі* (400) және т.б.

Аудармада *керқызыл* (316), *күрең жасыл* (317) түсті білдіретін сөз бен сөз тіркесі және *дүй* (304), *жыңмома* (393), *гой-жүй* (400) қытай тілінен енген кірме сөздер қолданады.

ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ. Құс жолы. Хикаят.
Орыс тілінен аударған Қалжан Нұрмаханов.
– Астана, 2011. – 456 б.

ЖЕДЕЛХАТ – *телеграмма*. «Сізге асығыс жеделхат бар – деп, басқарма алақандай қағазды шауып келіп, қолына ұстата берді. ...Бұл жеделхат Майсалбектен екен, Новосибирьден жіберіпті, бері жүріңіз, – деді Үсенбай (375-б.).

ЖЕРТӨЛЕ – *подвал*. Кірпіштен жаз бойы үшеулеп құйып қамдап, оларды кептіріп жатқан болатын, уақытша жертөле орнатар жерін де қазып қойған (358-б.).

ОТБАСЫ – *семья*. Мен тек жалғыз болсам екен – соғыстың шарпуы тимеген бірде-бір отбасы, бірде-бір адам қалған жоқ еді ғой (382-б.).

СЫНДЫРЫМ – *обломок*. Нанның әрбір сындырымы осылай керосин татып жатты (356-б.); Ал енді арғы жағын ойласаң, бұл майдандағы солдаттардың әрқайсысының бір сындырым нанын қолынан тартып алғандай нәрсе емес пе (397-б.).

ШАЙҚАН – ... Мен де сол арада қосшыларға бір барып, қайта кеткен шайқандарға қайырылып, ат үстінде жүргенмін (394-б.).

Бұл аудармада *самолет* (419), *пономош* (389), *колхоз* (395), *устав* (400) сияқты кірме сөздер осы қалпында, аударылмай қолданылған.

Владимир НАБОКОВ. Машенька. Роман.
Орыс тілінен аударған Темірхан Медетбек.
– Астана, 2011. – 344 б.

АЛАҢҚАЙ – *площадка*. Лифт төртінші алаңқайдың табалдырығына ілініп, шалқайып барып тоқтады (8-б.).

БАСҚЫШ – *лестница*. Доктор бір бума кілтін сылдыратып, лифтінің істемегені үшін кешірім сұраған Дор ханымның қара сұлбасының соңынан басқышпен төмен түсіп барады. Басқыштағы жарық сарғыш және суық. Басқыштағы жарық сәнді (113-б.).

ДАҢҒЫЛ – *проспект*. Сол түні қара жамылғылы қарт кісі ұзынынан ұзақ созылып жатқан бос даңғылдың бойымен, күндегі әдеті бойынша асфальтті өткір ұшты та-
яғымен тоқылдатып, тығынды, жай қағазды, темекі қал-
дықтарын, сондай-ақ сигараның тұқылын іздеп келеді (33-б.).

ДОПТАЯҚ – *городки, лапти*. Екі аптадан кейін ол есі шыққанша велосипед тепті, кешке қарай малшының ба-
ласымен доптаяқ ойнады (41-б.); – Біз көбіне доптаяқ пен қа-
рақшы-казактарды ойнайтынбыз, – деді Подтиягин (48-б.).

ДҮҢГІРШЕК – *будка*. ...Фартукті кісінің дүңгіршектер
мен қабырғаларға жапсырып жатқан жарнамалар – бәрі-
бәрі оның бойындағы түлеп жаңғырған тіршілікпен үндесіп
жатыр еді (120-б.).

ЖАРНАМА – *реклама*. Ендігі кезекте отты жазулар,
әдеттегідей, бірден жоғалып кетпей ұзақ, бес минөт бойы
тұрып алды – электр жарнама бюросы мен фабрикант
арасында осындай келісім болған болу керек. ...Ол жарық
жарнама ма, жоқ әлде аспанға лақтырылып, соған жауап
алып жатқан адам ойы, белгісі, даусы, сұрағы ма? (33-34-бб.).

ЖЕДЕЛХАТ – *телеграмма*. Бұл жеделхат еді (74-б.).

КҮНПАРАҚ – *календарь*. – Күнпарақтан оқыған шығар-
сыз? Мені күнпарақта жиі басатын (106-б.).

КҮНТІЗБЕ – *календарь*. ...Ол цифрлар – күнтізбеден
жыртылып алынған, сәуір айының алты күнін білдіретін
жай ғана парақшалар еді (9-б.).

КІДІЛІК – *оригинальность*. Ол сізден салқындықты, кі-
ділікті талап етеді (5-б.).

ҚАБЫРҒА ҚАҒАЗЫ – *обои*. Қабырға қағазы – көгілдір,
ақ раушан гүлді (39-б.).

ҚЫДЫРЫСТАУ – *прогулка*. Ол қыдырыстағанды жақсы
көреді (7-б.); ...Оңаша қалған қараңғы алаңқайдағы ғима-
рат жанында мерекеге келген адамдар емін-еркін қыдырыс-
тап жүр (52-б.); ...Дәл осы шапақты марғау кешкілікте
қыдырыстауға шыққан еді (55-б.).

МҰРАҒАТ – *архив*. Біреуі төлқұжаттың сары бетіне
жапсырылады, бірі мұрағатына кетеді, қалғандары шенеу-
ніктердің жеке коллекцияларын толтыратын болса керек
(88-б.).

МҰРАЖАЙ – *музей*. ...Мұражайлар мен кинематографияда онша жылы орын табу тіпті мүмкін емес еді (79-б.).

НЫМША – *жилет*. Куницын нымшасын жөндеп, орнынан тұрды (46-б.); Қыз юбкасымен түстес қара-көгілдір нымшасының қалталарына қолын салып, шұғыл басып бара жатты... (55-б.); Дірілдеген қолымен өзіне арақ құйып, нымшасының қалтасынан никель сағатын алып, үстелдің үстіне қойды (111-б.).

ОТБАСЫ – *семья*. Олардың отбасы бір-бірінбілген жоқ (80-б.).

ПАЙЫЗ – *процент*. Бұл өзірше тағдыр алдына тартқан бақыттың пайызы болатын (92-б.).

САЯЖАЙЛЫҚТАР – *дачники, дачницы*. Халық көп жиналышты: түкпірге мұжықтар мен олардың әйелдері, ортасына саяжайлықтар, алдыңғы қатардағы парктің ақ скамейкаларында шаштары алынып, тоқырайып, үрпиіскен селолық лазереттен келген жиырма солдат отыр (52-б.); ...Саяжайлықтар қараңғыға сіңіп кеткен соң, темекісін сорған сайын жүзі алабұртып көрінетін бір ғана жан қалды... (53-б.).

САЯЖАЙШЫ – *дачник*. Олар нөсер туралы, саяжайшылар туралы, мұның сүзектен ауырып тұрғаны жайлы да, солдаттар лазареттеріндегі сайқымазақтау студент туралы да, сарайдағы концертті де қалдырмай әңгіме етті (64-б.).

СЫНЫП – *класс*. Мектептің соңғы сыныптарында, жолдастарым менің нақсүйерім бар деп ойлады, нақсүйер болғанда қандай: зиялы әйел (48-б.); Оқу басталды – ол жетінші сыныпта, қалай болса солай оқыды (78-б.).

ТЕРУШІ – *наборщик*. Берлиннің қиян бір шетіндегі, өзі теруші боп істейтін баспаханаға қайтатын (28-б.).

ТОЛҚЫНЫС – *волнение*. Қарт ақынға кірген себебі, оның толқынысын түсінетін жалғыз сол ғана болатын (46-б.); ...Сонан кейін аса бір толқыныспен жеке өзі көріп жатқанда Клара үстінен түскен сол бір суретті қинала есіне алды (57-б.); Оны көріп, Машенька толқынысын жасыра алмай, шегініп қап, құлап қала жаздады (82-б.).

ТӨЛҚҰЖАТ – *паспорт*. ...Бірақ бүгін ол төлқұжат айналасындағы әрі-сәрілік бітіп, Парижге күні ертең жүріп ке-

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
тетіндей сезініп, өзін әрі жеңіл, әрі көңілді сезінді... Біреуі төлқұжаттың сары бетіне жапсырылады, бірі мұрағатына кетеді, қалғандары шенеуніктердің жеке коллекцияларын толтыратын болса керек (88-б.).

ТҮНІКЕ – *черепица (жерг.сөз. Үй төбесінің шатырын жабатын қаңылтыр)*. Ағаш қаңқаларға күннен алтын құйылып тұрғандай, олардың үстіндегі екі жұмысшы үшіншісіне түніке беріп тұр (120-б.); ...Қызыл түнікені басынан жоғары асырды да, ортадағысы оны алып, дәл сондай қи-мылмен, қолын созып үстіндегі жұмысшыға берді (121-б.).

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ – *творчество*. ...Кез келген шығармашылық ерлікке дайыносы бір жанның еркін мүлде тұмандандырып жіберіп еді (25-б.).

Аударма мәтінінде *аллея (40, 77), клетка (8), шарф (8), лифт (8), пальто (8), ваза (8), календарь (8), кресло (8, 53), чертеж (30), участок (35), скверь (38, 41, 120), скамейка (3, 40, 52, 65, 120), фонтан (39), лифт (43, 73), костюм (94), кресло (45, 69, 95, 113), парк (52, 63, 64, 66, 77, 98), юбка (55, 68), руль (65, 109), рельс (85), коллекция (88), открытка (94), душ (116)* сияқты бірқатар кірме сөздер қолданылады. Бұлардың арасындағы «костюм», «пальто», «участок» сөздері қазіргі қолданыстағы орфографиялық сөздік бойынша «кәстөм», «пәлте», «учаске» түрінде жазылады. Ал енді бірқатарының қолданысы орныққан баламалары, ал кейбір атаулардың мерзімді баспасөз бен көркем әдебиеттерде жарыса жұмсалып жүрген бірнеше нұсқалары бар.

Бірқатар кірме сөздер *минөт (25), сүртік (45), шенеунік (88)* түрінде дыбыстық өзгерістермен жазылған.

Франсуа МОРИАК. Тереза Дескейру. Роман.

Орысшадан аударған Ақайдар Ысымұлы.

Франсуа Мориак. Таңдамалы шығармалары.

– Астана: «Аударма» баспасы, 2005. – 448 б.

АҒЗА – *организм*. Тек өз ағзасын улап соншалықты темекіні көп шегетіні бекершілік-ақ (37-б.).

АЙКЕЗБЕ – *лунатик*. Өзі айкезбе тәрізді торға кіргенде ауыр есік гүржабылған кезде барып кенет есін жиды (32-б.).

АЛПАУЫТ – *помещик*. Кейінірек сен менің көзіме туыс кемпірлер мен маубас күйеуі өздерінің бәйектігімен жынына тиген жас әйел кейпінде алпауыт үйінің қонақжайында көріндің (13-б.); Неке қию кезінде ол алпауыт Дегилемнің ұлымен бірге қайрымдылық жинауға тиіс (31-б.).

АРАЛШЫҚ – *лагуна* ...Аралшықтар, құраған қарағайлар, құмшауыттар, мұнда қыстың аяғына қарай жүндері күлгін сұр түске айналатын қойлар бағылады (25-б.).

ӘДІРИЯТ – *монастырь*. Әрине, мұғалималары туралы, құрбылары жайлы әңгіме соғатын; бірі өзінің әдірият пансионына, екінші өзінің лицейіне шаң жуытпайтын (22-б.); Көп ұзамай тойға Сен-Себастьян әдіриятынан Анна келді (31-б.); Әдіриятта бұл қыздардың санасына не сіңірген? (43-б.).

ӘКІМ – *мэр*. Б. қаласы департаменті бас кеңесінің мүшесі әрі әкімі Жером Ларок өз ордасын астанаға кіреберістегі қосалқы префектурада ұстады (25-б.).

ӘКІМДІК – *мэрия*. Жергілікті тұрғындар оны «қиян» деп атайды: мұнда шіркеу де, әкімдік те, зират та жоқ, қара бидай егістігінің төңірегіне шашырай орналаса салған бірнеше ферма ғана бар (25-б.); Ларок мырзаның басты ісі саясат еді, оның кесіп айтатыны өзіне зиян келтіріп жатса да, әкімдікте оны тыңдайтын-ды (49-б.).

ӘЛ-АУҚАТ – *богатство, материальное могущество*. ...Мүмкін ол осы некеден орасан әл-ауқат, байлық емес, басына пана іздеген шығар (31-б.).

ӘТІР – *духи*. ...Ал олардың әтірлерінің өткірлігі иісмайдан да өткен еді (32-б.).

БАСҚЫШ – *ступень, ступенька, лестница*. Бұл ылғал басқыштармен түсті (14-б.). Қажыған қызды қолынан дөрекі қысып ұстап, басқышпен үшінші қабатқа сүйреген, ұйқы бөлмесіне итеріп жіберіп, есігін құлыптап қойған күйеуінің – сол Бернар енді екі сағаттан кейін сенің де биің болады Тереза (61-б.).

БАСЫТҚЫ – *закуска*. ...Қазтамақ пен әр түрлі басытқы дәмдердің иісі аңқып тұр еді (38-б.).

БЕСІНДІК – *полдник*. Мен бір кезде Анна екеуміз бесіндік тамақ ішкен, оның айтуынан маған белгілі болғанындай, Азеведомен кездесіп жүрген аңшының сол бір тастанды күркесіне бас сұғуға ұйғардым (52-б.).

БИБИ – *хозяйка*. ...Болонның әйелі бибинің өліктей боп-боз болып кеткенін есіне түсірді (68-б.).

БҮКТЕМЕ – *пакетик*. Тергеуші өз нысанасынан көзін айырмай, үстел үстіне қызыл сүргішпен жабылған бүктемені қойды. Тереза бүктемеде не жазылғанын жатқа айта алар еді (20-б.).

ДАМЫЛЖАЙ – *беседка*. Ол кенет өз ата-анасының Аржелуздағы бағында қаусаған дамылжайды безендіріп тұрған көптеген картинаның арасынан «Пти паризьеннің» түрлі-түсті қосымшасын есіне алды (90-б.).

ДӘРІЛІК ҚАҒАЗ//ДӘРІҚАҒАЗ – *рецепт*. ...Күллі Аржелуздағы науқастардың бәрінің дәрілік қағаздарын беріп жатып: «Алдымен дәріханаға кіріңіз – осы дәрі-дәрмектердің бәрін дайындау үшін оған тұтас күннің өзі жетпейді...» – деп тәптіштейді (52-б.); Жарық болмашы түскен баспалдақ алаңында Педмә тіксініп қалған Тереза естімесін деп дауысын бәсеңдетіп, әріптесіне дәріханашы Даркей өзіне доктор Педмәнің өзі қол қойған, алайда жалған екі дәріқағазын көрсеткенін айтты; әлдекімнің қылмысты қолы бір дәріқағазына «Фаулер тамшысын» қосып жазса, ал екіншісіне хлороформның, дигиталиннің және аконитиннің айтарлықтай күшті мөлшерін жазыпты (68-б.); Педмә дәріқағаздарының бірін тұтасымен өзінің қолымен жазылмағанын сеніммен айта аламын деп мәлімдеп, соттан берген арызын кері қайтарып алуға келісіпті (69-б.).

ДӘРІС – *лекция*. Бұл дәрістер, баяндамалар тыңдап, концерттерге бармақ – өзінің білімін көтеруді басынан бастамақ болды (95-б.); Маған ұнайтыны – осынау тас қала емес, мұражайлар емес, дәрістер емес, осында толқып жатқан жанды орман, ол нуды ешқандай дауыл тең келе алмайтын соншалықты алапат аласапыран билеп тұр (102-б.).

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ _____

ДОМАЛАТПА – *перекат*. Тереза қазір өзі қойып кетейін деп тұрған адамдар өзенінен көз салды, сонда мұны қатты ағыс іліп әкетіп, домалатпамен ағыза сүйрей жөнелді (100-б.).

ЕКІҚАБАТТЫҚ//ЖҮКТІЛІК – *беременность*. Ал бұған әзірге жүктілікпен босанғанша жан тыныштықта өмір сүргені жағады. Бұның жыны қозуына екіқабаттығы себеп болар деп пайымдады (47-б.).

ЖАРНАМА – *реклама*. Қызылды-жасылды жарнама көше шамына шағылысады (142-б.).

ЖАЙМА – *простыня*. Мен саған жайманы жиі ауыстырады деп күтпей-ақ қой, жарқыным (86-б.); Өзінің төні таза жайманың жаңа екендігін сезгенде бұл оған «рахмет» деп айтқан сияқты болды (87-б.).

ЖЕДЕЛХАТ – *телеграмма*. Ол Тереза киінгенше жеделхат жолдап, Оңтүстік жүрдек пойызына екі алып қайтуға кетті (35-б.).

ЖЕЛЕҢ – *халат*. Бұлардың даң-дұң дауыстарынан ояңған Бернар желеңін жамылып, қонақжайда күтіп отыр еді (61-б.).

ЖОЛ АТЫМЫ – *дорожная колея*. Біздің құмдақта арбаны ылғи «арнаға сай етіп», яғни дөңгелектерін жүрілген жол атымына дөп түсетіндей кең алыммен жасайтыны сияқты, менің барлық ойым бұған дейін әкемнің және ата-енемнің арнасымен жүріп келіпті (55-б.); Бернар жол атымына бейімделіп жасалған Аржелуз арбасына ұқсас еді (100-б.).

ЖОЛ СӨМКЕ – *саквояж*. Терезаның жол сөмкесін алып жатып бұған тағы да сұқтана қарады (22-б.).

ЖОЛСІЛТЕУІШ – *путеводитель*. Бернарды, өзіндік көзқарастан мақұрым, мұражайларға қойылған картиналар нөмірлері жолсілтеуіштің көрсеткендеріне сәйкес келмегеніне алаң көңіл, қысқа мерзімде көруге болатынның бәрін көріп үлгергеніне мез өзінің қосағын қос жанарымен алдау қиынға түскен жоқ (33-б.).

ЖЫНДЫПАШ – *истеричка*. «Бұлардың бәрі нақұрыстар немесе жындыпаштар», – деп нығарлап қояр еді (49-50-бб.).

ИМАНШЫЛДЫҚ – *мораль*. Мұндай иманшылдықтың қаншалықты негізді екені туралы Бернармен сөз таластырудың қажеті жоқ, қайта мұның бәрі болымсыз сопылық екеніне онымен келіскен жөн... (58-б.).

ИІСМАЙ – *ладан*. ...Ал олардың әтірлерінің өткірлігі иісмайдан да өткен еді (32-б.).

КЕЛЕҢШЕ – *монашка, монахиня*. Сол кезде бұл Сакре-Кер келеңшелерінен тәлім алған ол қызға: «Сен сияқты тақуа болу үшін маған сендердің ана иісмай қалталарың мен мінажат мінгірлеулерің керек емес», – деп айтатын. Тәрбиеші келеңшелер шынайы өмірді өз тәрбиелеушілерінен жасырып, оны қабат-қабат жабумен жаба бүркемелейтін (24-б.).

КЕЛІССӨЗ – *переговоры*. Әке-шешесімен баруға Аннаның ақыры келісуі үшін әлі талай делдалдық келіссөз қажет болды (45-б.).

КИІМІЛГІШ – *вешалка*. Байғұс қыздың азып кеткені сондай, былтырғы көйлегі үстінде киімілгіште тұрғандай ілініп тұр (43-б.).

КҮРКЕШІК – *хижина*. Орманға тереңдеп енбеуге тырыстым – өйткені сол аңшылық күркешіктерге байланысты сәт сайын кідіруге, ысқырып белгі беруге және өтуге болады (51-б.).

ҚАҒИДАТ – *принцип*. Өкінішке қарай, оның ұстанатын қағидаттары біздікіндей болмай шықты, мысалы, бұл қыз темекі тартады; паравоз сияқты бұрқылдатады, міне, оның мәнері (30-б.); Священниктің уағыздары имандылық ұстындарын, қағидаттарын қамтығанымен, тартымсыз еді (63-б.); Және мәніс қазір қағидаттарға аса мән беріле қоймайтығында (76-б.).

ҚАРАМАЙШЫ – *смолокур*. Иә, сіздердің қарамайшыларыңыз тіптен жалқау екен, ал қара майдың бағасы қымбат қой. Қазір қарамайшы күніне жүз франк қаржы табады! (92-б.).

ҚАРСАҢДА – *на кануне*. Қарсаңда Терезаның адвокатқа еріп сот залынан шыққан сол күнінен бері он бес жыл

болыпты (142-б.); Тағы қарсаңда оның: «Сен үйде отыру кәсібіне бейімделіп жүрсің...» дегені бар (251-б.).

ҚАСЕКІ – *рама*. Бұның тамақ ішкісі келді, орнынан тұрды және көне ағылшын мәнерінде ойылған қасекіге салынған үлкен айнадан өзін көрді (101-б.).

ҚОЛЖАЗУ – *почерк*. Тергеудің үстірт жүргізілгені айдан анық қой, тіпті қолжазуды зерттеушілердің сараптама-сына жүгінбеген де (17-б.).

ҚОНАҚЖАЙ – *гостиная*. Кейінірек сен менің көзіме туыс кемпірлер мен маубас күйеуі өздрінің бәйектігімен жынына тиген жас әйел кейпінде алпауыт үйінің қонақжайында көріндің (13-б.); Кемпір Бернардың қалай қонақжай есігін ашып, Терезаны бірінші өткізгенін, сөйтіп оның артынан есікті жауып алғанын көрді (71-б.).

ҚОРҚЫРАУ – *всхраповать*. Ол кейде қорқырағанымен, көбіне тыныш тыныстайды, онысы естілмейді (58-б.).

МӘЙІТХАНА – *мертвый дом (2. морг)*. Анна осынау қаңыраған мәйітхананы айнала жүріп тарсылдатты, есігін жұдырығымен соққылады (60-б.).

МӘН-ЖАЙ – *факт (73), источник (74), обстоятельство (88)*. Қашанда әлдебір жаңа мән-жай ашылуы мүмкін (73-б.); Демек, мынау ақымақ мұның қылмысқа баруының сырт көзге елеусіз көптеген мән-жайларын көрмей, ең төте себепті ойлап тапқан екен (74-б.).

МЕЙРАМХАНА – *ресторан*. Ол қайту алдында мұнысы қаншаға түссе де, әйелін Булон тоғайына жақсы мейрамханаға таңғы ас ішуге алып барамын деп түйді. Мейрамханада адамдар әзірше аз екен; Даяшылардың сонша көптігі бұларды біршама иментті (37-б.).

МЕКЕНЖАЙ – *адрес*. Ол маған өзінің аты-жөнін де, мекенжайын жа айтқан жоқ – дәріге өзім келемін деді (69-б.).

МӨРТАҢБА – *штемпель*. Тереза үш конверттің әрқайсысындағы пошта мөртаңбасымен олардың салынған күндерін зорға ажыратты (34-б.).

МҰҒАЛИМА – *учительница*. Әрине, мұғалималары туралы, құрбылары жайлы әңгіме соғатын; бірі өзінің әдірият пансионна, екінші өзінің лицейіне шаң жуытпайтын (22-б.); Мұғалималарды оларға Тереза Ларокты жиі

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
өнге ететін. Мұғалималардың бірі бұл туралы осылай өрек-
пи айтатын (23-б.).

МҰРАЖАЙ – *музей*. Бернарды, өзіндік көзқарастан мақұрым, мұражайларға қойылған картиналар нөмірлері жолсілтеуіштің көрсеткендеріне сәйкес келмегеніне алаң көңіл, қысқа мерзімде көруге болатынның бәрін көріп, үлгергеніне мәз өзінің қосағын бос жанарымен алдау қиынға түскен жоқ (33-б.); Маған ұнайтыны – осынау тас қала емес, мұражайлар емес, дәрістер емес, осында толқып жатқан жанды орман, ол нуды ешқандай дауыл тең келе алмайтын соншалықты алапат аласапыран билеп тұр (102-б.).

НЫМША – *блужка*. ...Жан Азеведо ебедейсіз қимылымен бұның нымшасын жыртып қоя жаздаған сол бір оқиға түсіп кетті (45-б.).

ОРЫНТАҚ – *кресло*. Тереза арқасын есікке беріп отыр; ол жамылғысы мен қалпағын орынтаққа тастапты (71-б.); Бальонның әйелі бұған желеңін кигізіп, орынтаққа итермеледі (87-б.); Тереза басын орынтақтың арқалығына шалқайтты (92-б.).

ОТАНА – *семьянинка (43), хозяйка (273)*. Ол тамаша отанасы бола алар еді (43-б.); Отанасымен кездесу болмайды және өзінің кінәсінен емес деген ой келген кезде Ланден, сірә, жеңілденіп қалса керек (273-б.).

ОТБАСЫ – *семья*. ...Бірақ отбасының мүддесі үшін мұның бәрін ұмыту керек (16-б.).

ӨЗЕНШЕ – *ручейка*. ...Юр деп аталатын өзеншенің бастауларына жеткенше құмдардың арасымен ұзақ жүруге тура келді (28-б.).

ӨТКІНШІ – *прохожий*. Бұл Бернардың түбінде шамалы портвейн шарабы қалған бокалына ұзақ қарап отырды, сонан соң қайтадан өткіншілерге қарай бастады (101-б.).

САРАПТАМА – *экспертиза*. Тергеудің үстірт жүргізілгені айдан анық қой, тіпті қолжазуды зерттеушілердің сараптамасына жүгінбеген де (17-б.).

САУЫҚКЕШ – *бал*. Сауықкештерге арнап ылғи Фоссе бульварындағы шаштаразшы Тарди мырза жасап беретін паң шаш сәндеудің арқасында оның түрі аса сұсты кейіпке енді (270-б.).

СЫНЫП – *класс*. Бірінші сыныпты купеде ешкім болмады (22-б.).

ТАСОШАҚ – *камин*. Тасошақта ағаш лапылдап жанып жатты, Бернарға шарабын ішіп отырған күйі үйдегі киіз кебісті киіп алған аяғын отқа созуы үшін өз орындығын жылжытса болып еді (58-б.); Тасошақта көмір басқан күл астынан от жылтындайды (77-б.); Тасошақтағы от сөніп қалыпты, бұл суықтан дірілдеп, жылыну үшін төсегіне жатты (84-б.).

ҰЙҚЫ БӨЛМЕСІ – *спальня*. Қажыған қызды қолынан дөрекі қысып ұстап, басқышпен үшінші қабатқа сүйреген, ұйқы бөлмесіне итеріп жіберіп, есігін құлыптап қойған күйеуінің – сол Бернар енді екі сағаттан кейін сенің де биің болады Тереза (61-б.); Ұйқы бөлмесінде, қымбаттым, саған тостаған сорпа мен салқын шеже қалдырдық (71-б.).

ҰСТАҒАН – *стакан*. Ас үйге өзің түсіп, маған бір ұстаған сусын дайындашы (23-б.); Тереза орнынан тұрып шырақ жақты, ұстағанға жүрек дәрісін тамызды (49-б.); Ол ұстағандағыны бірден қағып салды, ал ыстықтан мазасы кеткен Терезаның оған дәрі мөлшерін еселеп ішіп жібергенін айту ойына да келген жоқ. «Мен тамшы дәріні іштім бе?» – деп сұрады және жауапты тоспастан ұстағанға дәрі тамызды (66-б.).

ҰСТЫН – *устой (43), догма (63)*. Отбасылық ұстындар мен қағидалардың терең қазанында бұл көкбұталар өскіндері арасынан жалмаңдаған от сияқты жалынымен бір қарайды (32-б.); Священниктің уағыздары имандылық ұстындарын, қағидаттарын қамтығанымен, тартымсыз еді (63-б.).

ҮРДІС – *тенденция*. Осы бір дала мен қала үрдісі аралас той күні кешке қонақтардың, әлем-жәлем киінген қыздардың бір тобы жаңа некелескен жастар мінген автомобильдердің жолын кес-кестеді және у-шу құттықтаулармен шығарып салды (32-33-бб.).

ҮСТЕЛШЕ – *стол*. Кемпір темекіні алып кеткен екен деп Терезаның зәресі қалмады, сөйтіп түнгі үстелшеге қолын қорқа созды: ол жерде темекі болмай шықты (87-б.).

ШАРАПХАНА – *бар*. Мүмкін ол бұған әңгімелеген шағын шарапханасында шалқып отыруы, мүмкін өзінің

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
достарымен бірге автомобильмен Булон тоғайының бос
жолдарымен қыдырып жүруі (59-б.).

ШАШ ОРАМЫ – *прическа*. Оның шаш орамынан бір
талы да шашырамай, ең төбесінде зүбәржат айшық әлі де
жалтылдап тұр еді (291-б.).

ШАШЫРАНДЫ – *брызг*. ...Шылқылдаған лайсаңның
шашырандысынан қашып Тереза қабырғаға тақалды (15-б.).

ШОШҚАХАНА – *свинарник*. Бұл деген нағыз шошқаха-
на ғой (87-б.).

ЫСЫРАПҚОРЛЫҚ – *мотовство*. ...Ал оның ысырап-
қорлығы бүкіл Сен-Клердің өсек-аяңына арқау еді (26-б.).

Жоғарыдағы сөздермен қатар аудармашы төмендегі
сөздерді қолданады: *Жегі құрттар – циркады, өруші – ка-*
менищик, мамырақан – покой, көкөскін – зелен, қоларба –
ручная тележка, сңейел жазарь – гелиотроп, табан жол –
дорожка, әкімдік – мэрия и префектура (61), жындыпаш –
идиот, гибадатхана – приходской дом, дәліз – прихожка,
нашатты – торжественный, жиектеме – манжет, бетпер-
де – вуаль, құмшауыт – песчаной, рәсім – церемония,
шаштараз//шаштаразшы – парикмахер, ханым – мадам,
құдай ана – богиня, найзағай сілтеуші – громоверц, жағ-
даят – обстоятельство, өтіл – стаж, бұқпа шам – на-
стольная лампа (низкая лампа), өтпелі жас – переход-
ной возраст, ақымақгершілік – глупость, құйма – слепок,
азагұл – гирлянды.

Аударма мәтінде *пальто (14), рельс (24)* сөздері өзге-
ріссіз ал *кәйіп (36), пойыз (16, 24), станса (16, 19, 24, 96),*
тәбішке (58), сөздері қазақ айтылымына сәйкес өзгертіліп
қолданылған.

Франсуа МОРИАК. Түннің ақыры (Жан алқым). Роман.

Орыспадан аударған Ақайдар Ысымұлы.

Франсуа Мориак. Таңдамалы шығармалары. – Астана:

«Аударма» баспасы, 2005. – 448 б.

АЛАҢША – *площадка*. Бұл бір сөт кілтін іздеп, есік ал-
дындағы алаңшада кідірді (196-б.).

АСАДАЛ – *буфет*. Дегенмен асадалда бірдеңе қалмады ма екен деп қарауға кетті (146-б.).

ӘДІРИАТ – *монастыр*. Біле білсеңіз, мен әдіриат пансионында өзімді жақсы сезіндім, ал олар бұл пансионды енді қалта көтермейді дейді (149-б.).

ӘКІМДІК – *мәрия*. Әкімдік мұнарасындағы сағат ұзақ соқты (266-б.).

ӘЛ-АУҚАТ – *благосостояние*. Шынтуайтында, мұны мойындау көңіл көншітпесе де, өкінішке қарай, өмірде әрдайым дерлік бәрі әл-ауқатқа келіп тіреледі (172-б.).

БАҒАМ – *курс*. Сіз бүгінгі бағамды көрдіңіз бе? (265-б.); Ал рентаның бағамы барған сайын төмендеп барады (307-б.).

БАСҚЫШ АЛАҢҚАЙЫ – *лестничная площадка*. Сонан соң ол басқыш алаңқайына әкесіне шықты (262-б.).

БЕЛДЕМШЕ – *юбка*. Мұның ағылшын костюмінің белдемшесі астынан қонышы тізесіне жетеғабыл жылтыр етігі көрінеді (252-б.).

БИБІ – *хозяйка*. Тырсылды естіп, Анна есікті ашып қалды да, бибінің шүберектей құп-қу түрін көріп, кері шегініп кетті (233-б.); Анна бибінің енді өзін шептің арғы бетінде тұрған өзінің қас жауларының қатарына қосқанын түсінді (237-б.).

БУЛЫҚПА – *удушье*. Келген күні кешке Маридің қолында бұның алғаш рет булықпасы ұстап, құсып барып тоқтады (249-б.).

ЕСІК БАҒУШЫ//ЕСІК КҮТУШІ – *консьержка*. «Алаңдамаңыз, бұл жүріп-тұруға қолайлы болуы үшін!» – деді есік бағушы әйелге (138-б.); Есік күтуші әйел ...қасапшы (174-б.).

ДӘМХАНА – *кафе*. Тереза талай жыл дәмханаларда немесе мейрамханаларда үстел басында отырып алып, өзін байқатпай, адамдарды сыртынан қаншама бақылады (141-б.).

ЖАЙМА – *простыня*. Ас үй шкафынан жайманы ал да, бұрыштағы бөлмеге төсек сал (165-б.); Қымбаттым, сен жаймаға төгіп жатырсың... (181-б.); ...Үй күтуші әйел қасында шкафқа жаймаларды қаттап қойып жатқан кезде бұл

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР өзін осы шала қараңғы бөлме түкпірінде тығылып отырған сияқты сезінді (249-б.).

ЖҮРЕК ҚЫСПАСЫ – *сердечная спазма*. Тереза есік тысыр етіп жабылысымен-ақ өзінде ылғи пайда болатын жүрек қыспасының басылуын зарыға тосып, бүктетіліп қалатын (139-б.).

ИЕЛІК – *имение*. Иелік бірінші рет еш пайда әкелмей түр (140-б.); Иелік үй-жайларды сатып алумен айналысқан оның ұлы мен немересі соғыс кезінде едәуір дүние-мүлік жинап алған-ды (152-б.).

КЕЛІССӨЗ – *переговоры*. Осының бәрі: қызының алдындағы әлгі ақтарылуы, өзінің дүние-мүлкін мансұқ етіп ұсынуы, бозбаламен келіссөздері мұның соңғы екі күнін алды (185-б.). Осы келіссөздер де діттеген жеріне жете қояды деп еш уақытта сенбес едім (212-б.).

КИІМІЛГІШ – *вешалка*. Ертең кешке ол пальтосын осы киімiлгiшке іледі (196-б.).

КҮРТЕШЕ – *фуфайка*. Қоңыр түсті тоқыма жылы күртешесі мешкейдің дөңгеленген қарнынан жарасымды тығыз қона қалыпты (248-б.).

КІЛЕМШЕ – *коврик*. ...Кереуеттің алдына төселген кілемшеге тоқылған өше бастаған арыстан бейнесін көрді (298-б.).

ҚАҒИДАТ – *принцип*. Сіз өзіңізді әлгі сол ескі қағидаттар үшін айыптайсыз (155-б.); Бірақ бұл Бернар үшін түптеп келгенде қағидатты мәні бар мәселе (248-б.).

ҚАПТАМА – *обивка*. Қыз орынтақ қаптамасына бетін басып жылап жіберді (170-б.).

ҚҰҚЫҚ – *право*. Әдетте қылмыс деп материалдық залал келтіре отырып, жалпы құқықты бұзуды есептеу қабылданған (255-256-бб.).

ҚҰҚЫҚТАНУ – *правоведение*. Бұған ол Мари ме, әлде басқа әйел ме, Сен-Клер ме, әлде Париж бе, әкесінің отын қоймалары мен ағаш тілетін жері немесе құқықтану училищесі ме, бәрібір! (266-б.).

ҚЫЗДЫРҒЫШ – *грелка*. Қыздырғышты дайындадыңыз ба? (173-б.); Мен барып сіздің төсегіңізге қыздырғыш қояйын, сіз алаңсыз ұйықтап кетесіз (234-б.); Қыздырғыш тым ыстық емес пе? (235-б.).

ҚОНАҚЖАЙ – *гостиная*. Тереза ақыры тыншып, есікті жапты да, қонақжайға оралды (217-б.); Науқасты шағын қонақжайға жайғастыра тұрады (249-б.).

МАҚАУГЕРШІЛІК – *глупость*. Қағаздың сопақша пішіні де, көгілдір-көкшіл түсі де – бөрі-бөрі қызыл сиясына дейін мақаугершілік еді (196-б.).

МЕЙРАМХАНА – *ресторан*. Тереза талай жыл дәмханаларда немесе мейрамханаларда үстел басында отырып алып, өзін байқатпай, адамдарды сыртынан қаншама бақылады (141-б.).

ОРЫНТАҚ – *кресло*. Сөйтіп орынтағына шөгіп, қайтадан отқа көз тікті (144-б.); Жігіт шынтақтарымен арқалыққа сүйеніп, әлі тізерлеп орынтақта тұрған күйі, көздерін жұмды (202-б.).

ОРЫНТАҚША – *креслице*. Мен Аржелуздан алып келген ана кішкене орынтақшада тыныш отыршы. Қыз өзінің орынтақшасын жылжытып, тізесімен анасының тізесіне жанасты (155-б.).

ОТАНА – *хозяйка*. Анна отанасының алдына келді. Түн ішінде отанасының ыңырсу, баланың ұйқысырауы сияқты былдыр түсініксіз сөздер, кейде хайуанның күйсегенін еске салатын дыбыстар жетіп жатты (138-б.); ...Өйткені отанасы шынында да ауырып қалған шығар деп ұятты сезінген Анна ғана қоңыраулатуы мүмкін (145-б.).

ӨТКІНШІ – *прохожий*. Бұған өткіншілердің қарап қалғанында тұрған таңғаларлық ештеңе жоқ еді (230-б.).

САУЫҚКЕШ – *бал*. Курзондардың болымсыз сауықкешіне қатыстым (149-б.).

САЯБАҚ – *парк*. Келе-келе бұл саябақтардың орындықтарына жайғасып алып, ескі-құсқы көйлек-көншегінің қалталарын ақтарып, өзінше бірдеңені күбірлеп отыратынды шығарды (141-б.); Жұрт саябақтың жолдарымен шарлап кетті... (213-б.).

СҮТАНА – *молочница (женщина, торгующая молоком. біреудің баласын емізетін әйел)*. Дени көздерін ашпады, сүтанасы қорыққанынан қалай қышқырып жібергенін анық естіді (296-б.).

СЫНЫП – *класс*. Иә, Мари оқушы кезінде өзі келген шақта әңгімелер тыйылып, бүкіл сыныптың көзі өзіне қала қалатынын талай байқаған-ды, мұғалиманың көздерінде бұл түсіне қоймайтын әлдебір емеуріндер жасырынып жататын (159-б.); Мен лицейдің үшінші сыныбында едім... (212-б.).

ТАБАН ЖОЛ – *тротуар*. Бұл нақұрыс қыз менсіз құритын еді ғой, табан жолда қалар еді (140-б.).

ТАҚТАША – *кафель*. ...Сөйтті де, ақырын ғана еден тақташасына шөкті (237-б.); Дени орнынан тұрды және суықтан қалтырап, мұздай тақташа еденмен ақырын басып кереуетке беттеді (298-б.).

ТАСОШАҚ – *камин*. Туфлиінің табанына сүйкеп оттық шақты, жағуға тасошаққа қаланған Парижде сондай қымбат тұратын дымқыл отын ағаштарды от жалыны жайлай бастады (143-б.); Сағат бесте Анна терезе қақпағын жауып, тасошақты жақты (199-б.).

ТЕЖЕУІШ//ТЕЖЕГІШ – *тормоз*. Көшеден естілетін әрбір дыбыс жалпы у-шудан дараланып, автомобиль кернейі, әйелдердің күлкісі, тежеуіштің шиқылы деген сыртқы өзінің тура мағынасында қабылданатын болды (142-б.); Автомобильдер, жүк көліктері жүйткіп, тежеуіштер шиқылдаған кәдімгі күн өз ретімен өтіп жатты (183-б.); Автобус тежегішінің шиқылы барлық дыбысты басып кеткенімен, бірақ бұл естігеннен гөрі сезінген сыртқы есіктің ашылған дыбысын тұншықтыра алмады (187-б.).

ТОЛҚЫНЫС – *волнение*. ...Мари өзінің көкейіндегі сырлардың құрбысына сеніп отырған жас қыздың назарымен және толқынысымен мұның жүзіне барлай қарай бастады (156-б.); Тереза қызының толқынысын енжарлықпен, тіпті қатыгездікпен бақылап отырды (160-б.); ...Оның толқынысына еш мән бермей, қайта тіпті біршама тіксінген сезіммен оны бақылап отырды (252-б.).

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ _____

ТҮСІРІЛІМ – *снимок*. Қаралуға соңғы барғанында маманның айтқан сөздері есіне түсті; рентген түсірілімі оған көмескі көрінген, бұл түсірілім бойынша тиянақты тұжырым жасау мүмкін емес еді (193-б.).

ҰЙҚЫ БӨЛМЕСІ – *спальня*. Дени әкесін екінші қабатқа – ұйқы бөлмесіне қойғандарын аңғарды, оның баққа қараған терезесі жартылай ашық еді (299-б.).

ҰСТАҒАН – *стакан*. Қыз өз ұстағанын қойды да, жымыды (150-б.).

ҰСЫНЫМ – *предложение*. Оның жақсы кепіл ұсынымдары бар (267-б.).

ХАНЫМ–*госпожа*. – Ханымның түсі қашып тұр ғой (232-б.); –Ханым, ештеңеге зауқыңыз соқпай отыр ма?; – Ханым өзін-өзі зорлауы тиіс (234-б.); – Байғұс ханым-ай, сізге ұйықтау керек (235-б.).

Ақайдар Ысымұлы аудармасында кездесетін *жарнама (142) – афиша, қарсаңда (142) – на кануне, мұздақ (146) – ледник, желең (221) – халат, босалқы жол (237) – черный ход, босалқы басқыш (237) – черная лестница* сияқты сөздерді де жаңаша, өзгеше қолданыстар ретінде жоғарыдағы атаулар қатарына қосуға болады.

Костюм (138, 252), чемодан (145), пальто (145, 200), рельс (239), аллея (260) бұрынғы орфографиямен өзгеріссіз жазылса, *пешеней (146), зауыт (238), күртке (262), төмпішке (299)* сөздері өзгертіліп жазылған.

Франсуа МОРИАК. Ешқайда апармайтын жол (Еш өмір).

Роман. Орышпадан аударған Ақайдар Ысымұлы.

Франсуа Мориак. Таңдамалы шығармалары.

– Астана: «Аударма» баспасы, 2005. – 448 б.

АҚЫМАҚҒЕРШІЛІК – *глупость*. – Ақымақгершілікті сандырақтама (290-б.); Менің әңгімелерімнің бәрі саған, сірә, ақымақгершілік болып көрінер (436-б.).

АЙЛАҚ – *гавань (327), пристань (373)*. ...Айлақтың өзіне дейін барады (327); Айлаққа қара түсті кемелер жайласыпты (373-б.).

АЛАҢША – *площадка*. Қыздың артынан өкшелей жүріп отырып, Леони бірінші қабаттың алаңшасына дейін түсті (370-б.).

АЛЖҰМЫР – *рагу*. Кешкі ас үстінде күні бойы маздап жанған отқа бұқтырылған қабырға қосылған алжұмырды асықпай жейді (309-310).

АУДАРЫМ – *перевод (денежный)*. ...Өйткені әлдебір ұдайы еңбекпен шұғылдану қажеттігінен ада-тын және әр айдың соңында ақша аударымын алып тұрды (428-б.).

ӘКІМ – *мэр*. Священник некелеріңді қиған жоқ, әкім қағазға түсірген жоқ (361-б.).

БАЙЛАМА – *повязка*. Басты ораған ақ байламадан боз тартқан әлі жанды ұзын мұрт шығып тұрды (299-б.).

БАҚПАН – *содержанка*. Оскарға баруыңа болады – саған оның бақпанымен кездесіп қалу қаупі жоқ (279-б.).

БЕЛДЕМШЕ – *юбка*. Су болған белдемшесі желмен бұтына жабысып қалыпты. Белдемшем жаңбырдан қорғасын зілдей ауырлап кетті (363-б.).

БОПСАЛАУ – *пугать (шантажировать)*. ...Мен ешқандай жағдайда да өзімді ақымақтық менмендік құрбаны ете алмаймын деген сияқты бұлыңғыр қоқан-лоққымен бопсалауға кірісті (401-б.).

БОПСАЛАУШЫ (қыз) – *интриганка*. Бірақ қалай дегенде де, мен оны бас пайдасын көздеген бопсалаушы қыз деп санамаймын және ол сенің дүниеге көз салуға қабілетті дегенге сенбеймін (360-б.).

БҰҚПА ШАМ – *низкая лампа (светильник, настольная лампа)*. Бұқпа шамның жарығы жазылған бетке түсіп тұр (283-б.).

ҒИБАДАТХАНА – *собор*. Сен-Сюльпис ғибадатханасын да қасиетті қасиетті қыз мінәжатханасында басынан өткендей, бірер сәт жалынды дұғаға мүлгіп кетіп жүрді (427-б.).

ДҮНИЕШАШАР – *кутила*. Ол дүниешашардың кәдуілгі тіршілігін, сауықханалардан шықпайтындардың өмірін сүріп жүрген-ді (428-б.).

ДҮҢГІРШІК – *будка, будочка*. Ол иезуиттердің Марго көшесіндегі шіркеуіне бет алды, онда кез келген уақытта сыр ашуға арналған көп дүңгіршігінің бірінде тәубеге келуге болатын (404-б.).

ДІНБАСЫ – *духовник*. Түптеп келгенде, сұмырай менен тәубе етуге алдына барып, сырыңды айтар дінбасыдан гөрі көп нәрсені суыртпақтап сұрап біліп алатын (322-б.).

ЕДЕНЖУҒЫШ – *половик*. Ол қашан да жанымда, қағаз тастауға арналған кәрзеңке сияқты, күлсалғыш тәрізді, еденжуғыш әлде түкіргіш іспетті (321-б.).

ЖАҒДАЯТ – *обстоятельство*. Ал менің бүгінгі осындай беймезгіл уақыттағы әрі сондай жағдаяттағы онымен әңгіме... Өйткені бұл әдейі ойламауға тырысқан екі жағдаят бар еді: біріншіден, Робер мен Розеттаны байланыстырған махаббат, екіншіден, маңызы одан шамалы жағдаят – Пьер мен Дени арасындағы достық (281-282-б.).

ЖАРНАМА – *афиша*. – Дени бұл жарнаманы былтыр көрген (293-б.).

ЖАСУША – *клетка, клеточка*. Зұлымдыққа қарсыласпау біздің емес, өзінің заңына бағынатын, өйткені бізге тәуелді емес қан-сөлдің соқыр-мылқау патшалығында әлгі жасушалар мен қан түйіршіктері әлемінде бізге көмектесе алмайды (406-б.).

ЖӘЛЕПХАНА – *публичный дом*. Олар сізді жәлепханаға барайық деп қиылған жоқ па? (418-б.).

ЖИЕКЖОЛ – *тротуар*. Жиекжолда тоқтай қалып, өзіне қарап тұрған қызды байқамай, ол Кибеланың мұңын әйгілеп, өлеңдерін өндете күбірлей жөнелді (373-б.).

ЗАҢГЕР – *юрист*. Мен заңгермен сөйлестім (278-б.).

ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ – *интеллигенция*. Өкінішке қарай, оның көзіне аса зиялы қауымның тойы туралы хабар түседі (331-б.).

ЗИЯТКЕР – *интеллигентный (интеллектуал)*. Білімді, зияткер қыз атанғысы келді (391-б.).

ИЫҚША – *плечико*. Бұрынғы күндерде болмысының әлдебір белгілері оның тұрмыс ұсақ-түйегіне: көйлегінің сәлпәл шығып тұрған иықшасына, ағытылып кеткен ілгекке, әйгілі шаштараз Тарди жасаған шаш сәндеудің қатаң жарасымын бұзып тұрған шаш өріміне пәк көңілмен мән бере қоймайтынын дәлелдеп тұратын (337-б.).

ИССУ – *духи*. ...Ол қызына гүлдер, иіссу құтыларын әкелетін, алдағы кезде теңізбен сапарға шығатындықтары туралы айтатын, Парижге апаруға уәде беретін (299-б.); Одан сергектік сезіліп, иіссу аңқиды (347-б.).

КЕЛІСІМ-ШАРТ – *контракт*. Неке келісім-шарты бойынша сен өз жасауыңа өзің билік ете аласың. Сенің әкең келісім-шартты ақылды жасаған екен (278-б.).

КЕПІЛЗАТ – *закладной, залог*. Әкем Леониянды кепілзатқа салып, қаражат алар еді де, шаруашылықты қалпына келтірер еді (396-б.); Егер Кавельеге үй-жайды кепілзатқа берсек, ең қажетті жөндеуді жасап алуға болады (400-б.).

КЕПІЛ ТҮТҚЫН – *заложник*. Дени Кавельгенің қолындағы кепіл түтқынға айналды (432-б.).

КЕРІЛГІ – *распятие*. Түнгі үстелшеге керілгі икон қойылған, оның екі жағында екі шырақ жанып тұр (299-б.); керу икон (403).

КЕРІШ – *гипс*. Бұл сөздер мына кітаптар, картиналардан көшірмелер және ерте дүние мүсіндерінің керіштен жасалған құймалары мол жиналған тар бөлме үшін сондай ауқымды, сыйымсыз көрінеді (290-б.); Қабырғада керіштен жасалған керу икон ілулі тұрды (403-б.).

КӨР-ЖЕР БӨЛМЕСІ – *бельевой, бельевая комната*. – Иә, Ирен, енді көр-жер бөлмесінің қожайыны сіз өзіңсіз (435-б.); Роза ашудан қызара-бөртіп әрі ыстықтан тұншығып, абдырап көр-жер бөлмесінің ортасында бір сәт тұрып қалды (435-б.).

КӨШЕТТІК – *питомник*. ...Ешкімді байқамастан және ешкімді танымастан Көшеттік арқылы самғап өтті... (338-б.).

КҮТІМЖАЙ – *пансион*. Парижге келетін жас шетелдіктер үшін күтімжай ашып, соны өз есебінен ұстап отыр (385-386-бб.).

ҚАҒИДАТ – *принцип*. Гастон – сайран салғыш және анасы мәлімдеген барша қағидат қақарама-қайшы өмір сүреді, бірақ ол анасын түсінеді (281-б.).

ҚАРАУЫЛША ӘЙЕЛ – *сторожика*. Қарауылша әйел қатар-қатарды аралап, орындықтар үшін ақша жинап, қайтарымын қайтарып беріп жүрді (354-б.).

ҚАСЕКІ – *рама, рамка*. Астыңғы жақтаусыз биік терезе қасекісінде қарайған қалың жапырақ арасынан құрлыққа терең сұғына кірген шығанаққа ұқсап аспанның бір пұшпағы көрінді (353-б.); Ол бала күнінде бүктеліп жиі тығылған терең жұмсақ орынтаққа отырды және ұйықтап қалмас үшін айна қасекісіне тыға-тыға салынған шақыруларды оқи бастады (381-б.).

ҚОЯНХАНА – *крольчатник*. Роза осы жерге қожалық етеді, оның қол астына құсхана, қоянхана, бақша және мал қора қарайды (357-б.).

ҚҰЖАТ – *документ*. Ол сөмкесіне кейін Оскар Революдің қарыз берушілері бірнеше жыл соттасып, бостан-босқа дауласатын құжатты салып қойды. Міне, сол құжат! (280-б.).

ҚҰСХАНА – *птичник*. Оның үстіне, үйдің жанында бақта, бақша да, құсхана да, мал қора да бар (348-б.); Роза осы жерге қожалық етеді, оның қол астына құсхана, қоянхана бақша және мал қора қарайды (357-б.).

ҚЫЗДЫРҒЫШ – *грелка*. Сонан соң оның табанын ыстық қыздырғышпен жылытты (357-б.).

МЕКЕН-ЖАЙ – *адрес*. ...Мекен-жайлар немесе әлдебір сандар, алгебра теңдеулері жазылыпты (320-б.); Мен қайда жүрейін, қайда тығылайын, сен менің мекен-жайымды және егер қаласаң, қалай тауып алуды білетін боласың (379-б.).

МІНӘЖАТХАНА – *часовня*. Сен-Сюльпис ғибадатханасында қасиетті қыз мінәжатханасында басынан өткендей, бірер сәт жалынды дұғаға мүлгіп кетіп жүрді (427-б.).

НЕСИЕГЕР – *кредитор*. Ландон барлық несиегерлерге төлей аламыз, Леоньянды – тым болмағанда үй мен саябақты сақтап қала аламыз деп ойлап отыр (296-б.).

ӨТПЕЛІ ЖАС – *переходной возраст* – Ол өтпелі жаста екенін ұмытпаңыз (289-б.).

ӨТІЛ – *стаж*. Курсты бітіру, сонан соң ауруханада өтіл өту, оқуына тура келеді (282-б.).

ПАЙЫЗ – *процент*. Өз табыстарыңыздың үлесінен әкеме пайыз төлесеңіздер болды (396-б.); «Бізге пайыз төлеу қиынға соқпайды», – дейді Кавельге (400-б.).

ПӘТЕРАҚЫ – *квартплата*. Купондар аламын, тұрғындардан пәтерақы жинаймын, басқа ештеңені ойламаймын (288-б.).

САРАПШЫ – *эксперт*. Қазынаға салықты салғанда, нотариусқа, сенімді өкілге және сарапшыларға ақша төлеген кезде сендерге қанша қалатынын білесің бе? (361-б.).

САУЫҚЖАЙ – *салон (заведение для веселья)*. Бір сағат өтер-өтпесте бұл қыз өзінің мойнына, иықтарына, жалаңашталған арқасына және балаң да болса тым өршіген төсіне баршаны және әркімді тамсанта жап-жарық сауықжайдың босағасын аттайды (271-б.).

САУЫҚКЕШ – *балл*. Сауықкештерге арнап ылғи Фоссе бульварындағы шаштаразшы Тарди мырза жасап беретін паң шаш сәндеудің арқасында оның түрі аса сұсты кейіпке енді (270-б.); Иә, ол әлі бұрынғы Розеттаға, бұл сауықкештерде вальс билеп шыр айналған сол сылқымға келеді (348-б.).

САЯБАҚ – *парк (294), сквер (337, 362)*. Аттар саябақты жанай тартылған ауланың артқы қақпасына әкелетін жолға бұрылды. Экипаж шамдарының жарығы саябақтың кейбір жерлері қирап, үстінен ағаштардың қарайған бұтақтары жайылған шарбақтарына түсті (294-б.); Робер саябақта күтіп тұрды (337).

СЕППЕ – *лак для волос (косметическое средство для ухода за волосами, придания им блеска и фиксации причёски)*. Бриллиантин сеппесі жарма етіп таралған шашты жатық ұстап тұр (407-б.).

САУЫҚХАНА – *мюзик-холл*. Жауынның құюы күшейгендіктен, Пьер өзіне жолда кезіге кеткен «Олимпия» сауықханасына кіре салды (415-б.); Сірә, қырындаушы жігіті әспеттеп, сауықханаға ертіп әкелуге ұйғарған дүкеннің әлдебір жай ғана сатушысы шығар (421-б.); көшір хабарлаған белгілер Ланденді білетін және онымен бірге кеткен жас жігітті байқаған сауықхана билет сатушысы көрсеткен белгілермен сай келеді (425-б.).

СӨРЕЛІК – *витрина*. Сөреліктің айна әйнегінен су сырғып ағып жатыр (362-б.).

СҮТХАНА – *молочная*. Медицина институтының маңындағы бір сүтханада күнде түстенеді (335-б.); Олар сүтханаға кіріп, өздеріне екі-екіден жұмыртқа және бір-бір шыныаяқтан шоколад алды (339-б.); Сөйтті де, күнде таңертең кілегей қатқан кофені сықырлаған имек нанмен ішіп алатын сүтханаға беттеді (424-б.).

ТАҒЫЛЫМДАМА – *стажировка*. Оның үстіне мұны бұл тағылымдама алдында өткізуі тиіс конкурстық емтихандарға байланысты Роза да асықтырмады (341-б.); – Сенің тағылымдамадан өтіп біткеніңді күте қоймасыңа сенімдімін. Ең әуелі тағылымдамадан өту керек (355-б.).

ТАҚТАША – *кафель*. ...Мұздай тақташа еденмен ақырын басып кереуетке беттеді (298-б.); Бұл еңкейіп, веранданың жылы тас тақташаларын ұстады (350-б.).

ТАПСЫРЫС – *заказ*. Ол тапсырыс үшін келген (394-б.).

ТҮЙМЕШЕ – *кнопка*. Қоңырау түймешесіне қолын батылсыздау қойып, ол Пьердің өзін тыңдамай, және табан жол үстінде әлдеқайда алысқа бұлыңғыр көзқараспен қарап тұрғанын көріп, үндемей қалды (423-б.).

ТҮКІРГІШ – *плевательница*. Ол қашан да жанымда, қағаз тастауға арналған кәрзеңке сияқты, күлсалғыш тәрізді, еденжуғыш әлде түкіргіш іспетті (321-б.).

ТҮПТЕУШІ – *переплетчик*. Кітап дүкенінен және түптеушіден қандай шоттар келгенін біліп қойғаның артықтық етпес еді (288-б.).

ТҮТІКШЕ – *поры*. Түтікшелері кең бұжыр терілі шешесінің сәл толқудан алаулап шыға келетін Розеттаның

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
тұнық бетін сынауға дейін барғаны мұның жынын келтірді
(271-б.).

ҰЗЫНША – *скамья, скамейка*. Егер ұзыншада әлдекімдер отырса, бұлар екі орындық алады (339-б.).

ШАПШЫМА – *фонтанчик*. Пьер сонда кеткен кезде, Роза ауыз су ағатын шапшымаға келіп, бет орамалын сулап алды да, көздерін және бетін сүртті, қолдарын жуды (374-б.).

ШАРАПХАНА – *бар*. Және, кәнеки, шарапханаға түсейік, мына жерде әңгімелесу ыңғайсыз, өте шу және айналадағы жұрт жайсыз. Тар басқышпен шарапханаға түсті (417-б.).

ШАШЫРАНДЫ – *брызги*. ...Он минуттан соң оның сұлбасы бақты суару кезінде ауаға ұшатын су шашырандысы жасайтын кемпірқосақ иіні астында табан жолдың ана басында пайда болатынын біледі (337-б.).

ШЫНЫАЯҚ – *чашка*. Ас үйде ошақтағы шоқта ыстық күйінде тұрған кофеден бір шыныаяқ ішті (325-б.); ...Өзін жинақы ұйқы бөлмесінде күн шұғыласы оятатын және буы бұрқыраған шынаяқ кофені табақшаға салып, үй күтушісі өзіне әкеліп беретін ертегі күндер туралы есіне алды (326-б.); Олар сүтханаға кіріп, өздеріне екі-екіден жұмыртқа және бір-бір шыныаяқтан шоколад алды (339-б.).

ШЫЛЫМСАУЫТ – *портсигар*. Ол: «Жоқ ә», – деп жауап қатты да, қалтасынан шылымсауытын алды (352-б.).

ІШКІЛІКХАНА – *кабак, кабачок*. ...Сауық құрған қыздар мен масаң еркектер бір-біріне үйірсектеп, бірдеңе айттып жатқан ішкілікханалардың жарқырап тұрған ойық терезелері жанынан өтіп бара жатып, Пьер желөкпе Атис ренжіткен Кибеланың мұңын өзіне-өзі өлеңдете бәсең дауыспен оқыды (423-б.).

«Ешқайда апармайтын жол» романының бұл басылымында жоғарыда берілгеннен өзге төмендегідей сөздер қолданылады: *жайма – скатерть, жантәсілім – агония, шөпте-сін – левкоя, сұтана – кормилица, жертөле – подвал, мәміле – сделка, тақтайша – плитки, кілемше – полог, аралшық – островок, самшит – букс, сүйеу – поддержка, табан жол*

(337), – аллея, уәж – доводы, бүркеншік, шам бүркеншігі – абажур, саяжол (343) – аллея, иіссу (347) – одеколон, омырауша – манишка, маса-құрттар – мотыльки, шиная – хилая, белдемше – юбка, толқыныс – волнения, дәйіс (419) – подлец, дәйістік – мерзость, шарапхана – кабак, кабачок, әтір (381) – духи, табан жол (387, 423) – тротуар, беймаздық (391) – треволнение, тәубешілік (405) – исповедальне, ымырасыздық – непримиримость, әлауқат (431) – благосостояние, нымша (434) – жилет.

Бұл ұғымдардың қазақша баламалары осылармен ғана шектелмейді. Көркем аудармаларда көпшілігінің әр түрлі нұсқалары қолданылып жүр. Аудармашының қай баламаға басымдық бергенін салыстыру үшін беріліп отыр.

Аударма мәтінінде пальто (272, 285), кастрюль (273, 336), планета (313, 331, 343), бульварь (330), руль (437) сөздері бұрынғы орфографиясы бойынша өзгертілмей, аударылмай («ғаламшар» демей) қолданылса, ал пойыз (299), төмпішке (299), пәрік (342), күртке тәрізді сөздер, керісінше, орыс тіліндегі жазылуы сақталмай өзгертіліп қолданылады.

Мигель АСТУРИАС. Көрдегілердің көздері. Роман.

Орыс тілінен аударған Бекболат Әдетов.

– Астана, 2005. – 576 б.

АДАМСҮЙГІШ – *человеколюбивый*. Жаратушы иеміздің атына адамсүйгіш пенде өз атына өсек пен ғайбат айтатындардың, қиянат жасайтындардың қолына өзін ұстап беретін болсын (136-б.).

АЗАТКЕР – *освободитель*. Қазіргі қалпында ол – нағыз Жан-Поль Марат, балалық шағында құстарға еркіндік беруші азаткер, қолына түскен күллі революциялық әдебиетті құмарта оқыған адам, халық үшін отқа бірінші боп кіріп, майданнан соңын ала шығатын, сонда да күрес туын жықпайтын жалынды революционер (468-б.).

АЙДАУЫЛ – *сопровождающий (конвойный)*. ...Капитан Каркамо және айдауыл екі солдат бірден-ақ көзге түрт-

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
се көргісіз, әрі қапырық, әрі үрейлі түнек құдығына түсіп
кеткендей болды (392-б.); Өзін айдауылмен алып келе жат-
қанына священник қатты күйінішті (405-б.).

АЙКЕЗБЕ – *лунатик*. Адамдар мен жылқылар
мерекелік алаңдағы айкезбелер сияқты (323-б.).

АҚЖАЙМА – *постельное белье*. Содан ол төсектің ақ-
жаймасына сіңген (546-б.).

АҚПАРАТ – *информация*. – Тек ақпарат агенттіктері
оны біздің ұрлап кетуімізден қорқып, әдейі өкетіпті дейтін
сандырағын шығарып жүрмесе болғаны (531-б.).

АЛАҢША – *патио*. Қыздар мектебінің дәлізі жеке алаң-
шаға шығатын да, ондағы жалтыраған қыш құмыралар мен
қарапайым саз аяқтарда қазоты, қалампыр, гортензия, аза-
лия, раушан гүлдері өсіп жайнап тұратын (132-б.).

АСПАНСАЙҒАҚ – *надконтинентальный*. Өз Америка-
ларының аспансайғақ астамдығына мастанған бұл жігіттер
өзге дүниеге пысқырып та қарамайды (14-б.); Енді осы жұрт
Компанияның аспансайғақ ғимараттарына таңданатынды
шығарыпты (78-б.).

АТКЕЗШІ – *контрабандист*. Ал базбіреулер оны аткез-
ші екен дер те соқты, жын-перімен байланысыпты дегендер
де болды (114-б.); Ол қару-жарақ өткізумен, есірткі сау-
дасымен және «тірі тауар» саудалаумен айналысқан қыл-
мыскер, аткезші ретінде тіркелген (151-б.).

АУЛАШЫ – *дворник*. ...Басқармаға немесе басқа бір
кеңсеге есікші, малай, аулашы сияқты техникалық қызмет-
ші боп кіріп байланыс жасау, барлау жүргізу жөніндегі
тапсырмамен бара жатыр; «Маған орын табылар-ау; басқар-
маның кеңесінде мен тәуір шауыпкел, тәуір есікші, тәуір
аулашы болармын-ақ – маған бәрі жарап жатыр, жұмысқа
орналасуым да қиын болмас» (254-б.).

АШЫНАЖАЙ – *дом терпимости*. Ұрыс даласында жан-
тәсілім еткендей боп серейіп-серейіп жатқан мастарды
дөңбекше көтеріп, қаумажалап, жақын маңда тұрған жүк
мәшинесіне – жергілікті қоқыс жинаушы сияқтанып, бар-
лардағы, кәйіпханалардағы, клубтардағы, жертөлелердегі

және ашынажайлардағы мас солдаттарды теретін мәшине-лердің біріне апарып тиеп жатыр (66-б.).

ӘЙГӨЛЕК – *карнавал*. Тек әйгөлек жетпейді... (243-б.).

ӘКІМГЕР – *администратор*. ...Компанияның директорларын, басқарушыларын, әкімгерлерін, онбасыларын, жезөкшелерді күзету, есуас Алькальдтың, делқұлы інжілшілердің, кеңкелес священниктердің... – деп, күдікті сейілту үшін бұл сөзді әдейі қосты (422-б.).

ӘУЕЖАЙ – *аэропорт*. Ұлын әуежайдан табанын жерге тигізбестен қағып алып, автомобильдің бар шама-шарқы келген жылдамдығымен ағызып отырып, немересін бір көріп кетейін деп жатқан атасының алдына өкеледі (555-б.).

ӘУЛИЕ ӘКЕЙ – *святой отец*. Әулие әкей емес, падре Сантос! – деді священник ашуланып (133-б.).

ӘУІТ – *бассейн*. Жалаңаш Малена, жалаңаш өзі екеуін бір әуітке тоғытқалы жатыр... (472-б.).

БАҒЫТТАМА – *директивы*. Жағалауға, Тикисатеге сенен нұсқаулар, бағыттамалар және басқа да материалдар келіп тұрды (265-б.).

БАЙЛАМА – *водоём*. Орасан үлкен ачуакате ағашының түбіндегі байламаға барып екі қолын суға матырды – сонда тез сергитінін біледі, содан соң қос алақаны мен бетіне су шашып, өз-өзінен осқырынып, жас балаша мәз болды (473-б.).

БАЛБӘС – *плата*. Сонымен бір мезгілде донья Хуана әйел көйлегінің өңіріне көз тастап үлгіреді де, оның іш көйлегі жібектен, яки жай матадан екеніне қарай өзінің балбәсін белгілейді (93-б.).

БАЛҒАША – *молоток*. Бас бетеуші қолына балғаша мен ағаш сыналар алып, бірінші бетті қайта бастады да, әлден соң оны бұрап, бекітіп тастады (295-б.).

БАЛҚЫМА – *лава*. – Алапат қара балқымадан қалтарыс жолдар қалған. Таудың арғы бетіне, жағалауға шығатын, үлкен қара балқыма салған жолдың бізге қажеті жоқ (195-б.); Бұл кезде мыңдаған жылдық балқыма соқтасына өтіп, кірер ауыздан сәуле тозаңы себездей бастаған (207-б.).

БЕЙҚАРЕКЕТТІК – *бездействие*. Еркектердің бейқаракеттігіне қайран қалған әйелдер олардың не істеп, не қойғанын жіті қадағалайды (571-б.).

БЕКБИКЕ – *хозяйшка*. – Бері келші, көне, берірек келші, бекбикем!.. – Сені мысық жеп кетеді, бекбикем (62-б.);

БЕЙБОЛМЫС – *небытие*. Түні бойы Малена екеуі қыруар қағаздарды, құжаттарды, баспа мәтіндерді өртеген – соның бәрі бір уыс жылбысқы күлге айналып, шыңырауға, бейболмысқа белшесінен батқан дүние жаңа мұраттардың нұрымен қайта жаңғыруға талаптанып жатқан елестегі елді мекеннің көшелері мен үйлерін тұмшалаған күл теңізіне қосыла берген (463-б.).

БЕЛДЕМШЕ – *юбка*. Шата әйелдің көнетоз бумазей белдемесінің етегі желмен сусылдайды (23-б.); Белдемшесін тарылтып, мына жерін, кеуде тұсын қаю керек (531-б.).

БЕТТЕУШІ – *метранпаж*. «Таралым кідіретін болды, газет кешікті, мына бір клишені алып тастап, орнына хабарландыру салған дұрыс болар еді...» – деді цех бастығына бірінші бетті бекітіп жатқан бас беттеуші. Бас бетеуші қолына балғаша мен ағаш сыналар алып, бірінші бетті қайта бастады да, әлден соң оны бұрап, бекітіп тастады (295-б.).

БОЙТҮЛҒА – *фигура*. Ғашықтар жайғасқан үстелдердің ара-арасынан жеңілтектікпен жетпей жатып байға тиіп алған құрбылары да орын тауыпты, олардың ендігі бар арманы – бойтұлғасын сақтау және қызметшісінен, яғни қолына сәби көтеріп, кестелі сөмкесіне жөргектерін салып, бикесінің соңынан қалмайтын саз бет үндіс әйелінен айырылып қалмау (20-б.).

БОҚТЫАЯҚ – *горшок*. Онысы – немістердің өндірісінен шыққан, көлемі едәуір, қос түпті түнгі боқтыаяқ екен (235-б.); ...Ол үстел үстіндегі боқтыаяқты нұсқады (236-б.).

БҰҚАЕСЕК – *быкосел*. Е, иә! Бұқаесек (343-б.).

БҮРКІНДІ – *брызги*. Асыл текті от жаңбыры астында қан тамшысы мен болымсыздық көбігі бүркіндіге, зәредей бүркінділерге айналды (439-б.); Ал зердеге өткен күндер елесі – сол бір түн оралды: мектеп кітапханасындағы кітаптарға арқасын бере тұрып егілген Малена байырғы кеменің

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ _____

тұмсығындағы толқын бүркіндісімен жылаған мүсінге ұқсап кеткен болатын (513-б.).

БЫЛЫҚПА – *мешанина*. Анастасиа гүл сатушы Нинья Гумердің себетін күзетіп қалған – спирт аралас былықпаға әбден мелдектеп, мал кейпіне жеткен дәулердің бірі енді тірі тауардың қызығын көрмекке Ниньяның соңын ала думанханадан сүметіле шыққан сайын істейтіні осы (24-б.).

ВАГОНША – *вагонетка*. Шап-шағын вагоншаларда адамдар кетіп барады. Алапат жүк мәшинелерінің легіне қарағанда бұл вагоншалар тышқан-пойыздарға ұқсайды (51-б.).

ГҮЛДЕСТЕ – *букет*. Бұл гүлдесте мүлдем жоқ және ешқашан болған да емес. Гүлдестені сұтанасының қалтасына тыққан священник асығыс шыға жөнелді (181-б.).

ГҮЛҚҰТЫ – *ваза (цветочная)*. Малена көзін ашып еді, бос қалған гүлқұтысы мен газет бетіндегі «АЛҚЫЗЫЛ ГҮЛДЕР» дейтін ірі қара әріптерді көрді (181-б.).

ФИМАРАТ – *здание*. Өзіне жүктелген тапсырмаға байланысты ол «Семирамиданың» ғимаратына баруы керек болатын. Миллионер Лусероның әсем ғимараты сонадайдан көрінді (272-б.).

ДАЛАП – *помада*. Ерінге жағылған далаптан жосадай болған қымбат бағалы сигарет тұқылдары түстен кейінгі шайдың сарқытындай боп, кеселердің түбінде ас үйге барады (20-б.); ...Қыпша бел Аурелия Мейкер Томпсон күлсалғыштағы темекі тұқылдарының арасына сәл-пәл далап жұққан өзінің тұқылын басып, шылымын сөндірді (555-б.).

ДАУАГЕР – *целитель*. Шынында, қасиетті дауагерлердің біреуі қауырсын қаламын қасиетті жазуынан бір мезгіл босатып, Жыпықтың жұтқыншағын қытықтай қойған болар (411-б.).

ДАУКЕС (тер) – *спорицик (и)*. Әйтпегенде даукестер енді жұдырықпен ғана шектелмейтін еді, қаны қайнаған Сиксто үш аяқты дөңбекті ала ұмтылып, одан қорғанған дон Непо орындықты көтеріп алған (41-б.).

ДӘМҚАБЫҚ – *корица*. Томат пен пияз қойып қуырылған жұмыртқа, өзіңіз тәуір көретін дәмқабық қосылып сүт-

ке пісірілген күріш. Сүтке пісірілген күрішті дәмқабығына дейін қоймай тақыл-тұқыл соғып алды (238-б.).

ДӘРІСХАНА – *аудитория*. Қай жерде болсын, кластарда және директордың кабинетінде, тәжірибелік дәрісханада, аулада, гардеробта – барлық жерде сағат тұрғанын көресіз (124-б.); Медик студенттер госпитальдар мен дәрісханаларды тастап шығады (474-б.).

ДУМАНХАНА – *таверна*. Қазір ол «Гранада» думанханасының есігінен қарады – би залы да, дәмхана да осында еді (13-б.); Ертемен тамағын жібіткісі келетін келген жергілікті қыдырмалар да ара-тұра думанханаға бас сұғады (14-б.); Есікке тақап, думанханаға бас сұғып, тілін безей салу – Анастасияға түк емес (23-б.).

ЕЛТАҢБА – *герб*. Екінші жағына Мексиканың елтаңбасы бедерленіпті (135-136-б.); Бұл өзі Федерацияның елтаңбасы туралы ойға жетелейді екен (239-б.).

ЕСІКШІ – *вахтер*. ...Басқармаға немесе басқа бір кеңсеге есікші, малай, аулашы сияқты техникалық қызметші боп кіріп байланыс жасау, барлау жүргізу жөніндегі тапсырмамен бара жатыр; «Маған орын табылар-ау, басқарманың кеңесінде мен тәуір шауыпкел, тәуір есікші, тәуір аулашы болармын-ақ – маған бәрі жарап жатыр, жұмысқа орналасуым да қиын болмас» (254-б.).

ЖАҚҚЫШ – *кисть*. Әк пен жаққыш болса жетіп жатыр (112-б.).

ЖАНЖАБІЛ – *имбирь*. «Иттің баласы-ау», – дедім мен оған, бұл адам осында бізбен бірге қопа-торғайларды отап, өзіне тесілі жерге тұқым сеуіп, жүгері мен бұршақтың өнімін жинап азық еткен, ал кейін өзге жұрт сияқты, із-түзсіз кетіп отырды да, өзгелер сияқты тағы қайтып келеді – аумаған жанжабілдің тамырындай дедім (511-б.).

ЖАПСЫРМА – *этикетка*. ...Жапсырмаларындағы жүлде медалдары жарқыраған кеудемсоқ коньяк шөлмектері, алтын түстес қағазға құндақталған маркалы шарап шөлмектері, ауға оралған су перісі сияқтанған ликер шөлмектері қатарласты (16-б.).

ЖАРНАМАЛЫҚ – *афишка*. Мұндай жарнамалықтар кинотеатрдың жанынан өткендерге үлестірілетін. Шіркін,

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ _____

ол да осындай жарнамалықтар таратар ма еді – тек әпкесі рұқсат етсе! (17-б.).

ЖАУАРБА – *колесница*. Енді әсем күйме, кәдімгі салтанатты жауарба соңынан қалмай салдырлап келеді (57-б.); Жауарбада отырған еркек-әйелдің бәрі ту көтеріп, соқа мен мылтық ұстап алған екен деймін... Салтанатты жауарбада ма?.. (65-б.).

ЖЕДЕЛХАТ – *телеграмма*. Жеделхат бұған жазылмаған (117-б.); Онда – жеделхат, жай ғана жеделхат (147-б.); Залдың есігіне қарай барды – қағаз тасушы шауыпкелдің баққа кіріп, қызметшіге жеделхат тапсырғанын терезеден байқаған (555-б.).

ЖЕККӨРУШІЛІК – *неприятнь*. Мүмкін, бірақ... онысын мәртебелі көсемге деген жеккөрушілік көрінісі деп жүрмей ме? (520-б.).

ЖЕЛАРБА – *велосипед*. Мәселен, жексенбі сайын желарбасын ерттеп мініп, алдына айдай сұлуын мінгізіп алып сейіл-серуен іздеп кететін бозбалаларша велосипедті теуіп жүрген жоқ қой (33-б.); Маленасыз салтанатты желарбамен жүріп несі бар? (472-б.).

ЖЕЛБАҚҚЫШ – *флюгер*. – Мен оны желбаққыш тап деген болар ем... – Желбаққыш? Неге олай дейсіз? (318-б.).

ЖОЙЫМПАЗДЫҚ – *разрушение, разрушительность*. Олар өздерін өктем сезінгісі келеді, әрі онысы байыпсыз түйсік емес, жойымпаздыққа деген саналы ынтаның белгісі барға ұқсайды (437-б.).

ЖОЛСАПАР – *поездка*. Таңертеңгі жолсапары соның алдындағы кеште «Гранадаға» жұмысқа бара жатып ұдайы жоғарыға, тауға өрлегенде жұмсаған күш-қуатының өтеуі есепті болушы еді (32-б.).

ЖОЛ-СОҚПАҚ – *тропинка*. Оңаша орындар... жол-соқпақтар... ағаш көлеңкесі... (110-б.).

ЖҮЗБАСЫ – *сотенный*. Айтпақшы, мектепте жүргенде жүзбасыңыз кім болып еді, есіңізде ме? (334-б.); «Ал менің жүзбасым Тиметео Бенавидес болды» (335-б.).

ЖҮРМЕЛІ КӨРМЕ – *бродячая стена*. ...Қазір тек көз жасының жүрмелі көрмесіне айналған Худаситаны тастап,

басқа біреулерден, өмірлерін тәуекелге байлаған өжет жандардан көмек іздеп кетуі ықтимал (468-б.).

ЖЫРТЫНДЫ – *лоскуток, лоскуточек*. Ол орамалын тістеп дар-дар айырды да, жыртындыларымен көзін сүртті (322-б.).

ЗАҢҒЕР – *законник (юрист)*. Пьедра заңгердің сыралғы досы болатын, сондықтан бірде оның көзінше әлдебіреу оны шал деп атағаны үшін дүкенші жатып ашуланған (314-б.); ...Заңгер студенттер – соттар мен трибуналардан, инженерлік факультеттің студенттері – министрліктерден, химик және фармацевт студенттер – денсаулық сақтау министрлігінің зертханаларынан, акушерлер перзентханалардан кетеді (474-б.).

ЗЕРТХАНА – *лаборатория*. ...Заңгер студенттер – соттар мен трибуналардан, инженерлік факультеттің студенттері – министрліктерден, химик және фармацевт студенттер – денсаулық сақтау министрлігінің зертханаларынан, акушерлер перзентханалардан кетеді (474-б.).

КӘДЕСҢЙ – *сувенир*. Иерусалимнен келген кәдесыйларды ұмытып кетіппін (408-б.).

КӘЙІПХАНА – *кабачок*. Ұрыс даласында жантәсілім еткендей боп серейіп-серейіп жатқан мастарды дөңбекше көтеріп, қаумажалап, жақын маңда тұрған жүк мәшинесіне – жергілікті қоқыс жинаушы сияқтанып, барлардағы, кәйіпханалардағы, клубтардағы, жертөлелердегі және ашынажайлардағы мас солдаттарды теретін мәшинелердің біріне апарып тиеп жатыр (66-б.); Кәйіпханалардың біріне барып, соның бәрін бір стақан ішімдікке айырбастамаққа жолға шыққан болатын (98-б.); Маленадан қайтар жолында Мондрагонға кәйіпхана маңында ұшырасатын күзет көшеге қайыра шыққан болатын (175-б.).

КЕДЕН – *станция*. Пойыздар қай жерде алдарынан үлкен тораптық кедендер, ал қай жерде өтпелі кедендер кездесетінін жақсы біледі (103-б.).

КЕЛЕСАУ – *сумасброд*. Ал миллионерлердің сілімтіктері – әлгі келесау жастар не бүлдіріп жатса да тимеңдер деп бізге бұйрық берілген (422-б.).

КЕЛСІМПАЗДЫҚ – *соглашение*. Келсімпаздық жасап, солқылдақтыққа бару – қанаушыларымызға тізе бүгу ме? (564-б.).

КЕРГІ – *распятие*. ...Өзі туған жерінен ала келген ағаш кергінің айналасында жатқан заттар анық көріне бастаған (335-б.).

КЕСІМДІЛІК – *категоричность*. Қабілетте – бейімділіктің, ал қажеттілікте – кесімділіктің сипаты болады (118-б.).

КЕТЕШАҚ – *прошлое*. Тек осыларға ғой, жүктің ешқандай үміт те, жаза да болмайтыны, келешегіне де, кетешағына да әсер етпейтіні: Бұлар үшін ол – жүк, жүк, жай ғана жүк... (287-б.).

КИЕХАНА – *собор*. Анастасия екі көзін сығырайта жұмып, баланы қолынан ұстады да, жақын тұрған жердегі әулие Франциск киеханасының салтанатты қараңғылығында айрықша көзге ұратын сөрелердің самаладай жарығынан тезірек кеткісі келіп, асыға басқан күйі көшені кесіп өтті (23-б.); Осы бір әлпетті бір жерден көргендей ме... Бәлкім, «Гранаддадан», әлде Базар алаңынан немесе әулие Франциск киеханасындағы дұғада көрді ме екен?.. (59-б.); ...Ал гүлдері нағыз зүбәржаттан жасалатын күмбезді қақпасы бар киехана американ готикасының жарқын көрінісіне айналса керек (563-б.).

КӨЗЕ – *стопка*. Гүлді кеселер, сутас саптаяқтар, стақандар, түрлі кескінді, алуан бітімді көзелер, күміс жалатқан пышақтар мен шанышқылар сабын сабын көпіршігіне бір батып, бір шығып жылт-жылт етеді (21-б.).

КӨРБАН – *могильщик*. Тағдырдың тәлкегімен көрбанға айналған жігіттер күнге қызып, шыбын-шіркейге жем болған марқұм солдаттарды ұмытып, Хуамбоның қапалы әңгімесіне құлақ түрді (569-б.).

КӨТЕК АРБА – *таратайка, двуколка*. Ол шабадандарды алып, үсті-үстіне құрақ ұшып, күймеге, дәлірек айтқанда, шоқалақ көтек арбаға мінуіңді өтінді, ал сен болсаң, кәдімгі бір маңғаз сеньора төрізденіп артқы орындыққа жайғастың (111-б.). Дөңгелектер шиқылдап, көтек арба жолға түсті (112-б.).

КҮЛМАН – *размотать*. Ал полициядағылар сол бір көмекші дейтіннің кім екенін біліп, кұлмаңын ашып береді (231-б.).

КҮЛСАЛҒЫШ – *пепельница*. ...Қыпша бел Аурелия Мейкер Томпсон кұлсалғыштағы темекі тұқылдарының арасына сөл-пәл далап жұққан өзінің тұқылын басып, шылымын сөндірді (555-б.).

КҮЛШІ – *зольник, угольщик*. Балалық бал дәуренін өткізген күлшілердің арасында қайыра түскендей, бірақ енді Бельялус та жоқ, сүйегі қурап қалған баяғының адамдары да жым-жылас (240-б.)

КҮНТІЗБЕ – *календарь*. Біздің адамдардың кенже қалуының тағы бір себебі – олардың көпшілігі уақыт дейтін күнтізбеден сызылып қалған. Бірақ сол көпшілікті өзіміздің қазіргі күнтізбемізге қосу ешкімнің ойына келмепті; сондықтан да бұл бейшаралар, уақыттан тысқары қалғандай болып, күнтізбесіз қалған (133-б.).

КҮТІМТАРЛЫҚ – *выжидательная (позиция)*. Иә, біздің күтімтарлық тұрғыдан аумайтынымыз, ақыры жеңіп шыққан ат төбеліндей байлардың жағына жалт беретініміз рас (318-б.).

ҚАБІРСТАН – *кладбище*. Онда билік басындағылардың түрмені кеңейтіп, қабірстанды қаптауына тура келеді (128-б.).

ҚАҒИДАТ – *принцип*. Әділдік үшін қылмыс жасауға шақ қалды, бірақ аналардың сыбағасын беретін қандай заң, қандай қағидат болуы мүмкін? (539-б.).

ҚАҒЫРАН – *барабан*. Әскери мектептердің курсанттары қағыранның немесе әскери оркестрдің сүйемелдеуімен жер тепкілеп барады (465-б.).

ҚАЙЫРМА – *манжеты*. – Малена дереу сөзге араласты да, әлгі сұраққа жауап бермекші болып галстугін түзеп, жейдесінің қайырмасын саусақтарының ұшымен тартқысы келіп қолын жеңіне тыққан Пьедрафьельдің алдын орап кетті (134-б.); ...Жейдесінің крахмалданған қайырмасын саусағының ұшымен тартқысы келіп, қолын тағы да пенжегінің жеңіне тықты (135-б.).

ҚАНСҮРЕК АДАМ – *палач*. Мұндай қансүрек адамның қолына түсетіні падре Ферху өңі тұрғай түсінде де көрмеген шығар (405-б.).

ҚАПАЗ – *клетка*. Баяғыда, бал дәурен кездері, бұған келген-кеткеннің көңілін көтеретін әнші құстардың алты-жеті қапазын таза ұстау міндеті жүктелуші еді (54-б.); Қапазда отырған бейшара, әбден күнге шыжып мазасы кеткен соң бостандық тілеп жатқан болар. Құдай бар-ды, қапазда отырғанның өзі дұрыс (62-б.).

ҚАТЫРАН – *акула*. Құрама штаттардың алдында ауыздарын ашқанда қатыран көрген майда шабақтар құрлы (376-б.); ...Қатырандары қара құрттай қаптаған теңізге арқаларын беріп, шегініп бар жатқан ерлердің жарқын күнмен жарқыраған отты сұлбалары (381-б.).

ҚИРАТЫНДЫ – *развалина*. Үйлердің астынан ор қазсақ, дұшпандарымызды түп-түгел қиратындыға айналдырар-ек – бәрі топырақтың астында қалар еді (388-б.).

ҚОРҚОР – *трубка*. Ара-тұра біреулері аузындағы сигаретін яки қорқорын алып, бөтелкелестерінің мәз бола қолпаштауымен дәрекі әзіл айтатыны бар (15-б.).

ҚОРУЫЛ – *облава*. Жол бойы толған атты полиция, айнала торуыл мен қоруыл, бұрқыраған шаң, атылған оқ, ал Селестино Монтеc тек өлгендер жай табатын мекенге кіріп жан сақтады (193-б.).

ҚҰДАЙ-АНА//**ҚҰДАЙАНА** – *богородица*. Ал жоғарыда, бұлттардың арасындағы медальон ішінде, керемет иесі – Құдай-ана, оның аяғына таман жалынып-жалбарынушы қайғылы ана бейнеленген, одан төменіректе осынау ғажап оқиғаның болған жері, сағаты мен айы-күні, аман қалғандардың аты-жөні қолдан жазылыпты – бейкүнә қыз-анаға деген алғыс сезімі осылай білдіріліп, суретшінің тек бейшара жануарларды – аттарды бейнелеуді ұмытып кеткені осылай куәландырылыпты (223-б.); Маған тек Мексиканың желеп-жебеушісі – Гуадалупе құдайанасының ықыласы жетпей жүр ғой (328-б.); Гуадалупе құдайанасы – жалаң аяқ, қоңырқай өңді үндіс қызы, ол өз тектестеріне қарсы шығуы мүмкін емес! (329-б.).

ҚҰДАЙ ӨКЕ – *бог-отец*. «Құдай өкеге қылаусыз сенімім сонша, тіпті атымның өзі Тани-и-кредо, бірақ шіркеуге сайтанның сапалағы кіргенін күні осы уақытқа дейін көрмеп едім, түп-тура алдымнан шыға келгенін қарашы!» – деп, жауап орнына мұрнының астынан мідгірлеген қызметші, орындықтардың ара-арасымен жылыстап, тайып отырды (177-б.).

ҚҰЛАМА СУ – *каскад*. Мұнда не жоқ дейсің: көгал да осында, гүлзарлар мен субұрқақтар да осында, қара, ақ қызыл саздың тостағаншаларынан атқылап, түрлі түсті талавер тақташаларымен көмкерілген бақалшақтар мен суаттардан нөсерлеп, нөпір құйылып жатқан құлама сулар тізбегі де осында (273-б.).

ҚҰНЫС-ҚОРТЫҚ – *карлик-горбун*. Қаңғалақтап жүріп, думанханаға қолы ұзын құныс-қортық кірді (19-б.).

ҚҰСҚОРА – *птичник*. Зиратқа өктемдеп кірген шамдардың жарығынан жыландар мен жәндіктердің мазасы кетіп, ажал құсқорасының тұрғыны – жапалақ ұйқысынан оянды (455-б.).

ҚЫДЫРМА – *завсегдатый, гуляка*. Ертемен тамағын жібіткісі келетін келген жергілікті қыдырмалар да ара-тұра думанханаға бас сұғады (14-б.). Вальстің алғашқы үш ырғағы тартылып, маримбаның тілдері түгел үн қосқанда қыдырмалар бір ауыздан әнге басты (29-б.); Кештетіп жеткен соңғы қыдырмалар да жасақтан қашып, сап болған (330-б.).

ҚЫДЫРЫС – *паломничество*. Қыдырыстарың тура осы кезде басталып еді ғой (110-б.).

ҚЫЗ-АНА – *дева, богоматерь*. Ал жоғарыда, бұлттардың арасындағы медальон ішінде, керемет иесі – Құдай-ана, оның аяғына таман жалынып-жалбарынушы қайғылы ана бейнеленген, одан төменіректе осынау ғажап оқиғаның болған жері, сағаты мен айы-күні, аман қалғандардың аты-жөні қолдан жазылыпты – бейкүнә қыз-анаға деген алғыс сезімі осылай білдіріліп, суретшінің тек бейшара жануарларды – аттарды бейнелеуді ұмытып кеткені осылай куәландырылыпты (223-б.).

ЛАҢКЕС – *террорист*. Іздеу жүргізілуде, кешікпей лаңкестер полицияның қолына түседі (150-б.).

ЛАҢКЕСТІК ӘРЕКЕТ – *террористический акт*. Өзін тірідей яки өлідей таппақшы болып іздеп жүргендерін естігенде оның зәресі зәр түбіне кетті, өйткені ол, күзет бастығының айтуынша, лаңкестік әрекетке арналған жарылғыш затты жеткізіп, қылмыскерлер президент мырзаның «көзін құртқанда» жүк мәшинесін жүргізуді «өзі қалап алса» керек (176-б.).

МАСҚАРАМПАЗ – *паяц*. «Не болған тегі, масқарампаздан аумайсың ғой!» Үлкен Жыртқыштың циркіндегі масқарампаз (235-б.).

МӘТІН – *текст*. «Клишені астындағы мәтінімен қоса мұрағаттан алдық», – деп ақталып жатыр Чолула (296-б.).

МЕДБИКЕ – *медсестра*. ...Жөн-жосықсыз бір медбикелерді жұмыстан шығарғаны себепті ереуіл жарияланды делінген (504-б.).

МЕЙРАМХАНА – *ресторанчик, (ресторан)*. ...Көбігі мың құбылған сусындар мен шетелдік ішімдіктер сататын шағын мейрамхана да осында болушы еді – соған басын сұғып қарады да, «қайырлы таң» дейтін дағдылы амандық-саулықтың орнына: «Жалмап жатыр гринголар, жалмап жатыр!» – деді (13-б.). Қазір ол «Гранада» думанханасының есігінен қарады – би залы да, дәмхана да осында еді (13-б.).

МҰРАҒАТ – *архив*. Топырағы торқа болғыр Хуан Пабло Мондрагон енді полиция мұрағаттарының қойнауында қала беретін болар (219-б.); «Клишені астындағы мәтінімен қоса мұрағаттан алдық», – деп ақталып жатыр Чолула (296-б.).

ОҚПАНА – *окоп*. ...Адамдар жер жастанып, тікенді сымның арғы бетінде, көк түтінге оранған шұқырлардың ортасында бомбалар жарылып жатқан жерде баудай түсіп жатты, ал оқпаналардың іші қанға малшынды (362-б.).

ОНБАСЫ – *десятник*. Бас онбасы ысқырығын алды. Онбасы қол шамын жерге қойды, бірақ оны өшірген жоқ (346-б.); Отанасы ысты тазаларсың деп еді (249-б.).

ОТАНА – *хозяйка*. «Кәне, келіңіз!..» – деп отанасы ілтипат білдірді (120-б.);

ОТАРБА – *огненная карета (поезд)*. Отарбадан түскен – соны өзімнің түсімнен тартып, шығарғандай бодым емес пе, тарта-тарта келгенде тура қасымда, төсегімнің жанында тұрған нақты адам болды да шықты (232-б.).

ОТШАШУ – *фейерверк*. Зымырандар мен отшашулар құлақ тұндырады (556-б.).

ӨЛКЕЙІК – *сельва*. Балалар өзенге жетті, су ағысының жайбарақаттығы сонша, олар сәулесі айдынға түскен өлкейікпен келе жатқандай сезінді, ал шын мәніндегі нағыз өлкейік аяқ астында емес жоғарыда еді, құстардың, маймылдардың, тоты құстар мен балапандардың, гуакамайолардың, қызыл және қара, қызғылт және аппақ құстардың тірлігімен қан базарша қайнаған өлкейік (442-б.).

ӨТКЕЛЕК – *переход*. Бұл жоғалған жаңғырықтың залы екен, одан жан-жаққа тарайтын әр түрлі өткелектер, жолдар көрінеді (139-б.); Үңгірлер... жерасты жолдары... жағалауға шығатын өткелектер... полицейлер... күзет (192-б.); Өткелектің төбесін жалын қапты (197-б.).

САҚАРХАНА – *мыловарня*. Күл сасық иісі мұңкіген сақарханаларда сілті ретінде пайдаланылады (89-б.); ...Көміршілер мекеніне, сақарханалар ауданына қайтатын құлдардың соры сопақ астаудай бейшаралардың жанайқайын білдіретін еді (95-б.).

САЛҚАМ АРБА – *колымага*. Сол жазаның орындалатын уақыты да болып қалған-ау, салқам арба да, көтерем ат та үстінен төне қалыпты (54-б.); таяқ тастам жерде қаңтарылып тұрған салқам арбаға айқайлағысы келді, иесінің атын буын-буынға бөліп тұрып: «Эс-с-стриин...бо!.. Эстри-бо!» деп атойлағысы келеді (55-б.).

САЛТҚЫ – *щеколда, пружина (239)*. Тұрып, салтқыны салып алса ше? Ілгекті де, салтқыны да салып қою керек (53-б.); Біреу ілгегі де, салтқысы да жоқ есікті ашып-жапқандай болды (58-б.); Салтқысы жоқ сағат әлі бола қоймаған бірді көрсетіп тұр екен (239-б.).

САРАСАНА – *самосознание*. Жұмысшылар әлі ұйымдаспаған, таптық сарасанасы әлі қалыптаспаған болса, оның үстіне, жұмысшы кәсіподағы бар бола тұрып, Компания жалақыны көтеру, еңбек жағдайын жақсарту туралы жәдігөйлік ұсыныстарын әлі де тықпалай берсе, соған қарамастан Тикисате Бананераны қолдайды деп сенуге бола ма? (514-б.).

САТАРМАН – *торговец, торговка*. Құныстың тауарын мақтағаны бос кетті – кезбе сатарманға көзінің қиығымен жақтырмай қараған, шаруашылық басқарушы қолындағы лотерея билеттерінің бумасымен оның арқасынан бір салды (19-б.).

САУЫҚХАНА – *казино*. Сөйлемді тұйықтағанымен, әскери сауықханада өзімен танысатын офицерсымақпен екі арасындағы әмпей-жәмпейді тұйықтап тұр ма? (171-б.); Әскери сауықханадағы би кешінде қызбен танысатын офицерсымақ жайында сұрағысы да келіп еді (218-б.).

СӘУЛЕ ҚОҢЫЗ – *светлячок*. Бір сәт, мәшине Терістік ипподром сыртындағы тек құстар мен сәуле қоңыздар мекендейтін жыраларды жиектей бұлаңдайтын асфальт жолдың ойдымынан шоқаң еткенде, құшақтарың айқаса кетті (110-б.); ...Бұлдырап, жапырақ арасындағы сәуле қоңыздарша жамырап барады (171-б.); Кіші лейтенант кезінде Каркамо қызбен әскери сауықханадағы би кешінде танысса керек (462-б.).

СУБҰРҚАҚ – *фонтан*. Мұнда не жоқ дейсің: көгал да осында, гүлзарлар мен субұрқақтар да осында, қара, ақ қызыл саздың тостағаншаларынан атқылап, түрлі түсті талавер тақташаларымен көмкерілген бақалшақтар мен суаттардан нөсерлеп, нөпір құйылып жатқан құлама сулар тізбегі де осында (273-б.).

СУСИЫР – *морская корова*. ...Осы жай әсіресе жандарына батқан онбасылар сусиырдың немесе өгіздің қам терісі – манатиден өрілген дырау қамшыларын білемдеп, жорта сес көрсетеді (346-б.).

СУТАС – *хрусталь*. ...Гүлді кеселер, сутас саптаяқтар, стақандар, түрлі кескінді, алуан бітімді көзелер, күміс жа-

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
латқан пышақтар мен шанышқылар сабын көпіршігіне бір
батып, бір шығып жылт-жылт етеді (21-б.).

СҮРТКІ – *швабра*. Уақыт солай өте берді де, күндердің
бір күнінде Октавионың жебеушісі оны қаладағы таңдаулы
шаштараздардың біріне табыстады, онда Сансур қолына
сүрткі мен қола күрекше ұстап, клиенттердің топыларын
айнадай жалтырататын немесе шаңын сүртетін міндеті
және бар (93-б.).

СІЛЕГЕ – *рейка, речка*. ...Бірақ оған қарағай сілеге мен
самырсын тақтай керек (53-б.).

ТАҚТАША – *плита*. Мұнда не жоқ дейсің: көгал да осын-
да, гүлзарлар мен субұрқақтар да осында, қара, ақ қызыл
саздың тостағаншаларынан атқылап, түрлі түсті талавер
тақташаларымен көмкерілген бақалшақтар мен суаттардан
нөсерлеп, нөпір құйылып жатқан құлама сулар тізбегі де
осында (273-б.).

ТАЛАПАЙ – *кража, (грабеж)*. Жердің талапайын ай-
туым мұң екен, испаным ақиланып шыға келді... (63-б.).

ТАЛАПАЙШЫ – *грабитель*. Ал мен талапайшы деп
Компанияны ғана айттым – осындағы базбіреулер оны
жарылқаушы етіп көрсеткісі келеді... (64-б.).

ТАНЫСҚЫ КӘРТІШКЕСІ – *визитка, визитная карточка*.
Кеудеңе қадаған бір шоқ алқызыл камелия орындыққа
құласа керек, «жүрегің жанып тұрғандай» деп өзіңе қызмет
қылған және танысқы кәртішкесін берген сенъор айтты ғой
(108-б.).

ТАҢДАМАҚШАР КҮНІ – *День Страшного суда*. Әңгіме
кеп түгесілді: болжам да жоқ, болжал да жоқ, сөйтіп тұр-
ғанда Таңдамақшар күнінің үні жетті, әлдебір көріпкел қар-
сы жақтан бір тізгінсіз пойыз ағызып келеді екен, өне-міне
дегенше келіп те қалар деген сөз таратты... (104-б.).

ТАПСЫРЫС – *заказ*. Әрі осының бәрін ол тіпті шімі-
рікпестен, теңіз тұңғиығынан ұлының денесін іздеу үшін
желкенді қайыққа тапсырыс берген адамша айтатынын
қайтерсің (563-б.).

ТАПСЫРЫС БЕРУШІ – *заказчик*. Жаңадан тапсырыс
берушілер бар ма? (359-б.).

ТАРАЛЫМ – *тираж*. «Таралым кідіретін болды, газет кешікті, мына бір клишені алып тастап, орнына хабарландыру салған дұрыс болар еді...» – деді цех бастығына бірінші бетті бекітіп жатқан бас беттеуші (295-б.); Газеттердің таралымы өте бастайды (368-б.).

ТАСҚАЗАН – *каменоломня*. Жүк арту үшін Теріскей тасқазанға қарай жол тартты (34-б.); Саялы ағаштардың және үйме-жүйме үйлердің арасын басып өтетін бетон автостраданы тастай беріп, тасқазанға баратын жолға шығар тұс (36-б.); Терістік тасқазаннан онша алыс емес (78-б.).

ТАУТӨБЕ – *груда*. Әрине, банан шоқтары таутөбе боп жиналды, сондықтан қазір отқа май құймаған болар еді. Тіпті адамдардың өздері консервіленген сияқтанып көрінетін жерлерге жеткізілетін таутөбе жемістердің алдына тұра берді (347-б.).

ТЕЛПЕКШЕ – *шапочка*. Содан соң арнаулы киімін шешіп, жалғыз сутанамен қалды да, ілгектен төрт қырлы телпекшесін алып киді (179-б.).

ТЕҢБІЛТЕР – *ягуар*. Ата-анамыз сені теңбілтердің жемтігіне тастамақшы болған дейтінді мен шығарып едім (78-б.); Әкесі мұны, Хуамбоны, тауға апарып, теңбілтердің жемтігіне тастапты, ал қожайын жыртқыштың тырнағынан жұлып алыпты дейтін қауесетті кім және қашан тартып жүргенін бір құдай біледі. Теңбілтер... тау... түн және жел (254-б.).

ТОРКӨЗ – *решетка*. Мұнда жарық торкөздерден түседі... Ұзын-ұзын торкөз вагондар (289-б.).

ТӨЛҚҰЖАТ – *паспорт*. Ұстараның көмегімен орнатқан тамыр-таныстығының арқасында Хуан Пабол Мондрагон дейтін атпен төлқұжат алды. Төлқұжатынан мынадай мәліметтерді оқуға болады (101-б.).

ТӨРАЛҚА – *президиум*. Көмескі желек кигізілген шам төралқаның қағаз төсеулі үстеліне себездеп жарығын түсіріп тұр. Төралқада отырғандардың қалжыраңқы, болбыр тартқан немесе, керісінше, дірілдеген, күйгелек қолдары Табио Санның үстел үстінде құдды мүсін секілденіп қимылсыз жатқан қолына мүлдем ұқсамайды (502-б.).

ТҮКІРГІШ – *плевательница*. Сондай-ақ күніне екі мәрте түкіргіштерді тазалайды, сигареттер мен гавана сигарларының қалдықтарын жинастырады, осы бір аса маңызды уақ-түйектің клиенттерден қалатын темекі тұқылдарының өзінен-ақ шаштараздың атақ-дәрежесі айқындалады (93-б.).

ТЫШҚАНҚАҚПАН – *мышеловка*. Айтпақшы, осы дөңгелектерді сым темірлі тұзаққа, шарадай тышқанқақпан тәбіге қатты ұқсайды, ол тышқаны түскір сықырлауық төсектің астында, өзі ауыз тиіп те үлгермеген таңертеңгі асын сол күйінде қойып кеткен жерде сайранын салып, шиқылдайды да жүреді... (57-б.).

ТІРІ ТАУАР – *живой товар*. Ол қару-жарақ өткізумен, есірткі саудасымен және «тірі тауар» саудалаумен айналысқан қылмыскер, аткезші ретінде тіркелген (151-б.).

ҰЙҚЫАШАР – *зорька*. Әлден соң дағыра мен горн үні жаңғырады, ұйқыашар ойналып болған соң үй-жайды жинастыру басталады (485-б.).

ҰСТАРАШЫ – *брадобрей, цирюльник*. Дон Паскуалито ұстарашының жайы болмай тұрғанын әрі онысы денсаулығына байланысты екенін ұқты. Алькальд үйіне кетіп, шаштаразда бөгде ешкім қалмаған кезде ұстарашы бөксесі кере құлаш, бойы мыртық, кескен томардай кескінсіз әйелді – өзі үштігім деп атайтын үшінші әйелі – Минчаны шақырып алып, шіркеудегі падре Ферхуге жұмсады (337-б.).

ҰШАҚ – *самолет*. Ұлының мәйіті салынған ұшақ, ұшақ-мүрде бір ай бойы көкте қалқып жүрді (562-б.).

ҮЛГІШІ – *модистка*. Сағат бес шамасы болатын... Сені іздеп үлгіші әйелдің үйіне, дәлірек айтқанда, есігінің алдына болашақ дәрігер, сенің болашақ күйеуің келіп, автомобильмен серуендеп қайтуға шақырып еді-ау (110-б.).

ҮРЕЙ БӨЛМЕСІ – *комната ужаса*. «Үрей бөлмесіне таптырмайтын кейіпкер!» – деп Малена оның сөзін бөлді (207-б.).

ШАҒА – *монета*. Сағыз шайнаудан қалт етерлік түрі жоқ солдаттар малжаңдаған күйі, тіпті соның ырғағымен

құлақтары да жыбырлай түсіп, балаға бірер шақа лақтырған болды (16-б.); Ол Серро-Брильосның қойнына түсіп, содан аман-есен шыққан ғой және құр қол емес, қойны-қоншы алтын шақаларға сықап шықса керек (114-б.).

ШАУЫПКЕЛ – *курьер*. «Маған орын табылар-ау; басқарманың кеңесінде мен тәуір шауыпкел, тәуір есікші, тәуір аулашы болармын-ақ – маған бәрі жарап жатыр, жұмысқа орналасуым да қиын болмас (254-б.)»; Залдың есігіне қарай барды – қағаз тасушы шауыпкелдің баққа кіріп, қызметшіге жеделхат тапсырғанын терезеден байқаған (555-б.).

ШАШЫРАНДЫ – *брызги*. Әлден соң қатқылданып, шешек бетінің қабыршағына ұқсайтын ақтаңдақ шашырандымен бөлме ішін сатал-сатал ететін құс саңғырығы түскенде жалаң аяғы ашып, жанын көзіне көрсетеді (96-97-б.); «Біргеміз», – деп сыбырлады ол қыздың құлағына, сол сөзі сондағы нақты заттың бөлшегіндей, сол тамшының шашырандысындай көрініп, қыз селт ете қалды (264-б.).

ШИПАШАҚ – *рецепт*. Суырмаларын ақтарып, толып жатқан хаттарды, тауар қағаздарын, шипашақтарды, жазбаларды, газет қиындыларын, фотосуреттерді, тойға шақыруларды, әлдекімдерді жерлеуге шақырған хабарларды және ақырында, адамның бас сүйегі мен айқастырылған жілік сүйектері бейнеленген пакеттің ішінен оның Шаштаразшылар бауырластығын құрушы мүше екенін дәлелдейтін әйгілі дипломды шығарды (359-б.).

ШҮЖЫҚША – *сосиски*. Шата әйелдің ең жақсы көретіні – шүжықша, тауықтың қалдығы немесе күріш қосылған тауық сүйегі, өткір тұздық қосылған гамбург бифштексінің қалдығы, қуырылған картоп пен майонез (29-б.).

ШЫЛЫМШЫ – *курильщик*. Мен үшін және шылымшылардың барлығы үшін де солай болар деймін, темекі тарту деген әлдебір дәйексіздіктің бейнесі сияқты (460-б.).

ШЫНАЙНА – *роговик*. Ол буалдыр шынайналар мен мөлдір жанарлардан тұратын көз нөсерінің астында қалды (171-б.).

ШЫНТАҚША – *подлокотник*. Басын орындықтың арқалығына жастап, шынтақшасына салмағын сала отырып,

бар дүниеден, түннің алуан иісінен, гүлдің, жапырақтың, шыққа бөккен көк майсаның естен тандырарлық жұпарынан баз кешпекші болды (543-б.); Екі қолы креслоның шын-тақшасын шеңгелдеп алған (544-б.).

ІШКІЛІК//ІШІМДІК – *спиртное*, выпивох. Сондай-ақ өздері «сүңгуір қайық» атап алған ішімдік-сыра араласқан ром немесе ром араласқан сыра дейсің бе – талғамайды. Ішкілік құрамдас бөлігі қай ретпен келсе де оларға бәрібір (19-б).

Мысалдарымен берілген сөздерден өзге де бірқатар сөздердің баламалары назар аудартады. Олар мыналар: *саптыаяқ* (15) – бокал, *шата әйел* (15) – мулатка, *ерен-параннан* (15) – с самого рассвета, *дәуірім* (16) – гигант, *құйсандық-автомат* (17) – автомат-проигрыватель, *құныс – горбун, мойынорағыш* (26, 138) – шарф, *целік* (33) – владение, *кірекеш* (33-34) – погонщик, *отбойный молоток* (36) – шой балға, *сайыскер – тореро, үйелмен* (41, 154) – семья, *жаппа* (41) – навес, *үй әруағы* (42) – домовой, *зімпара* (41) – наждачная бумага, *навес* (41) – жаппа, *қшу жолдары* (51) – взлетная дорожка, *тәуетушілік – паломничества, қызанақ* (51) – томат, *жетімхана* (90) – уют, *тіскебасар* (92) – закуска, *топы* (93) – туфли, *бике* (103) – мадам, *жайпақ табақ* (136) – поднос, *бике* (138) – дама, *тас уатқыш* (139) – камнедробилка, *айбан* (142) – терраса, *ауыза-шар* (149) – завтрак, *гүлдесте* (149) – букет, *серуенші топ* (162) – экскурсия, *ерсері* (170) – несокрушимый, *масахана* (171) – москитник, *намоскитник, ашынажайы бар* (173) – роман с кем то, *қоруыл* (193) – облава, *тіс тазартқыш* (283) – зубочистка, *поддувало* (245) – желкөз, *күртеше* (248) – куртка, *шошымал* (265) – кошмар, *кепсер* (265) – шумовка, *кетешақ* (287) – прошлое, *шилың* (301) – цикада, *дүкеншік* (308) – магазинчик, *сыпайыгершілік* (314) – деликатность, *шадияр* (441) – апостол, *мүкәмал* (427) – имущество, *пілпіл* (432) – горчичник, *білеу ағаш* (447) – рея, *үйқыбезер* (484) – полуночник, *қыздайғы фамилия* (90) – девичья фамилия.

Бұл сөздердің арасында аудармашының өз тарапынан ұсынылған авторлық қолданыстар да, өзге аударма еңбектерде қолданылып жүргендері де бар. Соңғылары Б. Әдетовтің солардың қайсысын таңдағанын және жарыса қолданылып жүрген баламалардың қайсысы жиі қолданылатынын анықтау үшін беріліп отыр.

Рәмке (14,136), шөтке (22), топыли (105, 516), пенжек (135, 171, 450), пойыз (181, 394), тәлеңке (181), әртел (287), кінәз (313), мәшіңке (320, 531), кәрәсін (321) төрізді бірқатар кірме сөздердің орыс орфографиясы бойынша жазылуы сақталмай, қазақ тілінің айту мәнеріне орай өзгертіліп жазылады.

Ал мына төмендегі сөздер өзгеріссіз жазылып, аударылмай қолданылады: *тротуар (14, 19, 159), бухгалтерия (143), класс (145), бульвар (216), кресло (316), рельс (381)*.

«Елді мекеннен шығысымен-ақ оларды ақар-шақар таулар қоршап алды – бір шыңдары бұлттарды тіреп, енді біреулері бұлт төсін тесіп өтіп, зеңгір көкке бой созып, асқақтап тұр» (161). (Едва они миновали селение, как их обступили горы – высокие и низкие, одни вершины подпирают облака, другие, вздымаясь над облаками, гордо устремляются к самому небу). «Ата-анасының күн көрісі шамалы, ақарлы-шақарлы отбасы бар» (118). (У родителей нет денег, семья большая). Бұл екі сөйлемде «ақарлы-шақарлы» (118) «ақар-шақар» (161) қос сөздері «большая», «высокие и низкие» сөздерінің орнына жұмсалады. Аударма мәтінде «тастап алған» сөз тіркесі «тастапалған» (15) түрінде біріктіріліп жазылады.

Тагор РАБИНДРАНАТ. Күйреу. Роман.
Орысшадан аударған Сафуан Шаймерденов.
– Астана, 2002. – 376 б.

АЙҒАҚШЫ – *свидетель*. Сол себепті айғақшы есебінде өзіммен бірге Чокробортиды ертіп, Бенареске жүріп кетті (267).

АШЫНАЖАЙ//АШЫНАЛЫҚ ЖАЙ – *близкий*. Ол тек Хемнолини қасында ашынажай бір құрбысы болады деп қана өзін-өзі жұбатады (82). Көрінеу туысың болмағандықтан, араларыңда басқа бір ашыналық жай бар деп ойлауыма болатын шығар?

ӘКІМЗОРЛЫҚ – *насилие*. Ал, әкімзорлық жасап, бәрін де құртып алуға болады (107).

ӘРЕДІКТІК – *середина*. Сен не келісесің, не қарсы боласың, бұл жерде ешбір әредіктік, солқылдақ болмасқа керек! (95).

ӘУРЕШКІРӨ – *пытатся*. Комола бейнесін елестетем деп әурешікірө болады (182).

БАЛАХАНА – *чердак (детская комната, верхняя комната)*. ...Міне, сол сағаттарда Ромештің де кітап ала шығып, өз үйінің төбесінде балаханаға апаратын саты түбінде отыратын дағдысы болатын (11).

БАРАҒАТ – *пряности*. Жалғыз барағатпен не істемекпін? Бірақ Комола барағатты келіге салып түюді білмейді екен, сол себепті абыржыңқырап қалды (114).

БАТАОҚЫР – *погребальные обряды*. Ромеш батаоқыр тарқасымен жұбайын ертіп, басқа бір жаққа кетіп қалармын деген тоқтамға келіп еді, бірақ әкеден қалған мұраны бірыңғайлауға тура келді. (21).

БАТЫЛСЫЗДЫҚ – *робость, нерешительность*. Оның себебі батылсыздығымда жатса керек (150); Өйткені айнығыштық батылсыздық деген сөз ғой! (163).

БЕЛГІ-ТАҢБА – *знак*. ...Өзіңізге түсініксіз белгі-таңбаның сырын табамын деп дәмеленбеңіз? (162).

ГҮЛ АЛҚА – *гирлянда*. Бірақ бірнеше минуттан кейін бір-бірімізге адалдықтың әлекейлі гүл алқасын кигіземіз деп тұрғанда, көп жасы төгілер деп, араларында түсініспес бір жайлар болады деп ойлап па ол? (68).

ГҮЛБАҚША – *плантация роз*. Онда гүлбақша бар (154).

ГҮЛШЕҢ ЖЕР – *цветущее место*. «Шешек атқан гүлшең жерде жай соқа ағаш та гүлдей алмайды ғой» деп ойлады ол (255-256).

ЕЗГІЛІК – *доброта*. Көп жұрттың езгілігі арқасында ғана зорға дегенде бұғанам қатып, буыным бекіді, ақыл кірді (235).

ЕЗГІ (адам) – *благородный (человек)*. Оны езгі адам деп атауға болмайды дегенді айқын танытқан еді (300).

ЕЛЕҢ ҚҰЛАҚ – *любопытный*. Ромеш әкесіне тесіле, сұрана қарады, істің мән-жайын ұққысы келеді, алайда Броджмохан-бабу елең құлақ баласының бұл тілегін қанағаттандырғысы келмейтін сияқты (12).

ЖАЙМА ТАБАҚ – *поднос*. Ромеш асыға басып шықты да, жайма табаққа алма мен анар, алмұрт салып алып келді (85, 91).

ЖАМАҒАТ – *жена*. Қонақтарды ол сыртқы бөлмеде қалдырып, өзі әйелдер тұратын ішкі бөлмеге – зенанға кірді де, жамағатын шақырды (167).

ЖАМЫЛТҚЫ – *покрывало*. Комола әлі де кебе қоймаған басына жамылтқысын түсірді де, шығып кетті (339); Нолинакха төсегіне келіп жамылтқының бір жақ шетін қайырды да, раушан гүлін өз жастығының үстіне қойды (363).

ЖЕДЕЛХАТ – *телеграмма*. Мен саған жеделхат берейін деп отыр едім (335).

ЖЫЛДЫРМА (жауап) – *уклончивый (ответ)*. Тыңда, Окхой, сенің жылдырма жауабың маған ұнамайды (81).

ЖЫРАҚА – *канава*. Бірақ бұлар ешкімге сездірместен ол дәрілерді жырақаға төге берді (175).

ИЛАЛАУҒА ЖАРАМАЙ ҚАЛУ – *ни на что негодный*. Қанша ұстартып, әуре-сарсаң болма, бәрібір шынтуайтқа келгенде илалауға жарамай қалады.

КЕШКІЛІК – *ужин*. Азанда асты аз іштің ғой, қарның ашқан шығар, кешкілікті ертерек іш (118); ...Мен саған кешкілікке де алып қалған едім (143); Ол кешкілікте өзін Ромеш шақырар деп сенген еді (145).

ҚАҒАЗ ТАРАТУШЫ – *рассыльный*. Әйелге табынудың шабытты бір сезімі үстінде ол, әдеттегісінен екі кесе шайды да артық ішті, осы бір шақта қағаз таратушы кіріп келді де, оған хат ұсынды (12).

ҚАЗАН БҰЗАРЛЫҚ – *безобразие*. – Мұныңыз не қазан бұзарлық? (48).

ҚАҚПАША – *крышка*. Бювар қақпашасының бір бұрышын «Р» әрпі, ал екінші бұрышын алтын жіптермен тізілген тұңғиық гүлі көркейтіп тұр (38).

ҚАПАЛЫҚ – *грусть*. Ромештің бойын енжар қапалық басты, бірнеше минут үнсіз өтті (67).

ҚАРАЗ – *предлог*. Болмаса, қызыңызды алып кетудің қаразы ма мұныңыз? (353).

ҚҰМҚАЙРАҚ – *песчаные отмели*. Өзеннің бір беті таяздап құмқайраққа айналды да, екінші беті жарлауыттанып, адыр белесті болып кетті (17).

ЛӘБЛЕМЕ – *свекла*. Ағатай, бері қара, мынау тұздалған ләблеме ғой! (155).

НАУБАТХАНА//НӘУБЕТХАНА – *кухня*. Ал, кәне, нау-батхана жасауға кірісейік (114); Комол үндемеді, басын көтеріп алды да, нәубетханаға жөнелді (149); Қарным ашқан соң нәубетхананы іздеп, сол жаққа тап болған едім (150).

ПАТШАЗАДА – *принц*. Солардың бірі патшазадасына қайтып келіп, оның да нөкерлері бар сондай бір рулас керуен екенін хабарлайды. Жол бұл тұста қатерлі екен, сол себепті өздерінің патшазаданың қанат астына алуын сұрапты (129).

ПӘРУАНА – *бабочка*. Адам деген гүл де, пәруана да емес қой, сырт келбет деген оған басты мәселе болып па! (14).

ПІКІРЛІЛІК – *суждения*. Енді көп кешікпей-ақ оған Нолинакханың анасы пікірлілігі мен таза тұрмыс салтының арқасында ерекше әйел сияқты көрінеді (272).

САЙРАН – *пикник*. Бұл Оннода-бабу мен Хемнолинидің алипурлық аңдар көрмесінде ұйымдастырылған сайраннан оралып келе жатқан беті еді (31).

САЯЖОЛ – *аллея*. Түрлі түсті гүлдер жайнаған саяжолдар қайда? (36).

СЕНІМПАЗДЫҚ – *доверчивость*. Осы бір қалтқысыз сенімпаздықты Джогендро ананың да, мынаның да екіжүз-

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ _____

ділігімен салыстыра келіп, Ромешке зығырданы қайнап кетті (79).

СОПЫЛЫҚ – *аскетизм, аскетический*. Хемонкори – сопылық жолға түскен адам (269).

СУ ҚҰЛАМАСЫ – *водопад*. «Ромеш, сіз бұрын Нормод су құламасын көріп пе едіңіз?» – деп Хемнолини әкесінің сөзін бөліп жіберді (47).

ТҰҚЫБАЛЫҚ – *карп*. ...Бұл кәдуілгі тұқыбалықтың басы, оны қызыл тұқыбалық деп атайды (141).

ТҮСКІЛІК – *обед*. Түскіліктен кейін Чокроборти ағай демалуға үйге кірді (189); Түскіліктен кейін үш-төрт сағат өткен соң шай ішу деген сылтаумен аздап ыстық су ішкеннің асқазан үшін пайдалы болатынын айтып жату маған орынды болмас (236).

ТҮСТІК – *обед*. Түстік дайындауға бұл күні көп уақыт кетті (157).

ҰНТАУ – *тертый, растереть в порошок*. Бірақ өз салмағымен нені ұнтап бара жатқанында оның шаруасы да болмайды (45); «Мына ұнталған қыша болса жақсы болар еді, шешетай», – деп қойды Умеш (141).

ҮЙ ҚОЖАСЫ – *хозяин, хозяйка*. Үй қожасы әйелінің жекіп ұрсуына да қарамайтын (291); Қызметшілер мені үй қожасы деп есептемейді (361).

ШИПАН – *беседка, веранда*. Хемнолини мен екеуінің арасындағы ғашықтық жайларды шешекті гүл қоршаған шипанды мекендеушілер махаббатынан кем еді деуге ешкімнің де аузы бара алмас еді (37); Қараңғыда шипанда Хемнолини ұзақ тұрды (275).

ШҮБӨШІЛ – *сомнительный*. Сен тым шүбөшіл, күдікшіл адамсың (72).

ЫСТЫҚҚАНДЫЛЫҚ – *горячность*. Ыстыққандылық та оның бойына қас қасиет емес-ті (108).

Аудармадан жазушының тағы да бірқатар ерекше қолданыстарын байқауға болады. Олардың қатарына қаламгердің сирек қолданылатын сөздерді пайдалануын, кейбір сөздерге мағыналық реңк беруін және кей сөздерге қосымша жалғап, тұлғалық-мағыналық (*кәріптілік, қапалық*)

тұрғыдан өзгешелеу тұлғада жұмсауын қосуға болады. Олардың қатарына төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін қосуға болады: *қияпатсыз (18) – некрасивый, марқаматты (19) – милостивый, тауап ету (21) – паломничество, қараз, қаразын істеу (26), кәріптілік* (Өмірде кәріптілік те, мағынасыздық та жоқтай) (42), *жел төкпе – возвышенный (49), даршын (114), зәкір (132), келсімпаздық – компромисс (132), сезім-күдік сомнение (342), тосырқау-шылық отчужденность (360).*

Жылауық бұлтты, буалдырлы күнде жер-көктің бәрі теңіз сияқты (39). Бір күні түстен кейін аспанда қорғасын бұлттар қаптай бастады, ымырт үйірілді, бірақ қара жаңбыр толассыз жауып тұрды (41). Бірақ өз салмағымен нені ұнтап бара жатқанында оның шаруасы да болмайды (45). Әлбетте, жұрт қитымдай болса да, шындық болса ғана ашуланады ғой, ал менің сөзімде жұрт алдында өз ашынғаныңды көрсететіндей ешбір зіл дәлел жоқ (62). Ромештің бойын енжар қапалық басты, бірнеше минут үнсіз өтті (67). Бұл шақырылуға жұмсалған қаражаттың дені зайғы кететін болды, ал мен ақшаны суша шаша алмаймын (69). ...Өтірікшінің шыны да зайғы (90). Сен тым шүбешіл, күдікшіл адамсың, Окхой! (72). Бүгін бе, ертең бе, өз қызыңа күйеу болмақ ол, ал сен көрші үйде тұрсаң да, оның немен айналысып жүргенін, қайда жол шеккенін қадағаламайсың (76). Комола ашулы қияпат көрсетпек болды (141). Шешімін ойлап, кешеулеп қалсам, кемеге үлгіре алмай қалатынымды түсінген едім (150). ...Кешеулетуге болмайды (173). ...Ағасының кекетінді даусы естілді (207). ...Тамаша бір заттарды алып, мақапқа болысып қалатын (269). Қыз шығып кетуге оңталып еді (299). Бірақ Умеш көңілі тетік еді (148); О, көңілі тетік (184). ...Сұлтансыз шешімім осы (332). ...Ұқышпен қайыра орнына салып қойды (373).

Жазушы аударма барысында төмендегідей қос сөздерді қолданады: «Ромеш кейде бірер кесе шай ішуді сылтауратып, кейде тіпті жәлел-бөлексіз-ақ бұл үйге жиі барып тұратын» (10). «Харибхобинидің ымшық-шымшық ауруы

бар екенін айта беруді жақсы көретін» (167). «Ығы-жөнін білмейсің» (308).

Өзгеріссіз жазылған кірме сөздер: *вокзал* (103), *кресло* (78, 84, 111, 217, 219, 261), *планета* (36), *обсерватория* (36), *бювар* (38), *сафьян* (38), *палуба* (118), *каюта* (118), *лагерь* (129), *лавка* (132), *палуба* (143), *шелноз* (143) *паром* (154), *зенан* (167), *адвокат* (169), *полотно* (172), *шкаф* (217, 331), *практика* (223), *пальто* (249), *билет* (256), *резиденция* (259), *бакалея* (259), *ростовщик* (279, 330).

Пойыз (75, 103), *станса* (103) сөздері қазіргі орфографиялық сөздікке сәйкес, сол сияқты *барқас* (*баркас*), *сәри* (*сару*), *қалян* (259) тәрізді кірме сөздер де қазақ айтылымына икемделіп, өзгертіліп жазылған.

Иво АНДРИЧ. Дринадағы көпір. Роман.

Орысшадан аударған Таласбек Әсемқұлов.

– Астана, 2017. – 368 б.

АЙДАУЫЛ – *стражник, конвойный*. Ақырында айдаладағы бір қыстақтан айдауылдар емшектегі екі нәрестені тауып әкеледі (11).

АЗАПКЕР – *мученик*. Міне, азапкер Мехмет-паша осылай өлген (235). Бәрін мейманаңа бағындырып, ақырында өзің де соның құлы, азапкері болдың (295).

АҚЫМАҚШЫЛЫҚ – *нелепость*. Оның үстіне әлдебір диуана шалдың кесірінен жазаға ұшырау, нағыз ақымақшылық болар еді (97).

АЛАҢША – *площадка*. Қақпаның алаңшалары ғана батпай, өзеннің табалдырықтары сияқты лай суға шомылып тұр (89).

АЛҚАУ – *помиловать, (окропляют), благословение* – Жаратқан ием өзі кешірсін, өзі алқасын оны! (56); Иә, білеміз ғой, құдай тағала алқамаса, егінді ора да, жинай да аламайсың, егіннің үстіне барып намаз оқысаң да, құдай алқамаса, ештеңе де болмайды (316).

АРҚҰҚ – *повозка, обоз*. Сары бояуға боялған әскери арқұқ ұзынынан-ұзақ созылып, азық-түлік, киім-кешек, жиһаз,

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР таңғажайып жабдық пен тетік тасылды (154); Осыдан отыз жыл бұрынғыдай арқұқ пен зеңбірегін сүйреткен шеріктер Сараево жақтың асу жолымен келді (255).

БАЙЫРҚАЛЫ – *благополучный*. Алайда замандас үшін бұл жылдар байырқалы, тыныш жылдар болып көрінген еді (105).

БҰЛҒАҚ – *бунт, смута, восстание*. Бұл шекаралық қалада бұлғақ кезінде адамды жазалау әдепкі нәрсе, ал кей кездері тіпті күнде болатын оқиға еді (14); Империя болғалы бері бұлғақ та та болып тұрады, себебі бейнет пен шығынсыз байлық та болмайтыны сияқты, бұлғақ пен астыртын күрессіз билік те жоқ (91).

БҰЛҒАҚШЫ – *бунтовщик, мятежник*. Сербиядан Вышеградқа бұлғақшылар үйлері мен бар мүлкін өртеп кеткен бірнеше түрік әулеті көшіп келді (95).

ГҮЛДЕСТЕ – *венюк*. Ал екі мұғалима Зорка мен Загорка жеңімпазға арнап, көзге көрінбейтін гүлдесте тоқуда (275).

ДЕЛІЛІК – *помешательство*. Міне, содан бері төрт жыл болды, Пеште жесір болып отыр, қайғысы делілікпен шектес (308).

ДҮРБЕ – *плита*. Ал бұл жерде не құлпытастың, не дүрбенің болмауы – осы соңғы мекенін құпияда қалдырмақ болған дәруіштің өзінің тілегі деседі (14).

ДІНБАСЫЛАР – *священнослужители*. Дінбасылар ығысып жол берген (151).

ЕСЕПҚОЙ – *расчетливый*. Асыранды бала – мысқылшыл, ақылды есепқой, мақсатынан айнымайтын қажырлы (272).

ЖАЗАГЕР – *осужденный*. Бұл жерде, шаруа – жендет, өзі өлімге кесілген жазагер адамдай сөйлейді (58).

ЖАМБАС АҚЫ – *плата за проживание*. Керуен-сарайда жамбас ақының орнына уәзірдің жаны жаннатта болсын деген дұға жүретін, соған қарамастан қонақтар сирей берді (81).

ЖАРАТЫНДЫ – *чужое детище, порождение*. Көпірге жиналған вышеградтық түріктер өздері бес жыл бойы мазақ қылған, еш жақсылық тілемеген жаратындыны енді та-

машалап тұр (68); Меймананың тажал жаратындысы Стикович ешкімді де сүйе алмайды (323).

ЖАРНАМА – *объявление*. Қазан айының бір күні түс әулетінде көпірдегі ақ жақпардың астында тағы да жарнама пайда болды. Жарнамаға балалар мен ерігіп жүрген қалалықтар, артынан басқалар да келді (251).

ЖАРЫҚТАНУ//ЖАРЫҚТАНДЫРУ – *освещение*. Су ешқашан жетіп көрмеген Мейданда барлық терезелер жарықтанып, қолшамдардың реңсіз жарығы қараңғыда билеп тұрғандай көрінеді (84); Қақпаның жақтауының үстінде ұзыннан-ұзақ созылып жымындаған оттар көпірдің иілген орта тұсын ғана жарықтандырады (162).

ЖАСАУЫЛ – *стражник*. Қыстақтарды аралап егіздерді іздеген жасауылдарды көрдік деп ант-су ішкендер болды. Жасауылдар шынында да қыстақ аралады, бірақ олар егіздерді іздеген жоқ (34).

ЖАУГЕР – *воитель*. Муфтий вышеградтықтардың ешқашан жаугер болмағанын, шейіт өлімнен фәни өмірдің қызығын жоғары қоятынын жақсы білген (128).

ЖОЛЖАЗБА – *путевой дневник*. ...Әлдебір Вышеград тұрғындары құшақ жайып қарсы алған әлдебір түрік саяхатшысының жолжазбасында айтылғандай (15).

ЖОЛЫМ ҮЙ – *временка*. Жылдың осы мезгілінде жарылатын бүрмен бірге өзеннің жағасында жолым үйден тұтас қалашық өсіп шықты (27).

ЗӘҢГІ – *негр*. Мастер Антониенің көмекшісі зәңгі, жайдары жас зәңгі еді (26).

ИЕЛІК – *предместье*. Сараевоға апарар жолды бойлап Малуха егіндігі деп аталатын шашырай орналасқан иелік жатыр (8).

КЕЛІСІМПАЗДЫҚ – *отступничество*. Әңгіме, әдетте, австриялық үкіметтің кезекті кісәпір әрекеті немесе жаңа тәртіпке жағынған түріктердің келісімпаздығы жайында болады (157).

КЕТЕРАЯҚ – *посошок*. Онымен енді ешкім жүрмеді, ешкім ешкімді шығарып салмады, көпірде ешкім қош-

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР таспады, үзеңгіге аяқ артып тұрып, кетераяқ шарап ішпеді (246).

КӨТЕРГІШ – *подъемник*. Көтергіш тесік тасты өзінің орнына орната алмай-ақ қойған (66).

КІРЕМІТ – *черепица*. Осындай әрекеттің үстінде, бірде қозғалып кеткен кіремітті орнына салам деп төбеге шыққанда бейшараның ажалы жетті (80); Тердик екі түрік үйінің орнына «арнайы проект» бойынша қызыл кіреміт төбелі жаңа үй салдырды (297).

ҚАБЫРСТАН – *руины (кладбище)*. Осылайша өз уақытынан бұрын, аяқ астынан «Тас хан» қабырстанға айнала бастады (81).

ҚАМЫРЫҚТЫ – *мучительный*. Әңгіме қорқынышты, қамырықты болған сайын одан алынатын әсер де арта түседі (83).

ҚАНЖЕРЕ – *дан кровью*. Соңғы қанжереден бері алты жыл өтіпті. Бұлар қанжереге алынған балалардың аналары, әпке-қарындастары, әжелері (20).

ҚАРАУЫЛБАСЫ – *начальник стражи*. Ал қарауылбасы болса алғашқы күннен-ақ Әбит ағадан есі шыға қорқатын (36).

ҚАРСЫЛАУШЫ – *ожидающий*. Қолындағы бишігін ойнатп талтандай басқан полковник қарсылаушыларға жақындап келеді (150).

ҚОЖАЙКЕ – *хозяйка*. ...Алыс провинциядағы мейманхананың қожайкесі (207); олар клиенттердің ішімдікті көп ішіп, ақшасын дұрыстап төлегенін және қожайкенің «ешқандай жанжалдың керегі жоқ!» деген басты принципін ғана ұстанып, тәртіпті қатаң қадағалап отырады (213).

ҚОЛШАМ – *фонарь*. Су ешқашан жетіп көрмеген Мейданда барлық терезелер жарықтанып, қолшамдардың реңсіз жарығы қараңғыда билеп тұрғандай көрінеді (84).

ЛӨКЕТ ПЫШАҚ – *мясницкий нож*. Сол кезде үсті-басы алба-жұлба диуана оң жеңінен қасапшының үлкен лөкет пышағын суырып алып, бар күшін жиып уәзірдің қабырғасына бойлата салған (76).

МЕЙМАНА – *тщеславие*. Тек қана меймананың салдарынан мейірімді, жомарт, құрбаншыл бола алмайсың. Бұған да сенің мейманаң жібермейді (293).

МЕЙМАНХАНА – *постоялый двор*. Уақыт өте жүргіншілер мұнда тоқтамай, қаладағы Устамуичтің мейманханасына ақша төлеп түсетін болды (81); Жаңа мейманхана, сот пен уездік управаның ғимараты тұрғызылды (159).

МҰХТАР – *муктар*. Қала аудандарының барлық мұхтарлары осы жерге жиналған, өздеріне қарасты халықты оятып, үйді-үйге орналастырам деп жүріп, әбден малмандай су болғаны, шаршағаны көрініп тұр (85).

ӨЛКЕК – *свежесть*. Түнгі өлкек есті, қанатын жайған тыныштықты өзеннің шуылы ғана бұзып тұр (295).

САЛДАУ – *леса (строительные)*. Бір кезде жағадан алыстау тұрған салдау жақтан соққы естілгендей болды. Жүгіріп жеткен олар қираған салдау мен опырылған тастарды ғана көрді (38).

СӨЗСАЙЫС – *диспут*. Бұл нәтижесіз сөзсайыс олардың қолайына жағып отыр (131).

СЫМТЕМІР – *проволака*. Ол төбеде сымтемір сияқты, өнебойы тікен-тікен, құраған шөптен басқа ештеңе өспейді (13).

ТОПЫ – *феска*. Қызара бөрткен, топысының астынан қалың ақ шашы бұрқыраған қажы Лиачо көңілденіп, священник пен қожаға айқайлады (88).

ТҮЙІСІМ – *стык*. Австро-Венгрия, Сербия, Түркияның арасындағы үш шекаралық түйісім жойылды (264).

ТҮНКЕЗЕР – *лунатик*. Осылайша, көпірдегі адамдарды, олардың бойындағы өзгерістерді көрмей, түнкезер сияқты жүреді де қояды (165).

ҰЙҚЫБЕЗЕР – *лунатик*. Келісіп болғаннан кейін Никола жақтауға шығып, аяғын апыл-тапыл басып, ұйқыбездер құсап алға жылжыды (298).

ШАБАТА – *опанки*. Жұрттың көбі әлі ұйқысыз, отқа шұлғауларын кептіріп, шабаталарын жамап, немесе жай ғана шоққа қарап отыр (30).

ШАЙҚЫ – *потешник*. Қалада әйел жыныстан да, еркек жыныстан да шыққан әншілер, шайқы мен қылжақбастар арылған емес. Бірақ Салко Шорқан сияқты шайқы қайта тумас (218).

ШЕРӘЛІ – *леший*. Кәне, шерәлі, ән айтшы! Билеп берші, шерәлі! (54).

Аудармашының жаңаша, ерекше қолданыстарының қатарына мына төмендегі сөздерді де қосуға болады: *иелік (7, 8), сұқыт – түрі, ұсқыны (100), меже діңгек – столбы (106), басытқы (112), қоластындағылар – подчиненные (113), шақатас құз – каменистый хребет (118), шерік – войска, отряд (127), низамшы – законник (151), жаршы – гашатай (148), атышы – вестой (149), үйелмен – семья (154, 350), жатжұрттықтар – чужеземцы, чужестранцы (156), мұкамал – инструмент (157), кісәпір – омерзительный (157), сенделбайлар – безделники (225, 355), даукес – спорщик (274), шыңылтыр – эмаль, шыңылтырмен қапталған – эмалированный (313), жозы – прилавка (313, 314), түсім – урожай (314, 317), дүрлеп тұр – пышно цвело (318, 327), барақат, барақатты – отрада, благодатное (323), құрбаншыл – самоотверженный (324), атқылақтаған жүрегі – колотившееся сердце (367).*

Аудармада бірқатар кірме сөздер аударылмай, тұлғалық-дыбыстық тұрғыдан өзгертілмей қолданылады: *Балкон (9, 183, 223), бойница (11), паром (12, 18, 21), посад (18), слободка (18), янычар (20), село (21), гуся (31), крестьян (36, 57, 183), актер (46), стакан (153), оккупация (154, 156, 161), армия (15, 1594), жандармерия (154), солдат (154), мундир (154), квартал (155, 319), станок (156), календарь (156), форинт (156), крейцер (156), управа (159), жалюз (159), казарма (160), корсет (163), эмблема (163), иллюминация (162), фонарь (162), реформа (164), партнер (165), гарнизон (176), крест (177, 253), рекрут (179, 195), рапорт (182, 336), винтовка (183, 193), ротмистр (186), механизм (187, 200), протокол (187), вахмистр (191), дилижанс (193), приход (194), пономарь*

(195), провинция (199, 269), прогресс (199), иерархия (200), инстанция (200), конфликт (202), магазин (202), фотограф (204), унтер (205), клиент (205, 261), терраса (204, 261), кумир (206), тореадор (206), подрядчик (211), принцип (212, 309), шторм (213), шляпа (220, 233), публика (222, 261), паранет (229), императрица (232, 233), десятник (237), шваб (240), станция (243), аннексия (243), тоннель (245), локомотив (245), пассажир (245, 246), процент (245), машина (247), вокзал (247), брошюра (249, 269), прокламация (250), меморандум (250), пальто (253, 254), шахта (255), плита (256), акцельбант (257), парад (257), униформа (257), сапер (258), понтонер (258), комплимент (259), ирония (258), кредит (260), граммофон (261), скипидар (262, 313), пароль (27), костюм (267), глокенфасон (267), иллюзия (271), пляж (272), псевдоним (272), карьера (272), оратор (272), дискуссия (274), турнир (274), класс (275), формация (276), прогноз (276), факт (277), диспут (277, 283), конфликт (277), проблема (277, 283), дилетант (280), миниатюра (281), проект (284), парк (288), королева (288), план (295), салон (297), конкуренция (302), конкурент (302), компаньон (302), операция (304), депрессия (304) позиция (307), элемент (307), адвокат (307), олиф (313), приказчик (313, 355), процент (315), инфекция (317), санаторий (318), репетиция (319), компания (325), патруль (327), шрапнель (338), фляга (347, 348), прихожанин (349), диверсия (354), каморка (356), патруль (361), слесарь (364).

Енді бірқатар кірме сөздер орфографиялық тұрғыдан өзгертіліп жазылады. Мысалы: *мұлазым* (141), *кәрәсін* (161), *кәресін* (313), *мүдіріс* (178), *шадыра* (185), *шенеунік* (201), *зұрна* (215), *зауыт* (319).

Белгілі аудармашының кейбір сөздері мен сөйлемдері нақтылауды, дәлдікті қажет етеді. Мысалы, аудармашы «тым құрыса», «тым құрығанда» «тым құрымаса» деп қолданылып жүрген сөз тіркесін «тымқұрмаса» (202, 344) деп біріктіріп жазады. «Қабір басына орнатылатын ескерткіш

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР тас мағынасында» жұмсалатын «құлпытас» (14) сөзін орыс тіліндегі «мавзолей» сөзінің баламасы ретінде, ал қазақтың ұлттық музыка аспабы «домбыраны» гитараның бір түрі болып саналатын сегіз шекті «мандолина» аспабының қазақша атауы ретінде қолданады. Сол сияқты төмендегі сөйлемдерде де осындай тұстар бар.

«Ал ердің үстіне жамбастай отырып домбырасын тың қылдатқан, даланы басына көтеріп ән айтып келе жатқан адамды көрсең, тиіспегін, қолыңды былғамағын, қоя бергін: бұл Вышеградтың адамы, оларда өмірі ақша болып көрген емес» (17).

«Ноги на седле перекрестил, тренькает на мандолине и распевает во все горло – не трогай его вовсе, не марай зря руки, пусти его с миром: это вышеградец, а у ихнего брата деньги в руках отродясь не держались».

«Өз кезегінде қала халқының өмірі жайлы барлық ауызекі әңгімелер осы он екі кезең тас көпірді көтеріп ұстап тұрғандай» (17). «Вот почему повесть о рождении и судьбе моста есть в то же время повесть о судьбе города и многих поколений его обитателей, и наоборот, все устные предания о жизни города пронизывает линия каменного моста с его одиннадцатью арками и короной ворот посередине».

«Мастер Антониенің көмекшісі зәңгі, жайдары жас зәңгі еді» (26). «Помощником мастера Антоние был негр, самый натуральный негр, веселый парень».

«Түнде аспан жұлдызбен жарықтанғанда, адам өзін және өзінің бар қам-қарекетін алып кеткен, ұмыттырған ғарыштың құдіретін таниды» (122). «Но ночью, только ночью, в сиянии вспыхнувших небес, человек постигает всю необъятность и безграничную власть вселенной, поглотившей крохотное его существо, растворившееся и отрешенное от самого себя, своих намерений, дел и забот».

«Шорқанға ром келтіріңдер!» (222, 223) «Рому для Кривога!»

«Ал екі мұғалима Зорка мен Загорка жеңімпазға арнап, көзге көрінбейтін гүлдесте тоқуда» (275, 295, 319).

Бірге жазылған сөздер

АТАМЗАМАН. ...Бәрібір атамзаманнан бері тайпаның көсемдері не істеп келсе, соны істеді (*Генрих Белль. 183-б.*).

АҚШАШТЫ – *седой*. Оның ақшашты басы металдан құйылған тәрізді (*181-б.*) // *К. Паустовский. Қолбасшы. – Астана, 2011. – 181-б.*

АЯҚКИМ – *обувь*. Содан соң жас ұрпақты – олардың құлағын, мұрнын, аяқкімін қарау басталды (*159-б.*); (*Джон Стейнбек. Алаң көңіл ақпаны. Роман. – Астана, 2011. – 456-б. Орыс тілінен аударған Бекмырза Баймаханов.*)

ӘЖЕТТІК ҚҰРАЛДАРЫ – *туалетные принадлежности*. Тек алтын жалатылған күміс әжеттік құралдары (*444-б.*).

БЕТӘЛПЕТ – *облик*. Жылай-жылай қызарып кеткен бетәлпет, үстел үстімен домалап барып еденге құлаған жұмыртқа ортасы, қарақошқыл былқылдаған ақ пен сары мәйек, быт-шыты шыққан ақ қабық (*47-б.*).

БҮЛШЫҚЕТ – *мышца*. Бейнебір сенің бұған дейін бейжай бұйығы жатқан бұлшықеттерің кенет ұйқысынан оянғандай немесе тап өзің бала күнінде түсінде көргендей көлбелездеп көкте ұшып жүргендей сезінесің (*200-б.*).

БІРСАРЫНДЫ – *монотонный*. Біздің өміріміз шын мәнінде бірсарынды еді (*55-б.*).

ГҮЛМАЙ – *духи*. Ол мұның күткенінен басқа әйел екенін аңдады, мұның бойынан ащы түтін иісі емес, гүлмайдың иісі аңқыды, мұның төсі де ерлердікіндей етсіз еді... (*131-б.*).

ДӨҢГЕЛЕКШЕ – *колёсико*. Орнынан тұрып, креслосын шұғыл итеріп қалды, орындық аяқтарының көптеген майланбаған дөңгелекшелері ойбайын салды (*520-б.*).

ЖАЗҒАСАЛЫМ – *к лету (весна)*. Бұдан соң да орыс түкпірінің талай-талай сұрқай да ызғарлы қыстарын, балшыққа мелдектеген жазғасалымғы бұлыңғыр күндерін өткердім, ежелден табиғатқа табынышты орыс жұртының мінезі ғой, адамдардың ажары қашып, әбден зеріккендік-

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
тен бе, пенде біткенді жек көріп, тек өз тіршілігін ғана емес,
жалған дүниені талақ қылатын әдеті... (86-б.).

КЕШКЕСАЛЫМ – *к вечеру*. Ал кешкесалым Дарьяның
үйіндегі кісілер әңгіме-сөзге егіліп, көпке дейін ұйықта-
мады (236-б.) // В. Распутин. Матерамен қоштасу. – Аста-
на, 2011. – 236-б.

КӨРКЕМӨНЕР – *художественное искусство*. Көркем-
өнерге тіпті де көңіл қоймайсың. – Өмір бақи жаратылыста-
ну ғылымдарымен және медицинамен шұғылданып келем,
сондықтан көркемөнерге көңіл бөлуге ешқандай уақытым
болмады (А. Чехов. Үшқалақ. Орыс тілінен аударған Ф. Ахме-
дов // Антон Чехов. Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Аста-
на, 2011. – 344-б.).

ҚОРАЖАЙ. Біздің қала сыртындағы қоражайымыз ес-
інде ме? (82-б.) (Джон Стейнбек. Алаң көңіл ақпаны. Ро-
ман. – Астана, 2011. – 456-б. Орыс тілінен аударған Бек-
мырза Баймаханов).

СУЫҚҚОЛДЫЛЫҚ – *темные помыслы*. Бірақ Моулди-
дің бұл сыйын ала отырып, оның суыққолдылығын бетіне
баса алмадым (Д. Гринвуд. Өгей бала. – Астана, 2011. – 53-б.).

Бейнелі атаулар

АҚ АЛТЫН – *мирабилит*. «Қарабұғаз шығанағы ақ ал-
тынның теңізі болып табылады» (К. Паустовский. Қара-
бұғаз. Хикаят. // Константин Паустовский. – Астана:
Аударма, 2011. – 248-б.).

БҰРАҢБЕЛДЕР – *қыздар*. Енді бірде атлас порошок
сепкен паркет үстінде тайпала билеген бұраңбелдердің
арасында балықша жүзіп, аппақ люстраның астында күм-
пілдеген әскери оркестрдің музыкасын қызықтады...
(И. Бунин. Арсеньевтің өмірі. Аударған Қ. Ысқақ. – 87-б.).

МҮЙІЗДІЛЕР – *бұғылар*. Сэмнің айтуынша, байырғы за-
манғы үндістер секілді таң алдында жусауға қайтып келе
жатқан мүйізділердің біреуін атып алды (Уильям Фолкнер.
Аю. – 348-б. Орысшадан аударған: Мәткәрім Әкімжанұлы).

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ _____

КӨБЕЛЕК ҚЫЗДАР – бабочки (девушки легкого поведения). Бірнеше көбелек қыздар есінеп қойып, жағаларын көтеріп алған күдікті бір мырзалармен мылжыңдасып, әрі-бері қыдырыстап жүр (В. Набоков. Машенька. Орысшадан аударған Темірхан Медетбек. – 112-б.).



III БӨЛІМ



**КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ
ЖАҢА АТАУЛАР МЕН
ҚОЛДАНЫСТАР
СӨЗДІГІ**

(XX ғасырдың басынан қазіргі кезеңге
дейін жасалған көркем аударма
мәтіндерінен жиналған 1200-ден
астам сөз (тіркесі) қамтылды)



Көркем аудармадағы жаңа атаулар мен қолданыстардың қазақша-орысша сөздігі

А

абайлаушылық – опасение
абаттандыру – благоустройство
абаттық – аббатство
автодәнекерші – автослесарь
автореттеуші – автослесарь
ағза – 1. организм; 2. ткань
ағылшынқұмар – англоман
адамсүйгіш – человеколюбивый
адамсүйгіштік – человеколюбие
ажалхана – салон смерти
ажырғы – рогаты (деревянные)
азаматша – гражданка
азанама – некролог
азапкер – мученик
азапкерлік – мученичество
азапқор – мученник
азапшы – инквизитор
азаткер – освободитель
айбан – колоннада
айғақтама – свидетельство
айғақшы – свидетель
айғарақты – лунатик
айдауыл – 1. сопровождающий, конвойный; 2. стражник
айкезбе – лунатик
айлақ – 1. пристань; 2. гавань
айуанхана – зверинца
айшалық – лунатик

айыппұл – штраф
ақбұрқақ – фонтан
ақжайма – постельное белье
ақжолақ – пунктир
ақжүзділер – бледнолицые
аққайнар – шампанское
ақмарту – проницательность
ақпарат – информация
ақсұп – ситец
ақтауыш – кисть
ақтүйнек – картофель
ақылмандық – благоразумие
ақымақгершілік – глупость
ақымақшылық – нелепость
алаңқай – площадка
алаңша – 1. площадка; 2. заулок; 3. патио
аларман – покупатель
алаяқ – мошенник
алданыс – приманка
алдаразы болсын//алдырза болсын – пожалуйста
алжұмыр – рагу
алқау – 1. помиловать, (окроплять); 2. благословение
алпауыт – помещик
анареркі – матриархат
аңсоғар – зверобой
аптариқалы – авторитетный
аптекші – аптекарь
аралшық – 1. островок; 2. лагуна
ардақұмар – честолубивый
арқұқ – повозка, обоз
арнаша – русло (реки)
арызнама – исповедь
арызхат – депеша
арызшы – просительница (заявитель)
асадал – буфет
асбапшы – повар
асжаулық – скатерть

аспазхана – кухня
аспалы қапшық – рюкзак
аспансайғақ – надконтинентальный
асүй – 1. кухня; 2. столовая
асхана – кухня
асылзатты – благородный
атбегі – знаток коней
аткезші – контрабандист
аткешір – контрабандист
атқорашы – конюший
аттаныс – нашествие
атшабар – ипподром
атыс ұясы – амбразура
аударым – перевод (денежный)
аулашы – дворник
ауру басар – обезболивающий
ауызашар – завтрак
ашықхат – открытка
ашынажайлық – близкий
ашылыс – открытие
ашынажай – 1. дом терпимости; 2. близость
аяқжол – тротуар
аяқсырғанақ – самокат
аялшақ – робкий
аяшы – сиделка

Ә

Әдірият//әдірият//әдарият//әдиярат – монастырь
әжі қыздар – девицы
әйелқұмар – 1. волокит; 2. бабник
әйгөлек – карнавал
әйлеңке – резвушка
әкпіш – водонос
әкім – мэр
әкімгер – администратор
әкімдік – 1. мэрия; 2. префектура; 3. акимат

әл-ауқат – 1. благосостояние; 2. богатство, материальное могущество

әлібұлық – совершеннолетие

әмбие – священник

әнұран – гимн

әңгібас – сумасшедший

әредіктік – середина

әріп теруші – наборщик

әскербасы – военачальник

әтір – 1. духи; 2. одеколон

әтір су – туалетная вода

әуежай – 1. аэропорт; 2. аэродром

әулет есімі – фамилия

әулие әке – святой отец

әулие әкей – святой отец

әуіз – бассейн

әуіт – бассейн

Б

баба – патриарх

бағам – курс

бағымшы – сиделка

бағыттама – директивы

байлама – 1. повязка; 2. водоем

бақасқа салу – спорить

бақашанақ – устрица

бақпан –ержанка

бақтақ – кресло

бақытқұмарлық – жажда счастья

балауызшам – восковая свеча

балбәс – плата

балаәлтіргіш – детоубийцы

балахана – чердак

балғаша – молоток

балқыма – лава

балташа – топор, топорик

балташық – топор, топорик
балшелек – колодка
балықжегіштер//балықжеушілер – рыбоеды
басар – фишка
басқойғыш – подголовник
басқыш – 1. ступень, ступенька; 2. лестница
басқыш алаңқайы – лестничная площадка
басқыш алаңы – лестничная площадка
баспалдақ алаңшасы – лестничная площадка
баспалдақ алаңы – лестничная площадка
баспашы – издатель
бастастар – единовверцы
басыбайлы – принадлежит (крепостной)
басытқы – закуска
батаоқыр – погребальные обряды
батқы – шпора
батылсыздық – 1. робость; 2. нерешительность
батырғы – грузило
баяндау-жазба – докладная записка
баяндау хаты – докладная записка
баянхат – докладная (записка)
бәден – фигура
бәңхана – курильня
бәңші – курильщик
бейауыздық – болтливость
бейболмыс – небытие
бейбітшіліксүйгіш – миролюбивый
бейқарекеттік – бездействие
бейразылық – недовольный
бейсеубет – беззаботный
бейтағлым – безнравственно
бекзада – 1. барыня; 2. дворянка; 3. леди
бекітпе – крепление
белбеу-бау – ремень (рюкзак)
белдемше – юбка
белгі-таңба – знак
белтартар – корсаж

- бензинара – бензопила
бесіндік – полдник
бетәлпет – физиономия
бетбейне// бет-бейне – маска, лицо
бетжуғыш – умывальный столик, умывальник
бетперде – вуаль
беттеуші – метранпаж
бибі – хозяйка
бике – 1. мадам; 2. дама; 3. мисс
биік орта – светская среда
боғжама – чемоданчик
бозым – парен, молодой человек
бойкөйлек – ночнушка
бойра – циновка
бойтұлға – фигура
боқтыаяқ – горшок
боқша – ягдташ (сумка, папка)
бомбапана – бомбоубежище
бопсалау – вымогать (шантажировать)
бопсалаушы қыз – интриганка
бормәшін – бурмашина
борышкер – должник
борышқор – должник
босалқы басқыш – черная лестница
босалқы жол – черный ход
бөксерме – занавес, понева
бөлен – поленья
бөртімек – зернистость
бөрікше – чепец, чепца
бөшкеші – бондарь
буат – 1. пачка; 2. пучок
булықпа – удушье
бұғыатар – оленебой
бұзылыс – порча
бұйымтай – изделия, вещи
бұқаесек – быкосел
бұқпа шам – низкая лампа (светильник, настольная лампа)

бұласыр – пластырь
бұлғақ – бунт, смута, восстание
бұрама – букля
бұрама тоқаш – рогалик
бұрқақ – 1. фонтан; 2. лава
бұтжабар – плавки
бүктеме – пакетик
бүркеншік, шам бүркеншігі – абажур
бүркінді – брызги
былықпа – мешанина
білексалар – подлокотник
білеу ағаш – рея
біртума – шедевр
бітуана келісім – сделка

В

вагонша – вагонетка

Г

гвардиягер – гвардеец
графтық – графство
гүл-алқа, гүл алқа – 1. венок; 2. гирлянда
гүлбақ – оранжерейя
гүлбақша – плантация роз
гүлдесте – 1. клумба; 2. букет; 3. венок
гүлқұты – ваза (цветочная)
гүлмай – цветочный бриолин [духи]
гүлшоқ – венок

Ғ

ғазапкер – мученик
ғаныш – гипс
ғаурат – предмет мужской гордости (пенис, член)
ғибадатхана – 1. храм, храм божий; 2. приходской дом;
3. собор; 4. молельня

ғимарат – здание

ғылыми ілгерішілік – научный прогресс

Д

дайындама – заготовка

далап – 1. помада; 2. косметика

дамылжай – беседа

даңғазашы – егерь

даңғара – барабан

даңғыл – проспект

дап – колотушка

даршы – канатоходец

дауагер – целитель

даукес (тер) – спорщик (и)

дауыстағыш – громкоговоритель

даяшы – няня (официант)

дәйексөз – цитата

дәйекші – 1. слуга; 2. официант

дәйіс – подлец

дәйістік – мерзость

дәлелдеме – доказательство

дәліз – 1. коридор; 2. прихожка

дәлізші – коридорный

дәмқабық – корица

дәмхана – 1. кафе; 2. харчевня

дәнекерші – слесарь

дәретсауыт, дәрет сауыты – горшок

дәркер – клиент

дәрмек – препарат

дәрі-дәрмекші – провизионер

дәріп – хвала, похвала

дәріс – лекция

дәрісхана – аудитория

дәрумен – тонические средства, витамины

дәршімай – духи

дәріқағаз//дәрілік қағаз – рецепт

дәғуа – притязание
дегдітпе – овин
делдалшы – посредник
демтыныс – дыхание
домалатпа – перекат
доптаяқ – городки, лапти
дөңгелекше – колёсико; ролик
дуагер – маг
дуагерлік – магия
дуақант – колдун
дуанбасы – 1. мэр; 2. бургомистр
думанхана – таверна
дүкеншік – ларёк
дүкенше – 1. магазинчик; 2. лавка, лавчонка
дүмше – шарлатан
дүниешашар – кутила
дүңгіршек//дүңгіршік – 1. лавка; 2. киоск; 3. будка, бу-
дочка
дүп – пристяж
дүрбе – плита
ділдәгер – взвешиватель (золото)
дімкер – малый, слабый
дінбасы – духовник
дінияуи – богомолки

Е

ебіртіл – эликсир
едендік – половик
еденжуғыш – половик
ежелдік – древность
екіқабаттық – беременность
електену – мутить
елең құлақ – любопытный
елкезбе – странник
елтаңба – герб
еліктейкеткіш – сноб

елілегіш – калибр (оружейных дел)
емгер – 1. лекарь; 2. знахарь
ентаңба – герб (эмблема)
ернеу – рама, рамка
ерсері – несокрушимый
еру – спутник
еруіл – сопровождающий
есепқой – расчетливый
есік бағушы//есік күтуші – консьержка
есікші – вахтер
есірткіш – наркотик
етеккөйлек//етек көйлек – юбка
етекқап – юбка
етекше – юбка
етжегіштер // етжеушілер – мясоеды

Ж

жабынды – 1. саван; 2. полог; 3. покрывало
жағажол – 1. тротуар; 2. бульвар
жағдаят – обстоятельство
жағыс – пристань
жадылық – колдовство
жазагер – осужденный
жазба – заметки [записка]
жазбахат – записка
жайдарма – акация
жайма – 1. простыня; 2. скатерть
жаққыш – кисть
жайматабақ, жайма табақ – поднос
жайпақ табақ – поднос
жайынауыз лампы – прожектор
жақсақал – бакенбард
жақсүйек – челюсть
жалғаннама – ложь
жалданды (лар) – наемник, наемные рабочие
жамбасақы – за постой [плата за проживание]

жамылтқы – покрывало
жанартау – лава
жанжабіл – имбирь
жание – 1. господь; 2. существо; 3. живые души
жанкештілік – самоотверженность
жантану – психология
жантанушы – психолог
жантәсілім – агония
жанұя – семья
жапқы (кресло) – покрывало
жаппа – навес
жапсырма – наклейка
жапсырма – 1. этикетка; 2. нашивка
жаратынды – порождение
жарияланым – публикация
жарқылдақ қауым – светское общество
жарнама – 1. реклама; 2. витрина; 3. афиша; 4. объявление
жарнамалық – афишка
жарнапұл – взнос
жарықтану, жарықтандыру – освещение
жарысшы – гонщик
жасақ – отряд
жасауыл – есаул
жасуша – клетка, клеточка
жатынжай – спальня, спальная комната
жауарба – колесница
жаугер – воитель
жаяусоқпақ – тротуар
жәлепхана – публичный дом
жәмшік//жемшік – ямщик
жәрдемақы – пособие
жебіртас – жернов
жегі – сифилис
жегі құрттар – циркады
жегім – упряжка
жеккі – упряжь
жегінді ат – старая лошадь

- жеделсаты – лифт
жеделхат – 1. телеграмма; 2. телеграф
жеккөрушілік – неприязнь
желарба – велосипед
желбаққыш – флюгер
желең – халат
желкөз – форточка
желкөз – поддувало
желорай – сквозняк
желіскер ат – рысак
жемпаз // жемпоз – чревоугодник
жең-түйме – запонка
жерқойма // жер қойма – подвал
жермай – керосин
жерсорғыш – землечерпалка
жертөле – 1. подвал; 2. погребок; 3. окоп
жертөсеніш – дорожка
жетімхана – приют
жиекжол – тротуар
жиектеме – манжет
жиенбике – племянница
жиырма – оборка
жоба-жоспар – проект
жоғарғы қауым – высшие круги общество
жозы – низкий стол
жойқан – побоище
жойымпаз – ликвидатор
жойымпаздық – 1. разрушение, разрушительность;
2. пагуб (нось)
жолайрық – развилка
жол атымы – дорожная колея
жолбасшы – проводник
жолболғыштық – везучесть, везучие
жолдорба // жол дорба – рюкзак
жолжазба – путевой дневник
жолкөзер – проводник, скороход
жолқаражат – деньги за проезд

жолсапар – 1. поездка; 2. путешествие
жолсоқпақ // жол-соқпақ – 1. тропинка; 2. путь
жол сөмке – 1. саквояж; 2. дорожная сумка
жолсілтеуіш – путеводитель
жонқыр – плоскогорье
жұзақ – агат
жұтым – глоток
жүзбасы – сотенный
жүктілік, екіқабаттық – беременность
жүкші – грузчик
жүме – гряды
жүпті – супруга
жүргінші – пешеход
жүрмелі көрме – бродячая стена
жүрек қыспасы – сердечная спазма
жылдырма (жауап) – уклончивый (ответ)
жындыкеш – нервная (-ый)
жындыпаш – 1. истеричка; 2. идиот
жырақа – канава
жыртынды – 1. клочок (бумаги); 2. лоскуток, лоскуточек
жырынды – вор

З

зайырлы қауым – светские хроникеры (светское общество)

заңгер – 1. юрист; 2. законник
заңгерлік – юридический
заңшы – законник
зауытшы – заводчик
зәкір – якорь
зәңгі – негр
зәпөнке – запонки
зейнетақы – пенсия
зертхана – лаборатория
зиялы қауым – интеллигенция
зияткер – интеллигентный (интеллектуал)

зүмірет – изумруд
зілзала – землятресение
зімпара – наждачная бумага

И

идара – ведомство
иелік – 1. поместье, предместье; 2. владение; 3. имение
иланыш//инаныш – убеждения
иманшылдық – мораль
итшана – нарты
иықбау – 1. подтяжка; 2. подвязка
иықша – плечико
иісмай – ладан
иіссу – 1. духи; 2. одеколон

К

кәдесый – сувенир
кәйіпхана – кабачок
кәріптас – янтарь
кәсіпкерлік – предпринимательство
кебентай – бурка
кеден – 1. таможня; 2. станция
кеденші – таможенник
кедергілік – препятствие
кейінше – позже
кекесіншілдік – цинизм
келгінші – приезжий
келемежші құс – пересмешник
келеңше – монашка, монахиня
келесау – сумасброд
келсімпаздық – 1. соглашение (*компромисс*); 2. отступничество
келіссөз – переговоры
келісімшарт// келісім-шарт – 1. контракт; 2. договор
кемежай – пристань

кемеші – матрос
кемешік – шхуна, реюшка
кемешілік – пароходство
кепсер – шумовка
кепілдеме – рекомендация, гарантия
кепілзат – закладной, залог
кепіл тұтқын – заложник
кергі – распятие
керілгі (икон) – распятие
керіш – гипс
кеудеше мүсін – бюст
кескінше – образок
кескіншілдік – цинизм
кеспе жол – просека
кеспекше – бочонок (~чонка)
кесік – решение
кесім – акт
кесімділік – категоричность
кетераяқ – посошок
кетешақ – прошлое
кеуделік – нагрудник
кеуде тартқыш – бюстгальтер
кешкілік – ужин
кешірімпаздық – терпимость
киелі әкей – святой отец
киехана – собор
киножұлдыз – кинозвезда
киімілгіш – вешалка
королева-ана – мать-королева
кофеқайнатқыш – кофеварка
кофеқұман – кофейник
кофехана – кофейня, кофейная
көзбаяушы – 1. фокусник; 2. иллюзионист; 3. клоун
көзе – стопка
көзелек – рюмка
көкөскін – зелен
көзқарақ (болу) – приглядит

көкөнісші – зеленщик
көлгірлер – ханжи
көмеш – лепешка
көнеүлгілі – старомодный
көңілқостық – сожаленье
көпірше – мостик (капитанский)
көрбан – 1. могильщик; 2. поганый
көр-жер бөлмесі – бельевой, бельевая комната
көрсетілім – номер, выступление
көтек арба – таратайка, двуколка
көтергіш – подъемник
көтермеші – 1. оптовик; 2. откупщик
көшеттік – питомник
креш – крест
күзетжай – сторожка
күйтарқыш – проигрыватель
күлдіргі – комик
күлман – размотать
күлпара//күләпара – капюшон
күләпаралылар – клубничники
күлкі адам – чудақ
күлсалғыш – пепельница
күлші – 1. зольник; 2. угольщик
күнпарақ – календарь
күнтізбе – календарь
күпсерлік – толщина
күресін – помойка (свалка, мусор)
күркешік – хижина
күртеше – 1. куртка; 2. фуфайка
кірекеш – погонщик
күтімжай – пансион
күтімтарлық – выжидательная (позиция)
кіділік – оригинальность
кілемше – 1. полог; 2. коврик
кілтші – ключничек
кіндік діңгек – мачта
кіреберіс – 1. поезд; 2. вход

кіреміт – черепица
кіреші – извозчик
кірмелік – прихожая, прихожка
кіріштар – невольник

Қ

қабартпа – дутые
қабырға қағазы – обои
қабірстан – кладбище
қағаз таратушы – рассыльный
қағида – правило
қағидат – принцип
қағыран – барабан
қазан бұзарлық – безобразие
қайнақсу – кипяток
қайнатқы – реторт [кипятильник]
қайырма – манжеты
қайырхана – богадельня
қайықкөген – лодочный причал
қақпа құлақ – верный слух
қақпаша – 1. калитка; 2. крышка
қақпашы – дворовой
қақпашы әйел – консьержка
қалабасы – городской, градоначальник
қалиян – кальян, трубка
қалқайма – навес, беседка
қалқыма – поверх воды (на бабочку)
қалпақша – чепец
қалташам – фонарик
қалтқысыздық – самоотверженность
қалыпсыздық – аномалия
қамал-сарай – замок
қамырықты – мучительный
қанжере – дан кровью
қансүрек (адам) – палач
қаншиє – кислица

қапаз – клетка
қапалақ – 1. винт; 2. ветряк
қапалық – грусть
қаптал жол – тротуар
қаптама – 1. чехол; 2. обивка
қараз – предлог
қарақапас – темень
қарамайшы – смолокур
қаратәндер – чернокожие
қарауылбасы – начальник стражи
қарауылша әйел – сторожиха
қардарлық – залог
қаржыгер – финансист
қармақбау – леса, леска, бечева
қарсаңда – на кануне
қарсылаушы – ожидающий
қарықтық (лоңқа) – банка
қарыспалылық – упрямство
қасекі – рама, рамка
қатерсіз ісік – незлокачественный опухоль
қатыран – акула
қауырсақ (сайрауық) – дрозд
қауырт сағат – час пик
қасиетті әкей – священник, святой отец
қинау діңгегі – столб пыток
қиранды – развалина
қиратынды – развалина
қирыш – акула
қиыршықтас – гравий
қисындама – формулировка
қиырсыздық – бесконечность
қиырша – грань
қияпатсыздық – безобразие, безобразность
қожабике – хозяйка
қожайке – хозяйка
қожайым – хозяйка
қожақат – брусника

- қойқап – старые счеты
қоймаша – клет, клетушка
қоқайма – стойка
қоларба – ручная тележка
қолбақыраш (*қолбақыр*) – ковшик
қолбала – подручный
қолбасы – военачальник
қолжазу – почерк
қолжуғыш – рукомойник, (умывальник)
қолкүйме – носилки
қолсандық – дорожные несессеры
қостарамыс – двужильный
қолшам – фонарь
қол шапалақтау (лар) – аплодисменты
қонақжай – 1. гостиная; 2. гостиница
қоңыраухана – колокольня
қоңырауша – колокольчик
қоңыраушы – пономарь
қоразшы – петуховод
қорашы – конюший
қорашық – сарай
қорғаншы – опекун
қорқор – 1. кальян; 2. трубка
қорқоршы – кальянщик
қорқырау – всхраповать
қоруыл – облава
қоян-қолтық ұрыс – рукопашный бой, врукопашную
қоянхана – крольчатник
қуалама саты – винтовая лестница
құбылнама – компас
құдай-ана//құдайана – богородица
құдай әке – бог-отец
құдая – Дева Исцелительница
құж – троллей
құжат – документ
құжхабар – инфдок (информация, документация, справки по любым вопросам)

құзарт тастар – утес
құйма – забор
құймашы – литейщик
құйыршық – домовой
құқық – право
құқықтану – правоведение
құлақша – чек
құлама су – каскад
құлиеленуші – рабовладелец
құлиеленушілік – рабовладение, рабовладельческий
құлпысарай – замок
құмарлық ойындар – азартные игры
құмарпаз ойындар – азартные игры
құмарпаздық ойын – азартная игра
құмархана – вертеп (казино)
құмаршылық – азартность
құмшауыт – песчаный
құнақы – выкуп
құныс-қортық – карлик-горбун
құрсау-белдік – бандаж
құсқора – птичник
құсхана – птичник
құтқарма саты – спасательная лестница
құтсыздық – хаос
құттыхана – 1. будуар; 2. мансарда
құтхана – заведение
құтышақ – флакон
құярлық – устье (реки)
қыдырма – 1. завсегдатай; 2. гуляка
қыдырыс – паломничество
қыдырыстау – прогулка
қыз-ана – дева, богоматерь
қызанақ – томат
қыздырғы – грелка
қыздырғыш – грелка
қызғылт өңді – краснокожий
қызыққұмарлық – любопытство

КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР

қызылтән (дер) // қызылтәнді (лер) – краснокожий (краснокожие)

қылмандық – кокетливость

қылмысқой (лар) – виновники преступлений

қылует – келья

қырымпоз – хлыщ

қыстақ – деревня, деревушка

Л

лаңкес – террорист

лаңкестік әрекет – террористический акт

ласхана – грязнуха

ләмблеме – свекла

ләззатқұмар – сладострастница

ләззатқұмарлық – любострастие, сладострастие

ләззатшіл – сладострастник

ләпкерші – лавочник

леңгір – якорь

лөкет пышақ – мясницкий нож

М

мазарат – тумбочка

маздақ – факель, фитиль

мазмұндама – коммюнике

майшайғыш – маслобойня

майшам – свечка

мақаугершілік – глупость

мақұлыхат – фауна

мамықтақ – кресло

мамырақан – покой

мапаз – грамота

маржантас – жемчуг

масахана – москитник, намоскитник

маса-құрттар – мотыльки

масахана – москитная сетка

масқарапаз – 1. паяц; 2. коломбин; 3. клоун; 4. скоморох
масқарампаз – паяц
махалла – квартал
мәйітхана – 1. морг; 2. мертвый дом
мәлле – сутана
мәзірет – 1. меню; 2. значение, значимость
мәлімхат – карточка
мәміле – сделка
мәмілегерлік – дипломатия
мәмілеші – посредник
мәнақалы – выразительное
мәнбі//мәнбе – факт
мән-жай – 1. факт; 2. исток; 3. обстоятельство
мәнзүр – аннулирование
мәрәсім – декрет
мәтін – текст
мәуіз – банан
медбике – сестра, медсестра
мейманбезді – негостеприимный
мейманжай – гостиная
меймана – тщеславие
мейманхана – гостиница
мейманхана – постоянный двор
мейрамхана – ресторан, ресторанчик
мейірімхана – приют, благотельня
мекенжай//мекен-жай – 1. адрес; 2. поместье
мекен-тұрақ – край
мизам – 1. сентябрь; 2. июнь
микеше – дура, последняя дура
мойынорағыш – шарф
мойын орамал – шейный платок
мойынтағар – галстук
мойынтақ – галстук
мөртанба, мөр-танба – штемпель (печать)
мұғалима – учительница
мұғдар – размер
мұздақ – ледник

мұрағат – архив
мұражай – музей
мұра хат – завещательное письмо
мүкәммал, мүкәмәл – имущества
мүмдеу – бальзамирование
мүсәпірхана – 1. гостиница; 2. дом инвалидов
мүсінше – фигурки
мүшелтой – юбилей
мылтықшы – аркебузир
мінажатхана – 1. часовня; 2. молельня, молитвенный дом
мішім – котенок
мішімдеген – окотившаяся [кошка]

Н

насағты – торжественный
нашақұмарлық – наркомания
нәзшайма, нәзшайғыш – унитаз
нәсілет – род
нәубетші – «очередь»; вахтер
нәубетхана, наубатхана – кухня
несиегер – кредитор
нұсқама – стрелка
нымша – 1. блузка; 2. жилет

О

ой-жоспар – замысел
ойнасқор – распутник
оқаша – поднос
оқпана – 1. окоп; 2. траншея
омырауша – жилет
онбасы – десятник
оңжағалау – правобережье
орамалша – платок
опа – 1. косметика; 2. пудра; 3. духи
опа-далап – косметика

орағыш – шарф, (ткань)
оралым – квартал
орамалша – 1. платок, платочек; 2. чепец; 3. косынка
орамжай//орам-жай – имение
омырауша – манишка
орынпұл – плата за проживание
орынтақ – кресло
орынтақша – креслице
от алдырғыш – зажигание
отана – 1. семьянинка; 2. хозяйка
отарба – огненная карета (поезд)
оташы – хирург
от жаққыш – зажигалка
от тұтатқыш – зажигалка
отаншыл – патриот
отаншылдық – патриотизм
отбасы – семья
оттық – кремня
отты су – огненная вода [водка]
отшақпақ – зажигалка
отшашу – фейерверк, салют
отыншы – дровосек
отырғыш – скамеечка
отырмақ – застолье
ошақ иесі – домовый
ояб – фон
ояныс – подъем

Ө

өздерек кәртiшкесi – визитная карточка
өзекше – речушка
өзенше – 1. река; 2. речка; 3. ручейка, ручья
өзiн-өзi өлтiрушiлiк – самоубийство
өкше темiр – шпора
өлкейлiк – сельва
өлкек – свежесть (свежий ветер)

өмірсерік – спутник (-ца)
өмірсүйгіш – жизнелюб
өміртарих – летопись
өрдік – балка
өрмелеуші – альпинист
өртсөндірігіш – огнетушитель
өруші – каменщик
өсиетнама – завещание
өсімқор – ростовщик
өтемақы – 1. компенсация; 2. взнос
өткелек – 1. проход; 2. арка; 3. переход
өткінші – прохожий
өтпелі жас – переходной возраст
өтіл – 1. стаж; 2. призыв

П

пайыз – процент
панажай – приют
патшазада – принц
пәрәміш – пирожки
пәтерақы – квартплата
пәтерман – квартирьер
пәтер-студия – квартира-студия
пәтерші – 1. квартирант; 2. нахлебник
петперек – пропеллер
пілпіл – горчичник

Р

рабада – резиденция
рақат-ләззат – блаженство
рәсім – 1. церемония; 2. обряд; 3. процедура
рәсімшілдік – обрядность
рубасы – глава рода

С

сабат – балкон
сазгер – композитор
сайдауыт – авангард
сайқымазақ – 1. комедиант; 2. паяц; 3. клоун
сайлауалды – предвыборный
сайран – пикник
сайыскер – тореро
сақархана – мыловарня
сақпан – праща
салғырт – доля
салдау – леса (строительные)
салдауыр – грузила
салқам – рассеянный
салқам арба – колымага
салтқы – 1. щеколда; 2. пружина; 3. трап
салым – заклад (вклад)
салымшы – 1. вкладчик; 2. клиент
самалжай – беседка
самшит – букс
сапаржай – вокзал
сапарман – путник
саптыаяқ – бокал
сапы – шпага
сараптама – экспертиза
сараптамашы – эксперт
сарапшы – эксперт
сарасана – самосознание
сардар – офицер
сарпақ – мундир
сатарман – торговец, торговка
сатылым – распродажа
сатыпалушы – покупатель (ница)
сауалнама – опрос
саушылық – здоровье
сауытша – табакерка

сауықжай – салон (заведение для веселья)

сауықкеш – бал

сауықхана – 1. казино; 2. мюзик-холл

сауыншелек – подойник

сауытша – флакон [чик]

саябақ – 1. парк; 2. сквер

саяжайлықтар – дачники, дачницы

саяжайшы – дачник

саяжол – 1. аллея; 2. бульварь

сәуле қоңыз – светлячок

себелегіш – душ

себетке – корзинка

себеті – корзина

сезікшілдік – подозрительность

сезімпаздық – чувствительность

сезімшіл – сентиментальный

сенімпаздық – доверчивость

сеппе – присыпка

сердебе – роскошь

серуенбақ – аллея

серуенжай – променад

серуенші топ – экскурсия

сері – рыцарь

соқыр наным – предрассудки

сопы – монах

сопылық – аскетизм, аскетический

сопынама – смиренный, смиреннейший

сопытай – монашка

сопыхана – монастырь

сорбақ – несчастный

сөзсайыс – диспут

сөлкебай – медаль

сөрелік – витрина

суағар – сточный (сток)

суағар – водосточный

субұрқақ – фонтан

суқағар – 1. зонт, зонтик; 2. плащ

суқұйғы – лейка
су құламасы – водопад
сусиыр – морская корова
сусынхана – кофейня
сутас – хрусталь
сушашқыш – лейка
сұрқайылық – некрасивость
сұртаңдай – болтун
сұқбаттақ – беседка
сұхбатхана – беседка
сұхбатшы – собеседник
сүген балық – форель
сүзекі – решето
сүйел жазар – гелиотроп
сүйемел – поддержка
сүйеу – поддержка
сүрткі – швабра
сүртік – сюртук
сүтана – кормилица
сүтене – кормилица
сүтсірне – сыр
сүтхана – молочная
сыбыршы – суфлер
сыбысқұмарлық – любопытство
сызба – чертеж
сыйақы – вознаграждение
сыйсандық – шкатулка
сылау май – крем для притирания
сымбал – кофра
сымтемір – проволока
сынсымбат – форма (фигура)
сынып – класс
сыныптас – одноклассник
сыпайыгершілік – деликатность
сырғауыл – стропила

сілеге – рейка, речка
сілімтір – дрянной

Т

табадан – сковородка
табанжол//табан жол – 1. тротуар; 2. аллея
табытшы – могильщик
тағылымдама – стажировка
тақтайша – плитки
тақташа – 1. плита; 2. кафель
талапай – кража, грабеж
талапайшы – грабитель
танысқы кәртiшкесі – визитка, визитная карточка
танысу кәртiшкесі – визитная карточка
тапсырыс – заказ
тапсырыс беруші – заказчик
тапсырысшы – заказчик
тарбақа – лягушка
тасбейне – статуя
тасқазан – каменоломня
тасметін – закастенеть
тасошақ – камин
тас уатқыш – камнедробилка
таупықсыздық//таупиқсыздық – неблагодарность
таутөбе – гряда
тауықхана – курятник
тәбіретке – табуретка
тәжірибехана – лаборатория
тәкие//тәкия – гостиница
тәлімгер – наставник
тәлімгерлік – педагогичность
тәлімші – духовник
тәмсақ – дельфин
тәнөрнек – татуировка
тәңірия – богоматерь
тәпі – крысоловка

тәсілқой – лукавый
тәубехана – исповедальне
тәубешілік – исповедальне
тәу етушілік – паломничество
тәштит – гебешок
тежеуіш//тежегіш – тормоз
тезекқорек қоңыз – навозный жук
текқағаз – визитная карточка (визитка)
текшеметр – кубометр
телпекше – шапочка
теңбілтер – ягуар
теңгелік – монета
теңіз тонаушысы – корсар
тепкір – шпора
тепкішек – 1. педаль, 2. лестница
теруші – наборщик
терім – набор, гранка
тескіндік – клапан
тиектүйме – запонка
тоғайша – рожице
тоқашхана – булочная
тоқмейілдік – величавость
тоқымнан – пирог
толқын тосқыш – волнорез
толқыну – волноваться
толқыныс – волнение
тоңтәртіп – формальность
топатай – кусочек
топтама – 1. коллекция; 2. цикл; 3. серия
топы – туфли
торғы – перевал
торкөз – решетка
торперде – вуаль
торықпа – пессимист
тошалақ – крыжовник
төбелдірік – шпиль
төгінді – клякса

төзімтал – сдержанный
төлемақы – оплата
төлем қағаз – счет
төлем-сыйлық – уплата
төлқұжат – 1. паспорт; 2. пропуск
төралқа – президиум
төрешек, (шарғы) – катушка
төсағаш – кушетка
төстартқыш – бюстгальтер
туындыгер – автор
тұғырша – сидяк
тұзсорғыш – солесос
тұжырымдама – концепция
тұқыбалық – карп
тұншықпа – удушье
тұрақжай – жилище
тұрғынжай – жилье
тұсағаш – панель
тұсқағаз – обои
тұшытқыш – опреснитель
түбекше – коса
түйме-тесік – кнопка
түймеше – кнопка
түйісім – стык
түз киім – нижнее белье
түкіргіш – плевательница
түнбике – полуночица
түнемел – спальня
түнжарық – ночничок
түнкезер – лунатик
түніке – черепица
түпкілікті халық – коренное население
түптеуші – переплетчик
түршек – сушеный плод
түскілік – обед
түстік – обед
түсірілім – снимок
түтікше – поры

түтінтүтқыш – дымоуловитель
тышқанқақпан – мышеловка
тілек-хат – рекомендательное письмо
тілкем – участок
тілхат (қолхат) – расписка
тіркеме – прицеп
тірі тауар – живой товар
тіскебасар – закуска
тісқап – коронка
тіс тазартқыш – зубочистка

У

уазипалы – заслуженный
уәж – доводы
уәлаят – провинция
уәспі – микстура

Ұ

ұзынша – скамья, скамейка
ұйқыашар – зорька
ұйқыбезер – лунатик
ұйқы бөлмесі – спальня
ұйық – носки
ұстаған – стакан
ұстаршы – 1. брадобрей; 2. цирюльник
ұстын – 1. устои; 2. догма; 3. колонна
ұсыным – предложение
ұтысшы – понтёр
ұшақ – самолет
ұяжай – гнездышко

Ү

үдеріс – процесс
үй бикесі – домохозяйка, хозяйка дома

үйкөк – подставка
үй қожасы – хозяйка, хозяйка дома
үйсынық – вдовец
үй тұтқыны – домашний арест
үйіші – 1. семейства; 2. домачадцы
үкім-билік – власть
үлбірек қағаз – салфетка (бумажная)
үлгіші – модистка
үлкейткіш шыны – лупа
үлесші – пайщик
үнпаз торғай – канарейка
үнпарақ – листок, листовка
үрдіс – 1. тенденция (мода); 2. обычай
үргедек – щепетильный
үрдіс шабуыл – схватка (атака, наступление)
үрей бөлмесі – комнаты ужасов
үскене – домик, помещение
үстелше – столик
үстірік – рубанок

Ф

фотозертхана – фотолаборатория

Х

ханым – 1. мадам; 2. госпожа; 3. сударыня; 4. барыня
ханымша – принцесса
хаттама – протокол
харамхана – 1. сераль, (гарем); 2. публичный дом
хауыз – 1. купальня; 2. бассейн
хикаят – повесть
хорхор – кальян
хошуақ – быть в духе, хорошее настроение
хұжыра – альков

Ш

шабата – лапти; опанка
шабыну – париться
шайлық – чаевые
шайнама – закуска
шайқы – потешник
шайтабақ – блюде
шақа – монета
шалғыншылық – патруль, патрульная служба
шамаданша – чемоданчик
шамдал – лампадка
шамшыр – каштан
шапшыма – фонтанчик
шарапхана – 1. бар; 2. кабак, кабачок
шарапханашы – трактирщик
шарқай – лаптя
шартнама – контракт
шаруабасы – староста
шауыпкел – курьер
шатырша – навес
шаш орамы – прическа
шаштараз // шаштаразшы – парикмахер
шашыранды – брызг
шенеме – сопоставление
шеңберше – ободок
шерәлі – леший
шетіндік – *цепетильность*
шешімділік – решимость, решительность
шипашақ – рецепт
шипан – 1. беседка; 2. веранда
шипая – хилая
шой балға – отбойный молоток
шойман – крупный
шоқынды – богомолец
шомылма – купальня
шомырық – осколок

шонтай – кисет
шошқахана – свиарник
шөгенше – чугунка
шөлмекше – 1. баночка; 2. бутылочка
шөлмекші – бутылочный
шөптесін – левкоя
шөрлік – полка
шуалшаң құрттар – прудовые червяки
шұжықша – сосиски
шұқырша – котловина (ямочка)
шүбәшіл – сомнительный
шүберекші – ветошник
шыбынша – коробка для мух
шығармашылық – творчество
шығарылым – выпуск
шылымпаз – курячий (курящая)
шылымсауыт – портсигар
шылымшы – курильщик
шымшеур – ухват
шынтақша – подлокотник
шыныайна – роговик
шыныаяқ – 1. чашка, чашечка; 2. блюдца
шырайналыс – кругообразный (кругооборот)
шырғалаңқұмар – искатель приключений
шіркеубасы – церковные власти (глава церкви)

Ы

ызасырық – бешенство
ымырасыздық – непримиримость
ыстыққандылық – горячность
ысырапқорлық – мотовство

І

ізкесер – следопыт
ілгекбау – петля

ілгекші – крючник
ілгерішілдік – прогресс
ісмерхана – мастерская (сапожника)
іссапар – командировка
іс-шара – затея (мероприятие)
ішермен – собутыльник
ішкөйлек – комбинация
ішкілік//ішімдік – спиртное, выпивох
іштартқыш – корсет
іштартпа – корсет
ішкілікхана – кабак, кабачок
ішімдікхана – бар
ішімхана – кабак

**Көркем аудармадағы жаңа атаулар мен
қолданыстардың орысша-қазақша сөздігі**

А

абажур – бүркеншік, шам бүркеншігі
аббатство – абаттық
авангард – сайдауыт
автор – туындыгер
автослесарь – 1. автодәнекерші; 2. автореттеуші
авторитетный – аптариқалы
агат – жұзақ
агония – жантәсілім
администратор – әкімгер
адрес – мекенжай, мекен-жай
азартные игры – 1. құмарпаздық ойын; 2. құмарпаз ойындар; 3. құмарлық ойындар
азартность – құмаршылық
акация – жайдарма
аким – әкім (*администратор*)
акимат – әкімдік
акт – кесім
акула – 1. қатыран; 2. қирыш

аллея – 1. саяжол; 2. табан жол; 3. серуенбақ
альпинист – өрмелеуші
альков – хұжыра
амбразура – атыс ұясы
англоман – ағылшынқұмар
аномалия – қалыпсыздық
аплодисменты – қолшапалақтау, қолшапалақтаулар
апостол – шадияр
аптекарь – аптекші
арка – өткелек
аркебузир – мылтықшы
архив – мұрағат
аскетизм, аскетический – сопылық
аудитория – дәрісхана
афиша – жарнама
афишка – жарнамалық
аэродром – әуежай
аэропорт – әуежай

Б

бабник (и) – әйелқұмар (лар)
бакенбард – жақсақал
бал – сауықкеш
бальзамирование – мүмдеу
балка – өрдік
балкон – сабат
банка – қарықтық
баночка – шөлмекше
банан – мәуіз
бандаж – құрсау-белдік
бар – 1. шарапхана; 2. ішімдікхана
барабан – 1. қағыран; 2. даңғара
барыня – 1. ханым; 2. бекзада
бассейн – 1. әуіт; 2. хауыз; 3. өуіз
бездействие – бейқарекеттік
бесконечность – қиырсыздық

- безнравственно – бейтағлым
беззаботный – бейсеубет
безобразие безобразность – 1. қияпатсыздық; 2. қазан бұзарлық
бельевой, бельевая комната – көр-жер бөлмесі
белокожие – ақжүзділер
бензопила – бензинара
беременность – жүктілік, екіқабаттық
беседка – 1. самалжай; 2. сұхбатхана; 3. дамылжай;
4. сұқбаттақ; 5. шипан
бечева – қармақбау
бешенство – ызасырық
благодельня – мейірімхана
благоразумие – ақылмандық
благородный – асылзатты
благодельня – мейірімхана
благословение – алқау
благосостояние – 1. әл-ауқат; 2. богатство
благоустройство – абаттандыру
блаженство – рақат-ләззат
бледнолицые – ақжүзділер
близость – ашынажайлық
блузка – нымша
блюдце – шайтабақ
блюдца – шыныаяқ
богоматерь (дева) – 1. қыз-ана; 2. тәңірия
богородица – құдай-ана, құдайана
бог-отец – құдай әке
богадельня – қайырхана
богомалец – шоқынды
богомолки – дінияуи
бокал – саптыаяқ
болтливость – бейауыздық
болтун – сұртаңдай
бомбоубежище – бомбапана
бондарь – бөшкеші
бочонок (~чонка) – кеспекше

брадобрей – ұстарашы
бродячая стена (выставка) – жүрмелі көрме
брусника – қожақат
брызги – шашыранды
будка, будочка – дүңгіршек
будуар – құттыхана
букет – гүлдесте
буклет – бүктеме
букля – бұрама
бук – самшит
булочная – тоқашхана
бульвар – 1. саяжол; 2. жағажол
бунт – бұлғақ
бунтовщик – бұлғақшы
бургомистр (градоначальник) – дуанбасы
бурка – кебентай
бурмашина – бормәшін
бутылочка – шөлмекше
бутылочный – шөлмекші
буфет – асадал
быкосел – бұқаесек
быть в духе – хошуақ
бюст – кеудеше мүсін
бюстгальтер – 1. төстартқыш; 2. кеуде тартқыш

В

вагонетка – вагонша
ваза (цветочная) – 1. гүлқұты; 2. гүлсауыт
вахтер – есікші
вдовец – ұйсынық
ведомство – идара
везучесть, везучие – жолболғыштық
величавость – тоқмейілдік
велосипед – желарба
венки – 1. гүл-алқа; 2. гүлшоқ; 3. гүлдесте
веранда – шипан

- верный слух – қақпа құлақ
вертеп (казино) – құмархана
ветошник – шүберекші
ветряк – қапалақ
вешалка – киімілгіш
винт – қапалақ
витамины (*тонические средства*) – дәрумен
витрина – 1. сөрелік; 2. жарнама
взвешиватель (золото) – дідәгер
взлетная дорожка – ұшу жолдары
взнос – 1. жарнапұл; 2. өтемақы
визитная карточка (визитка) – 1. өздерек кәртiшкесі;
2. текқағаз; 3. танысқы кәртiшкесі; 4. танысу кәртiшкесі
виновники преступлений – қылмысқой (лар)
винтовая лестница – қуалама саты
витрина (реклама) – жарнама
вкладчик – салымшы
владение – иелік
власть – үкім-билік
водка, гор – отты су
водоем – байлама
водонос – әпкіш
водопад – су құламасы
водосточный – суағар
военачальник – 1. қолбасы; 2. әскербасы
вознаграждение – сыйақы
воитель – жаугер
вокзал – сапаржай
волнение – толқыныс
волнорез – толқын тосқыш
волноваться – толқыну
волокит (бабник) – әйелқұмар
вор – жырынды
восковая свеча – балауызшам
врукопашную (борьбу) – қоян-қолтық ұрыс
всхрапывать – қорқырау
вуаль – 1. торперде; 2. бетперде

вход – кіреберіс
выжидательная (позиция) – күтімтарлық
выкуп – құнақы
выпуск – шығарылым
выразительное – мөнақалы
выступление – көрсетілім
высшие круги общество – жоғарғы қауым

Г

гавань – айлақ
галстук – 1. мойынтақ; 2. мойынтағар
гарантия – кепілдеме
гвардеец – гвардиягер
гелиотроп – сүйел жазар
герб – 1. елтаңба; 2. ентаңба
гимн – әнұран
гипс – 1. ғаныш; 2. керіш
гирлянда – гүл алқа
гнездышко – ұяжай
глава рода – рубасы
глоток – жұтым
глупость – 1. ақымақгершілік; 2. мақаугершілік
гонщик – жарысшы
горбун – құныс
городки – доптаяқ
городовой, градоначальник – қалабасы
громкоговоритель – дауыстағыш
горчичник – пілпіл
горшок – 1. дәретсауыт//дәрет сауыты; 2. боқтыаяқ
горячность – ыстыққандылық
господь – жание
госпожа – ханым
гостиная – 1. қонақжай; 2. мейманжай
гостиница – 1. қонақүй; 2. мейманхана; 3. мейманжай;
4. мүсәпірхана; 5. қонақжай; 6. Тәкие//тәкия
грабеж – талапай

грабитель – талапайшы
гравий – қиыршықтас
гражданка – азаматша
грамота – мапаз
гранка – терім
грань – қиырша
графство – графтық
гребешок – тәштит
грелка – 1. қыздырғы; 2. қыздырғыш
груда – таутөбе
груз – салдауыр
грузила – 1. батырғы; 2. салдауыр
грузчик – жүкші
грусть – қапалық
гряда – жүме
грязнуха – ласхана
гуляка – қыдырма

Д

дама – бике
дачник – саяжайшы
дачники, дачницы – саяжайлықтар
дворник – аулашы
дворовой – қақпашы
дворянка – барыня
двужильный – қостарамыс
двуколка – көтек арба
Дева Исцелительница – құдая
декларация – шартнама
декрет – мәрәсім
деликатность – сыпайыгершілік
дельфин – тәмсақ
демагог – сұртаңдай
деньги (средства) за проезд – жолқаражат
депеша – арызхат

деревня, деревушка – қыстақ
десятник – онбасы
детоубийцы – балаәлтіргіш
дипломатия – мәмілегерлік
директивы – бағыттама
диспут – сөзсайыс
доверчивость – сенімпаздық
догма – ұстын
договор – келісімшарт
доказательство – дәлелдеме
докладная записка – 1. баянхат; 2. баяндау-жазба;

3. баяндау хаты

документ – құжат
должник – 1. борышкер; 2. борышқор
дольщик – үлесші
доля – салғырт
домохозяйка, хозяйка дома – үй бикесі
домочадцы – үйіші
домашний арест – үй тұтқыны
домик, помещение – үскене
домовой – 1. құйыршық; 2. ошақ иесі; 3. үй әруағы
дом терпимости – ашынажай
дорожная колея – жол атымы
дорожная сумка – жол сөмке
дорожные несессеры – қолсандық
древность – ежелдік
дровосек – отыншы
дрозд – қауырсақ (сайрауық)
дрянной – сілімтір
дура, последняя дура – микеще
дутые – қабартпа
духи – 1. әтір; 2. дәршімай; 3. иіссу; 4. опа
духовник – 1. дінбасы; 2. тәлімші
душ – себелегіш
дымоуловитель – түтінтұтқыш
дыхания – демтыныс

Е

егерь – даңғазашы
единоверцы – бастастар

Ж

жажда счастья – бақытқұмарлық
жемчуг – маржантас
жернов – жебіртас
живой товар – тірі тауар
живые души – жаниелері
жизнелюб – өмірсүйгіш
жилет – 1. омырауша; 2. нымша
жилица – тұрақжай
жилье – тұрғынжай

З

забор – құйма
заведения – құтхана
завещание – өсиетнама
завещательное письмо – мұра хат
заводчик – зауытшы
завсегдатай – қыдырма
завтрак – ауызашар
заготовка – дайындама
зажигалка – 1. от жаққыш; 2. от тұтатқыш; 3. отшақпақ
зажигание – от алдырғыш
заказ – тапсырыс
заказчик – 1. тапсырысшы; 2. тапсырыс беруші
заклад (вклад) – салым
закладной, залог – кепілзат
законник – 1. заңшы; 2. заңгер
закостенеть – тасметін
закуска – 1. тіскебасар; 2. басытқы; 3. шайнама
записка – жазбахат
залог – кепілзат

залог – қардарлық
заложник – кепілтұтқын
заметки (записка) – жазба (лар)
замок – 1. қамал-сарай; 2. құлпысарай
замысел – ой-жоспар
занавес, понева – бөксерме
записка – жазбахат
за постой (плата за проживание) – жамбасақы//жамбас ақы
запонка – 1. тиектүйме; 2. жең-түйме; 3. зәпөнке
заслуженный – уазипалы
застолье – отырмақ
затя (мероприятие) – іс-шара
заулок (площадка) – алаңша
защитник – қорғаншы
заявитель – арызшы
зверинца – айуанхана
зверобой – аңсоғар
здание – ғимарат
здоровье – саушылық
зелен – көкөскін
зеленщик – көкөнісші
землятресение – зілзала
землечерпалка – жерсорғыш
зернистость – бөртімек
знак – белгі-таңба
знаток коней – атбегі
значение, значимость – мәзірет
знахарь – емгер
зольник – күлші
зонт, зонтик – суқағар
зоопарк – айуанхана
зорька – ұйқыашар
зубочистка – тіс тазартқыш

И

идиот – жындыпаш
извозчик – кіреші

издатель – баспашы
изделия – бұйымтай
изумруд – зүмірет
иллюзионист – көзбояушы
имбирь – жанжабіл
имение – 1. иелік; 2. орамжай // орам-жай
имуущество – мүкәммал, мүкәмәл
инквизитор – азапшы
интеллигентный (интеллектуал) – зияткер
интеллигенция – зиялы қауым
интриганка – бопсалаушы қыз
информация – ақпарат
ипподром – атшабар
искатель приключений – шырғалаңқұмар
исповедальне – 1. тәубехана; 2. тәубешілік
исповедь – арызнама
истеричка – жындыпаш
исток – факт
история жизни, автобиография – өміртарих
июнь – мизам

К

кабак, кабачок – 1. ішкілікхана; 2. ішімхана; 3. шарап-хана; 4. кәйіпхана
казино – сауықхана
календарь – 1. күнтізбе; 2. күнпарақ
калибр (оружейных дел) – елілегіш
калитка – қақпаша
кальян – 1. қалиян; 2. хорхор
кальянщик – қорқоршы
каменоломня – тасқазан
каменщик – өруші
камин – тасошақ
камнедробилка – тас уатқыш
канава – 1. арнаша; 2. жырақа
канарейка – үнпаз торғай

канатоходец – даршы
картофель – ақтүйнек
капюшон – күлпара // күләпара
караульная (женщина) – қарауылша
карлик-горбун – құныс-қортық
карнавал – әйгөлек
карп – тұқыбалық
корсет – іштартқыш
карточка – мәлімхат
каскад – құлама су
категоричность – кесімділік
катушка – төрешек (*шарғы*)
кафе – дәмхана
кафель – тақташа
каштан – шамшыр
квартал – 1. оралым; 2. махалла
квартирант – 1. пәтерші; 2. пәтерман
квартира-студия – пәтер-студия
квартирьер – пәтерман
квартиплата – пәтерақы
келья – қылуат
керосин – жермай
кинозвезда – киножұлдыз
киоск – дүңгіршек
кипяток – қайнақсу
кисет – шонтай
кислица – қаншиє
кисть – 1. ақтауыш; 2. жаққыш
кладбища – қабірстан
клапан – тескіндік
класс – сынып
клет, клетушка – қоймаша
клетка – 1. жасуша; 2. қапаз
клиент – 1. дәркер; 2. салымшы
клубучники – күләпаралылар
клоун – 1. масқарапаз; 2. масқарампаз; 3. сайқымазақ
клочок – жыртынды

- клумба – гүлдесте
ключничек – кілтші
кнопка – 1. түймеше; 2. түйме-тесік
коврик – кілемше
ковшик – қолбақыраш (қолбақыр)
кокетливость – қылмандық
колдовство – жадылық
колдун – дуақант
колесница – жауарба
коллекция – 1. топтама; 2. цикл
колодка – балшелек
колокольня – қоңыраухана
колокольчик – қоңырауша
колонна – ұстын
колоннада – айбан
колотушка – дап
колымага – салқам арба
командировка – іссапар
комбинация – ішкөйлек
комедиант – сайқымазақ
комик – күлдіргі
комнаты ужасов – үрей бөлмесі
компас – құбылнама
компенсация – жәрдемақы
композитор – сазгер
компромисс – келсімпаздық
коммюнике – мазмұндама
конвойный – айдауыл
консьержка – 1. есік бағушы; 2. есік күтуші; 3. қақпашы
әйел
контрабандист – 1. аткешір; 2. аткешші
контракт – 1. келісімшарт//келісім-шарт; 2. шартнама
концепция – тұжырымдама
конюший – 1. атқорашы; 2. қорашы
кораблик – кемешік
коралл – маржانتас
коренное население – түпкілікті халық

корзинка – себетке
коридор, прихожка (*жерг. сөз.* кіреберіс, дәліз) – айбан
коридорный – дәлізші
корица – дәмқабық
кормилица – 1. сүтене; 2. сүтана
коробка для мух – шыбынша
коронка – тісқап
корсаж – белтартар
теңгелік – монета
корзина – себеті
корсар – теңіз тонаушысы
корсет – іштартпа
коса – түбекше
косметика – 1. опа; 2. опа-далап; 3. далап
косынка – орамалша
котенок – мішім
котловина (ямочка) – шұқырша
кофейник – 1. кофеқайнатқыш; 2. кофеқұман
кофейня – 1. кофехана; 2. сусынхана
кофра – сымбал
кошмар – шошымал
кража – талапай
край – мекен-тұрақ
краснокожий (краснокожие) – 1. қызылтән (дер), қызыл-
тәнді (лер); 2. қызғылт өңді (лер)
кредитор – несиегер
крем для притирания – сылау май
кремня – оттық
крепление – бекітпе
крепостной – 1. басыбайлы; 2. кіріптар
кресло – 1. орынтақ; 2. мамықтақ; 3. бақтақ
креслице – орынтақша
крест – креш
крольчатник – қоянхана
кругообразный (кругооборот) – шырайналыс
крючник – ілгекші
крыжовник – тошалақ

крысоловка – тәші
крыша над головой – панажай
крышка – қақпаша
кубометр – текшеметр
купальня – 1. шомылма; 2. хауыз
куртка – күртеше
курячий (курящая) – 1. шылымпаз, 2. бәңші
курильня – бәңхана
курс – бағам
курьер – шауыпкел
курятник – тауықхана
кусочек – топатай
кутила – дүниешашар
кухня – 1. асүй; 2. асхана; 3. аспазхана; 4. нәубетхана,
наубатхана
кушетка – төсағаш

Л

лаборатория – 1. зертхана; 2. тәжірибехана
лава – 1. балқыма; 2. бұрқақ; 3. жанартау
лавка, лавочка – 1. дүңгіршек; 2. дүкенше
лавочник – ләпкерші
лагуна – аралшық
ладан – иісмай
лампадка – шамдал
лапти – шабата
лапти – доптаяқ
лаптя – шарқай
ларёк – дүкеншік
доводы – уәж
левкоя – шөптесін леди (дама) – бекзада
леди – бибі
ледник – мұздақ
лейка – 1. сукұйғы; 2. сушашқыш
лекарь – емгер
лепешка – көмеш

КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР

леса (строительные) – салдау
лестница – басқыш
лестничная площадка – 1. баспалдақ алаңы; 2. басқыш алаңы; 3. баспалдақ алаңшасы; 4. басқыш алаңқайы
лекция – дәріс
леса, леска, бечева – қармақбау
лестница (ступень, ступенка) – басқыш
летопись – өміртарих
леший – шерәлі
ликвидатор – жойымпаз
листок, листовка – үнпарақ
литейщик – құймашы
лифт – жеделсаты
лодочный причал – қайықкөген
ложь – жалғаннама
лоскуток, лоскуточек – жыртынды
лукавый – тәсілқой
лунатик – 1. айкезбе; 2. айғарақты; 3. айшалық; 4. түн-кезер; 5. ұйқыбезер
лупа – үлкейткіш шыны
любопытный – елең құлақ
любопытство – 1. қызыққұмарлық; 2. сыбысқұмарлық
любострастие – ләззатқұмарлық
лягушка – тарбақа

М

магазинчик – 1. дүкеншік; 2. дүкенше
магия – дуагерлік
мадам – 1. ханым; 2. бике
манишка – омырауша
маленький полуостров – түбекше
манжеты – 1. қайырма; 2. жиектеме
маска – бетбейне//бет-бейне
маслобойня – майшайғыш
мастерская – ісмерхана
матица – ұстын

- матриархат – анаеркі
матрос – кемеші
мать-королева – королева-ана
мачта – кіндік діңгек
медаль – сөлкебай
медсестра – медбике
меню – мәзірет
мерзость – дәйістік
метранпаж – беттеуші
мешанина – былықпа
микстура – уәсі
миролюбивый – бейбітшіліксүйгіш
мисс – бике
могильщик – 1. көрбан; 2. табытшы
модистка – үлгіші
москитник, намоскитник – масахана
молельня, молитвенный дом – 1. мінажатхана; 2. ғиба-
датхана
молоток – балғаша
молочная – сүтхана
монастырь – 1. әдірият // әдірият // әдарият // әдиярат;
2. сопыхана
монах – сопы
монашка, монахиня – 1. келеңше; 2. сопытай
монета – 1. шақа; 2. теңгелік
мораль – иманшылдық
морг – 1. мәйтхана; 2. мертвый дом
морская корова – сусиыр
москитная сетка – масахана
мостик (капитанский) – көпірше
мотовство – ысырапқорлық
мотыльки – маса-құрттар
мошенник – алаяқ
музей – мұражай
мундир – сарпақ
мутить – електену
мученик – 1. азапкер; 2. азапқор; 3. ғазапкер

мученичество – азапкерлік
мучительный – қамырықты
мэр, мэр города – 1. дуанбасы; 2. әкім
мэрия – әкімдік
мюзик-холл – сауықхана
мыловарня – сақархана
мышеловка – тышқанқақпан
мясницкий нож – лөкет пышақ
мясоеды – етжегіштер//етжеушілер

Н

набор – терім
наборщик – 1. теруші; 2. әріп теруші
навес – 1. қалқайма; 2. жаппа; 3. шатырша
навозный жук – тезекқорек қоңыз
надконтинентальный – аспансайғақ
нагрудник – кеуделік
наждачная бумага – зімпара
наемник, наемные рабочие – жалданды (лар)
на кануне – қарсаңда
наклейка – жапсырма
наркомания – нашақұмарлық
наркотик – есірткіш
нарты – итшана
наставитель, наставник – тәлімгер
научный прогресс – ғылыми ілгерішілік
начальник стражи – қарауылбасы
нашествие – аттаныс
нашивка – жапсырма
нахлебник (квартирант) – пәтерші
неблагодарность – таупықсыздық // тауипқсыздық
негр – зәңгі
небытие – бейболмыс
невольник – кіріптар
негостеприимный – мейманбезді
недовольный – бейразылық

незлокачественный опухоль – қатерсіз ісік
негр – зәңгі
некрасивость – сұрқайылық
некролог – азнама
нелепость – ақымақшылық
непримиримость – ымырасыздық
неприятнь – жеккөрушілік
нервная (-ый) – жындыкеш
нерешительность – батылсыздық
несокрушимый – ерсері
несчастный – сорбақ
нефтяник – қарамайшы
нижнее белье – түз киім
низкая лампа (светильник, настольная лампа) – бұқпа

шам

низкий стол – жозы
носильщик – жүкші
носилки – қолкүйме
носки – ұйық
ночничок – түнжарық
ночнушка – бойкөйлек
ночная леди, бабочка – түнбике
няня – даяшы

О

обед – 1. түстік; 2. түскілік
обезболивающий – ауру басар
обивка – қаптама
облава – қоруыл
область – уәлаят
обломки – қиранды
ободок – шеңберше
обоз, повозка – арқұқ
обои – 1. тұсқағаз; 2. қабырға қағазы
оборка – жиырма
образок – кескінше

обряд – рәсім
обрядность – рәсімшілдік
обстоятельство – 1. мән-жай; 2. жағдаят
объявление – жарнама
обычай – үрдіс
овин – дегдітпе
огненная вода (водка) – отты су
огненная карета (поезд) – отарба
огнетушитель – өртсөндірігіш
одеколон – 1. әтір; 2. иіссу
одноклассник – сыныптас
одышка – тұншықпа
ожидающий – қарсылаушы
окоп – 1. оқпана; 2. жертөле
окотившаяся (кошка) – мішімдеген (мысық)
оленебой – бұғыатар
олигарх – алпауыт
омырауша – манишка
онулирование – мәнзүр
опекун – қорғаншы
оплата – төлемақы
опасения – абайлаушылық
опреснитель – тұшытқыш
опрос – сауалнама
оптовик – көтермеші
оранжерея – гүлбақ
организм – ағза
оригинальность – кіділік
освещение – жарықтану, жарықтандыру
освободитель – азаткер
осколок – шомырық
островок – аралшық
осужденный – жазагер
откупщик – көтермеші
отбойный молоток – шой балға
открытие – ашылыс
открытка – ашықхат

отряд – жасақ
отступничество – келісімпаздық
офицер – сардар
официант – дәйекші

П

пагуб (ночь) – жойымпаздық
процент – пайыз
пайщик – үлесші
пакетик – бүктеме
палач – қансүрек (адам)
паломничество – қыдырыс
панель – тұсағаш
пансион – күтімжай
парен, молодой человек – бозым
парикмахер – шаштараз//шаштаразшы
париться – шабыну
парк – саябақ
пароходство – кемешілік
паспорт – төлқұжат
патио – алаңша
патриарх – баба
патриот – отаншыл
патриотизм – отаншылдық
патруль, патрульная служба – шалғыншылық
пачка – буат
паяц – 1. масқарапаз; 2. масқарампаз
педагогичность – тәлімгерлік
педаль – тепкішек
пенис (член) – ғаурат
пенсия – зейнетақы
пепельница – күлсалғыш
перевал – торғы
перевод (денежный) – аударым
переговоры – келіссөз
перекат – домалатпа

переплетчик – түптеуші
пересмешник – келемежші құс
переход – өткелек
переходной возраст – өтпелі жас
пессимист – торықпа
песчаной – құмшауыт
петля – ілгекбау
петуховод – қоразшы
печать – мөр-таңба
пешеход – жүргінші
пикник – сайран
пирог – тоқымнан
пирожки – пәрәміш
питомник – көшеттік
плавки – бұтжабар
плантация роз – гүлбақша
пластырь – бұласыр
плата – балбәс
платок, платочек – орамалша
плата за проезд – жолқаражат
плата за проживание – орынпұл
платок, платочек – орамалша
плащ – суқағар
плевательница – түкіргіш
племянница – жиенбике
плита, плитка – 1. тақташа; 2. дүрбе
плитки – тақтайша
плечико – иықша
платогорье – жонқыр
площадка – 1. алаңша; 2. алаңқай
побоище – жойқан
повар – асбапшы
поверх воды (на бабочку) – қалқыма
погонщик – кірекеш
повесть – хикаят
повязка – байлама
поганный (могильщик) – көрбан

- погреб (подвал) – жерқойма
погребальные обряды – батаоқыр
погребок (подвал) – жертөле
поддувало – желкөз
подвал – 1. жертөле; 2. жерқойма
подвязка – иықбау
подголовник – басқойғыш
поддержка – сүйеу, сүйемел
подлец – дәйіс
подлокотник – 1. білексалар; 2. шынтақша
поднос – 1. оқаша; 2. жайпақ табақ; 3. жайматабақ, жай-
ма табақ
подозрительность – сезікшілдік
подойник – сауыншелек
подставка – үйкөк
подручный – қолбала
подтяжка – иықбау
подъезд – кіреберіс
подъем – ояныс
подъемник – көтергіш
поездка – жолсапар
пожалуйста – алдаразы болсын//алдырза болсын
позже – кейінше
показ – көрсетілім
покой – мамырақан
покрывала – жапқы (кресло)
покрывало – 1. жабынды; 2. жамылтқы
покупатель (ница) – 1. аларман; 2. сатыпалушы
поленья – бөлен
полог – жабынды
полуночник – ұйқыбезер
полуночица – түнике
помада – далап
полдник – бесіндік
полка – шерлік
половик – 1. едендік; 2. жертөсеніш; 3. еденжуғыш
полог – 1. кілемше; 2. жабынды

поломойка – еденжуғыш
помидор – алжұмыр
поместье – иелік
поместье – мекенжай
помещик – алпауыт
помойка (свалка, мусор) – күресін
пономарь – қоңыраушы
понтёр (*игрок, делающий ставку против банка, играющий против банкомёта*) – ұтысшы
поплавок – қалқыма
порождение – жаратынды
порт, пристань – кемежай, айлақ
портрет, облик – бетбейне
портсигар – шылымсауыт
порча – бұзылыс
поры – түтікше
пособие – жәрдемақы
посошок – кетераяқ
посредник – 1. делдалшы; 2. мәмілеші
постельное белье – ақжайма
постоялый двор – мейманхана
потешник – шайқы
почерк – қолжазу
правила – қағида
право – құқық
правобережье – оңжағалау
правоведение – құқықтану
праща – сақпан
предвыборный – сайлауалды
предлог – қараз
предложение – ұсыным
предпринимательство – кәсіпкерлік
принадлежит (*крепостной*) – басыбайлы
предрассудки – соқыр наным
президиум – төралқа
препарат – дәрмек
препятствия – кедергілік

преступник – қылмысқой
префектура – әкімдік
приглядит – көзқарақ болу
приезжий – келгінші
призыв – өтіл
приманка – алданыс
принц – патшазада
принцесса – ханымша
принцип – қағидат
пристань – 1. айлақ; 2. жағыс; 3. кемежай
присыпка – сеппе
приходской дом – ғибадатхана
прихожая, прихожка – 1. кірмелік; 2. дәліз
прическа – шаш орамы
прицеп – тіркеме
притязание – дәуа
прихожая – кірмелік
приют – 1. жетімхана; 2. мейірімхана; 3. панажай
провизионер – дәрі-дәрмекші
провинция – уәлаят
проводник – 1. жолбасшы; 2. жолкөзер; 3. скороход
проволока – сымтемір
прогресс – ілгерішілдік
прогулка – қыдырыстау
продавец – сатарман
прожектор – жайынауыз лампы
проект – жоба-жоспар
проигрыватель – күйтарқыш
променад – серуенжай
проницательность – ақмарту
пропеллер – петперек
просека – кеспе жол
просительница – арызшы
простыня – жайма
протокол – хаттама
проход – өткелек
прохожий – өткінші

процент – пайыз
процесс – үдеріс
прошлое – кетешақ
пропуск (паспорт) – төлқұжат
проспект – даңғыл
простыня – жайма
протокол – хаттама
проход – өткелек
прохожий – өткінші
процедура – рәсім
процент – пайыз
прудовые червяки – шуалшаң құрттар
пружина – салтқы
психология – жантану
психолог – жантанушы
птичник – 1. құсқора; 2. құсхана
публикация – жарияланым
публичный дом – 1. харамхана; 2. жәлепхана
вымогать (шантажировать) – бопсалау
пудра – опа
пунктир – ақжолақ
путешествие – жолсапар
путь, тропинка – жолсоқпақ
путеводитель – жолсілтеуіш
путевой дневник – жолжазба
путник – сапарман
пучок – буат

Р

рабовладелец – құлиеленуші
рабовладение, рабовладельческий – құлиеленушілік
рагу – алжұмыр
развалина – 1. қиранды; 2. қиратынды
развилка – жолайрық
размер – мұғдар
размотать – күлман

разрушение, разрушительность – жойымпаздық
рама, рамка – 1. қасекі; 2. ернеу
расписка – тілхат
распродажа – сатылым
распутник – ойнасқор
распятие – 1. кергі; 2. керілгі
рассеянный – салқам
рассыльный – қағаз таратушы
расчетливый – есепқой
резвушка – әйлеңке
резиденция – рабада
резкость, упрямость – тікмінезділік
рейка, реечка – сілеге
река, речка – өзенше
реклама – жарнама
рекомендательное письмо – тілек-хат
ремень (рюкзака) – белбеу-бау
ресторан, ресторанчик – мейрамхана
реторт (кипятильник) – қайнатқы
рецепт – 1. шипашақ; 2. уәспі; 3. дәріқағаз//дәрілік қағаз
решение – кесік
решетка – торкөз
решето – сүзекі
решимость, решительность – шешімділік
река, речка; 2. ручейка – өзенше
речушка – өзекше
рея – білеу ағаш
робкий – аялшақ
робость – батылсыздық
рогалик – бұрама тоқаш
рогаты (деревянные) – ажырғы
роговик – шынайна
род, родовой – нәсілет
ролик – дөңгелекше
роскошь – сердебе
ростовщик – өсімқор
рощице – тоғайша

рубанок – үстірік
рукомойник, умывальник – қолжуғыш
рукопись – қолжазу
рукопашный бой – қоян-қолтық ұрыс
русло (реки) – арнаша
ручная тележка – қоларба
ручья – өзенше
рюкзак – 1. аспалы қапшық; 2. жол дорба // жолдорба
рюмка – көзелек
рыбодеды – балықжегіштер// балықжеушілер
рысак – желіскер ат
рыцарь – сері

С

саван – жабыңды
садовник (бағбан) – бақпан
саквояж – жол сөмке
салон (заведение для веселье) – сауықжай
салон смерти – ажалхана
салфетка (бумажная) – үлбірек қағаз
самокат – аяқсырғанақ
самолет – ұшақ
самоотверженность – 1. жанкештілік 2. қалтқысыздық
самосознание – сарасана
самоубийство – өзін-өзі өлтірушілік
сарай – қорашық
светская среда – биік орта
свечка – майшам
семья – 1. отбасы; 2. жанұя; 3. үйелмен
сентябрь – мизам
свекла – ләмблеме
светильник, настольная лампа – бұқпа шам
светские хроникеры, светское общество – 1. зайырлы
қауым; 2. жарқылдақ қауым
светлячок – сөуле қоңыз
свидетель – айғақшы

свидетельство – айғақтама

свинарник – шошқахана

святой отец – 1. киелі әкей; 2. әулие әке; 3. әулие әкей;

4. қасиетті әкей

священник – 1. әмбие; 2. қасиетті әкей

сделка – мәміле

сделка – бітуанакелісім

сдержанный – төзімтал

сельва – өлкейлік

семейства – үйіші

семья – 1. отбасы; 2. үйелмен; 3. жанұя

сентиментальный – сезімшіл

сераль, (гарем) – харамхана

сердечная спазма – жүрек қыспасы

середина – әредіктік

серия – топтама

сестра (медсестра) – медбике

сиделка – 1. бағымшы; 2. аяшы

сиденье – отырғыш

сидок – тұғырша

ситец – ақсүп

ситуация – жағдаят

сифилис – жегі

сифилис – жегі

скамеечка – отырғыш

скамья, скамейка – ұзынша

скатерть – 1. асжаулық; 2. жайма

сквер – парк

сквозняк – желорай

сковородка – табадан

скоморох, (колун) – масқарапаз

слабый (малый) – дімкер

сладогстрастие – ләззатқұмарлық

сладогстрастник – ләззатшыл

сладогстрастница – ләззатқұмар

слуга – дәйекші

смиранный, смиреннейший – сопынама

следопыт – ізкесер
смолокур – қарамайшы
снимок – түсірілім
собеседник – сұхбатшы
собор – 1. киехана; 2. ғибадатхана
собутыльник – ішермен
совершеннолетие – әлібұлық
соглашение – келсімпаздық
содержанка – бақпан
сожаленье – көңілқостық
солесос – тұзсорғыш
сомнительный – шүбәшіл
сопоставление – шенеме
сопровождающий (конвойный) – 1. еруіл; 2. айдауыл

3. еру;

сосиски – шұжықша
сотенный – жүзбасы
спальня (спальная комната) – 1. жатынжай; 2. түнемел;

3. ұйқы бөлмесі

спасательная лестница – құтқарма саты
спиртное – 1. ішімдік; 2. ішкілік
спорит – бақасқа салу
спорщик – даукес
спутник (-ца) – 2. өмірсерік
стаж – өтіл
стажировка – тағылымдама
стакан – ұстаған
станция – кеден
старая лошадь – жегінді ат
старомодный – көнеүлгілі
староста – шаруабасы
старые счеты – қойқап
стойка – қоқайма
столик – үстелше
столб пыток – қинау діңгегі
столовая – асхана
стопка – көзе

сторожка – күзетжай
сторожика – қарауылша әйел
сточный (сток) – суағар
стражник – айдауыл
странник – елкезбе
стрелка – нұсқама
стропила – сырғауыл
стык – түйісім
сувенир – кәдесый
сударыня – ханым
судоходство – кемешілік
сумасброд – келесау
сумасшедший – әңгібас
супруга – жұпті
сутана – мөлле
суфлер – сыбыршы
существо – жание
сушилка – дегдітпе
схватка (*атака, наступление*) – үрдіс шабуыл
счет – төлем қағаз
сыр – сүтене
сюртук – сүрткі

Т

табакерка – сауытша
табуретка – тәбіретке
таверна – думанхана
таможня – кеден
таможенник – кеденші
торговец, торговка – сатарман
таратайка – көтек арба
татуировка – тәнөрнек
творчество – шығармашылық
текст – мәтін
телеграмма, телеграф – жеделхат
темень – қарақас

тенденция – үрдіс
тенденция (мода) – үрдіс
терпимость – кешірімпаздық
террорист – лаңкес
террористический акт – лаңкестік әрекет
терраса – айбан
ткань – ағза
толщина – күпсерлік
томат – қызанақ
тонические средства, витамины – дәрумен
топор, топорик – 1. балташа; 2. балташық
тореро – сайыскер
торжественный – насатты
тормоз – тежеуіш//тежегіш
трактирщик – шарапханашы
траншея – оқпана
трап – салтқы
троллей – құж
тропинка – жолсоқпақ, жол-соқпақ
тротуар – 1. жиекжол; 2. табанжол, табан жол; 3. аяқжол;
4. жағажол; 5. жаяусоқпақ; 6. қаптал жол
трубка – 1. қорқор; 2. қалиян
туалетная вода – өтір су
тумбочка – мазарат
туфли – топы
тщеславие – меймана

У

убеждения – иланыш//инаныш
удушье – 1. булықпа; 2. тұншықпа
ужин – кешкілік
указ – мәрәсім
указатель дорог – жолсілтеуіш
уклончивый (ответ) – жылдырма (жауап)
умывальник, умывальный столик, рукомойник – 1. қол-
жуғыш; 2. бетжуғыш

унитаз – нәзшайма, нәзшайғыш
уплата – төлем-сыйлық
упряжка – жегім
упряжь – жеккі
упрямость – тікмінезділік
упрямство – қарыспалылық
устой – ұстын
устрица – бақашанақ
устье (реки) – құярлық
утес – құзарт тастар
ухват – шымшеур
участок – тілкем
учительница – мұғалима

Ф

факел – маздақ
факт – 1. мәнбі; 2. мәнбе; 3. мән-жай
фамилия – әулет есімі
фармацевт – дәрі-дәрмекші
фауна – мақұлыхат
фейерверк – отшашу
фигура – 1. бойтұлға; 2. бөден
фигурки – мүсінше
физиономия – бетәлпет
финансист – қаржыгер
фишка – басар
флакон (чик) – 1. құтышақ; 2. сауытша
флюгер – желбаққыш
фокусник – көзбаяушы
фон – ояб
фонарь, фонарик – 1. қолшам; 2. қалташам
фонтан, фонтанчик – 1. бұрқақ; 2. шапшыма; 3. ақбұрқақ;
4. субұрқақ
форель – сүген балық
форма (фигура) – сынсымбат
формальность – тоңтәртiп

формулировка – қисындама
форточка – желкөз
фотолаборатория – фотозертхана
фуфайка – күртеше

Ц

цветочный бриолин (духи) – гүлмай
целитель – дауагер
церковные власти (глава церкви) – шіркеубасы
церемония – рәсім
цикада – шилың
цикл – топтама
циновка – бойра
цинизм – кекесіншілдік
циркады – жегі құрттар
цирюльник – ұстарашы
цитата – дәйексөз

Х

халат – желең
ханжи – көргілер
хаос – құтсыздық
харчевня (кафе) – дәмхана
храм, храм божий – ғибадатхана
хижина – күркешік
хилая – шипая
хирург – оташы
хозяйка – 1. бибі; 2. қожабике; 3. отана; 4. қожайым;
5. үй қожасы; 6. қожайке
хрусталь – сутас

Ч

чаевые – шайлық
часовня – мінәжатхана
час пик – қауырт сағат

чашка, чашечка – шыныаяқ
чек – құлақша
человеколюбивый – адамсүйгіш
человеколюбие – адамсүйгіштік
чемоданчик – 1. шамаданша; 2. боғжама
чепец – 1. қалпақша; 2. орамалша; 3. бөрікше
чердак – балахана
черепица – 1. тініке; 2. кіреміт
чернокожий – қаратәндер
чертеж – сызба
черный ход – босалқы жол
черная лестница – босалқы басқыш
честолубивый – ардақұмар
чехол – қаптама
чревоугодник – 1. жемпаз; 2. жемпоз
чувствительность – сезімпаздық
чудак – күлкі адам
чугунка – шөгенше

Ш

шалаш – күркешік
шампанское – аққайнар
шантажировать – бопсалау
шантажист – бопсалаушы
шапочка – телпекше
шарлатан – дүмше
шарф – 1. мойынорағыш; 2. орағыш
швабра – сүрткі
шедевр – біртума
шейный платок – мойын орамал
шкатулка – сыйсандық
шпага – сапы
шпиль – төбелдірік
шпора – 1. батқы; 2. тепкір; 3. өкше темір
штемпель – мөртаңба, мөр-таңба
штраф – айыппұл

шумовка – кепсер
шхуна – кемешік
челюсть – жақсүйек

Щ

швейцар – есік бағушы // есік күтуші
щебень – қиыршықтас
щеколда – салтқы
щепетильность – шетіндік
щепетильный – үргедек

Э

эликсир – ебіртіл
экскурсия – серуенші топ
эксперт – 1. сарапшы; 2. сараптамашы
экспертиза – сараптама
этикетка – жапсырма

Ы

Ю

юбилей – мүшелтой
юбка – 1. белдемше 2. етекқап; 3. етекше; 4. етеккөйлек //
етек көйлек
юрист – заңгер
юридический – заңгерлік

Я

ягдташ (сумка, папка) – боқша
ягуар – теңбілтер
якорь – 1. зәкір; 2. леңгір; 3. салдауыр
ямщик – жәмшік // жемшік
янтарь – кәріптас

**Көркем аудармада жарыса қолданылып жүрген
лексикалық варианттардың салыстырмалы кестесі**

- автослесарь – 1. автодәнекерші; 2. автореттеуші
азартные игры – 1. құмарпаздық ойын; 2. құмарпаз ойындар; 3. құмарлық ойындар
акула – 1. қатыран; 2. қирыш
аллея – 1. саяжол; 2. табан жол; 3. серуенбақ
бар – 1. шарапхана; 2. ішімдікхана
барабан – 1. қағыран; 2. даңғара
бассейн – 1. өуіт; 2. хауыз; 3. өуіз
безобразие, безобразность – 1. қияпатсыздық; 2. қазан бұзарлық
беседка – 1. самалжай; 2. сұхбатхана; 3. дамылжай;
4. сұқбаттақ
благополучие – 1. әл-ауқат; 2. богатство
богоматерь (дева) – 1. қыз-ана; 2. тәңірия
бульвар – 1. саяжол; 2. жағажол
бюстгальтер – 1. төстартқыш; 2. кеуде тартқыш
витрина – 1. сөрелік; 2. жарнама
взнос – 1. жарнапұл; 2. өтемақы
визитная карточка (визитка) – 1. өздерек көртішкесі;
2. текқағаз; 3. танысқы көртішкесі; 4. танысу көртішкесі
военачальник – 1. қолбасы; 2. әскербасы
вуаль – 1. торперде; 2. бетперде
галстук – 1. мойынтақ; 2. мойынтағар
герб – 1. елтаңба; 2. ентаңба
гипс – 1. ғаныш; 2. керіш
глупость – 1. ақымақгершілік; 2. мақаугершілік
горшок – 1. дәретсауыт//дәрет сауыты; 2. боқтыаяқ
гостиная – 1. қонақжай; 2. мейманжай
гостиница – 1. қонақүй; 2. мейманхана; 3. мейманжай;
4. мүсәпірхана; 5. қонақжай
грелка – 1. қыздырғы; 2. қыздырғыш
грузила – 1. батырғы; 2. салдауыр
докладная записка – 1. баянхат; 2. баяндау-жазба;
3. баяндау хаты

- должник – 1. борышкер; 2. борышқор
домовой – 1. құйыршық; 2. ошақ иесі; 3. үй әруағы
духи – 1. әтір; 2. дәршімай; 3. иіссу; 4. опа
духовник – 1. дінбасы; 2. тәлімші
зажигалка – 1. от жаққыш; 2. от тұтатқыш; 3. отшақпақ
заказчик – 1. тапсырысшы; 2. тапсырыс беруші
законник – 1. заңшы; 2. заңгер
закуска – 1. тіскебасар; 2. басытқы; 3. шайнама
замок – 1. қамал-сарай; 2. құлпысарай
запонка – 1. тиектүйме; 2. зәпәнке
имение – 1. иелік; 2. орамжай // орам-жай
исповедальне – 1. төубехана; 2. төубешілік
кабак, кабачок – 1. ішкілікхана; 2. Ішімхана; 3. шарап-хана; 4. кәйіпхана
календарь – 1. күнтізбе; 2. күнпарақ
кальян – 1. қалиян; 2. хорхор
квартал – 1. оралым; 2. махалла
квартирант – 1. пәтерші; 2. пәтерман
кисть – 1. ақтауыш; 2. жаққыш
клетка – 1. жасуша; 2. қапаз
клиент – 1. дәркер; 2. салымшы
клоун – 1. масқарапаз; 2. масқарампаз; 3. сайқымазақ
кнопка – 1. түймеше; 2. түйме-тесік
коллекция – 1. топтама; 2. цикл
консьержка – 1. есік бағушы; 2. есік күтуші; 3. қақпашы
әйел
контрабандист – 1. аткешір; 2. аткешші
конюший – 1. атқорашы; 2. қорашы
кормилица – 1. сүтене; 2. сүтана
косметика – 1. опа; 2. опа-далап; 3. далап
кофейник – 1. кофеқайнатқыш; 2. кофеқұман
кофейня – 1. кофехана; 2. сусынхана
краснокожий (краснокожие) – 1. қызылтән (дер), қызыл-тәнді (лер); 2. қызғылт өнді (лер)
кресло – 1. орынтақ; 2. мамықтақ; 3. бақтақ
купальня – 1. шомылма; 2. хауыз
курячий (курящая) – 1. шылымпаз, 2. бөңші

кухня – 1. асүй; 2. асхана; 3. аспазхана; 4. нәубетхана, наубатхана

лава – 1. балқыма; 2. бұрқақ

лавка, лавочка – 1. дүңгіршек; 2. дүкенше

лейка – 1. суқұйғы; 2. сушашқыш

лестничная площадка – 1. баспалдақ алаңы; 2. басқыш алаңы; 3. баспалдақ алаңшасы; 4. басқыш алаңқайы

лунатик – 1. айкезбе; 2. айғарақты; 3. айшалық; 4. түн-кезер; 5. ұйқыбездер

любопытство – 1. қызыққұмарлық; 2. сыбысқұмарлық

магазинчик – 1. дүкеншік; 2. дүкенше

мадам – 1. ханым; 2. бике

манжеты – 1. қайырма; 2. жиектеме

молельня, молитвенный дом – 1. мінажатхана; 2. ғибадатхана

монастырь – 1. әдірият // әдірият // әдарият // әдиярат; 2. сопыхана

монета – 1. шақа; 2. теңгелік

морг – 1. мәйітхана; 2. мертвый дом (*Устар. Место заключения на каторге; острог.*)

мученик – 1. азапкер; 2. азапқор; 3. ғазапкер

мэр, мэр города – 1. дуанбасы; 2. әкім

наборщик – 1. теруші; 2. әріп теруші

навес – 1. қалқайма; 2. жаппа; 3. шатырша

обои – 1. тұсқағаз; 2. қабырға қағазы

обстоятельство – 1. мән-жай; 2. жағдаят

одеколон – 1. өтір; 2. иіссу

окоп – 1. оқпана; 2. жертөле

паяц – 1. масқарапаз; 2. масқарампаз

площадка – 1. алаңша; 2. алаңқай

подвал – 1. жертөле; 2. жерқойма

подлокотник – 1. білексалар; 2. шынтакша

поднос – 1. оқаша; 2. жайпақ табақ; 3. жайматабақ

покупатель (ница) – 1. аларман; 2. сатыпалушы

половик – 1. едендік; 2. жертөсеніш; 3. еденжуғыш

полог – 1. кілемше; 2. жабынды

посредник – 1. делдалшы; 2. мәмілеші

- пристань – 1. айлақ; 2. жағыс; 3. кемежай
прихожая, прихожка – 1. кірмелік; 2. дәліз
приют – 1. жетімхана; 2. мейірімхана; 3. панажай
проводник – 1. жолбасшы; 2. жолкөзер; 3. скороход
птичник – 1. құсқора; 2. құсхана
публичный дом – 1. харамхана; 2. жәлепхана
развалина – 1. қиранды; 2. қиратынды
рама, рамка – 1. қасекі; 2. ернеу
распятие – 1. кергі; 2. керілгі
рецепт – 1. шипашақ; 2. уәспі; 3. дәріқағаз // дәрілік қағаз
река, речка; 2. ручейка – өзенше
рюкзак – 1. аспалы қапшық; 2. жол дорба // жолдорба
семья – 1. отбасы; 2. жанұя; 3. үйелмен
светские хроникеры, светское общество – 1. зайырлы қауым; 2. жарқылдақ қауым
святой отец – 1. киелі әкей; 2. әулие әке; 3. әулие әкей;
4. қасиетті әкей
священник – 1. әмбие; 2. қасиетті әкей
семья – 1. отбасы; 2. үйелмен; 3. жанұя
сераль, (гарем) – харамхана
сиделка – 1. бағымшы; 2. аяшы
скатерть – 1. асжаулық; 2. жайма
собор – 1. киехана; 2. ғибадатхана
сопровождающий (конвойный) – 1. еруіл; 2. айдауыл
еру
спальня (спальная комната) – 1. жатынжай; 2. түнемел;
3. ұйқы бөлмесі
спиртное – 1. ішімдік; 2. ішкілік
спутник (-ца) – өмірсерік
топор, топорик – 1. балташа; 2. балташық
тротуар – 1. жиекжол; 2. табанжол, табан жол; 3. аяқжол;
4. жағажол; 5. жаяусоқпақ; 6. қаптал жол
трубка – 1. қорқор; 2. қалиян
удушье – 1. булықпа; 2. тұншықпа
факт – 1. мәнбі; 2. мәнбе; 3. мән-жай
фигура – 1. бойтұлға; 2. бөден
флакон[чик] – 1. құтышақ; 2. сауытша

- фонарь, фонарик – 1. қолшам; 2. қалташам
фонтан, фонтанчик – 1. бұрқақ; 2. шапшыма; 3. ақбұрқақ;
4. субұрқақ
хозяйка – 1. бибі; 2. қожабике; 3. отана; 4. қожайым;
5. қожайке; 6. үй қожасы
чемоданчик – 1. шамаданша; 2. боғжама
чревоугодник – 1. жемпаз; 2. жемпоз
шарф – 1. мойынорағыш; 2. орағыш
шпора – 1. батқы; 2. тепкір; 3. өкше темір
эксперт – 1. сарапшы; 2. сараптамашы
юбка – 1. белдемше 2. етекқап; 3. етекше; 4. етеккөйлек //
етек көйлек
якорь – 1. зәкір; 2. леңгір

Орыс тіліндегі бірнеше сөздің қазақша бір сөзбен берілуі

- ағза – 1. организм; 2. ткань
айдауыл – 1. сопровождающий, конвойный; 2. стражник
айлақ – 1. пристань; 2. гавань
алаңша – 1. площадка; 2. заулук; 3. патио
аралшық – 1. островок; 2. лагуна
асүй – 1. кухня; 2. столовая
әкімдік – 1. мэрия; 2. префектура; 3. акимат
әл-ауқат – 1. благосостояние; 2. богатство, материальное
могущество
әтір – 1. духи; 2. одеколон
әуежай – 1. аэропорт; 2. аэродром
әулие әке – святой отец
әулие әкей – святой отец
байлама – 1. повязка; 2. водоем
басқыш – 1. ступень, ступенька; 2. лестница
басқыш алаңқайы – лестничная площадка
басқыш алаңы – лестничная площадка
баспалдақ алаңшасы – лестничная площадка
баспалдақ алаңы – лестничная площадка

бике – 1. мадам; 2. дама; 3. мисс

боғжама – чемоданчик

бұрқақ – 1. фонтан; 2. лава

гүлдесте – 1. клумба; 2. букет

ғибадатхана – 1. храм, храм божий; 2. приходской дом;

3. собор; 4. молельня

далап – 1. помада; 2. косметика

дәйекші – 1. слуга; 2. официант

дәліз – 1. коридор; 2. прихожка

дәлізші – коридорный

дәмхана – 1. кафе; 2. харчевна

дүкенше – 1. магазинчик; 2. лавка, лавчонка

дуанбасы – 1. мэр; 2. бургомистр

дүңгіршек – 1. лавка; 2. киоск; 3. будка, будочка

емгер – 1. лекарь; 2. знахарь

жабынды – 1. саван; 2. полог; 3. покрывало

жағажол – 1. тротуар; 2. бульвар

жайма – 1. простыня; 2. скатерт

жапсырма – 1. этикетка; 2. нашивка

жарнама – 1. реклама; 2. витрина; 3. афиша

жеделхат – 1. телеграмма; 2. телеграф

жертөле – 1. подвал; 2. погребок; 3. окоп

жойымпаздық – 1. разрушение, разрушительность;

2. пагуб (нось)

жолсоқпақ // жол-соқпақ – 1. тропинка; 2. путь

жол сөмке – 1. саквояж; 2. дорожная сумка

жындыпаш – 1. истеричка; 2. идиот

жыртынды – 1. клочок (бумаги); 2. лоскуток, лоскуточек

заңгер – 1. юристь; 2. законник

иелік – 1. поместье; 2. владение; 3. имение

иіссу – 1. духи; 2. одеколон

кеден – 1. таможня; 2. станция

келісімшарт // келісім-шарт – 1. контракт; 2. договор

көзбояушы – 1. фокусник; 2. иллюзионист; 3. клоун

көрбан – 1. могильщик; 2. поганный

күлші – 1. зольник; 2. угольщик

күртеше – 1. куртка; 2. фуфайка

- кілемше – 1. полог; 2. коврик
кіреберіс – 1. поъезд; 2. вход
қапалақ – 1. винт; 2. ветряк
қаптама – 1. чехол; 2. обивка
қонақжай – 1. гостиная; 2. гостиница
қорқор – 1. кальян; 2. трубка
құттыхана – 1. будуар; 2. мансарда
қыдырма – 1. завсегдатай; 2. гуляка
масқарапаз – 1. паяц; 2. коломбин; 3. клоун; 4. скоморох
мәйітхана – 1. морг; 2. мертвый дом (*Устар. Место заключения на каторге; острог.*)
мән-жай – 1. факт; 2. исток; 3. обстоятельство
мекенжай // мекен-жай – 1. адрес; 2. поместье
мизам – 1. сентябрь; 2. июнь
мінажатхана – 1. часовня; 2. молельня, молитвенный дом
нымша – 1. блузка; 2. жилет
оқпана – 1. окоп; 2. траншея
опа – 1. косметика; 2. пудра; 3. духи
отана – 1. семьянинка; 2. хозяйка
өзенше – 1. река; 2. речка; 3. ручейка, ручья
өтемақы – 1. компенсация; 2. взнос
өткелек – 1. проход; 2. арка; 3. переход
өтіл – 1. стаж; 2. призыв
пәтерші – 1. квартирант; 2. нахлебник
рәсім – 1. церемония; 2. обряд; 3. процедура
рәсімшілдік – обрядность
сайқымазақ – 1. комедиант; 2. паяц; 3. клоун
салтқы – 1. щеколда; 2. пружина; 3. трап
салымшы – 1. вкладчик; 2. клиент
сауықхана – 1. казино; 2. мюзик-холл
саябақ – 1. парк; 2. сквер
саяжол – 1. аллея; 2. бульварь
табанжол // табан жол – 1. тротуар; 2. аллея
тақташа – 1. плита; 2. кафель
тепкішек – 1. педаль, 2. лестница
топтама – 1. коллекция; 2. цикл; 3. серия
төлқұжат – 1. паспорт; 2. пропуск

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР

ұстаршы – 1. брадобрей; 2. цирюльник

ұстын – 1. устои; 2. догма; 3. колонна

үрдіс – 1. тенденция (мода); 2. обычай

ханым – 1. мадам; 2. госпожа

харамхана – 1. сераль, (гарем); 2. публичный дом

хауыз – 1. купальня; 2. бассейн

шарапхана – 1. бар; 2. кабак, кабачок

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абдрахманов С. Өлең аудармасының теориясы мен поэтикасы. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2007. – 50-б.

2. Абдрахманов С. Аударма – мемлекеттік тіл мәртебесін көтерудің тегеурінді тетігі // Мемлекеттік тіл және аударманың өзекті мәселелері. – Астана, 2011. – 23-29-бб.

3. Абдрахманов С. Поэзия аудармасы және аударма поэзиясы // Көркем аударма: тәжірибе мен тағылым. – Астана, 2011. – 306-б.

4. Аймауытов Ж. Бір сөз әр түрлі жазылмасын // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 2013. – 640-б.

5. Айтбаев Ө. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. – Алматы: Ғылым, 1975. – 175-б.

6. Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1998. – 243-б.

7. Аударма тағылымы: хрестоматия. Құрастырған Қазыбек Г.Қ. – Алматы, 2013. – 438-б.

8. Ахметов З. Лермонтов и Абай. – Алматы, 1954.

9. Әлімбаев М. Сөз суреті // «Қазақстан мұғалімі», 19 мамыр, 1966 жыл.

10. Әуезов М. Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері // Көркем аударманың кейбір мәселелері (мақалалар жинағы). – Алматы, 1957. – 3-12-бб.

11. Бархударов Л.С. Язык и перевод: (Вопросы общей и частной теории перевода). – М., 1975.

12. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары – Сочинения / Әлихан Бөкейхан. – Толықтырылған екінші басылымы. – Астана: Сарыарқа, 2016. Құрастырған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған Сұлтанхан Жүсіп (Аққұлұлы).

13. Вайсгербер Л. Родной язык и формирование духа. – М., 1993.

14. Виноградов В.С. Лексические вопросы перевода художественной прозы. – М.: МГУ. 1978. – С. 176.

15. Гак В.Г. Сопоставительные исследования и переводческий анализ // Тетради переводчика. Вып. 16. – М., 1979. – С. 11-21.

16. Гарбовский Н.К. Теория перевода. – М., 2004. – С. 377.

17. Грибановская Е.С. «Своя» и «чужая» языковая картина мира.

18. Жақыпов Ж.А. Аударматануды аңдату. – Астана, 2004. – 192-б.

19. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581-б.

20. Жұмабекова А.Қ. Аударма теориясы. Оқу құралы. – Алматы, 2010. – 264-б.

21. Котлярова Т.Г. Актуализированность иноязычных компонентов в деривационной структуре русского слова языка новейшего времени / Язык, перевод и современные технологии обучения языкам. Материалы научно-практической конференции. – Алматы, 2002. – С. 233-236.

22. Көркем аударма: Бірінші кітап. Жинақты түзген және тәржімелеген Юсуп К. – Астана: Фолиант, 2011. – 496-б.

23. Көркем аударма: тәжірибе мен тағылым. Екінші кітап. Жинақты түзген К. Юсуп. – Астана: Фолиант, 2011. – 456-б.

24. Көркем аударманың кейбір мәселелері. – Алматы, 1957.

25. Қадырқұлов Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен қолданыстар. Филол. ғыл.канд. дисс... авторефераты. – Алматы, 1995. – 26-б.

26. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993. – 43-б. Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар. Құрастырғандар: Р. Сыздықова, Ш. Сарыбаев, Ғ. Әнесов, А. Алдашева, Н. Уәлиев. – Алматы, 1990. – 136-б.

27. Қазақ сөздігі. – Алматы, 2013. – 1488-б.

28. Қазақ тілінің сөзжасам сөздігі. 1-бөлім. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 468-б. Құрастырған А.Б. Салқынбай.

29. Қазыбек Г.Қ. Көркем аударма тәжірибесі. – Алматы, 2005. – 180-б.

30. Қазыбек Г.Қ. Әдеби аударма көркі. – Алматы, 2001. – 60-б.

31. Қалиев Б., Күркебаев Ш. Орысша-қазақша және қазақша-орысша терминдер сөздігі. – Алматы, 1996.

32. Қалиұлы Б. Қазақ тілі терминдерінің қысқаша сөздігі. – Алматы, 2000. – 62-б.

33. Құрманбайұлы Ш. Әбен Сатыбалдиев және терминология мен аударма мәселелері // Терминологиялық хабаршы, 2009, №1 (28), 8-15-бб.

34. Құрманбайұлы Ш. Ісләм Жарылғаповтың сөзжасам тәжірибесі // Терминологиялық хабаршы, 2009, №2 (29).

35. Құрманбайұлы Ш. Құрманбек Сағындықов және аударма мен терминология мәселелері // Терминологиялық хабаршы, 2011, №1 (35).

36. Құрманбайұлы Ш. Аударма барысында орын алған кейбір кемшіліктер туралы // Мемлекеттік тіл және аударманың өзекті мәселелері. – Астана, 2011. – 10-14-бб.

37. Құрманбайұлы Ш. Жаңа атаулар мен жаңа қолданыстар. – Алматы, 2012. – 288-б.

38. Құрманбайұлы Ш. Қазақша сөйлеп, орысша ойлайтындар // «Жетісу» газеті, 2013 жыл, №78.

39. Құрманбайұлы Ш. Көркем аударма және сөзжасам, терминқолданыс мәселелері // Ғылыми-практикалық дискуссия: тіл білімі, тарих, педагогика және аударматану мәселелері. Ғылыми мақалалар жинағы. – Астана, 2015. – 12-20-бб.

40. Құрманбайұлы Ш. Көркем аударма және сөздік құрам // «Қазақ әдебиеті», 19-25 ақпан, 2017 жыл, №7-8.

41. Құрманбайұлы Ш. Ахмет Байтұрсынұлының аудармаларындағы балама сөздер // «Ана тілі», 10 наурыз, 2017 жыл.

42. Құрманбайұлы Ш. Жүсіпбек Аймауытұлының аудармадағы сөз қолдану, сөз жасау шеберлігі // «Қазақ әдебиеті», наурыз, 2017 жыл.

43. Құспанов С. Аударма құнары – Душа перевода. – Алматы, 2014. – 412-б.

44. Қырғызбаев Ө. Сөз зергері Ісләм Жарылғапов. – Алматы, 2008.

45. Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2014. – 640-б.

46. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек // А. Байтұрсынов. Ақ жол // «Қазақ әдебиеті», сәуір, 1989 жыл.

47. Нұрғалиев Р. Шеберлік шыңдау мектебі // Көркем аударма: тәжірибе мен тағылым. Екінші кітап. Жинақты түзген К. Юсуп. – Астана: Фолиант, 2011. – 123-160-бб.

48. Нұрмұқанов Х. Сөз және шеберлік. – Алматы, 1987. – 288-б.

49. Өмірбеков Ж. Соны сөз туындатқан // «Жұлдыз» журналы, 1990 жыл, №11.

50. Сағандықова Н. Көркем аударманың негіздері. – Алматы, 1995 жыл.

51. Сағындықов Қ. Көсемнің асыл мұрасы. В.И. Ленин еңбектерін қазақ тіліне аудару мәселелері жайында (1946-1969 жылдар). – Алматы, 1970. – 208-б.

52. Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2014. – 640-б.

53. Сатыбалдиев Ә. Тіл шұбарлығы неден? // «Қазақ әдебиеті», 1958 жылғы 21 қараша.

54. Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына. Көркем аударма мәселелері. – Алматы: Жазушы, 1987. – 232-б.

55. Сатыбалдиев Ә. Сөз қазынасының кеніші. – Алматы: Аударма, 2008. – 328-б.

56. Серғалиев М. Термин бірізділігі де тіл мәдениетінің сипаты // Тілім менің – тiнiм менiң. – Алматы, 2013. – 206-б.

57. Сыздықова Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. – Алматы, 2009. – 272-б.

58. Сыздықова Р. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-8 томдар. – Алматы: Ел-шежіре, 2014.

59. Талжанов С. Үш томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Астана: Ер-Дәулет, 2007. – 397, 2-б.

60. Талжанов С. Үш томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Астана: Ер-Дәулет, 2008. – 400-б.

61. Талжанов С. Үш томдық шығармалар жинағы. 3-том. – Астана: Ер-Дәулет, 2007. – 368-б.

62. Терминдер сөздігі (бекітілген терминдер). Құрастырған Құрманбайұлы Ш. – Алматы, 2007. – 232-б.

63. Тарақов Ә. Аударма әлемі. Оқу құралы. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 232-б.

64. Тарақов Ә. Әлем әдебиеті және көркем аударма. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 355-б.

65. Төрениязова А. Қазақ әдеби тілі синонимдер жүйесінің терминжасамдағы рөлі: филол. ғылымд. канд. автореф.: 10.02.02. – Алматы, 1999. – 24-б.

66. Треблер С.М., Мусалаева О.Г. Заимствованное слово: слово покушение на русскую ментальность // Язык, перевод и современные технологии обучения языкам. Материалы международной научно-практической конференции. – Алматы, 2002. – С.109-114.

67. Түсіпова Г. Ағылшын тілді жазушылар әңгімелерін қазақ тіліне аударудың ұстанымдары мен тәжірибесі. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған канд. дисс. қолжазбасы. – Алматы, 2008 жыл.

68. Фёдоров А.В. Введение в теорию перевода. Лингвистические проблемы. – М., 1958. – С. 132.

69. Юсуп К. Ресми мәтіндер аудармасы: сипаты мен ерекшелігі. – Астана: Фолиант, 2011. – 304-б.

70. Шаймерденов С., Швейцар А.Д. Перевод и лингвистика. – М.: Воениздат, 1973. – С. 285.

71. Язык, перевод и современные технологии обучения языкам. Материалы международной научно-практической конференции. – Алматы, 2002. – С. 350.

Жаңа атаулар мен қолданыстар жиналған көркем әдебиеттер

72. Айтматов Ш. Құс жолы. Хикаят. – Астана: Аударма, 2011. – 342-453-бб.

73. Андрич Иво. Дринадағы көпір. Роман. – Астана: Аударма, 2004. – 368-б.

74. Астуриас Мигель. Көрдегілердің көздері. Роман. – Астана: Аударма, 2005. – 576-б.

75. Бальзак О. Шегірен былғары. Роман. – Астана, 2011. – 344-б.

76. Белль Генрих. Иесіз үй. Роман. – Астана: Аударма, 2008. – 384-б.

77. Беркович К. Өрбике // Аймауытов Жүсіпбек. Бес томдық шығармалар жинағы. Үшінші том. Повесть, әңгіме, аудармалары. – Алматы: Алаш, 2005. – 208-219-бб.

78. Беркович К. Әкесі мен баласы // Аймауытов Жүсіпбек. Бес томдық шығармалар жинағы. Үшінші том. Повесть, әңгіме, аудармалары. – Алматы: Алаш, 2005. – 258-261-бб.

79. Беркович К. Заң білместің зары (Сыған әңгімелері) // Аймауытов Жүсіпбек. Бес томдық шығармалар жинағы. Үшінші том. Повесть, әңгіме, аудармалары. – Алматы: Алаш, 2005. – 265-297-бб.

80. Бунин И. Арсеньевтің өмірі. Роман // Иван Бунин. – Астана: Аударма, 2011. – 5-341-бб.

81. Бунин И. Әңгімелер // Иван Бунин. – Астана: Аударма, 2011. – 5-341-бб.

82. Гамсун К. Орман тәңірі. Роман // Кнут Гамсун. – Астана: Аударма, 2011. – 5-167-бб.

83. Гамсун К. Махаббат мұңы. Роман // Кнут Гамсун. – Астана: Аударма, 2011. – 168-318-бб.

84. Гамсун К. Гланның ажалы // Кнут Гамсун. – Астана: Аударма, 2011. – 319-342-бб.

85. Голсуорси Джон. Девондық адам // Девондық адам. Новеллалар. – Астана: Аударма, 2011. – 5-74-бб.

86. Голсуорси Джон. Форсайттың құтқарылуы // Девондық адам. Новеллалар. – Астана: Аударма, 2011. – 74-132-бб.

87. Голсуорси Джон. Шеберлік // Девондық адам. Новеллалар. – Астана: Аударма, 2011. – 132-143-бб.

88. Голсуорси Джон. Ақмә // Девондық адам. Новеллалар. – Астана: Аударма, 2011. – 143-154-бб.

89. Голсуорси Джон. Екі көзқарас // Девондық адам. Новеллалар. – Астана: Аударма, 2011. – 155-162-бб.

90. Голсуорси Джон. Нәпақа // Девондық адам. Новеллалар. – Астана: Аударма, 2011. – 162-175-бб.

91. Голсуорси Джон. Үміт // Девондық адам. Новеллалар. – Астана: Аударма, 2011. – 176-181-бб.

92. Голсуорси Джон. Біріншілер мен ақырғылар // Девондық адам. Новеллалар. – Астана: Аударма, 2011. – 182-259-бб.

93. Голсуорси Джон. Алманың албырап піскен шағы // Девондық адам. Новеллалар. – Астана: Аударма, 2011. – 259-342-бб.

94. Голсуорси Джон. Бопса // Девондық адам. Новеллалар. – Астана: Аударма, 2011. – 342-362-бб.

95. Голсуорси Джон. Бәрінде жақсы жағынан көру керек // Девондық адам. Новеллалар. – Астана: Аударма, 2011. – 362-390-бб.

96. Голсуорси Джон. Жанжал // Девондық адам. Новеллалар. – Астана: Аударма, 2011. – 391-439-бб.

97. Голсуорси Джон. Итмұрын // Девондық адам. Новеллалар. – Астана: Аударма, 2011. – 439-454-бб.

98. Гринвуд Дж. Өгей бала. Хикаят. – Астана: Аударма, 2011. – 200-б.

99. Гурунц Л. Шіркін біздің Шушикент. Повесть. – Алматы, 1977. – 344-б.

100. Гюго В. Тоқсан үшінші жыл. Роман. – Астана, 2011. – 344-б.

101. Камю А. Оба. Роман. – Астана, 2011. – 344-б.

102. Козаченко В. Найзағай. Роман. – Астана: Аударма, 2008. – 352-б.

103. Козаченко Василь. «Ажалханада» салынған суреттер. Хикаят // Василь Козаченко. Найзағай. – Алматы, 2008. – 250-351-бб.

104. Конан Дойл А. Жирен шаштылар қауымдастығы. Өңгіме // Артур Конан Дойл. Жирен шаштылар қауымдастығы. Өңгімелер. Агата Кристи. Он қарадомалақ. – Астана: Аударма, 2011. – 5-39-бб.

105. Конан Дойл. Жырық ерін. Өңгіме // Артур Конан Дойл. Жирен шаштылар қауымдастығы. Өңгімелер. Ага-

_____ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР
та Кристи. Он қарадомалақ. – Астана: Аударма, 2011. – 39-72-бб.

106. Конан Дойл А. Көгілдір жақұт. Өңгіме // Артур Конан Дойл. Жирен шаштылар қауымдастығы. Өңгімелер. Агата Кристи. Он қарадомалақ. – Астана: Аударма, 2011. – 72-100-бб.

107. Конан Дойл А. Үш студент. Өңгіме // Артур Конан Дойл. Жирен шаштылар қауымдастығы. Өңгімелер. Агата Кристи. Он қарадомалақ. – Астана: Аударма, 2011. – 100-124-бб.

108. Конан Дойл А. Интернатта болған жағдаят. Өңгіме // Артур Конан Дойл. Жирен шаштылар қауымдастығы. Өңгімелер. Агата Кристи. Он қарадомалақ. – Астана: Аударма, 2011. – 124-167-бб.

109. Конан Дойл А. Қара пиар. Өңгіме // Артур Конан Дойл. Жирен шаштылар қауымдастығы. Өңгімелер. Агата Кристи. Он қарадомалақ. – Астана: Аударма, 2011. – 168-196-бб.

110. Конан Дойл А. Алты Наполеон. Өңгіме // Артур Конан Дойл. Жирен шаштылар қауымдастығы. Өңгімелер. Агата Кристи. Он қарадомалақ. – Астана: Аударма, 2011. – 196-224-бб.

111. Кристи Агата. Он қарадомалақ. Роман // Артур Конан Дойл. Жирен шаштылар қауымдастығы. Өңгімелер. Агата Кристи. Он қарадомалақ. – Астана: Аударма, 2011. – 225-464-бб.

112. Купер Дж. Могиканның соңғы тұяғы. – Астана: Аударма, 2011. – 368-б.

113. Қатындар. Аю мұртынан күлді. Қабарды халқының (көне) ертегілері // Аймауытов Жүсіпбек. Бес томдық шығармалар жинағы. Үшінші том. Повесть, өңгіме, аудармалары. – Алматы: Алаш, 2005. – 254-258-бб.

114. Лондон Дж. Тектік сарын. Хикаят // Тектік сарын. – Астана: Аударма, 2011. – 5-110-бб.

115. Лондон Дж. Аппақ тыныштық. Өңгіме // Тектік сарын. – Астана: Аударма, 2011. – 111-122-бб.

116. Лондон Дж. Т. Сапардағылар үшін. Өңгіме // Тектік сарын. – Астана: Аударма, 2011. – 122-133-бб.

117. Лондон Дж. Бір кесек ет. Өңгіме // Тектік сарын. – Астана: Аударма, 2011. – 133-157-бб.

118. Лондон Дж. Өмірге құштарлық. Өңгіме // Тектік сарын. – Астана: Аударма, 2011. – 157-180-бб.

119. Лондон Дж. Әйел қырық жанды. Өңгіме // Тектік сарын. – Астана: Аударма, 2011. – 180-200-бб.

120. Лондон Дж. Ақсақалдар лигасы. Өңгіме // Тектік сарын. – Астана: Аударма, 2011. – 201-222-бб.

121. Лондон Дж. Күмән. Өңгіме // Тектік сарын. – Астана: Аударма, 2011. – 222-244-бб.

122. Лондон Дж. Теңсіз, телегей аттаныс // Аймауытов Жүсіпбек. Бес томдық шығармалар жинағы. Үшінші том. Повесть, өңгіме, аудармалары. Алматы: Алаш, 2005. – 243-254-бб.

123. Лондон Дж. Күштілердің күші // Аймауытов Жүсіпбек. Бес томдық шығармалар жинағы. Үшінші том. Повесть, өңгіме, аудармалары. Алматы: Алаш, 2005. – 224-237-бб.

124. Лу Шүн. Повесть және өңгімелер. – Астана: Аударма, 2009. – 344 б.

125. Маркес Г. Жүз жылдық жалғыздық. Роман. – Астана: Аударма, 2011. – 472-б.

126. Маркес Г. Сенбіден сенбіге дейін. Өңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 344 б.

127. Мериме П. Қиямет түні. Роман. – Астана: Аударма, 2011. – 456-б.

128. Мериме П. Таманго. Новелла. – Астана: Аударма, 2011. – 456-б.

129. Мигель Астуариас. Көрдегілердің көздері. Роман. – Астана, 2005. – 576-б.

130. Мопассан Г. Өмір. Роман // Ги де Мопассан. – Астана: Аударма, 2012. – 344-б.

131. Мопассан Г. Томпыш. Хикаят // Ги де Мопассан. – Астана: Аударма, 2012. – 344-б.

132. Мопассан Г. Су жүзінде // Аймауытов Жүсіпбек. Бес томдық шығармалар жинағы. Үшінші том. Повесть, әңгіме, аудармалары. Алматы: Алаш, 2005. – 265-297-бб.

133. Мориак Ф. Тереза Дескейру. Роман. // Франсуа Мориак. Таңдамалы шығармалары. – Астана: Аударма, 2005. – 12-103-бб.

134. Мориак Ф. Түннің ақыры (Жан алқым). Роман // Франсуа Мориак. Таңдамалы шығармалары. – Астана: Аударма, 2005. – 137-268-бб.

135. Мориак Ф. Ешқайда апармайтын жол (Еш өмір). Роман // Франсуа Мориак. Таңдамалы шығармалары. – Астана: Аударма баспасы, 2005. – 269-444-бб.

136. Набоков В. Машенька. Роман // Владимир Набоков. – Астана: Аударма, 2011. – 5-121-бб.

137. Набоков В. Лужин қорғанысы. Роман // Владимир Набоков. – Астана: Аударма, 2011. – 122-341-бб.

138. Павезе Ч. Ғажайып жаз. Ай мен алау. Хикаяттар. – Астана: Аударма, 2011. – 344 б.

139. Паустовский К. Телегей тасқын. Хикаят // Константин Паустовский. – Астана: Аударма, 2011. – 5-49-бб.

140. Паустовский К. Қарабұғаз. Хикаят // Константин Паустовский. – Астана: Аударма, 2011. – 50-253-бб.

141. Паустовский К. Вагондағы әңгіме // Константин Паустовский. – Астана: Аударма, 2011. – 395-406-бб.

142. Паустовский К. Көрі аспаз // Константин Паустовский. – Астана: Аударма, 2011. – 374-381-бб.

143. Распутин В. Матёрамен қоштасу. Роман // Валентин Распутин. – Астана: Аударма, 2011. – 5-341-бб.

144. Распутин В. Өрт. Хикаят // Валентин Распутин. – Астана: Аударма, – Астана, 2011. – 342-453-бб.

145. Пәрәнжі (перде) ертегісі. Орысшадан аударылған. // Аймауытов Жүсіпбек. Бес томдық шығармалар жинағы. Үшінші том. Повесть, әңгіме, аудармалары. Алматы: Алаш, 2005. – 237-243-бб.

146. Стейнбек Дж. Алаң көңіл ақпаны. Роман. – Астана: Аударма, 2011. – 456-б.

147. Тагор Р. Күйреу. Роман. – Астана, 2002. – 376-б.
148. Тагор Р. Балжан // Аймауытов Жүсіпбек. Бес томдық шығармалар жинағы. Үшінші том. Повесть, әңгіме, аудармалары. – Алматы: Алаш, 2005. – 219-224-бб.
149. Толстой Л. Крейцер сонатасы (повесть) // Лев Толстой. – Астана: Аударма, 2011. – 5-123 -бб.
150. Толстой Л. Адамға қанша жер қажет (повесть) // Лев Толстой. – Астана: Аударма, 2011. – 124-183-бб.
151. Толстой Л. Помещиктің сәскесі (повесть) // Лев Толстой. – Астана: Аударма, 2011. – 206-282-бб.
152. Толстой Л. Әзәзіл (повесть) // Лев Толстой. – Астана: Аударма, 2011. – 283-339-бб.
153. Тургенев И.С. Дворян ұясы. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1952. – 158-б.
154. Уайлд О. Дориан Грейдің портреті. Роман. – Астана: Аударма, 2011. – 344-б.
155. Чехов А. Чиновниктің ажалы. Әңгіме // Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 5-9-бб.
156. Чехов А. Залым бала. Әңгіме // Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 9-12-бб.
157. Чехов А. Анықтама. Әңгіме // Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 9-16-бб.
158. Чехов А. Хирургия. Әңгіме // Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 16-21 -бб.
159. Чехов А. Жуан мен жіңішке. Әңгіме // Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 21-24-бб.
160. Чехов А. Москвадағы труба алаңында. Әңгіме // Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 24-30-бб.
161. Чехов А. Ордан. Әңгіме // Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 30-34-бб.
162. Чехов А. Хамелеон. Әңгіме // Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 35-39-бб.
163. Чехов А. Маска. Әңгіме // Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 40-47-бб.
164. Чехов А. Капитан мундирі. Әңгіме // Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 47-56-бб.

165. Чехов А. Моншада. Өңгіме // Жуан мен жіңішке. Өңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 56-66-бб.
166. Чехов А. Жылқы аттас фамилия. Өңгіме // Жуан мен жіңішке. Өңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 66-71-бб.
167. Чехов А. Қаскүнем. Өңгіме // Жуан мен жіңішке. Өңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 71-77-бб.
168. Чехов А. Өлік. Өңгіме // Жуан мен жіңішке. Өңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 77-83-бб.
169. Чехов А. Қасірет. Өңгіме // Жуан мен жіңішке. Өңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 83-91-бб.
170. Чехов А. Балақайлар. Өңгіме // Жуан мен жіңішке. Өңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 92-100-бб.
171. Чехов А. Зар. Өңгіме // Жуан мен жіңішке. Өңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 100-108-бб.
172. Чехов А. Өбігер. Өңгіме // Жуан мен жіңішке. Өңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 108-119-бб.
173. Чехов А. Анята. Өңгіме // Жуан мен жіңішке. Өңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 119-125-бб.
174. Чехов А. Хористка. Өңгіме // Жуан мен жіңішке. Өңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 125-133-бб.
175. Чехов А. Мұғалім. Өңгіме // Жуан мен жіңішке. Өңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 133-143-бб.
176. Чехов А. Тынышсыз қонақ. Өңгіме // Жуан мен жіңішке. Өңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 143-152-бб.
177. Чехов А. Дұшпандар. Өңгіме // Жуан мен жіңішке. Өңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 152-171-бб.
178. Чехов А. Қараңғылық. Өңгіме // Жуан мен жіңішке. Өңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 171-177-бб.
179. Чехов А. Қорғансыз жан. Өңгіме // Жуан мен жіңішке. Өңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 117-184-бб.
180. Чехов А. Унтер Пришибеев. Өңгіме // Жуан мен жіңішке. Өңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 184-190-бб.
181. Чехов А. Үйде. Өңгіме // Жуан мен жіңішке. Өңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 190-203-бб.
182. Чехов А. Каштанка. Өңгіме // Жуан мен жіңішке. Өңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 203-232-бб.

183. Чехов А. Ұйқының мең-зеңі. Әңгіме. // Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 233-238-бб.

184. Чехов А. Қояншық. Әңгіме // Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 239-272-бб.

185. Чехов А. Ұшқалақ. Әңгіме // Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 272-309-бб.

185. Чехов А. Сүргінде. Әңгіме // Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 309-321-бб.

187. Чехов А. Қашқын. Әңгіме // Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 321-331-бб.

188. Чехов А. Святкиде. Әңгіме // Жуан мен жіңішке. Әңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 331-338-бб.

189. Фейхтвангер Л. Ағайынды Лаутензак. Роман. – Астана: Аударма, 2011. – 456-б.

190. Фолкнер Уильям. Аю. Повесть. Орыс тіліне аударған Мәткәрім Әкімжанұлы // Уильям Фолкнер. Сарторис. Аю. Аруақты қорлау. – Астана, 2006. – 496-б.

191. Хемингуэй Э. Қызығы мол сол жылдар. Хикаяттар // Астана: Аударма, 2011. – 6-192-бб.

192. Хемингуэй Э. Килиманджаро – қарлы тау. Әңгіме // Астана: Аударма, 2011. – 193-238-бб.

193. Хемингуэй Э. Шал мен теңіз. Хикаят. – Астана: Аударма, 2011. – 239-341-бб.

194. Эдгар ПО. Асқар таулар аңызы. Новеллалар. – Астана, 2011. – 344-б.

195. Шукшин В. Село тұрғындары. Әңгіме // Село тұрғындары. Әңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 5-18-бб.

196. Шукшин В. Әумесер. Әңгіме // Село тұрғындары. Әңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 70-85-бб.

197. Шукшин В. Арсыздар. Әңгіме // Село тұрғындары. Әңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 178-194-бб.

198. Шукшин В. Күн, шал және қыз. Әңгіме // Село тұрғындары. Әңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 295-304-бб.

199. Шукшин В. Екінші өмірге жолдама. Әңгіме // Село тұрғындары. Әңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 304-315-бб.

200. Шукшин В. Деревняда тұрғым келеді. Әңгіме // Село тұрғындары. Әңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 315-328-бб.

**Қазақша аудармасымен салыстырылған
орыс тіліндегі әдебиеттер**

1. Андрич Иво. Мост на Дрине: избр. произведения / Андрич, Иво. – Белград: Просвета, 1988. – 455, [2] с.

2. Астуриас Мигель Анхел. Глаза погребенных: роман / Астуриас, Мигель Анхель. – М.: Правда, 1984. – 638, [1] с., портр., ил.

3. Бальзак Оноре. Шагреневая кожа. Роман / Бальзак, Оноре. – Фрунзе: Мектеп, 1983. – 256 с.

4. Белль Генрих. Дом без хозяина. Роман. – Москва: Художественная литература, 1960. – 304 стр.

5. Бунин Иван Алексеевич. Жизнь Арсеньева. Повести. Рассказы. – [Роман, повести, рассказы] / Бунин, Иван Алексеевич. – М.: Эксмо, 2006. – 798 с.

6. Бунин Иван Алексеевич. Повести и рассказы / Бунин, Иван Алексеевич. – М.: Правда, 1982. – 576 с., [4] л. ил., ил.

7. Виктор Гюго. Девяносто третий год. Санкт-Петербург: Азбука – классика, 2010. – 448 с.

8. Голсуорси Джон. Человек из Девона. – Красноярск: Красноярское книжное издательство, 1987. – 368 с.

9. Голсуорси Джон. Собрание сочинений в шестнадцати томах: пер. с англ. Голсуорси, Джон; под ред. Н. Галь. – Москва: Правда, 1962. – 511 с.

10. Гринвуд Джеймс. Маленький оборвыш: [повесть] / Гринвуд, Джеймс. – М.: Композитор, 1992. – 143, [1] с.

11. Гурунц Леонид Караханович. Наш милый Шушикенд. Роман / Гурунц, Леонид Караханович. – Москва: Молодая гвардия, 1969. – 301, [2] с.

12. Камю Альбер. Посторонний. Чума. Падение. Рассказы и эссе: пер. с фр. / Камю, Альбер. – М.: Радуга, 1989. – 464 с.

13. Козаченко Василь. Горячие руки // Козаченко Василь. Письма из патрона. – Москва: Советский писатель, 1973. – 1194 с.

14. Козаченко Василий Павлович. Повести: авториз. пер. с укр. / Козаченко Василий Павлович, – М: Сов. писатель, 1950. – 228 с.

15. Конан Дойль. Приключения Шерлока Холмса (сборник). М.: Эксмо, 2015. – 640 с.

16. Кристи Агата. Десять негрятят: романы: пер. с англ. / Кристи, Агата, – М.: Эксмо, 2003. – 800 с.

17. Купер Джеймс Фенимор. Последний из могикан. – Минск: Беларусь, 1985. – 270 с.

18. Лондон Джек. Белый Клык. Зов предков [Текст]: повести / Дж. Лондон, [пер. с англ.: Н. Волжиной, М. Абкиной] – Москва: Астрель, 2010. – 413, [2] с.

19. Лондон Джек. Собрание сочинений в 14 томах. Том 10. Смок Беллью. Рожденная в ночи. Сила сильных. М.: Правда, 1961. – 564 с.

20. Лондон Джек. Повести: [пер. с англ.] / Лондон, Джек, – Москва: Правда, 1981. – 654 с.

21. Лондон Джек. Белый Клык: повесть / Лондон, Джек. – Москва: Сов. Радио, 1980. – 174 с.

22. Лондон Джек. Рассказы: [пер. с англ.] / Лондон, Джек. – Москва: Слово / Slovo, 2011. – 462 с.

23. Маркес Габриэль Гарсиа. Похороны Великой Мамы. – Москва, 2012.

24. Маркес Габриэль Гарсиа. Сто лет одиночества: роман, повести, рассказы: пер. с исп. / Гарсиа Маркес, Габриэль. – М.: Эксмо, 2004. – 518 с.

25. Мериме Проспер. Избранное [Текст]: роман, новеллы: пер. с фр. / П. Мериме, – Алма-Ата: Жазушы, 1985. – 333, [3] с.

26. Мериме Проспер. Хроника царствования Карла IX. Новеллы. – Москва. Художественная литература, 1968. – 736 с.

27. Мериме Проспер. Таманго // Хроника царствования Карла IX. Новеллы. – Москва. Художественная литература, 1968. – 228-246 с.

28. Мериме Проспер. Маттео Фальконе // Хроника царствования Карла IX. Новеллы. – Москва. Художественная литература, 1968. – 211-223 с.

29. Мигель Анхель Астуриас. Глаза погребенных. – М., Художественная литература, 1988. – 640 с.

30. Мопассан Ги Де. Пышка: Новеллы: пер. с фр. / Мопассан Ги де. – Москва: Художественная литература, 1987. – 109, [2] с., ил.

31. Мопассан Ги Де. Жизнь. Милый друг: пер. с фр. / Мопассан, Ги де. – Москва: Правда, 1981. – 478, [2] с., ил.

32. Мопассан Ги Де. Новеллы: пер. с фр. / Мопассан, Ги де. – М.: Художественная литература, 1978. – 298, [3] с.

33. Мориак Франсуа. Дорога в никуда. – Москва: Правда, 1989. – 560 с.

34. Мориак Франсуа. Тереза Дескейру. Фарисейка. Мартышка. Подросток былых времен: романы / Мориак, Франсуа. – М.: Прогресс, 1971. – 505, [2] с., ил.

35. Набоков Владимир. Машенька. – Санкт-Петербург: Азбука, 2009.

36. Паустовский Константин Георгиевич. Северная повесть: повести, рассказы, портреты, воспоминания / Паустовский, Константин Георгиевич. – Алма-Ата: Жазушы, 1986. – 384 с.

37. Паустовский К.Г. Северная повесть. – Москва: Правда, 1989. – 640 с.

38. Паустовский К.Г. Золотая роза. – Кишинев. – 1987. – 608 с.

39. Паустовский К.Г. Собрание сочинений. Том 6. – М., 1969.

40. Паустовский К.Г. Разливы рек (роман) // Собрание сочинений. В шести томах. Том четвертый. – Москва: Художественная литература, 1958. – 287-317 с.

41. По Эдгар. Рассказы: [пер. с англ.] / По, Эдгар. – Москва: Правда, 1982. – 446, [1] с., ил.

42. Распутин Валентин Григорьевич. Повести [Text] / В.Г. Распутин. – Алма-Ата: Казахстан, 1987. – 571, [2] с.

43. Стейнбек Джон. Зима тревоги нашей. – Москва: Эксмо, 210. – 416 с.

44. Тагор Рабиндранат. Сочинения: в 8 т.: [пер. с бенгальского] Тагор, Рабиндранат; [пер. М. Кафитиной; под ред. А. Эфрон]. – М.: Гос. Изд-во худож. лит., 1957. Т. 6. – 272 с., ил.

45. Тагор Рабиндранат. Крушение. Роман. Перевод с бенгальского. Е. Смирновой и И. Товстых. Под редакцией В. Новиковой. – Москва, 1956. – 275 с.

46. Толстой Лев Николаевич. Повести и рассказы. – Москва: Советская Россия, 1982. – 368 с.

47. Толстой Лев Николаевич. Полное собрание сочинений Толстой, Лев Николаевич; под ред. и с примеч. П.И. Бирюкова. – [Б. м.]: Изд-во И. Д. Сытина, Т. 1. – 412 с.

48. Тургенев Иван Сергеевич. Дворянское гнездо: роман. – М.: Эксмо, 2007. – 685, [2] с.

49. Уайльд Оскар. Портрет Дориана Грея. – Санкт-Петербург: Азбука – классика, 2007. – 320 с.

50. Фейхтвангер Лион. Собрание сочинений в двенадцати томах. Том. 9. – Москва: Художественная литература, 1968. – 768 с.

51. Фейхтвангер Лион. Собрание сочинений [Text] / Л. Фейхтвангер; [пер. Е.Е. Михалевич; коммент. Н.В. Шабуров; ред. колл.: А. С. Дмитриев и др.]. – Москва: Худож. лит., 1994.

52. Фолкнер Уильям. Сарторис. Медведь. Осквернитель праха: романы, повесть: пер. с англ. / Фолкнер, Уильям. – М.: Прогресс, 1973. – 573, [2] с.

53. Хемингуэй Эрнест. Избранное: пер. с англ. / Хемингуэй, Эрнест. – М.: Высш. шк., 1986. – 464 с.

54. Хемингуэй Эрнест. Старик и море [Text]: рассказы. – Москва: Книга, 1989. – 518, [1] с.

55. Хемингуэй Эрнест. Праздник, который всегда с тобой / Хемингуэй, Эрнест. – СПб.: Азбука-классика, 2005. – 288 с.

56. Хемингуэй Эрнест. Снега Килиманджаро = The Snows of Kilimanjaro: пер. с англ. / Э. Хемингуэй. – Семей: Международный клуб Абая, 2003. – 151, [1] с.

57. Чехов Антон Павлович. Избранные произведения в трех томах. – Москва: Художественная литература, 1964. – Том первый. – 624 с.

58. Чехов Антон Павлович. Избранные произведения в трех томах. – Москва: Художественная литература, 1964. – Том второй. – 614 с.

59. Чехов Антон Павлович. Собрание сочинений: в 12 т. Чехов, Антон Павлович; под общ. ред. В.В. Ермилова [и др.]; [вступ. ст. В.В. Ермилова; примеч. И.С. Ежова; оформ. худож. Н. Шишловского]. – М.: Худож. лит., 1960. Т. 1. – 582, [2] с., ил.

60. Шукшин Василий Макарович. Повести и рассказы / Шукшин, Василий Макарович. – М.: Эксмо, 2007. – 800 с.

61. Шукшин Василий Макарович. Рассказы. Повести / Шукшин, Василий Макарович. – 2-е изд., стер. – М.: Дрофа: Вече, 2003. – 462, [2] с.

62. Шукшин Василий Макарович. Сельские жители: рассказы / Шукшин, Василий Макарович. – Москва: Молодая гвардия, 1963. – 189, [2] с.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
---------------	---

I бөлім

КӨРКЕМ АУДАРМА ЖӘНЕ ҰЛТ ТІЛІНІҢ СӨЗ БАЙЛЫҒЫ

1-тарау. Көркем аударманың лингвистикалық мәселелері

1. Аударма мәселелерін тілдік тұрғыдан зерттеудің маңыздылығы туралы	9
2. Көркем аудармадағы жаңа атаулар мен қолданыстар	19
3. Көркем аударма және терминжасам	30
4. Көркем аудармадағы кірме сөздердің қолданысы	41
4.1. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне бейімделіп, өзгертіліп қолданылған кірме сөздер	43
4.2. Орыс тіліндегі қалпында қолданылған кірме сөздер	49
4.3. Бір ғана кірме сөздің («белесебет» сөзінің) қолданысы туралы	55
5. Түпнұсқа тілден тікелей аудару – өзекті мәселе ...	70
6. Көркем аудармадағы кейбір кемшіліктер туралы.	83
7. Орыс тіліндегі род категориясының ықпалымен жасалған сөздердің көркем аудармалардағы қолданысы	93
8. Көркем аудармалардағы сөз варианттарының қолданысы	98
9. Фразеологизмдердің, мақал-мәтелдердің аударылуы мен қолданысы.....	119

2-тарау. Көркем аударма және тәржімешілердің сөз жасау тәжірибесі

1. XX ғасыр басындағы (Алаш кезеңіндегі) аударма және сөз шығармашылығы	122
1.1. Шәкәрім аудармаларындағы жаңа қолданыстар мен кірме сөздер	127
1.2. Әлихан Бөкейхан аудармалары	134
1.2.1. Әлихан Бөкейхан аудармаларының ерекшеліктері	141
1.3. Ахмет Байтұрсынұлының аудармаларындағы балама сөздер	154
1.4. Жүсіпбек Аймауытовтың аудармадағы сөз қолдану, сөз жасау шеберлігі	163
2. 50-жылдардан бергі кезеңдегі көркем аударма және сөзжасам	176
2.1. Мұхтар Әуезов аудармаларындағы жаңа сөздер мен қолданыстар	177
2.2. Әбен Сатыбалдиев және терминология, аударма мәселелері	191
2.3. Құрманбек Сағындықов және аударма мен терминология мәселелері	200
2.4. Ісләм Жарылғаповтың сөз жасау тәжірибесі... ..	207
2.5. Немат Келімбетов аудармаларындағы жаңа атаулар мен кірме сөздер қолданысы	223
Қорытынды.....	235

II бөлім

КӨРКЕМ АУДАРМА МӘТІНІНДЕГІ ЖАҢА СӨЗДЕР ҚОЛДАНЫСЫ	239
---	------------

III бөлім

КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЖАҢА АТАУЛАР МЕН ҚОЛДАНЫСТАР СӨЗДІГІ

Көркем аудармадағы жаңа атаулар мен қолданыстардың қазақша-орысша сөздігі	457
--	-----

Көркем аудармадағы жаңа атаулар мен қолданыстардың орысша-қазақша сөздігі	492
Көркем аудармада жарыса қолданылып жүрген лексикалық варианттардың салыстырмалы кестесі	528
Орыс тіліндегі бірнеше сөздің қазақша бір сөзбен берілуі	532
Пайдаланылған әдебиеттер	536
Қазақша аудармасымен салыстырылған орыс тіліндегі әдебиеттер	549

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ

**КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ
ЖАҢА АТАУЛАР:
жасалуы мен қолданысы**

Редакторы *Шолпан Оразбаева*
Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*
Көркемдеуші редакторы *Асет Салиев*
Корректоры *Гүлзат Ақжолова*
Компьютерде беттеген *Ақерке Сқақова*

Басуға 06.10.17 қол қойылды.
Пішімі 60x90 ¹/₁₆. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 35,0.
Тапсырыс №0216. Таралымы 2000 дана.

ISBN 978-601-302-800-2



9 786013 028002

«Фолиант» баспасы

010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

«РЕГИС-СТ Полиграф» баспаханасында басылды

010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13